Summary: *This article examines the "aesthetics" of the term to the discovery of cultural and spiritual values of a potential moral and spiritual life in the fullness of human aesthetics be able to feel strong and deep, determined by being in harmony with nature and a multi-faceted harmonious society. Aesthetic suspected, the price, taste, kind, perfect recognition of the need for trust, behavior, student warmth vigilant moral and spiritual activities, certain important changes in their aesthetic activities, beauty, their creative abilities in accordance with the laws of harmony world development of the complex.*

Key words: *aesthetics, harmony, art, language and culture.*

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты елімізде оқу-тәрбие жүйесінің барлық саласын қайта түлету процесі жүріп жатқаны мәлім. Қазіргі білім, ғылым мен мәдениетті жаһандандыру процесі кезінде әр ұлт өз мемлекетінің рухани мәдени құндылықтарын сақтай отырып, әлемдік өркениетке кірігуі заңды құбылыс. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ұлттық кеңестің мәжілісінде жасаған баяндамасында «Мәдени мұраларды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету – «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуы тиіс» - деп, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық мәдени мұраның мүмкіндігі мен мақсатын айқындап берген болатын[1]. Бүгінгі «Адамгершілік адамда» мәселесі адамның болу және дамуының ерекше өзектілікті метаморфозданған әлеуметтік және саяси шарттармен байланысты болады. Ақпараттық «бум», яғни өмірдің барлық тараптарының прагматизациясы эстетикалық ортаның ығыстыруына, қоғамның өмірлері мен адамды мәдени және рухани азаюға бағытталған. Бұл өзгерістер білім жүйесінде де білінеді.Сонымен бірге студенттің мәдени және рухани потенциалы аз қажетті болады. Рухани әлем, «шындығында адамгершілік» құндылықтар студентке қол жетпес болып қалады. Эстетикалық тәрбие арқасында «сол сияқты оның аяқталғандығында, оның әбден жетілуіндегі» құбылысты ашуға мүмкіндік болады. Рухани өмірдің толықтығы адамның эстетикалық дамушылығымен, күшті және терең сезе білу, табиғатпен және қоғаммен көп жақты гармониялық үйлесімде болумен анықталады. Көзқарастардағы бұл өзгерістер эстетиканың дамытуларымен ғылым және оның затының мәнінің түсінуімен шартталды.

«Эстетика» термині гректің «aisteticos» қабылданатын сезіммен сөзінен шыққан. Философ-материалист Д.Дидро мен Н.Чернышешевский эстетиканың философиялық объектісі ғажайып ғылым деп санады. Бұл дәрежелер эстетикалық тәрбие жүйесінің негізгі бөлігін құрайды.

Эстетикалық тәрбиенің әрбір компоненті - эстетикалық қабылдау, эстетикалық сезім, баға, талғам, пікір, идеал, қажеттік - оның дүние тануында, сенімдер, мінез-құлық, мектеп оқушысының зерделі, бар болмысыменімен қызу, рухани қызметімен анықталып маңызды өзгеріс енгізеді, оның эстетикалық қызметтің субъектіне айналдырады, әдемілік, гармонияның заңдарымен сәйкес оның творчестволық қабілеттіліктерінің кешенді дамытуына көмектеседі.

Эстетикалық тәрбие – өмірдегі, табиғат пен өнердің әсемдікті қабылдап, бағалауға және түсінуге қабілетті адамды пәрменді түрде қалыптастырудың нысаналы жүйесі. Қоғам дамуының әрбір кезінде эстетика мен көркемөнер, әсемдік пен тоғышарлық, трагедиялық пен комедиялық туралы өз ұғым-түсініктері қалыптасып, олар жақсылық пен әділетсіздік туралы ұғымдармен біте қайнасып отырғаны мәлім. Сондықтан да Қазақстан республика халықтарының, оның ішінде қазақ халқының мәдениетінің, халықтық-музыкалық творчествосының қалыптасу және даму тарихына азды-көпті тоқтала кеткенді жөн көрдік.Эстетикалық идеалды тәрбиелеу, ең алдымен, студенттерді эстетикалық сезімдерді дамытуға және эстетикалық қабылдаудың жалғасын табуға әкеледі. Мысалы,ылғи бір шындық құбылыстарын және өнерді көруге,бірақ оларды әртүрлі сезіп және түсінуге болады. біреулер сағаттап табиғаттың әдемілігі мен көрінісіне қарап сүйсінсе, екіншілер мүлде ондайға енжар болып келеді. Сондықтан студенттерде әсершіл қайырымдылықты тәрбиелеу қажет, олардың ықыластарын ғажайып қоршаған орта мен тұрмыс-салтқа, көркемөнер шығармаларына етек бұру қажет.

Эстетикалық тәрбиенің байлығы мен құндылығы және әсерленушілік сезімі -олардың тереңдігі мен орнықтылығында бітім жасайды. Адамның барлық мінез-құлқы мен қызметін терең сезім анықтайды және оның табиғи тұтастығында куә болады. Мен жартылай жек көре немесе жартылай жақсы көре алмаймын. «Мен жанымның жартысын ғана бере алмаймын. Мен жанымның бәрін беремін немесе ештеңе бермеймін» -, деп Щукина Г.И. айтқан болатын[2].Тереңдіктер мен эстетикалық тәрбиенің тұрақтылығының құрастыруымен қатар, олардың табандылығы мен идеялы бағытталғандығына ықылас бөлу керек. Эстетикалық тәрбие сезімдері адамның рухани көркінің құрастыруымен, ең алдымен, дұрыс эстетикалық көзқарастармен, сенімдер мен талғаммен тығыз байланысты. Мысалы, адам тартымсыз музыкалық қатынастарда жоғары көркемді музыкалық шығармаға қадыры бойынша баға бермей, керісінше әлсіз жасауға көркем көзқарастан биік баға бере алады. Сондықтан эстетикалық тәрбиенің негізгі есептерінің бірі - эстетикалық көзқарастар, сезімдер, пікірлер және студенттердің талғамдарын құрастыру.

Кең мағынадағы тәрбие-қоғамдық тәжірибенің барлық жиынтығымен: жаттығу, творчестволық қызметтің әдістері, әлеуметтік және рухани қатынастармен, жеке тұлға білімінің нәтижесімен меңгеріледі. Қысқаша айтқанда, тәрбие-әлеуметтік және рухани қатынастардың құрастыру процессі азаматшылдық, патриоттық, дүниетану, адамгершілік, көркем-эстетикалық мәдениет «Көркемөнер тәрбиесі ерекше қасиетке ие болғандықтан, ол бәріне таныс және түсінікті, кей жағдайларда, тіпті, жеңіл және түсінікті көрінеді де, ол адамға теориялық және практикалық жағынан таныс болады»-, деп К.Д. Ушинский жазған болатын[3]. Эстетикалық тәрбиенің мәні студенттерді құнды қабылдау қабілеті мен ғажайыптарды өмір мен өнерден дұрыс түсіну, эстетикалық сезімдерді,талғам мен идеалды өңдеу, творчествалық қабілеттер мен өнер дарынын жетілдіру болып табылады.

Эстетикалық тәрбие – бұл студенттерді қажеттіктер және өмірді сұлулық заңы мен сұлулық заңын адамдармен қарым-қатынаста, еңбек пен қоғамдық қызметте бекіту бойынша құрастыру. Эстетикалық тәрбиенің құрастыру барысында болған келелі мәселені зерттей келе, эстетикалық тәрбиенің бірден-бір мақсатының бірі – эстетикалық сезімді тәрбиелеу екені анықталды. Эстетикалық сезімді тәрбиелеу процессінде оқушыларда өнерге, өмірге, табиғатқа, тұрмысқа, тәлімге, қызметке деген сұлу және биік әсерлі – сезімді қайырымдылық артқан болатын.

Эстетикалық тәрбие – өмірдегі, табиғат пен өнердің әсемдікті қабылдап, бағалауға және түсінуге қабілетті адамды пәрменді түрде қалыптастырудың нысаналы жүйесі. Қоғам дамуының әрбір кезінде эстетика мен көркемөнер, әсемдік пен тоғышарлық, трагедиялық пен комедиялық туралы өз ұғым-түсініктері қалыптасып, олар жақсылық пен әділетсіздік туралы ұғымдармен біте қайнасып отырғаны мәлім. Сондықтан да Қазақстан республика халықтарының, оның ішінде қазақ халқының мәдениетінің, халықтық-музыкалық творчествосының қалыптасу және даму тарихына азды-көпті тоқтала кеткенді жөн көрдік.Эстетикалық идеалды тәрбиелеу,ең алдымен, студенттердің эстетикалық сезімдерді дамытуға және эстетикалық қабылдаудың жалғасын табуға әкеледі. Мысалы, ылғи бір шындық құбылыстарын және өнерді көруге,бірақ оларды әртүрлі сезіп және түсінуге болады, біреулер сағаттап табиғаттың әдемілігі мен көрінісіне қарап сүйсінсе, екіншілер мүлде ондайға енжар болып келеді. Сондықтан студенттерді әсершіл қайырымдылыққа тәрбиелеу қажет, олардың ықыластарын ғажайып қоршаған орта мен тұрмыс-салтқа, көркемөнер шығармаларына етек бұру қажет.

Эстетикалық тәрбиенің байлығы мен құндылығы және әсерленушілік сезімі -олардың тереңдігі мен орнықтылығында бітім жасайды. Адамның барлық мінез-құлқы мен қызметін терең сезім анықтайды және оның табиғи тұтастығында куә болады. Мен жартылай жек көре немесе жартылай жақсы көре алмаймын. «Мен жанымның жартысын ғана бере алмаймын. Мен жанымның бәрін

беремін немесе ештеңе бермеймін»,- деп Щукина Г.И. айтқан болатын. Тереңдіктер мен эстетикалық тәрбиенің тұрақтылығының құрастыруымен қатар, олардың табандылығы мен идеялы бағытталғандығына ықылас бөлу керек. Эстетикалық тәрбие сезімдері адамның рухани көркінің құрастыруымен, ең алдымен, дұрыс эстетикалық көзқарастармен, сенімдер мен талғаммен тығыз байланысты. Мысалы, адам тартымсыз музыкалық қатынастарда жоғары көркемді музыкалық шығармаға қадыры бойынша баға бермей, керісінше әлсіз жасауға көркем көзқарастан биік баға бере алады. Сондықтан эстетикалық тәрбиенің негізгі есептерінің бірі - эстетикалық көзқарастар, сезімдер, пікірлер және оқушылардың талғамдарын құрастыру.

Эстетикалық тәрбиенің мәні мектеп студенттерді құнды қабылдау қабілеті мен ғажайыптарды өмір мен өнерден дұрыс түсіну, эстетикалық сезімдерді, талғам мен идеалды өңдеу, творчестваллық қабілеттер мен өнер дарынын жетілдіру болып табылады.Эстетикалық тәрбие – бұл студенттерге қажеттіктер және өмірді сұлулық заңы мен сұлулық заңын адамдармен қарым-қатынаста, еңбек пен қоғамдық қызметте бекіту бойынша құрастыру. Эстетикалық тәрбиенің құрастыру барысында болған келелі мәселені зерттей келе, эстетикалық тәрбиенің бірден-бір мақсатының бірі – эстетикалық сезімді тәрбиелеу екені анықталды. Эстетикалық сезімді тәрбиелеу процессінде студенттерді өнерге, өмірге, табиғатқа, тұрмысқа, тәлімге, қызметке деген сұлу және биік әсерлі – сезімді қайырымдылық артқан болатын. Біртұтас эстетикалық тәрбиелеу процессінде маңызды буындар мен біртұтас элементтер бөлініп шығады. Оның бірін эстетикалық сезімді құрастыру және тәрбиелеу, дұрыс қабылдау қабілеті мен сұлулықты саралау деп есептесек болады. ЖОО студенттерді эстетикалық тәрбие сезімдерін дұрыс тәрбиелеу - терең және жан-жақты білім өнері мен өмірді құрастыруында жатыр. Білім – эстетикалық көзқарастардың, талғамдардың, сезімдердің басты негізі.

Өнер адамгершілік қызметінің ажырамас бөлігі, өнердің көмегі мен қатысуының арқасында адам тұлғасы толығымен ашылады және жетіледі. Ғылымда бүгінгі замандағы студенттнрді тәрбиелеу маңызын өнер алады. Ол ізгілік пен адамгершілік ынтымақтастық сезімін қалыптастырады, шығармашылық қабілеті жағын жетілдіре түседі. Қазіргі замандағы студенттер тәрбиелеуде эстетикалық алғырлық қабілетінің дамуын қарап жүрген жөн, себебі өнермен қарым-қатынас жасауда, өмірдегі және қызметтегі әсерленушілік сезімін қолдана білген жөн. Біріншіден, қазіргі заман қоғамын жан-жақты ажырату қажет, еңбектегі еңбек ерлік салтын ашу және көркемөнер бейнесінің өмірге деген ұмтылысы қазіргі өнердің тапсырмасы. Екішіден, көркем шығарма өнерінің сезім мен адам ойына әсер ету, олардың көзқарастарына әрекет ету, қоршаған ортаға қатынасын,дүниеге деген көзқарасын тәрбиелеу.

Сонымен қатар өнердің ішіндегі сөйлеу мәдениетінің байлығы ұшаң теңіз, әр қилы; онда жалпы халыққа ортақ дыбыс сөз байланыстарды, граматикалық құбылыстары болуымен қатар, диалектілерде, түрліше айтылып, түрліше ұғылатын сөздер де, бұзылып құбылып айтылатын граматикалық тұлғаларда бар. Әдеби тіл керегін ауыз екі сөйлеу тілінен алғанда тыңдап, сұрыптап, әдеби елегінен өткізіп алады. Олар көркем әдебиетте газет-журналда, ғылыми–зерттеу жұмыстарында, іс-әрекетімізде дәстүрге айналып, жүйелі қалыпқа түседі, жалпыға ортақ тілдік әдеби нормалар пайда болады.

Сөйлеу мәдениетінің негізі-шешендік өнер. Әрбір тарихи дәуір шешендік өнердің өзіндік эстетикалық–моральдік сипаты, бағыты, стильдік ерекшелігі бар үлгілерін дүниеге әкелген. Шешендік өнердің өткен тарихынан біз оның ерлік дәстүрге бай мазмұнды түрлерін әдістрін көре аламыз. Атақты римдік шешен Цицерон «тіршіліктің тәлімгері тарих» деген сөзі өткен тәжірибеден әлеуметтік құны әлі жоғалмаған сөз өнерінің қағидаларын, заңдылықтарын кездестіруге, оларды пайдалануға болатындығын ескертеді.

Сөйлеу мәдениетінде шешендік өнер ерте дүниенің өзінде ақ қалыптасқан. Ол әуелі ежелгі Египедтте, Вавилонда Индияда, Қытайда, Грецияда дамыды. Осының арасынан әсіресе ежелгі Афиндегі Грецияда сөз өнерінің даму жолы ерекшелігімен көзге түседі. Біздің жыл санауымыздан 6 ғасырдай бұрын өмір сүріп өткен ежелгі Афиннің мемлекеттік қайраткері әрі ақыны Солон құлдық құрылыс пен сот істерінің демократиялауның реформаларының заңын жасайды. Атақты осы Солон заңы шешендік өнерінің өркен жоюна үлкен ықпал тигізеді[4]. Солон заңы бойынша әрбір Афин азаматы өз мақсат - мүддесін өзі қорғауға тиісті болған. Мұндай қабілеті жоқ адамдар басқалардың көмегіне зәру бола бастайды. Осыдан келіп сот алдында сөйлер сөзді дайындап беруші - логогрифтер сөз жұптаушылар пайда болды.

Афинде класикалық сөйлеу мәдениетінің негізін салушылардың бірі ұлы саяси шешен атанған Демосфен әуелде логогриф болған. Демосфен шешендік өнерінің арқасында ірі саяси мемлекеттік қайраткерлері дәрежесіне көтерілген. Тарихи деректерге қарағанда Демосфен шешендік өнеріне қажырлы еңбекпен қайсар мінезі арқылы жеткен. Өз халқының патриоты болған ұлы шешен елін

бірлікке, татулыққа үндеп, шашыраңқылықтан іргелі, қуатты мемлекетке дейін көтерілуіне септік жасаған.

Ғылыми тілде Риторика ритор–грекше шешен сендіре білу, яғни тыңдаушының санасына сезіміне және еркіне әсер ету, ықпал жасау деген мағынаны білдіреді. Риторика–психология, логика, тіл, философия ғылымдарымен тығыз байланысты болуды қамтиды. Риторика теориясының дамуымен қатар шешен сөйлеу өнеріне үйретуші кәсібінің түрі ұстаз -ритор пайда болды[5].

Негізінен сөз сөйлеу мәдениетінде студенттерге эстетикалық тәрбие беруде ұстаз еңбегінің әлеуметтік мәніне, елдің мәдени өміріндегі белсенді рөліне көп көңіл бөлген. Ұстаз білім нәрін себуші, мұғалім жақсы білімді болса, білген білімін алдында отырған студентіне үйрете білсе, көбірек білім алады.

Сөз сөйлеу мәдениетінде болашақ маман ауызша сөйлеу кезінде тілдің ішкі заңдылықтарын сақтаумен қатар, сөйлеу техникасын да меңгеру қажет. Тақырыптың мазмұнына қарай студент өзінің ішкі тебіренісі мен толқынысын көзқарасын дауыстардың ырғағы, күші, қимыл-қозғалыс арқылы да жеткізіп отырады.

Сөз сөйлеу мәдениетінде қолданылатын ым-ишара екі жақты қызмет атқарады. 1-ші ден ойды үнемдеп, әсерлі жеткізудің көмекші құралы ретінде пайдаланылса, 2-ші ден орынсыз жиі қолданылған қимыл-қозғалыс студенттерге кері әсер етеді. Студенттер сабақтың мазмұнынан гөрі ұстаздың қимыл-қозғалысына еріп кетеді. Сол себепті де ым-ишара, қимыл-қозғалыс тақырыптарының мазмұнымен астарласып, соның мақсатын ашатындай қызмет атқарғаны дұрыс.

Мәнерлі сөйлеу мәдениеті студенттің дауыс ырғағына, интонациясына да байланысты. Өйткені сөйлеу кезіндегі дауыстардың сан түрлі құбылуы адамдардың сол өзі баяндап тұрған мәселесіне қатысын, эмоциясын, эстетикалық көзқарасын қалыптастырып сезімін білдіреді. Интонация студенттердің әр сөйлеміне жан беріп қана қоймайды, оның эмоциональдық болуын күшейтеді.

Студенттердің алдында ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеу темпімен де байланысты. Студенттке тым тез сөйлеуге де тым баяу сөйлеуге де болмайды. Студенттің айтпақ ойының мақсатына, мазмұнына қарай сөз бірде баяу, бірде жылдам, бірде көтеріңкі айтылуы тиіс.

Сөйлеу мәдениеті ең алдымен сөздің емле ережесіне сай жазылуымен байланысты.

Сөйлеу мәдениеті сөздің мағынасына сай, дәл, сәйкес жұмсауымен тығыз байланысты. Айқын ойлап, дәл айту үшін сол айтылуға тиісті зат пен оның санамыздағы көрінісі-сөздің арасындағы байланысты, қатынасты жақсы білуіміз керек. Ол айқындылығы, мағына дәлдігі логикалық дәлдікпен ұштасады. Сөз бен оның білдіретін мағынасының арасында қарама-қайшылық, бірін-бірі жоққа шығарушылық немесе байланыссыздықтың болмауы тиіс.

Қысқасы, студентке эстетикалық тәрбие берудің өзіндік орны айрықша. Сондықтан бұл мәселеге ғылыми тұрғдан қарап, әрбір студент өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіріп отыруы, педагогикалық техникаларды толық меңгеруі шарт. Ал педагогикалық техника дегеніміз студенттің өзін-өзі ұстай білуі, байқағыштығы, алғырлығы, сезімталдығы, сөзге шешендігі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан жылдамдатылған экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғырту жолында. – Астана, 2011, С.10

2. Ұзақбаева С.А. Қазақ халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие. Автореферат дис. докт. пед. ғыл. – Алматы, 1993. С. 156

3. Балтабаев М.Х. Қазақ дәстүрлі көркем мәдениеті құралдарының көмегімен жастардың музыкалық - эстетикалық тәрбиесінің негіздері. Автореферат дис. канд. пед. ғыл. – Алматы, 1994.

4. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал // Музыка әлемінде, №8, 2005

5. Г.М. Науменко. Ғылыми-әдістемелік журнал. // Мектептегі музыка, №2, 2011.

6. Радынова О.П. Балалардың музыкалық дамуы. Оқу құралы. – М., 1999

Алипхан Гульжан Каратаевна
А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистр-оқытушысы, alipkhan.g@mail.ru

Акешова Насиба Мурзахановна
А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистр-оқытушысы, Akeshova86@mail.ru

ҰСТАЗ АБАЙ ЖАЙЛЫ ІЗДЕНІСТЕР БАРЫСЫ

Түйін: *Абай қазақ әдебиеті мен руханиятында өте өнімді танылып, зерттеліп келе жатқан ақын. Оны әртүрлі ғылым өкілдері өз танымдары тұрғысынан қарастыруда. Ұстаз, тәрбиеші Абай жайлы пікір айтып, зерттеу жүргізу Ш.Әлжанұлы, Т.Тәжібаев, К.Шаймерденова еңбектері арқылы жалғасып келеді. Мақалада ақынның педагогика ғылымындағы танылу жайы сөз болады. Мақала ғылымдағы жетістіктерді жүйелеп түйіндеуімен ерекшеленеді*

Резюме: *Творчество Абая глубоко и основательно исследовано в казахском литературоведении. Представители различных наук изучают Абая с позиций своих познаний. Познание и исследование Абая как учителя, воспитателя ведется на основе трудов Ш.Альжанулы, Т.Тажибаева, К.Шаймерденова. Значимость статьи определяется обобщением воспитательной значимости творчества Абая, т. е. вкладом в педагогическую науку.*

Summary: *Creativity of Abay is deeply and thoroughly studied in Kazakh literary criticism. Representatives of various sciences study Abay from the standpoint of their knowledge. The knowledge and study of Abay as a teacher and as an educator is based on the works of Sh. Alzhanuly, T. Tazhibaev, K. Shaimerdenov. The significance of the article is determined by the generalization of the educational significance of Abay's creativity as a contribution to pedagogical science.*

Абай шығармашылығының танымдық ауқымы өте кең. Әрбір әдеби шығарманың танымдық, тәрбиелік, көркемдік мән-маңызы болатынын білеміз. Танымдық мәнге әдебиеттен өзге барлық ғылым түрлері ие болса, көркемдік қасиет - тек әдебиетке ғана тән ерекшелік. Өз мазмұны арқылы тәлім-тәрбие, тағылым беру міндеті мен ерекшелігі де өзгеден гөрі әдебиетке көбірек тән қасиет. Көркем шығарманың мазмұны тақырыбы арқылы белгілі бір мәселе төңірегіне шоғырланса, идеясы арқылы авторының айтпақ болған түпкі ойын оқырманға тәлім-тәрбие етіп ұсынады. Осы орайда әдебиет пен педагогика ғылымы ортақ мақсат-мұратты көздейді. Әдебиет оқырман қауымның көркемдік, сұлулық, эстетикалық таным, сезімін қалыптастырумен қатар, оның адам ретінде жетіліп, кемелденуіне де зор үлес қосады. Демек Абай шығармашылығындағы педагогикалық ой-пікірлер жүйесін тани түсу ғылым үшін өзекті де қажетті іс болып саналады.

Ақын Абай мен оның тәрбиелік ойлары жайындағы ізденіс нәтижелері бүгінде біршама ұлғайған. Абайтану тарихы мен Абайдың өз мұрасын тану жолында қыруар еңбек етіп жүрген ғалым ағамыз М.Мырзахметұлы «Абайтану» библиографиялық көрсеткішінде [1] Абайдың өмірі мен мұрасын танудың тарихы мен нәтижесі айқындалған. Ақын өлеңдері ең алғаш жарияланған 1889 жылдан бері жалғасып келе жатқан Абайды тану тарихында ақын туралы ең алғашқы танымдық мақаланы 1905 жылы Ә.Бөкейханов жазса [2.11-19], оның педагогикалық ой-пікірлерін саралаған тұңғыш мақала 1934 жылы Ш.Әлжанұлы тарапынан «Социалистік Қазақстан» газетінде (30 декабрь) жарық көрген. Елуінші жылдарға таяу Абай ақынның педагогикалық ой-пікірлерін кәсіби тұрғыдан саралауға ерекше үлес қосқан ғалым - Т.Тәжібаев болды. Абайдың педагогикалық көзқарасы туралы ізденіс нәтижелері көбіне осы ойдың бастауында тұрған ғалым Т.Тәжібаевтың көшбасшы пікірлеріне иек артады. Т.Тәжібаев Қазақстандағы психология, педагогика ғылымдарының негізін қалаушы тұлғалардың алдыңғы қатарында тұрады. Оның Қазақстанның оқу-ағарту ісі мен оның тарихын ізерлей зерттеген «XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның мектебі мен ағарту істері» (1958, 1962) атты екі томдық еңбегінің [3; 4] педагогика ғылымы тарихындағы алар орны орасан зор. Әсіресе ғалымның Абай шығармаларындағы педагогикалық ойлар туралы жазған «Абайдың психологиялық, педагогтік көзқарастары», «Абай жастар туралы» т.б. еңбектерінің мән-мазмұны елеулі. Бұл еңбектерінде Т.Тәжібаев Абай шығармаларының мазмұны мен идеялық бағытын терең танып меңгергені көрінеді. Ол Абай шығармаларын кәсіби, білгір педагог ретінде бағалап, өз тарапынан ойлы да танымды, тапқыр тұжырымдар жасаған. Т.Тәжібаев - Абайдың педагогикалық көзқарасы туралы арнайы ізденіс жасаған ғалым. Әрі ол бұл тақырыпты өзгелерден бұрынырақ сөз етіп қарастыруымен ерекшеленеді. Бүгінде қолданылып жүрген педагогика тарихына қатысты оқулықтарда Абайдың педагогикалық көзқарасы жиі жазылып жүр. Т.Тәжібаевтың осы орайдағы ой-пікір, тұжырымдары аталған оқулықтардағы ізденістерге жолбасшы болып жүр деуге келеді. Әрі Т.Тәжібаев Қазақстандағы психология, педагогика ғылымдарының негізін қалаушы тұлғалардың

қатарында тұрады. Ол Абайдың педагогикалық көзқарасы туралы тұңғыш тиянақты кәсіби пікір білдірген ғалым.

Ақын Абай туралы жан-жақты терең таным Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, әсіресе М.Әуезов еңбектерінен басталса, Төлеген Тәжібаев - ұлт ұстазы мен тәрбиешісі болған Абай туралы кәсіби пікірдің иесі. Абай Т.Тәжібаев жазғандай, кәсіби педагог емес, ағартушы, ойшыл ақын. Сөйте тұра ағартушылық, ойшылдық болмысы басым түсіп әрі ағартушылық бағыты аясында да Абай шығармалары түгелдей ел түзеу, адамды жөндеу, жетілдіру жолындағы тәрбиелік, тағылымдық ой-пікірге толы болып шыққан. Абайдың педагогикалық көзқарасы туралы тақырыпты Т.Тәжібаевтан кейін арнайы ізденіс нысаны еткен ғалым – К.Шаймерденова. Ол 1987 жылы ақын шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлерді саралап, осы тақырыпта кандидаттық диссертация [5] қорғаған. 1990 жылы «Рауан» баспасынан К.Шаймерденованың «Педагогические взгяды Абая Кунанбаева» [6] атты кітабы жарық көрген. 1998 жылы И.Халитова «Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы (1960-1995)» [7] туралы докторлық диссертация қорғаған. Абай мұрасының оқу мен тәрбиедегі алар орны айрықша зор. И.Халитова Абай шығармаларын осы оқу-тәрбие процесіне енгізу мәселесін қарастырған.

Осы орайда ғалым И.Халитова былай деп жазады: «Абай шығармаларын оқу-тәрбие процесіне енгізу – қазіргі күннің көкейтесті мәселесі... Қазіргідей барлық нәрсенің байлық, пайда сияқты жайын ғана ескеретін көзқарас үстем болған кезеңде, күнделікті өмірдегі күрделі мәселелерді шешуде Абай мұраттары жас өспірімдерді «адамдығын бұзбай» пайда табу жолдарымен қамтамасыз етеді» [7.7]. Байқағанымыздай, Абай мұрасы адамдық болмысымызды сақтап қалудың кепілі мен амалы екен. 2001 жылы Э.Орынбасарова «Развитие теории нравственного воспитания школьников в истории педагогики Казахстана (60-е гг. XIX в. – 90-е гг. XX в.)» [8] тақырыбымен докторлық диссертация қорғаған. Дәл осы XIX ғасырдың екінші жартысындағы кезеңде ақын Абайдың ақындық жолында өнімді еңбек еткені белгілі. Әрі М.Әуезов «Абай адамгершілікті, мораль философиясын барлық жайдан жоғары қойды» [9.179] деп жазғанындай, адамгершілікті жырлау – Абай шығармашылығының күретамыр тақырыбы болып табылады. Осы орайда Э.Орынбасарованың Абайдағы педагогикалық ой-пікірлер мен ондағы адамгершілік идеяларын өз диссертациясына ізденіс нысаны етіп алғаны өте орынды болған. 2005 жылы Г.Төретаева «Абай Құнанбаев шығармаларындағы дидактикалық ойлар» [10] тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. Ол зерттеу жұмысының алғашқы бөлімінде ақынның поэзиялық мұрасындағы дидактикалық ойларды сараласа, екінші бөлімінде қарасөздеріндегі дидактикалық ойлар мен оларды оқу үрдісіне ендіру мәселелерін қарастырған. Аталған ғалымдардың зерттеулерінде Абай шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлер арнайы зерттеу нысаны етіп алынған.

Осы уақытқа дейін Абай шығармашылығы ондағы педагогикалық ой-пікірлер тұрғысынан біршама өнімді зерттеліп келеді. Байқағанымыз, ақын шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлер туралы мәселеде Т.Тәжібаев тыңғылықты ізденіс жүргізіп, елеулі нәтижеге жеткен. Ал К.Шаймерденованың зерттеуінде Т.Тәжібаев ойлары біршама дамытылғаны байқалады. Өзге зерттеушілер еңбегінде осы екі ғалымның ой пайымдары басты назарда ұсталып, негізге алынатыны көрінеді. Әрі кейінгі ғалымдар ішінен М.Ахметованың Т.Тәжібаевтың педагогикалық мұрасы жөнінде арнайы зерттеу жүргізгенін атап өткен жөн. Яғни Абайдың педагогикалық ойлары зерттеу нысаны етілумен бірге, ақын шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді саралаған Т.Тәжібаев зерттеуі де ғалымдар тарапынан зерттеле бастауда.

Абай шығармашылығы осылайша XX ғасыр басынан бері Алаш қайраткерлері тарапынан тұңғыш танылып, әрі ақын мұрасы әділеттілікпен жоғары бағаланып, бүгінге дейін бірнеше буынға үлгі-өнеге етіліп келеді. Абай ең әуелі адам болуды жырлады. Қай қоғамда да маман болу үшін ең әуелі адам болып алу маңызды болмақ. Өйткені қоғам мен мемлекет өз ішіндегі жақсы, тәрбиелі, әдепті, ақылды, абзал адамдар арқылы өсіп өркендейді. Осы орайда адамдықты насихаттаған Абай шығармашылығының тәрбиелік үлгі-өнегесі еліміздің бүгін әрі келешекте де жетістіктер мен жеңістерге жетуіне зор үлес қоса бермек.

Әдебиеттер

1. *Абайтану: Библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Ғылым, 1988. – 239 б.*
2. *Абайды оқы, таңырқа... (Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемесін жазған – М.Мырзахметов, филология ғылымдарының докторы), Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.*
3. *Тажибаев Т. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века. Часть I. Алма-Ата: Казгосиздат, 1958.*
4. *Тажибаев Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. Алма-Ата: Казахстан, 1962.*
5. *Шаймерденова К. Педагогическая взгляды Абая Кунанбаева. 13.00.01 – общая педагогика, 1987.*
6. *Шаймерденова К. Педагогическая взгляды Абая Кунанбаева. Алма-Ата: Рауан, 1990. – 56 с.*
7. *Халитова І. Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы (1960-1995). 13.00.01 – жалпы педагогика, 1998.*
8. *Урунбасарова Э. Развитие теории нравственного воспитания школьников в истории педагогики Казахстана (60-е гг. XIX в. – 90-е гг. XX в.). 13.00.01 – общая педагогика, 2001.*
9. *Әуезов М. Шығармалар жинағы. XX том. Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.*
10. *Төретаева Г. Абай Құнанбаев шығармаларындағы дидактикалық ойлар. 13.00.01 – жалпы педагогика, 2005.*

Алипхан Гульжан Каратаевна
А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистр-оқытушысы, alipkhan.g@mail.ru

Акешова Насиба Мурзахановна
А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистр-оқытушысы, Akeshova86@mail.ru

АБАЙ АЙТҚАН ТӘРБИЕЛІК ОЙЛАРДЫҢ ӨРІСІ ЖАЙЛЫ

Түйін: *Абай ақиқатты айтушы ойшыл ақын болумен бірге, тәлім-тәрбиелік ойларын да мол мұра етіп қалдырған. Ақын айтқан сол ойлардың ұрпақ санасына жетіп жатуы өте маңызды. Бұл - педагогика ғылымының өзекті проблемасы болып саналады. Мақалада ақын мұрасының оқу-тәрбие процесі арқылы ұрпақ игілігіне айналуы И.Халитованың зерттеуі негізінде сөз болады.*

Резюме: *Абай не только поэт-мыслитель, раскрывающий реальность действительности, но и наставник, оставивший в наследие глубокие размышления о воспитании, которые очень важно донести до сознания потомков. В статье на основе исследований И.Халитовой рассматриваются вопросы значимости наследия поэта в духовном совершенствовании подрастающего поколения посредством их использования в учебно-воспитательном процессе.*

Summary: *Abay is not only a poet-thinker who reveals the reality of the reality, but also a mentor who left in his legacy deep reflections on upbringing, which is very important to convey to the consciousness of the descendants. The article deals with the questions of significance of the poet's heritage in the spiritual development of the younger generation through their use in the educational procession the basis of I.Khalitova's researches.*

Исламия Халитова 1998 жылы «Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы (1960-1995)» тақырыбында докторлық диссертация [1] қорғаған. Ғалым атап өткендей, Абай өзінің халқына арнаған ақыл-кеңесін ақындық өнерін пайдаланып жеткізген. Абай мен оның мұрасын танып-білу мен бағалау жайы әр кезде бірыңғай даңғыл жолмен келді дей алмаймыз. Жиырмасыншы жылдары оны ұлтшыл, байшыл ақын, кертартпа ақын деп бағалағандар болды. Мұндай жағдайлар ақынның оқу, тәрбие үрдісіне еркін еніп кетуіне зор кедергі болды. Кейін келе коммунистік идеология аясында орыстандыру саясаты кең өрістеп, ол да ақынның ұлттық мүдде мен ділге, дінге, адамның тегі мен тәбиесіне қатысты ойларын толық ашып тануға мүмкіндік бермеді. Ал Абай мұрасының оқу мен тәрбиедегі алар орны ғалым түйіндегендей, айрықша зор: «Абай шығармаларын оқу-тәрбие процесіне енгізу – қазіргі күннің көкейкесті мәселесі... Қазіргідей барлық нәрсенің байлық, пайда сияқты жағын ғана ескеретін көзқарас үстем болған кезеңде, күнделікті өмірдегі күрделі мәселелерді шешуде Абай мұраттары жас өспірімдерді «адамдығын бұзбай» пайда табу жолдарымен қамтамасыз етеді» [1.7]. Абай мұрасы қазақ ұлты мен оның өзіндік бұзылмаған ділі мен таза адами болмысын сақтап қалуға зор үлес қосады.

Абай шығармалары сонау төңкерістен кейінгі алғашқы жылдары-ақ ұстаздар қауымының назарына іліге бастаған. Ал 1945 жылы ол оқу процесіне ресми түрде енген. И.Халитова Абай шығармаларын оқу-тәрбие процесінде қолданудың тарихы мен теориясын әдісанмалық жақтан қамтамасыз ететін ғылыми нұсқау мен тетіктерді жасауды күн тәртібінде тұрған мәселе санап, өзі осы мәселемен арнайы айналысады. Абай шығармаларын оқу-тәрбие процесіне енгізу мәселесі Абайдың туғанына 150 жыл толу қарсаңында Қазақстан Білім министрлігі өткізген конференцияда қаралған. Бұл кезеңде Абай шығармаларының әр сыныпта берілу жүйесін қайта қарауды, оқулықтарымыздағы ақын өмірбаяны мен ата-тегін, шығармашылық нәр алған көздері мен ақындық мектебін, педагогикалық, психологиялық ойлары мен өзге де мәселелерді бүгінгі ғылыми жаңалықтарға сүйене отырып ашудың қажеттілігі, ақын қарасөздерін 6-7-сыныптан бастап бағдарламаларға батылырақ енгізу уақыт талабы екені айтылады. Осы конференцияда Абайды тануды барлық пәндердің мазмұнынына сыналап енгізу жайы да сөз болады. Өйткені Абай шығармаларында адамзаттық ақиқат пен өмір, тұрмысқа қажетті ақыл-кеңестер мол ұшырасады. И.Халитованың пікірінше, Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын оқыту мен оны тәрбие жұмыстарында пайдалануда осы күнге дейін шешілмей келе жатқан мәселе - оның шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді барынша толық қамту жолдарының қарастырылмағандығы болып табылады [1.8]. И.Халитованың докторлық диссертациясында Абай шығармаларын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихымен қатар оның тәлім-тәрбиелік пікірлерін практикада пайдалану мәселелерінің теориялық-әдіснамалық негізі қарастырылған. Ғалым осы мәселенің ғылыми әдебиеттер мен практикадағы жағдайын қарастыру барысында мынадай қайшылықтар анықталғанын жазады: Абай Құнанбаев мұрасының зерттелуіне тоталитарлық жүйенің кері ықпалы мен қоғамдағы экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерулер кезеңінде ондағы тәлім-

тәрбиелік ой-пікірлерді оқу-тәрбие процесінде пайдалануға жаңа көзқарас қалыптасу қажеттігі арасындағы қайшылық; Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастарының теориялық жақтан дәлелденуі мен оның оқу-тәрбие практикасына толыққанды ендірілмеуі арасындағы қайшылық; Абай Құнанбаев шығармаларының педагогика-психологиялық мүмкіндіктері мен оларды іс жүзінде қолдануға жағдай жасайтын педагогикалық-әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасындағы қайшылық; Абай Құнанбаев шығармаларының оқу мазмұнында берілуі мен оны оқытуда жеке оқушы тұлғасының ескерілмеуі арасындағы қайшылық; Жоғары оқу орындарында Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастарының оқытылуы мен оны оқу-тәрбие жұмысында пайдалануға болашақ ұстаздарды даярлаудың теориялық және практикалық жақтан толық қарастырылмауы арасындағы қайшылық. Шынында да қазір заман жаңарған, өзгерген. Өзгерістің тәуелсіздік, еркіндік, ой бостандығы секілді жаңа жақтарымен бірге затшылдыққа, пайда мен ақшаға бас ұрушылыққа қатысты пайда болған қасаңдық, қайырымсыздық секілді жағымсыз жақтары да бар. Осы орайда Абай мұрасы қазіргі өтпелі, құбылмалы заманда адамдарға бағдарламалық көмек көрсетуі әбден мүмкін. Абайды білу мен танудың әр қазаққа да қажеттігі жөнінде кезінде Алаш қайраткерлері жетер жеріне жеткізе айтып кеткен.

Абай мұрасын мектептегі оқу-тәрбие процесіне енгізу оны оқытатын маман, ұстаздарды тәрбиелеу ісімен де тығыз байланысты. Сол себепті ғалым Абай мұрасын оқу процесіне енгізу жайы жоғары оқу орындарында қалай жүзеге асып жатқанын да қарастырған. Яғни И.Халитованың докторлық диссертациясы көздеген мақсаты - Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихын зерттеу арқылы бұл игі істің теориялық-әдіснамалық негізін айқындау және бүгінгі жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде оның тиімді жолдарын көрсету [1.9]. Ғалым зерттеу еңбегінде Абай Құнанбаев мұрасындағы тәлім-тәрбиелік пікірлерді зерттеуге арналған ғылыми-теориялық, әдістемелік-практикалық бағыттағы 1960-1995 жылдар арасындағы жарияланған еңбектерді талдау арқылы олардың педагогика ғылымындағы мән-мағына, мазмұнын айқындаған. Осы жылдары жарық көрген оқулық, бағдарлама мен әдістемелік құралдарды талдау арқылы Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихына сипаттама берген. Осылардың негізінде ақын мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізудің теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеген. Болашақ ұстаздарды жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде Абай мұрасын пайдалана білуге даярлау жолдарын да нақтылауға қомақты үлес қосқан.

Абай мұрасы, оның педагогикалық мазмұны мен бағытын танып-білу бүгінде біршама елеулі нәтижеге жеткен. Абай туралы алғашқы мақаланы 1905 жылы Әлихан Бөкейханов қазанама ретінде жазса [2.11-19], оның педагогикалық көзқарасына ғылыми мән беру бағытындағы еңбектер 1934 жылы жазылған Ш.Әлжанұлының «Абайдың педагогикалық көзқарастары» деген мақаласынан [3] басталады. И.Халитованың пайымдауынша, мұнда Ш.Әлжанұлы Абайдың қарасөздері мен өлеңдеріндегі бала тәрбиесіне қатысты пікірлерге сүйене отырып, оның педагогтік көзқарастарын дәлелдеуге ұмтылған. Ш.Әлжанұлында «ақын өз пікірлерін таптық тұрғыдан қарастыра алмады» деген пікір ұшыраса, оны И.Халитова сол кездегі заман үрдісі деп санайды. Келесі кезекте ғалым ақынның тәлім-тәрбиелік көзқарастарына тарихи-педагогикалық, теориялық тұрғыда назар аударған ғалым ретінде Т.Тәжібаевты атайды. Абайдың ағартушылық, педагогикалық көзқарасына қатысты пікірлер XIX ғасырдың екінші жартысындағы тәлім-тәрбиелік ойларды қарастырған көпшілік еңбектерден орын алған. Ғалым Қ.Жарықбаев Абайдың педагогикалық көзқарастары мен психологиялық пікірлерін ұштастырып көптен бері зерттеп келеді. Оның еңбегі негізінен Абай мұрасын психологиялық пән тұрғысынан қарастыруға басымдық береді. Абай мұрасын психология ғылымының тұрғысынан зерттеген еңбектерінің нәтижесін Қ.Жарықбаев жоғары оқу орындарына арналған «Психология» оқулығы мен «Қазақстанда психологиялық ой-пікірлердің даму тарихы» атты оқу құралында тұжырымдап ұсынады. Абайдың педагогикалық көзқарасы туралы ардагер ғалым С.Қалиевтің де еңбегі аса зор. Ол осы орайдағы пікірлерінде ақынның дүниені танып білу жолдары мен еңбек етіп, кәсіп қылу, оқу-ағартуға үндеу, адамгершілік, махаббат, отбасы туралы пікірлерін дұрыс ашып көрсетумен қатар, ол пікірлердің жас буынды оқыту мен тәрбиелеудегі маңызын да ашып көрсеткен. И.Халитова өзінің диссертациялық еңбегінде ғалым С.Ғаббасовтың еңбегін айрықша бөліп атайды: «Абайдың педагогикалық көзқарастарын зерттеуде өзінен бұрынғы осы бағыттағы еңбектерден бір топ ілгерілей түсіп, ондағы ақыл, парасат, ұждан, қанағат, әділет, шапқат сияқты адамдық қасиеттерге тоқтала отырып, С.Ғаббасов адам баласының бақытты өмір сүруі ... мінез-құлқы мен ұжданы негізінен ақыл-парасат пен жүрек тәрбиесінен нұр алады екен... Ондай тұжырымды Абай да құптайды деп, ақынның 19, 31, 32-қарасөздерінен үзінділер келтіруімен өз ойын дәлелдеуге ұмтылған» [1.16]. С.Ғаббасов Абай шығармаларының ұлт мәдениеті мен әдебиеті, жалпы руханиятындағы орнын аса жоғары бағалаған. Ол «Абайдың педагогикалық ойларын дұрыс түсініп

игеру арқылы ғана шынайы халқымызға тән тәлім-тәрбие бере аламыз» деп, ақын ойларын халық педагогикасы негіздерінің қатарына қосады. И.Халитова Абай шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік пікірлер ішінен болашақ маман ұстаздарды даярлауға пайдалы болар кеңестерін тауып көрсетуде көрнекті педагог К.Құнантаеваның «Ұстаздарға өсиет» атты мақаласын ерекше бөліп атайды. К.Құнантаева өз мақаласында ақын шығармалары арқылы болашақ ұстаздарды педагог мамандығына даярлау мәселесін көтеріп, оны шешудің кейбір жолдарын да көрсетіп береді. Ол өз мақаласында әсіресе, Абайдың «Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен ыстық жүрек, өң шырай, қуат пен күш?» деген өлең жолдарын өз ойына арқау етіп алған. Көрнекті ғалым Абайды халқымыздың ұстазы санайды әрі маман ұстаздар даярлауда ақынның қажетті пікірлеріне назар аударуымызды талап еткендей болады. И.Халитова көптеген мақалаларға саралау жасай келіп, сол қатардағы Ұ.Әбілдаұлының кітабы туралы да өз ойларын ортаға салады. Ұ.Әбілдаұлы Абай мұрасының мәнін танытуға біршама талаптанып үлес қосыпты. Мәселен, оқушыларға Абай өлеңдерінен алып «Ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске кез келсеңіз», «сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» деген ақын сөздерінің мәнін ашу мақсатында сұрақтар қоюы, ақын сөздерінің мәнін тануға талаптануы орынды. Өйткені Абай өлеңін жүгіртіп, сыдыртып, мәнерлеп оқып шыға салу аздық етеді. Ақынның әр сөзінде «Атан түйе тарта алмас» мән-мағына мен мол мазмұн жатады. Ұ.Әбілдаұлының осы бағытта ақын өлеңдеріндегі мән-мазмұнды танытуға өзінше әрекет етуін орынды іс деп білеміз. И.Халитова да оның еңбегін «Абай шығармашылығын оқу-тәрбие процесіне пайдалануда таптырмайтын құрал» деп жоғары бағалаған [1.25].

И.Халитованың Абай шығармаларын оқу-тәрбие процесінде пайдалану барысын саралаған түрлі мақалаларға баға беруінде байқалатын бір жағдай – көпшілік ұстаздар қауымы, ғалым кісілердің Абайдағы жан мен тән, жан құмары мен тән құмары сөздерінің мән-мағынасы оқушы санасына өз деңгейінде жетпей жататындығын атап өтуі. Тіпті ғалым Абайдың «Масғұт» поэмасындағы кейіпкердің қызыл гүлді таңдауын дұрыс деп тануға күмән білдірген пікірлерді де келтіреді. Олардың ойынша, ақылды жоғары бағалаған Абайдың қызыл гүлді таңдап, ақ гүлді таңдамауы мүмкін емес. Біздіңше, мәселені осылайша қойып сөз етудің өзі Абайдың ақиқат ойы мен мұрат-мақсатын танымау болып табылады. Абайдың жүрекке жақын болмыс ретінде ұғылатын әйелдер махаббатын ақылдан артық қоюы заңды. Себебі ақын өз шығармашылығының өң бойында жүректі әркез түрлі мәнерде жоғары қойып жырлаған. Оның адамгершілік іліміндегі толық адам – ақыл, қайрат, жүректен, ал жәуәнмәртлік – ақыл мен жүректен (әділет пен рақым) құралса, иманигүлі – тек жалғыз ғана жүректен тұрады. Яғни ақынның иманигүл танымы үш сүюді танытады [4.209]. Ал сүю - жүректен шығар қасиет. 17-қарасөзінде де ақын ақыл мен қайратқа жүректі жолбасшы етуді жөн көреді. Осындай ойлар төркініне сүйенсек, Абайдың өз кейіпкеріне сүю мен махаббат және әйелдерге қатысты қызыл гүлді таңдатуына таң қалмаймыз. Керісінше, оны ақындағы жүйелі де желілі әрі орынды шешім деп қабылдаймыз. Осы орайда Абай шығармаларының мән-мазмұнын түсінудегі талап ретінде И.Халитова айтқан мына пікірді орынды көреміз: «Ақынның өлеңдері болсын, қарасөздері болсын оқулықтарға енгізумен қатар, оларға түсіндірмелер де берілгені жөн. Ол түсіндірмелер бір ғана құрастырушылар тарапынан емес, сондай-ақ басқа да ғалым, жазушылар, әсіресе абайтанушылармен кеңесе отырып берілсе, Абай шығармалары оның мазмұнынан оқушыларға толығырақ жеткізуді қамтамасыз етеді» [1.28]. Әрине мұндай жағдайда Абайды танып білу мен түсінудің деңгейі біршама биіктеп, ақын ойының қадір-қасиеті де арта түсер еді. Ғұлама ғалым М.Әуезовтің өзі «Абай мұхит қой, мен одан қасықтап қана алдым» дегені көп нәрсенің сырын байқатып, Абайды танып білуде біздерден жауаптырақ болуды талап етеді.

Сөйтіп И.Халитова педагог ғалымдар мен жоғары оқу орындарының ұстаздары және мектеп мұғалімдерінің Абай өмірі мен шығармашылығын оқу-тәрбие процесінде пайдалануға қатысты пікірлеріне зерделі саралау жасап, осы орайдағы ой, біліміміздің арта түсуіне үлес қосады.

Әдебиеттер:

1. Халитова І. Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы (1960-1995). 13.00.01 – жалпы педагогика, 1998.

2. Абайды оқы, таңырқа... (Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемесін жазған – М.Мырзахметов, филология ғылымдарының докторы), Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.

3. Әлжанұлы Ш. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Социалистік Қазақстан. 30 декабрь 1934.

4. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.

Atakhanov Abdukhalil Sulaymanouly
MA, English teacher, Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University,
e-mail: halil779111@gmail.com

Meyirbekov Akylbek Kayratbekuly
PhD, Acting Professor, Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University,
e-mail: ph-doctor@mail.ru

AN ANALYSIS OF HOW A VIRTUAL LEARNING ENVIRONMENT REFLECTS ON EDUCATION SYSTEM AND ITS POSSIBLE ROLES FOR ICT

Резюме. *В статье делается анализ о влиянии виртуальной обучающей среды на образовательную систему. А также рассматривается вопрос о возможных ролях, который играет информационно-коммуникационные технологии в электронно-виртуальной обучающей среде.*

Ключевые слова: *электронное обучение, виртуальное обучение, ИКТ.*

Түйіндеме. *Мақалада қазіргі таңда жоғарғы оқу орындары мен орта мектептерде енгізіліп жатқан виртуалды электронды оқыту жүйесі және оның оқу жүйесіне берер әсері жөнінде айтылған. Сонымен қатар, виртуалды электрондық оқыту жүйесінің информационды коммуникациялық технологияларда алатын орны жөнінде анализ жасалынған.*

Кілт сөздер: *электронды оқыту, виртуалды оқыту жүйе, ИКТ.*

Summary. *This article is mentioned about how a virtual learning environment reflects on education system and its possible roles for Information Communication Technologies. In addition, ICTs are a potentially powerful tool for extending educational opportunities.*

Keywords: *a virtual environment, e-learning, ICT*

Changes in the system of social relations have an impact on education, require him mobility and adequate response to the realities of a new historical stage, and should meet the needs of economic development in general. The educatıon system of Kazakhstan is developing in conditions of obsolete methodological base of education, the structure and content, which are insufficient for its gradual integration into the global educational space.

Virtual learning environment (VLE) is a computer software that enables the use of multimedia in a simple platform in the net. With the help of VLE the following basic learning tools of online learning can be used: text, still graphics and illustrations, sound and music, video and moving graphics, multimedia. VLEs include users, courses and file management and maintenance. It offers several user levels such as students, teacher and administrator. There are several VLEs offered to customers in the net, some of them are commercial and the others open source. The most used and famous ones are Blackboard, Moodle and WebCT and Edmodo.

Manninen (2000, p.30) says the differences between learning in a virtual learning environment and in a traditional classroom situation are as follows. In the virtual learning environment the learner's own activity is emphasized and studying takes place at least partly in a simulated situation. Students have an opportunity to directly interact with the learned matter [1]. The learning environment emphasizes problem-centered over subject centered learning in the planning of teaching. Studying is a comprehensive and lengthy process instead of divided short-term classes. There are different persons, mentors and experts to support the students. Teacher's role changes from information deliverer to organizer and instructing person.

The virtual learning environment which is implemented on the basis of local and global computer networks, depending on the characteristics of the telecommunication links integrates educational content and customize user services and networking infrastructure as a teacher - student.

On the other hand , the system components of a virtual learning environment technology platform forms of lifelong learning.This ensures guaranteed availability of student learning and satisfaction of educational needs by creating a permanent location in terms familiar to him learning environment.

Innovative approaches to organizing and conducting the training sessions are based on the use of information and communication technologies, involving the restructuring of the content and the organizational and methodical forms of learning, the development of modern information technology support and development of the educational process, including the work with digital learning materials and organization of lessons in a mode online.

Today, along with the mass connection of educational institutions to the Internet, the creation of educational web-resources, network libraries, repositories of educational multimedia content, much less

provided information and methodological support of the educational process with the use of modern ICT , practically no waste technique of the organization of computer training sessions .

According to The World Development Report For developing countries ICTs have the potential for increasing access to and improving the relevance and quality of education. It thus represents a potentially equalizing strategy for developing countries. ICTs greatly facilitate the acquisition and absorption of knowledge, offering developing countries unprecedented opportunities to enhance educational systems, improve policy for mulation and execution, and widen the range of opportunities for business and the poor. One of the greatest hardships endured by the poor, and by many others who live in the poorest countries, is their sense of isolation. The new communications technologies promise to reduce that sense of isolation, and to open access to knowledge in ways unimaginable not long ago.[2]

However, the reality of the Digital Divide—the gap between those who have access to and control of technology and those who do not—means that the introduction and integration of ICTs at different levels and in various types of education will be a most challenging undertaking. Failure to meet the challenge would mean a further widening of the knowledge gap and the deepening of existing economic and social inequalities.

ICTs are a potentially powerful tool for extending educational opportunities, both formal and non-formal, to previously underserved constituencies—scattered and rural populations, groups traditionally excluded from education due to cultural or social reasons such as ethnic minorities, girls and women, persons with disabilities, and the elderly, as well as all others who for reasons of cost or because of time constraints are unable to enroll on campus.

• **Anytime, anywhere.** One defining feature of ICTs is their ability to transcend time and space. ICTs make possible asynchronous learning, or learning characterized by a time lag between the delivery of instruction and its reception by learners. Online course materials, for example, may be accessed 24 hours a day, 7 days a week. ICT-based educational delivery (e.g., educational programming broadcast over radio or television) also dispenses with the need for all learners and the instructor to be in one physical location. Additionally, certain types of ICTs, such as teleconferencing technologies, enable instruction to be received simultaneously by multiple, geographically dispersed learners (i.e., synchronous learning).

• **Access to remote learning resources.** Teachers and learners no longer have to rely solely on printed books and other materials in physical media housed in libraries (and available in limited quantities) for their educational needs. With the Internet and the World Wide Web, a wealth of learning materials in almost every subject and in a variety of media can now be accessed from anywhere at anytime of the day and by an unlimited number of people. This is particularly significant for many schools in developing countries, and even some in developed countries, that have limited and outdated library resources. ICTs also facilitate access to resource persons mentors, experts, researchers, professionals, business leaders, and peers—all over the world.

One of the most commonly cited reasons for using ICTs in the classroom has been to better prepare the current generation of students for a workplace where ICTs, particularly computers, the Internet and related technologies, are becoming more and more ubiquitous. Technological literacy, or the ability to use ICTs effectively and efficiently, is thus seen as representing a competitive edge in an increasingly globalizing job market. Technological literacy, however, is not the only skill well-paying jobs in the new global economy will require. En Gauge of the North Central Regional Educational Laboratory (U.S.) has identified what it calls “21st Century Skills,” which includes digital age literacy (consisting of functional literacy, visual literacy, scientific literacy, technological literacy, information literacy, cultural literacy, and global awareness), inventive thinking, higher-order thinking and sound reasoning, effective communication, and high productivity [3].

Digital Age Literacy.

- Functional literacy - ability to decipher meaning and express ideas in a range of media; this includes the use of images, graphics, video, charts and graphs or visual literacy
- Scientific literacy -understanding of both the theoretical and applied aspects of science and mathematics
- Technological literacy - competence in the use of information and communication technologies
- Information literacy - ability to find, evaluate and make appropriate use of information, including via the use of ICTs
- Cultural literacy - appreciation of the diversity of cultures
- Global awareness - understanding of how nations, corporations, and communities all over the world are interrelated

Inventive Thinking.

- Adaptability - ability to adapt and manage in a complex, interdependent world
- Curiosity - desire to know
- Creativity -ability to use imagination to create new things
- Risk-taking - ability to take risks
- Higher-Order Thinking- creative problem-solving and logical thinking that result in sound judgments

Effective Communication

- Teaming - ability to work in a team
- Collaboration and interpersonal skills - ability to interact smoothly and work effectively with others
- Personal and social responsibility -be accountable for the way they use ICTs and to learn to use ICTs for the public good
- Interactive communication - competence in conveying, transmitting, accessing and understanding information
- High Productivity - ability to prioritize, plan, and manage programs and projects to achieve the desired results; ability to apply what they learn in the classroom to real-life contexts to create relevant, high-quality products

The potential of ICTs to promote the acquisition of these skills is tied to its use as a tool for raising educational quality, including promoting the shift to a learner-centered environment.

Improving the quality of education and training is a critical issue, particularly at a time of educational expansion. ICTs can enhance the quality of education in several ways: by increasing learner motivation and engagement, by facilitating the acquisition of basic skills, and by enhancing teacher training.ICTs are also transformational tools which, when used appropriately, can promote the shift to a learner-centered environment.

Research has shown that the appropriate use of ICTs can catalyze the paradigmatic shift in both content and pedagogy that is at the heart of education reform in the 21st century [4]. If designed and implemented properly, ICT-supported education can promote the acquisition of the knowledge and skills that will empower students for lifelong learning.

When used appropriately, ICTs—especially computers and Internet technologies— enable new ways of teaching and learning rather than simply allow teachers and students to do what they have done before in a better way. These new ways of teaching and learning are underpinned by constructivist theories of learning and constitute a shift from a teacher-centered pedagogy—in its worst form characterized by memorization and rote learning—to one that is learner-centered.

Refferences:

1. *Macpherson, A., Elliot, M., Harris, I., and Homan, G., (2004). E-learning: Reflections and evaluation of corporate programs. Human Resource Development International, 7(3), 295-313. Retrieved from The Business Source Premier database.*
2. *World Bank (1998), The World Development Report 1998/99. Quoted in Blurton, C., New Directions*
3. *Source: Adapted from EnGauge. North Central Regional Educational Laboratory. Available Online at http://www.ncrel.org/engauge/skills/21skills.htm. Accessed 31 May 2002.*
4. *Bransford, J. (ed.) (1999), How People Learn: Brain, Mind, Experience, and School (Washington, DC: National Research Council).*

ӘОЖ 796.09

Калиев Нуржан Кажимуханович
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы, dene-tardiesi@mail.ru

Мамиров Ерлан Нарзуллаевич
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Өнер факультеті,
«Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы, dene-tardiesi@mail.ru

СПОРТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ МЕН СПОРТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ДАМЫТУДАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

Түйін: *Спорт адамды жан-жақты жетілдірудің тиімді құралы ретінде оны рухани және дене дайындығына тәрбиелеудің қозғаушы күші болып саналады. Спорттық жоғары нәтижеге жеткен сайын спортшы тек денесін ғана дамытып қоймай, сонымен қатар адамгершілік, өнегелілік, эстетикалық , ақыл-ой, еңбек, отан сүйгіштік тәрбиелерін де алады. Спорттың адамды тәрбиелеудегі педагогикалық маңызы өте зор екені қарастырылған.*

Кілтті сөздер: *педагогика, білім беру, оқытып, үйрету, бағдарлау, өздігінен дамыту, дене дайындағандығы, дене тәрбиесі.*

Резюме: *Спорт является движущей силой его духовной и физической подготовки как эффективного инструмента для всестороннего улучшения личности. Поскольку спортсмен достигает высоких результатов, спортсмен будет не только развивать свое тело, но и получать образование в моральном, моральном, эстетическом, умственном, трудовом и патриотическом воспитании. Считается, что спорт имеет большую педагогическую ценность в обучении людей.*

Ключевые слова: *Ориентирование, образование развитие личности, саморазвитие, физическая культура.*

Summary: *Sport is the driving force of his spiritual and physical training as an effective tool for the overall improvement of personality. As the athlete achieves high results, the athlete will not only develop his body, but also receive education in moral, moral, aesthetic, intellectual, labor and patriotic education. It is believed that sport has great pedagogical value in training people.*

Key words: *Orientation, education, personal development, personal development, physical education*.

Спорттың қызметін шартты түрде спецификалық (ерекше болмыс құбылысы ретінде тек өзіне тән) және жалпыға бөлеміз. Біріншісіне, жарыстық-мөлшерлік өлшеу (эталондық) және эвристикалық-нәтижелілік қызметі. Екіншісіне, қазіргі уақытта әлеуметтік-қоғамдық мәні бар қызметтерді, яғни жеке тұлғалық бағытты тәрбие, үйрету және дамыту қызметін қосады; сауықтыру-рекрлациялық қызмет; жеке тұлғаның әлеуметтік интеграциясы және социализациясы; коммуникативтік және экономикалық қызметі.

Спорттық қызметке жеке тұлға және қоғамның нақтылы қажеттілігін қанағаттандыру және дамыту, адамға және адамдар арасындағы қатынасқа объективті тән әсер ету қасиеті жатады.

Жарыстық-эталондық қызметі. Жеңіске спорттың негізгі спецификасын немесе жеке өзіндік жоспарда жоғары спорттық нәтижеге жету немесе жарыста орын алуға бағдарланған сайыстар барысында нақтылы адам мүмкіндіктерін жүйелі салыстыру және әділ бағалаудың максимальды мәнін айқындаумен тұжырымдалатын меншікті жарыстық қызмет құрайды.

Спорттағы есепке алынып, белгіленген рекордтар мен жетістіктер спорттық дәреже талаптарын орындау жалпы адам мүмкіндіктерін және өзіне тән көрсеткіші қызметін атқарады, және кең танылымға ие болады. Техника эталонынан (өлшемінен) айырмасы "спорттық эталон" тарихта өзгеріссіз қалмайды, спортшының өзін жетілдіруіне, күшті жұмылдыруына бағыттап, ынталандырып, барлық уақытта алға озады. Спорттың эталондық қызметі *жоғары жетістіктер спортында* анық көрінеді, алайда белгілі шамада бүкіл спортқа, оның ішінде арнайы ұйымдастырылған жарыстар жүйесі арқылы жалпы көпшілік бұқаралық спортқа да тән [1].

Эвристикалық - табысқа жету қызметі. Спорт үшін адамға өз мүмкіндіктерін білуге жұмылдыратын шығармашылық ізденіс қызметі тән, яғни оны максимальды іске асыруда және арттыруда тиімді әдістерін іздеп табу. Бұл қызмет жоғары жетістіктер спортында барынша толық көрініс тапқан, өйткені жетістікке жету жолында дайындық жүйесін үнемі жетілдіріп отыру, жаңа құралдарын жаттығу әдістерін, спорттық күресті жүргізудің жаңа әдістің және тәсілдің күрделі элементтері үлгісін шешімін іздеу қажет. Спортшы барлық уақытта шерберліктің жаңа деңгейіне көтерілу үшін жарыстарда өзінің мүмкіндіктерін толық жұмылдырып және көпжылдық дайындықтың әртүрлі сатыларында олардың барын тиімді пайдаланып, өз қабілеттерін жетілдіруі тиіс. Алып шығармашылық лабораториясы сияқты спорт адам жетістіктерінің шыңына таптаурын жол салады.

Нобель силығының лауреаты Арчибальд Хиллдың "Физиологиялық мәліметтердің шоғырландырылған саны физиология кітабында емес, әлемдік спорттық рекордтарда", – деген сөзі бұған дәлел.

Әлеуметтік - қоғамдық қызметіне бәрінен бұрын *жекелік – бағытты тәрбие, оқытып үйрету* және *дамыту қызметтері* жатады. Спорт тек дене және спорттық жетілу үшін үлкен мүмкіндік туғызып қомайды, сонымен бірге ол адамгершілік, өнегелілік, эстетикалық, интеллектуальдық (ақыл-ой) және еңбек тәрбисін береді. Спорттың өзіне тарту күші дене және психикалық күштердің көрінуіне жоғары талап, адамның саналылығы мен рухани бейнесін жекелей – бағытты тәрбиелеу үшін кең ауқымдағы мүмкіндіктер туғызады. Тәрбиелік мақсатқа жетудің соңғы нәтижесі тек спорттың өзіне ғана емес, барлық тәрбие және даму жүйесінің әлеуметтік бағыттылығына да байланысты. Осындай бейнеде, спорттың тәрбиелік мүмкіндіктері өзінен-өзі шешілмейді, спорт аясында жинақталған тәрбиелік-бағытталған қатынастар жүйесі арқылы іске асырылады.

Спорт әлеуметтік-педагогикалық жүйеге кіргендіктен дене тәрбиесінің ықпалды құралы болып табылады, ал спорттық кәсіби-қолданбалы түрлерімен шұғылданудың арқасында еңбек және әскери қызметтің маңызды компонентіне айналады.

Спорттың сауықтыру-рекреациялық қызметі адам ағзасының жағдайына және қызметтік мүмкіндіктеріне оңды әсер етуімен көрінеді. Әсіресе бұл балалар мен жасөспірімдер спортында анық көрінеді, яғни спортпен шұғылданудың дамып және қалыптасып келе жатқан ағзаға пайдалы әсеріне баға жетпейді. Дәл осы жаста денсаулықтың негізі қаланады, дене жаттығуларымен жүйелі шұғылданудың дағдылары үйлестіріледі, жеке және қоғамдық гигиена дағдылары қалыптасады. Спорт сонымен бірге жақсы көңіл күйдің көзі болып табылады, ол балалардың психикалық жағдайын түзейді, ақыл-ой шаршауын басуға мүмкіндік береді, бұлшық ет қуанышын сезіндіреді. Әсіресе балалардың *гиподинамиясының* кері құбылысын жою ісінде оның рөлі өте зор [2].

Елдің ересек тұрғындарымен жұмыс істеуде спортқа көп мән беріледі. Ол сауықтыру еңбек қызметіндегі және тұрмыстағы қозғалыс белсенділігінің тез азаюы тән ғылыми - техникалық прогрестің қолайсыз зардаптарынан қорғау құралы болып табылады. Спорт бос уақытын салауатты демалыспен және көңіл көтерулермен ұйымдастырудың таралған түрі.

Спорттың әсерлену және көріністік қызметі өнермен бірлестікте адамның дене және рухани сапалары үйлескен үндестікте көрінетін оның көп түрлері өзімен эстетикалық қасиеттерді ала жүреді. Әсіресе, бұл жоспарда олардың ішіндегі қызықтыратын тартымдысы күрделі қозғалыс үйлесімділігіндегі мына спорт түрлері: спорттық және көркем гимнастика, конькиде мәнерлеп сырғанау, суға секіру және т.б. Адам денесінің сұлулығы, әдіс-тәсіл жағынан күрделі және мәнерлі дағдыланған қозғалыс, мерекелік көңіл күй – осылардың бәрі спорттың ақиқат табынушыларын қызықтырады. Спорт көпшілікке танылған ойын-сауық сияқты құбылыс ретінде әсерлілігімен және қабылдау өткірлігімен көпшілік адамдардың жеке және ұжымдық қызығушылық ынтасын қозғайтын, сонымен бірге "спорт тілінің" әрбір адамға іс жүзінде түсінікті жан-жақтылығымен сипатталады.

Барлық адамдар үшін спорт сезімге, мазмұнға бай қызық көрініс. Осы заманғы коммуникацияның техникалық құралдары, әсіресе бейне көрініс спорттық көрермендер аудиториясының бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда ауқымы кеңейді, яғни бұл адам баласының сезім әлеміне спорттың әсерін арттырды [3].

Көрермен жанкүйерлерсіз спорт жалпыға бірдей маңызы бар әлеуметтік құбылыс болмаған болар еді. Спорттық майданға бәсекелесіп жарысып жатқандармен бірге әсерленіп, жанкүйерлер өзін солардың ішінде жүргендей спорттық сайыста, мінездердің күресінде, спорттық дауларды сезіммен-бейнелік деңгейде шешуде солармен бірдей сезінеді және өзінің өмірлік ұстанымында бекітуге еліктеу және жекелеу үшін айқын мысалдарды табады.

Жеке тұлғаның әлеуметтік интеграциясы мен социолизациясының қызметі. Спорт адамдарды қоғамдық өмірге тартудың қуатты қозғаушы күштерінің бірі болып табылады, яғни шұғылданушыларды оған қатыстыруға ынталандырады және шұғылданушылардың әлеуметтік қатынастағы тәжірибесін қалыптастырады. Жеке тұлғаны социялизациялау процесіндегі оның маңызды рөлі осыған негізделген.

Ерекше спорттық қатынастар (жеке тұлғалар арасында, топтар арасында, ұжым аралық) спорттың шегінен тыс шығатын әлеуметтік қатынастар жүйесіне осылай немесе басқаша қатыстырылады. Бұл қатынастардың жиынтығы спорттың жеке тұлғаға әсер ету негізін құрайды, яғни оның тәжірибесін спорт ауқымында және одан да басқа барынша кең масштабта меңгеру қажет болады.

Спорттық қозғалыс жалпы көпшіліктік әлеуметтік ағым ретінде және әлеуметтік интеграция қозғаушы күштерінің бірі ретінде үлкен маңызға ие болды, яғни адамдарды бір-біріне жақындату және оларды топтарға, ұйымдарға, одақтарға, клубтарға қызығушылық ынтасы мен қызметіндегі

бірлік негізінде қанағаттандыру болып табылады. Спорттың жалпы көпшілікке түсініктілігі, жалпы халықтық сапаға өту үшін спорттық жетістіктерді халықтың, ұлттың, мемлекеттің беделді ықыласымен табиғи бағалау, оны жалпы көпшілік санасына әсер ету үшін қолайлы жол (канал) етеді. Қазіргі заманғы өмірде бұл жол коммерциялық мақсатқа да қолданылады.

Спорттың коммуникативтік қызметі. Қазіргі кезеңдегі адам дамуындағы қоғамның гуманизациясы спортты халықаралық байланыстарды өрістетудің халықтардың өзара түсінігі мәдени ынтымақтастық, әлемде бейбітшілікті нығайтудың қозғаушы күшін жасайды. Спорт халықаралық қатынаста әлдеқашан басты орынды иеленген [4].

Біздің заманымызда халықаралық спорттық байланыстар орасан зор деңгейге дейін өсті, ал "Спорт барлығы үшін" және олимпиадалық қозғалыс сияқты спорттық қозғалыс түрлері қазіргі заманғы өте кең ауқымдағы халықаралық ағымына айналды. Қазіргі таңда Халықаралық Олимпиада комитеті 200-ден астам Ұлттық олимпиадалық комитеттерді біріктіреді.

Спорттың экономикалық қызметі. Спорттың үлкен экономикалық мәні бар, яғни спортты дамытуға жұмсалған қаражат бәрінен бұрын тұрғын халықтың денсаулық деңгейін арттыруға, адамның өмірін ұзартуға және жалпы жұмыс қабілеттілігін арттыруға жұмсалу арқылы есесі қайтады. Спорт туралы ғылымның, материалдық-техникалық базаның дамуы маман дайындау – осылардың барлығы балалар және жасөспірімдер спорты, жалпы көпшілік спортының (бұқаралық) және жоғары нәтижелер спортының дамуына мүмкіндік жасайды.

Сонымен бірге спорттық көріністерден, спорт ғимараттарын жалға пайдаланудан түскен қаржы көзінің де экономикалық маңызы бар. Алайда бұл мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың спортты дамытуға бөлген қаржының азғантай бөлігіне тең. Біздің қоғамымыздың негізгі құндылығы – бұл денсаулық . Бұл аспектіде де спорттың бағасы жоқ.

Спорттық қозғалыстың дамуындағы негізгі бағыттар. Спорт бүкіл әлемде негізінен екі бағытта дамиды:

1.Жалпыға бірдей (бұқаралық) спорт

2. Жоғары нәтижелер спорты

Жалпы көпшілік спортына студенттік, кәсіби-қолданбалы, денешынықтыру-кондициялық, сауықтыру-реакративтік спорты кіреді. Әлемнің көптеген елдерінде спорттың бұл түрлері миллиондаған шұғылданушыларды қамтып "Спорт бәрі үшін" деген қозғалысқа кіреді.

Жалпы көпшілік спортында шұғылданудың бағытына байланысты жүйелі сабақ барысында бүтіндей қатардағы мына міндеттер іске асырылады: білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру, кәсіби-қолданбалы, рекреациялық, өзінің дене жағдайын (кондициясын) арттыру.

Жалпы көпшілік спортының негізін оқушы-студенттік спорт құрайды, яғни базалық дене дайындығына жету және білім беру мен тәрбиелеу жүйесінде (жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер, кәсіптік-техникалық училищелер, институттар, академиялар мен университеттер және т.б.) қабілетті дене дайындығын оптимизациялау болып табылады.

Осылай, оқушы-студенттік спорт жалпы дене дайындығын және жалпы бұқаралық деңгейдегі спорттық нәтижелерге жетуді қамтамасыз етеді. Жалпы көпшілік спорттық қозғалысына сонымен бірге нақтылы кәсіп түріне дайындау құралы ретінде (әскери және қызметтік көпсайыс, өрт сөндіру қолданбалы спорты әскери-әуе, десанттық,ішкі бөлім әскері және арнайы дайындалған бөлімдердегі күрес және шығыс жекпе-жегі) кәсіби қолданбалы дене дайындығы болып саналады.

Денешынықтыру-кондициялық спорты жалпы көпшілік жарыстарға қатысатын адамдардың дене дайындығын арттыру, қажетті жұмыс қабілеттілік деңгейін сүйемелдеу құралы болып табылады..

Жалпы көпшілік спорттық қозғалысқа, сонымен бірге нақтылы жұмысқа қабілеттілігі деңгейін сақтау және ағзаның саулық демалысы, қалпына келуі, сауықтырылу құралы ретінде сауықтыру-рекреациялық спорты жатады.

Жоғары жетістіктер спорты - қоғамда мойындалған, жоғары спорттық жетістікке жету үшін нақтылы бір спорт түрінің мүддесін қанағаттандыруға бағытталған қызмет түрі болып табылады. Мұнда спортшы өзінің, сол сияқты команданың беделін, ал жоғары деңгейде Отанның беделін арттыруға ұмтылады.

Үлкен спортта жетістікке жету үлкен дене және психикалық күштенумен тек, тұрақты жаттығу-жарыстық қызметтің арқасында ғана мүмкін. Спортшыға жарыстарға қатысу үлкен жауапкершілік жүктейді, яғни әрбір қателіктің, әрбір сәтсіз сөрелік бастаудың жоғары бағасы оның психикасына қатаң талапты анықтайтын қозғаушы күштерге айналады. Жоғары жетістіктер спортының негізгі спецификасы осында жатыр.

Солай бола тұрсада, жоғары жетістіктер спорты жалпы көпшілік спортынан өсіп шығады, құралдарымен дайындық әдістері қатынасында нақтылы сабақтастық байланыста жетістіктің бағыттарын құрып, жалпы көпшілік спорттық қозғалысқа дем береді.

Қазіргі заманғы жоғары нәтижелер спорты бір текті емес. Қазіргі уақытта онда бірқатар бағыттар бар.

-өте жоғары жетістіктер (әуесқойлар) спорты;

-кәсіптік спорт;

-кәсіптік-коммерциялық спорт;

-жетістіктік – коммерциялық спорт;

-көріністік – коммерциялық спорт.

Ең жоғары жетістіктер (әуесқойлар) спорты қазіргі уақытта күннен күнге жүктеме талаптары, жаттығу-жарыс қызметін ұйымдастыруға байланысты бөлімдерінде кәсіптік, спорт белгілерін алып келеді.

Әуесқойлық жоғары нәтижелер спортының өкілдері тәртіп бойынша студенттер, оқушылар немесе әскери қызметкерлер болып табылады, яғни олардың әуесқойлықты иеленуге құқығы бар (қазіргі кезде олардың еңбек ақылары кәсіпқойлардікімен шектеледі).

Әуесқой - спортшылар барлық кезде дерлік өзінің дайындығын мына төмендегі басты жарыстарды нысанаға алып құрады: Олимпиада ойындары, Әлем құрлық, республика чемпионаттары. Бұл жарыстарда табысты өнер көрсету өзінің спорттағы рейтингін көтеруге, ал одан әрі таза кәсіпқойлыққа өтіп, барынша жоғары еңбек ақыға қол жеткізуге мүмкіндік туғызады.

Кәсіптік-коммерциялық спорттың ең жоғарғы жетістіктер әуесқойлық спортынан айырмашылығы ол кәсіпкерлік заңымен дамиды, екінші жағынан спорттың заңы бойынша кәсіпқой спортшыларды дайындауда, оны іске асыруға мүмкіндік жасайды. Спортшы-кәсіпқойлардың жарыстар жүйесіне бірінен кейін екіншісі келетін ұзыннан ұзақ спорттық жарыстар сериясында спорттық базарда спортшы атлеттің бағасына сәйкес әрбір жарысқа материалдық сыйлық берумен байланысты табысты қатысуымен қортындыланатын белгілі бір мақсатты нұсқау-ереже әсер етеді. Осыған байланысты кәсіпқойлардың бір бөлігі жылдық дайындық циклында тек 2-3 рет барынша жоғары бапқа келу жағдайына кіруді алдына мақсат етіп қоймайды. Ұзақ уақыт кезеңі барасында олар жеткілікті дәрежедегі жоғары, бірақ максимальды емес дайындық деңгейін ұстайды.

Спортшы-кәсіпқойларды үш топқа бөлуге болады:

Бірінші топқа Олимпиада ойындарында да, әлем құрлық чемпионаттарын- да, сонымен бірге кубок үшін және коммерциялық жарыстарда да нәтиже көрсетуге ұмтылыс жасайтын спортшыларды жатқызуға болады.

Екінші топқа жоғары жетістіктері бар, бірақ ірі жарыстарға қатысып жоғары нәтижеге жетуге өзін дайындамайтын спортшылар жатады.

Үшінші топқа әсіресе, спорт ойындарындағы, жеке сайыстардағы, конькимен мәнерлеп сырғанаудағы спортшы-ардагерлерді жатқызуға болады. Бұл спортшылар орташа дене дайындығы және өте жоғарғы шеберлік қабілетінің деңгейін ұстаумен қатар жүретін жоғары өнерпаздық шеберлігімен көрермендерге еңбек ақы үшін жоғары спорттық шеберлікті көрсетеді. Жалпы көпшілік бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спорты арасындағы спорттық қозғалыстағы аралық жағдайдағы орынды балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі, клубтарындағы, секцияларындағы шұғылданушы спортшылар алады.

Республика бойынша статистикалық мәліметтер бойынша көпжылдық жүйесінің әртүрлі сатыларында спорт мектептерінде шұғылданушылар саны келесі шамада болады:

-алғашқы дайындық - 70-71%;

-бастапқы және тереңдетіп мамандану – 27-28%;

-спорттық жетілдіру – 1,5-2%;

-жоғарғы спорттық шеберлік – 0,45% .

Осылайша, жоғары жетістіктер спортына шұғылданушылардың небәрі 2% ғана өтеді, яғни 2 милиондай балалар мен жеткіншектердің жасөспірімдер мен қыздардың тек 35000 ғана жоғары дәрежелі спортшы болады екен. Сонымен, спорт мектептері мен клубтар жүйесі жоғарғы жетістіктер спортына да, сол сияқты жалпы көпшілік бұқаралық спортына да жұмыс істейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.А.Бренштейн. О построений движений. Москва, 1967.

2. В.П.Филин, Н.А.Фомин. Возрастные основы физического воспитания. Москва, ФиС. 1972.

3. Ашмарин Б.А. Теория и методика физического воспитания. Москва: ФиС, 1979.

4. Матвеев А.П. Теория и методика физической культуры. Москва: ФиС, 1991.

5. Аманбаев Р.Р., Қалдыбаев М.К. Дене тәрбиелеу мәдениеті және спорт ілімі мен методикасының түсініктері. Алматы, 1992.

6. Оңалбек Ж.К. Ұлттар арасындағы дене тәрбиесі мен спорт. – Алматы: РБК, 1997. – 126 б.

7. Таникеев М.Т. Теория и практика взаимовлияния национальных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане. – Алматы, 1998.

8. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000. – 72 б.

9. Тілеулов Э.Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы.2003

10. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004. – 96 б.

11. Мұхамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-ІІІ, 2006. 166б.

ӘОЖ 796.09

Дайрабаев Мақсат Сейілбекович
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы

Нарықбай Роллан Тәженұлы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене тәрбиесі» кафедрасы аға оқытушысы

ЖАТТЫҒУ ПРОЦЕСІН БАСҚАРУДА ДӘРІГЕРЛІК-ҰСТАЗДЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін: *Бұл мақалада дәрігер мен жаттықтырушының бірігіп жұмыс атқаруы жаттығудың сауықтыру бағытын және спорттық жетілдіруді қамтамасыз етеді, өз уақытында кемшіліктерді анықтауға және алдын алуға көмектеседі, жаттыққандықтың дұрыс дамуын, оның жарыс кезеңінде ең жоғарғы деңгейге жетуін және қажетті мерзімге дейін бірқалыпты сақталуы қарастырылған.*

Кілтті сөздер: *Адам физиологиясы, спорттық физиология, спорттық медицина, спорттық педагогика және психология, дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі.*

Резюме: *В этой статье, сотрудничающей с врачом и тренером, он обеспечивает учебные и спортивные улучшения, помогает своевременно выявлять и предотвращать недостатки, обеспечивать надлежащее обучение, достигать максимальных уровней во время соревнований и постоянно обновляться.*

Ключевые слова: *физиология человека, спортивная физиология, спортивная медицина, спортивная педагогика и психология, преподавание и методы физической культуры.*

Summary: *In this article, collaborating with a doctor and a trainer, it provides educational and sporting improvements, helps to identify and prevent shortcomings in a timely manner, ensure proper training, reach maximum levels during competitions and be constantly updated.*

Key words: *human physiology, sports physiology, sports medicine, sports pedagogy and psychology, teaching and methods of physical culture.*

Дене тәрбиесі және спорттық жаттығу – бұл жалпы және арнайы жұмыс қабілетін арттыруға бағытталған педагогикалық процесс. Физикалық көзқарас бойынша спорттық жаттығу физиканың сандық, құрылымдық және қызметтік құрамының жетілуі мен дамуы. Спорттық жаттығу 2 түрлі қағидалардың негізінде пайда болады:

Педагогикалық қағидалар. Оған белсенділік, дәйектілік, көрнекілік, жүйелілік, беріктік, реттілік, қарапайымдылық жатады.

Арнайы қағидалар. Оған жалпы және арнайы дайындықтың бірлігі, машықтану процесінің үздіксіздігі, қайталануы және машықтану жүктемелерінің біртіндеп және барынша жоғарылауы жатады.

Жүйелілік және беріктік қағидалары спорттық жаттығуды жоспарлау кезінде алғашқы орында тұрады. Егер оларды дұрыс ұйымдастыратын болса қимыл дағдыларын жетілдіруге және организмнің мүмкіншілігін жоғарылатуға жағдай жасалады. Қимыл дағдыларының беріктігі жаттығудың қайталануымен қалыптасады. Егер жаттығу кезінде ұзақ үзілістер болатын болса, уақытша байланыс сөніп, спортшы дайындығы төмендейді. Жаттығу процесі үздіксіздікті, жан-жақтылықты және арнайы бағытты сақтай отырып, қайталану принципіне байланысты өзгеріп отырады. Осыған байланысты спорттық жаттығу бірнеше кезеңдерге бөлінеді.

1. Дайындық кезеңі: Бұл кезеңде жаттығу физикалық сапамен қимыл тәсілінің дамуына бағытталады. Бұл кезеңде жаттығу жүктемелерінің көлемі мен қарқыны біртіндеп жоғарылайды. Бұл кезеңнің ұзақтығы спортшының машықтану деңгейіне, жас ерекшелігіне және тағы басқа факторларға байланысты 3-4 айға созылады.

2.Жарыс кезеңі: Бұл кезең жарысқа қатысумен сипатталады. Бұл кезеңде жаттығу жұмысының және демалудың тәртібі машықтанудың деңгейін жоғарылатуға және бірқалыпты сақтауға бағытталған.

3.Өтпелі кезең: Бұл кезең жарысты тоқтатумен сипатталады. Жаттығу жүктемелерінің көлемі мен қарқыны төмендейді. Бұл кезеңде спортшы белсенді демалуы қажет. Оның ұзақтығы 28-42 күнге созылады. Спорт түріне қарай жаттығу кезеңдері әртүрлі уақытта өтеді. Спорттық жаттығу спортшының таңдаған спорт түрінде техникалық, физикалық (дене), психикалық және тактикалық (айла-тәсілдік) дайындығының жоғарылауын қамтамасыз етеді. Техникалық дайындық қимыл дағдыларының қалыптасуына және жетілуіне бағытталған, ал физикалық немесе дене дайындығы сапаның (шапшаңдық, күш, төзімділік, ептілік) дамуына әсер етеді.

Спорттық жаттығу ең алдымен әлеуметтік-педагогикалық процесс, оны ұйымдастыруда және жүргізуде ұстаздың, жаттықтырушының оқытушының ролі үлкен. Бұл процестің негізгі объектісі сыртқы ортамен күрделі байланыстағы адам болғандықтан, оның нәтижелілігі қолданылған педагогикалық әдістер мен құралдардың физиологиялық заңдылықтарға, гигиеналық талаптарға, спортпен шұғылданатын адамның денсаулық жағдайына, дене дамуының және дайындығының деңгейіне, жеке ерекшеліктеріне, жасына сәйкестігімен анықталады. Жаттығу тәртібінің және жүктемелердің ұқсас қайталана беруі денсаулықты нығайтуға, қызметтік мүмкіндіктердің өсуіне, жұмыс қабілеті мен жаттыққандың жоғарылауына керісінше әсер етеді және асыра шаршау, әр түрлі сырқаттық жағдайдың пайда болуына әкеледі. Осыдан кейін дене тәрбиесі мен спорттық жаттығу процесінде оны дұрыс басқару мен ұйымдастыруда дәрігердің үлкен роль атқаратындығын аңғаруға болады. Жаттықтырушы мен дәрігердің біріге жұмыс атқаруы оқу-жаттығу процесінің нәтижелі болуының негізі[1,2].

Дәрігер мен жаттықтырушының бірігіп жұмыс атқаруы жаттығудың сауықтыру бағытын және спорттық жетілдіруді қамтамасыз етеді, өз уақытында кемшіліктерді анықтауға және алдын алуға көмектеседі, жаттыққандықтың дұрыс дамуын, оның жарыс кезеңінде ең жоғарғы деңгейге жетуін және қажетті мерзімге дейін бірқалыпты сақталуын қамтамасыз етеді.

Дәрігерлік-ұстаздық бақылау (ДҰБ) дегеніміз дәрігер мен жаттықтырушының немесе (дене тәрбиесі мұғалімінің) бірлесе бақылауы.

Дәрігерлік-ұстаздық бақылаудың дәрігерлік бақылаудан айырмашылығы оның табиғи жағдайларда өткізілуінде: дәрігерлік-ұстаздық бақылау жаттығу сабағының барысында, оқу-жаттығу жиындары мен спорттық сайыс кездерінде жүргізіледі.

Дәрігерлік-ұстаздық бақылаудың негізгі мақсаты—жаттығу барысында қолданылатын жүктемелердің организмге әсерін бағдарлау арқылы машықтану жүйесін баскару, оның тиімділігін арттыру.

Жүктемелердің организмге ықпалын анықтау үшін олардың тікелей, созыңқы (табы) және жинақталған күрделі әсерлері анықталады.

Тікелей әсер деп жүктемелерді орындау барысындағы және олар аяқталғаннан кейін, 20-30 минуттай сақталатын организмдегі өзгерістерді айтады. Созыңқы әсер дегеніміз жаттығу сабағынан кейін 2-4, 6-8, 10-12, 18-20, 24-48 сағат уақыт өткеннен кейін сақталатын өзгерістер. Жинақталған күрделі әсер - жылдық жаттығу жүйесінің белгілі бір кезеңінен кейін байқалатын өзгерістер, яғни бірнеше тікелей және созыңқы әсерлер жинағы.

Дәрігерлік-ұстаздық бақылау қолма-қол (тікелей), күнделікті және мезгілді кезекпен жүргізілетін тексерулер кезінде өткізіледі, сондықтан оның қолма-қол, не тікелей (ТБ), күнделікті (КБ) және кезекті (КБ) түрлері болады.

Қолма-қол тексеру жүктемелердің тікелей әсерін бағалау мақсатымен жүргізіледі. Ол үшін жаттығушы тікелей жаттығу сабағының үстінде, сабақтың әр бөлімінен кейін, немесе кейбір жеке жаттығулардан кейін тсксеріледі. Қолма-қол тексеруді өткізудің басқа да ұйымдастыру түрлері бар: жаттығу сабағының алдында және ол толығымен аяқталған соң 20-30 минуттан кейін, жаттығу күні ертеңгілік, немесе кешкілік мерзімде жүргізуге болады.

Қолма-қол бақылау арқылы көптеген сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік бар. Мысалы, бір сабақта орындалған әр түрлі жаттығулардың өзара үйлесімділігі, жүйелілігі, оларды кайталай орындау сандары мен карқынының тиімділігі;жаттығулар аралығындағы демалыс уақыттарының ұтымдылығы; жүктеме карқынының жаттығу мақсатына сәйкестігі т.б.

Ал жаттығудан кейін 20-30 минуттан соң алынған өзгерістерді сабаққарсаңындағы көрсеткіштермен салыстырса, біртұтас жүктеменің организмге деген жалпы әсерін білуге болады. Күніне 2-3 рет, жаттығатын жағдайларда күнделікті таңертең және кешқұрым тексерсе де болады. Қолма-қол бақылау әрбір жаттығу сабағын ұтымды өткізуге көмектеседі.

Күнделікті бақылау жүктеменің табын созыңқы әсерін бағдарлауға арналған. Ол үшін бақылауды әр түрлі ұйымдастыруға болады: күнделікті таңертең жаттығу сабағының алдында; бірнеше күн қатар ертеңгілік және кешкілік мерзімде; бір-екі шағын топтаманың (микроциклдің) басы мен аяғында; жаттығудан кейін келесі күні, үйқыдан оянысымсн т.б.

Күнделікті бақылау түрлі-түсті бағытты шағын топтамаларды ұтымды үйлестіруге көмектеседі. Оған қоса спортшының калыптасу қабілетін дұрыс бағалап, асыра машықтанудан, зорығудан сақтандыруға жәрдемдеседі. Күнделікті тексеруді оқу-жаттығу жиындары кезінде жүргізген тиімді.

Кезекті бақылау жылдық жаттығу айналмасының белгілі бір кезеңінің күрделі әсерін бағалап, жаттығу жүйесін тиімді өткізугс, оны дұрыс жоспарлап, басқаруға көмектеседі.

Кезекті бақылау кезіндегі дәрігердің міндеті - организмнің, оның әр спорт түрінде маңызды жүйелерінің мүмкіндігін, жұмыс қабілетін анықтау. Жаттықтырушының міндеті - машықтану дәрежесін бағалау.

Кезекті тексеруге басқа мамандарды да (психолог, биохимик, физиолог және т.б.) катыстыруға болады.

Кезекті бақылаулар әрбір 2-3 айдан кейін өткізіледі. Тексеру карсаңында жаттығуға кандай да болмасын жүктеме орындауға болмайды. Тексеру таңертеңгілік уақытта, жеңіл тамақтан кейін 1,5-2 сағат өткен соң басталуға тиісті.

Сауыктыру дене тәрбиесі саласында кезекті бақылауды, мысалы, К.Купер ұсынған 6 апталық дайындық жоспарын аяқтаған соң жүргізсе болады[3].

Жаттығу жүйесінің қай саласында болсын дәрігерлік-ұстаздық бақылаудың жоғарыда сипатталған үш ұйымдастыру түрі қолданылады. Оларға қоса жоғары дәрежелі спортшыларды жан-жақты бақылау барысында тереңдетілген құрамдас тексеру (ТҚТ), кезекті құрамдас тексеру (КҚТ) және сайысқа дайындықты бағалау (СДБ) деп аталатын тексерулер жүргізіледі.

Тереңдетілген құрамдас тексеру жылына 2 рет дайындык кезеңінің басында жөне спорттық сайыстарға шамамен 1,5-2 ай қалған кезде өткізіледі., Оның мақсаты - спортшының денсаулығын, қызметтік мүмкіндігін, арнайы жұмыс кабілетін жан-жақты толық бағалау.

Кезекті құрамдас тексеру жылдық жаттығу айналымының негізгі кесзендерінде, жылына 3-4 рет жүргізілсді. Ол үшін арнайы жүктемелер қолданылады. Алынған мәліметтерге сүйене отырып, жаттығу барысына ұтымды өзгерістер енгізіледі.

Спорттық сайысқа дайындығын тексеру арқылы спортшының негізгі жарыс қарсаңында спортық бабының қажетті деңгейіне жетуі камтамасыз етіледі.

Жалпы сауықтыру дене тәрбиесі жүйесінде, көбінесе қолма-қол, күнделікті жөне кезекті тексерулер жүргізілсе жеткілікті.

Дене тәрбиесі мен спорттық машықтану жүйесінің тиімділігін арттырып, ұтымды басқару үшін әр жаттығушының өзін-өзі бақылауының маңызы өте зор. Өзін-өзі бақылау күнделігіндегі мәліметтерді сауатты талдай білу — дәрігер мен жаттықтырушының (дене тәрбиесі мұғалімінің) басты міндетінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Мұстафина Т.Қ. Спорттық медицина. Оқу құралы. –Алматы, 1993. –65 б.

2 Мұстафина Т.Қ., Дунаева З.Қ. Спорттық медицина. (спорттық аурулар мен жарақаттар). -Алматы, 1994. –65 б.

3 Спортивная медицина. Учебник для студентов институтов физической культуры. Под ред. Дембо А.Г. –Москва. Физкультура и спорт, 1975. – 365 с.

4 Спортивная медицина. Учебник для институтов физической культуры. Под ред. В.Л. Карпмана. – Москва. Физкультура и спорт. 1980. –349 с.

5 Спортивная медицина. Учебник для институтов физической культуры. Под ред. В.Л. Карпмана. – Москва. Физкультура и спорт. 1987. –304 с.

6 Волков В.Н. Клиническая оценка утомления во врачебно-спортивной практике. -Челябинск; Южно-Уральское кн.изд-во, 1973. -208 с.

7 Волков В.Н., Филин В.П. Спортивный отбор. –Москва. «Физкультура и спорт», 1983.

8 Спортивная медицина. Под редакцией А.В.Чоговадзе, Л.А.Бутченко. –М.: Медицина, 1984. -384с.

9 Мустафина Т.К., Амангельдиева Р.Р., Дунаева З.К., Жумабекова Л.А. Врачебно-педагогические наблюдения при занятиях физической культурой и спортом. Учебное пособие на русско-казахском языке.– Алма-Ата, 1990. –75 с.

ӘОЖ 796.09

Абдукаримов Баймурат Үсенович
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы

Ибраев Абилкасим Зейдинович
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МЕН СПОРТТЫҢ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін: *Студенттердің салауатты өмір салтының негіздері мен дене жаттығуларын пайдалану гигиенасы, студенттердің дене шынықтыру-сауықтыру қызметін ұйымдастыру және студенттердің қозғалыс белсенділігі мен жұмыс қабілетінің режимі туралы зерттеу нәтижелері қарастырылған.*

Кілтті сөздер: *адам физиологиясы, спорттық физиология, спорттық медицина, спорттық педагогика және психология, дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесі.*

Резюме: *Рассмотрены результаты изучения студентов по основам здравоохранения и гигиене физических упражнений, организации физической культуры и рекреационной деятельности студентов, а также способам передвижения и деятельности студентов.*

Ключевые слова: *физиология человека, спортивная физиология, спортивная медицина, спортивная педагогика и психология, преподавание и методы физической культуры.*

Summary: *The results of studying students on the basics of health and hygiene of physical exercises, organization of physical culture and recreational activities of students, as well as ways of movement and activities of students are considered.*

Key words: *human physiology, sports physiology, sports medicine, sports pedagogy and psychology, teaching and methods of physical culture.*

Дене тәрбиесі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан - жақты дамуын дене тәрбиесінсіз елестету мүмкін емес . Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз.

Біздің елімізде кәсіподақтардың бірыңғай ерікті дене шынықтыру- спорт қоғамдары құрылған. Оның негізгі міндеттерінің бірі балалар мен жеткіншектердің арасында дене шынықтыру – сауықтыру және спорт жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады, өйткені дене тәрбиесінің негізі балалық және жеткіншектік жаста қаланады.Тек қана осы кезеңде дене жаттығуларымен айналысу кажеттілігі қалыптасады, дағдылар мен іскерліктер жинақталады, спортқа қызығушылық калыптасады.

Дене жаттығулары, сылап-сипау, козғалыс және спорттық ойындар, жүру, жүгіру шынығу, дене еңбегі дене тәрбиесінің құралдары болып табылады .

Айтылған құралдар өсіп келе жатқан ағза үшін маңызды сауықтыру мәнге ие. Бұл біріншіден, дене жаттығуларының арқасында қоршаған ортаның жағымсыз факторлары мен жұқпалы ауруларға ағзаның қарсылығы артатындығымен түсіндіріледі. Басқа сөзбен айтқанда, денесі мықты және шыныққан адам сирек ауырады. Екіншіден, өсу мен даму процесі ынталандырылады, жылуды реттеу реакциясы жетілдіріледі, яғни салқыннан болатын сырқаттануға қарсылық артады. Үшіншіден, ақыл-ой және дене қабілеттерінің артуына себепкер болатын шыдамдылық, күш, жылдамдық пен икемділік секілді қасиеттер дамиды. Ақырында, дене жаттығуларымен айналысу жағымды эмоционалды жағдайды туғызады, сергектік пен сенімділік қолдайды[1].

Дене тәрбиесімен шұғылдану кезінде жас, жыныс, ағзаның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінің есепке алынуы керектігі есте болғаны жөн. Басты талаптардың бірі – дене тәрбиесімен спортпен айналысу тәртібін сақтау, яғни олардың жүйелілігін, жүктемелердің біртіндеп арттырылуын, сабақ өтілетіндей жағымды жағдайларды әр түрлі құралдар мен формаларды кешенді түрде пайдалану.

Қозғалыс дегеніміз - өмір деген қанатты сөз бар. Шындығында қозғалыс – ағзаның биологиялық қажеттілігі. Күнделікті өмірде адам ең әр түрлі қозғалыстарды жасайды, олардың жиынтық көлемі қозғалыс белсенділігі деп аталады. Жүру кезінде жасалатын адамның саны мен жұмыс көлемінен көрінетін тәуліктік қозғалыс белсенділігі жас өскен сайын артатындығын зерттеулер көрсетіп отыр , әрі бұл көрсеткіштер ер балалар мен қыз балаларда бірдей болмайды. Яғни, 14-15 жастағы қыз балалардың тәуліктік адымының тәрбиесі және спортпен айналысудың нормасы мен режимі ғылыми тұрғыдан негізделген. 15-17 жастағы жасөспірімдердің тәуліктік

қозғалыс белсенділігі 25-30 мыңды құрауы мүмкін, ал 15-17 жастағы қыз балаларда жүру мен жүгіру еңбек пен спорттық қызмет барысында орындалатын өзге қозғалыстармен алмастырылуы мүмкін[2].

Қалыптасқан өмір салты, еңбек ету мен дене тәрбиесінің жүйесі балалар мен жеткіншектердің күнделікті қозғалыс белсенділігін өзгертуі, не төмендетуі, не оны арттыруы мүмкін. Кіші жастағы балаларда тәуліктік қозғалыс белсенділігі көп жағдайда тұқым қуалаушылық негізде қалыптасатын, биологиялық себептермен реттеледі .Үлкен жастағы балаларда әсіресе жеткіншектерде, ол әлеуметтік жағдайлардың әсерімен қоғамдық тәрбие беру барысында жекелей қалыптасады.

Қозғалыс белсенділігінің де өлшемі бар. Тәуліктік қозғалыс белсенділігінің сандық сипаттамасына ие бола отырып, оның ағзаға әсер етуі туралы алдын ала айтуға болады. Тәуліктік қозғалыс белсенділігінің ең төменгі қажетті және мүмкін болатын жоғары деңгейі гигиеналық норманың шектері болады; ол бұзылса сауықтыру тиімділігі болмайды және ағза жағдайында жағымсыз өзгерістер дамуы мүмкін. Қозғалыстың жетіспеуін «гипокинезия» («гиподинамия») атауы, ал бұл ретте туындайтын ағзадағы көп жақты ауытқушылықтар гипокинезия жағдайын білдіреді.Шектен тыс қозғалыс белсенділігін «гиперкинезия» атауы білдіреді.

Сөйтіп, қозғалыс белсенділігі адам қызметінің таптырмайтын факторы бола отырып, тек оңтайлы көлемде және қолайлы күн режимінде ғана өсіп келе жатқан организмге сауықтыру әсерін тигізеді.

Дене тәрбиесі мен спорттың барлық құралдары мен түрлерін дұрыс пайдалану арқылы ғана оңтайлы қозғалыс белсенділігіне жетуге болады. Мектепке дейінгі мекемелердегі, мектептердегі және КМТ- дегі оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларымен қарастырылған дене дайындығының міндетті түрлері және үйде дербес шұғылдану әрбір оқушыға қолайлы.

Қозғалыс белсенділігіне жеткіншектерде тұракты қажеттілікті қалыптастыруда спорттың рөлі зор. Алайда, шама жетпейтіндей спорттық жүктемелер бала ағзасында жағымсыз өзгерістерді туындатуы мүмкін. Дәрігерлік дене шынықтыру диспансерлерінің көптеген мамандары жас спортшылар денсаулығын қорғайтындықтан мұндай құбылыстар сирек болса да кездесетіндігін білген жөн.

Балалық жаста спорттың кез келген түрімен айналыса беруге болмайды. ҚР Білім, денсаулық және спорт министрлігінің дене тәрбиесімен спорт комитеті бекіткен, жеке спорт түрлері бойынша оқу- жаттығу топтарына балалар мен жеткіншектерді қабылдау үшін жас шектері бар.

Тәуліктік қозғалыс белсенділігінің ұсынылып отырған көлемі сергектің (ұйықтамаған уақыттың) барлық кезеңіне бірқалыпты бөлінуі керек; ағзаның тәуліктік ырғағына сәйкес қозғалыстың көп бөлігін 9-12 және 15-18 сағаттардың арасында орындау керек.

Таңертеңгілік гигиеналық гимнастика - бұл барлығы 7-10 минутты алатын, бірақ әдетте жетпейтін, оқу күнін белсенді түрде бастауға студенттердің ағзасын дайындауға көмектесетін дене жаттығуларының аз ғана кешені.

Көптеген студенттер таңертеңгілік сабақтың басталуына кешігеді және біздің көптеген зерттеулеріміз көрсеткендей студенттер алғашқы лекцияның екінші сағатында ғана белсенді акыл-ой қызметіне кірісуге қабілетті.

Таңертеңгілік гимнастика немесе дене жаттығуларының өзге де түрлерімен айналысатын студенттер кейбір артықшылықтарға ие: біріншіден, оларда уақытылы тұру стереотипі қалыптасады да, олар кешікпейді; екіншіден, сабақ процесінің бірінші минутінен бастап акыл-ой қызметіне зейін аударуға қабілетті, үшіншіден, олар көп шаршай қоймайды; төртіншіден дене қасиеттерін, әсіресе таңертеңгілік сағаттарда өзіне ерекше зейін аударуды талап ететін иілгінгтікті сақтай алады.

Таңертеңгілік гигиеналық гимнастиканың үлгі кешені:

-Санды шамалы ғана көтеріп орнында жүру.

-Б.Қ — н.т., қолды жоғары көтеру - дем алу, кеудені еңкейту мен қолдарды темен түсіру - дем шығару.

-Б.Қ — н.т., қолдарды белде ұстап, кеудені оңға, солға еңкейту.

-Б.Қ—н.т., 1 - қолды алға созып, толық отыру, 2- Б.Қ.

-таянып жатқан қалыптан қолды бүгіп, жазу (жасөспірімдер үшін), қыздар үшін — кеудені көтеру және төмен түсіру.

-Б.Қ — н.т., қолдар белде, 1-сол аяқты артқа қарай сілтеу, шалқаю - дем алу, 2- Б.Қ. демді шығару, 3-4-оң аяқпен де осылай жасау.

-Б.Қ — қолдарды артқа таянып отыру, 1-3-тура ұсталған аяқтарды өзіне қарай баяу көтеру, 4- Б.Қ. келу. Тыныс алуды кідірту, кеудені артқа шалқайту қажет.

-Сол және оң аяқпен алма-кезек секіру.

-Орнында баяу жүгіру және жүру.

-Қолдар мен иық белдеуі еттерін босаңсытуға арналған жаттығуларды жасай 4 есебінде баяу дем алу, тағы 4 есебінде демді баяу шығару.

Осындай жаттығулар кешенін орындау үшін, орындалатын жаттығулардың қайталануына байланысты 5-7 минут қажет болады. Мүмкіндігінше таңертеңгілік гигиеналық гимнастика су процедураларымен аяқталған жөн. Бұл әсіресе қоршаған орта температурасының ауытқушылығы мен ылғалдың өзгеруін химиялық қоспалар мен ауасы ластанған кәсіпорындарда өндірістік практика өткізетін студенттер ағзасын шынықтыру үшін қажет.

Бұдан басқа зертханалық (лабораториялық) жұмыстарды атқарғанда студенттер аппаратураның жанында ұзақ уақыт бойы еңкейген қалыпта тұрады, бұл жағдайда қарынның бұлшық еттері босаңсыған қалыпта болады да, мұның өзі іш куысы мүшелерінің қызметін төмендетеді. Таңертеңгілік гигиеналық гимнастиканың кешендерін және жаттығудың өзге де түрлерін орындаған осындай реттерде іш пен арқа еттерін нығайтуға зейін аударылуы тиіс. Негізінде, таңертеңгілік гигиеналық гимнастика жалпы дамытатын жаттығулардан құралғаны жөн.

Дене жаттығуларының таңертеңгілік кешенін таза ауада өткізу қажет және көп жағдайда иық белдеуі мен кеуде еттерін жұмысқа қоса отырып, жалпы дамытатын жаттығуларды жүріспен үйлестіру керек. 3-5 минуттік жүрістен кейін ұзақтығын 2-ден 10 минутке дейін біртіндеп өсіре баяу жүріске ауысуға болады, кейін жүріске көшу қажет. Кешеннің аяғында еттің түрліше топтары, оның ішінде тыныс алу мүшелері үшін бірнеше жаттығуларды орындау керек. Таңертеңгілік кешеннің жалпы ұзақтығы 10-20 минут, бос уақыт болса баяу жүгірістің есебінен арттыруға да болады.

Студенттердің таңертеңгілік дене жаттығулары кешенін, әсіресе жатақхана жағдайында міндетті, ұйымдасқан түрде өткізу бірнеше міндеттерді шешеді:

а) таңертеңгілік сабақтарға студенттердің қатысуын жақсартады;

ә) алдағы болатын ақыл-ой қызметіне студенттердің ағзасын дайындау;

б) студенттердің денсаулық жағдайын, дене дамуы мен дайындығын жақсарту;

в) тәртіпті, еңбексүйгіштікті, ерікті, табандылықты тәрбиелеу;

г) белгіленген күн тәртібін орындаудағы қиындықтарды жеңе білу біліктілігі (уақытылы ұйқыдан ояну, жаттығу кешенін кез-келген ауа райы жағдайында орындау).

1. Жалпы дамытатын жаттығулармен үйлестірілген баяу жүріс:

а) әрбір адамда қолды артқа барынша шығарып жүруі;

ә) 4 есепке қолды алға және алға айналдыру;

б) алға жасалған әрбір қадамда денені аяққа еңкейтіп, қолдарды жерге тигізу (аяқпен мүмкіндігінше тіке ұстау);

в) Б.Қ. - қолдарды жоғары көтеру, алға қойылған аяққа қарай кеудені еңкейту;

г) Б.Қ. - қолдар алға созылған, санды жоғары көтеріп жүру;

2. жедел жүру.

3.5-10 минут және одан да көбірек баяу жүгіру, жүріске ауысу.

4. Жалпы дамытатын және тыныс алу жаттығулары;

а) Б.Қ. - н.т.,

1- сол аяқты алға аттап басу, қолдарды жоғары -артқа қарай жатқып көтеру, 12- Б.Қ.

3-4 - оң аяқпен де осылай жасау.

ә) Б.Қ. - н.т., аяқтардың арасы иық кеңдігіндей, қолдар белде, 1-кеудені оңға бұру,

2-) Б.Қ., 3-4 - солға бұру.

б) Б.Қ.-н.т.,1-отыру, 2- Б.Қ.

в) 4-есепте баяу дем шығару, кеудені алға еңкейту, қолдар босаң аталады.

Дене жаттығуларымен таңертеңгілік арнайы жаттығу

Ол төмендегідей арнайы міндеттерді шешуге арналған:

а) аурудың сипатын есептей отырып, арнайы оқу бөлімі студенттерінің денсаулық жағдайындағы ауытқушылық пен дененің кемістіктерін жою;

ә) негізгі оқу бөлімі студенттерінің дене дайындығының деңгейін арттыру;

б) функционалдық мүмкіндіктері мен таңдап алған спорт түрлерінде дене қасиеттерін жетілдіру;

Сабақтың әдістері мен құралдары дене тәрбиесінің жетекші оқытушысы және таңдап алған спорт түрі бойынша жаттықтырушымен кеңескеннен кейін анықталады. Спорттағы қазіргі кезеңдегі жетістіктерге келер болсақ, олар күніне екі оқу-жаттығу сабағын талап етеді, мұның өзі дене шынықтыру сабағы жоқ жоғары оқу орындары үшін мүмкін емес. Тандап алынған дене

жаттығуларымен таңертеңгілік арнайы шұғылдану спорттық жаттығудың жеке дара және қажетті белгісі болып табылады.

Оқу процесінде міндетті түрде ақыл-ой қызметін дене жаттығуларымен үйлестіріп отыру қажет. Ол ақыл-ой қызметінен көңілді аударып қана қоймай, сондай-ақ бірнеше сағат бойы қозғалыссыз жағдайда болған ағзаның тіршілік қызметінің артуына көмектесуі керек. Ұзақ уақыт бойғы ақыл-ойдың күйзелісі мен козғалыстың болмауы тыныс алу мен қан айналысы қызметтерінің жағымсыз жакка өзгеруіне, қанға оттегінің аз баруына әкеп соғуы мүмкін. Мұның өзі бас миының жұмыс істеуін төмендетеді және бастың ауруы мен бас айналуы сияқты жағымсыз қубылыстардың көрініс беруіне себепші болады. Көп сағаттық ақыл-ой қызметі, әдетте, көру анализаторларының белсенді қатысуымен қатар жүреді де, мұның өзі қатты күйзеліс пен көрудің төмендеуіне әкеп соғады. Бұдан құғылу үшін және студенттердің оқу процесінде жоғары жұмыс қабілеттілігін сақгау үшін дене шынықтыру үзілісін кеңінен енгізу қажет, ал оның мазмұлы еңбектің сипатымен, оқу курстарындағы аудиториялар мен дәліздердің көлемімен анықталады. Дене шынықгыру үзілістері кешендерінің жаттығу жағдайы мен сипатын есептей отырып, біз бәрінен бұрын тыныс алу және жүрек-қан тамырлары жүйесінің сондай-ақ жұмысқа кдтыспаған түрлі ет топтарының қызметін белсенді етуге көмектесетін жаттығуларды ұсынамыз. Тұлға қозғалысының жетіспеуі, зат алмасуылың бұзылуы, қан айналысы қарқындылығының төмендеуі нәтижесінде нерв және ет талшықтарының клеткалары оттегі мен коректік заттардың аз көлемін қабылдайды. Студенттерде шаршаудың туындауына аз қозғалыс белсенділігі мен ақыл-ойдың күйзелісі ғана емес, сондай-ақ әртүрлі дәрежеде ет топтары күйзеліс пен босаңсуға тап болатын еріксіз түрдегі (мәжбүр болған) жасыс істеу қалпы да себепкер болады. Сондықтан да біз жұмыс қалпын сақтаудағы статикалық күйзелісті жағдайдағы, сондай-ақ негізгі жұмыс операциялары мен тәсілдерін орындаудағы қозғалыстарда болатын, тұлғаның жақсаруы мен еттердің босаңсуына арналған жаттығуларға ерекше мән береміз. Дене шынықтыру үзілісін өткізу команда берумен және тікелей зертхана немесе аудитория жағдайында, сондай-ақ таза ауада теледидар радио арқылы қоғамдық нұсқаушының көрсетуі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Таза ауада өткізілетін дене шынықтыру үзілісін ең тиімді деп есептеу керек. Ол үлкен дәрежеде студенттер ағзасы мен нерв-ет аппаратарының нығаюына, жалпы және ақыл-ойдың шаршауын түсіруге себепші болады. Таза ауада студенттердің кәсіби қызметін есептей отырып, үлкен тербеліспен және мөлшерлеумен түрлі дене жаттығуларын өткізу мүмкіндігі пайда болады. Одан басқа таза ауадағы қозғалыс шаршауды түсіруге және студенттер ағзасының маңызды функцияларының жұлмыс қабілеттілігін арттыруға едәуір жылдам көмектеседі. Таза ауада түрліше дене жаттығуларын орындау қосымша уақыт пен жағымды ауа райын талап етеді, бұдан басқа аппараттарды пайдаланып жұмыс жасайтын студенттер мен ғылыми қызметкерлер барлық уақытта бірдей дене шынықтыру үзілісін өткізу үшін белгіленген уақытта жұмыс орнын тастап кете алмайды. Осыған байланысты оны таза ауада да, сондай-ақ бөлме жағдайында, тікелей жұмыс орнында ұйымдастыруды да қарастыру қажет.

Әсер етуі өте әлсіздігімен сипатталатын дене жаттығуларылың өзі, бәрінен бұрын тылыс алу және жүрек-қан тамырлары жүйесіне өзінің әсерін тигізеді. Бұған қарамастан, студент жастардың едәуір бөлігінде ағзаның тек осы функциялары жеткіліксіз дайындықта болып отыр, тіші 17 -20 жас аралығында нормадан ауытқушылық байқалуда. Осылардың барлығы мектепке дейінгі және мектеп жасында қозғалыстың жетіспегендігінен деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Шамасы, бұл жоғарғы оқу орнына түсетін жастардың 20-25 %-нің денсаулық жағдайында ауытқушылығы бар екендігін және дәрігерлік тексеру қорытындысының мәліметтері бойынша арнайы дәрігерлік топка тексерілетіндігін анықтайтын бір себебі болса керек. Сырқаттанудың негізгі пайызы жүрек-қан тамырлары және тыныс алу жүйелеріне жатады. Көптеген жастардың денесінің дамуы мен дене дайындығы өте төменгі деңгейде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Жалғасбек Т. «Спорт –салауатты өмір салтының кепілі» Спорт, 2001.*
2. *В.А.Бальсевич., В.А.Запорожанов. Адамның дене белсенділігі. Киев, 1987.*
3. *М.Я.Виленский., В.И.Ильинич. Ақыл-ой жұмысы қызметкерлерінің дене тәрбиесі / М: Знание, 1987*
4. *М.Ф.Гриненко., Г.Г.Санаян. Еңбек, денсаулық, деңе тәрбиесі, М.:Фис, 1974*
5. *В.И.Ильинич. Студенттер спорты және тіршілік. М: 1995*

ӘОЖ: 37.091.39

Кулетова Ұлбосын Ахметқызы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Өнер факультеті,
«Орындаушылық өнер» кафедрасының аға оқытушысы, dene-tardiesi@mail.ru

ЖОО СТУДЕНТТЕРДІ САХНА ШЕБЕРЛІГІНЕ БАУЛУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Түйін: *Бұл мақалада сахна тілі сабағында сөйлеу техникасымен жұмыс жасау әдістемесінің негізгі бағыттары, сөйлеу технологиясының өзара байланысы мен оларды орындау жүйелілігі қарастырылған. Актердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, тілдің орфоэпиялық ережелері, логикалық және психологиялық кідірісті сақтауы және көрермен алдында сөйлеу тәсілдері зерттеледі. Сонымен қатар, сөйлеу шеберлігімен жұмыс жүргізуде тілдік тәсілдерді, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды, орфоэпиялық заңдылықтарды сақтаумен қатар, логикалық сауаттылықты да талап етеді. Сахнада әрбір сөйленген сөз жүйелі, анық, түсінікті болуы тиіс. Тіл мен сөз бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан да, актердің шығармашылық тұлғасын кәсіби дайындауда жалпы сөйлеу кезінде және жеке орындауда оның жеке мүмкіндіктерін кеңейтпей жұмыс жүргізу мүмкін емес. Сонымен қатар, болашақ драма актерінің кәсіби сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына бағытталған белсенді оқыту шаралары қысқаша сипатталған.*

Кілтті сөздер: *актер, сөз, екпін, кідіріс, интонация, мәтін, орфоэпия, сөйлеу мәдениеті, сахна тілі.*

Резюме: *В этой статье рассмотрены основные направления методики работы над техникой речи на уроках сценическая речь, показана взаимосвязь составляющих техники речи и последовательности их выполнения. Исследуются пути формирования речевых навык актера, орфоэпические нормы языка, удержание логической и психологической паузы и способы исполнения речи перед аудиторией. А также, работа над речевым мастерством требует фонетический подход к использованию языка, морфологических, синтаксических, стилистических явлений, соблюдение орфоэпических норм и логическую грамотность. Каждое слово на сцене должно быть систематичным, ясным, понятным. Язык и слова тесно связаны друг с другом. Поэтому профессиональная подготовка творческой личности актера неосуществима без расширения его индивидуальных возможностей в области речи вообще и произношения в частности. Дано краткое описание реализации опытного обучения, направленного на формирование профессиональной культуры речи будущего драматического актера.*

Ключевые слова: *Актер, речь, ударения, пауза, интонация, текст, орфоэпия, культура речи, сценическая речь.*

Summary: *In this article the basic directions of work on the technique of speech technology in the classroom stage speech, shows the relationship of speech technology components and the sequence of their execution. Investigate ways of formation of speech skills actor pronouncing rules of language, holding a logical and psychological pause and ways of speech performance before an audience. Also, work on speech skills requires a phonetic approach to the use of language, morphological, syntactic, stylistic effects, compliance with rules and logic orthoepic literacy. Each word in the scene must be systematic, clear, understandable. Language and words are closely related to each other. Therefore, the professional training of the creative personality of the actor is not feasible without the extension of its individual features in the field of speech in general, and in particular pronunciation. A brief description of the implementation of pilot training, aimed at the formation of professional culture of the future speech dramatic actor.*

Keywords: *Actor, speech, accent, pauses, intonation, text, orthoepy, culture of speech, stage speech.*

Қазақ сөз өнеріне аса жетік, сөздің қадір – қасиетіне мән берген халық дейміз. Сөз – мәтіннің сыртқы көрінісі. Мәтінмен жұмыс барысында негізгі сөздерді анықтап, үзілістер жасап, логикалық талдаудың негізін, пунктуациялық белгілердің не үшін қойылғанын анықтаған жөн. Сонда мәтіннің мазмұнын оңай анықтап, қандай міндеттерді атқару керектігін түсінуге болады. Сахнада бір сөзді жібермей, өз мәнімен сөйлеп, әр қозғалыс-қимылын есеппен дәл пайдалану өте шеберлікті қажет етеді. Сахналық образды толық ашатын негізгі құрал – сөзге өте ұқыпты қарау. Сөздің анықтығы, дауыстың мінсіздігі, тілдің тазалығы актер үшін ең қажетті шарт. Актер ең алдымен, автордың тіл ерекшелігін, көркемдігін нақтылы мағынада, образды қалпында жеткізіп, үстемелеп, қайталап келетін сөйлем орамдарынан туатын интонация күйлерін дәл тауып, аузынан шыққан әрбір сөз ішкі ойды қопара, өзімен бірге ақтара ала шығу керек. Сөз сөйлеу мәнеріндегі талғампаздық пен таптауырындылыққа ұрынбау шарт. Дауыстап, мәтінді мәнерлеп оқудағы маңызды құралдың бірі– «қисынды кідіріс» пен «қисынды екпін». Бұл жерде екпін мен кідірістің түрлеріне көңіл бөліп, оның шарттарымен танысу қажет. Сонымен қатар «Төл сөзбен жұмыс» және мәтінмен жұмыс істеу сөз маржанын саралап айтуға үйретеді. Бір сөз екінші сөзге жарығын түсіріп, ой мен сезімге дәл тиіп жатуы керек. Сахна тілінің ең алғашқы қызметі сөйлеу шеберлігін арттыру, атап айтқанда: дикция, тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызшы сөйлеудегі логикалық-интонациялық заңдылықтарды сақтау[1]. Әр сөзге ажар беріп, оның мағынасын толықтыратын ең қарапайым тәсіл–интонация. Профессор Г.Әзімжанова: «Интонация мәтінде де үлкен рөл атқарады: Әр түрлі стиль мен жанр түрлерін әр түрлі ыңғайда безендіреді, мәтінді әр түрлі мағыналық бөлшектерге бөледі, тыңдаушыға эмоционалды – эстетикалық әсер ете алады, фраза аралық байланысты қамтамасыз етеді» деп пайымдаған[2]. Әңгімені бірден жаттап алмай, оны бірнеше бөлікке бөлу керек. Әрбір сөздің анықтығын, сөйлемнің мақсатын, ойын тиянақтап жинақтап, интонациясын дәл табуына әкеледі.

Ізденуші актер әр сөз бен сөйлем мағынасындағы ұлан-ғайыр өзгерулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылу мен құлпыруды дәл аңғара білуі қажет. Сахнадан оқылатын шығарма, ол мейлі өлең болсын, қара сөз болсын, мәтінмен нақты, толық жұмыс істелуі қажет. Мәтінмен жұмыс

жүргізу барысында орфоэпиялық және логикалық сауаттылықты талап етеді. Мәтіннің ішкі сыртқы қырларын жетік меңгерген актер ондағы дыбыстарды ойнату арқылы бейне жасап, әрі төгіліп тұрған сөз сазынан тыңдаушыға әдемі де, әсерлі ой қалдырады.

Білімгерлердің ой ұшқырлығын, тіл шеберлігін, ішкі ой астары және көркемдігін қалыптастыруда сахна тілі көп әсерін тигізеді. Әріптен бастап, анық сөзге, мағыналы сөйлемге, мәнерлі мәтін мен көркем бейнеге дейін жетелейді. Сонымен қатар сөздің құдіреті қазақ жұртына бағалы қазына. Шешендік өнердің мәдениетін жетілдірмейінше, студенттердің ой снасы мен көзқарасы қалыптасады. Дегенмен де таза сөйлеу дегеніміз ол ойдың жүйесін білдіреді. «Жүйесіз сөз иесін табар» - деп, оң ойлап, таза сөйлеп айтудың шешендік өнер екенін болашақ ұрпақтың санасына құюда үлкен мағналы ой жатыр[3]. Болашақ өнер иесі қандай уақытта және қалай сөзді жеткізуді оның астарының мағнасын сезіну мен қатар мазмұнын аша білу керек. Себебі сөздің мазмұны өте мағналы болып келеді. «Әрбір әдемі ойдың мағнасы мазмұнды, сонымен қатар сөздің мағнасын жеткізуді және қалай түсіндірудің жолдарын қарастыру қажет» дейді Гете. Сөз мазмұнының жеткізе білудің өзі үлкен өнер мен шешендікті қажет етеді. Кейде, «ойдағы сөздің айтылу мағнасы тыңдаушыға жеткізу барысында басқаша ойдың туындайтыны айдан анық»- деген Абайдың сөздері кері ұғым береді. Айтатын ойды толық өз деңгейінде жеткізілмеген сөз – бос сөз. Іштей толықсып сыртқа шығаратын сөздеріңді жетілдіріп тыңдаушыңның санасына жеткізе айту, оны түсіндіру, өз шеберлігінің артақсында өткізе білу мәтіннің мағнасын толыққанды аша білгеннің. «Қазақ халқының тілі бай, әрі көркем тіл. Сан алуан көрікті де, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер мен нақыл сөздер халық тілінде көркемдеп бейнелеуші, өрнектеп мәнерлеуші тәсілдер де сонда..»[4], -деп белгілі ғалым М.С.Серғалиев дөп басып айтқан. Сөзді әдемі айта білу бар да, мазмұнды сөйлеу және халыққа оны мән-мағынасын ашып айта білу керек. Қазақ тіліндегі дауысты және дауызсыз дабыстардың айтылуы мен жеткізе білуі мен қатар, өзгеріске ұшырайтын дыбыстардың ережесіне сәйкес мән беру арқылы және студенттердің ойлау қабілеті арқылы керек сөздерді өз уақытында пайдалана білу логикалық ойменен оқиға барысын талдай алатын зеректілік қажет. Оқу үдерісінің алғашқы жылдарында шешендік өнер мен жұмыс жүргізу өте қажеттілікті керек етеді.

Тілмен жаттығулар жасау арқылы әрбір сөздің мазмұны мен мағнасын аша білу студенттің сөздің мағнасына үлкен мән бере қарайды талап етеді. Тіл мен сөз бір-бірімен нақты жүйелі байланысты болғанымен, бір мазмұнды білдірмейді. Тілді – әрқашан да ойды жеткізуде толыққанды пайдалануға болады, сонымен қатар адамдармен әнгімелесу барысында дамиды. Тіл мәдениетіне тән ережелер білімгерлердің анық сөйлеуіне, жазбаша тілде сөйлеуге, аралыс сөздерді пайдаланбауға, сөйлеу мәнерінің жатықтығы, естіген адамға әсер беретіндей және түсінікті жеткізуді қажет етеді. Сөзді мәнерлеп айтуды, сөз жүйесін өз ойымен байланыстырып, нақты тыңдаушысына жеткізу дағдыларына жаттығуды талап етеді. Студент болып жатқын оқиғаны көрушіге жеткізуде әңгімелеу арқылы емес, өз ойы мен және жүйелі сөз арқылы айтылады. Тілдің мәнерлеп сөйлеуде орны мен мағнасын таза сөйлеу арқылы емес сөз сөйлеудегі өнерді және олардың әдіс тәсілдері мен жеткізу мен қатар фонетикалық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік ерекшеліктерді дұрыс қолдану дағдысын меңгеру керек[5].

Тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу тіл мәдениетінің басты талаптары болып табылады. А. Жапбаров тіл мәдениетінің жоғары болуына мынадай талаптар кояды:

- сөздің жүйелі, анық, түсінікті болуы;
- сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай дұрыс құрылуы;
- сөздердің қажет еткенде бейнелі, көркем, эмоциялы болуы;
- сөздердің тыңдаушы немесе ортаның қажеттілігіне сай болуы[6].

Сөз – студент үшін тек үн емес, бейнені тудырушы. Сондықтан мәтінмен жұмыс жасаудың екінші міндеті – пунктуациялық талдау. Демек, тыныс белгілерімен жұмыс жүргізу. Тыныс белгілері автордың сол кездегі көңіл күйін, айтайын деген астарлы ойын жеткізеді. Тыныс белгілерінің шарттары мен атқаратын қызметін толық білу шарт. Мәтінді талдау тәсілінің басты мақсаты сөз астарын ашу. Студент үшін негізгі міндет, біріншіден, сөз мағнасын ашу, екіншіден сөздің мазмұнын ашу арқылы сахнаның ережесі бойынша дауыс дыбыстары, қозғалыстағы қимыл арқылы, бет әлпетін өзгерту, сөз, сахна әрекеті арқылы сыртқы келбетін шығару. Сахнада бір сөзді жібермей, өз мәнімен сөйлеп, әр қозғалыс – қимылын есеппен дәл пайдалану өте шеберлікті керек етеді. Қазіргі қазақ сахнасында әрбір ролдің сөзін көрермен қауымға өз деңгейінде жеткізу үшін, кәсіпқой актерлерге астарын түсінген мәтін сөзі мен күшті әрі айшықты тіл, әдемі үннің бояуы, нық дикция қажет. Сөз бен тіл техникасының байланысы сөйлеудің көптеген қырларын түсіну үшін аса маңызды. Драмалық шығарманы көрерменге бейнелі, анық және әсерлі етіп жеткізу үшін, сахна тілінің арнайы

жаттығуларымен ұзақ жұмыс істеуге тура келеді. Тіл мен сөздің бір-бірімен байланысын ғана алмай, олардың сөз қызметі, мәтін, мәтін мазмұнымен өзара байланысын да қарастырған жөн. Ойлы, қисынды пікірін көркем де шұрайлы тілмен, сезімталдықпен жеткізе білу өнер, баға жетпес шешендік шеберлік саналған. Мәтінді талдап, саралау үшін көптеген иірімдерді талдап өту қажет. Сөз астары, пунктуациялық белгілер, екпін, кідіріс, мәтіннің шарықтау шегі, үн бояуы арқылы мәтіннің сырын түсіне бастайсың. Сахна тілінің басты мақсаты таза тіл, ашық дауысты сөйлеу шеберлігімен үйлестіре отырып, көркем әдебиеттерді мәнерлеп оқу, кейіпкерге өзіндік сөйлеу мәнерін тудыру.

Актер мәтіннің астарында жасырынып жатқан құнды сөздің картпарлы қалыңдығын, мағыналы ойын, көңіл-күйін анықтауы керек. Сөзді мәнерлеп оқып қана қоймай, оны көріп, ойланып, бағалап, жоғары талабын түсіну қажет. Әр сөздің нақты мағнасы арқылы жанама мағынасын да ұғу, берілген шығарманы ұтымды пайдалану арқылы сырт пішіні мен келбетін ашу мүмкіндігіне алып келеді. Материалмен жұмыс барысында студент автордың ойымен тығыз байланыста болады. Монологтағы, диалогтағы, әңгімедегі, рөлдегі төл және төлеу сөздегі тура әрекеттің ортақтығын сезінуге көмектеседі. Логикалық екпіннің қай сөзге түсіп тұрғаныны контекстегі сөз ыңғайына қарай анықталады.

Актердің басты мақсаты – тіл шеберлігін ашу, ойналып жатқан бейнені тіл шеберлігі арқылы сомдау болып табылады. Осы арқылы мәтінді бөлшек-бөлшекке бөліп талдап, түсініп, берілген бөлшектің басты ойы, мақсаты, қандай, соған бағынып тұр ма, әлде, басқа қарекетті талап ете ме, негізі ойдың астары ашылды ма, әрбір сөз –өзінің салмағымен өлшенді ме? Логикалық ойлаудың арқасында актер әрекет арқылы сезімге жетеді. Нақтыланған көңіл-күйге қарай кейіпкердің өзіне ғана тән сөз мәнері ашылады. Әріптердің айтылуы кезінде дауыс бірде күшейеді, бірде бәсеңдейді. Сөздегі әрбір әріп дыбысталғанда құбылып тұрады. Дауыс ырғағы, екпіні өзгеріп отырады. Шығармада берілген әрбір сөйлем белгілі бір ойды мазмұнын, ашуға немесе сан алуан көңіл күйдің әр түрлі деңгейін білдіріп тұрады. Сол себепті айтылған сөйлемдегі ойдың мазмұн мағынасына қарай сөйлемдегі бір сөзге мағыналық, яғни логикалық екпін түседі. Ол басқа сөздерге қарағанда сәл ерекшелеу оқылып тыңдаушы назарына сол сөздегі дауыс сазы арқылы аңғартады. Сондықтан актерлік өнердің сахналық тілі мен бейнелеу құралдарының өзгеріп, жаңарып отыруы, негізінен уақыт талабынан туындайды»[7]. Бір-бірімен үндесіп, қиылысып жатқан сөздердің мағынасы мен астарын, көңіл-күйі мен ырғағын, көркемділігі мен шырқау шегін дәл анықтау үшін мәтінмен жұмыс жасау маңызды.

Ой толғамымызды қорытындылай келгенде айтатынымыз, сахнада сөйленген әрбір әріп, әрбір сөз өз орнымен, өз заңдылығымен қолданылып, айқындалған мақсат пен астарлы ойдың негізінде сахналық тілдің құндылығын үйлестіру. Сахна тілінде студенттердің мақсаты көркем әдебиеттерді мәнерлеп оқу және кешенді талдау, сахналық тәжірибе жинақтау болса, ал оқытушы студенттердің сөйлеу барысындағы қателерін естіп, дұрыс бағыт беріп отыру[8]. Драматургиялық шығарманы немесе көркем сөз туындыларын толыққанды шеберлігімен көрерменге жеткізу үшін сөз өнері мен тіл техникасының сан қырын ұштап, сахнада байланыстыра білу үлкен өнер. Өнер адамгершілік қызметінің ажырамас бөлігі, өнердің көмегі мен қатысуының арқасында адам тұлғасы толығымен ашылады және жетіледі. Ғылымда бүгінгі замандағы студенттнрді тәрбиелеу маңызын өнер алады. Ол ізгілік пен адамгершілік ынтымақтастық сезімін қалыптастырады, шығармашылық қабілеті жағын жетілдіре түседі. Қазіргі замандағы студенттер тәрбиелеуде эстетикалық алғырлық қабілетінің дамуын қарап жүрген жөн, себебі өнермен қарым-қатынас жасауда, өмірдегі және қызметтегі әсерленушілік сезімін қолдана білген жөн. Біріншіден, қазіргі заман қоғамын жан-жақты ажырату қажет, еңбектегі еңбек ерлік салтын ашу және көркемөнер бейнесінің өмірге деген ұмтылысы қазіргі өнердің тапсырмасы. Екішіден, көркем шығарма өнерінің сезім мен адам ойына әсер ету, олардың көзқарастарына әрекет ету, қоршаған ортаға қатынасын,дүниеге деген көзқарасын тәрбиелеу.

Сөйлеу мәдениетінің негізі-шешендік өнер. Әрбір тарихи дәуір шешендік өнердің өзіндік эстетикалық–моральдік сипаты, бағыты, стильдік ерекшелігі бар үлгілерін дүниеге әкелген. Шешендік өнердің өткен тарихынан біз оның ерлік дәстүрге бай мазмұнды түрлерін әдістрін көре аламыз. Атақты римдік шешен Цицерон «тіршіліктің тәлімгері тарих» деген сөзі өткен тәжірибеден әлеуметтік құны әлі жоғалмаған сөз өнерінің қағидаларын, заңдылықтарын кездестіруге, оларды пайдалануға болатындығын ескертеді.

Сөйлеу мәдениетінде шешендік өнер ерте дүниенің өзінде ақ қалыптасқан. Ол әуелі ежелгі Египедтте, Вавилонда Индияда, Қытайда, Грецияда дамыды. Осының арасынан әсіресе ежелгі Афиндегі Грецияда сөз өнерінің даму жолы ерекшелігімен көзге түседі. Біздің жыл санауымыздан 6 ғасырдай бұрын өмір сүріп өткен ежелгі Афиннің мемлекеттік қайраткері әрі ақыны Солон құлдық құрылыс пен сот істерінің демократиялауның реформаларының заңын жасайды. Атақты осы Солон

заңы шешендік өнерінің өркен жоюна үлкен ықпал тигізеді. Сөз сөйлеу мәдениетінде болашақ маман ауызша сөйлеу кезінде тілдің ішкі заңдылықтарын сақтаумен қатар, сөйлеу техникасын да меңгеру қажет. Тақырыптың мазмұнына қарай студент өзінің ішкі тебіренісі мен толқынысын көзқарасын дауыстардың ырғағы, күші, қимыл-қозғалыс арқылы да жеткізіп отырады.

Сөз сөйлеу мәдениетінде қолданылатын ым-ишара екі жақты қызмет атқарады. 1-ші ден ойды үнемдеп, әсерлі жеткізудің көмекші құралы ретінде пайдаланылса, 2-ші ден орынсыз жиі қолданылған қимыл-қозғалыс студенттерге кері әсер етеді. Студенттер сабақтың мазмұнынан гөрі ұстаздың қимыл-қозғалысына еріп кетеді. Сол себепті де ым-ишара, қимыл-қозғалыс тақырыптарының мазмұнымен астарласып, соның мақсатын ашатындай қызмет атқарғаны дұрыс.

Мәнерлі сөйлеу мәдениеті студенттің дауыс ырғағына, интонациясына да байланысты. Өйткені сөйлеу кезіндегі дауыстардың сан түрлі құбылуы адамдардың сол өзі баяндап тұрған мәселесіне қатысын, эмоциясын, эстетикалық көзқарасын қалыптастырып сезімін білдіреді. Интонация студенттердің әр сөйлеміне жан беріп қана қоймайды, оның эмоциональдық болуын күшейтеді.

Студенттердің алдында ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеу темпімен де байланысты. Студенттке тым тез сөйлеуге де тым баяу сөйлеуге де болмайды. Студенттің айтпақ ойының мақсатына, мазмұнына қарай сөз бірде баяу, бірде жылдам, бірде көтеріңкі айтылуы тиіс.

Сөйлеу мәдениеті ең алдымен сөздің емле ережесіне сай жазылуымен байланысты.

Сөйлеу мәдениеті сөздің мағынасына сай, дәл, сәйкес жұмсауымен тығыз байланысты. Айқын ойлап, дәл айту үшін сол айтылуға тиісті зат пен оның санамыздағы көрінісі-сөздің арасындағы байланысты, қатынасты жақсы білуіміз керек. Ол айқындылығы, мағына дәлдігі логикалық дәлдікпен ұштасады. Сөз бен оның білдіретін мағынасының арасында қарама-қайшылық, бірін-бірі жоққа шығарушылық немесе байланыссыздықтың болмауы тиіс.

Қысқасы, студентке эстетикалық тәрбие берудің өзіндік орны айрықша. Біз бұл мәселелерді зерттеу арқылы талдап, әрбір студент өзінің актерлік шеберліетерін жетілдіру арқылы, ұстазы арқылы берілген ережелерді меңгеруі қажет. Актерлық әдістерді қолдану арқылы студент өзін-өзі ұстай білуі мен қатар, аңғарымпаздығы, ойлау жүйесі арқылы сезімталдығы мен сөзге шешендігін жетілдіру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Сценическая речь: Учебник/ под ред. И.П.Козляниновой и И.Ю.Промптовой. 3-е изд. М.: Изд-во «ГИТИС» 2002. Стр.9*
2. *Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті.-Алматы, 2006.-324 б .*
3. *С.С.Байсарина. ХҚТУ, «Хабаршы» журналы №1, 2007 ж. 234-35 б.б.*
4. *М.С.Сергалиев, «Қазақ тілінің стилистикасы» Алматы. 1994 ж. 58 б.*
5. *Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері/М.Балақаев.-Алматы: Қазақстан, 1965. 17 б.*
6. *Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту негіздері.- Алматы: Қазақ университеті, 1991.-139 б.*
7. *Құндақбаев Б. Уақыт және театр. – Алматы: Өнер, 1981. – 38 б*
8. *А. М. Бруссер. Сценическая речь. Методические рекомендации и практические задания для начинающих педагогов театральных вузов- М.: ВЦХТ («Я вхожу в мир искусств») 2008, 96 с.*

ӘОЖ:796.8

Жилисбаев Нағашбек Келисбекович
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Өнер факультеті,
«Дене тәрбиесі» кафедрасының **магистр-оқытушысы**, dene-tardiesi@mail.ru

Мамиров Ерлан Нарзуллаевич
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Өнер факультеті,
«Дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы, dene-tardiesi@mail.ru

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЖҰМЫС ҚАБІЛЕТІН АНЫҚТАЙТЫН СЫНАМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: *Бұл мақалада балалар мен жасөспірімдердің құрылымдық және қызметтік ерекшеліктері оларды спорт түріне іріктеу кезінде қойылатын талаптар, олардың жұмыс қабілетін анықтайтын сынамалардың ерекшеліктері жайлы қарастырған, ал "Спорттық іріктеудің медициналық-биологиялық әдістерін жетілдіру мәселелері" спорттық іріктеудегі медициналық-биологиялық әдістердің негіздері және оларды қолдану шарттары, спорттық іріктеудің негізгі көрсеткіштері, спорт түрлерімен шұғылдануды бастау мерзімдерін анықтау, бастапқы дайындық топтарына іріктеу маңыздылығы туралы қарастырған.*

Кілтті сөздер: *спорттық физиология, спорттық медицина, спорт түрлерінің физиологиясы, бұлшық ет физиологиясы.*

Резюме: *В данной статье рассмотрены структурные и функциональные особенности детей и подростков с точки зрения их выбора спорта, особенностей их утонченности и основы медико-биологических методов выбора спорта в «Проблемах медицинских и биологических методов выбора спорта», ключевые показатели отбора, определение сроков начала занятий спортом, подготовка начальных учебных групп у о важности обследования.*

Ключевые слова: *в спортивной физиологии, спортивной медицины, физиологии видов спорта, физиология мышц.*

Summary: *This article examines the structural and functional characteristics of children and adolescents from the point of view of their choice of sport, the specifics of their refinement and the basis of medical and biological methods of choosing sports in "The problems of medical and biological methods of choosing sports," key selection indicators, the timing of the start of sports, preparation of the initial training groups about the importance of the survey.*

Key words: *in sports physiology, sports medicine, sports physiology, muscle physiology.*

Спорттық жұмысқа қабілеттілік төмендегідей факторлармен бағаланады: қимыл шапшаңдығы, жүгіру қарқындылығы мен ұзақтығы және қуаттылығының артуы. Бала өскен сайын жұмысқа қабілеттігі де соншалықты арта береді.

Спортшы және спортшы еместердің арасындағы алғашқы айырмашылықтар 8 жаста байқалады, ал нақты ерекшеліктер 14-15 жаста байқалады. Егер 10 жастағы PWC_{170} 316 кгм/мин болса, 15 жаста екі есе өседі. Ал жасөспірімдерде ересек адамдардан айырмашылығы болмайды.

Баланың жасының өсуіне қарай организмінің аэробты өнімділігі де артады. Осыған байланысты оттегінің барынша қажеттілігі өседі. Ол 8-9 жаста 1,5 л/мин-ке, ал 14-15 жаста 3л/мин деңгейіне жетеді. Спортпен шұғылданатын 10 жастағы балаларда спортпен шұғылданбайтын балаларға қарағанда жұмысқа қабілеттіктері 14%-ға артады. 16-17 жастағы балаларда оттегінің барынша қажеттілігі 60-70%-ға өседі. Ал 13-14 жастағы балаларда бұл қажеттіліктің жылдық өсімі 1100 мл-ге тең [1].

Балалардың анаэробты жағдайдағы жұмыс қабілеті нашар бейімделген, сондықтан оттегі қарызының көрсеткіші негізгі көрсеткі болып табылады. Оттегі қарызы 9-10 жастағы балаларда 1 литрден көп, 14-15 жаста 2-2,5 литр. Ересек адамдарда 16 литрден көп. Екінші бір көрсеткіш – сүт қышқылының концентрациясы, бұл қышқылдың концентрациясы қаншалықты жоғары болса, соншалықты қуатпен қамтамасыз етілуі жоғары болады. Сүт қышқылының концентрациясы 7-8 жастағы балаларда - 80 мг%; 14-15 жаста – 100 мг%; ересек адамдарда – 112 мг% [2].

Жасөспірімдердің жұмыс қабілеті олардың биологиялық жасына байланысты, сондықтан жүктеменің көлемі мен қарқыны, қимыл-қозғалыс әлпісі биологиялық жасқа лайықты болуы керек. Оған қоса акселерацияның үйлесімді түрінде жасөспірімдердің дене тұлғасы ғана ірі болып қана қоймайды, ішкі ағзалардың қызметтік мүмкіншілігі де жоғары болады. Бұл жағдайда жүктемелерді мөлшерлеу қиын емес. Ал үйлесімсіз акселерацияда кейбір ағзалардың дамуы дене тұлғасына сай болмайды да зорығу, жарақаттану қаупі артады. Үйлесімді акселерацияның өзінде де орталық жүйкенің қызметтік тұрғыдан әлсіздігі сақталатынын ұмытпаған жөн[3].

Мектеп жасына дейінгі балаларды, орта және жоғарғы оқу орындарының оқушыларын жаттықтыру барысында мынадай медициналық жұмыстар жүргізіледі:

1) денсаулығы, денесінің дамуы, организмінің қызметтік мүмкіншілігі бойынша медициналық топтарға бөлу;

2) дене тәрбиесі сабақтарындағы жүктемелердің организмге әсерін қадағалау;

3) жаттығу барысында дәрігерлік -ұстаздық бақылаулар жүргізу;

4) жаттығу сабақтары өткізілетін жерлердің санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қадағалау;

5) ауру, жарақаттардан сақтандыру;

6) спорттық, сауықтыру жұмыстарының қай түрін болсын медициналық тұрғыдан қамтамасыз ету;

7) ағарту, насихат жұмыстарын жүйелі өткізу;

Медициналық бақылау кешенді тәсілмен жүргізіледі, яғни тексеру кезінде сауал қою (анамнез), сырттай көзбен қарау (соматоскопия), антропометрия, сынамалар, құрал-саймандық т.б. спорттық медицинада қолданылатын әдістер пайдаланылады. Балалар мен жасөспірімдер денесінің дамуының үйлесімділігіне, дене мүсінінің, тірек-қозғалыс жүйесінің дұрыс қалыптасуына аса көңіл бөлген жөн. Биологиялық жасын, организмнің қызметтік мүмкіншілігін, жұмыс қабілетін дұрыс анықтаудың да маңызы зор[4].

Балалар мен жасөпірімдердің жұмыс қабілетін бағалау үшін мөлшері бұлшық ет жұмысын орындауға негізделген сынамалар қолданылады. Олар: 30 сек ішінде 20 рет отырып тұру, 2 минөт бір орында 180 қадам жылдамдықпен жүгіру, С.П.Летунов, Руфье, Гарвард, $PWC_{130,150,170}$ сынамалары. (10-кесте)

1-кесте - Жасөспірім спортшылар (I) мен спортпен шұғылданбайтын (II) жасөспірімдердің $PWC_{150,170}$ мөлшерлері (Х) (С.Б. Тихвинский деректері)

PWC			Жастық топтар			
			8-9	10-11	12-13	14-15
			Х	Х	Х	Х
PWC_{150}	Ұ	I	86,1	8,7	111,2	151,2
		II	78,1	87,5	92,0	114,3
	Қ	I	85,0	80,1	95,3	111,0
		II	70,0	72,5	85,3	100,0
	Ұ	I	108,0	119,8	115,7	193,5
		II	109,4	102,9	124,0	160,7
	Қ	I	120,0	107,5	129,5	146,1
		II	90,0	103,3	109,4	127,2

30 сек ішінде 20 рет отырып-тұрғаннан кейін мектеп жасындағы балалардың тамыр соғу жиілігі әдетте 30-50% -ке , систолдық қан қысымы с.б. 10-20 мм-не көтеріліп, диастолдық деңгейі 4-10мм-ге төмендейді. ТСЖ мен артериалдық қан қысымы 1-2 мин ішінде қалыптасып үлгереді. Бұл жүрек- қан- тамырлар жүйесінің тиімді жауабы.

Гарвард сынамасы әдеттегі тәсілмен жүргізіледі. Тек сатының биіктігі мен жұмыс мерзімі баланың жасына сәйкес белгіленеді: 8 жасқа дейінгі балалар үшін сатының биіктігі 35 см, жұмыс мерзімі 3 мин, 12-16 жасат ер балалар үшін - 45 см, 4 мин, қыздарға – 40 см, 4 мин. Көтеріліп-түсу жылдамдығы бәріне бірдей – минөтіне 30 қадам.

PWC_{170} сынамасы да әдеттегі тәсілмен жүргізіледі. Бастауыш мектеп балаларының жұмыс қабілетін анықтау үшін PWC_{150} сынамасын –ТСЖ минөтіне 150 ретке жеткен кезде орындалатын жұмыс мөлшерін анықтаған дұрыс.

Балалар мен жасөспірімдер үшін тыныс алу жүйесінің дұрыс қалыптасуы, мұрын арқылы еркін дем алуы өте маңызды. Тыныс алу жүйесінің қызметтік мүмкіншілігін бағалауда өкпенің тіршілік сыйымдылығы, өкпенің тыныштық қалыпта минутына алмастыратын ауа көлемі (ААК) мен оның шегі (ААШ), тыныс алу қоры анықталады. Бұл көрсеткіштердің нақтылы мөлшерлері олардың тиісті өлшемдерімен салыстырылады [5].

Мысалы, бойының ұзындығы 1,0-1,63 см ер балалардың ӨТС-ның ТӨТС= 4,53 х бойдың ұзындығы (м)-3,9.

Бойы 1,65 метрден биік болған жағдайда:

ТӨТС =10х бойдың ұзындығы –12,85.

Қыз балалар үшін: ТӨТС=3,75 х ьойдың ұзындығы (м)-3,15.

ӨТС-ның тиісті көлемін Гаррис-Бенедикт кестесі бойынша да есептеп шығаруға болады.

Тыныс алу қоры арнайы коэффициентпен бағаланады (ТҚК):

$$\text{ТҚК} = \frac{(ААШ - ААК)x100}{ААШ}$$

Тыныс алу қоры мектеп жасындағы ер балаларда 82- 92%, қыздарда – 80-90%, жасөспірім спортшыларда -86- 95%

Кешенді дәрігерлік тексерудің нәтижесіне сүйене отырып, оқушылар дене тәрбиесі сабағында үш медициналық топқа бөлінеді.

Бірінші, негізгі медициналық топқа дені сау, ақауы немесе болар-болмас ақауы болғанымен денелері жақсы дамыған, жұмыс қабілеттері жеткілікті оқушылар жатады. Бұл топта дене тәрбиесі жалпыға бірдей мемлекеттік жоспармен жүргізіледі. Спортпен айналысуға рұқсат беріледі.

Екінші, дайындық топқа денесінің дамуы мен жалпы дайындығы жеткіліксіз оқушылыр кіреді. Олардың денсаулығында шамалы кінәраттардың болуы да, болмауы да мүмкін. Дене тәрбиесі мемлекеттік жоспармен өткізілгенмен, қимыл-қозғалыс дағдылары мен ептіліктері біртіндеп қалыптастырылады. Дене шынықтыру сабақтарымен қатар жұмыс қабілетін арттыратын қосымша жаттығулар тағайындалады. Сынақтық талаптарға тапсыру мерзімі ұзартылады. Негізгі топқа ауысқанға дейін спортпен шұғылдануға рұқсат берілмейді.

Үшінші, арнайы медициналық топ ауру балалардан құрастырылған. Олар ауруларының түріне байланысты кіші топтарға бөлініп, арнайы жаттығу жоспарымен тәрбиеленеді [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Ильясова Г.Т., Қамбарова У.А. Балалар мен жасөспірімдерді спорттық іріктеуде медициналық-биологиялық көрсеткіштердің алатын орны. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ хабаршысы, қыркүйек-қазан, Түркістан, 2011.

2. Ильясова Г.Т., Қамбарова У.А. Әр түрлі спорт түріне маманданған спортшылардың морфологиялық сипаттамасы. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ хабаршысы, қараша-желтоқсан, Түркістан, 2011.

3. Худияров Ғ.Б. «Спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарында жаттығушылардың спорт түрлеріне бейімділігін анықтау» атты педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация автореферати, Алматы, 2010

4. Парпиев Ө., Потапов И.А., Сарсенова С.Т. Спорт физиологиясының негіздері. Оқу құралы. –Алматы, 1998.

5. Лесбекова Р.Б., Бұғыбаева С.Ж. Спорт физиологиясы. Дәрістер курсының жинағы. Алматы, 2006.

6. Лесбекова Р.Б. Дене шынықтыру және спорт түрлерінің физиологиясы. Дәрістер курсының жинағы. Алматы, 2008.

7. Спортивная физиология. Учебник для институтов физической культуры. /Под ред. Я.М.Коца/.-Москва. «Физкультура и спорт», 1986.-246с.

ӘОЖ: 784.209.2

Сейтметова Айткүл Мубаракқызы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Өнер факультеті,
«Орындаушылық өнер» кафедрасының аға оқытушысы, dene-tardiesi@mail.ru

ІС-ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІ АКТЕР ШЕБЕРЛІККЕ БАУЛУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Түйін: *Макалада роль ойнау сәтінде актер қолма-қол жылауға, бірден күлуге болмаса аяқ астынан ғашық болуға, не жек көруге, әйтпесе шексіз шетсіз шаттыққа бөленуге өзін-өзі қанша күштегенімен шынайы шындық пен сахналық көркемдікке жете алмайтындығы келтірген. Сахнада сезімді ойнауға, оны бойынан күштеп шығаруға әрекет етуі тиіс. Актер өзін-өзі зорламай, шындап әрекетке көшкен жағдайда ғана сезім өздігінен пайда болатындығы айтылған. Сезім-әрекетті емес, әрекет-сезімді дүниеге келтіреді.*

Кілтті сөздер: *актер, сезім, әрекет, сахналық көркемдік, ғашықтық, дағды.*

Резюме: *Во время роли статьи сам актер не мог достичь реалистичных сцен и живописного искусства, как только ему приходилось заставлять себя плакать или смеяться сразу или ненавидеть, или наслаждаться бесконечной безграничной радостью. Он должен действовать на сцене, чтобы играть эмоционально и вытеснить ее. Говорят, что чувство может возникать только спонтанно, если актер не участвует в самоактуализации. Это создает чувства, а не действия.*

Ключевые слова: *актер, чувства, акт, сценическое искусство, любовь, навыки.*

Summary: *During the role of the article, the actor himself could not achieve realistic scenes and pictorial art, as soon as he had to make himself cry or laugh at once or hate, or enjoy infinite unlimited joy. He must act on the stage to play emotionally and force it out. It is said that feeling can only arise spontaneously if the actor does not participate in self-actualization. It creates feelings, not actions.*

Key words: *actor, feelings, act, scenic art, love, skills.*

Сахнада роль ойнау сәтінде актер қолма-қол жылауға, бірден күлуге болмаса аяқ астынан ғашық болуға, не жек көруге, әйтпесе шексіз шетсіз шаттыққа бөленуге өзін-өзі қанша күштегенімен шынайы шындық пен сахналық көркемдікке жете алмайды. Өйткені ол зорлық пен сахнада сезімді ойнауға, оны бойынан күштеп шығаруға тырысады. Сол себепті де актер сахна төрінде сезім туралы ойламай, әрекет етуі тиіс, яғни сезімді емес әрекетті ойлауы керек. Демек, актер өзін-өзі зорламай, шындап әрекетке көшкен жағдайда ғана сезім өздігінен пайда болады. Олай болса сезім-әрекетті емес, әрекет-сезімді дүниеге келтіреді. К.С.Станиславский "Сахна алаңында әрекетке бару керек. Актер өнері мен драма өнерінің тірегі - белсенділік пен әрекет" деген[1].

Актер сахнада іс-әрекет үстінде іштей жинақы, мұқият, серіктесінің іс-әрекетін өзінше сезіне, түсіне білуі және де өтіп жатқан нақты бір әрекеттерге белсенді түрде араласып кетуге дайын болуы қажет. Бұл тақырып бойынша студенттер шынайы әрекет ете білуге үйретін жаттығулармен дағдыланады. Дағдыны қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетке машықтану десек, адамда дағдының қалыптасуын сипаттайтын белгілер: артық қозғалыстардың азаюы, денемен бақылаудың маңызының артуы, оны түрлі әдістермен орындаудың мүмкіндігі т.б. Жаттығу үстінде оқытушы студентке өз қатесін, кемшіліктерін айтып оны түзетеді. Ал студент оқытушының ескертпесі арқылы не нәрсеге қол жеткізуі керек екендігін айқын түсініп, машықтану нәтижесін әркез біліп отырады. Ұсынылатын жаттығулар тобы:

1-жаттығу. Оқытушы аудиторияға кіргенде студенттер міндетті түрде сәлемдесу үшін орындарынан тұрады. Әрине алғашқыда олар ұйымдаспаған түрде, улап-шулап тұрады. Ал оқытушы олардың осы сәлемдесу сәтін сол мезгілде тез, шусыз, жеңіл әсем орындау-ларын талап етуі тиіс. Осы мақсатта студенттер сәлемдесу сәтін бірнеше рет қайталауға мәжбүр болады.

2-жаттығу. Шусыз, дыбыссыз орыннан орынға ауысу.

3-жаттығу. Бөлмедегі заттарды тарсылдатпай ауыстыру.

4-жаттығу. Отырған орындықтарын алып жартылай шеңбер жасап отыру.

5-жаттығу. «Шахмат тәріздес отыру» Енді осы жаттығуларды күрделендірейік. Онда оқытушы атқарылар әрбір әрекеггерді нақты бір жүйеге құрады. Айталық, барлық студент бір мезгілде орындарынан тұрып, орындықтарын ала, бір мезгілде түзу сызық бойына бірдей отырысады. Сондай-ақ олар жаңағы жасалып жатқан әр түрлі жаттығуларды жұмулы көзбен де жасауларына болады. Алғашқыда бұл жаттығулар бұйрық бойынша, алақан соғу арқылы немесе үнсіз бірін-бірі қадағалау түрінде жасалынуы мүмкін. Дәл осы жаттығуларды әртүрлі ырғақта, тыныста музыканың сүйемелдеуімен де атқаруға болады.

6-жаттығу. Жасалынған жаттығулар қатарына оқытушы тапсырмасымен орындалатын жәй қарапайым әрекеттер түрлерін ұсынайық. Студенттер бір-бірімен жарыса, тездетіп, оқытушы белгісі бойынша нақты бір әрекеттер жинағын жасап шығуы тиіс:

а) он түрлі затты ұстап шығу;

ә) ойша арифметикалық санақтарды есептеп (шығару) шығу;

б) бір минут аралығында бөлмедегі көптеген заттарды, қалаларды, атақты ғалымдарды, суретшілерді, артистерді атау;

в) жолдасының өткен күнгі киімдеріндегі өзгерістерді анықтау;

г) өз өмірінен алынған бір көріністі дәлме-дәл айқындап, еске түсіріп көрсету.

Әрекеттің жинақы болуы мен еркін дамуына арналған әр түрлі топтық жаттығулар:

1-жаттығу. "Жартылай шеңбер" Студенттердің шығармашылық көңіл-күйін тәрбиелеуді алғашқы сабақтан-ақ бастау керек. Сабақ өтілетін оқу аудиториясына студенттерге жеткілікті дәрежеде орындықтар қойылған. Қоңырау соғылып студенттер қабырға бойымен қойылған орындықтарға жайғасады. Осылай отырған ыңғайлы ма? Барлығы оқытушыны көріп отыр ма? Ал, бір-бірін ше? Кім тығылысып, қалтарыста отыр? Ал енді барлығымыз бір-бірімізді көретіндей етіп отырайық. Орындықтарды бір сызық бойына орналастырайық. Бұл жағдайда студенттер тек өзінің көрші студенттерін ғана көре алады. Оқытушы студенттерге бірдей ара қашықтықты сақтай отырып жартылай шеңбер жасап отыруды ұсынады.Студенттер оқытушы отырған үстелге қарама-қарсы жартылай шеңбер жасап отырады. Мұның пайдасы: Жұмыс жасауға ыңғайлы, оқытушы мен студент бір-бірін толық көріп отырады. Студент оқытушының берген тапсырмасын, оқытушы студенттердің жасаған іс-әрекеттерін толық көріп, бағалайды.

.2-жаттығу. "Негізгі қалып" Студенттер орындықтарынан бір мезгілде тұруы үшін, іс-әрекет жасауға дайын болуы шарт: олар иықтарын, денесін, аяқтарын бос ұстаулары керек. (Әрине шамадан тыс, қалай болса солай емес). Денелерін тік ұстап, орындықтың шетінде отыр, еркін, бір қальшты, қолдары тізелерінің үстінде. Аяқтары орындықтың астына не жан-жақтарына қайрылмаған. Еркін тұрып, отырып, белсенді іс-әрекет жасай алады.

3-жаттығу Қозғалыстар ешбір дыбыссыз, нақты әрі жеңіл, белгілі бір мақсатта:

а) фамилияларын алфавит қатарымен қоя отырып ауысу;

ә) аттарын алфавит қатарымен қоя отырып ауысу;

б) бойлары бойынша тұру.

4-жаттығу "Орындықпен ауысу" Алдымен уақыт белгіленбейді, содан соң 10-ға дейін санау арқылы:

а) орындықты алдына ұстап ауысу;

ә) орындықты жанына ұстап ауысу;

б) орындықты басына көтеріп ауысу.

5-жаттығу "Геометриялық фигуралар бойынша отыру"

а) үшбұрыш;

ә) тік бұрыш;

б) овал;

в) квадрат;

г) 8 бұрыш;

д) баспалдақ тәріздес.

6-жаттығу "Өз әуеніңнен жаңылма" Бір топ оқушыға өз қалауы бойынша кез келген бір әнді айту тапсырылады. Ән белгі бойынша ыңылдап, дауыстап, іштей айтылады:

а) алақан соғу – іштей;

ә) алақан соғу – дауыстап;

б) алақан соғу – ыңылдап.

7-жаттығу. "Жазу машинкасы" "Өнердегі өзіңді емес, өзіңдегі өнерді сүй" .Әріптер бөлінеді, оқытушы алақан соғып, "жазу машинкасының клавишын басады", ал студент алақан соғып, өз әрпін айтады. Мысалы:

а) оқытушы шапалағы - Ө;

ә) студент шапалағы - Ө;

б) оқытушы шапалағы - Н;

в) студент шапалағы - Н;

г) оқытушы шапалағы - Е;

ғ) студент шапалағы - Е;

д) оқытушы шапалағы - Р;

е) студент шапалағы - Р.

Әр түрлі жылдамдықта орындауға болады.

а) баяу-(машинка басуды жаңа үйренген)

ә) жылдам.

б) баяу-жылдам.

8-жаттығу. Студенттің алдына қарапайым мақсат қойылсын, бөлмеге кіру, бөлмеден шығу. Мұндай тапсырманы орындау қиынға түспейтін де сияқты, бірақ іс жүзінде ол оңайға соқпасы анық. Егерде студент есікті жәй ашып, бөлмеге кірсе не шықса, бірақ алдына ешқандай мақсат қоймаса, яғни "егер де" элементін пайдаланбаса, оның ешқандай іс-әрекет жасамағанын, немқұрайлы мизансценаны қайталап шыққанын дәлелдеу қиын емес. Егерде, ол бөлмеге:

а) досымен қоштасқалы кірсе;

ә) не оған ренжіп шығып кетсе;

б) болмаса оларды өзінің келуімен қуанытқалы кірсе;

в) не мұңға батып шығып кетсе;

г) әйтпесе оқытушыдан кешірім сұрағалы келсе;

д) не сөгіс алып, көңілсіз кетсе;

е) ол тергеушінің шақыруымен келсе;

онда бөлмеге кіру, шығу іс-әрекетінің барлығы басқаша орындалған болар еді. Әрбір осындай ойлап табылған жағдай іс-әрекеттің тиянақты аяқталуына мүмкіндік береді және жалпы әрекетке емес нақты әрекетке баулиды. Мысалға, тергеушінің шақыруымен келген жаттығуда студент қандай теріс қылық жасадым, әлде бір қылмысты істің куәгері емеспін бе деген тәріздес нақты бір жағдайға сүйеніп іс атқарса, онда ол сол жағдайға байланысты есікті әр түрлі көңіл-күйде ашқан болар еді. Осы жасалынып жатқан қарапайым әрекеттерді (бөлмеге кіру, есікті ашу, не жабу, орындыққа отыру, орындықтан тұру, серіктесінің қолын қысу) жаңа бір жағдайлармен өсіріп отырсақ, онда ол өнімді, мақсатты және мән-мағыналы болған болар еді. Әр түрлі "егер де" элементін қоя отырып, белгілі бір тапсырманы әр кез жаңаша орындауға болады:

9-жаттығу "Орындыққа отыру"

а) демалу үшін;

ә) сабаққа дайындалмақ болып;

б) Аяқ киімінің бауын байламақ болып

в) бастығының сөгісін тындау үшін

г) телевизор көру үшін т.с.с.

10-жаттығу "Орындықтан тұру"

а) бөлмеге кірген адаммен сәлемдеспек болып,

ә) түсінік беруден қашып,

б) жолдасына шартты белгі беру үшін,

в) көшеден шыққан шуды көрмек болып,

г) есікті ашу үшін,

ғ) оның көңілін өзіне аудару үшін,

д) тәнтілігін білдіру үшін,

е) өзінің оған риза еместігін сездірмек болып,

ж) досына аяушылық білдіріп,

з) қолпаштап,

и) өзінің басымдылығын көрсету үшін.

Студенттің ұйықтап жатқан қиял көзін ояту үшін оқытушы оған алғашқы кезде берілген әрекетті ақтайтын тосын жағдай ұсынуына болады. Студент қиял көзіне белсендірек әсер ету тәсілі мынаған қатысты. Жаттығу жасау барысында берілген жағдайдан әрекетке емес, керісінше, әрекеттен ақтай отырып берілген жағдайға бару. Бұл жағдайда оқытушы студенттен әрекеттің орындалу шартын сұрамай, әрекеттің мән-мағынасын талап еткені жөн[2].

11-жаттығу "Сырт киімді кию, сырт киімді шешу".

12-жаттығу "Есікті абайлап ашу".

Ұсынылған әрекетке икемделе отырып, студент әрекетті ақтаушы берілген жағдайды өзі табады:

а) ол есікті абайлап ашып, өзіне қатысты әңгімені өзгелерге білдірмей тыңдағысы келеді,

ә) басқаларға байқатпай досына хат табыс етпекші.

Егерде студентке есікті шапшаң да кең ашып тастау тапсырылса, онда оның қиял көзі сол сағатта басқа бағытқа жұмыс атқарған болар еді:

а) өртті хабарламақ болып;

ә) басқа бір оқиғаға қатысты класқа баса-көктеп кіруі мүмкін.

13-жаттығу"Сіріңке жағу". Студентке көзге көрінбейтін сіріңкені жағу ұсынылады. Ешкім сенбеді. Өйткені ол қайдан алғаны белгісіз жаға салды. Енді студентке жекеленген физикалық әрекеттердің қисынын, кезектілігін бұзбай басынан қайта жағуды талап етейік. Қалтасынан көзге көрінбейтін сіріңкенің корабын алып, оны баяу ашып, сіріңкенің бір талын алысын. Егерде сіріңке қорабын қалай ашу керктігін ұмытып қалса, онда нағыз қорабтың өзімен жасап көрсін. Сосын шын корапты жанына қойып қайтадан көзге көрінбейтін қорапты алсын: ол қай жерде тұр, оны қолымен, саусақтарымен шынымен ұстап тұрғандай қиял көзімен іштей көре отырып жасасын. Кораптың қырларын, үстіңгі бетін еске түсіре отырып сіріңкені жақсын. Сіріңкені жаққан кездегі тырс еткен дыбысты, түтін исін, отты есіне түсірсін. Содан соң сіріңкені неге, не себепті жаққанын ақтасын. Мысалы:

а) үйілген қоқысты жағу үшін,

ә) жолыңызды жарық ету үшін,

б) қараңғыда жоғалтып алған инеңізді іздеу үшін,

в) ауырып жатқан інімнің арқасына банкі қою үшін.

Шешінуге қатысты мысалға қайта орала отырып, оқытушы мынадай жаттығу түрін ұсынуы мүмкін, оң қолды қозғаусыз қалдыра отырып, сырт киімді шешу. Физикалық әрекеттің тікелей әсерінен туған түйсік студентті жаңа іс-әрекетке итермелей алады, мысалға, оның қолы жарақаттанған, ол қолын байлатқалы емханаға келіп отыр. Егер де студентке жанталаса өзінің сырт киімін шешіп тастау тапсырылса, онда ол сол сәтте өрт өшіру кезінде сырт киімінің жанып жатқанын көз алдына елестеткен болар еді. Әрі қарай студент іс-әрекет мағынасын анықтап, оны ақтау жолдарын қарастырады. Мысалға, ол сырт киімін баяу, тоқтаусыз немесе тоқтап-тоқтап шеше бастаса, онда ол бұл әрекеттің жасалу себебін былай түсіндіруі мүмкін: ол үйге еңсесін баскан жан күйзелісімен кірді. Себебі оны сабақты меңгере алмаған қабілетсіздігі үшін университеттен шығарған. Осы қайғылы оқиғаның жағдайын анықтай отырып, ол бір мезгілде жасалар әрекеттің де мән-мағынасын анықтайды. Міне, іс жүзінде алдын-ала ойланылмаған тебіреніс зердесімен түйсінуден туындаған нақты іс-әрекет атқарылды. Бұл жаттығулардың мақсаты - студенттердің қиял көзін оятып, ұсынылған әрекеттерге өмірдегідей мазмұн, мағына бере отырып, ақтауға бейімдеу.

Кез келген қарапайым затты пайдалана отырып, әрекет ете білу қиял көзінің дамуына, жетілуіне, байи түсуіне көмектеседі. Айталық, мен айнаға бетіме түскен әжімді, тыртықты, ақ шаштарымды көру үшін қарап отырмын немесе сүйген адамыммен кездесуге сәнденіп жатырмын. Егер де қиял көзінің көмегімен затты басқа бір қасиеттермен жаңартса, онда оған деген көзқарас өзгеріп, жаңа әрекеттер туындаған болар еді. Егер де айна жер астынан тауып алынған археологиялық зат болса, онда оны қолыма қалай алып, қайтіп қараған болар едім.

Адам қиялы кез келген затты әр түрлі тұрғыда көріп, бағалай біледі. Енді әрбір затты серіктесінің қиял көзінің көмегімен көріп бағалай білу тәсілі. Мысалға, қолдан қолға қамшы беріледі. Серіктесі оны сыйлық, жылан, гүл ретінде ұсына алады. Сонымен қатар, ол ұсынылатын әрбір затты сөзсіз іс-әрекетімен, мінез-құлқымен білдіре отырып бере білсе, онда оның орындалу процесі өзгеше бір мән, мағынаға ие болар еді. Қолдан қолға зат беру, әрбір затты серіктесінің қиял көзінің көмегімен көріп бағалай білу, ұсынылған әрбір затты сөзсіз іс-әрекетімен орындау[3].

Бұл жаттығуларда іс-әрекет міндетті түрде ақыл, парасат арқылы емес, қиял көзін қабылдау, түсіну, ұғыну түрінде атқарылуы тиіс. Егер де маған шын жыланның өзін ұсынса, онда мен бұл шағатын жылан ба, шақпайтын жылан ба? - деп ойланып түрмай, одан қорғану жолын қарастырған болар едім. Ол кезде сақтану түйсігі қорғану әрекетін өзі туындатар еді.

Студенттер қиялын оятуға көмектесетін өзгеше жаттығулар үлгілерінен әр түрлі тәсілдерді бөліп алып, қисынды әрекет ету жолына итермелей білу шарт. Алғашқы сәтте қисьнсыз, ойсыз, ретсіз, мақсатсыз болып көрінетін әр түрлі қалыпты, әрекетті, қозғалысты үйлестіру ұсынылады. Мысалға: бөлмеге кіру, терезеге жақындау, стол астына кіріп, бөлмеден шығып кету. Осы механикалық түрде жасалынған ретсіз, қисынсыз, ойсыз әрекеттерді студент белгілі бір кисынға, мақсатқа, мүддеге құра отырып, органикалық жаттығуларға айналдыра білуі тиіс.

1-жаттығу Мен мектептен үйге келдім, сырттан жолдастарымның айқай-шуын естіп, терезеге жақындадым. Осы сәтте терезеден доп үшып кіріп, стол астына домалап кетті. Оны стол астынан алып, достарыммен волейбол ойнауға көшеге жүгіріп шығып кеттім. Сол тектес әрекеттер түрін басқа да жағдайлармен ақтауға болады.

а) мен қуғыннан кашып келем;

ә) жасырынбақ ойнап жүрмін.;

б) бөлмеге жүгіріп кірген мысықты ұстап алып шығып кетемін.

Іс-әрекеттің дәйектілігін ауыстыра отырып, оны ақтаудың жаңа бір түрін табуға мәжбүр етуге болады.

2-жаттығу. 0рындыққа шығу, қолын жоғары көтеру, орындықтан еденге түсу, қабырғаға дейінгі аралықтағы үш жерге саусағын тигізу.

Ақтау мүмкіндігі-электр шамы күйіп кетті, соны бұрап алмақ болып орындаққа шықтым, бірақ оны еденге түсіріп алдым. Оның сынықтарын жинап, сипалай жүріп бөлмеден шығу жолын қарастырып жүрмін.

3-жаттығу. Өзін теңіз жағасында толқын астында қалдым деп сезіне түра, тасқа өрмелей шығып құтқарушы қайыққа белгі беру, тастан құлап| түсіп қайықты ұстауға әрекет ету.

4-жаттығу. Өзіңді ормандамын деп сезініп ағаштың түбіріне шығып, бұтақтан балапанды алуға тырысу.

Бұл ұсынылып отырған жаттығулар студенттердің зейінін, ойлап табу қабілетін, сахнаға қатысты әрекеттердің бәрін меңгеруге көмектеседі. Сонымен қатар бұл жаттығулар ұйымдасып әрекет ете білуге, жинақылыққа, жұмыс тәртібіне, алға қойған тапсырманы тез, еркін, шапшаң, іштей сезіп орындай білуге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Станиславский К.С., "Сочинения", том 2 "Искусство", Москва, 1954.

2. Байсеркенов М, Сахна және актер. Алматы, "Сахна тілі"1993.

3. Кристи Г.В. Воспитание актера школы Станиславского. М., "Искусство", 1968

Асқарқызы С.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD докторант 3 курс, samal050191@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ, ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС МЕНЕДЖЕРІ РЕТІНДЕ ДАЙЫНДАЛУЫ

Түйін. *Мақаланың негізгі мәселесі әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық жұмыс менеджері ретінде дайындалуы болып табылады. Оның ішінде әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік басқарудың байланысы қарастырылып, әлеуметтік педагогтың кәсіби дайындалуына басқару концепциясы ұсынылады, оның ішінде «әлеуметтік педагог» мамандығымен оны жақындастыратын «әлеуметтік менеджер» мамандығына арналады.*

Түйін сөздер: *әлеуметтік педагогика, әлеуметтік педагог, әлеуметтік басқару, әлеуметтік менеджмент, әлеуметтік менеджер, білім берудегі менеджер, кәсіби дайындық, әлеуметтік менеджменттің функциясы.*

Резюме. *В данной статье рассмотрены проблемы подготовки социального педагога как менеджера социально-педагогической работы. Проанализированы характерные особенности по подготовки социальных педагогов. Выявлена и обоснована необходимость совместного использования методов теории упавления и социальной педагогики.*

Ключевые слова: *социальный педагог, менеджер, теория управления, профессиональная подготовка, функции социального менеджмента.*

Summary. *This article deals with the problems of training a social teacher as a manager of social and pedagogical work. Characteristic features of the training of social pedagogues are analyzed. The necessity of joint use of methods of the theory of packing and social pedagogy is revealed and justified.*

Keywords: *social pedagogue, manager, management theory, professional training, social management functions.*

Қазіргі уақытта, дағдарысты кезеңде қоғамның көмекке зәру болған мүшелерінің көбею салдарынан, өз көмегін қоғамға кәсіби тұрғыдан бере алатын маман иесі қажет болды. Мұндай көмекке зәру болғандарға қоғамда қалыптаса алмаған адамдар, қарт және науқас адамдар, балалар әсіресе отбасы толық емес балалар, ата-анасынан айырылған балалар, жұмысыздар, көп балалы отбасылар, сонымен қатар мүгедек адамдар, және ішімдік пен нашақорлыққа бел буған адамдар жатқызылады. Мұндай көмекті кәсіби тұрғыдан көптеген мемлекеттерде әлеуметтік педагог береді. Біздің мемлекетімізде мұндай көмекті көбінесе мектеп ұжымы, қарттар ұйымы не болмаса интернат маманы және басқада мамандық иелері беріп жүрді.

80-ші жылдары қоғамға әлеуметтік-педагогикалық көмекті көрсете алатын мамандарды даярлауға сұраныс жоғарылады. 20 наурыз 1991 ж. Госкомитет СССР халыққа білім беру бойынша "Әлеуметтік педагогика" мамандығын бекітті. И.А. Липскийдің тұжырымы бойынша әлеуметтік педагогика қоғамдағы кекілжіндерді алдын ала болжай алатын, және қоғам мен тұлғаны ортақ жүйеге біріктіруші қызметін атқарады деп санады [2]. «Жаңа мамандыққа кіріспе» атты әдіснамалық хатта әлеуметтік педагог ол қоғамдағы кекілжінді алдын ала болжап, қандайда бір қиындықтарды тудыратын, негативті мәселелерді шешіп, қоғам мен тұлғаға ыңғайлы ортаны қалыптастырушы болып табылады делінген.

«Әлеуметтік педагог» мамандығы Ресейде әлеуметтік педагогика пәнінің қалыптасуымен байланысты болды. 1990-шы жылдары әлеуметтік жұмыстың қарқынды дамуы, қоғамның әлеуметтік көмекке сұранысының көбеюі, қоғамдағы жағдайға қатысты әлеуметтік кәсіби мамандықтардың дайындалуына стандарттар жасалынып, әлеуметтік педагогикаға алғашқы оқулықтар жызылып, бұл мамандықтарға арнайы білім беру мекемелері ашыла бастады.

1996-шы жылы Екатеринбургте, Ресейдің әлеуметтік кәсіби-педагогикалық институты ашылды, институттың әлеуметтік педагог мамандығын дайындайтын негізгі жетекші кафедраларының бірі әлеуметтік педагогика және психология болды.

Ресейде 031300 Әлеуметтік педагогика мамандығына алғашқы Мемлекеттік жоғарғы кәсіби білім беру стандарты 1995 жылы шықты, кейінең 2000ж., 2005ж. Соңғы 10-жылдықта мамандық өзінің қоғамда қажеттілігін айқындап, басқа мамандықпен ауыстыруға болмайтындығын дәлелдеген. Алайда қазіргі таңда әлеуметтік педагог мамандығы үлкен өзгерістерді талап етуде.

Қазақстанда әлеуметтік педагогтарды даярлаудың дамуын, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Таубаева Ш.Т. бұл тақырыпты зерттеген басқада ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, былай талқылайды: “Ресейлік тәжірибесін бейімдеп енгізуге бірқатар алғышарттар бар. Олар, біріншіден, республикада әлеуметтік педагогтарды даярлау 90-жылдардың ортасынан жүргізілді де, төрт жыл үзілістен соң, 2010-2011 оқу жылынан «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» атты жаңа мамандық ашылды; екіншіден, оқытушыларды даярлау және олардың мамандығын арттыру жұмысы жүргізілуде; үшіншіден**,** жастарды әлеуметтендіру, әлеуметтік құндылықтардың

өзін-өзі тану сабақтарында қалыптасуы бағыттарында зерттеулер ұйымдастырылуда**,** төртіншіден, Қ Р Білім және ғылым министрлігінің әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану саласы мәселелері бойынша Республикалық оқу-әдістемелік секциясы жұмыс жасайды**;** бесіншіден**,** осы бағытта «Екідипломдық білім беру» бағдарламасын іске асыру үшін Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарымен шығармашылық байланыстар орнатылуда" [1]. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында әлеуметтік педагогиканың қалыптасу тарихы «Өзін-өзі тану» пәнімен тығыз байланысты. 7 қазан 2009 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметімен тарихи елеулі шешім қабылданды, шешімнің мақсаты бойынша 2010 оқу жылының «өзін-өзі тану» пәнің мектепке дейіңгі мекемелерге, білім беру мекемлеріне, жалпы білім беру мектептеріне, колледждерге, және педагогикалық жоғарғы оқу орындарына жалпылай еңгізу болып табылды.

ҚР-ның орта және жоғары білімдегі мамандарды дайындаудағы классификаторға «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» жаңа мамандығы еңгізілді. 5В012300 бакалавр мамандығына – «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» жоғары білім беруге арналған ҚР МЖМБС құрастырылды және, ҚР МЖМБС 5М012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» магистратура мен докторантураға құрылды. Осы сәттен бастап «Әлеуметтік педагог» түсінігі «Әлеумттік педагогика және өзін-өзі тану» түсінігіне ауысты.

Әлеуметтік педагогика ғылыми пән ретінде келесідей басты міндеттерді анықтайды: «жеке әдіснамалық, теориялық және ғылыми -әдіснамалық» бұл аймақта ғылыми білім, «әлеуметтік жүйеге арналаған кәсіби мамандарды даярлауда өзінің білім беру комплексінің теориялық негіздемесін ұсыну» [2] Қазіргі таңда бұл міндеттер ғалымдардың негізгі талқылауында болып табылады, осыған байланысты әлеуметтік педагогиканың жеке дара ғылым болып қалуы мен әлеуметтік мамандықтарды даярлауда маңызды рөлге ие.

Әлеуметтік педагогиканың даму мәселесін барлық ғылыми-әдістемелік зерттеулер оның келесідей пәнаралық байланысын сипаттайды, әлеуметтік философия, әлеуметтік психология, әлеуметтік құқық, әлеуметтік басқару, әлеуметтік медецина және т.б. Бұл байланыстар әлеуметтік педагогикада көрініс тапқанымен, кейбіреуі ғылыми зерттеу пәні болып табылмағандықтан, әлеуметтік педагогиканың білім жүйесінің дамуына кедергі жасап мамандар даярлаудың сапасын төмендетеді.

Мысалы ретінде, әлеуметтік басқаруды алайық. Оның теориялық дамуы Ресейде әлеуметтік педагогикадан ертерек болған. Осы салдардан болар бұл екі ғылымның байланысы қазіргі таңда жеткілікті зерттелінбеген. Алайда, 2005 жылғы жоғарғы кәсіби білім беру мемлекеттік стандартында, 031300 Әлеуметтік педагогқа әлеуметтік менеджер деген түсініктеме берілген. Негізінен бұл жаңа көзқарасты қалыптастырып, жаңа бағыттағы әлеуметтік педагогты басқару тұрғысынан дайындау болып табылады, ол үшін үлкен зерттеулер талап етіледі, бұл зерттеулерді жүзеге асыруға теориялық қор жеткілікті деп саналады.

Алғашқы басқару эволюциясының бастауы Ф. Тейлордың «Основы научного менеджмента» (1911ж.) атты теориялық жұмысынан көрініс тапқан. Сол кезден бастап, менеджменттің түрлі моделдері, және олардың әлеуметтік педагогика және әлеуметтік басқарудаға байланысты анализдер жасалынған.

Жалпыфилософиялық әдіснама деңгейінде әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік басқару «әлеуметтік» аумақпен байланысады. Бұл екі ғылымда жай ойды түсіндіретін сөз емес, себебі, әр ғылым тұрғысынан бұл түсінік қоғам жайлы оқытудың философиялық негіздемесі бар үлкен жүйе, сонымен қатар екі ғылымда да ортақ объект, субъектісі бар ара қатынасты зерттейтін заңдылықтар болып табылады.

Бұл ғылымдардың байланысы тек әлеуметтік бағыттағы байланысты сипаттамайды. Анализдің көрстуі бойынша: әлеумттік педагогиканың мәселесінің аумағын, әлеуметтік басқарудың әдіснамалық деңгейі анықтайды, нақтырақ айтатын болсақ, оның объектісі мен пәні, міндеттері, пәннің мазмұның, оның теория мен тәжірибедегі негізгі дамуын, әдістері мен принциптерінің дамуын айқындайды. Қазіргі таңда басқарудың теориясы әлеуметтік педагогиканың білімін құраушысы болып табылады, оның негізінде әлеуметтік педагогтың басқару тұжырымдамасын көруімізге болады.

Әлеуметтік басқарудың негізгі ерекшелігі оның объектісі мен субъектісі «Адам» болып табылады. Қоғамдағы адамның өмірін жақсарту мақсатында, оның бұл қоғамда әлеуметтенуіне әлеуметтік басқару әсер етеді[3].

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде менеджменттің бірнеше түрлерін ажыратылып көрсетіледі: білім беру менеджменті, педагогикалық менеджмент, мектеп ішілік менеджмент және т.б. Олар бір бірімен тығыз байланысты болғандықтан, ғылымда ара жігін ажыратып көрсетуге қиындық тудырады. Алайда, олардың әрқайсысы жеке ерекшеліктерге ие, себебі әртүрлі білім аймақтарымен

байланысты болып келеді. Мысалы, *білім беру менеджментінің* басқаратын аймағы тұтас білім беру жүйесі болса, оның субъктісі ретінде аймақтық, муниципиалды, аудандық және облыстық білім беру жүйесінің басқармалары болып табылады. Бұл менеджменттің түрі, білім беру жүйесі мен білім беру жүйесінің әртүрлі бірлестіктерінің басқарушыларының дамытуына бағытталған, ондай бірлестіктерге аймақтық, аудандық, қалалық, облыстық білім беру жүйелірі жатады. Ол мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылады, оған білім беру саясаты, орта және жоғары білім беру жүйесіның даму стратегиясы жатқызылады.

Бұл менеджменттің құрамы толықтай педагогикалық бағытты құрағанымен, оны біз педагогикалық не болмаса мектеп ішілік менеджмент деп атай алмаймыз. Өзінің атқаратын іс-әрекетіне байланысты бұл менеджмент түрінде де өзінің менеджерлері болады, алайда олар міндетті түрде педагогика не болмаса мектепішілік маман иесі болуы шарт емес. Сонымен қатар, педагогикалық және мектеп ішілік менеджменте білім беру жүйесінің менеджментіне жатады, себебі білім беру аймағына кіреді, оны біз «Справочник менеджера образования» атты анықтамадан көре аламыз. Бұл анықтама құралында білім менеджерінің үш деңгейлік топтарын көрсетеді, және әр білім беру мекемесіне қатысты міндеттерін айқындайды.

Бірінші топқа (жоғарғы деңгей) білім беру мекемелерінің әкімшілгі және білім жүйесін басқаратын органдар жатқызылады.

Екінші топқа (ортаңғы деңгей) бұл топты әдістемелік, заңгер, экономист және басқа білім жүйесіне қатысты мамандар құрайды, олардың кәсіби шыңдалған маман иелері болулары үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік педагогиканың да қарастыратыны «Адам», оның дамуын, қоғамдағы әлеуметтенуі, оның мәдени құндалықтарын зерттейді. Әлеуметтік педагогиканың тәжірибесі мен теориядағы объектісі ол әлеуметтік ортаның мүшесі ретінде адамның жеке дара және қоғамдық мінездемесі, пәні-оның әлеуметтік мансапқа ие болуы мен әлеуметтік дамуы және педагогиканың аспектілері[4]. Алайда, әлеуметтік педагогика мен басқару теориясының негізгі міндеттерінің бірі ол тұлғаның оғамдағы тұрақтылығы мен қауіпсізідігі. Оған жету жолдарының әдістерінде де әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік басқарудың арасында айырмашылық жоқ десекте болады [5].

Әлеуметтік-педагогикалық менеджмент астарында, әлеуметтік-педагогикалық жүйенің дамуы мен басқарушының нақты әлеуметтік аумақтағы іс-әрекеті жатқаның түсіну қажет. Мұндай аумақтарға түрлі білім беру мекемелері, түзету және қалпына келтіру орталықтары, отбасы мен балаға көмек көрсету орталықтары, құқық қорғау органдары, жастардың құқық қорғау комитеттері және т.б. Білім беру мекемелерінде әлеуметтік-педагогикалық менеджмент мектеп ішілік менджменттің бір бөлігі болып табылады, алайды онымен анықталмайды. Мекемеде тұтас басқару үдерісінде педагог ұжымының әлеумттік-педагогикалық іс-әрекетінің жағдайына жауап береді, яғни білім алушылардың әлеуметтік тәрбиесі мен әлеуметтенуіне назар аударады. *Әртүрлі әлеуметтік орталықтар мен қызметтерде әлеуметтік-педагогикалық менеджмент жоғарыда аталынған іс-әрекетті жүзеге асырады, яғни нақты әлеумттік аумақта өзінің іс-әрекетін іске асырады. Жүйе түсінігі* «...белгілі бір ортаны құраушы элементтер жиынтығы». Әлеуметтік - педагогикалық менеджменттің ең басты жүйе элементтері ол басқарушы және басқарылушы ішкі жүйешіктер.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Таубаева Ш.Т. Научно-образовательный портал духовно-навтсвенного обучения и воспитания, 18 июня 2014г.

2. Липский И.А. Социальная педагогика: практика, научная дисциплина, образовательный комплекс // Педагогика, 2001, № 1. С.24-32.

3. Филосовский энциклопедический словарь / Гл. Редакция: Л.Ф. Ильичева и др. –М.: Сов. энцикл.1983.-840с.

4. Мустаева Ф.А. Социальная педагогика: учебник для вузов. – М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2003. – 528с.

5. Санникова Н.Г. Формы и методы деятельности социального педагога в условиях детского дома. В кн. Модели социально-педагогической деятельности: Учеб.пособие / Под общ. ред. Н.Г. Санниковой. – Екатеринбург: РГППУ, 2005. С. 43-53.

Атемова Қ.Т.
п.ғ.д., профессор. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
Түркістан қ. kalipa_atemova@mail.ru

Исабекова Г.Б.
-PhD докторы, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Тараз қ.

Алиханова Б.Т.
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

ҚАЗАҚ АҚЫН- ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛЫ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Түйін. *Қоғамның қай кезеңінде болмасын ең алдымен сол қоғамда өмір сүретін адамның тұлғалық болмысын айқындау мен оны отбасы тәрбиесі жағдайында қалыптастыру мәселелері күн тәртібінен түскен емес. Бүгінгі күні де біздің қоғамымызға қандай тұлғаны қалыптастыру қажеттілік туғызғанына зер салып қарайтын болсақ, қазақ халқының ақын-жыраулары қашаннан айтып келе жатқан тұлға болмысы заманға қарай өзгермей өз өміршеңдігін сақтап келе жатқандығын аңғарамыз.*

Мақалада қазақ халқының ақындары мен жыраулары мұраларындағы тұлға болмысын сипаттайтын негізгі сапалар мен іс-әрекеттері баянлдалып, оны бүгінгі күні тұлға болмысын қалыптастыруда ескерудің қажеттілігі мен өміршеңдігі талдау жасалады.

Кілт сөздер: тұлға, тәрбие, адамдық сапалар, жақсылық, ұлттық болмыс.

Резюме. *На любом этапе общества вопросы определения личности человека и формирования семьи в обществе было и будет актуальным. Бүгінгі күні де біздің қоғамымызға қандай тұлғаны қалыптастыру қажеттілік туғызғанына зер салып қарайтын болсақ, Если мы посмотрим, какая личность нам нужен сегодня в обществе, Тот факт, что характер казахского народа, из которого давно известна поэзия казахского народа, сохраняет свою жизнеспособность, не меняя свою актуальность.*

В статье описываются основные качества и виды деятельности, характеризующие личности человека в наследии поэтов и поэтов казахского народа, проанализированно необходимость и жизнеспособность в формировании личности на сегодняшний день.

Ключевые слова: *личность, образование, человеческие качества, доброта, национальная идентичность.*

Summary. *In the society, the question of human rights and the formation of the people in the society were at the stage of identification and actualization. If we look at what a society is in need of today, in fact, the character of the Kazakh people, which is already known by the poetry of the Kazakh people, preserves its own dignity, or my own reality.*

The article described the basic qualities and qualities of the person, characterized by the personality of the person in poetry and poetry of the Kazakh people, investigated by the unobtainable and inability to formulate the personality of the day.

Key words: *personality, education, human qualities, dignity, national identity.*

Қазақтың тұңғыш ғалымы, қазақ ағартушысы Шоқан Уалиханов қазақ халқының дарындылығы мен суырып салма ақындығын, сол ақындық көрегендігі мен пайымдағыштық қасиетінің ұрпақ тәрбиесіндегі құралы болуын оның дарындылығының көрсеткіші деп бағалаған болатын [1].

Қазақ халқы отбасында баланы адалдыққа, ізгілікке, аталық кеңестерді көңілге түйе білуге баулып, барлық жақсылық атаулысын болашақ ұрпақтың санасына сіңіре білуге аса бір назар аударған. Ұрпақ тәрбиелеудің бір жолы - термелер тыңдау арқылы жүзеге асырылды. Қазақ термелерінің астары тұнып тұрған үлгі-насихат, тәрбиелік кеңестер екендігі белгілі. Қазақ халқы термелерді ертеден - ақ, тәрбие құралы ретінде пайдаланып келген. Термелер мазмұнында отбасы адам баласының алтын ұясы екендігінен бастап, шаңырақ көтерудің шарттары мен талаптарын, өмір сүрудің мәні мен адамзаттың ата - ана, бала, қоғам алдындағы парыздары мен қарыздарын егжей-тегжейлі талдап, түсіндіреді. Термелер мазмұны мен бағыттары бүгінгі ғылыми көзқарастармен де сәйкес келіп, қазақ қоғамы тәрбиесінің талаптарын заманға сай уағыздап келді. Бұл жолда қазақтың ақын-жыраулары мұраларының үлесі салмақты болмақ. Төменде, солардың бірқатарына тоқталып өтейік:

Қазақ халқының тарихындағы танымалы ақын-жырауларының бірегейі Бұқар жырау Тәуке тұсында ақ хан төңірегіндегі ықпалды билердің бірі болған. Бұқар жырау өзінің бір ғасырдан астам өмір сүрген тәжірибесіне жүгіне отырып, адамзат баласына ең қымбатты да қажетті асылдарды атап арнау жазады. Онда ақын азаматқа он бір тілек тілейді, осы он бір қасиет адамзат үшін ең құнды бақыт, қажеттілік деп біледі. Олар: *бірінші* алланың әміріне мойынсыну, яғни Құдайға мақұл болған

қасиеттерді бойымызға сіңіріп, сонымен өмір сүру. Ол әрине ізгі мінезде болып, адамзат қоғамында тек жақсылықпен өмір кешу деп біледі. *Екіншіден*, осындай Алланың қалаған және бізге міндет еткен өмір сүру талаптарын орындай жүріп, бір күн болмаса бір күні залымдардың жетегіне, сөзіне еріп, жолдан тайып кетпеу керек екендігін айтып, тура жолымыздан таймауды тілейді. *Үшіншіден* үшкілсіз көйлек кимеу, *төртіншіден*, төсек тартып жатып қалмай, аман -есен болуды тілесе, *бесіншіден,* бес мезгіл намаз оқып Аллаға құлшылық етуде бірде-бір намазымыздың қаза болмауын тілеймін дейді, *алтыншыдан,* күнде орын алып отырған шапқыншылықтан аялап отырған аяулымның бір күні бөтен жұртқа олжа болып кетпеуін тілеймін деп, ел амандығы мен тыныштығын тілейді, *жетіншіден,* еліміз бен жерімізді сырттан туын көтеріп желкілдетіп келген қалың қол жаулап алмас үшін қарулы күштеріміздің мықты болуын тілейтінін, *сегізіншіден,* жер шары адамдары арасында татулық пен ауызбіршіліктің болуы да еліміздің амандығын қамтамасыз ететіндіктен барша жұрттың ынтымақты амандығын тілейді, *тоғызыншыдан,* жастар кетіп қарттардың балалары артында қалмауын, яғни әрбір ата-ананың балаларының аман сау көз алдарында жүргенінен асқан бақыт жоқ екенін ескертеді. Мұндай тілек арманның орындалу мекені отбасы деп біледі. Олай болса, жырау отбасы тәрбиесі мен ондағы өмір заңдылығы туралы сөз толғайды, *оныншыдан* ерлер кетіп арулардың жесір қалмауын тілейтінін айтады.

Бұқар жырау өлеңдеріндегі отбасы тәрбиесінің ең бастау алар көзі жар таңдау екендігін дәлелдейтін қатарлары орта ғасыр ғұламалары Ж.Баласағұн еңбектерінен бастау алған болса, кейіннен ол ұлы Абай өлеңдерінде жалғасын тапты. Жар таңдауда тәрбиелі үйдің қызына көңіл бөлуді жырау айта отырып, өз ойын «*Жал құрығы қаба деп, Жабыдан айғыр салмаңыз! Қалың малы арзан деп, жаман қатын алмаңыз! Жабыдан айғыр салсаңыз, жауға шабар ат тумас. Жаман қатын алсаңыз, топқа кірер ұл тумас»,*- деген өлең жолдары арқылы жеткізеді[2]. Жыраудың мұндай пайымдаулары бүгінгі педагогика ғылымының теориясындағы тұлғаның қалыптасуына ортаның ықпалын дәлелдейтін факторларымен тең түсіп отыр. Олай болса, Бұқар жырау жастарға өсиетін айтарда отбасы тәрбиесінің бастау алар көзі жар таңдауда текті ұл тауып беретін тәрбиелі де көргенді үйдің қызын іздеуді кеңес бере отырып, оның тектілігі алған тәрбиесімен байланысты анықталатынын тұжырымдайды. Өйткені, тектіден текті перзент өмірге келеді деп біліп, бала жасында қанша қиқар немесе тентектік жасағанымен түбінде ата-бабалар тегіне тартпай қоймайды дегенді айтады. Ал, қазақта баланың жақсы болмағы нағашыдан деген де түсінік қалыптасқанын білеміз.

Сонымен қатар, жырау адамзат баласының жас ерекшеліктеріне қарай олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің бірдей болмайтындығын сипаттап жырлайды. Әрбір жас кезеңінің өзінің қадір-қасиетіне қарай мүмкіндігінің шектеулігі, соған қарай оны қадірлей білуіміз керектігін, яғни әрбір жастың мүмкіндігін пайдалана білу де дұрыс өмір сүруге жағдай туғызатындығын айтады. Ол: «*Жиырма деген жасыңыз, ағып жатқан бұлақтай. Отыз деген жасыңыз, жарға ойнаған лақтай. Қырық деген жасыңыз, ерттеп қойған құр аттай. Елу деген жасыңыз, о да бір көшкен ел екен, алпыс деген жасыңыз, қайғылы- мұңлы күн екен. Сексен деген жасыңыз, қараңғы тұман түн екен. Тоқсан деген жасында, ажалдан басқа жоқ екен*», - деп әрбір жас ерекшеліктеріндегі адам баласының мінез-құлқының көрінісі мен ойын, өмірден күтер қызығын сипаттайды.

Бұқар жырау қазақ халқындағы ағайын-ажын, абысын арасындағы татулық пен түсіністіктің отбасындағы бала тәрбиесіне ықпалының маңыздылығын жете түсінген. Сондықтан да олар ағайын арасындағы араздықтың туып өршуі қашан да әйел азаматтарға байланысты, сондықтан да абысын тату болса ас көп деген нақылдың астарын да өсиет етіп, былай дейді: «*Ағайынның аразы, елдің сәнін кетірер. Абысынның аразы ауыл сәнін кетірер»,* -деп бір отбасы мүшелері арасындағы араздың бір ғана ауылға емес, бүкіл елдің берекесін кетіретінін айтады. Олай болса, бала тәрбиесіндегі өнеге үлкеннен бастау алуы тиіс дегенді меңзейді. Отбасы ынтымағы мен бірлігін орнатып отыруда қариялар ақылының қажеттілігін аса ерекше бағалай отырып, әсіресе жас отау иелерін отбасылық өмірге баулуда қарттардың болуын қазына деп біледі. Тек жас отау иелеріне ғана емес, олардың ақыл кеңестері отбасында дүниеге келген жас нәрестені күтіп бағуда да қажет екендігін айтады. Ол «*Қариясы кімнің бар болса, жазулы тұрған хат болар. Өзіңнен туған жас бала, саудагердей сарт болар, өзіңмен бірге туысқан, Алаштан бетер жат болар*», -деп келер ұрпақтың барған сайын біртіндеп өмір ағымымен өзгерерін да алдын ала болжағандай. Сонымен қатар, бір анадан туғанмен, бірге жүрмек болмақ еместігін де түсінген ақын, туысқандардың да біртіндеп өз отауларының бөлек болуына қарай бір-бірінен жат болып кететінін көрегендікпен сипаттап келтіреді [3].

Бұқар жыраудың замандасы, ізін басып, ойын жалғастырған ірі тұлға Шал ақын (Тілеуке Құлеке ұлы). Ол он бес жасында-ақ, даңқы шығып, Шал (өткір, ұшқыр) ақын аталады. Ол өзінің жырларында жалпы өмір туралы, қыздар, жігіттер, отбасы тәрбиесі, қарым-қатынас және т.б. барлық

адамзат өміріндегі кездесетін мәселелердің бәрін де өз өлеңдеріне қосып жырлаған. Отбасы тәрбиесін құруда жақсы жардың болуы бақыт кепілі деп білген жырауларымыз ойын толықтырып, жетілдіре түседі. Ол отбасы бақыты әйел баласының тәрбиесіне байланысты болатынын қыз балаларының ер балаларға қарағанда әлдеқайда ерте есейетіндігін, соған байланысты әйел ақылы ер азаматтың болашағын да бағыттаушы серігі іспетті болатындығын көрегендікпен сипаттайды. Сондықтан қыз балаларына ерекше назар аударып, олар тәрбиесі туралы жырында сипаттама береді. Оларға түрлі себептерге байланысты мінез-құлқының өзгеретінін, әйел бақытын оның отбасын құрумен байланыстырады. Ақын қыздардың жас ерекшеліктеріне қарай мінез-құлқындағы өзгешеліктерді сипаттай отырып, ер балаға қарағанда қыз балаларының бақыты дер кезінде отбасын құрып өмірге ұрпақ әкелу деп біледі. Ал ер азаматтардың жас ерекшелігі отбасын құруда аса маңызды рөл ойнамайды деп тұжырым жасайды. Мұндай пайымдауларын ол: «*Жиырмаға жеткен қыз кәрі болар, өңі кетіп шырайы сары болар. Ер елуге жетсе де айыбы жоқ, Әр уақытта біреудің жары болар»,*- деген өлеңдер қатары арқылы дәлелдейді.

Сонымен қатар, ақын үйленуде жігіттерге жақсы жар таңдауға байланысты ақыл кеңестерін де беруді назардан тыс қалдырмаған. Себебі, отбасы бақыты мен ырысы әйелдің ақылдылығы мен мінезінің жайлылығына байланысты деп білді. Шал ақын әйел баласының мінезі мен тәрбиесінің ерекшелігімен қатар, олардың отбасылық істерге деген ұқыптылығы, тазалығы мен еңбекқорлығы да отбасы өмірін дұрыс ұйымдастыруда, соның нәтижесінде бақытты өмір сүруге негіз болатын шарттар деп біледі. Жақсы әйелге тән қылықтың қандай болуы керектігін: «*Жақсы сол ерін күліп шаттандырса, атқарып тапсырмасын мойнына алса, ері жоқта күйзелтпей шаруасын, ағайын, көршілерін жадына алса. Сапардан ері келсе үйге кіріп, жылы жүзбен қарсы шығып қолын алса*»- деген өлеңдер қатары арқылы сипаттап көрсетеді.

Сонымен қатар Шал ақын бақытты өмір сүруге бастайтын да оған жол ашатын да білім мен өнер екендігін «*Күні шолақ болған соң түні қайтсін, жеңі шолақ болған соң қолы қайтсін. Өзі жаман болайын деген бар ма, білімі, өнері жоқ оны қайтсін»* - деп білімсіздің күні де, қолы да шолақ дегенді айтады. Сонымен қатар, ақын білімсіздікпен қатар кедейлікке алып келетін қасиеттер деп жалқаулықты, ұйқықұмарлықты айтады. Кедейдің үш түрі бар деп көрсетеді. Оның біріншісі қанағатсыздықтан пайда болады деп көрсетеді. Себебі барға қанағаттанбай тойымсыздық көрсету де кедейліктің белгісі деп есептейді ақын. Кедейліктің екінші түрі, елгезектік дейді. Жұмсасаң тіліңді алып, қызметімен әркімге жақын болып, түбінде ондай адамның ісі оңға баспайады дейді. Үшіншісі, ұйқы дейді. Ерте жатып, кеш тұрса жаны ырза болатындар да кедейшілікке бейім болады деп ескертеді. Отбасы тәрбиесі жағдайында баланы жастайынан еңбекқорлыққа, елгезек тілалғыштыққа, қанағатшылдыққа тәрбиелеу нағыз адамдық қасиетпен қалыптасқан адамды қалыптастыратын болады дейді. Ер азаматтың міндеті отбасын асырау мен отбасы мүшелерінің қажетін қанағаттандыру болғандықтан кедейшілдікке бой алдырмау да ердің міндеті болмақ, ал оның үддесінен шыға алмаған ер азаматқа сын болмақ.

Ендігі жердегі міндет отбасында дүниеге келген баланы қоғамына сай етіп тәрбиелеу болмақ. Бұл жөніндегі ойларын да ақындар өз жырларында қарастырған. Нақтылап айтар болсақ, Шал ақын бала тәрбиесінде имандылықты санасына егудің маңыздылығын баса айтады. «*Шешен жігіт дүрмен тең, имансыз көңіл кірмен тең. Ақылы жоқ надандар, іс бітірмес жамандар, жүз болса да бірмен тең*» деген өлең жолдары арқылы жүрегінде имандылығы болмаған адамдар қаншалықты көп болғанымен олардың бәрін бір адам деп есептеуге болады деп санайды. Сондықтан әрбір адамның сапасы оның иман жүзділігі арқылы анықталатындықтан, отбасында баланы имандылыққа тәрбиелеу керектігін айтады. «*Мектептен сабақ алсаңыз, алуа, шекер, балмен тең. Саясы жоқ бәйтерек, сазға біткен талмен тең. Жаман туса балаңыз, бұғып өскен тазбен тең»* деп бала тәрбиесіндегі негізгі міндет оларға өмірдің балы мен шекерін тани алатын білім беру деп ұғады. Жаман перзенттің болуы ата-ана үшін кемшілік деп білетіндігін жырына қосады.

«*Жетесі жаман бозбала, тоқсандағы шалмен тең, жақсының айтқан ақылы, қазулы сара жолмен тең. Жаманға айтқан ақылың, ағып кеткен селмен тең, қас жаманның орны бар, кесек те болса көрмен тең»* деген өлең жолдарында ақын жетелеуге көнбейтін жасқа ақыл айтқан сөздің қор болғанын, ал оның көрегендігін тоқсандағы шалдың соқырлығымен салыстырады. Сондықтан сөзді де тыңдайтын құлаққа айту дұрыс екенін айта отырып, жастарды жастайынан құйма құлақ етіп, қазына қариялардың ақыл- кеңестерін тыңдаудан жалықпайтын және содан қорытынды шығаратын сабырлылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу қажеттігін ата-аналарға міндеттейді.

Шал ақын өзінің жырларында келін тәрбиесін де назардан тыс қалдырмаған. Ол: «Келін жақсы болса - үйіңе көп кісі келеді. Келін жаман болса – келген кісі кеткісі келеді. Ас құй десең төккісі

келеді, Төкпей құй десең сөккісі келеді»,- деп отбасындағы әйел баласының болмысы оның келін болып түскен алғашқы күндерінен -ақ сыр беретінін аңғартады[4].

Мұндай ойлар мен көзқарастар он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген Сүйінбай Аронұлы жырларында да кездеседі. Сүйінбай ақын өзінің жырларында «адам», «адамдық қасиеттер», «тәрбие» түсініктеріне сипаттама беріп, адам бойындағы қандай қасиеттердің адам сипатын анықтайтынын, оның қандай қасиеттерін алу керек, неден жирену керектігін саралап сипаттайды. Оның «жақсы мен жаман адамның қасиеттері» деген өлеңдерінде «*Жақсы жігіт ел жұртының қаласындай, жақсы әйел әмме жұрттың анасындай. Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ, көреді бәрін де өз баласындай*», -деп, көпшіл болу, әділ де қамқоршы болу тек жақсыларға тән қасиет екендігін айтады. Жақсы адамдармен қарым-қатынасқа түсу де оңай, сөйлесу арқылы тәрбиелік ықпал алып, жадырап қалатыныңды айтады. Сонымен қатар, жақсы жігіттің қашанда өз ағаңдай қамқорлығын сезінесің, сөзінде тұратын, адалдығы мен өзгелерге шапағатын тигізіп жүреді. Оның мұндай пайдалы кеңестерін барша жұрт пайдаланады, әйтсе де, көзі соқыр, көкірегі көр адамдар соның өзінде дұрыс жолын таба алмай адасып жүреді дегенді айтады. Ол турады көзқарастары: *«Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады, қыранның қырдан байқар баласындай. Жаман парқы жақсымен бірдей емес, жақсы жігіт елінің ағасындай. Жақсының сөзін әркім пайдаланар, Миуалы алма, өріктің ағашындай, Жаманның көкірегі- көр, көзі -соқыр, жүрер жолдан тал түсте адасып -ай* »,- деп жырға қосады. Бұл бүгінгі педагогика ғылымындағы тәрбие үрдісінің екі жақтылық сипатын аша түседі. Өйткені, тәрбиені ұғып, ниет етіп отырған бала өсиет пен өнегелі насихатты құлағына құйып алып, өз әрекетінде басшылыққа алса, кейбір тәрбиелік насихатты қабылдамай бос әуре етер жастардың да баршылық екенін қынжыла айтады.

1465-1560 жылдар аралығында өмір сүрген Шалкиіз (Шалкиіз Тіленшіұлы) жыраудың қазақ ауыз әдебиетіндегі рөлі үлкен. Ол үш айлығында анасынан айрылады да, тәрбиеленуге нағашы әжесінің қолына беріледі. Отбасы жылылығы мен туыстар татулығын толық көре алмаған жырау осы бостықты толықтыру мақсатында көпшілікке тәлім-тәрбиелік насихатын жырлары арқылы жеткізіп, адамдық қасиеттер мен өмірде қажетті әрекеттерге талдау жасау арқылы ойын жеткізіп отырады. Мысалы, оның *«Жақсының жақсылығы сол болар, жасанменен бас қосып, Сөйлемекке ар етер; Жаманның жамандығы сол болар, Сөйлесе дәйім бетін қара етер; Бір жақсыға басың қосып сөз айтсақ, Сол жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер, Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң, Сол жаман сырың сақтамай, Әрдайым дұшпаныңа әр ісіңді қор етер»,* - деп жақсы мен жаман арасындағы қарым-қатынастың соңы немен тынарын адамгершілік тұрғысынан талдау жасап түсіндіреді [5, -39 б.].

Сонымен қатар, өзі жалғыздықтың қиыншылығын көп көргеннен кейін тәрбиеде де осы ойды назардан тыс қалдырмай, отбасы тәрбиесінде балалардың көп ағайынды болғанын мақұл көретінін айтады. Оны: «*Артыңда туысқанның көбі игі, Күндердің күні болғанда, Қырға шықпас жаманның, Барынан да жоғы игі*» деген жырлар қатары арқылы көрсетеді. Осындай игі ойлары арқылы жалғыздың үні шықпайтынын білген жырау жақсы туса көп болып туылғанын, ал жаман тіпті өмірге келмесе де болады дегенді меңзейді.

Сонымен қатар, Шалкиіз жырау баланың қалыптасуына әртүрлі факторлардың ықпал ететіндігін де өте жақсы түсініп, оны отбасы тәрбиесінен бөлек қарастырады. Себебі, отбасында өскен балалар оның тегіне қарамастан, әртүрлі болып өсетінін оның ортасына, басқа да факторлар әсерінен деп біледі. Бұл жөніндегі көзқарасы бүгінгі педагогика ғылымында айтылып жүрген тәрбие теориясы тұжырымдарымен астасып, мәні жағынан тең түсіп жатыр. Мысалы оның: «*Айырдан туған жампоз бар, Жүгін нарға салғысыз. Арғымақтан туған будан бар, Күнінде көрінім жерді алғысыз. Жаманнан туған жақсы бар, адам айтса нанғысыз, жақсыдан туған жаман бар, Күндердің күні болғанда, бір аяқ асқа алғысыз»,* - деп бір анадан ала да, құла да туады дегенді айтпақ болғанын көреміз. Сонымен бірге, бұл балалардың әртүрлі болып өсуімен қатар, олардың жеке қасиеттері мен іс- әрекеттерінің де әртүрлі болатындығын, сондықтан ол отбасының басшысы ақылды да талапшаң болғанда ғана ынтымақтың болатынын айтады. Күндердің күнінде сол отбасы ынтымағын орнатып, балалар басының бірлігін қамтамасыз етуші адамның дүниеден өткен кезінде балалардың шын мәніндегі тәрбиесі мен тегі көрініп қалатындығын жырлары арқылы сипаттайды.

Шалкиіз сол қоғамдағы қазақ халқында жиі кездесетін ағайынгершілік пен туыстар арасындағы қарым-қатынас дәстүрлерін, сондай-ақ, ағайын арасындағы жағымды, жағымсыз тұстарын да таразылай отырып, салыстырмалы түрде сипаттайды. Жақсылықтың болған жерінде күндеу мен қызғаныштың міндетті түрде болатындығын өзгелерден емес, ағайындар арасынан да күтуге болатынын «*Ағайынның ішінде бір жақсысы бар болса, Қоңқалаған көп жаман, сол жақсыны көре алмас. Қиын қыстау кез келсе, Бағанағы жақсысын, қос арғымағын қолға алып, күнінде іздесе де*

таба алмас»,- деп сипаттайды. Мұндай сын ескертпелер бүгінгі күні де қазақ қоғамында өзекті мәселелер қатарынан түскен емес. Олай болса, отбасы тәрбиесі жағдайында баланы жастайынан кеңпейілділік пен жан тазалығын қалыптастыру атадан мұра болып келе жатқан тәлімдік өсиет екенін ұмытпаған жөн.

Ата- бабаларымыздан келе жатқан тұлғаның кемелділігін сипаттайтын қасиеттердің бірі ретінде оның сөз саптауы мен мінезіндегі ұстамдылығы. Осындай көзқарастар жыраулардың жырларынан да көрініп отырады. Мысалы Шалкиіз жырау адамды жақсылыққа, немесе араздыққа алып келетін қасиет бұл адам тілінен деп біледі. Ол туралы ойларын: *Жапалақ ұшпас жасыл тау, жақсылардың өзі өлсе де сөзі сау. Ойлап тұрсам жаманның, жалаңдаған өз басына тілі жау. Дүбір-дүбір шу көрген, Түлкішек түлкің жетер басыңа-ай, Түлкідей құйрық тастаған, жаман пиғылың жетер басыңа - ай,* - деген қатарлары арқылы береді. Жырау мұндай ойлары арқылы әсем сөз адамдар арасын жалғап, ынтымақтың, татулықтың нышаны болар құрал деп білсе, әсем сөйлеу де тәрбиесінің көркемдігінен хабар беретін қасиет екендігін ескертеді. Осындай көркем сөзді адамдармен қарым-қатынас жасаудың өзі тәлімдік ықпал ететінін айта отырып, тілінен у шашырап тұратын «жаман» адамдар қашан да ортасында керексіз, әрі жанжалдың көзі ретінде шеттеп жүретінін яғни қоғамда оларды жақсы қабылдай бермейтінін айтады. Бұл көзқарастар мен ойлар қоғамымыздың бүгінгі дамуында өте өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Себебі, бүгінгі нарық заманында адамдардың рухани құндылықтарынан көрі материалдық байлықты қажет етіп отырған кезеңінде бұл жастар тәрбиесінде қолданылар және әрбір отбасында айтылып отыратын насихатқа айналмақ.

Қазақ халқының тағы бір ақиық ақыны, жырауы Ақтамберді жырау (1675-1768). Ақтамберді жыраудың жырларындағы педагогикалық көзқарасының өзегі отбасында баланың көп болуын қалайтынын баян етеді. Оны өзінің басынан кешкен жалғыздықтан көрген қиыншылықтары арқылы сипаттай отырып, қазақ қоғамында жалғыздыққа байланысты кездесетін кедергілерді айтады. Сөйтіп, көп ағайынды болғанның артықшылығын сипаттайды. Осы тұста ғалым Әбуали Қайдар өзінің «Қазақ қандай халық?» деген кітабында «...қазақта бір тұқымнан тараған әулеті неғұрлым көп болса, халықтың ішінде ең күштісі сол, өйткені, ол қажет болған жағдайда әділдік орнына да, қорғануға да өз әулетінің күшін жұмсай алады. Сондықтан қазақтарды бір іске итермелеу керек болса, мұндайда, ханның келісімінен гөрі өскен -өнген әулеттердің басшы адамдарының айтқаны өтімді»- деп отбасында көп балалы және олардың барлығының өз ортасында жоғары беделді болуы үлкен күш екендігін сипаттайды. Сондықтан отбасы тәрбиесінің тиімділігі ондағы баланың көптігінде дегенді айтады [6].

Ақын Ақтамберді: *Атадан алтау туғанның, жүрегінің бастары, алтынменен бу болар. Атадан жалғыз туғанның, жүрегінің бастары, сары да салқын су болар, жалғыздық сені қайтейін,* - деп, әрбір қазақ отбасы үшін жалғыз баласы бардың болашағы қиын болады дегенге келтіреді. Себебі, қазақ қашан да көптеп өніп-өскенді қалайтын халық емес пе? Содан болар халқымызда балалардың көптігі берекенің молдығымен байланыстырылған. Мұндай ойларды көп балалы отбасындағы шаруашылықтың бөлінуімен, өзара әрекеті қарым-қатынастың орнауымен, ата-аналарға қолқанат болар көмекшілердің табылуымен, тіпті, дау-жанжалда да олардың даусының басымдығымен байланыстыра сипаттап, былай дейді: *«Жел, жел өсер, жел өсер, жекендейтін саусылдап, Ораздының ұлы өсер, өрісінде малы өсер, ағайыны тел өсер, бақыт қонса басына, жақсылармен тең өсер. Баласы өсіп жетпесе, сөзі көпке жетпесе, жалқұйрықсыз жалғыздар, олай - бұлай боп кетсе, әкесі сорлы қор болар».*

Мұндай пайымдаулары арқылы ақын жалғызы бардың шығар-шықпас жаны бар екендігін, сонымен тұрмай көптің алдында сөзі де өтімсіз, әлсіз болатынын айтады. Өйткені, қазақ көп ағайыннан өніп-өскен отбасын қашанда өнеге еткен. Сондықтан жалғыздық тек құдайға ғана жарасқан деп, адам баласының көптігін мақұл көрген. Көптің бір-біріне қолқабыс етер сүйеніші мен жұбанышын былай қойғанда сөзін сөйлетер қолдаушылары әділ шешен болса да жалғызға дес бермейтінін меңзейді.

Жалғызға көптің күші жетіп, оны қорғайтын, сұрайтыны жоқ адамға әркімнің де әлімжеттілік жасайтынын *«Жағама қолдың тигенін, жалғыздық сенен көремін. Жамаулы киім кигенім жарлылық, сенен көремін, атадан тудым жалқы боп, жақыннан көрдім талқы көп, жасым жетпей онбеске, қорғайтын жан адам жоқ»,*- деп жалғыздықта көрген қорлық пен зорлыққа шыдас беру арқылы ерлікке, батылдық пен табандылыққа жетуге болатынын айтады. Өзінің өмірі мен қиыншылықтарын кейінгі ұрпаққа сипаттай отырып, жеткен жетістіктерінің бәрі же жалғыз жүріп өзін өзі қорғаудан туғанын, соның салдарынан түпкі мақсаты мен тілегіне жетсем деген арманының орындалуына талпынысы екенін айта отырып, жастарға ниет пен тілектің ізгі болуын кеңес береді. Адам өз арман тілегіне ұмтылыс кезінде адал болса, ниетіне сөзсіз жететінін айтып сендіреді.

Ақтамберді жырау отбасы тәрбиесінің тиімділігі мен бақыты отбасындағы ерлі-зайыптылардың өзара түсіністігі деп біледі. Ал ол, алған жарыңыздың мінезі мен тәрбиесіне тікелей байланысты деп тұжырымдайды. Ол: *«Мінезді болса алғаның, одан артық жар бар ма, екі жаман қосылса, күнде жанжал, күнде шу, ұяларлық ар бар ма. Білімді туған жақсыға, залал қылмас мың қарға, жаман туған жігітке, рақатты күн бар ма, өз мінін білген жігіттің, тәліміне мін бар ма»*- деген жырлары арқылы жар таңдаудағы жақсы мінезді жар мен тәрбиеліліктің пайдасы туралы ойларын бөліседі. Сонымен қатар, өнегелі отбасындағы бала ата-ана өнегесін көріп өсіп, оның тәлімдік ақыл кеңесінің арқасында білімді де тәрбиелі болып өсетінін айта отырып, адамгершілікті іс-әрекеттен соң үнемі ұмытылмас өнеге қалатынын, ал өз қамы мен тіршілігі үшін күнелту жағдайындағы әрекеттер мен қарым-қатынастан ештеме ұрпаққа қалмайтындығын келер ұрпақ білсе екен деген оймен насихат етеді. Оны: *«Ағайының көп болса, ұлы шерік қолмен тең, білімді туған жақсылар, аз да болса көппен тең. Жақсысы кеткен ауылдың, артынан жақсы шықпаса, өртеніп кеткен жермен тең»*- деген өлеңдер қатары арқылы келтіреді. Ақын мұндай ойлары арқылы отбасында баланың көп болғанын қалайды, әйтсе де, көп саны жағынан басым болғанымен ол білімсіз болса, ондай көптің дәрменсіздігін белдіреді, ал аз да болса білімді адамдардың болуын үлкен күш деп санайтындығын айтады. Олай болса, тәрбиеде қол жеткізер жетістігіміз баланың сауатын ашу мен оның қабілетін көтеру болмақ екеніне кеңес береді. Білімді басшы немесе көзі ашық, көкірегі ояу бай ғана өз халқының тағдыры мен жағдайын жанашырлықпен ойлайтын болады деп тұжырым жасайды. Ақылсыз да білімсіз байдың халқы мен жұртының жақсы атының шықпайтынын, яғни келер ұрпаққа өнеге қалдырар ештемесінің болмайтындығын ескертеді. Осылайша ақын отбасын басқару, елді басқару саясатының бірдей ортақ заңдылыққа бағынатынын, ол қашанда біліммен, зеректік пен талаппен байланысты анықталатынын баяндайды.

Бұл жоғарыда қарастырған ақындар мен жыраулар көзқарасындағы педагогикалық ойларын тұжырымдай келе, олардың бәріне ортақ көзқарас тәрбие бастауының көзі отбасы деп білетіндігінде екендігін көреміз. Отбасы тәрбиесінің тиімділігі мен нәтижесі әрдайым ондағы әйелге байланысты болатындығын аңғарамыз. Отбасындағы бала тәрбиесі ғана емес, ері мен әйелінің бір-бірінің арасындағы ынтымақты қарым-қатынасы әйелдің ақылы мен тәрбиесіне байланысты деп тұжырым жасайды. Отбасы өнегесі ондағы бала тәрбиесіне ықпал етеді. Сондықтан ақындар бала тәрбиесін өз заманына лайықты қалыптастыру үшін қажетті қасиеттерді ерекшелеп көрсетіп, оларға сипаттама береді. Ал, біздің міндетіміз ата-абаба мұраларын тәрбиеде ескере отырып, ұлттығымызды сақтау болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Уалиханов Ш. Шығармалар жинағы. - Алматы, 1961. − 5 т. - 89 б.
2. Бес ғасыр жырлайды: екі томдық. − Алматы: «Жазушы», 1989. - 496 б.
3. Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. – Алматы: Білім, 2000. – 248 б.
4. Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің. - Тараз, 2007. -195 б.
5.VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. − Алматы: Мектеп, 1989. - 278 б.
6. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? - Алматы: Дайк-Пресс,2008. - 652 б.

Әуелбеков Өмірлан Әуелбекұлы
ф.-м.ғ.к., қауым.профессор м.а., omirlan@mail.ru
Маханова Айгуль Сейсенбаевна
оқытушы, ai.aman.19@mail.ru
Жақай Арай
магистрант, forever_0694@mail.ru

«АЛГОРИТМДЕУ МЕН ПРОГРАММАЛАУДЫ» ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

Түйін. *Жалпы білім беру мекемелерінде информатиканы оқыту әдістерін таңдауда, жалпы білім беру курсының негізгі мақсаты – белгілі бір ойлау стилін қалыптастыру, жалпы білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, нақты программалау тілімі мен программалаудың техникалық құралдарын меңгерумен тығыз байланысты екендігін есте ұстау керек. Сонымен қатар, алгоритмдеу мен программалау курсы жоғары оқу орнында оқытылатын программалау курсының негізі болу керек. Бүгінде программалауды оқытудың кең тараған үш түрлі жолы бар, оларға: программалауды теориялық пән ретінде оқыту, мұнда нақты тілдер мен жүйелер меңгерілмейді. Екіншісі, программалаудың негізгі дағдыларын оқытуға бағытталған арнайы тіл негізінде оқыту. Ал соңғысы, ғылыми және шаруашылық мәндеттерді шешуде қолданылатын бір немесе бірнеше программалау тілін меңгеру. Осы мақалада алгоритмдеу мен программалауды оқытудың әдістемелік жүйесін қарастыратын боламыз.*

Түйін сөздер: *алгоритмдеу, программалау, әдістемелік жүйе, программалауды оқыту, программалауды оқыту әдістері..*

Резюме. *Выбирая стратегию преподавания информатики в школе, необходимо учитывать, что задача общеобразовательного курса - это в большой степени выработка определенного стиля мышления, формирование наиболее общих навыков, умений и представлений, нежели освоение тех или иных конкретных языков и технических средств программирования.*

В то же время такой курс должен служить базой для последующего профессионального изучения программирования в высшей школе или старших классах средней школы, а именно в рамках профессионального обучения.

В настоящее время существуют три наиболее распространенных подхода к преподаванию программирования: преподавание программирования как теоретической дисциплины вообще, без освоения конкретных языков и систем; преподавание на основе специально разработанного языка, ориентированного на обучение основным навыкам программирования; изучение одного или нескольких языков программирования, широко используемых при решении научных и хозяйственных задач. В этой статье мы будем рассмотривать именно этих методических подходов преподавания алгоритмизации и программирования.

Ключевые слова: *algorithmization, programming, methodical system, teaching programming, methods of teaching programming.*

Summary. *Choosing the strategy of teaching computer science at school necessary to take into account that the task of the general education course. They are largely the development of a certain style of thinking, the formation of the most common skills and ideas, rather than mastering specific languages and technical programming. At the same time, such a course should serve as a basis for further professional study of programming in high school, namely in the framework of vocational training.*

Currently, there are three most common approaches to teaching programming: teaching programming as a theoretical discipline in general, without mastering specific languages and systems; teaching based on a specially developed language, focused on teaching basic programming skills; the study of one or more programming languages widely used in solving scientific and economic problems. In this article, we will consider exactly these methodical approaches of teaching algorithmization and programming.

Keywords: *research competence, formation, teaching, pedagogical education, learning objectives.*

Қоғамды ақпараттандыру мен онымен байланысты қоғамдағы түрлі өзгерістер болашақ информатика пәні мұғалімдері мен сол сала мамандарын даярлауда өзіндік ерекшеліктерді енгізуді талап етеді. Информатиканы оқыту облысында мамандарды даярлау мәселесі Информатика пәнінің жаңартылған мазмұнмен оқытыла бастауымен тығыз байланысты.

Жаңартылған мазмұндағы білім беруді информатиканың негізгі және анықтаушы бөлігі ретінде қарастыра отырып, осы пәннің нұсқаулықтары мен оқу жоспарларын зерттейтін боламыз. Ол өз кезегінде тоғыз пәндік облысты бөліп қарастырады Белгілі авторлардың зерттеу жұмыстарын ескере отырып, осы тоғыз пәндік облысты сәйкес сипаттамаларымен, программалауды оқыту мақсаттарын келтірейік.

1. *Алгоритмдер және деректер құрылымы.* Мұнда есептердің арнайы класстары қарастырылады, олардың көпшілігі ақпараттық модельдер, берілгендерді ұйымдастыру, олардың берілгендерді өңдеу алгоритмдермен байланысын көрсететін типтік құрылымдар. Мұндағы маңыздылары тиімді шешімді табу, берілгендермен жұмысқа тәуелді күрделілікті бағалау әдістері.

2. *Сәулет.* Бұл сенімді және тиімді есептеу құралдарын ұйымдастыру әдістері, ауқымды есептеу жүйелерін жобалау мен басқару әдістері, бағдарламалық-аппараттық құралдар мен таратылған есептеу жүйелерін құру әдістерімен байланысты пәндік облыс. Сонымен қатар, мұнда компьютерлік сәулетті құру мәселелері, атап айтқанда параллельді суперкомпьютерлер кіреді.

3. *Жасанды интеллект және робототехника.* Мұнда тірі ағзалардың (ең алдымен - адамдардың) әрекетін орындайтын машиналар құру мен бағдарламалық процессорлар кіреді. Осы модельдердің негіздеріне олардың қызмет көсетуі, логикалық қорытынды жасауы мен дедукция, үлгілерді тануы, білімді ұсынуы, шешім қабылдау әдістері кіреді.

4. *Мәліметтер қоры мен ақпаратты іздеу.* Мұнда үлкен көлемді ақпаратты сақтау мен ұйымдастыру мәселелері, олармен тиімді және қауіпсіз (қолжетімділік, жаңалау, өзектендіру, қауіпсіздік пен түрлі мағынадағы ақпаратты қорғау) жұмыс істеу алгоритмдері, ақпараттық байланыстар мен қатынастарды ұсыну әдістері, ақпаратты бөліп сақтау мәселелері қарастырылады.

5. *Адам-машина әрекеттестігі.* Мұнда адам мен машина арасындағы тиімді және ыңғайлы ақпарат алмасудың мәселелері, ақпаратты адами факторды ескере отырып ұйымдастыру, визуалдау және тұлғаландыру (ақпараттың адам сезімдеріне бейімделуі), сонымен қатар, дыбыстау графикасының машиналық жүйесі кіретін әдістер жатады.

6. *Сандық және таңбалық есептеулер.* Мұнда компьютерлерді математикалық модельдеуде тиімді және дұрыс қолдану мәселелері негізгі болып табылады. Атап айтқанда, математикалық алгоритмдерді жүзеге асыру тиімділігі, есептеу дәлдігі, математикалық бағдарламалар пакетін қолдаун, компьютерлік алгебра және аналитикалық пен есептеу жолдарының үйлесілімділігі жатады.

7. *Операциялық жүйелер.* Ресурстар координациясының механизмдері мен программаның орындалуы барысындағы олардың қолданушымен өзара қарым-қатынасы, көп процессорлы ортада ресурстарды бөлу стратегиясы, бөлінген есептеулерді қолдау жолдарын ұйымдастыру.

8. *Программалау тілдері.* Мұнда программаны сипаттау үшін таңдалық жүйелерді құру мәселелері, олардың синтаксисі, семантикасы мен прагматикасы, оларды жүзеге асырудың (трансляция мен интерпретация), кеңейту механизмдері мен қолданушы қажеттілігіне сай келетін адекватты программалау тәлдерін құру әдістері жатады.

9. *Программалау әдіснамасы мен технологиясы.* Мұнда негізгілер ауқымды программалау жүелерін жобалу және құру, олардың тиімділігін, қорғалуы мен сенімділігін қамтамасыз ету, дұрыстығын тексеру, қасиеттерін бағалау мен аттестациялау болып табылады.

Мұнда ең бастысы болып үлкен программалау жүйелерін спецификациялау, жобалау және құру мәселелері, олардың тиімділігін, қорғалғандығын, сенімділігін, дұрыстығын, бағалау қасиеттерін қамтамасыз ету. Информатика пәні мұғалімінің жұмысы мен қызметіне қажетті оқытудың педагогикалық технологиялары облысындағы білімдер информатика пәні мұғалімінің біліктігімен анықталады. Сондықтан информатика-математика бағыты бойынша мамандарды даярлаудағы программалауды оқытудың мақсаттары білім алушылардың талабына сай келетін күрделі бағдарламалық өнімдерді зерттеу мен жасау облысындағы білімдер болып табылады.

Оқыту мақсаттарын анықтау осы бағыттағы мамандардың нақты тәжірибелеріне негізделеді. Маман арнайы кәсіби білімдер мен біліктерге ие болуы керек, олар программалауды үйретудің оқыту мазмұнының инвариантты және вариативті құрауыштарына тәуелді. Программалаудан білім, білік және дағыдылар білім беру мазмұнының инвариантты бөлігіне қатысты, олар информатика мұғалімдері мен информатика-математика саласындағы мамандарға ортақ болып табылады. Осы бөлікке қатысты негізгі білік, білім және дағдыларға тоқталып өтелік.

Информатиканың іргелі түсініктерін білу: ақпарат, мәліметтер құрылымы, алгоритм, математикалық, ақпараттық және компьютерлік модельдер, программалау тілдері.

Есептеуіш жүйелер көмегімен ақпаратты ұсыну, тасымалдау, сақтау және өңдеуге қатысты теориялық сұрақтарын білу.

Алгоритмдеу мен программалаудың негізгі қағидаларын білу және орташа деңгейдегі күрделілікпен берілген есептерді программалаудың практикалық біліктері.

Белгілі бір берілген уақытта жұмыс жасайтын және жақсы құжаттанамамен қамтамасыз етілген программаларлы құра білу.

Программаны ұйымдастырудың тиімділігін, логикалық және функционалды ұйымдастырылуын анықтай білу.

Құралдық педагогикалық бағдарламалық құралдарды сауатты қолданып қана қоймай, оларды операциялық ортаның мүмкін өзгерістеріне бейімдей білу.

Есептеу жүйелерінің архитектурасы мен есептеуіш машина архитектурасын, есептеуіш техниканың текникалық мүмкіндігіне қарай қолдана білу.

Бағдарламалық қамтамамен және мәліметтер қорын қолдану, компилятор мен интерпретатор, эксперттік жүйелермен байланысты теориялық сұрақтарды білу және сәйкес бағдарламалық қамтаманы қолдана білу.

Электронды есептеуіш машинада қолданбалы есептерді шешу үшін бағдарламалық қамтамаларды қолдана білу.

Қандай мәселелер компьютер көмегімен шешілетінін, олардышешу үшін қандай құралдар қажет екендігін білу.

Программалау тілдерінің даму тарихын, олардың информатика курсының басқа да пәндермен байланысын, олардың даму перспективасын білу.

Білім берудің қажеттіліктеріне сай өзгеретін алдын-ала алынған білімдерге бейімделе білу.

Программалауды оқыту әдістемесі облысында өз білімін жетілдіру мақсатында жеке жұмыстарды ұйымдастыра білу.

Білім беру мазмұнының вариативті бөліміне сәйкес келетін программалау бойынша білім, білік және дағдылар дайындау бағытына тікелей байланысты. *Информатика мұғаліміне қажетті программалау бойынша білім, білік және дағдыларды қарастырайық.*

Мектеп компьютерінің мүмкіндіктерін, мектептің жергілікті желісін ұйымдастыру мен оның қызмет етуін егжей-тегжей білу.

Оқу үдерісінде жергілікті жеоіні тиімді қолданудың практикалық тұрғыдан білуі.

Программалаудың ғылыми теориясының кейбір бөліктерін түсіне білу, оларды дидактикалық тұрғыдан оқу пәнінің бөлігіне айналдыра білу.

Оқу пәнінің мазмұнын білу және компьютерлік сыныпта программалауды оқыту үдерісінде бағдарламалық құралдарды, оқу және әдістемелік қамтаманы қолданы білу білігі. Жеке және топта орындалатын жұмыс нәтижелерін бағалай білу. Информатика бойынша педагогикалық, бағдарламалық құралдарды білу, осы бағдарламалау құралдарын оқыту барысында тиімді қолдана білу білігі.

Ақпараттық технологияны қолданып оқыту нәтижелерін бағалау білігі, оларды оқыту үдерісіні қарай түзетіп отыру.

Информатика облысындағы мамандарды даярлау кәсіби программистті әдістемелік және арнайы дайындау талаптарынан орын алады. Көп жағдайда кәсібилілік сөзі программалау облысында программисттің программалау облысындағы кәсіби шеберлігін, мамандық құралдарының көмегімен өзінің тұлғалылығын дамыту, кәсіби этиканы сақтауға байланысты қолданылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Нурбекова Ж.К. Психолого-педагогические аспекты обучения программированию. //Исследования, результаты, №3-4, 2003, С.84-86.

2. Әуелбеков Ө.Ә., Жақай А. Орта мектептің жоғары сыныптарында алгоритмдеу негіздерін оқыту әдістемесі. ҚазҰТЗУ Хабаршысы, 2017. - №1. – 44 бб.

3. Әуелбеков Ө.Ә., Жақай А. Информатика курсында алгоритмдеу мен программалауды оқыту әдістемесі Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігі бәсекеге қабілетті ұстаз қолында: жас ғалымдар арасындағы Республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. – Алматы,2017.- №13. – 265-267 бб.

Ахметжанова Гульмира Амангалиевна
ә.ғ.м., «Қазақ және шет тілдер»кафедрасының аға оқытушысы, Тұран университеті,
Алматы қ., sunny.akhmetzhanova@mail.ru

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ КОМУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТІ: ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Түйін: *Мақала комуникативтік құзіреттілік тұжырымдамасын анықтау, оның құрамдас бөліктерін анықтау, комуникативтік дағдылар кешені, осы тұжырымдаманы қалыптастыру және дамыту, отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектерінің негізінде және басылымдарды талдау мәселелеріне байланысты зерттеуге арналған.*

Кілттік сөздер*: комуникативтік мәдениет, әлеуметтік мәдениет, қарым-қатынас, комуникативтік дағдылар, комуникативті құзіреттілік.*

Резюме: *Статья посвящена исследованию проблем, связанных с определением понятия общения, определением понятия коммуникативной компетентности, выделением ее составляющих, определён комплекс коммуникативных умений, исследованием условий формирования и развития данного понятия, на основе научных трудов отечественных и зарубежных авторов, анализа периодичных изданий.*

Ключевые слова: *коммуникативная культура, социальная культура, общение, коммуникативные умения, коммуникативная компетентность.*

Summary : *The article is dedicated to the research of the problems related to the definition of the concept of communication, to the definition of the concept of communicative competence, dividing their constituents, research of conditions of formation and development of this concept on the basis of scientific works of Russian and foreign authors and the analysis of periodic publications.*

Keywords: *communicative culture, social culture, communication, communicative competence.*

Кең түрде алғанда мәдениет сөзі адамдардың материалдық және рухани шығармашылығының біртұтастығы ретінде қарастырылады. Әлеуметтанушылардың бір қатары қоғамдық байланыстардың ішін реттейтін, жүйе ретінде әлеуметтік мәдениетті анықтайды.

Коммуникативті мәдениет – әлеуметтік мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылатын күрделі феномен. Адамның негізгі қажеттіліктіліктерінің бірі болып табыла отырып, қарым-қатынас көптеген қажеттіліктердің оның кез келгенінде коммуникативті бөлшек табылатын басқадай дамуды айқындайды [3].

Коммуникативті мәдениеттің даму деңгейі қарым-қатынаста (қарым-қатынастың барлық нұсқаларын қабылдау ретінде) құзіреттіліктің дәрежесін анықтайды. Ережедегідей өзара байланыс осы байланыстың екі бағыттағы көрінісі ретінде тікелей сипаттамасын айқындайды: мәдениеттен қарым-қатынасқа және қарым-қатынастан мәдениетке.

«Қарым-қатынас» ұғымында жалпы қолдану қажеттілігінде де, ғылыми зерттеулерде де, аталған феномен бірқатар мазмұнға енгізіледі.

Мұндай фактіні әртүрлі этностар мен мәдениеттерді, әлеуметтік топтар мен ұжымдардың қарым-қатынасын, тұлға аралық және ісерлікті өзіне енгізетін, күрделі көпдеңгейлі үдерісті көрсетеді, адамдардың арасында әртүрлі байланыстар мен қатынастарды, қарым-қатынастарды қалыптастырады.

Қазіргі уақытта аталған феноменді толықтай сипаттайтын немесе «қарым-қатынас» терминінің әртүрлі анықтамасы бар. Егер жалпы психология көзқарасы тұрғысынан қарым-қатынасты қарастыратын болсақ, Б.Ф.Ломов адамның басқа адамдармен өзара әрекеттесуінің өзіне тән түрі ретіндеиқарым-қатынас үдерісінде көрсетеді, әрекеттердің өзара алмасулары, олардың тәсілдері мен нәтижелері, көрсетулері, қондырғылары, мүдделері, сезімдері және т.б. іске асырылады [3].

Қарым-қатынастардың әлеуметтік-психологиялық ұғымын аша отырып, Б.Д. Парыгин ақпараттық үдеріс ретінде, индивидтердің өзара әрекеттесу үдерісі ретінде, және де олардың өзара ықпалдасуы ретінде, бір-бірін өзара түсінісуі ретінде біруақытта кірісе алатын, жай емес көпжоспарлы үдеріс ретінде қарым-қатынастар сипатталады [6].

Әлеуметтік психологияның өзіне тән мәселесі болып табыла отырып, қарым-қатынас әртүрлі психологиялық пәндерді зерттейді.

Мұндай инженерлік психология ретінде – күрделі техникалық жүйелерді басқару кезінде, ақпараттық адамдардың өзара әрекеттесу үдерісі; медициналықта – дәрігердің пациентпен қарым-қатынас мәселелері; еңбек психологиясында – коллегиальды қызметтердің ерекшеліктері зерттеледі және т.б.

Психологиялық пәндерге негізделетін, қарым-қатынастардың аспектілерін қарастыра отырып, әртүрлі авторлар тұтастай емес, әрқашанда негізді емес ережегідей, қарастырылатын ұғымға сәйкес келетін анықтауларды береді [10].

Қарым-қатынастардың әлеуметтік-психологиялық мәселелерді зерттеуден соң кең көлемде: қарым-қатынастардың вербальды және вербальды емес тәсілдерінің мәселелері, тұлғалардың психикалық үдерістері мен сапалары динамикасының ерекшеліктері, ұжымдық қызмет жағдайындағы өзіне тән қарым-қатынастары, субъективті-тұлғалық қатынастардың мәселелері және олардың тұлғаларды қалыптастыруда және дамытудағы ролі қарастырылады және басқалары.

Біздің көзқарасымыздағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстары ретінде қарым-қатынастардың күрделігі және көп қырлылығы – қарым-қатынастардың қызметтерінің, қарым-қатынастар мен қызметтердің ара қатынасы, әлем мен адамның байланыстары жүйесіндегі қарым-қатынастардың орны ретінде, алайда мұндай мәселелерді, тек ұғымның өзі ғана емес, даулы мәселелерді де, біздің көзқарасымыздағы психологиялық құбылыстар болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдаулар қарым-қатынастар үдерісінде іске асырылатын, қатынастардың екі түрін белгілеуге мүмкіндік береді: қоғамдық және тұлға аралық. Соңғы кезде В.Н. Мясищев психологиялық деп, ал Б.Ф. Ломов – тұлғалардың субъективті қатынастары деп атады. Г.М. Андрееваның растауы бойынша қарым-қатынастардың түбірі – индивидтердің өзіндік материалдық өмірлік қызметтерде екенін атап өтті. Қарым-қатынастар шын мәнінде адамдардың қатынастарының барлық жүйесі болып табылады [1].

Қатынастардың екі түрі – қоғамдық және тұлға аралық – адамдардың бірлескен қызметтері мен қарым-қатынастары үдерісінде іске асырылады, бұл жерде адамның әлеммен байланыстары жүйесіндегі қатынастардың орнын анықтайды.

Қатынастардың бірқатар ғалымдардың айтқанындай адамдық қызметтердің негізгі түрлерінің бірі болып табылады. Аталған мәселені қарастыра отырып, А.В.Мудрик педагогика көзқарасы тұрғысынан алғанда, қызметтердің ерекше түрі ретінде еркін қатынастарды негізделген түрде белгілеп көрсетеді [4].

Осыдан шыға отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: аталған көзқарас тұрғынан алғандағы нүктелердің бірде бірі қызметтер мен қарым-қатынастар арасындағы байланыстарға күдік ұялатпауы тиіс; барлығы да талдау кезінде бір бірінен оларды немесе басқа құбылыстарды бір бірінен бөліп алуға жіберілмейтіндігі мойындалады.

Қазіргі заманға сай психологиялық-педагогикалық ғылымдардағы тиісті бейнелеуді таба алмайтын, қарым-қатынастардың үдерісінде құзіреттіліктің даму мәселелеріне тоқталамыз.

Орыс тілінің сөздігіне қарай отырып, біз келесі құзіреттіліктің келесі анықтамаларын аламыз. С.И. Ожеговтың орыс тілі сөздігінде «Компетентті» мыналар қарастырылады 1) қандай да бір саладағы білімді, парасатты, беделді; 2) Құзіреттілікті меңгеруші. «Құзіреттілік» термині жеткілікті түрде білім мен тәжірибені меңгерген компетентті тұлғаны, бірқатар мәселелерді қарастырады [5].

Аталған ұғымдарды әртүрлі ғылыми зерттеулерде қарастыратын боламыз.

Құзіреттілікті тұлғалалардың даму үдерісінің көзқарас тұрғысынан қарастыра отырып, Ю.А. Конев оны келесі үлгіде анықтайды: құзіреттілік ретінде белгіленуі мүмкін, қабілеттердің даму деңгейін анықтайтын тұлғалық дамудың деңгейін қарастыратын, ерекшеліктерде тұлғалардың нақты сапаларын, тұлғалардың сапасы болып табылатын қасиеттердің тұлғалық маңыздылықтары болып табылады.

Құзіреттіліктің құрылымында Ю.А. Конев үш компонентті бөліп шығарады: білімді, қатынастарды (көңіл-күй саласы) және игерілген индивидтерді меңгеру. Құзіреттіліктердің әртүрлі аспектілерін талдай отырып, автор қызметтердің нақты шығуларымен байланысты, әртүрлі топтардың білімдерін, олардың қатынастары мен дағдыларына сәйкес келуін бөліп шығаруды ұсынады [2].

Қарым-қатынастардағы құзіреттілік ұғымын (перцептивті-бағдарланған ретінде сипатталған) әлеуметтік-психологиялық тренингтің теориялық негізделуімен байланысты анықтаған Л.А. Петровская.

Автор қарым-қатынастағы құзіреттіліктің негізгі сипаттамалар қатарын былайша бөліп таратады:

• субъект-нысандық сызбадағы (бұйрық түрі бойынша) қондырылатын қарым-қатынастар;

• қарым-қатынастардың өнімді және өнімсіз жақтарының бар болуы;

• қарым-қатынастар екі деңгейді біріктіреді: сыртқы, және ішкі, тереңдетілген [7]. Әдебиеттерге жүргізілген талдаулар жалпы құзіреттілік ретінде психологиялық-педагогикалық зерттеулерде анықталатын, коммуникациядағы адамның қабілетін айтуға мүмкіндік береді (Г.М. Андреева, А. Джекобе А.Б. Добрович, Н.В. Силкина). Жоғарыда айтылған зерттеулер келесіде былайша

қарастырылады: коммуникативті құзіреттілікті меңгеру үшін, адам белгіленген коммуникативті дағдыларды игеруі тиіс [1; 9].

Жалпы айтқанда коммуникативті құзіреттілік Л.А. Петровскаяның анықтамасы бойынша тиімді қарым-қатынастар үшін қажетті, әрекеттер мен дағдылардың бір тұтастығы ретінде қарастырады [7].

Л.А. Петровскаяның көзқарасын бөліп қарай отырып, коммуникативті құзіреттілікті қоғамдағы өмірдің нормалары мен ережелерін орындауға адамға мүмкіндік беретін коммуникативті дағдылар ретінде қарастырамыз [8].

Г.М. Андрееваның, Н.В. Силкинаның қарым-қатынастар тұжырымдамасына сүйене отырып, біз коммуникативті мәдениетті дамытуға өнімді қарым-қатынастар мен нәтижелерге қабілетті, тұлғаларды дамытуға және қалыптастыруға бейімделетін коммуникативті кешенді; тұлға аралық коммуникацияны; тұлға аралық топтық қарым-қатынастарды бөліп шығарамыз [1; 8]. Дағдының бірінші түрі өзіне рациональды және көңіл-күй ақпараттарын беруді, вербальды емес қарым-қатынас құралдарын пайдалануды енгізеді. Дағдының екінші түші өзіне қоршаған ортаны өзгерткен байланыстардағы интерпретацияға кері байланысты орнатуды көрсетеді. Үшінші түрі қарым-қатынаста және оны ұйымдастыруда енгізетін алдын ала дайындықсыз өзәне енгізетін әңгімелесушінің ұстанымымен сипаталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Андреева Г.М. Социальная психология / Г.М. Андреева.– М.: Аспект Пресс, 2002. – 364 с.

2.Конев Ю.А. Влияние коммуникативного тренинга на компетентность учителя в общении. 2003 г. - 260 с.

3.Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии / Б.Ф. Ломов. – М.: Наука, 1999. – 350 с.

4.Мудрик А.В. Общение как объект педагогического исследования / А.В. Мудрик. – В кн.: Проблемы общения и воспитания. Тарту, 1974, ч. 1.

5. Парыгин Б.Д. Основы социально-психологической теории М.: 1971.– 278 с.

7. Петровская Л.А. Компетентность в общении. Социально–психологический тренинг / Л.А. Петровская. – М.: Изд-во МГУ, 1989. – 216 с.

8.Силкина Н.В. Развитие гуманитарной культуры студента в образовательном пространстве вуза. Образовательная среда как фактор качественной профессиональной подготовки/ Материалы Всероссийской.//СГУПС, НТИ МГУДТ. – Новосибирск: Изд-во СГУПСа,2011. – 522 с, С. 163–167, С. 262–267.

9.Силкина Н.В. О подготовке кадров в системе дополнительного профессионального образования на примере атомного энергопромышленного комплекса Новосибирск: Изд-во СГУПСа ,2009. – Вып. 20. – 136 с., С. 57–65.

10. Чечулин А.А. Мир общения: Социально-психологический аспект / А.А. Чечулин. – Новосибирск: Сибирский хронограф, 1993. – 156 с.

УДК 373.13:51(574)

Ахметов Ж.У.
м.п.н. докторант, ahmetovzhalgas@mail.ru

Сеитова С.М.
д.п.н., профессор, Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова,
г. Талдыкорган, s.m.seitova@mail.ru

УСИЛЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ КУРСА «ТЕОРИИ ВЕРОЯТНОСТЕЙ И МАТЕМАТИЧЕСКОЙ СТАТИСТИКИ» С ПОМОЩЬЮ ЗАДАЧ СВЯЗАННЫХ С ПАРАДОКСАМИ

Түйін. *Бұл мақалада «Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика» курсындағы парадокстар арқылы білім сапасын арттырып, курстың кәсіби оқытылуын жүзеге асыру мәселесі қарастырылған. Ең әйгілі парадокстар және оның шешімінің жолдары берілген. Әлі де оны зерттеу қажеттілігі айтылады.*

Резюме. *В данной статье рассматривается проблема современного образования, как повысить уровень знаний, реализовать профессиональную направленность обучения курса через изучение парадоксов теории вероятностей и математической статистики. Статья раскрывает содержание понятия парадоксов, а также необходимость их изучения. Приведены самые распространенные примеры парадоксов и пути их решения.*

Summary. *In this article is considered the problem of modern education, how to increase the level of students' knowledge, how to realize the professional orientation of training course through study of paradoxes of theory of probability and mathematical statistics. The article reveals the content of the notions of paradoxes and also necessity to study them. In the article are given ubiquitous examples of paradoxes and their solution.*

Большую роль при изучении тем по теории вероятностей и статистики играют задачи. Отношения учащихся к процессу решения задач зависит от многих параметров: от условия задачи (абстрактная или связанная с жизненной ситуацией), от методов и способов решения этих задач и, др.

Практика показывает, что у учащихся появляется интерес, и они более активно включаются в процесс решения задач, если задачи по данным темам связаны с жизненными ситуациями.

Для более глубокого понимания теоретического материала, для развития мышления, необходимо:

- вовлекать учащихся в процесс решения этих задач;
- рассматривать несколько способов решения данных задач;
- рассматривать все события и делать проверку и др.

При организации процесса решения задач мы следуем принципу: «Лучше решить задач меньше, но более обстоятельно, чем много, но поверхностно»

Задачный материал по каждой теме должен быть подобран таким образом, чтобы его решение способствовало уяснению учащимися данной темы и новых математических идей, заложенных в ней; помогало осуществить повторение предыдущего материала на основе нового, решить старые задачи новыми методами; содержало бы в себе пропедевтику последующих тем курса.

Принцип профессиональной направленности обучения известен в педагогике более пятидесяти лет. В 60-е годы одним из наиболее значимых принципов вузовской дидактики провозглашался принцип связи обучения с практикой, практического опыта с наукой. Этот принцип представлял собой определенное сочетание принципа профессиональной направленности и принципа научности [1]. Реализация в обучении математике принципа профессиональной направленности имеет целью формирование математического аспекта готовности будущего специалиста к профессиональной деятельности. В содержание этого понятия можно включить следующее: развитие мышления и формирование профессионально значимых приемов умственной деятельности; обеспечение математического аппарата для изучения специальных дисциплин и профессиональной подготовки; методологическую подготовку к непрерывному самообразованию в области математики и ее приложений [2].

Парадоксы в теории вероятностей — различного рода парадоксы, возникающие в теории вероятностей из-за несовершенства аксиоматики, в частности из-за определения вероятности через вероятность, неопределённости понятия «равновероятные события» и иных пробелов в основаниях данного раздела математики [3]. Поэтому их изучение является очень важной составляющей образования будущего специалиста.

В теории вероятности парадоксы бывают двух типов: первый — когда существует строгое решение в рамках аксиоматики, просто оно не очевидно, и условия задачи таковы, что ведут интуитивное понимание условий в ошибочном ключе, примерами таких парадоксов являются — Санкт-Петербургский парадокс, Парадокс закона больших чисел Бернулли, Парадокс дней рождения; второй тип — парадоксы, которые основываются на неоднозначной интерпретации аксиоматики теории вероятности, её недоопределённости, которую отмечал еще Пуанкаре, их и можно назвать истинными парадоксами. Примеры истинных парадоксов: Проблема Монти Холла, Парадокс двух конвертов, Парадокс Хемпеля, Парадокс Бертрана. Ценность обоих типов парадоксов в том, что они помогают лучше понять суть теории, область её ограничения, глубже понять основания теории, и иногда исследование парадоксов вело к созданию отдельных разделов математики.

Приведем примеры некоторых из них.

Парадокс де Мере.

При четырех бросаниях одной игральной кости вероятность того, что по крайней мере один раз выпадет 1, больше 1/2. В то же время при 24 бросаниях двух костей вероятность выпадения двух единиц одновременно (по крайней мере однажды) меньше 1/2. Это кажется удивительным, так как шансы получить одну 1 в шесть раз больше, чем шансы выпадения двух 1, а 24 как раз в 6 раз больше 4.

Объяснение. Если правильную кость бросают k раз, то число возможных (и равномерных исходов) равно 6^k. В 5^k случаях из этих 6^k кость не ляжет на 6, и, следовательно, вероятнось выпадения по крайней мере один раз 1 при k бросаниях равна $(6^k-5^k)/6^k=1-(5/6)^k$ что больше1/2, если k=4. С другой стороны, величина $1-(35/36)^k$, которая получается аналогично, все еще меньше 1/2 для k=24 и превосходит 1/2 начиная с k=25 [4].

Парадокс дней рождения

Как вы думаете, сколько людей должно быть в определённой группе, чтобы по крайней у двоих из них дни рождения совпадали с вероятностью 100% (имеется в виду день и месяц без учёта года рождения)? Здесь и дальше имеется в виду не високосный год, т.е. год, в котором 365 дней. Ответ очевиден - в группе должно быть 366 человек. Теперь другой вопрос: сколько должно быть человек, чтобы нашлась пара с совпадающим днем рождения с вероятностью 99,9%? На первый взгляд всё просто - 364 человека. На самом деле достаточно 68 человек! То, что казалось практически очевидным, на самом деле очень далеко от истины [4].

Парадокс двух конвертов

Проводится лотерея. Предлагаются два конверта, в которых находятся две суммы денег, причём в одном из конвертов сумма отличается от суммы в другом конверте ровно в два раза. Никакие действия (измерительные и т.п.) совершать с конвертами нельзя. Можно лишь открыть один любой конверт и посчитать в нем деньги, после чего сделать выбор - взять этот конверт или взять другой конверт, чтобы получить большую сумму. В каждом последующем розыгрыше в конвертах находятся другие суммы, например 1 и 2, 5 и 10, 100 и 200, 560 и 1120 и т. д. в разной последовательности.

Предположим, что мы увидели в одном из конвертов x рублей. Тогда в другом может быть 0,5x или 2x руб. Таким образом, считая, что в другом конверте равновероятно находится либо 0,5x, либо 2x, определяем средний выигрыш в случае, если мы возьмём другой конверт: (0,5x+2x)/2=1,25x рублей (соответственно, разумнее выбирать именно его, хотя мы и не знаем, больше там денег или меньше), что противоречит интуитивной симметрии задачи [4].

Парадокс Монти Холла или Дилемма игрока

Вы участвуете в игре. Вам выносят 3 черных ящичка, в одном из них лежат ключи от машины/квартиры/дачи/сейфа, в двух других пусто. Первый этап, вы указываете на ящик. Тогда ведущий игры открывает один из двух невыбранных вами ящиков, причем обязательно пустой, и показывает, что он пуст, после чего предлагает снова выбрать уже из двух: остаться при прежнем мнении или указать на второй ящик.

Игрок уверен в себе и мнения не меняет, выбирая всегда тот же ящик, что и вначале. Но зря. Почему так? На первый взгляд, при первом выборе вероятность попасть в цель 1/3, а при втором среди оставшихся ящиков - 1/2, так что выбор можно делать произвольно.

На самом деле, когда вы делаете первый выбор, вероятность не попасть в цель 2/3, то есть вдвое выше. А потом ничего не меняется, только ведущий нам помогает и убирает лишний пустой ящик. А это значит, что ключи лежат в выбранном ящике с вероятностью все еще 1/3, а в последнем из двух невыбранных - все еще 2/3. Конечно, есть вероятность, а есть уверенность в правильном выборе, но, играя во что-то, нужно стремиться повысить свою вероятность, поэтому в описанной игре нужно отказываться от своего мнения и выбирать второй закрытый ящик [4].

Петербургский парадокс

Впервые этот парадокс был изложен в «Мемуаре», который знаменитый математик Даниил Бернулли представил Санкт-Петербургской Академии. Предположим, что я бросаю монету и согласен уплатить вам доллар, если выпадет орел. В случае же выпадения решки я бросаю монету второй раз и плачу вам два доллара, если при втором подбрасывании выпадет орел. Если же снова выпадет решка, я бросаю монету в третий раз и плачу вам четыре доллара, если при третьем подбрасывании выпадает орел. Короче говоря, с каждым разом я удваиваю выплачиваемую сумму. Бросать монету я продолжаю до тех пор, пока вы не остановите игру и не предложите мне расплатиться. Какую сумму вы должны заплатить мне, чтобы я согласился играть с вами в эту «одностороннюю игру», а вы не остались в убытке?

В ответ трудно поверить: сколько бы вы мне ни платили за каждую партию, пусть даже по миллиону долларов, вы все равно сможете с лихвой окупить свои расходы. В каждой отдельно взятой партии вероятность того, что вы выиграете один доллар, равна 1/2, вероятность выиграть два доллара равна 1/4, четыре доллара — 1/8 и т.д. В итоге вы можете рассчитывать на выигрыш в сумме (1 x 1/2) + (2 x 1/4) + (4 x 1/8) … Этот бесконечный ряд расходится: его сумма равна бесконечности. Следовательно, независимо от того, какую сумму вы будете выплачивать мне перед каждой партией, проведя достаточно длинный матч, вы непременно окажетесь в выигрыше. Делая такое заключение, мы предполагаем, что мой капитал неограничен и мы можем проводить любое число партий. Разумеется, если вы заплатили за право сыграть одну партию, например 1000 долларов, то с весьма высокой вероятностью вы эту партию проиграете, но ожидание проигрыша с лихвой компенсируется шансом, хотя и небольшим, выиграть астрономическую сумму при выпадении длинной серии из одних лишь орлов. Если же мой капитал, как это имеет место в действительности, ограничен, то и разумная плата за право сыграть партию также должна иметь верхний предел. Петербургский парадокс возникает в любой азартной игре с удваивающимися ставками. Подробный анализ этого парадокса приводит ко всякого рода тонким вопросам обоснования теории вероятностей [4].

Задача трех узников

Парадокс трех узников схож с проблемой Монти Холла, хотя действие разворачивается в более драматических условиях. Трое заключенных (А, Б и В) приговорены к смертной казни и помещены в одиночные камеры. Губернатор случайным образом выбирает одного из них и дает ему помилование. Надзиратель знает, кто из троих помилован, но ему велено держать это в тайне. Узник А просит стражника сказать ему имя второго заключенного (кроме него самого), который точно будет казнен: «если Б помилован, скажи мне, что казнен будет В. Если помилован В, скажи мне, что казнен будет Б. Если они оба будут казнены, а помилован я, подбрось монету, и скажи любое из этих двух имен». Надзиратель говорит, что будет казнен узник Б. Стоит ли радоваться узнику А?

Казалось бы, да. Ведь до получения этой информации вероятность смерти узника А составляла ⅔, а теперь он знает, что один из двух других узников будет казнен — значит, вероятность его казни снизилась до ½. Но на самом деле узник А не узнал ничего нового: если помилован не он, ему назовут имя другого узника, а он и так знал, что кого-то из двоих оставшихся казнят. Если же ему повезло, и казнь отменили, он услышит случайное имя Б или В. Поэтому его шансы на спасение никак не изменились.

А теперь представим, что кто-то из оставшихся узников узнает о вопросе узника А и полученном ответе. Это изменит его представления о вероятности помилования.

Если разговор подслушал узник Б, он узнает, что его точно казнят. А если узник В, то вероятность его помилования будет составлять ⅔. Почему так произошло? Узник А не получил никакой информации, и его шансы на помилование по-прежнему ⅓. Узник Б точно не будет помилован, и его шансы равны нулю. Значит, вероятность того, что на свободу выйдет третий узник, равна ⅔ [4].

Парадокс мальчика и девочки

Этот парадокс был также предложен Мартином Гарднером и формулируется так: «У мистера Смита двое детей. Хотя бы один ребенок — мальчик. Какова вероятность того, что и второй — тоже мальчик?»

Казалось бы, задача проста. Однако если начать разбираться, обнаруживается любопытное обстоятельство: правильный ответ будет отличаться в зависимости от того, каким образом мы будем подсчитывать вероятность пола другого ребенка.

Вариант 1

Рассмотрим все возможные комбинации в семьях с двумя детьми:

1. девочка/девочка
2. девочка/мальчик

3. мальчик/девочка
4. мальчик/мальчик

Вариант девочка/девочка нам не подходит по условиям задачи. Поэтому для семьи мистера Смита возможны три равновероятных варианта — а значит, вероятность того, что другой ребенок тоже окажется мальчиком, составляет ⅓. Именно такой ответ и давал сам Гарднер первоначально.

Вариант 2

Представим, что мы встречаем мистера Смита на улице, когда он гуляет с сыном. Какова вероятность того, что второй ребенок — тоже мальчик? Поскольку пол второго ребенка никак не зависит от пола первого, очевидным (и правильным) ответом является ½.

Почему так происходит, ведь, казалось бы, ничего не изменилось?

Все зависит от того, как мы подходим к вопросу подсчета вероятности. В первом случае мы рассматривали все возможные варианты семьи Смита. Во втором — мы рассматривали все семьи, подпадающие под обязательное условие «должен быть один мальчик». Расчет вероятности пола второго ребенка велся с этим условием (в теории вероятностей это называется «условная вероятность»), что и привело к результату, отличному от первого [4].

«Существуют три вида лжи: ложь, наглая ложь и статистика». Эта фраза, приписанная Марком Твеном премьер-министру Великобритании Бенджамину Дизраэли, неплохо отражает отношение большинства к математическим закономерностям [5]. Действительно, теория вероятностей порой подкидывает удивительные факты, в которые сложно поверить с первого взгляда — и которые, тем не менее, подтверждены наукой.

История развития теории вероятностей полна интересных парадоксов. В время занятий можно предложить студентам парадоксы теории вероятностей, различные попытки их решения, установление связей парадокса с окружающей действительностью, его влияния на развитие наук и их приложений.

Таким образом, в данной статье приведены сведения, которые иллюстрируют возможности включения математических парадоксов в процесс обучения теории вероятностей и математической статистики. Представленный материал может быть использован на занятиях по теории вероятностей, а главное – он способствует формированию общих и профессиональных компетенций студентов.

Список литературы

1. *Жанбырбаев Б. С. Элементы теории вероятности и математической статистики. - //Мектеп. -2002.- с.188.*
2. *Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 2 т. Т. 1/ Г. К.*
3. *М. Гарднер «Гексафлексагоны и Другие Математические Развлечения». –М.: The Scientific American book of Mathematical puzzles & diversions, 1988. – 200 с.*
4. *Секей Г. Парадоксы в теории вероятностей и математической статистике / Габор Секей; пер. с англ. В.В. Ульянова; под редакцией В.В. Сазонова.– М.: Мир, 1990. – 240 с.*
5. *Бектаев К. Теория вероятности и математическая статистика. - //Рауан. -2009.- с.432.*

ӘОЖ 342.11.

Бахрамова Гульмира Абдурасуловна
п.ғ.к., «Педагогика және психология» кафедрасының доцент м.а., ОҚМПУ

Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы
п.ғ.к., «Педагогика және психология» кафедрасының доценті, ОҚМПУ

Әбішева Ләззат Пірназарқызы
п.ғ.к., «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, ОҚМПУ

Ештаева Ақбопе Кенесовна
магистр, «Педагогика және психология» кафедрасының оқытушысы, ОҚМПУ

ЗАМАНУИ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ФОРМАЛАРЫ

Мектепте оқу және тәрбие жұмыстарын жетілдірудің жаңа бір формасы мұғалімдердің шығармашылық тобы. Шығармашылық ең алдымен мұғалімдердің мамандықтарына сәйкес терең және берік білімді, мол тәжірибені талап етеді. Шығармашылық қабілетті дамыту, өз бетімен іздену, зерттеу жұмыстарына байланысты. Осыған орай, мұғалімнің жұмысында шығармашылық басым болуы керек.

Озат мектептердің іс-тәжірибелеріне қарағанда шығармашылық топтың құрамына өте тәжірибелі мұғалімдер кіреді. Іс жоспары бір жылға жасалып, топ мүшелері айына бір рет кездесін отырады.

Шығармашылық топ қазргі кездегі ең кокейтесті проблемаларды шешу жолдарын іздестіреді, оларды келешекте мұғалімдердің игілігіне айналдырады. Қаралатын мәселелердің бағыттары дифференцивтік және проблемалық оқыту, оқушылардың логикалық ойын дамыту, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, тәрбиесі қиып балалармен жұмыс, кәсіптік бағдар беру проблемасы, қосамдық пайдалы жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері т. б.

Мектеп өмірінде мұғалімдердің кәсіби дайындығын көтеруде психологиялық-педагогикалық семинарлардың және практикумдар семинарлардың маңызы арта түсуде. Психологиялық-ледагогикалық семинарларда мұғалімдер теориялық мәселелермен және озат педагогикалық тәжірибелермен танысады, терең білім алады. Семинар тақырыптары мектептің жылдық жоспарына кіреді. Сондықтан, мұғалімдер алдын-ала тақырыптармеп танысып дайындалады. Семинар әр түрлі вариантта өгкізіледі; кейде лекция, кейде жеке баяндама-хабарлау, пікір алмасу ретінде өткізіледі. Лекцияларда, баяндамаларды тәжірибелі мектеп басшылары мен мұғалімдер, мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының әдіскерлері, жоғары оқу орындарының ғалымдары оқиды. Психологиялық-педагогикалық семинарларды өткізу мерзімдерін әрбір мектеп өзі шешеді.

Психологиялық-педагогикалық семинардың мақсаты—оқумен тәрбие жұмысының деңгейін көтеруде өз бетімен білім алушы мұғалімдерге психология, педагогика ғылымдарының соңғы жаңалықтарын және озат педагогикалық тәжірибені меңгеруге үйрету.

Айта кету керек, мектепте психологиялық-педагогикалық семинарды ең алғашқы рет Панлыш орта мектебінде ұйымдастырып, мұғалімдерге кәсіби көмек көрсеткен В.А.Сухомлинский. Оның тәжірибесін көптеген озат мектептер қолданып келеді (Омск қаласы № 32, № 85, Ақмола қаласы. т.б, орта мектептер).

Мұғалімдердің практикалық іскерлігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуда практикумдар-семинарлардың ролі өте зор. Көбінесе мұндай семинарларда педагогикалық ситуацияларды шешу және есептср шығарылады. Сонымен бірге, сабақ үстінде оқушылармен істелетін жұмысты басқаруға, сабақта бақылау әдісіне, сабақты талдау тәсілдеріне үйретеді. Осының нәтижесінде әрбір мұғалім өз ісіндегі кемшіліктерді байқайды, теориялық, практикалық білім алуға тырысады, қызығушылығы, белсеңділігі артады.

Білім және тәрбие беру саласында түрлі семинарлар-практикумдар, ғылыми –п р а к т и к а л ы қ к о н ф е р е н ц и я л а р, п е д а г о г и к а л ы қ о қ у л а р дәстүрге айналды. Бұлар мектепте, ауданда, облыста, ресиублика астана-сында алдын-ала жасалған бағдарламалар бойынша өткізіліп отырады.

Қазіргі заман мұғалімнің жаңа проблемаларды жүйелі түрде оқуын және зерттеуін талап етеді. Сондықтан әрбір педагогтың оқу, білім беру, тәрбие және ұжымды басқару теорияларымен, педагогикалық-психологаялық мәселелермен, шетел психологтары және педагогтарының теорияларымен үнемі қаруланып отыруы қажет.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіруде екі жағдайды ескеру керек. Олардың бірі мұғалімнің жеке жоспарына сәйкес өз бетімен білім алу жолы, екіншісі - әр түрлі ұжымдық жолмен мамандықты көтеру. Ұжымдық формалары: әдістемелік және теориялық семинарлар; мұғалімдердің білімін жетілдіру институты жайындағы қысқа мерзімді куратар. Сонымен, мұғалімнің қандай болса да педагогикалық еңбекке жарамдылық деңгейін анықтау үнемі жаңартып және жетілдіріп отыруды қажет етеді.

Мұғалім еңбегі басқа қызметтермен салыстырғанда, өтіндік ерекшелігі мол шығармашылықты сүйеді. Өйткені жеткіншек ұрпақты өмірге, еңбек пен әлеуметтік іс-әрекетіне дайындау мұғалімдерді көп іздендіріп, ойландыра- тын жұмыстың ең басты түрі. Олай болса, әрбір мұғалім орта немесе жоғары дәрежелі педагогтық білім алумен қанағаттанып қоймай, ол тәрбие мен оқытудың тиімді жолдарын үнемі іздестіріп, өз жұмысында пайдаланып отыруы тиіс. Сонда ғана мұғалім жаңашыл, оқушыларға тәрбие және білім берудің теориясы мен практикасын дамытудың қорғаушы күші және асқан шебері бола алады.

Мұғалім еңбегінің ғылымға негізделе отырып, белгілі жүйелшікпен жүзеге асырылатыны айқын. Мысалы, оңайдан қиынға, жеңілден ауырға, нақтылы түсініктен абстрактылы ұғымға біртіндеп ауысу ережелерін және оқушылардың жасы мен дербес ерекшеліктерін еске алмайынша оқу және тәрбие жұмысында белгілі нәтижеге жету қиын. Сондықтан мұғалімнің алдындағы басты міндет - оқушыларды біліммен қаруландыра отырып, ой лауға, сөз шеберлігіне, еңбек ете білуге үйрету және тәрбиелеу.

Ұстаз бүгінге ғана емес, ертеңге, болашаққа қызмет істейді. Ол заман дамуынан артта қалмастан, өзін-өзі жан-жақты дамыту үшін саяси-идеялық дәрежесін, ғылыми-теориялық білімін жәпе педагогтық мамандығын күнбе-күн жетілдіріп отыруға талаптанады.

Мұғалім өз мамандығына байланысты ғылыми-теориялық мәселелерді, жоғары оқу орындарына қойылатын талантарға сол кез меңгеруі тиіс. Егер ол өзінің теориялық білімін өмір талабына сай жетілдіріп отырмаса, онда жастарды жан-жақты дамитын тәрбиелеуге шамасы келмейді.

Өзіңді біреу тәрбиелегенін ұната қоямыз ба? Дегенменде біз үнемі мұғалім оқытады, тәрбиелейді т. б. дейміз. Сонда не істеу керек? Бір жағынан — бұл кәсіптік қажеттілік, екіншіден — жеке басын тәрбие ықпалына қалай икемдеуі қажет? Біз осылайша педагогикалық еңбектің күрделі саласына — педагогикалық қарым-қатынас өнеріне тап боламыз, өйткені тек сонда ғана педагогикалық процесті қамтамасыз етіп, «балаларды өзімізге бұра аламыз», біздің педагогикалық даналығымыз адамдарға қызмет ететін болады. Міне сондықтанда психологтар мен педагогтар ықпал ету жайлы емес, педа-гогикалық өзара әрекет туралы көбірек айтатын болды. Бұл түсінікті де — қазіргі балалар басқаша: олардың талабы, хабардарлық деңгейі, тұрмыс бейнесі мен әрекеті өзгерді. Оларға жай келісімділік позициясы жеткілікті емес, ол біздермен оқу-тәрбие процесінде ынтымақтасуды қалайды — ал мұның өзі мектеп реформасының рухынан туындайтын жеке бас арасындағы өзара әрекеттің ерекше арнайы формасы.

Сыныппен алғаш кездескен жас педагогтар, жаңадан үйреніп жүрген тәрбиешілер, практикадағы студенттер класпен қарым-қатынас жасаудың өте қиын екендігін айтады. Педагогикалық практика кезінде мынадай сұрақтарды жиі естуге болады: «Балалармен қалай сөйлесу керек ? », «Әзіл айтуға бола ма?», «Олар (балалар) неге тыңдамайды?», «Бұйығылық пен ұялшақтықты қалай жеңуге болады?» т. б. Осы сұрақтардың барлығы — пе-дагогикалық қарым-қатынасты меңгере білмеудің нәтижесі. А. С. Макаренко былай деп жазған болатын: «Мен үшін менің практикамда, сондай-ақ сіздер үшін, көптеген тәжірибелі мұғалімдер үшін мұндай «түкке тұрмайтындар»: қалай тұру, стол қасындағы орындыққа қалай отырып, қалай дауыс көтеру, күлу, қалау өте мәнді бола бастады. Бізді бұған ешкім үйретпеді, ал мұны үйренуге болады және үйрену қажет те, ең үлкен шеберліктің мәні осы және де осы болуы тиіс».

Балалармен педагогикалық өзара әрекетте ұсақ-түйек жоқ—барлығы да: көзқарас, көз жанарыңның қозғалысы, дене қимылы т. б. жұмыс істейді. Өйткені біз жай қарым-қатынас емес, кәсіптік іскерлікпен карым-қатынас жасаймыз. Өз тобыңда мынадай жаттығу өткізіп көр: екеу ара жұптасып, әр нәрсе туралы әңгіме-дүкен құр (фильм, кітап, заттар т. б. туралы). Ал енді сонда отырғанның біреуі аудиторияға шығып, барлығыңның алдында жаңа айтқан сөздерін қайталап керсін. Сонда қарым-катынас жүйесінде қандай өзгеріс болғанын сіз бірден сезінесіз.

Көпшілік алдында сөйлеушіде байқалатын ең негізгі сезім түсініктері мынадай:

1. Әңгімені қалай бастауды білмеушілік.
2. Толық ұғынықты, әрі түсінікті айтып бере алмаймын-ау деген қобалжу.
3. Қарым-қатынас мақсатындағы еленбейтін өзгерістер.
4. Бұрын пайдаланылған қарым-қатынас амалдарын өзгерту қажеттігі жайлы түйсік.
5. Қарым-қатынас жүйесінде бір нәрсені өзгерту қажет деген түсінік, бірақ не екені — онша айқын еместік.
6. Жұрт алдында сөйлеуге дағдыланбағандық.
7. Бұрын табиғи болып келген дене қимылының, қозғалыстың, жалпы мінез-құлқының ерсілеу сияқты болып сезілуі.
8. Қарым-қатынастың өзгерген формадағы, мәнерлі атқару компоненттерін қажет етуі.
9. Өзіңді дұрыс түсінуі үшін жоспарланған информацияны неғұрлым сол қалпында жеткізуге талпынушылық.
10. Тыңдаушыны қызықтыруға тырысу.
11. Информацияны сұрыптауға, мазмұндауға және беру формасы жайында өзіне едәуір талап қоюдың пайда болуы.

Байқаған боларсыздар, көпшілік алдында сейлеу үшін қарапайым қарым-қатынасты барынша жаттықтыра түсу қажет. Тек қана осындай кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынаста, оған қоса балаларды шынайы жақсы көре білгенде ғана педагогикалық процестің бүкіл мәні айқындала түседі. В. А. Сухомлинскийдің айтқанындай, тәрбиеші өнері ең алдымен сөйлеу өнерімен, адам жүрегін баурап алу өнерімен керінеді.

«Балаларға іскерлікпен, табанды түрде айтылған жақсы сөздің -деп жазды А. С. Макаренко,— орасан зор маңызы болатынына мен кәміл сенемін», біздің ұйым- осыны есте сақтаңыздар, өзіңе билік жүргізе білуді үйреніңіздер.

Қарым-қатынас жасаудың алуан түрлі барлық функцияларын информация беруге, қарым-қаты-нас пен өзара түсінісу процесінде басқа адамның жеке басын тани білуге арналған міндеттерге жатқызуға болады.

Практикадағы студенттерде және жас мұғалімдерде байқалатын ең көп тараған қателіктер қандай? Мәселе сонда, олар қарым-қатынасты тұтастай ұйымдастыра алмайды да, оның белгілі бір функциясын ғана жүзеге асыруы мүмкін. Мәселен, сабақтағы өзара әрекеттің аса маңызды және өте мәнді функциясы — информация

формасын жете ұйымдастыруға көңіл бөледі. Міне сондықтанда жас педагогтар сабақты жоспарлағанда ең алдымен ин-формацияны беру жүйесін ойластырады да, жоғарыда аталған басқадай қарым-қатынас функцияларын ескермейді. Соның салдарынан: сабақ конспектісі, көрнекі материалдар әзір болып, мұғалім жақсы даярланып, материалды толық игергенімен сабақ ойдағыдай өтпейді. Мұндай жағдайда біз сыныппен байланыс жоқ дейміз. Өте дұрыс, бірақ дәлірек айтқанда — педагогикалық қарым-қатынастың тұтас процесі жоқ. Танымдық информация болғанымен, ол өзара қарым-қатынаспен нығайтылмағандықтан, мұның өзі жеке адамдар арасында өзара әсер туғызбайды.

Әдебиеттер:

1. Жолдасбеков А.А., Бахрамова Г.А. Кәсіби білім беру педагогикасы / Оқу құралы, ҚР БжҒМ М.Әуезов атындағы ОҚМУ жанындағы РОӘК баспаға ұсынылған № 1 хаттама 05.02.2016. -Алматы.: Нурай Принт Сервис. 2016. – 212 бет.

2. Баймолдаев Т.М. Педагогикалық менеджмент және қазіргі мектепті басқару. –Алматы, 2016. – 136б.

3. Бахрамова Г.А. Педагогикалық-психологиялық қарым-қатынас мәселесі – тарихи мұра /«Ұлы дала Елі – Тәуелсіздік мұраты» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. –Шымкент, ОҚМПИ. 11.11.2016 ж. 210-214 б.

4. Қарақулов Қ.Ж. Педагогикалық менеджмент және мектепті басқару. –Шымкент, 2016. -140-150бб.

ӘОЖ 342.11.

Бахрамова Гульмира Абдурасуловна
п.ғ.к., «Педагогика және психология» кафедрасының доцент м.а., ОҚМПУ

Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы
п.ғ.к., «Педагогика және психология» кафедрасының доценті, ОҚМПУ

Мамбетова Алтынай Токмуратовна
магистр, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, ОҚМПУ

Усіпбекова Айжан Сүттібекқызы
магистр, «Педагогика және психология» кафедрасының оқытушысы, ОҚМПУ

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болуы мүмкін емес.

Жаңа технологияланы меңгеру мұғалімнің интелектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа көптеген адами келбеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы біздің педогогикалық лексикономызға берік еніп келеді.

«Технология - бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі өнердегі амалдардың жиынтығы» делінсе, Б.Т.Лехачев педагогикалық технологияны оқу процессіне белгілі - бір мақсат ететін педагогикалық ықпал деп түсіндіреді.

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша, педагогикалық технология- бүкіл оқыту үрдісі мен білімді техникалық және адам ресурсын олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңайландыру міндеттерін ескере отырып меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі. М.В.Кларин «Педагогикалық технология - бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу рет»,- деп анықтайды.

Педагогикалық үрдіс технологиясы дегеніміз мақсатты-мүддені анықтаудың жалпы әдіснамасы негіңзінде мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталып, іріктеліп, реттелген оқытудың мазмұны мен формы , әдіс амалдарының, дидактикалық талаптарының психологиялық педагогикалық нұсқаулардың жиыны. Былайша айтқанда, педагогикалық технология оқу тәрбие процессінің шығармашылық пен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі компонент.

Бұл технологияның өзі әртүрлі атқарушылардың шеберлігінде қазіргі заманғы білім берудің даму бағыты мен тенденсияларын қамтитын 50-ден астам педагогикалық технология қолданып жүргендігі мәлім. Бірақ мұғалімдер оны өз тәжірбиелерінде жүйелі қолдапнуға дағдыланбаған және оны әдістемеден ажмырата алмайды. Оқытудың жаңа технологияларын таңдаудың М.М Поташник ұсынған критерийлері.

- елдің аймақтың, қаланың талап тірегі - мектепке әлеуметтік сұраныс:
- мектептің дамуы туралы мемлекеттік құжаттар мемлекеттік сұраныс:
- қазіргі ғылымның адам туралы жетістіктері мен табыстары:
- педагогикалық озық тәжірбие :
- мұғалімдердің, мектеп басшыларының іс-тәжірбиесі, интуициясы, шығармашылығы:
-мектептің жұмыс үрдісі мен нәтижелерінің талдамасы.

Бұдан технология таңдау барысында.

- алынып отырған технологияның мектептің мүмкіндігімен нақты жағдайға сай болуы.
- жүйелілігі.
- тиімділігі т.б. ескерілуі керек деген қорытынды шығады.

Бүгінгі педагогика ғылымының лексикононды педгогикалық оқыту технология терең тамыр жайды.

Технология Tehne искусство, ремесло, мастерство, учение - деген мағынаны білдіретін грек сөзі.

«Технология- өндірістік процесті жүргізудің әдістері мен тәсілдері жайлы білім жиынтығы»,- деп шетерл сөздерінің қысқаша анықтама берілген. Педагогикалық технология –педаготгиткалық мақсатқа жету үшінпайдаланылатын барлық дара ,инструменталдық және методологиялық құралдардың қолдану реті мен жииынтығының жүйесін білдіреді.

Технология - оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі /Монахов В.М./. Педагогикалық технология - практикада іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы /Беспалъко Б.П./.

Педагогикалық технология құрылымы:

1. Концептуалдық негізі.
2. Мазмұндық бөлігі:
- жалпы оқыту мақсаты;
- нақты оқыту материалдық мазмұны.
3. Процесуалды бөлігі- технологиялық процесс:
- оқыту процесін ұйымдастыру;
- оқушының оқу әрекетінің әдістері мен түрлері;
- ұстаздың оқу материалын меңгеру процесін басқару әрекеті;
- оқу процесін диагностикалау.

Сонымен бірге, кез келген педагогикалық технология негізі әдіснамалық талаптарды қанағаттандыруы керек.

Әдіснамалық талаптар:

1. Концептуалдық негізінің болуы. Қандай технология болса да философиялық ғылыми тұжырымдамаға негізделуі тиіс.

2. Жүйелілігі. Педагогикалық жүйенің барлық бөліктерінің логикалық байланыста болуы шарт.

3. Басқаруға оңтайлығы. Диагностикалық болжау жасауға, жоспарлауға, нәтижені өңдеу, өзгеріс енгізу мақсатында әдіс-тәсілдерді кезектеп пайдалану мүмкіндігі болуы керек.

4. Тиімділігі. Білім беру стандартын қанағаттандыру тиіс.

5. Қайталауға жарамдылығы. Басқа ұжымда дәл осы күйде қолдануға мүмкіндіктің болуы.

Педагогикалық технологияның даму көзі мен құрамдас бөліктері болып:

- әлеуметтік өзгеріс және педагогикалық жаңаша ойлау;
- педагогика, психология, қоғамдық ғылымдар;
- отандық, шетелдік тәжірбиелер, ескі мен жаңа;
- этнопедагогикалық болып табылады.

Әлемдік білім беру кеңістігіндегі педагогикалық технологиялардың ғылыми философиялық негізін мыналар құрайды:

Сциентизм- адамзат қолғамының қоғамының мәдениет жүйесінде ғылым мен техника рөлін даралап бағалау.

Табиғаттәнділік- адамның табиғи мүмкіндіктерін ескеруді уағыздаушы көзқарас, адам мен табиғаттың үйлестігін басшылыққа алу.

Гуманизм (ізгіліктік) - әлеуметтік құбылыстарды бағалау өлшемі, адамның жағдайы, қоғам қағидасы- теңдік, әділеттілік.

Теософия - діни бағыттағы мектептердің негізі. Ол ұлттық редагогикадан терең тамыр алады, жастарды жақсылық пен жамандық аражігін ашуға тәрбиелейді.

Антропософия-адамның рухани құндылығын зерттеуші бағыт.

Прагматизм- тұлғаның интелектуалды және адамгершілік сапарлары, оның табиғи жаратылысы. Оның көрінуі тек даралық ерекшеліктеріне байланысты. Олар адамгершілік сапалары қалыптастыру емес, дамытуды өзін-өзі реттеу жағдайының алғы шарты деп есептейді.

Экзистенциализм - адам өзін-өзі жасаушы деген ойды басшылыққа алу. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология болғандықтан әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту миақсаты болып қалады.

Жаңа технологияның тағы бір психологиялық оқыту үрдісінде оқушының ақыл-ойының дамуы актуалды даму аймағынан жақын арадағы даму аймағына ауысуы туралы теориясы. Бұл ауысу тапсырмаларды қайталап орындауға ғана арналған бірінші деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін келесі деңгейлерге өту негізінде іс-әрекет арқылы жүзеге асады. В.П.Беспалько бұл деңгейлерді төртоке бөледі.

- міндетті, оқушылық.
- алгаритімдік.
- эвристикалық
- шығармашылық.

Оқытудың жаңа технологиясы жағдайында оқушылардың өздігінен жүргізетін танымдық іс-әрекеті үшін тапсырмалар күрделілігі төрт деңгей бойынша құрастырылып, ондағы бар деңгей оқушыларды ынталандыруда қолданады.

Деңгейлік тапсырмаларды енгізудегі басты мақсат- сынып оқу шыларын «қабілетті», «қабілесіз»деп жасанды бөліктерді болдырмау. Деңгейлеп оқыту барысында оқушының бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындағаны есепке алынып отырады.Жалпы жаңа педагогикалық технологияда бағалау үрдісі арнайы «қосу» әдісімен жүзеге асырылады. Бағалау жүйесінде оқушы білімініңең төменгі деңгейі негізге алынады,және сол деңгей мемлекеттің ең төменгі талабына сай келеді. Дарындылығына бейімділігіне, жоғарғы даму деңгейіне қарамастан оқушылардың барлығы бірінші деңгей тапсырмаларын орындауы шарт.

Әрбір педагогикалық жаңа технологиялар мен әдістемелер міндетті түрде пайдалану қажет.

-қатар отыратын екі сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейлерін ескеру қажет.

-әдістеме мен технологияның сабақтастығы,

-оқушының өз бетінше іс-әрекет жасау тәсілдерін меңгеруіне мұғалім тарапынан көмек беруді біртіндеп азайту.

-параллель сыныптардағы сынып топтарының ерекшеліктерін ескеру,

-мұғалімдердің ықыласы мен шеберлік деңгейінің болуы.

Педагогикалық технологиялар түрлері :

1. Дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы
2. Дамыта оқыту технологиясы
3. Оқытудың модульдік технологиясы
4. Проблемалық оқыту технологиясы
5. Қарқынды күшейте оқыту технологиясы
6. Деңгейлеп оқыту технологиясы
7. Оқытудың компьютерлік технологиясы
8. Қашықтан білім беру технологиясы
9. Ойын арқылы оқыту технологиясы
10. Саралап оқыту технологиясы
11. Кредиттік оқыту технологиясы
12. Модульдік оқыту технологиясы
13. Жобалап оқыту технологиясы
14. Шоғырландырып қарқынды оқыту технологиясы

Ал технологиялық үрдісті нақты педагогикадық нәтижеге жетелейтін бірліктердің белгілі бір жүйесі ретінде көрсетеді және педагогикадық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрлым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым –қатнасының өзегі, мазмұны ұйымдастырушы құрылымы болып табылады.

Жаңа педагогикалық мұндай технологиялар арқылы оқытуды ізгілендіру иен демократияландыруға, оқушылардың өздігінен бағыт - бағдарын анықтап, дамуына, ең бастысы, өзін-өзі тәрбиелей алатын тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасауға болатыны күмәнсіз.

Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілеттін арттыруға, обьективтік әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды.

Әдебиеттер:

1. Қарақулов Қ.Ж. Педагогикалық менеджмент және мектепті басқару. –Шымкент, 2016. -140-150бб.

2. Баймолдаев Т.М. Педагогикалық менеджмент және қазіргі мектепті басқару. –Алматы, 2016. – 136б.

3. Абилдаева Р.А., Тасыбаева Ш.Б. Инновациялық оқыту технологиясының оқытуда қолдану ерекшеліктері /Ғаламдық бәсекелестік ортадағы заманауи білім беру – жаңашыл педагогтардың 2-ші Республикалық Форумы. –Шымкент.: М.Әуезов атындағы ОҚМУ. 2014. -Б. 3-6.

4. Бұзаубақова Қ. Жаңа педагогикалық технологиялар. /Қазақстан мектебі №4. 2015. –Б.5-8.

5. Байғазиева Г. Жаңа педтехнология //Қазақстан мектебі № 8, 2015. –Б.53-54.

Аманжол Айдана Жанболатқызы
Сулейман Демирел атындағы университет магистранты,
«NURORDA» мектеп-лицейі мұғалімі, e-mail: 93aazh@gmail.com

ЛИНГВОЭКОЛОГИЯНЫҢ ТӘРБИЕЛІК АСПЕКТІСІ

Түйін: *Мақалада қазіргі қазақ мәтіндерінің лингвоэкологиялық жағдайы сөз етіліп, тілдік нормаға қайшы қолданыстарға нақты айғақтар келтіріледі. Автор лингвоэкология мәселесінің тәрбиелік аспектісіне назар аудартуды мақсат етеді. Осы орайда аталған мәселені шешудің маңыздылығы сипатталып, ол үшін орындалуы тиіс басты міндеттерді жүйлеп көрсетеді. Сондай-ақ міндеттердің орындалуы ұлтжанды ұрпақ қалыптастыруға ықпал ететінін дәлелдеуге талпыныс жасалған.*

Резюме: *В статье затрагиваются лингвоэкологическое состояние современной казахской культуры, проводятся точные примеры противоречий языковым нормам. Автор обращает внимание на воспитательный аспект лингвоэкологических проблем. В связи с этим, описывается важность решения данной проблемы, показана система основных обязанностей по исполнению данных решений. Также, сделана попытка доказать влияние исполнения обязанностей на формирование патриотического поколения.*

Summary: *In article there are mentioned lingvoecological condition of modern Kazakh culture, given exact examples of contradictions to language norms. The author pays attention to educational aspect of lingvoecological problems. In this regard , importance of the solution of this problem is described, the system of fundamental obligations on execution of these decisions are shown. Also, the attempt to prove influence of fulfillment of duties on formation of patriot generation is made.*

Тіл – ғасырлар тоғысында ұлт пен ұлттарды байланыстырып, біріктіруші, тарихи жәдігерліктердің сақтаушысы, халық ділінің көрінісі. Қоғам санасының көрінісі болған тіл ұлттық құндылық болып есептеледі.

Картографиялық білім мен біліктер қалыптастыруда ұзақ жылдар бойы зерттеулер жүргізген атақты ресейлік ғалымдардың бірі – *Г.Ю. Грюнбергті* ерекше айтуға болады. Оның негізгі еңбектері XX ғасырдың 70-ші жылдары жарық көрген. Автордың 1971 жылы жарық көрген «О системе географических знаний в курсе географии средней школы» атты мақаласында бұл картографиялық білімді мектеп бағдарламалары шеңберінде оқытылатын картографиялық ұғымдардың тізімі және оқытудың реттілігі деп түсіндереді. Ол өзінің 1979 жылы жарық көрген «Картографические понятия в школьной географии» атты мұғалімдерге арналған оқу құралында географиялық карта туралы ұғымның үш өлшемдік құрылымын қарастырады, біріншісі - картаның маңызы, екінші – карталардың жіктемесі, үшінші – картаны құрастыру. Бірнеше жылдан кейін *Г.Ю. Грюнберг* Г.В. Володинамен бірлестікте жазылған «Географияны оқытудың әдістемесі» оқулығындағы «Географическая карта и работы с ней» атты параграфында бұл сызбаны толықтыра түседі. Автордың пікірі бойынша, бұл жүйеге 3 негізгі элемент кіреді:

1. *Карта туралы білімдер* (картаның математикалық және геодезиялық негізі туралы);
2. *Картаның географиялық мазмұны* (географиялық негізі, тақырыптық мазмұны, шартты белгілердің түрлері);
3. *Картаның жіктемесі* (бұрмалану, масштабы, мазмұны бойынша түрлері). Мұнда көріп тұрғанымыздай, картаны құру туралы ұғым қарастырылмайды [7, б.13-14]

Болашақ география пәні мұғалімдерінің картографиялық білімі мен *біліктері* мектепте географиялық білім берудің маңызды бір бөлігі болып табылады. Көптеген ғалымдардың ұйғарымы бойынша, географиялық ойлаудың синонимі *картографиялық ойлау* болып табылады. Географиялық білім *жергілікті, аймақтық* және *ғаламдық* деңгейдегі географиялық кеңістіктің негізі туралы білімдерге, сонымен бірге кеңістікте дұрыс бағыт-бағдар табуға негізделеді. Мұндай сипатқа географиялық білім *картографиялық білімдер* мен *біліктерді* дұрыс меңгерген жағдайында ғана ие бола алады. Географиялық білім беруде карталардың алатын орны мен рөлін профессор *В.И. Буданов* былайша түсіндіреді... «Егер *карта* болмаса, географияның зерттеу нысаны да болмайды, олай болса, *география* ғылымы да жоқ деген сөз» [7, б.11].

Жоғары жасалған талдауларға сүйене отырып, жаңа мазмұнда «География» оқу пәнін оқытуда болашақ география пәні мұғалімдерінің картографиялық білімдері мен біліктердің қалыптасуы мен жетілдіруінде мынадай мәселелердің бар екенін *анықтадық*:

- материалдық базасының ескеруі, жаңа карталар мен атластармен қамтамасыз етілмеуі;
- теориялық білімнің практикамен ұштастырылмауы;
- біліктілік дәрежесінің төмендігі;
- тақырыпты игеруге қатысты тиімді тәсілдерді дұрыс таңдап алмауы;
- тапсырмалар мазмұнының Блум таксономиясына негізделіп жасай алмауы.

Осы аталған мәселелерді шешу мақсатында жаңартылған білім беру мазмұны барысында оқытылатын кейбір тақырыпты оқытудың әдістемесін ұсынуды жөн көрдік.

Мысалы, Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы [2] 8-сыныпқа арналған «Картография және географиялық деректер базасы» деп аталатын бөлімнің «Географиялық карталар» атты бөлімшесіндегі тақырыптардың оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерінде мұғалім білім алушылардың бойында картографиялық білім мен біліктерін қалыптастырып жетілдіру үшін көптеген іс-әрекеттерді жүзеге асыруды қажет етеді.

Мысалы, «Тақырыптық карталар және оны қосымша сипаттайтын элементтер» атты параграфта алдымен картографиялық білім қалыптастыруға негіз бола алатын басты ұғымдар мен терминдердің дұрыс айтылуын, мағынасын, түсініктемесін, үш тілдегі анықтамасын, қолданылу аясын білу қажет.

Бастапқы кезде мұғалім білім алушылардың географиялық карта және оның түрлерін туралы білімдерін еске түсіреді? Географиялық картаның күнделікті өмірде қажеті бар ма? География ғылымын картасыз елестетуге бола ма? Деген сұрақтар қоя отырып, білім алушылардың жауаптарына назар аударады.

Екінші кезекте бұл тақырыпты меңгерту үшін мұғалім білім алушылардың жетекші ұғымдар туралы білімдерін пысықтау мақсатында жұптық жұмыс түрлерін ұйымдастырады. Тақырыпқа қатысты ұғымдар мыналар: *географиялық карта, жалпыгеографиялық карта, тақырыптық карта, кешенді және арнаулы карта, картографиялық проекция* т.б.

Ал, тақырыптық картаның басты элементтерін сипаттайтын жетекші ұғымдарға: *картографиялық бейнелеу, математикалық негіз*, *көмекші жабдықтар* және *қосымша мәліметтер* жатады. Қосымша әдебиеттер мен ақпараттардың негізінде мұғалім өзінің картографиялық білімдерін толықтыра түседі. Картографиялық біліктер – бұл тақырыптық карталармен жұмыс жасау барысында біртіндеп қалыптасады.

Үшінші кезекте, карталарды оқу және талдау жасау арқылы нысан немесе құбылыстарға сипаттама берудің реттілігін сақтай отырып, оларға тапсырма береді. *Мысалы,* әртүрлі аумақты қамтитын карталарға талдау жасау үшін білім алушыларға төмендегі кестені толтыру ұсынылады (1-кесте):

1-кесте. Әртүрлі аумақты алып жатқан карталарға талдау жасау негізі

Географиялық картаның түрлері	Мазмұны	Масштабы	Ерекше белгілері	Қолданылу аясы
Дүниежүзілік				
Жарты Шарлар				
Материктік				
Мұхиттық				
Жекелеген елдер				
Жергілікті жер (облыс, аудан)				

Географиялық карта бойынша зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, картаға талдау жасаудың кең таралған мынадай жолдары бар:

1. Сипаттама беру: картада берілген нысан немесе құбылыстың сапалық сипатын айқындайтын қарапайым түсінік алу;
2. Графикалық әдіс: карта бойынша кесінді, көлденең қима, график, блок-диаграммалар құрастыру;
3. Картографиялық үлгілеу: статистикалық талдау негізінде үлгілер жасау және оны сипаттау.

Жұмысты орындау барысында мұғалім білім алушылардың тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін және оны игерудегі кедергілерді жою мақсатында сабақтың арасында кері байланысты жүзеге асырып отырады, оны талдаудың нәтижесінде мұғалімнің картографиялық білімі ұлғаяды, біліктері нығая түседі.

Қорытынды. Болашақ география пәні мұғалімдерінің картографиялық білімі мен біліктерін әдістемелік тұрғыда жетілдірудің жолдары талданып, негізгі орта білім беруде «География» сабағында оқытуда әдістемелік жағынан көмек бола алатын тақырыптық карталармен жұмыс жасаудың жолдары мен тапсырмалары ұсынылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г. http://www.akorda.kz*
2. *"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15583 болып тіркелді http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015583*
3. *Берлянт А.М. Картография: Учебник для вузов. - М.: Аспект Пресс, 2002. - 336 с.*
4. *Гедымин А.В. и др. Практикум по картографии с основами топографии: Учебное пособие. - М.: Просвещение, 1981. - 144 с.*
5. *Салищев К.А. Картоведение. - М.: Изд-во МГУ, 1990. - 298 с.*
6. *Картография с основами топографии / Под ред. Г.Ю. Грюнберг. - М.: Просвещение, 1991. - 367 с.*
7. *Стучкова А.Н. Методика обучения школьников картографическим знания и умениям в курсе Географии «Родной край» дисс… к.п.н. – Санкт-Петербург, 2011. – С. 11-14*

ӘОЖ: 378.196

Беркинбаев М.О.
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ докторанты, kamalbey@mail.ru

ФИЗИКА МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРАКТИКАСЫ

Резюме. *Основной целью преподавания физики является развитие творческую личность ученика, освоенный новыми способностями общества, полученные физические знания умеющий использовать на практике, а роль учителя является подготовить среду формирующая творческую личность студента. Более того, в в этом современном мире он мог бы в любой стране легко трудостройтся, который может себя обесбещить, комплексно развит - формировать креативное личность. Проблема наших исследований может быть рассмотрена следующим образом: определение роли ИКТ в развитии креативности будущего учителя и определение соответствующей практики их использования в профессиональной подготовке преподавателей физики. Цель наших исследований - решить эти проблемы.*

Ключевые слова: *Информационные технологии, креативность, студенты физики, образовательный процесс.*

Summary. *The main goal of teaching physics is to develop the creative personality of the student, mastered by the new abilities of society, obtained physical knowledge able to use in practice, and the role of the teacher is to prepare the environment that forms the creative personality of the student. Moreover, in this modern world, he could easily work in any country, which can self-assure, complexly developed - to form a creative person. The problem of our research can be considered as follows: defining the role of ICT in developing the future teacher's creativity and identifying appropriate practices for their use in the training of physics teachers. The purpose of our research is to solve these problems.*

Keywords: *Information technologies, creativity, students of physics, educational process.*

Қазіргі таңда физиканы оқытудың маңызы - қоғамның жаңа мүмкіндіктерін меңгерген, физикалық алған білімдерін тәжірибеде қолдана алатын, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру болса, оқытушының рөлі басқа шығармашыл студент даярлайтын орта қалыптастыру. Сонымен қатар, бүгінгі жаһандану заманында әлемнің қандай елінде болмасын еңбек нарығында еркін араласып, заман талабына сай қажеттіліктерін өтей алатын жан-жақты дамыған тұлға - креативті тұлға қалыптастыру болып табылады. Біздің зерттеуіміздің мәселесін келесі түрде қарастырсақ болады: болашақ педагогтың креативтілігін дамытуда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың ролін анықтау және физика мұғалімдерінің кәсіби даярлығында оларды пайдаланудың сәйкес практикасын айқындау. Берілген мәселелерді шешу біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты болып табылады.

Кілттік сөздер: *Ақпараттық технологиялар, креативтілік, физика мамандығы студенттері, оқу үдерісі.*

Кіріспе

Жоғары оқу орындарында оқытудың мазмұнын іріктеу мәселелері - бүгінгі таңда ғалымдардың, әдіскерлердің, оқытушылардың назарын ұдайы өзіне аударатын күрделі де, өзекті мәселелер болып табылады. Өйткені физиканы, сол сияқты табиғи-ғылыми пәндерді оқытудың алуан түрлі тәсілдері, жолдары бар. Оларды жасау және іске асыру барысында пәндер тілі қалыптасып, оқытылатын пәндердің негізгі мазмұны айқындала отырып, оқытудың құрылымы анықталады.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті университет Сенатының шешімі бойынша (№ 2 хаттама 2004 жыл 20-шы қаңтар) алғашқылардың қатарында болып Болон үдерісі шеңберінде кредиттік оқыту жүйесіне өтті. Қазіргі таңда университеттегі барлық мамандықтарда күндізгі, сыртай және қашықтықтан оқыту түрлері бойынша кредиттік жүйеге сай білім беруде.

Болон үдерісі аясында оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығына маңызды көңіл бөлінуде. Академиялық ұтқырлыққа Болон құжаттарының барлығында дерлік баса мән берілген.

Академиялық ұтқырлық – қазіргі кезде тек әр елдегі жоғары оқу орындар арасындағы студент алмасумен ғана емес, интеллектуалдық өрлеудің, ғылыми және мәдени әлеует, ресурс, оқыту технологиясымен алмасуды көздейді. Академиялық ұтқырлық – оқу үшін, сабақ беру үшін, зерттеу жүргізу үшін өз еліндегі немесе басқа елдегі білім мекемесіне баруы болып табылады.

Бүгінгі күні біздің Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Түркия Республикасының бірнеше университеттерімен академиялық ұтқырлық бойынша хаттамаға қол қойылған. Аталған хаттама шешіміне сәйкес «Мәулана» атындағы өзара студент және оқытушылар алмасу (академиялық ұтқырлық) бағдарламасы шеңберінде жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі кезде университетіміздің 5В011000-Физика, 5В060400-Физика мамандығының студенттері, 6М011000-Физика, 6М060400-Физика, 6D011000-Физика мамандығының білім алушылары мен оқытушылар Туркия Республикасының университеттерінде академиялық ұтқырлық бойынша білім алуға, сабақ беруге қол жеткізуде.

Жоғарыда аталған мүмкіндіктер бізге әлемдегі физикалық білім беру саласында жүріп жатқан бірнеше ғылыми жұмыстарды зерттеуге мүмкіндік жасады.

5В011000, 5В060400 - Физика мамандықтары бакалаврының біліктілік сипаттамасында: қойылған физикалық мәселелердің ғылыми зерттеулерін жүргізуге; білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыруға; зерттеушілік, өндірістік және педагогикалық іс-әрекеттерін жоспарлауын, ұйымдастыруын және басқаруын жүзеге асыруға; өндірістік технологиялық үдерістердің мәселелерін жете зерттеп дайындауға, жүзеге асыруға және күйлерін бақылауға дайын болуы қажет деп анықталған.

Осы талаптарды талдай келе физика мамандығы студенттері қазіргі өзгермелі қоғамда жаңа нәрсе жасай алуға, ерекше ойлар құрай алуға, жаңа идеяларға сынақ жүргізе алуға, ерекше нәрселерді іздей алуға, физикалық жағдаятқа байланысты туындаған жаңа мәселелердің шешімін ерекше ойларымен, ойлау икемділігімен, ойлау жылдамдығымен шеше алуға бейімделуі қажет екендігін, яғни креативті тұлға болып қалыптасу қажеттігін түсінуге болады. Аталған талаптарды орындай алатын физика мамандарын даярлау үшін елімізде білім беру саласында барлық жағдайлар жасалынып жатыр. Әсіресе, білімді ақпараттандыру тұлға креативтілігінің қалыптасуында маңызды екендігін ескеріп, осы бағыттың еліміздегі қарқын алуын айтуға болады.

Осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып физика мамандығы студенттерін оқытуды білімді ақпараттандыру жағдайында олардың креативтілігін қалыптастыру негізінде дамыту бағытында зерттеуімізді алып бардық. Білімді ақпараттандыру – физика мамандығы студенттерін оқытуды олардың креативтілігін қалыптастыру негізінде дамытудың кепілі екендігін айқындай үшін мынадай *міндеттерді* таңдап алдық:

- ғалымдардың еңбектерін зерттей келе креативтіліктің анықтамасын айқындау, креативтілікті қалыптастырудың қажеттілігін анықтау;
- физиканы оқытуда студенттердің креативтілігін қалыптастырудың дидактикалық шарттарын айқындау.

Негізгі бөлім

Біз енді қазіргі ғылым мен тәжірибедегі «креативтілік» ұғымының мәселелеріне талдау жасайық.

Педагогикада креативтілік ретінде тапқырлық, қиял, түйсік, мәселелерді шешу секілді қабілеттер түсіндіріледі. Мұнда, бұл қабілеттердің көп қырлылығы айтылады. Креативтілік - шығармашылық білім беру іс-әрекетінің негізі, бірақ ол тектілік қабілет болып табылмайды. Ғылымда «креативтілік» ұғымына берілген анықтамаларды мына төмендегі кестеден (1-кесте) көруімізге болады:

Кесте 1 – «Креативтілік» ұғымына ғылымда берілген анықтамалар тізімі

«Креативтілік» ұғымына берілген ғалымдардың анықтамалары	
Креативтілік - бұл	«белгілі бір бағытта жаңа нәтижелерге қол жеткізу, бұл нәтиже - бар нәрсені көшіріп алудан тыс болуы қажет» (Lubart, T.)[1].
	«креативтілік бұл - таланттылық емес, сондықтан оны мақсатқа бағытталған үдеріс ретінде қарастыруға болады» (D. Leonard and W. Swap)[2].
	«креативтілік қасиеттер - тұлғаның жеке факторларына байланысты қалыптасады» (Lee & Kim)[3].
	«білімдердегі кемшіліктерді шұғыл қабылдау қабілеті және т.б.» (Е. Торренс) [4].
	«жаңа байланыстарды табу қабілеті» (Кюби) [5].

«Креативтілік» ұғымын зерттеген отандық ғалымдардың еңбектерін қарастыратын болсақ Қ.М.Нағымжанова: «креативті ойлау полюстерді тепе-теңдікте ұстайды және қарама-қарсы көрінетін бірліктерді қосады. Көбінесе ерекше, дұрыс келмейтін байланыстыру шығармашылық ойлауға негіз болады, ал ерте айтылған сын жаңа дамуды тұншықтырады» - деп тұжырымдама береді [6].

Б.А.Оспанова өз тұжырымдамасында болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыруда белсенділік тұлғаның, оның тұлғааралық, әлеуметтік-психологиялық кеңістік құндылықтары мен мақсатын құрылымдауға негіз болады. Сонымен бірге белсенділік тұлғаның іс-әрекетін, мінез-құлық стратегиясын және қатынасын жобалайды деген пікір ұстана отырып, кретивтілікте белсенділіктің рөлін ерекше атап кетеді [7].

С. Бердібаева тұлғаның креативтілігін дамытуда айтыс өнерінің рөлін баса айтады. Айтыс өнері арқылы адам креативтілігін дамытуға болады деген пікір ұстанады [8].

Ал біздің ойымызша, креативтілік - мәселелерді дербес ұсынуға бағытталған, көптеген жаңа идеялар мен түрлі педагогикалық міндеттерді шешу амалдары мен жаңа білім түрлерін жасайтын, тұлғаның шығармашылық іс-әрекеті.

«Креативтілік» ұғымына жасалынған талдаулардан, физика мамандығы студенттерінің креативтілігін қалыптастырудың маңызды екені түсінікті. Біздің түсініктеріміздің көрнекті болуы үшін физика мамандығы студенттерінің креативтілігін қалыптастыруға қажетті әртүрлі сипаттағы шарттарды ұсынамыз(1-сурет).

Сурет 1 – Физика мамандығы студенттерінің креативтілігін қалыптастыру шарттары Біздің тұжырымдамамызға көре физика мамандығы студенттерінің креативтілігі мына жағдайларда көрінеді:

- физика сабағындағы жаңа тақырыпқа байланысты қойылған мәселені шешудегі тапқырлықта;
- физикалық есептерді, қойылған мәселелерді шеше алудың бірнеше жолдарын көре алуда;
- белгілі бір физикалық тәжірибені жаңа жағдайда тиімді пайдалана алуда;
- жаңа міндеттерге сәйкес белгіліні жетілдіре, өзгерте алуда;
- физикадан алған білімдерін тәжірибеде, практикада тиімді қолдана алуда және т.б.

Жоғарыда аталған еңбектерге талдау жасап, біз ұсынып отырған физика мамандығы студенттерінің креативтілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы қалыптастыру жүйесі мына дидактикалық шарттарды қамтиды:

- «білімгерлердің креативтілігін АКТ арқылы қалыптастыру» атты тренинг сабақтар ұйымдастыру;
- физика мамандығы студенттерінің креативтілігін қалыптастыру мақсатында, олардың АКТ мен өз беттерінше жұмыс жасауында білімдерді түсінікті қабылдайтындай етіп ұйымдастыру;
- физикалық пәндерді оқытудың АКТ ны қолдану арқылы студенттердің креативтілігін қалыптастыруға бағытталған мазмұны, әдістері, формалары, құралдарын пайдаланудың икемділігі;
- физиканы оқытудың кез – келген формасында АКТ-ны қолдануды эвристикалық әдістермен байланыстыра ұйымдастыру;
- физикалық пәндерді оқытуда қолданылатын электронды оқулықтар мен оқытушы-бақылаушы бағдарламадан тұратын студенттердің креативтілігін қалыптастыруға арналған бағдарламаны іске асыру[9].

Біз зерттеу жұмысыда осы дидактикалық шарттарға негізделіп «Атомдық физика» пәнін оқытудың әдістемелік жүйесін жасадық.

Қорытынды

Алынған мәліметтер зерттелінді, критерийлерді статистикалық өңдеу барысында расталды. Эксперименттік жұмыс барысында алынған және статикалық өңдеудің мәліметтерімен расталған нәтижелер білімді ақпараттандыру жағдайында болашақ физика мұғалімдерінің креативтілігін қалыптастыру негізінде жасалынған «Атомдық физика» пәнін оқытудың әдістемелік жүйесінің тиімділігін айқындайды. Сондай-ақ физика мамандығы студенттерінің креативтілігін қалыптастыру бағдарламасының, «Атом ядросының физикасы», «Физикалық құбылыстар» электрондық оқулықтарын, «Жалпы физика курсынан зертханалық практикум 1, 2» оқу құралдары және оқытушы-бақылаушы бағдарламаларды пайдаланудың ұстанымдық мүмкіндіктерін айқындайды. Тәжірибелік жұмыстың нәтижесінде біздің ұсынған әдістемеміз көрсеткендей студенттердің алған білімдерін нақтылау, абстракті ойлауға көшу, ойларын жинақтап айту, зерделей алу, бақылау жүргізу машықтары қалыптасып, өздігінен іздену, салыстыру дағдылары меңгертілді.

Әдебиеттер:

1. *Lubart T. Creativity across cultures. In R.Sternberg (Ed.) Handbook of creativity. - New York: Cambridge University Press, 2010. – P. 339-350.*
2. *Leonard D., Swap W. Forstering creativity: expert solutions to everyday challenge. – Harvard University Press, 2010.*
3. *Lee H., Kim H. K. Relationships Between Bilingualism and Adaptive Creative Style, Innovative Creative Style, and Creative Strengths among Korean American Students" // Creativity Research Journal. – 2010. – №22(4). – P. 402-407.*
4. *Torrance E. P. Teaching creative and gifted learners // Handbook of research on teaching // by M.C.Wittrock. – 3 rd ed. – N.Y.: Macmillan, 1986. – P. 630-647.*
5. *Морозов А. В., Чернилевский Д. В. Креативная педагогика и психология: учебное пособие. – 2-е изд. испр. и доп. – М.: Академический Проект, 2004.*
6. *Нағымжанова Қ. М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері : дис... пед. ғыл. док: 13.00.01. – Алматы, 2010. – 110 б.*
7. *Оспанова Б. А. Педагогические основы формирования креативности будущего специалиста в системе университетского образования дисс... док. пед. наук: 13.00.08. – Туркестан, 2006. – 182 с.*
8. *Бердібаева С. Қ. Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы. –Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 216 б.*
9. *Sh. Zh. Ramankulov et all., Didactic Conditions of Implementation of ICT in the formation of creativity of future teachers of physics. Asian social sciences; Vol.11, No28; Canada, - 2015.*

Булшекбаева А.И.
PhD доктор, Абай атындағы Каз ҰПУ, Педагогика және психология институтының
аға оқытушысы, email:bulshekbaeva@mail.ru

Досжанова А.Ж.
Магистр, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Өнер және мәдениет факультетінің аға оқытушысы, email:doszhan80@bk.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ТҰЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘЛЕУЕТІ

Түйін: *Мақалада жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінің тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудағы әлеуеті қарастырылған. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейлері ашылған.*

Резюме: *В данной статье рассматриваются потенциал послевузовского образования в формировании мировоззренческой культуры личности. Раскрывается уровни послевузовского образования.*

Summary: *This article discusses the potential of postgraduate education in the formation of the world Outlook culture of personality. Reveals the levels of postgraduate education.*

Кілт сөздер: *жоғары оқу орнынан кейінгі білім, тұлға, тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті.*

Ключевые слова: *послевузовское образование, личность, мировоззренческая культура личности.*

Key words: *postgraduate education, personality, world outlook culture of personality.*

Қазақстан Республикасы демократиялық мемлекет құруда маңызды табыстарға, бәсекеге қабілетті экономика құруда, қоғамның әлеуметтік жаңғыртылуында едәуір жетістіктерге жетті. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың реформасының ауқымдылығы тарихи аз уақыт ішінде мемлекетіміз бен қоғамымызды түбегейлі өзгертуге мүмкіндік берді. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы» кітабында «біздің үлгінің мәні мемлекеттік билікті әлсіретпестен, нарықтық экономиканың негіздерін жасауға және демократияландыруға бағытталған, сонымен бірге «естен тандырмайтын» түбегейлі реформалардың жиынтығына саяды», – деп жазған [1].

Білім беру заманауи жүйесінде білім алушы тұлғаны, оның жеке және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін әр алуан салаларда практикалық әрекет тәжірибесін иелену, өмір бойы оқу мүмкіндігі болу үшін жағдай жасалуға тиіс. Экономиканың қарқындап дамуы білім алушылардан зерттеуші-маман ретінде тұлғаның қалыптасуын, зерттеу біліктіліктерін дамытып отыруын талап етеді. Заманауи оқу мекемелері білім беру тәжірибесіне жай ғана зерттеу әдістерін қосумен шектеліп қалмай, оны тәжірибе жүзінде іске асырып, зерттеу әрекеті мәдениетінің қалыптасып, дамуына бағытталған мақсатты жұмыстарын қажет етеді.

Осымен байланысты әлемдік білім стандарттарына мектеп пен жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің білім сапасын сәйкестендіру мәселесі қазіргі таңда негізгі орында тұр. Себебі барлық әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тетігі болып табылатын жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы ортада қаланады. Сондықтан, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім беру саласының барлық құрылымын жаңарту қазіргі қоғамның өркениетті дамуын қамтамасыздандырудың басты тетігі болып отыр.

Әлеует (лат. potentia – күш) – қолда бар және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу, қандайда бір тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылуы мүмкін құралдар, көздер, қорлар [2,3]. Қазақстан өз азаматтарының қабілеттері мен мүмкіндіктерін кеңінен қолдана отырып, үздіксіз оқыту арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім аясын кеңейту жолымен үлкен табыстарға жетуде. Нәтижеге негізделген оқыту мен ұтқырлық білім алушылардың өзгермелі еңбек нарығында біліктілік, белсенділік, жауапкершілік құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді [4].

Қазақстанда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында мамандарды даярлау магистратура және PhD докторантура бағдарламалары арқылы жүзеге асырылуда.

Қазақстандағы магистратураның білім бағдарламалары батыс елдерінің білім бағдарламаларына сәйкестендірілуде. Отандық ғалымдар тарапынан елімізде магистратурада білім беру жағдайлары мен мәселелері талқыланып бір жүйеге келтірілді.

Магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім мазмұнын анықтайтын оқу және ғылыми жұмыстардың түрлерінен тұрады және олардың ара қатынасын, өлшемін және есебін көрсетеді.

Магистратураның білім беру бағдарламасында:

1) базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін меңгеруді қамтитын теориялық оқыту;

2) магистранттардың практикалық даярлығы: практика, кәсіптік тағылымдама түрлері;

3) ғылыми және педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы;

4) бейіндік магистратура үшін магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы;

5) аралық және қорытынды аттестаттау қамтылады [5].

Қазіргі кезде магистрлерді даярлауға көп сұраныс туып отыр. Қазақстан магистранттары әлемдік деңгейдегі білім бағдарламаларымен қамтылуда. Әлемдік білім беру кеңістігінде жүзеге асырылып жатқан шаралардың негізгі мақсаты – Қазақстан жоғары білімінің халықаралық стандарттармен сәйкестілігін қамту. Бұл тарихи қадам жоғары білімнің сапалылығын және жоғары оқу орындары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Болон Декларациясының негізгі ұстанымдарының бірі – оқытушылар мен студенттердің, магистранттардың академиялық ұтқырлығы.

2010 жылдың 11-12 наурызында Болон үдерісіне қатысушы елдердің Білім министрлерінің II Болон Форумында (Будапешт қаласы, Венгрия және Вена қаласы, Австрия) Қазақстан Болон декларациясына қосылып, Болон үдерісіне 47-ші ел ретінде мүше болды.

Қазақстан Республикасы Болон декларациясына қосылу мәртебесіне ие болған және еуропалық білім кеңістігіне толық енген бірінші Орта Азиялық мемлекет болып табылады. Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы Қазақстан ЖОО-дары мен студенттеріне, магистранттарына:

1) еуропалық стандарттарға сәйкестендірілген отандық білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын енгізуге;

2) отандық біліктілік және академиялық дәрежені тануға;

3) оқытушылар мен студенттердің, магистранттардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан ЖОО-лары студенттеріне, магистранттарына шетел университеттерінде кредиттерді қайта тапсыруға және керісінше;

5) бірлескен білім беру бағдарламаларын таратуға;

6) жоғары білім жөніндегі қазақстандық дипломдардың еуропалық аймақтарда жарамдылығын қамтамасыз етуге жағдай жасауға және кез-келген елде түлектердің жұмысқа орналасуына жаңа межедегі мүмкіндіктер береді.

Болон үдерісі аясында магистранттардың академиялық ұтқырлығына үлкен мән беріледі. Болон декларациясы магистранттардың басқа оқу орындарына ауысуына және сәйкесті қызметтер алуына ерекше көңіл бөле отырып, бұл ауысудың еркіндігін тиімді жүзеге асыруда кедергілерді ескеру арқылы ұтқырлығына жағдай жасау мақсатын жариялайды. Болон үдерісінің міндеттері: жұмысқа тұру мүмкіндігімен азаматтардың ұтқырлығын дамыту бағытының негізгі кілті ретінде жоғары білімнің еуропалық аймағын құру; Еуропаның зияткер, мәдениетті, әлеуметтік және ғылыми-техникалық әлеуетін қалыптастыру мен нығайту; дүниежүзінде жоғары мектептің беделін көтеру; басқа білім жүйелерімен еуропалық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету; жоғары білімнің ұлттық жүйелерінің үлкен үйлесімділігі мен салыстырмалылығына қол жеткізу; білім сапасын арттыру; мәдени құндылықтарды дамытуда өздерін жаңа ізгіліктік сана түсінікті қолдаушы, таратушы ретінде санайтын университеттердің орталық рөлін көтеру [6].

Болон Декларациясына қосылған мемлекеттер өздеріне белгілі бір нақты міндеттер алады, атап айтқанда, Болон үдерісінің негізгі талаптарына сай ұлттық білім жүйелерін реформалау міндеті. Болон үдерісінің міндетті параметрлері жоғары білімнің үш деңгейлік жүйесі, – ECTS академиялық кредиттерінің жүйесі, ЖОО студенттерінің, магистранттарының, оқытушыларының және әкімшілік қызметкерлерінің академиялық ұтқырлықтары, дипломға еуропалық қосымша, жоғары білімнің сапасын бақылау, бірыңғай еуропалық зерттеу кеңістігін құру болып табылады.

Болон жүйесін Қазақстанда енгізудің мақсаттары: білім, оқу сапасын қамтамасыз ету; Қазақстанның жоғары білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және оның еуропалық жоғары білім кеңістігіне ықпалдастыру; студенттердің, магистранттардың академиялық ұтқырлығына алғышарт жасау; халықаралық үлгілерге сәйкес келетін жоғары оқу орындары дипломдарының мойындалуы мен баламалылығы; ұлттық және халықаралық деңгейдегі еңбек нарығында отандық университеттер дипломдарының мойындалуын қамтамасыз ету; құзыреттілікті қалыптастыру; өздігінен білім алу деңгейін өсіру мен үздіксіз оқуды қамтамасыз ету.

Қазіргі кезде дамыған, өркениетті мемлекеттермен қоса елімізде әлемдік білім кеңістігіне сәйкес білім мен ғылымды дамыту жолдарын іздестіруде. Мысалы, «Қазақстан -2030» бағдарламасында егеменді мемлекет құруда еліміздің әр тұрғыны өзінің қоғамдағы орнын саналы түрде түйсінуі және экономикалық талаптарға сай келетін тәрбие, білім беру қажеттігіне зор көңіл бөлінген [7].

Дегенмен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп атап көрсетеді [8].

Қазақстандағы жоғары білім бірқатар өзгерістер мен жаңаруларды басынан өткерді, Қазақстан жоғары мектебінің аса маңызды жаңаруы 1999 жылы «Білім туралы» Заң қабылданғаннан кейін жүргізілді. Аталмыш заңның 25-бабына сәйкес жоғары кәсіптік білім үш кәсіптік білім бағдарламалары бойынша жүзеге асырылды: бакалавриатта жүзеге асырылатын жоғары базалық білім; магистратурада жүзеге асырылатын жоғары ғылыми-педагогикалық білім және арнайы жоғары білім. Үш деңгей білім бағдарламаларының сабақтастығын жүзеге асыратын көпдеңгейлі жоғары білім жүйесін енгізудің құқықтық негізі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы №1845 «Жоғары кәсіптік білімнің көпдеңгейлі құрылымы туралы Ережесі», – болып табылады [9]. Сонымен тиісті кәсіптік білім бағдарламаларының тұтастығы ғылым, техника және мәдениеттің барлық саласын қамтыды.

2007 жылдың 27 шілдесінде «Білім туралы» заң қабылданып, күшіне енді. Ол заңда жоғары білім жүйесінің құрылымы өзгертілді. Жаңа заңға сәйкес магистратура жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне шығарылды. Қазіргі кезде жоғары оқу орнынан кейінгі білім магистратура мен PhD докторантура болып есептелінеді [8].

Болашақ ұрпақтың дамуы ұстаздарының адамгершілігіне, белсенділігіне, білім деңгейіне, шығармашылық іс-әрекетіне байланысты болмақ. Сол себептен бізді қоғамға аса қажет мамандардың кәсіби шеберлігінің қандай дәрежеде екендігі үлкен мәселелердің бірі. Сондықтан, мамандар осы сұраққа жауап алатындай білім, жоғары мәдениеттілік, дағды, іскерлік, өз ісіне деген сенімділік, тез шешім қабылдай алатын, ұйымдастыру қабілеті жоғары болмағы мәлім. Жас мамандардың ой-өрісінің, адамгершілігінің, рухани байлығының білім деңгейінің, жоғары мәдениеттілгінің, дүниетанымдық көзқарасының, шығармашылық ойлау қабілетінің мәдени ортасына байланысты дамуына қарай бірлесіп, түсінісіп кәсіби мамандығын жетілдіруге бағытталады. Бұдан шығатын қорытынды, жас мамандардың бойына мынадай қасиеттерді қалыптастыруына мүмкіндік туады. Жоғары саналылық, белсенділік, жауапкершілік, борыш сезімі, экономикалық ойлау және т.б. Сонымен мәдени - әлеуметтік іс-әрекеттерді ұйымдастыру өзінің қосымша жасырын күшін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оны әсерлі қолдану барысында болашақ маманның өзі таңдаған кәсібіне сүйіспеншілігі артып, білімін тереңдетеді, яғни кәсіби шеберлігін шыңдап өз ортасындағы беделін арттыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік белсенділігін, мәдениеттілігін, іскерлігін қалыптастырады. Олай болса, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша білім алып жатқан тұлғалар жоғары деңгейлі кәсіби мамандар болмақ. Магистрлік білім бағдарламалары бойынша оқыту мен тәрбиелеу мәселелері ғылыми еңбектерде жарық көрді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінің қызметі: оқу, оқу - әдістемелік, ғылыми – зерттеушілік, тәрбиелік – ұйымдастырушылық сияқты жан-жақты қызметтерден тұрады. Бұндай қызметтер тәжірибеде бір-бірімен тығыз байланыста, жинақты түрде жүзеге асқанда ғана нәтижелі болады, яғни тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру мәселесінде көздеген мақсатқа жеткізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. 1. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2006.

2. Философский энциклопедический словарь. - 2-е изд. - М.: Советская энциклопедия, 1989. - 814 с.

3. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. - 525 б.

4. Қазақстан Республикасы ЖОО-да білім алатындардың академиялық ұтқырлығы тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы кеңейтілген Алқа мәжілісі аясында ректорлар басқосуында талқыланып мақұлданды.

5. Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» №1080 бұйрығы. 2012, тамыз – 23.

6. Болонская декларация 1999. Европейское пространство высшего образования. Совместная Декларация европейских министров образования.- Болонья, 1999, июнь - 19.

7. «Қазақстан - 2030» стратегиясы. – Алматы, 1997.

8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда. 27.07.2007.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы №1845 «Жоғары кәсіптік білімнің көпдеңгейлі құрылымы туралы» Ережесі.

Булшекбаева А.И.
PhD доктор, Абай атындағы Каз ҰПУ, Педагогика және психология институтының аға оқытушысы, email:bulshekbaeva@mail.ru

Жайлымысова Г.А.
Магистр, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Өнер және мәдениет факультетінің аға оқытушысы, email:raiko_200816@mail.ru

ТҰЛҒА ТЕОРИЯСЫ – ТҰЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ

Түйін: *Мақалада тұлға теориясы тұлғаның дүниетанымдық мәдениетінің мазмұны ретінде қарастырылған. Ғалымдардың ой-пікірлері саралап берілген.*

Резюме: *В статье теория личности рассматривается как содержание мировоззренческой культуры личности. Анализируются мнения ученых.*

Summary: *In the article, personality theory is viewed as the content of the worldview culture of the individual. The opinions of scientists are analyzed.*

Кілт сөздер: *тұлға, тұлға теориясы, тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті.*

Ключевые слова: *личность, теория личности, мировоззренческая культура личности.*

Key words: *personality, theory of personality, world outlook culture of personality.*

Тұлға – сөйлеу қабілеті бар саналы, шығармашылық мүмкіндігі бар қоғамдық және табиғи тіршілік иесі. Теория педагогикалық құбылыстардың, кез келген әдіснаманың негізі болады және сол әдістеменің көмегімен табылған фактілер арқасында кеңейеді. Теория – таным үдерісінің нәтижесі, ал әдіснама болса осы танымға жету мен оны құру тәсілі болып табылады. Бұл – теориялық және тәжірибелік ғылыми-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен құрастырудың негізі мен тәсілдер жүйесі (Ш.Т.Таубаева).

Тұлғаның психологиялық теорияларында тұлғаның табиғатын түсіндіретін өзара бір-бірін толықтыратын пікірлер мен идеялар тоғысып жатады. Көптеген әртүрлі тұлға теориялары бар оларда тұлға мәселесі әртүрлі қарастырылады. Мысалы, психоаналитикалық теория дамуды қоғамдағы өмірге адамның биологиялық табиғатының адаптациясы ретінде, қажеттіліктерді қанағаттандыру тәсілдері мен қорғаныс тетіктерін жасау деп түсінеді. Әлеуметтік үйрену теориясы тұлғаның дамуы адамдардың тұлғааралық өзара әрекет тәсілін қалыптастыру ретінде түсіндіріледі. Гуманистік және басқа феноменологиялық теориялар оны «Меннің» қалыптасуы үдерісі ретінде талдайды.

Тұлға табиғатына байланысты кеңестік психологиядағы көзқарастардың ішінде ең алдымен А.Н.Леонтъевтің тұлға теориясын аламыз.

А.Н.Леонтьев өзінің «Іс-әрекет. Сана. Тұлға» деген еңбегінде көптеген кейбір зерттеушілер келісетін, келіспейтін жағдайды тұжырымдады. Ондай жағдайлардың бірі, тұлға қайталанбайтын тұтастық пен бірлік болып табылады. Екінші жағдай ол тұлға психикалық үдерістерді басқаратын жоғары ықпалдасқан инстанцияны береді [1, 44 б.].

Ғалым былай дейді, бұл жағдайлар бір уақытта әрі дұрыс емес қорытындыға да әкелуі мүмкін. Психикалық үдерістер мен тұлға психологиясын қарсы қою оларды бір-бірінен ажыратып қарауға әкеледі. Тұлға психикалық үдерістерден тыс қаралса ол абстракция болып қалады, толық мәнді емес тұтастыққа «айналады немесе дисплозициялар мен мақсаты салынған «Мен» болып қалады. А.Н.Леонтьев бойынша тұлға мен психикалық үдерістерді бөлу психикалық үдерістерді индивидуалды қасиеттерге шоғырландыруға әкеледі. Алайда ол жағдай мәселені шешпейді, алдын ала ол сипаттамалардың қайсысы тұлғаны сипаттайтынын, қайсысы тұлғалық болатынын білуге болмайды. Бұл сұрақты шешу үшін ғалымның ойынша, тұлғаның ерекшеліктеріне арналған кешенді ықпал жасалады, онда тұлға барлық әртүрлі қасиеттер ретінде қарастырылады. Тұлға психологиясы антропология бола бастайды. Адамға деген кешенді ықпалды А.Н.Леонтьев жоққа шығармайды, алайда бұл ықпалды ауыстырмайтын тұлға мәселесін қозғайды.

Кешенді зерттеу психология үшін маңызды, алайда ол жағдай тұлға мәселесін ерекше етіп жылжытады. Тұлға жайлы білімдер жүйесі егер де онда тұлғаның негіздемесі жайлы сұрақты талдау жоқ болса, онда ол оның маңыздылығын түсіндіре алмайды. Тұлғаны психологиялық зерттеу жеке қасиеттерді зерттеу кешендерімен ауыстырылмайды.

Тұлға осы өзіндік себепті айқын көрсетеді. Мәдениетке бағына отырып, ол онда қозғалады және үнемі шекарадан шығады. Барлық мәдениет шекарада өмір сүреді дейді М.М.Бахтин [2]. Тұлға қозғалғыш болып табылады, өз шегінен, мәдениеттен шыға алады, және тұлғаны категорияға салу мүмкін еместігін оған аяқталған түсінік беру қиын екенін көрсетеді.

Фрейд Зигмунд – австриялық психиатр, психоанализдің негізін қалаушы. Фрейд ашқан жаңалықтар психоневроз және бейсана туралы ілімдерден тұрады. Фрейдше, мәдениет адамзат бақытын азайтып, қалау мүмкіндігін шектеу арқылы ондағы кінә сезімін көбейтіп, мұқата береді. Фрейдтің ойынша, жеке тұлғалық және ұжымдық заңдылықтардың табиғаты бір, жөнді және жөнсіз психикалық құбылыстардың пайда болуы да ұқсас заңдылықтармен өрбиді. Сол сияқты діни рәсімдер де жабыспалық неврозына ұқсас, сондықтан, Фрейд дінді ұжымдық невроз дейді. Көсемшілдік мәселесіне де Фрейд осы тұрғыдан келеді. Оның пікірінше, адамдардың ұжымдағы қарым-қатынасы либодоға байланысты. Мұндай жағдайда әрбір тұлға өзін көсеммен салыстырып, оны идеал тұтады. Соның нәтижесінде адам өзінің «Менінен» айырылып, ұжымдық идеал – көсемге бағына береді [3, 106-133 б.; 4, 404 б.].

Гарри Стек Салливан — «психиатрияның тұлғааралық теориясы» деп аталатын жаңа тұжырымдаманы жасаушы ірі ғалым. «Оның негізгі, маңызды қағидасы жеке адам – қайсыбір болжамдық мазмұн, мағына. Оның негізі – тұлғааралық қарым-қатынастар», – деп түсіндіреді. Яғни, жеке адамды нақты әлеуметтік жағдаяттан тыс зерттеу мүмкін емес дейді [4, 404-405 б.]. АҚШ-та бихевиоризм мен терең психология ұстанымдарын байланыстыруға талпынған алғашқы тұжырымдама пайда болды. Оның авторы – Г.С.Салливан. Сондықтан, оны екі бағыттың да өкіліне жатқызады. Оның теориясында негізгі үш ұстаным болды: қоғамдық тіршілік ету ұстанымы, қызметтік белсенділік ұстанымы және ұйымдастырушылық ұстанымы. Ол адам тұлғасы туыла берілмейді, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасында пайда болады деп жазды, сонымен қатар «тұлға – тұлғааралық қарым-қатынасты қайталаушы үлгі», – деді. Өз даму жолында бала үш кезеңнен өтеді – балалық шақтан жастық шаққа дейін, әр кезеңнің өз үлгісі қалыптасады. Балалық шақта ол өз құрдастарымен ойнау барысында қалыптасады, жеткіншек шақта қарама-қарсы жыныспен қарым-қатынас барысында, т.с.с. Салливанның пікірінше, қажеттілік тек мазасыздықты туындатып қоймай, оның алдын алу тәсілдерін қалыптастырады – бұл динамизмдер. Ең басты қажеттілік мейірім және дабылдан аулақ болу деп есептеді. Осының нәтижесінде «Мен-жүйесі» қалыптасады [4, 405 б.].

Отто Ранктың (Rank Otto) тұлға теориясы З.Фрейд пен Г.С. Салливанның теорияларынан ерекшеленеді. Олардың ұстанымдары бойынша, адам – өз қажеттіліктері мен қоғам қызығушылықтары арасында келісімге келуді іздейтін тіршілік иесі болса, О.Ранктың пікірінше, адам өмірінің мәні басқада, қарама-қайшы тұрған күштер тұлға ішінде бейтараптанады, сол арқылы тұлға тұрмысының ерекшелігі анықталады. Басқаша айтқанда. кикілжің адамның туылғанынан бастап өлгеніне дейін жалғаса береді. Ол адамның әлеуметтік ортада немесе жалғыз өмір сүруіне байланысты емес, кикілжің үнемі болып отырады. Оның пікірінше, адамның субъективті өмірін сипаттайтын үлкен екі тенденция бар, олар: өмір қорқынышы мен өлім қорқынышын азайтуға деген талпыныс. Өмір қорқынышы мен өлім қорқынышы индивид үшін мазасыздық пен қолайсыздық күйі ретінде сипатталады. О.Ранк адам туылғаннан биологиялық инстинктерімен болатынын және оны қанағаттандырудың қажеттілігін мойындайды, дегенмен адам тұлғасының феноменін түсіндіру үшін бұл инстинктердің жүзеге асырылуы аса маңызды емес. Қалай болғанда да биологиялық инстинктің маңызы зор болғанымен, адамның ішкі кикілжіңінің басты құрамдас бөлігі болып табылмайды. Адам өмірі континуумдағы қозғалыс деп біледі, олар: «жекелендірілу – басқалармен араласу». Жекелендірілу басқаларға тәуелділіктің азаюымен байланысты. Бұл үдеріс адамға үнемі қосымша жауапкершілікті жүктейді, өз тұрмысын ұйымдастыру арқылы ішкі мазасыздық күйі артып, өмір қорқынышы туындайды [4, 405 б.].

Фромм Эрих – американдық неміс философы, неофрейдизмнің (мәдени психоталдаудың) негізін қалаушылардың бірі, әлеуметтік философияның франкфурттық мектебінің көрнекті өкілі. Фромм қоғам дамуындағы психологиялық және әлеуметтік факторлардың өзара байланысын анықтаған. Өз еңбектерінде Фромм капитализмнің марксистік тұрғыдан сыналуын экзистенциализм, философиялық антропология және психоталдаумен ұштастыра білген. Фроммның синтездік тәсілі, өткір тілі, анық ойы және қоғамдағы өзекті мәселелерді орынды қоя білуі оны 60-жылдары бүкіл зиялылардың кумирі дәрежесіне жеткізді. Оның шығармаларының атауларының өзі («Еркіндіктен безіну», «Адам деген – адам», «Сау қоғам», «Үміт революциясы», «Махаббат өнері», «Иемдену әлде болу» және т.б.) Фроммның публицистикалық, саяси-этикалық бағыт-бағдарлы философиясынан хабардар етеді. Фромм барлық шығармаларын Батыс өркениетінің дағдарысынан бастайды [3, 246-248 б.].

Адамға деген биофизикалық ықпалдан басқа интеллектуалды тенденциялар қалыптасты, психоанализге «әлеуметтік психологиялық көзқарастар» әкелген тұжырымдамалардың ішінде негізгілерін айтуға болады (А.Адлер, К.Хорни, Э.Фромм, Г.Салливан) олардың ішінде «жаңа әлеуметтік психологиялық көзқарастың» Адлер Альфред болып табылады.

А.Адлердің (1870-1937) Фрейд пен Юнгтен айырмашылығы сол ол адам мотивациясы әлеуметтік оянулармен шарттанады деді, адамдар әуелден-ақ әлеуметтік болып табылады, өздерін басқа адамдармен арақатыстырады, бірлескен әлеуметтік іс-әрекетке қатысады. А.Адлер әлеуметтік қызығулар адамда туа берілген мәнділік деп санады, осы тұрғыдан оның да Фрейд пен Юнг сияқты кейбір көзқарастары биологиялық болып табылады. Адлер психологтардың ойына әлеуметтік өзгерткіштер дегенді салып, әлеуметтік психологияның дамуына негіз салды. Адлердің тағы бір екінші маңызды еңбегі ол тұлға теориясына жоғары персоналданған субъективті жүйе «Креативті Мен» деген ұғымды кіргізді. Үшінші айтқан маңызды жағдайы психоанализден айырмашылығы сол ол адамның уникалды сипаты жайлы айтты. Тұлғаның тұтастығы мен қайталанбастығы туралы Адлер тұжырымдамасы оның психологияға қосқан баға жетпес үлесі болып табылады. Сонымен бірге ол ендірген «шығармашыл Мен» идеясының да маңызы ерекше. Шығармашыл Меннің өзіндік жүйесі бар, ол адамның өмірлік тәжірибесін ескере отырып, тұлға дамуының бағытын өзгерте алады, оған түрлі мән беруге мүмкіндігі бар. А.Адлердің тұлға теориясы – белгілі бір құрылымға келген жүйе, ол бірнеше негізгі ережелерден тұрады, олар:

- жалған финализм; - үстемділікке талпыныс; - олқылық сезімі мен өтемақы; - қоғамдық қызығушылық; - өмір салты; - шығармашыл Мен.

Карл Роджерс тұлға және терапия теориясын құрастырған, бұл адамға өзін және қоршаған әлемге деген қатынасын өзгертуге мүмкіндік береді. К.Роджерс адам құрамын шынайы «Мен» және идеалды «Мен» деп бөліп көрсетеді, ал адам өміріне әсерін тигізетін әлеуметтік ортаны қосымша етіп алады. Шынайы «Мен» - өзі туралы ой, сезімі, талпынысы тағы сол сияқты елестету жүйесі. Идеалды «Мен» – адамның болашақта қандай болғысы келетіні, терең ойлауы мен өзінің тәжірибесін меңзейді. Әлеуметтік орта – бұл басқа адамдардың баға беруі (адамның құндылығы, көзқарасы, іс-әрекеті, нормасы, тағы сол сияқтылар). Шынайы «Мен» және идеалды «Меннің» өзара сәйкес келмеуінен мазасыздық, әрекеттің бейімделе алмауы, әртүрлі психологиялық мәселелер туындайды. К. Роджерстің тұжырымдауы бойынша, тұлғаның өзін-өзі бағалауы, өзіндік «Менін» бағалауы, өзіндік өзектендіруге талпынысы, қоршаған ортаны субъективті қабылдауы, әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін қарастырудың маңызы зор. Тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынасы, жеткен жетістіктері мен ерекшеліктері көптеген жағдайларға тәуелді, оларды «тұлғаның әлеуметтік есеюі» ұғымымен түсіндіреді. «Мен-Тұжырымдамасына» сүйенетін К. Роджерс оны былай деп мінездейді: «Мен-Тұжырымдамасы» ұйымдасқан, бірізді концептуалды гештальт, ол «Мен» қасиеттерін қабылдаудан, «Меннің» өзара қатынасын қабылдаудан тұрады, сонымен қоса, осы қабылдауларға байланысты құндылықтар, өмірдің әртүрлі жақтарын қабылдау». К. Роджерс, З. Фрейд, А.Адлер, Э.Эриксон т.б. ғалымдар сияқты «Мен-Тұжырымдамасының» құрылу үдерісіне байланысты белгілі бір арнайы кезеңдер кестесін көрсетпеген.

К.К.Платонов тұлға мәселесін құрылымдық-гендік тұғырда қарастырды. Тұлғаның динамикалық қызметтік құрылымы тұжырымдамасына сәйкес тұлғаны тұтастай сипаттаудың әдістемелік құралы оның құрастырған тұлға картасы болып табылады. Тұлға құрылымын төрт үдерістік-иерархиялық құрылымдар сипаттайды [5, 15-41 б.]:

- бағыттылық құрылымы: сендіру, дүниетаным, кемелділік, талпыныс, қызығушылық, тілек. Бұл құрылымның қалыптасу ерекшелігі тәрбие болып табылады. Мұны әлеуметтік-психологиялық деңгейде талдау қажет.

- тәжірибе құрылымы: әдет, білік, дағды, білім. Бұл құрылымның қалыптасу ерекшелігі оқыту болып табылады. Мұны психологиялық-педагогикалық деңгейде талдау қажет.

- психикалық үдерістердің ерекшелігі құрылымы: зейін, ерік, сезім, қабылдау, ойлау, эмоция, ес. Бұл құрылымның қалыптасу ерекшелігі жаттығу.

Жоғарыда келтірілген тұлға теорияларының барлығы да тұлға дүниетанымын қалыптастыру үдерісінде маңызды рөл атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. *Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975. – 228 с.*
2. *Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – изд. 2-е. - М.: Искусство, 1986. - 381 с.*
3. *Ларри Хьелл, Дэниел Зиглер. Теории личности: основные положения, исследования и применение / пер. С.Меленевской и Д.Викторовой. - К.: PSYLIB, 2006. – 608 с.*
4. *Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. – Алматы: Қарасай баспасы, 2013. - 384 б.*
5. *Платонов К.К. Структура и развитие личности. - М.: Наука, 1987. – 138 с.*

Нұржанова Г.И.
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, п.ғ.к., nurzhanova_24@mail.ru

Усенбаева Ш.М.
аға оқытушы, vinara.nurlanova@mail.ru

КІТАПХАНАЛАРДА ӨЛКЕТАНУ ӘДЕБИЕТТЕРІН НАСИХАТТАУ

Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы мен кемелді келешегінің қамын ойлаған Елбасы ұлтқа арналған маңызды құжат, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын жариялады. Аталмыш мақалада Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» – ұлттық идеологиялық бағытымыздың қайнар көзі. Ұлттық дамуымыздың негізі болған аталмыш тұғырнама Елбасының ой әлемінде сан мәрте таразыға тартылып, сан жылдардан бері пісіп-жетіліп, парасаттылықпенен қорытындыланып, тағылыммен тұжырымдалған ойлы да жүйелі дүние.[1]

Елбасы болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатындығы жайында әрі әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керектігін тілге тиек етеді. Сондай-ақ компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлардың бәрі әрбір жеке тұлғаның алға басуына қажетті алғышарттар екендігін айшықтайды. «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс… Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп түйін жасайды.

Өлкетану әдебиеттері — біздің үлкен тарихымыздың ажырамас бір бөлігі. Ол - ата-бабадан қалып, ұрпақтар үндестігінде жалғасын тауып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің сақшысы. Өлкетану әдебиеттерін кітапханада насихаттау - қазіргі заманғы кітапханашыларының алдында тұрған келелі істердің бірі. Бұл орайда жас ұрпаққа өз елінің, туған өлкесінің тарихын, тілін, дінін, ділін, экономикасын, мәдениетін, табиғатын жан-жақты, кең түрде насихаттап, оны сүюге, қастерлеуге шақыру негізгі міндет болмақ. Өлкетану әдебиеттерін насихаттау дегеніміз - бұл қазақ халқының қарапайым даналығын ашу, Жер-Ананы ерінбей мәпелеп, оның дархан байлығын ел игілігіне жарату үлгісін кейінгі ұрпаққа көрсету.[2]

Елбасы назарынан «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламада қалыс қалмаған. Мақалада туған жер жайында, оны көркейту бағыттарына қатысты көптеген шешімдері мен ұсыныстарын, жобаларын дайындаған. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатынын айта келе, туған жерге деген сүйіспеншілік туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласатындығын ерекше асқақ, терең сезіммен түйіндеген.

Қандай елде, қандай жерде болмасын туған тарихын, төл мәдениетін, салт-дәстүрін, туған өлкеден шыққан өнер, еңбек саңлақтарын, елдік шежіресін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, мадақтап, асыл мұра етіп ардақтауында өлкетану әдебиеттерінің алар орны ерекше. «Ақыл-жастан» деген бабалар нақышындай, еліміздің сәулетті де түрлі болашағын жасаушы жастарға өлкетану әдебиеттерін насихаттау арқылы туған жерге, өскен өлкеге деген құрмет, өз Отанына деген мақтаныш әрі патриоттық сезімін оятып, қазақ елінің және қазақ елін мекен еткен басқа да халықтар өкілдерінің әдеби, мәдени мұраларын білуге тәрбиелеу - кітапхана ісінің негізгі міндеті. [3]

Кітапханада өлкетану әдебиеттерін насихаттау қазіргі уақытта кең орын алуда. Әр оқырман өзінің туған өлкесінің тарихын, экономикасын, табиғат байлықтарын, халқынан шыққан түрлі дарын иелерін, мақтан тұтар, ардақ етер ұл-қыздарын білуге, сыйлауға және осының бәрін кейінгі ұрпаққа аманаттауға бар күш-жігерімен ұмтылуы тиіс. Сонымен, өлкетану әдебиеттерін насихаттауда жеке оқырманды жан-жақты тәрбиелеу мен дамытудың табысты болуы кітапханашылардың оқырман психологиясын, жас ерекшелігін терең біліп, ескеруіне және ұлттық тәрбие мақсатына сай міндеттер қойып, өлкетану ғылымдарын насихаттау әдістерін дұрыс таңдап, тиімді пайдаланып, қызықты ұйымдастыра білуіне байланысты.

Отанға деген сүйіспеншілік, туған өлкеге тағдырынды байланыстыру өздігінен пайда болмайды, оған тәрбие арқылы қол жеткізіледі. Осы тәрбиені кең түрде насихаттаушылардың алдыңғы қатарында әрдайым да кітапхана тұрмақ. Өлкетану әр адамға-ақ әлемді танытатын жақсы көмекші. Өзінің дәстүрлі түрдегі ағартушылық және тәрбиелік қызметтері арқылы өлкетану ғылыми және

өнеркәсіптік ортада қашан да өз бағасын жоймақ емес. Өлкетану мазмұны бұрынғы және қазіргі қоғамның белгілі бір уақытының мақсаты мен мәнін анықтайды. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттау ісі – кітапхана типіне, оқырмандар құрамына, қордың көлеміне қарамастан кітапханалардың барлығында сапалы жүргізіледі. Өлкетану әдебиеттерін насихаттау ісі - кітапханадағы жалпы насихат жұмысының құрамдас бір саласы, ол жалпы әдебиеттерді насихаттау ісімен тұтасып, бірге дамып, бірге өріліп жататын кітапханалық насихаттың мазмұнын кеңейтіп, маңызын көтеретін, оның барлық түрлерін толықтырып, байытып отыратын сала. Өлкетану әдебиеттері - кең салалы әдебиет. Оған белгілі бір аймақты жан-жақты зерттеуге бағытталған немесе оның физикалық және экономикалық географиясына, геологиясына, тарихына, этнографиясына, жаратылысына, заңтану саласына арналып жазылған баспа шығармалары жатады. Сонымен қатар белгілі бір қала, облыс, аудан, ауыл туралы мәліметтер басылған арнайы ғылыми монографиялар, ғылыми-көпшілік өдебиеттер, анықтамалық басылымдар, осы өлкеге қатысы бар басқа да шығармалар кіреді. Өлкетану әдебиеті ұғымы мазмұны жағынан өлкеге қатысы бар баспа шығармаларының бәрін, олардың қай жерде, қай тілде басылғанына қарамастан түгел қамтиды.

Кітапханалық өлкетану — жалпы өлкетанудың негізгі бір бөлшегі. Оның мақсаты туған ел турасындағы жарық көрген баспа шығармаларының бәрін-бәрін жинақтап, сақтап, оқырман пайдаланымына ұсыну. Кітапханада өлкетану әдебиеттерін насихаттау қазіргі уақытта кең орын алуда. Әр оқырман өзінің туған өлкесінің тарихын, экономикасын, табиғат байлықтарын, халқынан шыққан түрлі дарын иелерін, мақтан тұтар, ардақ етер ұл-қыздарын білуге, сыйлауға және осының бәрін кейінгі ұрпаққа аманаттауға бар күш-жігерімен ұмтылуы тиіс. Оқырман кітап оқу процесі барысында оның рухани қайнарынан өз әлінше сусындап, тәрбие алады. Оқырмандардың кітап байлығына терең сүңги білуі оның кітап оқу мәдениетін қаншалықты меңгергеніне тікелей байланысты. Сондықтан да кітапханашылар қауымы оқырмандардың кітаппен жұмыс жасауына үнемі басшылық жасап, оқырмандар арасында кітапханалық-библиографиялық білімді үнемі насихаттауды жоспарлы әрі жүйелі түрде жүргізуді жетілдіре түскендері жөн болмақ.

Сонымен, өлкетану әдебиеттерін насихаттауда жеке оқырманды жан-жақты тәрбиелеу мен дамытудың табысты болуы кітапханашылардың оқырман психологиясын, жас ерекшелігін терең біліп, ескеруіне және ұлттық тәрбие мақсатына сай міндеттер қойып, өлкетану ғылымдарын насихаттау әдістерін дұрыс таңдап, тиімді пайдаланып, қызықты ұйымдастыра білуіне байланысты. Отанға деген сүйіспеншілік, туған өлкеге тағдырынды байланыстыру өздігінен пайда болмайды, оған тәрбие арқылы қол жеткізіледі. Осы тәрбиені кең түрде насихаттаушылардың алдыңғы қатарында әрдайым да кітапхана тұрмақ. Өлкетану әр адамға-ақ әлемді танытатын жақсы көмекші. Өзінің дәстүрлі түрдегі ағартушылық және тәрбиелік қызметтері арқылы өлкетану ғылыми және өнеркәсіптік ортада қашан да өз бағасын жоймақ емес. Өлкетану мазмұны бұрынғы және қазіргі қоғамның белгілі бір уақытының мақсаты мен мәнін анықтайды. Кітапханалық өлкетану - бәрімізге де өз Отанымызды тануға, білуге және сүюге үйретеді.[4]

Өлкетану әдебиеттерін насихаттаудың алғышарттарына кітапханада өлкетану әдебиеттерінің қорын ұйымдастыру мен анықтамалық-библиографиялық аппараттарды ұйымдастыру жатады. Қандай да бір кітапхана болса да ондағы өлкетану басылымдарының насихатталуы оның өлкетану мазмұнындағы әдебиеттерінің қоры мен анықтамалық-библиографиялық аппараты-ның жақсы деңгейде, толық ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттаудың көпшілік түрлері мен көрнекі әдістері болады. Олар-оқырмандармен жүргізілетін көпшілік шаралар-оқырман конференциялары, кітап көрмелері, шолулар, оқырманмен әңгімелесу кештері, тақырыптық кештер, оқырман бенефисі жатады. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттау барысында өткізілер насихаттың әр әдісі пен түрі кітапханашыдан терең білімді, жан-жақтылықты талап етеді. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттау барысында өткізілер әрбір шара оқырмандарды бірден үйіріп әкете алырлықтай дәрежеде қызықты, тартымды, жақсы ұйымдастырылуы тиіс. Яғни басқаша айтқанда, кітапхана мен оқырман арасында ерекше бір байланыс туғызуы керек. Одан оқырман өз керегін алумен қатар өзінің сол мақсаттағы ұсынысын, талап-тілегін ортаға сала алады.

Ал өлкетанулық қорды насихаттау барысындағы кітап көрмелерінің де оқырмандарға берер тағылымы мен көмегі аса зор. Олар белгілі бір тақырып бойынша іріктеліп немесе белгілі бір айтулы тұлғаның өмірі мен шығармашылығына арналып та ұйымдастырылуы мүмкін. Көрме тақырыбы тартымды, оқырманның назарына бірден ілігетіндей болуы, қысқа бейнеленуі шарт. Қандайда бір кітапханадағы насихат жұмыстары оқырманның қалыптасуына және оның білімінің тереңдей түсуіне көп септігін тигізеді. [5]

Өлкетану әдебиеттерінің оқырмандары ұғымына негізінен жалпы оқырмандар да, балғын оқырмандар мен жасаөспірім оқырмандар да, өлке зерттеушілер де, насихаттаушылар да, өздігінен білім алушы оқырман топтары да кіре алады. Себебі әрбір азамат өз өлкесінің тарихын, мәдениетін т.б. рухани қайнарларынан қасиетті кітапханалар арқылы сусындай алады. Оқырмандарға сол өлке ұғымының мәнін, мазмұнынын ашып, терең түсіндіруде кітапханаларда кітапханашылар үгіт-насихаттардың түрлі формаларын ойластырып, жүзеге асырады.

Өлкетану әдебиеттерінің оқырмандарының қатарында жас ерекшеліктері, білімдері жағынан әрқилы оқырмандардың болуы бұл саладағы атқарылар істердің жүгін ауырлата түседі. Оның мәні мынада, мысалы белгілі бір сала мамандарына арнап өткізілер шараның және мектеп оқушыларымен өткізілетін шараның шаралардың ұйымдастырылу құрылымы әртүрлі және бірін-бірі өзара қайталамайтындай болуы шарт. Яғни үгіт-насихат жұмыстарының барысында оқырмандардың білімі, жас ерекшеліктері қатаң түрде ескерілуі керек. Кітапханадағы барлық өлкетану жұмыстары өз өлкесі туралы білімді кеңейту мен насихаттауға арналады. Өзінің даму баспалдақтарымен өрлей келе өлкетанудың елдің өткені мен бүгінін танытуда, ұрпақ тәрбиесінде ерекше маңыз алады. Кітапханадағы өлкетану жұмыстары барлық кітапханалық процестің бөлігі болып саналады, ол әр ғылым салалары бойынша білімді насихаттауда, тәрбие жұмысында, кітап оқуға басшылық жасау проблемалары мен кітапхана ісіне басшылық жасаудағы ортақ мақсаттардағы әдістемелік жұмыстармен байланысып, түрлі елді мекендердегі кітапханалық қызмет көрсетудің ортақ деңгейіне әдістемелік көмек беру болатын, немесе кітапханалық жұмыстың формалары біріге келе әр оқырманға өз өлкесі туралы білімді жүйелі түрде насихаттау. Әр өлке сол өлкеде өткен тарихи оқиғалармен ерекшеленеді. Жалпы алғанда өлкетану әдебиеттерін насихаттаудағы барлық жұмыс бағытттары өлке тарихы мен оның даму деңгейлеріне байланысты болады. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттау-қазіргі кітапханалар алдындағы келелі істердің бірі болып саналады. Кітапханада өлкетану әдебиеттерін ұйымдастыру неғұрлым жақсы болса, насихат жұмыстарының нәтижесі де соғұрлым оңды болады. [6]

Халқымыздың, елімізге, жерімізге, Отанымызға дееген ыстық сүйіспеншілігін, мақтаныш сезімін арттыруда, ата дәстүрдің, баба тарихтың, төл мәдениет пен төл әдебиеттің желісін үзбей ұлтымыздың асыл мұрасы ретінде көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамытып отыруда рухани отты үрлеп отырған кітапханалар мақсаты жалғыз-ақ. Ол халыққа қалың оқырман қауымға тарихты зерделеуте, мөдениет пен әдебиетті түсіндіруде, тектілігін ұғындыруда және ұлт шежіресін терең бағалап, ертеңгі ел иелері болатын азаматтар дайындауға өз тарапына көмегін аямай, шарапатын тигізу. Кітапханаларда өлкетану әдебиеттерін насихаттаудың түрлі шараларын әлі де болса кеңейте, дамыта түскен жөн. Ол енді болашақ мамандар еншісіне тимек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен қазақстан.-2017, 26 сәуір.-1-2 б.

2. Ахметова С. Өлкетану библиографиясы.-Алматы, 1979.-61 б

3. Әбдіғүлов Б. Ұлттық дәстүрлерді қалыптастыру жөнінде// Қазақ тарихы, 1999, № 3, 65-69 б.

4. Краеведческая библиография. Учеб. для библ. факт-ов ин-тов культуры и пед. вузов. —М., 1978.-166 с

5. Краеведение. Пособ. для учителя. /Под.ред. А.В. Даринского/ -М., 1987.

6. Краеведческая работа библиотеки. Метод. пос. — Алматы,1994.

Yeskebayeva Azhar Nurakynovna
Senior teacher, JSC “Civil Aviation Academy”, “Aviation English”, eazhara@mail.ru

EFFECTIVE METHODS OF TEACHING PROFESSIONAL ENGLISH

Summary. *This article considers the basic methods of teaching professional English and identifies the role of teaching English for professional purposes. Teaching professional English is an urgent task for the entire international community. The answer to life's challenges is to help students prepare for their career success by providing methodological materials that help students become demanded, successful and accomplished competitors in the current employment market. In solving this complex task, all the participants in the educational process, who act as critical partners and contribute to improving the quality of methodological materials and methods of teaching future specialists to the English language, can be of great assistance. In this case, the main participant in the pedagogical process of teaching English for professional purposes is a student with his individual professional needs.*

Key words: *method, English for specific purposes, professional English, competence, CLIL.*

Түйін. *Бұл мақалада кәсіби ағылшын тілін оқытудың әдістемесі қарастырылып, оны оқытудың мақсаты айқындалады. Кәсіби ағылшын тілін оқытудың маңыздылығы зор. Себебі, ғарыштап дамыған ортада кәсіби бағытталған ағылшын тілін меңгеру заман талабы болса, екінші жағынан ағылшын техника тілі болып табылады. Ал, кәсіби ағылшын тілін меңгерген маманның нарықта ролі айқындалып, бойына негізгі құзіреттілікті сіңірген болашақ маманды даярлауда алдыға қойылатын негізгі мақсат-аталмыш пәнді оқытудағы әдіснаманы дұрыс таңдай білу болмақ.*

Кілт сөздер: *әдіснама, кәсіби ағылшын тілі, құзіреттілік, ПМКО.*

Резюме. *В этой статье рассматриваются основные методы обучения профессиональному английскому языку и определяется роль преподавания английского языка в профессиональных целях. Обучение профессиональному английскому языку является неотложной задачей для всего международного сообщества. Ответ на жизненные задачи - помочь студентам подготовиться к своей карьере, предоставив методические материалы, которые помогут студентам стать востребованными, успешными и опытными конкурентами на текущем рынке труда. При решении этой сложной проблемы все участники образовательного процесса, которые выступают в роли важнейших партнеров и способствуют улучшению качества методологических материалов и методов обучения. В этом случае основным участником педагогического процесса преподавания английского языка в профессиональных целях является студент с его индивидуальными профессиональными потребностями.*

Ключевые слова: *метод, английский для конкретных целей, профессиональный английский, компетентность, CLIL.*

Nowadays, professional English is taught in various ways around the world. Since the sixties of the last century, when for the first time people started talking about teaching English for specific purposes as a separate direction of teaching English as a foreign language, this aspect of teaching English has developed noticeably and has taken a leading position in teaching English for specific purposes. In the conditions of dynamic development of the process of international integration and information exchange, specialists of any industry, besides traditional training, need a tool that allows efficient and effective exchange of professional information. Such a tool is a professionally oriented language or language for professional purposes. Also, professional English teaching is a new direction in the development of the theory and practice of teaching English for specific purposes and a new direction of the corresponding approach to learning, which is based on the needs of the trainees. Professionally-oriented training is focused on the specialization or choice of specialty in the areas: science, technology, business, economics, social sciences, art and aviation.

The purpose of professional English teaching is the formation of a professional communicative competence of a particular profile that is foreign to the professional communicative competence, which is expressed in the formation of communicative skills and habits of all types of speech activity: reading, writing, speaking, listening, sociocultural skills in accordance with the needs of trainees and educational institutions and the requirements of the State Educational

Standard [1].

Foreign professional communicative competence is a concept of professional linguodidactics, which includes: general education, linguistic, sociocultural, strategic, special, discursive, information, and business components.

This is a complex system of knowledge and an integrative linguistic and professional characteristic of the language personality of a specialist, considered as a qualitative aspect of the enhancement of subject-communicative knowledge and skills at the stage of professional development.

There are following competences of professional English teaching:

- strategic competence - the formulation of the ultimate goals of training as the search for an optimal solution of linguistic and professional problems;

- linguistic competence - mastering the complex of linguistic means, the formation of speech skills and skills of all types of speech activity, taking into account the specifics of the profile and the main spheres of communication;
- discursive competence - the ability to logically express thoughts in a situation of oral / written profile-oriented communication;
- information competence - the ability to satisfy the needs of a foreign language in the search for information, stimulating educational, cognitive and practice-oriented activities;
- computer competence - knowledge of the functionality of computer technology;
- intercultural competence - knowledge of own culture and culture of the country of the studied language, readiness and ability to conduct a dialogue of cultures;
- socio-cultural competence - the formation of skills and skills of speech behavior in accordance with typical situations of communication;
- business competence - mastering the skills and skills of business communication;
- functional competence - the ability to perform functional duties using a foreign language;
- interdisciplinary competence - the transformation of profile and linguistic knowledge, skills and skills in the process of foreign language-oriented communication [2].

The main tasks of the teacher are the selection and organization of training materials, the formulation of effective curricula and plans aimed at obtaining the desired learning outcomes, supporting the motivation of students, their efforts and diligence. Also an important element of working in groups is providing students feedback to the teacher, both for organizing the monitoring of the learning process, and for organizing counseling assistance to students [3].

An important element in teaching professional English is the ability of the teacher to create an atmosphere in the classroom for live communication and constructive disputes. Students acquire sustainable communication skills only when they have the opportunity to use them in communication with others. Very often, unfortunately, the teacher can be the only person who speaks English, which students can talk to, and the time for communication with each student in the classroom is limited.

Therefore, the teacher should develop and use effective methods for developing communication skills in their groups, and also involve in their work other resources, including on-line Internet resources, to stimulate communication outside the auditory walls. People are easier to learn a foreign language when they are highly motivated and have the opportunity to use their knowledge and skills in a language environment that they understand and are interested in [4].

There are different effective methods which help teachers to conduct the lesson easily:

- Traditional teaching method. Most teachers use a simple “translation method” to teach professional English courses. The traditional cramming (force-feeding) method of teaching is still prevalent and predominant, ignoring the active learning ability of students. For the traditional teaching mode, teachers lead students to sentence translation and memorizing new words and phrases. The entire teaching processes focus on the teacher’s role and action, and pay the less attention to students in the classroom. The traditional teaching mode is relatively inflexible lack of interest and subjective initiative in learning.
- Diverse teaching methods. In the teaching method, multimedia teaching was widely used (including Microsoft Power Point, slides, vivid pictures, animation, film clips and other video data related to environmental science and technology, etc.) to increase the amount of information and simulate the students' interests in learning. In recent years, the film and related video data (air pollution and control, wastewater treatment, solid waste landfill, ecological restoration) related to environmental problems are increasing, which can be used as the multimedia data in the teaching of professional English. The teaching practice shows that in the course of teaching, playing several relevant video films can significantly mobilize the enthusiasm of learning, and to some extent reduce the boring of professional English.
- Communicative method. The communicative method is based on the idea that successful learning of a foreign language occurs through its study in real situations, which in turn leads to a natural mastery and the ability to use a foreign language. The teacher has two main functions: the first role is to promote the communication process between all participants in the classroom, as well as the use of different types of activities. The second role is to act as the leader of this group, to control the learning process, and also to motivate students.
- The CLIL method (Content and Language Integrated Learning) has recently gained increasing popularity in the teaching of English. But in the classroom where CLIL technologies are used, the language is no longer the goal but a means of learning another subject, that is, the students see that with the help of English you can learn new interesting information. Learning the language immediately becomes more meaningful, because it is used to solve specific problems here and now [5].

All above mentioned methods' role is great in teaching professional English. If the teacher is striving to succeed in his work with the group, he needs to find and adapt new technologies to involve the new generation in the work in traditional directions with the help of multimedia learning tools and digital technologies, online resources and mobile applications.

References:

1. *https://journal.fledu.uz/en/innovative-methods-in-teaching-english-as-an-esp*
2. *Innovative methods reformation for professional English teaching in environmental science and engineering major. Mingliang Zhang, Haixia Wang. School of resources and environment, University of Jinan, Jinan 250022, China*
3. *Hutchinson, T., A. Waters. English for Specific Purposes. — Cambridge.*
4. *http://proenglish-blog.ru/metody-i-metodiki/chto-takoe-clil-ili-poznaem-mir-cherez-anglijskij.html*
5. *Минаева Л.В. и др. Преподавание английского языка для специальных целей: теория и практика / Моск. гос. ун-т им. М.В. Ломоносова, Ин-т гос.упр. и соц. исслед.[- М. : Унив. гуманитар. Лицей, 1997.*

Ескендір Несіп Нұралықызы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, аға оқытушы, esk_nesip@mail.ru

Құттыбаева Нүргүл Болатовна
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, аға оқытушы, nurg_78@mail.ru

Жакина Гүлнұр Ергазиевна
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, аға оқытушы, zgulnur88@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Түйін: *Мақалада мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартына сәйкес экономикалық теория негіздерін оқыту қарастырылған. Қазақстанда жоғары білімді мамандарды даярлаудың салалық жүйесін қалыптастыру, ол гуманитарлық және техникалық ғылымдар саласындағы білімін үйлестіретін, жан-жақты ғылыми - практикалық көз-қарастарын жетілдіру, экономикалық теория пәнін жоғары оқу орындарында оқытуда туындайтын мәселелерді шешу, қазіргі заман талабына сай кредиттік жүйе бойынша оқытудың белсенді әдістерін, инновациялық технологияларды қолдана отырып жүргізу уақытты үнемдеуде де көптеген мәселелер қарастырылған.*

Резюме. *Статья посвящена изучению основ экономической теории в соответствии с государственным стандартом обязательного образования. Формирование отраслевой системы подготовки высококвалифицированных специалистов в Казахстане, сочетающей знания в гуманитарных и технических науках, совершенствование всестороннего научно-практического опыта, решение проблем экономической теории в высших учебных заведениях, активные методы обучения современной кредитной технологии, с использованием инновационных технологий и многих других проблем в экономии времени.*

Summary.*The article is devoted to the study of the foundations of economic theory in accordance with the State Standard of Compulsory Education. Formation of an industry-based system for training highly qualified specialists in Kazakhstan, combining knowledge in the humanities and technical sciences, improving comprehensive scientific and practical experience, solving problems in economic theory in higher education institutions, active methods of teaching modern credit technology, using innovative technologies and many other problems in saving time.*

Қазақстан Республикасының заңнамалары мен арнайы құжаттарында білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік саясат белгіленіп, қазіргі білім беру мақсаты мен міндеттері көрсетіліп, оны шешу бағыттары айқындалған. Бүгінгі таңда білімнің мәні тек экономика мен қоғамның жаңа сапасын қалыптастыруда ғана емес, тұтастай адамзаттың маңызды факторы ретінде рөлі артып отыр. Заманауи өркениеттің болашағы, әсіресе адам өмірі мен әлеуетінің басты әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге дайын тұлғалардың қатысуымен анықталады.

Қазақстан Республикасын дүниежүзілік қауымдастық нарықтық экономикалы ел деп танып отыр. Тәуелсіздіктің қысқа жылдары аралығында мемлекетіміз дүниежүзілік қауымдастықпен кіріге отырып, экономикалық өсудің жоғары қарқынымен ерекшеленді. Осыған байланысты, қоғамдық даму деңгейінің, экономикалық қуаттылықтың және елдің ұлттық қауіпсіздігінің белгісі ретіндегі адами ресурстардың, білім беру жүйесінің рөлі мен маңыздылығы артады. Білім - әлемдегі өркениетті дамыған елдердің барлығында дерлік дамудың негізгі көрсеткіші мен негізгі басыңқы бағыты болып табылады. Шын мәніне келгенде, елдер тек тауарлар мен қызметтер өндіре отырып бәсекелеспейді, сонымен бірге олар қоғамдық құндылықтар жүйесі мен білім беру жүйесі арқылы бәсекеге түседі. Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену міндеті елде ғылыми сыйымды технологиялық білімі бар, басқарушылық қабілетке ие, нарықтық экономикада дұрыс бағыт таңдай алатын жоғары білікті мамандар болған кезде және дүниежүзілік нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін тиімді білім беру жүйесі құрылғанда шешіле алады [1].

Қазіргі күні Қазақстанда жоғары білімді мамандарды даярлаудың салалық жүйесі басым, ол гуманитарлық және техникалық ғылымдар саласындағы білімін үйлестіретін, жан-жақты білім алған, бірнеше шет ел тілдерін меңгерген, басқарушылық бейімі бар жаңа ғасырдың жұмысшы күшін дайындауды біршама шектейді. Даярлаудың мұндай деңгейін негізінен университеттер қамтамасыз етуге қабілетті. Мұны жоғары білім жүйесінде университеттік типтегі білім беру мекемелері басым дамыған елдер тәжірибесі көрсетеді.

Жоғары оқу орындарында студенттердің қазіргі нарықтық экономиканың қызмет істеу және даму заңдылықтарын оқып үйренуге көмектесуге, экономикалық білім деңгейін одан әрі арттыру, экономикалық түсіндіру жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру, экономикалық теорияның жеке мәселелерін әртүрлі дүниежүзілік экономикалық мектептердің (классикалық, жаңа классикалық, кейнстік, институционалдық монетаристік, жаңа кейнстік т.б.) өкілдерінің көзқарастарымен

байланыстыра отырып қарастыру арқылы, студенттердің ой өрісін кеңейту мақсатында экономикалық теория негіздері пәні оқытылады [2].

Экономикалық теория негіздері пәнін оқыту кредиттік технология жүйесі бойынша мемлекеттік оқу стандарттары негізінде құрастырылған оқу жұмыс жоспарына сай 2 кредиттен тұрады. Ол келесідей бөлінеді:

- 15 сағат дәріс;
- 15 сағат семинар сабақтары;
- 30 сағат студенттердің оқытушының көмегімен жүргізілетін өзіндік жұмыс;
- 30 сағат студенттің өзіндік жұмысы.

Білім жүйесі, оның ішінде жоғары мектеп халықты жұмыспен қамтуды ынталандырып, жұмыссыздықты қысқартуда маңызды рөл атқарады. Ол еңбек нарығынан жастардың бір бөлігін тарта отырып, әлеуметтік шиеленісті әлсіретеді.

Кәсіптік білім адами капиталдың қалыптасуын қамсыздандырады. Адами капитал табыс әкеле алатын адамдағы қабілеттердің мөлшерін білдіреді. Ол тума біткен ақыл-ой мен физикалық қабілет, дарын, сыйды ғана қоспайды, сонымен бірге алынған білім мен біліктілікті қосады. Жұмысшы күшінің біліктілік деңгейі адами капиталдың жағдайын көрсетеді. Адами капиталдың артуы еңбеккерлердің кәсіптік-біліктілік деңгейінің өсуін бейнелейді.

Сонымен қатар жоғарғы оқу орнында экономикалық білім беру қажеттілігі студенттерді экономикалық мәдениетпен, қоғамның экономикалық даму заңдылықтарымен таныстыру, іскерлікке тәрбиелеу, еңбек ете білуге, өндіруге, өзін және өзгелерді рухани материалдық деңгейде ұстануына үйретуден туындайды.

Қазіргі қоғам өмірінің барлық білім беру саласында «білімді адам» (білім, білік, дағдыны меңгерген адам) парадигмасының «өмірлік іс-әрекеттерге дайындалған, құзыреттіліктер жүйесін меңгерген адам» (функционалдық сауаттылығы дамыған адам) парадигмасына ауысуы, яғни белсенді, шығармашылық ой-санасы қалыптасқан, өзін-өзі дамытатын, интеллектуалдық тұрғыда өзін жетілдіретін адамның қалыптасуын іске асыруға байланысты білім мазмұнына болашаққа бағдарланған жаңартулар жасауды қажет етеді [3].

Бүгінде еліміз бәсекелестікке, экономикалық өрлеудің жоғарғы қарқынына жету қабілеттілігіне ұмтылумен шектеліп қоймай, басты назарын «интеллектуалдық әлеуетке» аударып отыр.

Жастарға заман талабына сай білім беріп, олардың экономикалық мәдениетін көтеру – уақыт талабынан туындап отырған мәселе. Білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі экономикалық білімді қалыптастыру болып табылады. Сондықтан жаңа экономикалық қатынастарға көшу жағдайында экономика пәнін оқытудың объективті қажеттілігі туып отыр.

Экономикалық теорияны оқытудың негізгі мақсаттары қазіргі нарықтық экономиканың қызмет істеу және даму заңдылықтарын оқып үйренуге көмектесу. Болашақта экономика саласында қызмет атқаратын мамандардың экономикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Оқу барысында экономикалық теорияның жеке мәселелерін әртүрлі дүниежүзілік экономикалық мектептердің (классикалық, жаңа классикалық, кейнстік, институционалдық монетаристік, жаңа кейнстік т.б.) өкілдерінің көзқарастарымен байланыстыра отырып қарастыру арқылы, студенттердің ой өрісін кеңейту.

Экономикалық теория курсын оқыту барысында мынадай міндеттер орындалуы қажет:

- экономикалық өзгермелердің арасындағы себеп-салды байланыстарды сөзбен, графиктердің және математикалық тұрғыда талдай білуге үйрету;
- теориялық ілімді меңгеру арқылы экономикалық үлгілердің мәнін түсінуге көмектесу;
- экономикалық теорияның әдістемелік талдау әдістерін жете білу және олардың көмегімен нақты экономикалық процесстерді талдай білу.

Экономикалық теория курсын оқыту барысында студенттер сабақтың барлық түрлерінен берілетін тапсырмаларды міндетті түрде уақытында орындаулары керек. Дәріске келіп қана қоймай, оның барысында белсенді түрде оқытушымен бірге жұмыс істеу, лекцияда қарастырылатын экономикалық проблемаларды көре білу және олардың мәнін түсінуге тырысу әрбір студенттің міндеті. Экономикалық теория – қоғамдағы экономикалық қатынастардың жүйесін, оның даму заңдылықтары мен негізгі бағыттарын, ұтымды экономикалық шешімдердің әдістерін талдайтын және түсіндіретін ғылым. Экономикалық теория қоғамдық және әлеуметтік ғылым, оның пәні адамдардың іс-әрекеттері және экономикалық мүдделерімен тығыз байланысты. Сондықтан оны ұтымды экономикалық шешім қабылдау туралы ғылым деп те атауға болады.

Экономикалық теорияның дамуы қоғамның дамуымен қатар жүреді. Нақты экономикалық қатынастардың дамуына және күрделіленуіне байланысты теориялық көзқарастарда өзгеріп отырады,

жаңа ғылыми бағыттар мен мектептер пайда болады. Қазіргі экономикалық теория нақты экономикалық мәселелерді осы бағыттырдың шеңберінде түсіндіреді.

Экономикалық теория микроэкономика және макроэкономика негіздерін талдайды. Теориялық материалдар күнделікті тәжірибемен байланысты қарастырылады. Экономикалық теорияларды оқу барысында графикалық, және математикалық талдау әдістері кең қолданылады.

Экономикалық теория пәнінен дәріс сабағының негізгі дидактикалық максаты - студенттердің оқу материалын меңгеруіне қажетті бағыттаушы негізді қалыптастыру. Жақсы, дидактикалық мақсаттарға сай ұйымдастырған лекция лектордың аудиториямен шығармашылықтық тұрғыдан жасайтын қарым-қатынасы, оның танымдық эмоционалдық тұрғыдан тиімділігі жоғары болады.

Егер студенттің ойлау қабілеті белсенді болса, онда жаңа материал оңай, әрі тез оқытады, соңдықтан, лекцияда тыңдаушылардың белсенділігі мен ойлау қабілетін тудыру қажет.

Экономикалық теория негіздері пәнінен семинар сабағы барысында оқу-тәрбиелік үдерістің жүзеге асатын жақтары:

– бағдарламалық материалдарды, ғылыми әдебиеттер көздерін оқу тұрақты түрде үстемеленеді;

– дәріс барысында және өздігінше даярлану кезіндегі алған білімдерді бекіту;

– семинар кезінде өзгелердің және ұстаздың қосымша айтқан сөздері арқылы, бұрын алған білімдер байытылады;

– алынған білімдер жеке басының сеніміне айналады;

– теориялық мәселелерді, оның ұғымдары мен категорияларын ауызша сөйлеу кезінде еркін пайдалануға дағдыланады;

– оқытушы оқушылардың және өз даярлықтарының барысына бақылай алады.

Экономикалық теория пәнінен оқу-әдістемелік кешенге сай студенттер семинар барысында үйге берген тапсырмаларды толық орындап қана қоймай, семинар сұрақтарын талдау барысында өз беттерімен ойлау, өз ойын басқаларға дәлелді түрде жеткізе білу, басқаның ойын түсіну және оған сын көзбен қарау арқылы қарсы дәлел келтіру сияқты қабілеттерін барынша толық көрсетуге тырысуы керек.

Экономикалық теория пәнінен семинар сабағын өткізу формалары әртүрлі боуы мүмкін. Қалай болғанда да, шығармашылық түрдегі сөзсайыстар, қызығушылықпен туындаған пікір алмасулар болғанын мақсат ету керек. Алайда сөзсайстардың әрқашанда болуы міндетті емес.

Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ), – аудиториялық және аудиториядан тыс уақытта орындалатын, танымдық үрдістердің белсенді өтуін сипаттайтын студенттердің оқу қызметінің ерекше түрі және студенттердің өз білімін ұлғайтуға оқыту мен дайындығының әсерлігін жоғарылату құралы болып табылады.

«Экономикалық теория» пәнінен оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыстарға бөлінген уақытта студенттер семинар сабақтары мен дәріске дайындалулары керек. Сонымен қатар семинар сабағына дайындалу барысында түсінбеген сұрақтарды оқытушының көмегімен талдау қажет. Бұл тарауда семинар сабағына енгізілмей қалған сурақтардан тапсырмалар беріледі. Оларды орындау тақырыптың мазмұнын толық және терең, жан-жақты ашып түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан оларды міндетті түрде орындау қажет. ОСӨЖ-дің тапсырмаларын орындау үшін студенттер өздерімен бірге, мүмкіншілігінше барлық қажетті оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды ала келулері керек. Егер студенттер тапсырмаларды өз беттерімен толық орындап және оқытушыға алдын ала тапсырған болса, олардың сабаққа келмеулеріне де болады. Оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыстар 5 тен 10 баллға дейін бағаланады.

Қорыта келе, жаңа технологияны меңгеру оқытушының оқу -тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытудың озық технологиясын меңгеру оқытушының кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бұл әрбір оқытушыны ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Сондықтан оқытушы өз пәніне психологиялық тұрғыдан қарап, әдістемелік шеберлікпен келу керек. Сабақ барысында интерактивті технологияларды қолдану оқытушы жұмысын өнімді, нәтижелі, ал оқушылардың білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді.

Жоғары оқу орындарында экономикалық теория негіздері пәні барлық мамандықтарға жүргізіледі, және оқу жұмыс жоспары бойынша жалпы білім беру пәндерінің міндетті компоненті болып табылады.

Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартына сәйкес экономикалық теория негіздерін оқыту бірінші курста қарастырылған. Осы жағдайда оқытушы мен студент студенттің ЖОО-дағы еңбек пен демалыс тәртібіне, сипатына, жағдайлары мен мамұнына бейімделу мәселесімен кездеседі. Берілген мәселенің әлеуметтік-психологиялық аспектілерін талдамай, өзара байланысты келесі жағдайларды қарастырайық:

1. Көптеген бірінші курс студенттерінде кредиттік жүйеге деген дайындықтары болмайды.

2. Өз күші мен қабілеттеріне сенімнің тұрақсыздығы.

3. Әрекетті санасы реттеудің әлсіздігі.

4. Берілген кәсіпті иеленуге психологиялық дайындықтың төмендігі.

5. Тандалған әдебиеттің ынталандырушылық сипатының жетіспеушілігі.

Осы тұрғыда, алдыңғы бөлімде аталып өткен мәселелерге сай Экономикалық теория негіздері пәнін оқытуда туындайтын мәселелерді шешудің келесідей жолдарын ұсынып отырмыз:

1. Оқу аудиторияларын дәріс, семинар және ОСӨЖ ұйымдастыру мен өткізуге қажетті техникалық оқу құралдарымен қамтамасыз етуді күшейту.

2. Оқу-әдістемелік құралдардың сапасына қол жеткізу үшін қазіргі заманғы ғылымға, психология мен педагогика талаптарына жауап беретін құралдар мен оқу-әдістемелік материалдарды дайындау қажет. Бұл ең алдымен тікелей пән оқытушысы тарапынан жан -жақты ізденуді талап етеді.

3. Оқытушылардың оқу-әдістемелік жұмыс бағытындағы жетістіктерін мотивациялау. Бұл олардың еңбек қызметтерінің нәтижесіне стратегиялық әсер ететін болады.

4. Оқытушылардың біліктілік және қажеттілік деңгейлеріне байланысты педагогикалық біліктілігін көтеруді жүйелі түрде ұстаныммен жоспарлау. Бұл кәсіби деңгейіне байланысты оқытушылардың біліктілігіне тиімді қол жеткізуге мүмкіндік береді.

5. Педагогтардың оқу-әдістемелік жұмыстарына қатысты сауалнама нысанында мониторинг жүргізу. Бұл оқытушылардың оқу-әдістемелік жұмыстарында кездесетін нақты мәселелерді айқындауға мүмкіндік береді.

6. Басқа білім беру мекемелерінің әдістемелік жұмыстарының оң тәжірибесін зерттеуді және ендіруді жалғастыру. Бұл білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін озық педагогикалық тәжірибені, жаңа ақпараттық технологияны енгізуге жол ашады.

7. Педагогтар үшін білім беру ортасын құру, шығармашылық күн тағайындау. Оқытушылардың оқу-әдістемелік, шығармашылық жоспарларында ағымдық оқу, ұйымдастырушылық-әдістемелік мәселелердің басым болуы оқытушының үздіксіз білім беруге және кәсіпқой-педагогикалық мәдениетін дамытуға кері әсерін тигізеді. Бұл тек оқу-әдістемелік емес, ғылыми жұмыспен айналысуға мүмкіндік беріп, оқытушының кәсіби біліктілігін арттыратын болады.

8. Университеттің ПОҚ кәсіпқой шеберлігін жетілдіру үшін жағдай жасау, оқытудың озық тәжірибесін тарату мақсатында оқу-әдістемелік жұмысты басқару аясында педагогикалық шеберлік кабинетін ашу керек.

Жоғарыда аталғанды қорытындылай келе, экономикалық теория пәнін жоғары оқу орындарында оқытуда туындайтын мәселелерді шешу, қазіргі заман талабына сай кредиттік жүйе бойынша оқытудың белсенді әдістерін, инновациялық технологияларды қолдана отырып жүргізу уақытты үнемдеуде де көптеген мәселелерді шешеді.

Экономикалық теория негіздерін оқытуды жетілдіру үшін келесідей ұсыныстар айтуға болады:

-экономикалық теория негіздері пәні жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарында оқылатындықтан, әр мамандық бойынша өзіндік спецификасына қарай сабақты құрастыру, мысалы: заң факультетінде экономикалық теорияны оқытуда экономикалық саясатқа және олардың құқықтық аспектілеріне, әлеуметтік мамандықтарға еңбек нарығы, инфляция, жұмысбастылық сияқты тақырыптарға көбірек тоқталса пәннің құндылығы арта түсер еді;

-экономикалық мамандықтарға экономикалық теория курсының жалғасы ретінде микроэкономика және макроэкономика пәндері міндетті компоненттер құрамына кіреді. Осылардың қатарына халықаралық экономика пәнін енгізсе логикалық бірізді болып табылар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Сейталиев Қ. Педагогиканың жалпы негіздері: оқу құралы. - Алматы: Өлке, 2009. - 231 б.

2 «Экономикалық теория негіздері» пәні бойынша университеттің барлық мамандықтары студенттеріне арналған оқу-әдістемелік кешені / Дайынд. Андарова Р.К.,Ескендир Н.Н., Рахимжанова Г.К.., - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, - 2013. – 109 бет.

3 Кредиттік технология бойынша оқитын студенттерге арналған көрсеткіш-анықтамалық / құрастырғандар Каргин С. Т., Гаголина С. В., Ақыбаева Г. С., Сақаева А. Н. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, - 2009. - 74 б.

Исабекова Ажар Ордабаевна
педагогика ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., azhar_orda@mail.ru

Қожахметова Жанар Құламқадырқызы
педагогика ғылымдарының магистрі, С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., janka1981@mail.ru

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КОРРЕКЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ПСИХОТЕРАПИЯ ЖҮРГІЗУГЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Түйін. *Бұл мақалада психологиялық проблемаларды шешу мақсатында орындалатын коррекциялық жұмыстарды және психотерапиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану жолдары көрсетілген.*

Резюме. *В этой статье обсуждается, как использовать коррекционную работу и психотерапевтические подходы для решения психологических проблем.*

Summary. *This article discusses how to use correctional work and psychotherapeutic approaches to solve psychological problems.*

Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және технологиялық өзгерістер мамандар даярлау жүйесіне жаңаша көзқарас пен техникалық және кәсіптік оқыту жүйесіндегі оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша жаңа тиімді ізденістерді талап етеді [1]. Білім алу процесі - өте күрделі және ұдайылықты, тиянақтылықты, жүйелілікті қажет ететін ерекше іс-әрекет түрі. Мұнда адам болмысының барлық мүмкіндіктері жан-жақты пайдаланылуы қажет. Қазір біз ерекше әлеуметтік-тарихи, мәдени жағдайда өмір сүрудеміз [2]. Осы орайда, педагогикалық-психологиялық білім беру барысында студенттердің білім алу бағытын жақсартуда, жеке басының психологиялық проблемаларын шешуде, коррекциялық жұмыстар мен психотерапиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану жолдарын көрсетуді жөн көрдік [5].

Психологиялық коррекцияны ұйымдастыруға және психотерапия жүргізуге пайдаланылатын әдіс-тәсілдер өте көп. Қазіргі кезде жеке тұлғалық қасиеттерді коррекциялау тренинг топтарында жүргізіледі. Тренингке қатысушылардың алдында тұрған, шешуін талап етіп отырған психологиялық проблемаларына байланысты психокоррекциялық топтар әр түрде болады. Оларды іріктеп алу және пайдалану клиенттің алдында тұрған проблемаларға және психологтың қай ғылыми ағымды қолдайтынына байланысты [2].

Осы проблемаларды шешуге психологиялық көмек көрсету, психопрофилактика, психокоррекция жасау және басқа мұқтаждарға көмектесетін шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру қажет. Оның ішінде баланың дамуын диагностикалау, оның барлық мүмкіндіктерін ашу және балалармен, олардың ата-аналарымен, мұғалімдермен психологиялық қызмет шеңберінде коррекциялық көмек көрсету қажет [5].

Дені сау клиенттермен коррекциялық жұмыс жүргізгенде оны *тренинг тобы* деп атайды [2]. Осы топты ұйымдастыру түрлері оған қатысушылардың негізгі проблемаларына байланысты анықталады. Олар кейде коррекция жүргізу тәсілдері деп аталады. Бұл тәсілдердің негізгі 4 түрі бар. Тренинг түрлері шешуге алынған проблемаға байланысты анықталады.

Қарым-қатынас мәдениетін үйрету тобы

Мақсаты: қай ортада болсын өзін емін-еркін ұстауға, басқаларға жылы шырайлы болуға үйрету.

Бұл тренинг 3 кезеңнен тұрады.

1. Рәсімдік іс-әрекеттерді меңерту.

а) Танысу рәсімі

б) Топтық әнұранды орындау (әнұранды таңдап алу). Оны тренинг тобының әр кездесуі басталғанда және аяқталғанда орындау барлық қатысушылардың эмоционалдық тонусын көтеріп, қарым-қатынас жасуға жол ашады және топты нығайтады.

в) Ритуалдық сәлемдесу мен қоштасу. Сәлемдесу барысында топ мүшелері бір-біріне жылы сөздер айтып, дене терапиясы элементтері пайдаланады (қол алысу, құшақтасу, сипалау, т.с.с.), сонан соң кешегі ерекшеліктері мен әсерлілігін еске түсіріп, оң-теріс жағы қысқаша қатысушылардың барлығын өз ойларын басқаларға жеткізіп айтуға, болған оқиғаларды бағалауға үйрету үшін жүргізіледі.

2. Топтық шешім қабылдауға үйрету.

Бүгін жүргізілетін жұмыс жоспары талданып, ойындар іріктелініп, оларды жүргізу реті анықталады, іс-әрекеттің әрқайсысына берілетін уақыт нақтыланады. Ойындардың басым көпшілігі

рөлдік-сюжеттік, сондықтан кім қандай роль атқаратынын топтың өзі шешеді. Ойын аяқталғаннан соң әр қатысушының топтық тапсырманы орындауға қосқан үлесі талданып, олардың өз міндетін орындағанын топ және өзі бағалайды.

3. Топтық дербестігін қалыптастыру

Бұл тәсіл психологтың топтан «шығып», оларды өз бетімен барлық іс-әрекетті ұйымдастыруға мүмкіндік беру үшін қолданылады. Топ жұмысын ұйымдастыру реті, пайдаланылатын тәсілдер тізімі бойынша ешкімнен кеңес сұрауына болмайды. Дербес топ өз өмірлерін ұйымдастыру туралы шешімдердің барлығын өздері қабылдауы керек. Бұл тәсіл топтағылардың ашық-жарқындығын қалыптастырып, белсенділік көрсетуге тәрбиелейді, қабілеттілікті ашуға әсерін тигізеді және жетілдіреді.

Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу тобының жұмысы 4-7 кездесуден тұрады.

2. Эгоцентризмді бұзу тобы Мақсаты: өзімшілдік, дарашылдық, дүниенің негізі Мен, басқаның бәрі мен үшін өмір сүруі керек деген жағдайдан шығару, басқалармен санасуға үйрету.

Эгоцентризм адамның мінезін икемсіз етіп, ешкіммен санаспайтындыққа алып келеді. Эгоцентризм жақсы қалыптасқан адамдармен коррекциялық жұмыс жүргізгенде келесі кезеңдермен жүргізілетін тренинг қолданылады.

1 – рәсімдік кезең.

2 – басқаларды түсіну, аяу, жан ашу сезімін тереңдету кезеңі. Ол үшін бір-бірін тыңдауды керек ететін әрекеттер кеңінен пайдаланылады:

а) Кешіккенге, келмегенге болған оқиғаны толық айтқызу.

б) өз ойын, сезімін басқаларға айтып түсіндіру;

в) басқалардың сөзін тыңдату және өз пікірін айтқызу;

г) басқалардың сезімін сыйлауға үйрету;

д) әр адамның басынан өткен оқиғаларды талдау.

3 – эмоционалдық жағдайды баса әсер тигізу кезеңі. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты эмоцияның теріс көріністерін шақырып, клиенттің ашуына тиетін және керісінше жауап беруге алып келетін жағдай жасау арқылы оның өзіне мінезінің күшті жақтарын көрсету, оған эмоционалдық қолдау көрсету. Қандай жағдай болса да оның өзін-өзі тұрақты ұстауға шамасы келетініне сенім білдіру. Осы жаттығу барысында ұстамдылық тағы басқа оң қасиеттер көрсетуге шақырып, осы ұстамдылығын жоғары бағалау арқылы басқалармен есептесу тәжірибесін қалыптастыру.

3. Өз проблемаларын түсінуге үйрету тобы

Мақсаты: адам өз проблемаларына толық түсініп, оны талдап, шығу жолын табуға шамасы келсе ол тұлға өзін-өзі қоршаған ортамен тепе-теңдікте ұстауға болатындығына сенімін күшейту.

Бұл топ келесі кезектегі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

А) Шағылыстыру тәсілі адамның әлеуметтік ортадағы позициясы қате екенін, барлық құбылыстарға реакциясы ақиқатқа сай еместігін көрсету және оның себебін түсіндіріп қабылдау. Бұл тәсілді қолдану нәтижесінде клиент проблемасын шешудің жаңа жолын іздеп, өз болашағын және осы болашақ өмірдегі басқа адамдармен қарым-қатынасының моделін жасауға кіріседі.

Сонымен, бұл тәсілдің негізгі мақсаты – адам өз қателерін өз санасынан өткізіп, шағылыстырып шығарып жіберу.

Б) Проблемасын өзінше талқылау (интерпретация).

Бұл тәсілдің мақсаты – қақтығыс туғызған ыңғайсыз, шытырман жағдайдың орын алған себептерін психолог көмегімен талдап, пациентке өзінің де кінәлі екенін түсіндіріп, қайда, қандай қателік жібергенін, оның мән-мағынасын толық түсінуге жәрдем береді.

В) Түсіндіру арқылы өзгелерге деген сенім мен иланушылықты қалыптастыру.

Г) «Жанама әсер» арқылы көмек көрсету тәсілі пайдаланғанда топтағылар бір-біріне сұрақ беруі арқылы қатысушылар өз мінез-құлқының, мінез көрсетуінің ерекшелігін анықтап, оны түсінуге жол ашылады.

4. Жағымсыз (ұнамсыз) стереотиптерді бұзу тобы

Мақсаты: ұнамды мінез құлықты қалыптастыру, клиенттің басқаларға ыңғайлы болуға үйрету.

Бұл топтың ерекшелігі келесі екі көріністен сипатталады.

А) Жағымсыз мінез-құлыққа қарсы әрекет арқылы тосқауыл қою.

Б) Жағымсыз мінезін сөз арқылы қоршауға алып, клиентпен одақтасу.

Барлық топтардың топтық іс-әрекеттері бірнеше кезеңде және фазада жүреді:

I – бағдарлау кезеңі (2-3 кездесу барысында)

II – қайта құру кезеңі (4-7 кездесу барысында)

III – бекіту (жаңа тәжірибені пысықтау) 2-3 рет.

І-кезеңде топтағыларды бір-бірімен таныстыру тренингі өткізіледі, еркін қарым-қатынас. Бұл кезеңде топтағылар рәсімдік мәселелерді шешіп, келесі кезеңге даярлықтан өтеді. Кезеңнің соңында топтың қалыптасуы аяқталады, қажет болса қатысушылардың бір-біріне эмоционалдық қатысына қарай кіші топтар құрылады.

ІІ-кезең. Реконструкциялық немесе қайта құру, топтағылар бір-бірінен қысылмай, өздерін емін-еркін сезіне бастайды [3]. Психологтың тактикасы негізгі мақсатқа толық бағынышты болады. Ол баланың мінез-құлқы сиысымсыз екенін анық көрсетеді, қатысушылар өз мінез-құлқын өзгертуі қажеттілігін неше түрлі әдіс-тәсілдер көмегімен жақсылап көрсетіп түсіндіреді. Бұл жағдайда адамның ішкі кернеуі төмендеп, басқаларды түсінуі, тілектестік, жанашырлық белгісі анық байқалады. Көптеген сюжетті-рөлді ойындар қолданылып, қарым-қатынас мәдениеті пысықталады [4].

Коррекцияны ұйымдастырудың осы кезеңі ең қиыны болып есептеледі. Өйткені коррекцияланушы психикасында күрделі өзгерістер пайда болады [5].

ІІІ кезеңде коррекцияланушы мінез-құлқының оң көрсеткіштерді тұрақты етуге, оларды пысықтауға психолог өте көп көңіл бөледі. Бала өзінің жаңа тәжірибесін өмірге алып шығып, барлық жағдайда сақтауға шамасы келетініне сенуі қажет. Осы жаңа тәжірибені пысықтауға арналған көптеген жаттығулар орындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2016-2019 гг. - Астана, 2016. http://edu.gov.kz/ru*
2. *Дубацкая О.Б. Коррекция как метод психического развития детей, Шохан тағылымы.-9-конференциядағы материалдар тезисі. 2004ж. Көкшетау.*
3. *Кащенко В.П. Психологическая коррекция: Исправление недостатков характера у детей и подростков: Кн. Для учителя. – 2-е изд.- М., 1994.*
4. *Бекмуратова Г.Т. Мінез-құлқында ауытқулары бар балалардың ерекшеліктерін психологиялық тұрғыдан зерттеу. Этнопсихология және этнопедагогика,конференциядағы материалдар тезисі.А,2005ж.*
5. *Исабекова А.О. Психотерапия негіздері. Оқу құралы. Шымкент, 2015ж.*

ОӘК 378.04.

Беркимбаев К.М.
п.ғд., профессор

Исаев А.И.
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, PhD докторант

БОЛАШАҚ ОҚЫТУШЫ-ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ МӘНІ

Түйін. *Мақалада құзырет, кәсіби құзыреттілік түсініктерінің негіздері талданған. Арнайы, кілттік, пәндік және арнайы құзыреттер анықатмалары түсіндірілген. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың кәсіби құзыреттілігінің құраушысы болатын әдістемелік құзыреттілікті қалыптастырудағы әдістемелік іс-әрекет мақсаты, нысаны, ерекшеліктері, жалпы педагогикалық негіздері қарастырылған.*

Кілттік сөздер: *жаттықтырушы-оқытушы, құзырет, кәсіби құзыреттілік, әдістемелік іс-әрекет, әдістемелік құзыреттілік.*

Резюме. *В статье рассматриваются основы понятий компетенция, профессиональная компетентность. Определены значения специальных, ключевых и предметных компетенции. Рассмотрены цели, объекты, особенности и общие педагогические основы, являющиеся составляющей формирования методической компетентности будущего тренера-преподавателя.*

Ключевые слова: *тренер-преподаватель, компетенция, профессиональный компетентность, методические работы, методическая компетентность.*

Summary. *The article deals with the basis of concepts of competence, professional competence. The meanings of special, key and subject competencies are defined. The aim, objects, features and general pedagogical basis, which are a component of formation of methodical competence of the future trainer-teachers are considered.*

Key words: trainer-teacher, competence, professional competence, methodical work, methodical competence.

Жаңа дәуірдегі өркениеттің дамуына әсер ететін тенденциялар білім беруге жаңа талаптар қоюда. Білім беру ісі жаңа дәуір талабына сай келсе ғана өз нәтижесін береді. Сондықтан қазіргі уақытта дүние жүзінде білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер жүктейді. Осыған орай, бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, жалпы ғаламдық танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу - көкейкесті мәселе. Өйткені, тек жоғары білімді маман ғана қоғам мен экономиканың, әлеуметтік және мәдени өркендеудің көшбасшысы бола алады.

Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы елге арнаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» **атты елбасы жолдауында** «білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек» [1] делінген.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады» [2], - деген болатын.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [3] алдағы жылдары жоғары оқу орындарында кәсіби маман даярлау тетіктерін жетілдіру мақсатында «Жоғары білімді мамандар даярлау Дублин дескрипторларына және жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес әзірленген білім беру бағдарламалары шеңберінде қалыптастырылады. ЖОО-ның білім беру қызметі нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал ететін білім беру бағдарламаларының кең спектрін ұсына алады» деп көрсетілген, әрі бағдарламаның іске асырылуының нәтижелері қатарында «... бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз етуді» көздейтіндігі айтылған.

Білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бүгінгі философтар мен тарихшы, педагог ғалымдар білім беру саласында заманауи оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік және жалпыадамзаттық құндылықтарға бетбұрыс жасау заман талабы.

Жоғары білім - маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлғаны қалыптастырады.

Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгерді.

Бүгінгі таңдағы жоғары білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары - өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлауы басым, кәсіби ілімімен қаруланған, адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады.

Жоғары мектептің маңызды міндеттерінің бірі – кәсіби мамандарды дайындаудағы фундаментальды ғылымның орны мен рөлін жоғарылатудан келіп шығатын білім беруді ізгілендіру. Осыған байланысты дайындықты меңгеріп шыққан жоғары мектеп түлегі заманауи ақпараттар ағымын жылдам игеріп, өз іс-әрекетін дұрыс жолға қояды, яғни дұрыс пайдалана алады.

Біздің зерттеу бағытымызға байланысты жоғары мектептің негізгі бағыттарының маңыздысы арнайы жоғары кәсіби білім беру, сондықтан кәсіби білім беру болашақ дене мәдениеті мамандарын даярлау жүйесінің дамуына өз үлесін қоса алатын бірден-бір фактор болып табылады. Ғылым мен техниканың, технологиялардың өркендеп дамуы болашақ мамандарда кәсіби технологиялық білім мен іскерліктердің дамуына баса назар аударады.

Болашақ мамандардың бойында ұйымдастырушылық қызметі, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындау, қызмет орнында, ұжымда адамгершілік, психологиялық ахуалды ұстап тұру қабілеттерін қалыптастыру ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Жоғары оқу орнының басты мақсаты- алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелілік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иелерін даярлау. Білім саясатының өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ғылымдарды ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Мамандар даярлау жүйесінде білім берудің сапасын қамтамасыз етуде жоғары білімді дамытудың негізгі жолы мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру болса, қазіргі кезде жоғары оқу орындарында кәсіби білікті мамандар даярлаудың жаңа тәсілдері ұсынылып, жаңа талапқа сай мамандар даярлаудың үлгісі жүзеге асырылатын болады.

Жоғары оқу орындарының қызметіне бағдарланған заңды құжаттарда келесі міндеттер айқын көрсетілген: - кең көлемді іргелі білімге ие, бастамашыл, еңбек нарығы мен технологияның өзгермелі талаптарына бейімделуге қабілетті кәсіби құзыретті мамандар даярлау; студенттердің сапалы білім алу құқығын жетілдіру, жоғары оқу орындары басшылығының сапалы білім беру қызметіне жауапкершілігін анықтайтын механизмдерді жасау және ендіру және т.б.

Еліміздегі дене шынықтырудың мазмұны мен оны жүзеге асыру жолдары, тәсілдері қоғамдық қатынастардың өзгеруіне, білім беру, оның ішінде жоғары оқу орындарында болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерді меңгеру нәтижесінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырумен тікелей байланысты (сурет 1).



Сурет 1 – Құзырет құраушылары

Заманауи зерттеулерде педагогикалық қызметтің әртүрлі аспектілеріне байланысты мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің әр түрлі түрлері бөлінеді: когнитивтік (А. Белкин, В.В. Нестеров және т.б.); коммуникативті (А. Белкин, В.Введенский, В.В. Нестеров, Л М Митин және басқалар); кәсіптік-

техникалық (А. Белкин, В.В. Нестеров және т.б.); ақпарат (А. Белкин, В.В.Введенский, В.В. Нестеров); әдістемелік (Т.А. Загривная, Н.В. Кузьмина, Т.С.Сайсина және т.б.) және басқалар.

Кәсіби құзыреттілік компоненттері туралы әртүрлі авторлардың пікірлерін талдай отырып, біз олардың педагогикалық қызметтің түрлі қырына басымдық бергендігін байқай аламыз. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың кәсіби құзыреттілігінің құраушылары: кілттік құзыреттер, пәндік құзыреттер, арнайы құзыреттер. Бұл болашақ жаттықтырушы-оқытушылар даярлауға да қатысты. Дегенмен, тұтастай алғанда, жаттықтырушы-оқытушылар дыңкәсіби құзыреттілігінің келесі компоненттерін анықтай аламыз: танымдық, кәсіби-технологиялық, ақпараттық, коммуникациялық, әдістемелік және т.б. [4]

Кілттік құзыреттер әмбебап және тұтастай кәсіби қызметтің табыстылығын қамтамасыз етеді.

Ал *пәндік құзыреттер* арнайы ерекшеліктерге ие және ол ерекшеліктер нақты пәнді оқытудың табыстылығын қамтамасыз етеді.

Арнайы құзыреттер тар бағытты және кездесетін педагогикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді.

Жоғарыда аталған құзыреттердің қатарына біздің зерттеу жұмысымыз үшін пәндік құзыреттер маңызды болып табылады. Пәндік құзыреттер нақты пәнді оқыту үшін қажет, ықпалды технологиялар көмегімен оқыту әдісін іске асыруды қамтамасыз етеді, әрі мұғалімге өзінің әдістемелік материалдарын жасауға мүмкіндік береді [5].

Пәндік құзыреттердің негізін әдістемелік әрекеттер құрайды. Енді болашақ жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекеттерінің негізгі тірек ұғымдарын қарастырайық.

Педагогиканың негізгі мақсаты оқыту үдерісінің құрылымдық элементтерін жинақтау, өзара байланыстыру олардың диалектикалық біркелкілігін қамтамасыз ету. Әдістемеде көбінесе: «қалай оқыту керек?», оқытудың қандай құралдары арқылы оқыту мазмұны оқушылардың білімі мен іскерлігіне айналады деген сұрақтар басым болады.

Әдістемелік әрекет толық мәнді және ол жаттықтырушы-оқытушының өзбетінше кәсіби әрекетінің түрі ретінде зерттелініп бітпеген мәселе. Педагогикалық әдебиеттерде әдістемелік іс-әркетке үш түрлі көзқарас қалыптасқан.

Бірінші көзқарасқа сәйкес, әдістемелік әрекет жаттықтырушы-оқытушының өзбетінше білім алуы, дидактикалық құралдармен жұмыс істеуі, пәнге, оқу іс-әрекетіне сәйкес білімін жетілдірумен байланысты әдістемелік жұмысқа тән болып табылады. Екіншісіне, нақтылы оқу пәнін оқытуға, үйретуге қатысты әдістемелік әрекет жатады. Бұл жағдайда авторлар жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік және оқыту, үйрету әрекеттері ерекшеліктеріне назар аудармайды, ал «әдістемелік әрекет», «оқыту әрекеті» бір-бірінің синонимі ретінде қабылдайды.

Үшінші көзқарасты құптайтын зерттеушілер, әдістемелік әрекетті кәсіби-педагогикалық әрекет құрылымындағы салыстырмалы түрде өзбетінше көрініс табатын іскерліктер жиынтығы деп таниды.

Жаттықтырушы-оқытушылар әдістемелік әрекет маңызы мен ерекшеліктерін қабылдайды. Мәнділігіне байланысты бұл әрекет пәнді оқыту және тәрбиелеуден кейінгі үшінші орынды алады. Сондықтан әдістемелік әрекет кәсіби-педагогикалық әрекеттің өзбетінше орын алатын түріне жатқызылады.

Жаттықтырушы-оқытушылардың әдістемелік іс-әрекеті мақсаты – оқыту, оқу-жаттығу практикасын қамтамасыз ету. Жаттықтырушы-оқытушылардың әдістемелік іс-әрекеті қызметі: талдау; жобалау, оқыту мазмұнын жоспарлау мен жасауға, оқыту әрекетін даярлау мен жоспарлауға қатысты әрекет; құрылымдық, жаңа білім, білік және кәсіби білік пен дағдыларды қалыптастыру үдерісіндегі жаттықтырушы-оқытушы мен оқушының өзара әрекеттеріне бастайтын, алда тұрған сабақты жоспарлауға, оқу материалдарын алға тарту формаларына байланысты әрекеттер жүйесі; нормативтік, білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларының талаптарын, білім беру мекемелері типтеріне байланысты білім беру үдерісін іске асыру шарттарын орындау; зерттеушілік.

Жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекетін тікелей бақылау мүмкін бола бермейді. Талдауға, бақылауға жаттықтырушы-оқытушының оқыту әрекетін алуға болады. Әдістемелік әрекет, оны іске асыру жағдайлары мен тәсілдері - өте күрделі ойлау үдерісіне жатады. Мұнда педагогикалық үдеріс пен оны іске асырудың: әдістемелік, материалдық-техникалық немесе ұйымдастырушылық ара жігін ажырату үшін олардың әрекет пәндеріндегі айырмашылықтарын анықтау қажет.

Жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекет нысаны болып - кәсіби білім, білік және дағдыларды қалыптастыру үдерісі табылады. Әдістемелік әрекет пәні болып – нақтылы пән

мазмұнының ерекшелігі бойынша жаңа білім, іскерліктерді қалыптастыру үдерісінің әртүрлі тәсілдері мен әдістері, жүзеге асыру жолдары және оларды реттеу табылады.

Жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекет субъектісі болып - оқытушы немесе оқытушылар ұжымы табылады. Әдістемелік әрекеті нәтижесі болып – таңдап алынған оқу материалдарының әртүрлі ақпараттық формада, әдістемелік тұрғыдан өңделген; тапсырмаларды шешу алгоритмі; оқыту тәсілдері мен әдістері; оқу пәнін әдістемелік қамтамасыз ету; оқу/оқыту бағдарламалары және т.б. табылады.

Сонымен, жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекеті жеке пән немесе спорт түрі бойынша оқу-жаттығуды үйрету, оқыту мен оқу әрекеттерін реттеуді іске асыруға мүмкіндік беретін, оқыту құралдарын зерделеу, құрылымдау және жасау, жобалауға қатысты жаттықтырушы-оқытушының өзбетінше кәсіби әрекет түрі.

Жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік әрекеті түрлеріне: - оқу-бағдарламалық құжаттарды, әдістемелік кешендерді талдау; - оқу материалдарын әдістемелік талдау; - оқытудың теориялық және практикалық сабақтары жүйесін жоспарлау; - сабақта оқу ақпараттарын моделдеу мен құрылымдау формаларын алға тарту; - оқушылардың спорттық ұғымдарды және практикалық дене іскерлігін қалыптастыру әрекеттерін құрылымдау; - пән, оқу-жаттығу бойынша әдістемелік нұсқаулар жасау; - пәндік білім, іскерлік және дағдыларды бақылау түрлері мен формаларын жасау; - сабақта оқушылардың әрекеттерін басқару мен бағалау; - сабаққа даярлану мен оның нәтижесін талдауда өзінің әрекетін бағалау.

Әдістемелік іс-әрекетті меңгеру әдістемелік ептілік арқылы қалыптасады. Ептілік – алдын меңгерген білімдер негізінде жаттықтырушы-оқытушының жаңа жағдайда қандайда бір әрекетті орындауы [6].

Білім беру мекемелері ерекшелігіне және оқытатын пән, үйрететін спорт түріне, олардың күрделіліктеріне байланысты зерттеу жұмыстарына сәйкес әдістемелік іс-әрекет бірнеше топқа жіктеледі. Жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік іс-әрекетін төмендегіше беруге болады.

Бірінші топ жаттықтырушы-оқытушының кәсіби іс-әрекеттерінің дидактика-әдістемелік негіздерін меңгеруіне байланысты. Олар: 1. Пәнді оқытуға, спорт түрін үйретуге, дайындауға байланысты оқу-бағдарламалық құжаттарды талдау ептілігі; 2. Нақтылы тақырыпты оқытуға, оқу-жаттығу жұмыстарына байланысты әдебиеттерді таңдау ептілігі; 3. Оқу материалдарына, жаттығу жұмыстарына логика-дидактикалық талдау жасау ептілігі; 4. Берілген оқу ақпараттарына, үйрететін қозғалыс түрлеріне әдістемелік талдау жасау ептілігі; 5. Оқу материалдарын ұсыну формаларын таңдау ептілігі: блок-схема, жаттығуды орындау алгоритмі, тірек конспектілері және т.с.с. 6. Теориялық оқытудың және оқу-жаттығудың кешенді тәсілдерін жасау ептілігі; 7. Оқушылардың спорт түрлері бойынша қалыптасқан білімдері және іскерліктерінің деңгейлерін анықтау формаларын жасау ептілігі; 8. Оқушылардың әртүрлі оқу және оқу-жаттығу түрлерін ұйымдастыра білу ептілігі; 9. Теориялық сабақтарды және практикалық оқу-жаттығу сабақтарын талдай білуі.

Екінші топқа оқу материалдарын зерделеу ерекшеліктеріне байланысты. Оларға: 1. Әдістемелік талдау негізінде оқытылатын тақырып, үйретілетін оқу-жаттығулары бойынша сабақ жүйесін жоспарлау ептілігі; 2.Оқушылардың кәсіби іс-әрекеттеріне байланысты оқу және оқу-жаттығу жұмыстарын жоспарлау ептілігі; 3. Оқушылардың сабақ, оқу-жаттығу барысындағы әрекеттерін ұйымдастыра білу және оны басқару ептілігі; 4.Теориялық оқыту және оқу-жаттығу барысында оқыту әдістерін қолдана білу ептілігі; 5. Әдістемелік нұсқауларды талдау ептілігі.

Үшінші топқа алдыңғы қалыптасқан ептіліктерді жинақтауға байланысты. Олар: 1. Практикада, оқу-жаттығу барысында әдістемелік нұсқауларды, әдістемені және оқыту технологиясын қолдана білу ептілігі; 2.Нақтылы жағдайға және оқыту мақсатына байланысты оқыту әдістемесінің нұсқаларын қарастыра білу ептілігі. 3. Өзінің жеке оқытудың әдістемелік жүйесін жасау және оны ұсыну ептілігі [7].

Пәндік құзыреттер өзіне кәсіби педагогикалық функцияларды атқару қызметін қоса біріктіреді (оқыту, тәрбиелеу және басқару). Қазіргі кезде әдістемелік құзыреттілігі жеткілікті қалыптасқан, кәсіби жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау маңызды болып табылады.

Пәндік құзыреттермен тығыз байланысты әдістемелік құзыреттілік қалыптасуы тиіс. Әдістемелік құзыреттілік - жаттықтырушы-оқытушының кәсіби құзыреттілігінің маңызды компоненттерінің бірі. Қазіргі педагогикалық әдебиетте осы түсінік түрлі жолдармен анықталады:

- педагогтың түрлі оқыту әдістерін меңгеруі, дидактикалық әдістерді білуі, оларды оқыту процесінде қолдана білуі, оқыту үдерісінде білім мен іскерліктерді меңгеру механизмдеріндің психологиялық ерекшеліктерін білу (Н.В. Кузьмина);

- педагогикалық кәсіпке, кәсіби білімдер мен іскерліктерді біртұтас алғандағы құндылық қарым қатынастың болуымен көрініс табатын оқытушы тұлғасының кәсіби мәнді, интегративтік, көпдеңгейлі сипаттамасы (Т.В.Сясина);

- оқу-әдістемелік қызметті сапалы жүзеге асыру үшін қажетті әдіснамалық білімдердің, әдістемелік дағдылар мен тұлғаның кәсіптік маңызды қасиеттерінің жиынтығы (Т.М. Мамонтов);

- жеке тұлғаның интегралдық сипаты, белгілі бір саладағы қоршаған ортамен тиімді өзара әрекеттесу мүмкіндігін беретін күрделі жеке ресурс (Р.П. Мильруд).

Осы мәселе бойынша зерттеулерді талдау жаттықтырушы-оқытушылардың әдістемелік құзыреттілігінің мәнін анықтауға мүмкіндік береді: - жаттықтырушы-оқытушының кәсіби құзыреттілік түрлерінің бірін білдіреді; - жаттықтырушы-оқытушының әдістемелік қызметінде кәсіби педагогикалық қызметтің бір түрі ретінде көрінеді; - студенттердің білімін және дайындығын тиімді жүзеге асыру үшін теориялық және практикалық дайындығының бірлігін білдіреді; - оқу-әдістемелік қызметін сапалы орындалуы үшін қажетті психологиялық және педагогикалық, әдістемелік және пәндік білім, дағды, тәжірибе, мотивация және жеке қасиеттерін жиынтығы негізделген.

Әдістемелік құзыреттілік өз құрамына бірқатар субқұзыреттерді біріктіреді: 1) ұйымдастырушылық; 2) жобалаушылық; 3) зерттеушілік; 4)бақылаушы.

Әдістемелік құзыреттілік құрылымында төрт деңгей бөлінеді: -әдістемелік хабардарлық (білім) - әдістемелік дайындығы процесінде стандартты жағдайларда көрініс табатын жеке тұлғаның қасиеттері мен сапалары; - әдістемелік сауаттылық - қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындық; - әдістемелік шығармашылық - стандартты емес жағдайларда және стандартты емес әдістер арқылы кәсіби проблемаларды шешу мүмкіндігі;

• әдістемелік өнер құзыреттіліктің ең жоғары көрінісі ретінде. Дегенмен, бұл деңгейге көп мұғалімдер қол жеткізе алмайды.

Әдістемелік құзыреттіліктің жоғары деңгейіне жету үшін болашақ жаттықтырушы-оқытушыларға бірқатар жағдайлар жасау қажет: - оқу орнының заманауи ақпараттық білім беру ортасы; - оқу орнының әдістемелік жұмысын жаңғырту; - жаттықтырушы- оқытушының кәсіби позициясы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Елбасы жолдауы. www.akorda.kz

2. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. www.egemen.kz

3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. www.edu.gov.kz

4. Неретин А.В. Подготовка тренера к созданию положительного социально- психологического климата в спортивной команде: Монография / А.В.Неретин. – Волгоград: ФГБОУ ВПО «ВГАФК», 2015. – 229 с.

5. Люботинский А. А. Характеристика методической компетентности в структуре профессиональной компетентности будущих учителей иностранного языка [Текст] // Педагогика: традиции и инновации: материалы V Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, июнь 2014 г.). — Челябинск: Два комсомольца, 2014. — С. 154-157. — URL https://moluch.ru/conf/ped/archive/104/5789/ (дата обращения: 20.02.2018).

6. Омаров Б.С. Оңалбек Ж.К. «Болашақ педагог-жаттықтырушылардың кәсіби құзырлығын қалыптастыру әдістемесі (ұлттық спорт түрлері бойынша)». – Түркістан. 2015. - 186б.

7. Сергеев, А.Г. Компетентность и компетенции: моногра- фия / А.Г. Сергеев ; Владим. гос. ун-т. – Владимир: Изд-во Владим. гос. ун-та, 2010. – 107 с.

ӘОЖ 378.147:811.512.122.(574)

Исаева Жазира Исақызы
Ф.ғ.к, қауымдастырылған профессор «Әдістемелік бөлім» басшысы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, jazirhon79@mail.ru

Буркитбаева Меруерт Алпысбековна
Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының 2 курс докторанты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, ram-meruert@mail.ru

ТІЛДІ ОҚЫТУДА СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ЖАЗУ ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Резюме: *Бұл мақалада тілді оқытуда сөйлеу әрекеті арқылы жазу іскерлігін қалыптастыру мәселесі зерттелген. Осы бағытта сөйлеу әрекетіне үйретудің қазіргі заман әдістеме талаптарына сай мәтін туралы білімін, функциональды-мағыналық сөйлеу типін, стильдер мен түрлердің, жаңартылған сөз әрекетінің сөйлеу жүйесін құру керекті айқындалған. Жанрлық-стилистикалық жіктемелінің монологтық пікірлер түзудің нақты практикалық тәжірибелерімен қатар қолданылып, құралдық сипатқа ие болатындығы қарастырылған. Шетелдік және отандық зерттеушілердің сөйлеу іс-әрекеті теориясының тұжырымдары, жанрлық тұжырымдама бойынша, тілді оқыту әдістемесінде сөз әрекетін, сөйлеудің нақты пікір формада жасауды ұсынып және бұл формадан тыс сөз әрекетінің жасалмайтындығы қарастырылған.*

Кілт сөздер: *сөйлеу әрекеті, стильдер, жанр, тілді оқыту әдістемесі, шығарма жазу, монолог, диалог, пікірлесу стилі, сөйлеу жанры, жанрлық тұжырымдама.*

Аннотация *В этой статье анализируется проблема формирования письменной речи посредством речевой деятельности в преподавании языка. В этом направлении необходимо знание работы по текстам, стиля речи функционального смысла, стилей и типов, а также система речи в соответствии с современной методологией речевого обучения. Жанрово-стилистическая классификация основана на использовании реалистичной практики решения речи монолога, а также на инструментальной основе. По исследованиям речевой теории иностранных и отечественных исследователей, жанровая концепция, речь в технике преподавания языка, презентация речи в форме реалистического взгляда и возможность неформальных слов.*

Ключевы еслова: *речь, стиль, жанр, методика преподавания языка, написание композиций, монолог, диалог, стили диалога, речевой жанр, жанровая концепция.*

Abstracts: *This article analyzes the problem of the formation of written speech through speech activity in the teaching of language. In this direction, knowledge of the text, the style of speech of the functional sense, styles and types is necessary, as well as the speech system in accordance with the modern methodology of verbal education. Genre-stylistic classification is based on the use of realistic practice of solving a monologue, as well as on a tool basis. According to the research of the speech theory of foreign and domestic researchers, the genre concept, speech in the language teaching technique, the presentation of speech in the form of a realistic view and the possibility of informal words.*

Keywords: *speech, style, genre, teaching methods of the language, writing songs, monologue, dialogue, dialogue styles, speech genre, genre concept.*

«Сөйлеу әрекетіне үйрету» қазіргі заман әдістеме талаптарына сай мәтін туралы білімін, функциональды-мағыналық сөйлеу типін, стильдер мен түрлердің, (жанрлар) жаңартылған сөз әрекетінің (сөйлеу) жүйесін құру керекті өздігінен туындап отыр. Олар жанрлық-стилистикалық жіктемелі монологтық пікірлер түзудің нақты практикалық тәжірибелерімен қатар қолданылып «құралдық» сипатқа ие болады.

Зерттеуші Бахтиннің жанрлық тұжырымдамасы бойынша, тілді оқыту әдістемесінде сөз әрекетін (сөйлеу) әрқашан нақты пікір формада жасауды ұсынып және бұл формадан тыс сөз әрекетінің жасалмайтындығын алға тартады. Біртұтас пікірдің «аяқталуы» үш факторға – заттық-мағыналық бітім, сөйлеу ниеті және типтік құрылымдық-жанрлық формалармен анықталады[1].

Бұл әдістемелік қағидалар XX ғасырдың екінші жартысында ғана қалыптасты, XIX ғасырдың ортасында Л.Н. Толстой «Тіл үйренуде мұғалімнің басты өнері балаларды шығарма жазу баспалдағындағы басты жаттығуы тапсырма беруде емес, тақырыпты ауқымды таңдауынан және шығарманың бастапқы тәсілдерін көрсетуден тұрады»,–деді [2]. Ең бастысы оқушы жазу неге қажет, жазғанның қызықтылығы неде екенін түсінуі, яғни «өмірді сөзбен өрнектеудің сұлулығымен бұл өнердің тартымдылығын» ұғып, меңгеруінде. Л.Н. Толстой яснополяндық мектеп шәкірттеріне «мақал-мәтелдермен жазуды ұсынып эмпирикалық жолмен шығарма жазуға үйретудің өзіндік авторлық кадамын бастаған болатын. Бұндағы автор ұсынған өнімді идея білімгерлерді топтық шығармашылық әдіске жетелеп, оны қолдануда үшінші сынып балалары мақалдарға шығарма жазса, ал ұстаз оларды бақылаумен, бағыт-бағдар нұсқаумен айналысты. Толстой сонымен қатар, шығарма

жазуға үйретудің басқа да тәсілін жүргізді, онда сюжеттен және оның елесінен хабардар ету жолымен тақырып таңдауды ұсынды. Ұстаз үшін «үйлесімнің, шындықтың, сұлулық пен жақсылықтың басты бейнесі» бола білген шаруа-балалары шығармаларын шағын әңгіме (повесть) формасына айналдырып, дамытты. Оқушылардың озық жұмыстары «Ясная Поляна» журналында жарияланды, ал жазушының педагогикалық тәжірибесі қорытылып, авторлық дидактика тәсілдері түрінде баяндалды.

Л.Н.Толстой шығарма жазудағы шындықпен шәкірт пікірінің жанрлық-стилистикалық өрнектелуінің ептіліктері мен талаптарын жүйелі түрде енгізбесе де, бұл үшін қажет көптеген ептіліктер мен дағдыларды күні ілгері дұрыс дамыта білді. Бұл талаптар XIX ғасырдың алдында және XX ғасырдың алғашқы онжылдығында жарияланбады. Шығарма жазу бойынша практикалық нұсқаларда жазба монологтық пікір түзуге орай жалпы ұсыныстар: тақырып жөнінде, мәліметтерді қалай жинақтау әрі оны өңдеу, мәтін жоспарын түзу, шығарманың алғашқы жазбасын өрнектеу және сөздік қателіктерді түзету арқылы ғана берілді[2].

Осы орайда, отандық ғалым А.Байтұрсынұлы мәтінді шығарма сөз деп атайды және оның ауызша да, жазбаша да болатындығын айтып, мәтінді сөйлеудің бірлігіне жатқызады: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп айтылады. Ауызша шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады» [3].

XX ғасырдың 20-30-жылдарында әйгілі шетелдік әдіскерлер (В.В. Голубков, А.В.Миртов, М.А. Рыбининова, К.Б.Барков және т.б.) жұмыстарында жеке шешендік өнерінің қызметтері арнасында қалыптасқан «сөйлеуге үйретудің» кейбір тәсілдерін – біртұтас пікір бойынша кезеңдік жұмыс (ой-түрткіден алғашқы жазбаға дейін) әрқилы талдау үшін оқушыларға ұсынылатын және оқушылардың өзіндік пікірін жазуға эталон болатын мәтін-үлгімен көпқырлы жұмыс түрлері көрсетілді.

Кейін, 60-жылдары ғалым-әдіскерлер Т.А.Ладыженская, М.Т.Баранов, В.А.Добромыслов жазба монологиялық пікірлерді жазуға үйрету тәжірибесін теориялық ой сарабына салумен «сөз әрекетіне (сөйлеуге) үйретуде» жазба пікірдің бір түрінен өзгесіне өту (мектеп шығармашылығы/баяндама), жас кезеңдерін топтап, сыныптар бойынша оқытуды жіктеу және өзіндік мәтіндер жасауға үйренуден болатын жалғастықты (Т.А.Ладыженская, А.Ю.Купалова, Ф.А.Новожилова жұмыстары); оқушыларға ұсынылатын шығарма тақырыптары мен олардың мазмұны мен орындалу формалары жөніне тұжырымдар жасады (Т.Ладыженская, А.Н.Леонтьев, Л.И.Лурия, Л.И.Ботович және т.б. жұмыстарында) [4].

Сол уақытта біртұтас сөйлеуге үйрету кешені міндетті балалық, жасөспірімдік шақ және педагогикалық психология деректермен оқытуды үйлестіру, олардың шәкірттер тәжірбиесіне сәйкестігі жөніндегі идеялары да енгізілген болатын. Бұл проблемалар Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, А. Р. Лурия, Н.И. Жинкин, Л.С. Гальперин, Л.И. Божович және тағы басқа ғалымдар тарапынан зерттелді. Олардың еңбектерінде сол тіл білімі әдіскерлерінің тұтас сөйлеуге үйретудің қалыптастырылған жүйесін анықтаған сөйлеу іс-әрекеті теориясының тұжырымдамалық ережелеріне психологиялық-педагогикалық негіздемелер берілген. Осы теория негізгі ережелерден бастау алып, тіл – адам санасында ортақтасу және болмысты бейнелеу құралы болуымен адамдар қарым-қатынасының құралы ретінде қолданылады. Өзінің коммункативтік қызметінде ол интелектуалды-сөйлеу іс-әрекетінің ерекше түрі есебінде анықталады. Сөйлеу әрекетінің құрылымы А.Леонтьев тарапынан әрекетті іске асырудың кезеңдік әдісі сипатында анықталған болатын. Ол кезеңдер: ортақтасу шарттары бағдарын айқындау, жоспарлау (пікір бағдарламасын түзу және мазмұнын таңдау, сөйлеу әрекетін орындау және қадағалау (сөйлеушісіне жазушы сөйлеу әрекетінің нәтижесін ортақтасу міндетімен салыстырады).

Бірінші кезеңнің өзінде шәкірт сөйлеу әрекетінің міндеттерін және коммуникативтік шарттар мақсатын нақтылау формасы (ауызекі/ жазба), түрі (монолог, диалог), пікірлесу стилімен сөйлеу жанры мәселесін шешіп алуы тиіс. Екінші кезеңде, ішкі сөйлеудегі пікір бағдарламасын түзуде сөйлеу тақырыбын, пікірдің негізгі ойын және стиль, тип, түр және сөйлеу формасы талаптарымен мазмұн таңдауға қойылатын шектеулерді анықтау басты роль ойнайды. Дәл осы стилді және сөйлеудің функционалды-мағыналық типін таңдау ситуациясына қойылған оқушы, үшінші кезеңде іске асыру фазасында мәтін жанрын анықтауына тура келеді.

Сөйлеу іс-әрекеті теориясының осы тұжырымдары тұрғысынан Т.А.Ладыженская басшылығында ғалым-әдіскерлер көркем жазба мәтіндер жасау үшін оқушыларға қажет коммуникативтік ептіліктерді белгіледі (олар авторлар тарапынан жүйе түрінде баяндалған). Сонымен бірге үш негізгі өзара байланыста мәтін бойынша жұмыс кезеңдері анықталған:

–дайындық процессі;

–жазу процессі;

– жазғанды жетілдіру процессі[4].

Ана тілінде жазба сөздің туындауында оқушылар бұл құрылымды бейсана орындайды. Ана тілі қазақ тілі болмаған жағдайларда оны үйрену қостілді оқушыларда проблемаларды туғызады (ана тілі мен игерілуші қазақ тілінде ойлау процесінің өзара әрекеттестігі, осы тілдердің оқушылар санасында бейнелену сипаты және т.б.) Л.З.Шакирова, Р.Б.Сабиркоев пікірінше, «ана тілі болмаған екінші тілде сөйлеуді үйрету жаңа, бұрын маңызы болмаған сыбыстар мен қағидаларды қалыптастырумен байланысты болуы тиіс.[6] Мақсаттарға қол жеткізуде негізгі қалаушы роль әр деңгейдегі тіл бірліктерінің барша жиынтығы және сол бірліктерді істе пайдалануды ой сарабына салушы тіл білімдеріне тиісті». Л.З.Шакирова. Р.Б.Сабиркоевтың әділ шешіміне орай оқушылардың тілдік білімдерінен құрылатын барлық іс-әрекет түрлеріне өзара байланысты оқыту барша оқу манералық біртұтас сөз хабарламасы ретіндегі мәтін негізінде біріктіруді талап етеді[5].

Бұған түсініктемені Бахтиннің жазбаларынан табуға болады. Оның пікірінше жанрдың әрекеттілігі орасан ауқымды, осыдан «оларды біріңғай үйрену жолы жоқ және болмайды. Функционалды әрекеттілік сөйлеу жанрының ортақ белгілерін дерексіздендіреді. Осымен сөйлеу жанрларының жалпы проблемалары ешқашанда шын мәнінде алға тартылмағаны айғақталады. Пікір айтудың және оның типтерінің жалпы лигвистикалық проблемалары тіпті де ескертілмеген»[1].

Демек, мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі тұрғысынан негізгі тілдік (сөйлеу) ұғымдарын (мәтін, стиль, коммуникация, жанр) нақтылап алу қажет.

Қорыта айтқанда, тілді оқыту әдістемесіндегі «жанрлық нәтиже» талаптары XX ғасырдың соңғы кезеңінде ғана анықталды. Дегенмен, бүгінгі күннің өзінде қостілді оқушылардың монологтық жазба пікіріне қатысты «жанр» ұғымы дәл әрі бір мәнді болмауда. Бірде бір пікір (соның арасында сөздік пікір түрі болған шығарма) жанрдан тыс бола алмайтыны айқын анық. Бірақ жанрды нақты анықтайтыны бұл сөйлеу типі ме, баяндау стилі ме, композиция ма не осы құрамдастардың жиынтығы ма –жетерлік айқындалған емес, сондықтан әлі де зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. - М., 1979. - С.120*
2. *Толстой Л.Н. Кому у кого учиться писать, крестьянским ребятам у нас или нам у крестьянских ребят // Педагогические сочинения.- М., 1989.- С. 271.*
3. *Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – А., 1992. – 84 б.*
4. *Основы методики русского языка в 4-8 классах: Пособие для учителя / Под ред. А.В.Текучева, М.М.Разумовской, Т.А.Ладыженской.- М., 1983.- С. 245.*
5. *Шакирова Л.З., Сабаткоев Р.Б. Методика преподавания русского языка (на материале национальных школ): Пособие для учителя.- СПб., Казань, 2003.- С. 109.*

ОӘК 378.147

Искакова П.К.
п.ғ.к., доцент м.а., Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Беркимбаев К.М.
п.ғд., профессор, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Рустамбекова М.Е.
п.ғ.к., доцент м.а., Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Ауезов Б.Н.
аға оқытушы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қаласы

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ МӘНІ

Түйін. *Мақалада болашақ мұғалімдерді инновациялық іс-әрекетке даярлаудың мәні, инновациялық іс-әрекетке даярлаудың арнайы ұйымдастырылған бірқатар шарттары мен кезеңдері түсіндірілген. Болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуы мен инновациялық іс-әрекетке даярлау үдерісі, мұғалім тұлғасын қалыптастырудың біртұтас үдерісінің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелік, рефлексивті-қызметтік және жеке шығармашылық тәсілдері қарастырылған.*

Кілттік сөздер: *болашақ мұғалім, инновация, технология, инновациялық іс-әрекет,* ***инновациялық ойлау,*** *мұғалімді инновациялық іс-әрекетке даярлау.*

Резюме. *В статье рассматриваются суть подготовки будущих учителей к инновационной деятельности, дается объяснение ряду конкретных условий и этапов подготовки к инновационной деятельности. Рассматриваются профессиональное формирование будущего учителя и процесс подготовки к инновационной деятельности, формирование личности учителя в едином процессе, направленном на обеспечение создания и функционирование системы строение целостного процесса, рефлексивно-служебные и личностно-творческие способы.*

Ключевые слова: *будущий учитель, инновация, технология, и*нновационная деятельность, инновационное мышление*, подготовка учителя к инновационной деятельности.*

Summary. The article deals with the essence of training of future teachers for innovative activity, the explanation is given to a number of specific conditions and stages of training for innovative activity. Also, professional formation of future teacher and process of training for innovative activity are considered, formation of the identity of the teacher in the uniform process aimed at providing creation and functioning of system a structure of complete process, reflexive and office and personal and creative ways are considered.

Key words*: future teacher, innovation, technology, the innovative activity, innovative thinking, training of the teacher for innovative activity.*

Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы түбірлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі прогресс, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құруға әкеліп соқтырды. Бұл салаларды әрі қарай жетілдірудің бірден-бір мүмкін жолы – инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үрдістер. Бұл білім беру мазмұнына, білім беру және тәрбиелеу әдістеріне, білім беру мекемелерін ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты.

Қазіргі таңда Елбасымыздың Қазақстан ғылымы мен білімінің әлемдік беделін арттыру жолындағы қамқорлығы өз нәтижесін беруде.

Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы елге арнаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» **атты елбасы жолдауында** «білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек» [1] делінген.

Оның бірі - инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту болса, екіншісі елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру болып табылады. Алайда, инновациялық технологияларды қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қоғамдық сұранысқа сай қалыптастыру барлық білім беретін мекемелердің дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Әлі де болса кейбір мұғалімдеріміздің оқыту үрдісін ұйымдастыру мен жүргізуде оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдаланумен шектеліп келеді.

Күні кешеге дейін қолданыста болған педагогикалық білім беру жүйесін сыни талдау (Е.П.Белозерцев, Г.Г.Воробьев, В.Н.Гончаров, А.А.Греков, Л.В.Левчук, В.М.Лопаткин, В.А.Сластенин және басқалар) нәтижесінде білім беру жүйесіне түбегейлі өзгеріс енгізуді қажет ететін бірқатар кемшіліктерінің бар екені анықталған. Мұны жас мамандардың бейімделу үдерісін әлеуметтік тұрғыдан зерттеу қорытындысы да нақтылай түскен. Атап айтқанда, зерттеушілер жас

мамандардың практикалық дағдылары мен қабілеттерінің жеткілікті дәрежеде дамымағаны былай тұрсын, бірінші кезекте дүниетанымдарының да толыққанды қалыптаспағанын алға тартқан. Сондай-ақ, жүргізілген сауалнама нәтижесінде жас мамандардың педагогикалық қызметтің мақсаты туралы көзқарастарының да орнықты емес екені айқындалған. Олардың, яғни жас мамандардың басым көпшілігі оқу материалын баяндап беруді басты міндет санап, білім берудің тәрбиелік маңызы мен әсеріне еш көңіл бөлмеген. Яғни, оқыту мен тәрбиелеудің арасын ажыратып, екі түрлі ұғым ретінде бір-бірінен бөлек қарастырған [2].

Соңғы кезде педагогикалық қызметке деген даярлықтың әлсіздігінен жас мамандардың бастапқы кездегі ауыртпалықтардың ауыр жүгін көтере алмай, сәтсіздікті жүрегіне жақын қабылдауынан таңдап алған мамандығына деген қанағаттанбаушылығы да артқан. Сонымен қатар, педагогикалық білім беру жүйесінің әлсіздігі, әсіресе білім беру мекемелеріндегі инновациялық қозғалыстың қарқыны үдейе түскен шақта айқын байқалған.

В.А.Сластенин мен Л.С.Подымова өз еңбектерінде студенттерді педагогикалық білім беру ісіне даярлау мәселелерін жан-жақты талдап, жоғарғы мектеп педагогикасындағы ең басты кемшіліктердің бірі ретінде болашақ мұғалімді қалыптастыру үдерісінің инновациялық іс-әрекеттің құрылымына сай жүзеге асырылмауын атап көрсеткен [3]. Жалпы білім беру жүйесінің даму тенденциялары, оның шынайы қажеттіліктеріне сәйкес келетін мақсаты нақты айқындалғанда ғана педагогикалық білім беру технологияларына және оқу жоспары мен бағдарламаларына қажетті өзгерістер сәтті енгізіледі.

Болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасу үдерісі мүмкіндігінше инновациялық іс-әрекеттің берілген құрылымын модельдеп, мұғалімді инновациялық іс-әрекетке даярлау тұжырымдамасын әзірлеудің негізі мұғалім тұлғасын қалыптастырудың біртұтас үдерісінің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелік, рефлексивті-қызметтік және жеке шығармашылық тәсілдерге сүйенеді.

Жүйелік тәсіл – тұрғысынан алып қарағанда, педагогикалық білім беру жүйесінің барлық буындары инновациялық іс-әрекеттің барша құрамдас бөліктерін барынша бірге ынталандыру қажет.

Рефлексивті-қызметтік тәсіл – мұғалім өз қызметінде белсенді зерттеушілік, әрі шығармашылық қызметпен айналысуға ден қоя отырып, сыни талдау қабілетін арттыруды болжамдайды.

Жеке шығармашылық тәсіл – мұғалімнің бойындағы шығармашылық дербестілікті айқындауға және қалыптастыруға, сондай-ақ инновациялық пайымын жетілдіруге мүмкіндік бере отырып, оның инновациялық іс-әрекет технологиясын дамытуға қажетті деңгейге дейін шығуын қамтамасыз етеді.

XXI ғасырдағы білім берудегі ерекшеліктердің бірі оның интеграциялық сипаты болып табылады. Болон үдерісі аясында ұлттық білім беру жүйелері әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануда. Қазақстандық педагогикалық ғылым мен тәжірибе білім беру мазмұнын өзгерту арқылы интеграциялық үдерісті ескере отырып, болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын қамтамасыз ету жағдайы мен мүмкіндіктерін іздестіру үстінде.

Мұғалімнің тұлғасы мен оның кәсіби біліктілігі, рухани байлығы білім берудегі оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етудегі маңызды жағдай болып табылады. Болашақ мұғалімнің тұлғалық және кәсіби маңызды сапасын қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде өз маңыздылығын жоғалтпайды. Инновациялар, инновациялық іс-әрекет **инновациялық ойлауды** қалыптастыруды талап ететіні сөзсіз [4].

Болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке даярлау үдерісі төмендегі арнайы ұйымдастырылған бірқатар шарттарды қанағаттандырған жағдайда тиімді болып саналады:

- көпдеңгейлі педагогикалық білім берудің барлық кезеңдерінің бірізділігін қамтамасыз ету;
- жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесін болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке даярлаудың жалпылама моделіне бағдарлау;
- болашақ мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын психологиялық тұрғыдан диагностикалау;
- білім алушылардың бойында педагогикалық қызметке деген шығармашылық белсенділігі мен біртұтас мотивациялық қатынасын қалыптастыру;
- мұғалімнің арнайы, әдіснамалық, жалпы педагогикалық, психологиялық және әдістемелік даярлығының өзара қарым-қатынасын дамыту;
- пәнаралық өзара іс-әрекеттерді жүзеге асыру арқылы инноватиканың жалпы мәселелерінің аясында білімді интеграциялау;
- білім алушылардың бойында инновациялық мәдениетті, жаңашылдыққа деген бейімділікті орнықтыру;
- педагогикалық іс-тәжірибенің жүйе құрушы міндеттерін зерттеушілік даярлықпен бірге қамтамасыз ету;

- педагогтың инновациялық іс-әрекетті игеру динамикасын критериалды бағалау және зерттеу.

В.А.Сластенин мен Л.С.Подымованың пікірінше, болашақ мұғалімді инновациялық іс-әрекетке даярлау үдерісі мынадай бірқатар кезеңдерден тұрады [5]:

Бірінші кезең – болашақ мұғалімнің шығармашылық дербестілігін жетілдіру, олардың бойында шығармашылық педагогикалық міндеттер мен мәселелерді анықтау, саралау және шешу қабілетін қалыптастыру, сондай-ақ шығармашылық ізденістің жалпы технологиясын дамыту; игерген білімі мен біліктілігін жаңа жағдайға өздігінен ауыстыру немесе бейімдеу, бұрын-соңды ұшырасқан жағдайдағы мәселені және объектінің жаңа қызметін көре білу, объектінің құрылымын анықтау, шешу жолдарын немесе тәсілдерін болжамдау, педагогикалық қызметтің бұдын алдын игерген әдіс-тәсілдерін енді туындаған жаңа мәселеге қолдану және сыни ойлауды дамыту.

Екінші кезең – ғылыми танымның және педагогикалық зерттеудің әдістемелік негіздерін меңгеру және оларды инновациялық педагогикаға ендіру. Болашақ мұғалімдер инновациялық педагогиканың пайда болуының ғылыми және әлеуметтік алғышарттарымен, оның негізгі ұғымдарымен танысады, оқыту үдерісін ұйымдастырудың балама тәсілдерін шығармашылық тұрғыдан саралайды, алтернативті оқыту үдерісін дамытудың басты көздерін зерттейді, әртүрлі инновациялық оқу орындарымен танысып, т.б. қызметтерді атқарады.

Үшінші кезең – инновациялық іс-әрекеттің технологиясын игеру. Болашақ мұғалімдер авторлық бағдарламаны құру әдістемесімен, білім беру мекемелерінде тәжірибелік-эксперименталды жұмыс жүргізу кезеңдерімен танысады, авторлық бағдарламаны құру үдерісіне қатысады, ойлап табылған жаңалықтың одан әрі даму барысын және оны қолданысқа ендіру кезінде туындауы мүмкін қиыншылықтарды сараптайды және болжамдайды.

Төртінші кезең – ойлап табылған жаңалықты педагогикалық үдеріске ендіруге арналған сынақ алаңында тәжірибелік жұмыс жүргізу, бар болса түзетулер енгізу, сынақ нәтижелерін қадағалау, кәсіби қызмет қорытындысын өз бетінше талдау. Бұл кезеңде болашақ мұғалімнің жаңашылдыққа қатысты қөзқарасы мен инновациялық ұстанымы қалыптасады.

Қазіргі білім беру үдерісіндегі даму қарқынының өсуі өзгермелі жағдайға бейім тұлғаны даярлауды талап етуде. Болашақ мұғалімдерді инновациялық іс-әрекетке даярлау мен кәсіби біліктілігін арттырудың даму динамикасы олардың бойында үздіксіз білім алуға деген талап пен қабілетті қалыптастыру қажеттілігін тудырып отыр. Сондықтан, қазіргі қоғамға дербес, өз болашағына жауапкершілікпен қарайтын, жаңалықтарға бейім шығармашыл, өз дамуына құндылық ретінде қарайтын, үздіксіз білім алуға қабілетті тұлға қалыптастыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты елбасы жолдауы. www.akorda.kz

2. Пригожин А.И. Нововведения: стимулы и препятствия (социальные проблемы инноватики). – М.: Политиздат, – 271 с.

3. Сластенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика: Инновационная деятельность. - М.: ИЧП «Издательство Магистр», 1997. - 224 с.

4. Таубаева Ш.Т. Жоғары білім беру саласы саясатындағы инновациялық бағыттар. ҚазҰУ Хабаршысы, №3 (40). 2013.

5. *Сластенин В.А., Подымова Л.С. Готовность педагога к инновационной деятельности //Педагогичес кий журнал, 2006, №1. - С. 32 - 37.*

Ислам Жеменей
"Нұр-Мүбарак" Египет ислам мәдениеті университетінің Әбу ханифа ғылыми-зерттеу орталығы,
филология ғылымдарының докторы, профессор, жетекші ғалым
jemeneyislam@yahoo.com

Тилеужанова Г.Т.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
ЖОО- ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы, Gulhan_74@mail.ru

ЗӘҺИРЕДДИН МҰХАММЕД БАБЫРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА

Түйін. *Мақалада Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың өмір жолындағы саяси жетістіктері, шығармалары, адами қасиеттері, әдебиет пен мәдениетке сіңірген ұшан-теңіз еңбектері туралы жазылған. Сонымен қатар дос пен ағайынға риясыз жасаған көмектері мен тарих жазудағы шынайылығы пен адалдығы айтылған.*

Резюме. *В статье о жизни и творчестве Бабыр Мухаммеда Заһиреддина говорится о политических достижениях , произведениях, человеческих качествах и огромных заслугах в области литературы и культуры. Наряду с этим описывается его безвозмездная помощь друзьям и родным, а также его правдивость и достоверность в описании истории.*

Summary. *The article: "Life and works of Babur Muhammad Zahreddin" tells us about his enormous political achievements, great contribution to literature and culture as well as his generosity to friends and relatives, his authenticity in the description of that period history.*

Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың саяси-әскери жетістіктерінің бірі- 1526 жылы Үндістанда негізі қаланған империясы, ұрпақтары арқылы 1858 жылға дейін яғни 323 жыл бойы саяси билігін жалғастыра білді. Екінші жетістігі - Үндістанның Агра қаласындағы "Таж-маһал" сынды мәдени-рухани ғимаратын салған ұрпақтары жеті ғажайыптың бірін әлем өркениетіне сыйлады.

Сондай-ақ Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың (1483-1530) шығармалары XII ғасыр аясында дүниеге келген Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йасауи, Махмұт Қашғари сынды түркі әдебиеті қатарында зерттеушілердің назарында тұр. Өйткені оның «Бабырнама» атты шығармасы әлемнің көптеген тіліне аударылды.

Зәһиреддин Бабыр ақын, қолбасшы, ұстаз, мемлекет басшысы, ғалым сияқты атауларға әбден лайық ірі тұлға. Ол әлемді жаулаушы әйгілі Әмір-Темірдің бесінші ұрпағы болып келеді. Ферғана өлкесінің астанасы - Әндіжан қаласында дүние есігін ашқан. Түркінің Барлас деген тайпасынан шыққан Бабыр - әкесі Омар Шейх Мырзадан небәрі 12 жасында айрылады. Бұл жайында Бабыр:«Тәңірі Тағаланың қолдауы, жаратылыс төресі әзіретінің шарапаты, шәдиярлардың риясыз ниеті кеңістігінде сейсенбі күні, рамазан айының бесінде, сегіз жүз тоқсан тоғызда (1494милади) Ферғана уалаятында он екі жаста патша болдым»,-деп жазады.«Бабырнама-1б» кітабында. Бабырдың анасы Моңғолдың Шыңғыс ханнан тараған екінші ұлы Шағатайдың ұрпағы.Ферғана даласында ол кезде «моғол» есімі Бабыр әулеттеріне айтылған атау, сол себепті, халық Бабыр мен оның ұрпағына «моғол» атын берген. Бұл атау кейін Үндістанда Бабыр құрған империяның да атауына айналды. Бұл дұрыс емес. Ал шын мәнінде Бабыр «Барлас» атты түркі тайпасынан тараған ұрпақ. Әрине анасы моңғол текті болғаны үшін Зәһиреддиннің бет әлпеті- моңғол мен Ортаазиялық кейіпке ұқсас, кең жауырынды, қара да аз қысыңқы көздері, аққұба жүзді болып келген. Ол өзінің түп нағашыларын аса ұнатпаған. Өзінің «Бабырнама» еңбегінде: «қашанда жаманшылық пен бұзағылық моғол ұлысынан болып келген» (Бабырнама - 86б) немесе «Моңғолдар- періштелердің руынан болса да, олардың мәртебесі арта түспейді, тіпті, олардың алтынмен құйылған есімдері де адамға аса сенім туғызбасы хақ»- деп атап көрсетсе де оның құрған империясын европалықтар «моңғұл не моғол»,-деп атаулары шындыққа жанаспайды. Бір ғажабы парсы, араб және түркі жазбаларда «моғол»(**مغول**) деп бір түрі айтылып жазылады. Бірақ жалғыз қазақтардың ғалымдары «моңғұл» не «моғол»,-деп екі түрін қолданады. Бұның сыры не екенін қай ғалым түсіндіре алар екен!?

Бабыр 1483жылдың 14-ші ақпанында Әндіжанда дүниеге келді. Сол шаһарда кішкентайынан тәрбие алды. Әкесі қаза тапқан соң небәрі 12 жастағы баланы - мемлекеттік кеңес оны Әндіжанда патшалық таққа отырғызуды жөн санады. Сол үшін жас патшаны көршілер, сұлтандар, бектер, ханзадалар көптеген туыстары, тәжірибесі аз деген оймен оны жолдан тайдырып, өздеріне бағынышты ету үшін амал-әрекеттерін жасап бақты. Осылайша билікке жастайынан араласып, саяси түйткілдердің бүге-шігесіне дейін меңгерген Бабыр талай белестер мен асуларды бағындырып, тарихта өз қолтаңбасын қалдырады.Әмір Темірдің ұрпақтары тұсында- XIV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың алғашқы ширегі әдебиет қарқынды дамыған. Бабыр сол кездегі Науаи, Жами сынды ірі

ақындар өкілдерінің қатарында да орыны айрықша болды. Сол кездері саяси-экономикалық тұрмыс тұрақсыз болған дүрбелең кезең бола тұра әдебиет, өнер мен ғылым Әмір Темір ұрпақтарының назарынан тыс қалған емес. Бабыр тәжік, өзбек, қырғыз елдерімен аралас-құралас жатқан жері Ферғана тағына аласапыран кезеңге толы дәуірде отырды. Ол бабаларынан мұраға қалған иеліктерді сақтап қалу үшін Амудария мен Сырдария аралығында бір орталыққа бағынатын мемлекет құрмақшы болған талпынысынан еш нәтиже шықпады. Себебі бір жағынан- Жетісу аймағындағы Моғолстан хандарының, екінші жағынан - өзіне бәсекелес атақты Мұхаммед Шейбанидың жорығына төтеп беру мүмкін емес еді. Осы арада Бабыр өз елінен қуылып, Кабул мен Үндістанға жол тартады. Жат жердің өзінде Кабулды, Бадахшанды өзіне қаратып, патшалық құрып, ғимараттар, мектептер және медреселер салдырады.Үндістанға жасаған бірнеше жорықтары нәтижесінде ол Ганганың аяғына дейінгі, Кабулдан Бенгалға дейінгі аралықты өзіне қаратады. Агра қаласын империясының астанасы етіп, қала ішіне су жүретін қаналдар, монша, ғибадатханалар, кітапханалар салдырады. Өз жанына қаламгер, сәулетші, әнші, музыканттер мен тарихшы ғалымдарды жинайды және Орта Азия елдері һәм Ресеймен сауда – саттық қарым – қатынастарын арттыра түседі.

Атақ пен даңқ Бабырға 30 жылдан астам уақыт Орта Азия үшін болған күрестен кейін жетті. Көптеген қажыр мен еңбек, төзімділік пен байсалдылықты бір бойына сыйдыра білген ол- Орта Азия даласына да мықтап табан тірегісі келді, Темір империясының астанасы – Самарқанда өз билігін жүргізгісі келіп, Самарқанға жорықтар жасады. Бірақ нәтижесіз болды. Өйткені Бабыр туған және он екі жаста сонда патшалық тағына отырған Әндіжанға алаңдап, оны уайымдап, қорғайын деп Самарқаннан да айырылғаны бар. бұл жайында : «Әндіжанға бола, Самарқан иелігін бердік, Әндіжан да иеліктен шықты. Бұл жерден қуылып, ана жерге жете алмай қалған – ғапыл дегенге сай болдық. Өте ауыр болды. Өйткені патша болғалы, бұншама нөкерден һәм уалаяттан айырыған емеспін. Өзімді білгелі, бұндай азап пен тауқымет көрмеген едім. «Бабырнама.72б» -деп жазған.

Бабыр отбасылық қарым-қатынас ережелеріне мұқият қараған. Сондықтан текті жерден үйленген әйелдерінің ешқайсысын ренжіткен емес. Кабул гаремдерінде оның 18 баласы дүниеге келді. Тап осы жерде ол сұлу да ажарлы Mahим ханымды кездестірді. Кейінірек ол өзінің мұрагері -Һұмаюн мен қызы Дилдар Бегім, және ұлы Һиндалдың анасы болған ана.

Ал, кейін әскери жорықтарында Пәштун тайпасынан тарайтын Юсуф Зей руының қолбасшысының қызы Бибі Мүбарикамен үйленеді. Бибі ақылды әрі сұлу болған. Бабыр оны ұдайы жорықтарда өзімен бірге ертіп жүрді. Сол үшін Ауғандар соғысқан кездерде Бабыр мен Ауғандар арасын шиеленісіп кетпеуіне күш жұмсайтын. Мәселен ауғандар тұтқынға түскенде Бибі араша түсіп, оларды босатып жіберуді «Мені шын ұнатсаң соларға рахым мейіріміңді төге гөр!» -деп Бабырдан сұрайтын. Сондай-ақ елінің басына түскен ауырпалықтар мен қиыншылықтарды жеңілдетуге тырысатын. Бабыр оның ақылына таза көңіліне сеніп, өтініштерін орындап отырды. Бірақ Бибі Мүбарика сұлуы бір қыздан кейін ұл бала көтере алмайтын жағдайы Бабырды қатты толқытты. Десекте Бабырдың бұл дүниедегі дәптерінің соңғы парағын Бибі Мүбарыка жапты.Бабыр моғолдарға бар-жоғы «гөрекен» ретінде қатысы бартұғын. (көреген-Шыңғыс хан ұрпағынан туған қыздарға үйленгендерге «гөреген» яғни хан әулетінің күйеу баласы атағына ие болу мәртебесін алғанда берілетін атақ) Бабыр Моғол емес. Ол түркі Барлас тайпасынан шыққан жан. Сол үшін оның Үндістанда құрған патшалығын «Бабыр империясы» деп атаған жөн. Бабыр Үндістанды жаулап, 1525-1530 аралығында 5 жылдай сонда билік құрды. Бабыр мен оның ұрпақтары Үндістан жерінде билік құрған уақытта,елдің мәдениеті мен сәулеті жарқырай түскенін зерттеушілер айтқан. Иранның әйгілі энциклопедиялық көп томдық Мұхаммед Мүйін атты кітабында: «1526 жылы солтүстік Үндістан жерінде Бабырдың басқаруымен Жаңа Моғол Ұлы империясы дүниеге келді. Агра қаласында орналасқан Таж - Mahал, Маржан мешіті күні бүгінге дейін бірегей сәулет өнері ретінде Бабыр империясының даңқын асқақтап тұруына өз үлесін қосып келеді. Бабыр саяси істердің білгірі болғандықтан ол құрған мемлекет ұрпақтан- ұрпаққа өз жалғасын тауып, 1858 жылға дейін яғни 323 жыл бойы Үндістан елінде билігін жүргізген»,-деп жазған.

Саяси тарих пен әдебиетті ұштастыра билік құрған Әмір мен ұрпақтары әлем өркениетіне қомақты үлес қосты. Соның арқасында Иран елінің әдебиет пен мәдениеті Әмір Темір әулеттері билік құрған дәуірінде оң өзгерістерге куә болды. Әмір Темір мен мұрагерлері әдебиет, ғылым мен мәдениетке аса мән берген. Өйткені өздері де ақын, ғалым, өнерпаз және қаламгер болған. Олардың парсы мен түркі тілдерін жетік меңгеруінің арқасында парсы тілі мен әдебиетінің де Түркістаннан Үндістанға дейінгі аралықта кеңінен қолданысқа түскеніне септігін тигізді. Осының өзі түркілердің әлем әдебиетіне парсы поэзиясы арқылы да өз үлесін қосқанын айғақтайды.

Түркі мен парсы әдебиеті бірі-бірімен біте қайнасып ұштасып жатқандығының бір айғағы ретінде Бабыр өз естеліктерін «Бабырнаманы» түркі шағатай тілінде жазған болса, оның ізімен туған бөлесі

Мырза Қайдар «Тарих и Рашиди» еңбегін парсы тілінде жазғаны Түркістан мен Мәураннәһрде түркі мен парсы әдебиеті тығыз қарым –қатынаста болғандығын байқатады.

Бүгінгі Орталық Азия елдерінде орта ғасырларда түркі әдебиеті поэзиясы да шығыстың ғазал, рубаи, мәснәви сынды өлең түрлерін қабылдап, оны дамытты. «Бабырнама» туындысы соның бір үлгісі. Бабыр ескі парсы, түркі-шағатай, үнді, тәжік тілдерінің білгері болған. Соның арқасында «Бабырнаме», «Мүфәссәл» (аруз жөнінде), «Рисале-и һарбия» (шайқас жайындағы трактат), «Рисале-и мусиқа» (музыка туралы трактат), «Мүбайын» (шариғатқа байланысты «Өсиетнама»), және «Хатт-е Бабыри» (Бабыр жазуы) атты шығармалары бар. Әрі Қожа Аһмет Аһрардың «Рисалейе Вәлидие» атты еңбегін парсышадан - түркі тіліне тәржімалаған. Бабыр аталған еңбектері арқылы әдебиеттанушы ғалым, аудармашы ретінде әдебиет пен дін салаларына үлкен үлес қосты.

Бабыр «Бабырнама» естеліктерін қарапайым, тартымды түркі тілімен 1519-1530 жылдар аралығында жазды. Онда 1494-1529 жылдардағы оқиғаларды қамтиды. Еңбектің басты артықшылығы сенімді мәліметтер бергені үшін аса құнды болып танылады. Бұл еңбекте Бабырдың өмірімен кеңінен таныса отырып, көптеген пайдалы деректерге тап боламыз. Сондай-ақ кітапта Орталық Азия, Ауғанстан, Үндістан һәм Пәкістан елдерінің сол дәуірдегі тіршілік шарттары, тарихы, жағрафиялық ерекшеліктері мен экономикалық-әлеуеттік ахуалынан да мол мағлұмат бар. Бабырнаманың бір түркі және бірнеше парсы тіліндегі нұсқаларына қарағанда барлығында автор 1529 жылғы оқиғаны жаза бастаған бірақ аяқтамаған мәтінді көреді. Сонда Бабыр неге әңгімесін аяқтамай қойды? деген сұрақ туады. Немесе аяқталған жазбасының бір бөлігі жоғалып кетті ме? деген ой келеді. Бұл сұрақтардың жауабы келешек зерттеулердің еншісінде болмақ.

Бабырдың 119 ғазал, 200-ден аса рубаи жазған. Бабыр өмір сүрген кезеңде Әмір Әлішер Науаи, Шаһ Исмайыл Сәфәви (Хәтаи) сынды түркі ақындарымен терезесі тең болып XV-XVI ғасырдағы түркі әдебиетінің биік тұғырында болды.

Бабырдың қаламынан туындаған өлеңдер жинағы, әдебиет теориясы, тарихи оқиғалар, жағрафиялық мәліметтер, зерттеуші ғалымдардың ізденісіне аса қажет жазба деректер дей аламыз. Бабыр бөлесі Мырза Қайдар алғашқылардың қатарында «Бабырнама» қолжазбасын оқып оны көшіріп жазған һәм пайдаланған қаламгер. Бірақ Мырза Қайдардың көшірген нұсқасы әзірше табыла қойған жоқ. Мырза Қайдар, Бабырдың кітабын «Тарихтың оқиғалары»,-деп атап, Бабырдың әкесінің өлген жайын «Бабырнамадан» түркі тілінде айна қатесіз көшіріп жазған:«дүйсенбі күні, рамазан айының төрті.Омар Шейх кептер мен кептерханасымен бірге ұшып сұңқар болды. Отыз тоғыз жасында еді» (Бабырнаме-7б) осыған қарағанда Мырза Қайдар, Бабырнама шығармасын жақсы оқып «Тарих-и Рашиди» кітабын жазуға бел буғанын байқатады.Бабырнаманың аудармаларын сөз еткенде алғаш рет XV ғасырда Әбдіраһмен хан парсы тіліне аударып «Вақеат- е -Бабери». (Бабыр дәуірінің тарихи оқиғалары) деп атаған, кейін «Бабырнама» атауымен дүние жүзінің 32 тіліне аударылды.

Бабыр- табиғатынан жан -жақты дарын иесі. Себебі -ол семсер ұстауда, оқ атуда, тұлпар мінуде, адам жанын ұға білуде, жеке немесе топтасқан адамдарды басқара білуде аса қабілетті болған. Өмірінің қиын сәттерінің өзінде өзінің ұстанымына шексіз сенімділік танытып, Алланың жәрдемінен үміт үзбеген. Қатал да залым болмаған, керексіз жерде қан төкпеген, өртеп күйретуді ұнатпаған. Бірақ бір нәрсені қажет деп діттесе, ең қатаң шараларға барудан да бас тарпаған ерекше дарынды тұлға болған.

Қазақ тарихына қатысты «Бабырнама» еңбегін қазақтың ойшыл-даңқты ақыны Абай Құнанбайұлы «Қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты әңгімесінде пайдаланғаны мәлім. 1990-1993 жылдары ғана «Бабырнама» еңбегінің қазақша нұсқасын оқуға мүмкіндік алдық. Ол тарихшы Байұзақ Қожабекұлы тарапынан іске асты. «Бабырнама» түпнұсқадан аударма нұсқасы жасалса, артық болмас. «Бабырнама» Үндістан мен Орталық Азия үшін құнды тарихи еңбек болып есептеледі. Әлемдегі шығыстанушы ғалымдардың «Бабырнама» тарихнамасын пайдаланбаған ғалымдар некен-саяқ. «Бабырнаманың» әдеби стилі, көркем туынды ретіндегі жанрлық негізі жайлы ортақ пікір қалыптаспаса да, шығарманың басты кейіпкері - Бабыр өз образын сомдап қарастырғандығы үшін мемуарлық (ғұмырнамалық) шығарнама қатарына жатады. Бабыр шығармада өзін бояусыз суреттейді. Онда өзіне тән қасиеттерді мақал – мәтелдер, даналық сөздер арқылы беріп шеберлігін көрсете білген. Сол үшін Ғалымдар шығармасын ішкі жан дүниесін эмоциялық тұрғыда, тарихи – философиялық негізде сипаттайтын туынды.

Бабыр шығармасы философиялық, психологиялық және лирикалық тұрғыдан қазірге дейін өзіндік орнын сақтап келеді.Себебі Бабыр туындыларында тек қана өз ойын шебер жеткізуді ғана емес, оқырманмен сырласу секілді тәсілдерді де қолдана білген. Бұл тәсіл орта ғасыр жазбаларында кездеспеген жанрдың бірі болатын. «Бұл жағдай жаныма қатты батты, көзімнің жасын тыя алмай, көп жыладым» не «менің өлгім келді» дегені жан дүниесіндегі шарасыздықты оқырманның алдына

жайып салып, онымен сырласа кеткенін байқатады.«Үлкенді-кішілі бауырларым азды-көпті жамандық жасағанымен, оларға өшпенділік ойлау маған жат қылық көрінетін де, жамандыққа жамандық жасау әркімнің қолынан келеді деп көңілімді жұбататынмын» деген монологтарымен автопсихологиялық лирикалық кейіпкер бейнесін ашып көрсетеді. Мемуарлық (өмірбаяндық) т.б. жанр түрлерінде қарапайым түрде қолданылатын ішкі ой-монолог, диалог, түс көру, еске алу т.б. секілді көркемдік тәсілдер психологиялық прозада еріксіз күрделеніп, кейіпкердің ішкі жан дүниесіне тереңдей еніп, рухани әлемді қазбалай талдауға талпынады. Өйткені, жанрдың табиғаты мен стиль ерекшелігі соны талап етеді. «Бабырнама» философиялық жағынан һәм психологиялық тұрғыдан да бейнелі шығарма. «Ата-бабаларымнан қалған иеліктен айрылған соң, басқа жерден бақ сынау шешімі келді», деген жолдарынан ғұламаның діттегені Үндістанды басқыншылық әрекеттерімен жаулап алып, жат жұртта ұлы империяны құрғандығы үшін үнді жұрты мен ұрпақтарының алдында ақталғысы келетінін сездіретін сияқтанады.

Бабыр рухани әлеміндегі ең маңызды мүдде дидактикалық тағлымды шығыстық үлгімен шебер пайдалана біледі. Ол бейне бір жастарға осыдан жиреніңдер деп тәлім айтып отырғандай Сұлтан Mahмұт мырзаға байланысты: «Жауыздық пен зинақорлық кесірінен, оның ұлдарының бәрі жас кезінде дүние салды» деп жазады (Бабырнама: 33-б). Бабыр бұл пайымдауында жаман пейілден жаман нәтиже шығатынын айтып тұр. Тағы бірде шиеленіскен оқиғаны баяндай келіп,Құсайын Дария хан: «Бақидың хабарын естіп, жолын тосып, оны оп-оңай қолға түсірді. Бақиды өлтіріп, оның әйеліне үйленді. Біз Бақиға ешқандай жамандық жасамай қоя берсек те, оның жасаған жамандығы өз алдына келіп, өзінің істегеніне кіріптар болды» (Бабырнама.220б) деп жазды.Шығармаларында ол кейіпкерлерінің азғын қылығын «Қожа Абдолла – ұяттан безген, зинақор, бұзылған адам еді. Соның салдарынан ауруға ұшырап, үстін жара қаптап, ақыры аяқ-қолынан айрылып сал болып, біраз жыл қорлық көріп, ғұмыр кешті де, осы ауру оның түбіне жетіп, бұ дүниемен қоштасты» (Бабырнама.243) - деген жолдары арқылы суреттейді. Ізгілік атаулыны сүйіп, шығармаларында «Қайырымдылыққа жол сілтеген адам – жасампазбен бірдей бағаланады» дейді ол, ар-ождан мәселесін сөз еткен тұста. Бабыр осылайша келер ұрпақтың жүрегін оятып, оларды озат мақсат-мұраттарға тартуға ұмтылады.

Әдебиеттер:

1.Зəһиреддин Мұхаммед Бабыр, «Бабырнаме», түркі тілінде, шығарушы топ: Һ. һедайәт және әулеттері. Ауғанстан, 1387ж.555б.

2. М.Мүйін «Фәрһәнг Мүйін», Теһран «Әмир Кәбир» баспасы,1375.ж.

3. Мұхаммед Қайдар Дулат «Тарих-и-Рашиди», парсы тілінен аударған: Ислам Жеменей, Алматы «ҚАЗақпарат» баспа, 2015 ж. 698бет.

4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, шығармаларының екі томдық толық жинағы,- Алматы: «Жазушы» баспасы, 2004. Т.1: 296 б.Т.1: 336 б.

5.Ислам Жеменей «Мұхаммед Хайдар Дулат»(1499-1551) тарихшы, қаламгер (Монография) - Алматы: «Зерде» баспасы, 2007 – 360 бет.

6.“Манавиат юлдузлары”баспаға дайындаған: М.М.Хайруллаев, Ташкент, «А.Қ» баспасы, 1999 – 400 бет.

7. “Қазақ болып қалыптасқан ғасырлар”, «Қазақ хандығының 550 жылдығына орай» жарық көрді, құрастырушы: Елен Әлімжан,БабақұмарХинаят, Тараз:”DanAi”, 2015 -624 бет. (Ислам Жеменей, Қазақ тарихының дерек намалары,107-бет).

ӘОЖ 371.134

Қадірбаева Роза Изтлеуовна
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, п.ғ.д., доцент, roza-1961@mail.ru

Әмірбекұлы Алданазар
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, п.ғ.к., доцент, amirbekuly@inbox.ru

Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, п.ғ.к., аға оқытушы, adylbekova_elvir@mail.ru

Джамакараева Мадина Алдановна
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, ф.-м.ғ.к., аға оқытушы, d_madina08@mail.ru

БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ ҚАЛЫПТАСУ ҮДЕРІСІН АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ПӘНДІК ОРТА ЖАСАҚТАУ НЕГІЗІНДЕ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСІ

Түйін. *Мақалада болашақ математика мұғалімінің кәсіби құзіреттілігі қалыптасу үдерісін ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта жасақтау негізінде басқару мәселелері қарастырылған. Құзіреттілік қалыптастыруды басқару үдерісін П.Я. Гальпериннің ұғым мен ақыл-ой іс-әрекетін кезеңдермен қалыптастыру теориясы негізінде объектіге бағдарлай ұйымдастырудың әдістемесі сипатталады.*

Тірек сөздер: Болашақ математика мұғалімі, кәсіби құзіреттілік, ақпараттық-коммуникациялықпәндік орта, объектіге бағдарланғандық.

Резюме. *В статье рассматриваются вопросы управления процесса формирования профессиональной компетенции будущего учителя математикипосредством разработки информационно-коммуникационной предметной среды. Описывается методика объектно-ориентированной организации управления процессом формирования компетентности на основе теорииП.Я.Гальперина о поэтапном формировании понятий и умственных действий.*

Ключевые слова: Будущий учитель математики, профессиональная компетентность, информационно-коммуникациионя предметная среда, объектно-ориентированность.

Summary. *The article deals with the management of the process of forming the professional competence of the future teacher of mathematics through the development of an information and communication subject environment. The methodology of object-oriented organization of management of the process of formation of competence based on the theory of P.Ya.Halperin about the stage-by-stage formation of concepts and mental actions is described.*

Keywords: The future teacher of mathematics, professional competence, information-communication subject environment, object-oriented

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында бүкіләлемдік қоғамдастықтың төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономкалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келе жатқанына тоқтала және жаңа әлем көшбасшысыларының қатарына қосылу үшін Қазақстанда қажетті нәрсенің бәрі бар екеніне сенім білдіре келіп, Елімізге дамудың жаңа сапасы қажет екендігін атап өтті, оны іске асырудың 10 міндетін айқындап берді. Аталған міндеттердің жетінші міндетінде Рухани жаңғырудың мәні мен маңызы көрсетілді, ол – педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау арқылы еліміздегі университеттердің педагогикалық кафедралары мен факультеттерін дамыту, білім саласының барлық деңгейінде математика мен жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту. Демек, еліміздің білім саласы – адами капиталды қалыптастыру мен дамыту кеңістігі болса, оның басты тұлғасы мұғалімнің *кәсіби құзіреттілігін* қалыптастырудың маңызы зор.

Қоғамда құзіреттілік туралы көзқарас 1960-жылдардың соңы мен 1970-жылдардың басында батыс, ал ТМД елдері әдебиеттерінде 1980-жылдары туындай бастағаны белгілі. Сол уақыттан бері әлемдік зерттеушілер әлеуметтік, педагогикалық ғылымдардың қазіргі даму деңгейіне байланысты, “құзіреттілік” ұғымын “құзірет” ұғымымен байланыстыра отырып, өзіне ыңғайлы түрде, яғни өз мұқтаждығы тұрғысынан, түсіндіріп келеді. Аталған ұғымдарға қатысты Д.И.Ушаковтың, А.В.Хуторскойдің, В.Д.Шадриковтың С.Г.Вершловский мен Ю.Н.Кулюткиннің, В.А.Сластениннің

т.б. әлемдік зерттеушілердің ой қорытуларына, сондай-ақ отандық ғалымдар М.Х.Балтабаев, Б.К.Кенжебеков, Ш. Құрманалина, Г.Ж.Мендибекова, М.Ө.Мұқашева, Б.Р. Қасқатаева және т.б. зерделеген кәсіби құзіреттіліктің түрлі дербес жағдайларына шолу жасай отырып, біз құзірет ұғымына өз анықтамамызды бердік. *Құзірет – қызметтің дұрыс іске асырылуын қамтамасыз ететін, объект және қоршаған орта элементі ретіндегі, сипаттамаларының үйлесімді бірлігі. Құзіретті адам – қызметті, оның құзіретін игере отырып, мақсатты іс-әрекеттің жалпылама алгоритмі негізінде орындайтын адам [1].*

Бүгінде құзіреттілікті цифрлық білім беру жағдайында, яғни заманауи тұрғыда қалыптастырудың маңызды мәселеге айналып отырғаны түсінікті.

Цифрлық технологиялар саласындағы соңғы елу жылдағы зерттеулер, оларды оқу үдерісінде пайдаланудың айтарлықтай күрделі және жан-жақты екендігін көрсетті. Цифрлық білім беру орталары оқытуды сүйемелдеу үшін пайдалынылатын технологияларға негізделген кез-келген әдістер жиынтығын қамтиды. Бүгінде жоғары деңгейлі құзіреттілікке, оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін студенттер тәжірибесін жақсартуға бағытталған арнайы цифрлық орталар да көптеп кездеседі. Осыған байланысты, қазіргі кезде болашақ математика мұғалімінің математикалық білімі сапалық өзгерістерді талап етуде. Олар білім саласындағы заманауи тенденцияларды – жоо-лардағы білімдік қызмет көрсету мен оқытуды ұйымдастырудың әдістері мен жолдарын өзгертуді, әсіресе, интернет-технологиялар мен олардың дидактикалық мүмкіндіктерін ескеруді қажет етеді.

Цифрлық білім берудің соңғы жетістіктері оқушылар арасындағы, оқушылар мен ақпараттандыру және коммуникация құралдары арасындағы ақпараттық қарым-қатынастың принципиальді жаңа түрлері іске асырылатынын болжауға мүмкіндік береді. Ақпараттық қарым-қатынастың жаңа түрі ретінде, бағдарламалық-аппараттық құралдар мен жүйелердің, компьютерлік ақпараттық желілер мен байланыс каналдарының, білім саласындағы ұйымдастыру-әдістемелік элементтер мен белгілі бір пәндік сала жөніндегі қолданбалы ақпараттың жиынтығын қамтитын ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта (АКПО) түсініледі. АКПО цифрлық білім беру ортасы болып табылады.

АКПО болашақ мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру үдерісінің тиімді болуының қажетті шарты болумен қатар, осы үдерісті басқаруға да айтарлықтай әсер етеді. Яғни, АКПО қалыптастыру үдерісін реттеуші болумен қатар, үдеріске қатысушы барлық объект-субъектілердің өзара қарым-қатынасын қалыптастырушы да болып табылады. Мұндай ортаның ерекше сипаты, құзіреттілік қалыптасуын басқарудың пайда болған ахуалға сәйкес түрлері мен әдістері қажет.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – болашақ математика мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың қолданбалы мәселелерін, яғни теориялық-әдіснамалық және әдістемелік негіздерін айқындай отырып, студенттерді АКПО әзірлеу үдерісіне тікелей қатыстыру жағдайында олардың кәсіби құзіреттілігі қалыптасуын басқаруға қатысты практикалық ұсыныстар беру.

Қойылған мақсат бізді келесі мәселелерді қарастыруға алып келді:

- АКПО-ның негізгі сипаттамалық ерекшеліктерін, оны жасақтау мен дамытудың алғышарттарын анықтау;
- АКПО-ны қазіргі білім саласындағы ерекше және жүйелі инфрақұрылым ретінде көрсету;
- АКПО жағдайында қалыптасу үдерісін басқарудың эмпирикалық базисін талдау;
- АКПО жағдайында қалыптасу үдерісін басқарудың теориялық және әдістемелік негіздерін жасақтау;
- АКПО жағдайында қалыптасу үдерісін басқарудың жүйелік тұжырымдамасын жасақтау;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану негізінде кәсіби құзіреттілік қалыптастыруды инновациялық дамытуға әдістемелік көзқарас қалыптастырып, әдіснамалық құралдарын жасақтау;
- АКПО жағдайында қалыптасу үдерісін басқаруды ұйымдастырудың механизмін жасақтау;
- жасақталған әдістер мен құралдарды нақты пәндік ортада пайдалану мәселесін шешу.

Әрине, аталған мәселелердің барлығын бір мақала ауқымында шешу мүмкін емес. Ұсынылып отырған мақала мазмұнын болашақ математика мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін АКПО жасақтау негізінде қалаптастыруды басқару үдерісін П.Я.Гальпериннің ұғым мен ақыл-ой іс-әрекетін кезеңдермен қалыптастыру теориясы негізінде объектіге бағдарлай ұйымдастырудың әдістемесін сипаттау құрайды [2].

АКПО жасақтаудың негізгі психологиялық проблемалары құзіреттілік қалыптасуын басқарудың негізгі компоненттерінің қаншалықты дәл анықталғандығына және олардың қай деңгейде формальді сипатталғандығына байланысты шешілетіні түсінікті. Ең алдымен, компьютермен іске асырылатын танымдық және қалыптастыру қызметтеріне қандай нақты функциялардың берілетіндігі және оларды толық іске асыруда қандай дидактикалық құралдардың пайдаланатындығы анықталынуы тиіс.

П.Я. Гальпериннің жоғарыда аталған теориясы мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру үдерісін келесі “кезеңдермен қалыптастыру шкаласы”:

- кәсіби қызметтің мүдделенуін қамтамасыз ететін негіз жасау;
- кәсіби қызметтің толық бағдарлық негіздерін жасау, жасалынған негізді адамның түсінуі;
- материалданған іс-әрекеттер жүйесін жасақтау;
- мазмұн мен материалданған іс-әрекеттер жүйесінің табиғи тілдегі сипаттамасын пікірлесу арқылы қалыптастыру;
- мазмұн мен материалданған қарым-қатынастың табиғи тілдегі сипаттамасын, ой елегінен өткізу арқылы қалыптастыру;
- мазмұн мен материалданған іс-әрекеттер жүйесінің ішкі іс-әрекетке айналуы;қамтылатын Т, П, Б-Р, А кезеңдерінің қайталануы түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұндағы:

Т – монолог түріндегі материалданған немесе бақыланатын танымдық үдеріс;

П – диалог түрінде сырттай сөйлеу арқылы өтетін пікірлесу;

Б-Р – монолог түрінде іштей сөйлеу арқылы өтетін өзіндік бақылау-рефлексия;

А – сыртқы іс-әрекеттің ішкі, яғни ойлау іс-әрекетіне айналуы.

Бұл мәселелер төмендегі процедураларды қамтиды:

1) Мұғалімнің кәсіби қызмет құзіреттілігінің дұрыс қалыптасуынқамтамасыз ету;
2) Мұғалімнің кәсіби қызмет құзіреттілігінің жоспарланған қажетті сапасын қамтамасыз ету;
3) Қалыптастырылатын кәсіби қызмет құзіреттілігінің құрамына енетін операциялардың сенімді де толық орындалуын, жаңа ахуалдарға көшірілуін қамтамасыз ету.

Сонымен, мақалада қарастырылып отырған мәселе үшін “Мақсатты іс-әрекеттің жалпылама алгоритмі” (МІЖА) деп аталатын келесі алгоритмді пайдалануды ұсынамыз.

1. Іс-әрекеттің орындалу мақсатын (сұранысын) анықтау.
2. Іс-әрекетті орындауға қажетті бастапқы берілгендерді анықтау.
3. Бастапқы берілгендер мен мақсат (сұраныс) арасында байланыс бар немесе жоқ екендігін анықтау.
4. Байланыс жоқ болса 13-қадамға өту.
5. Анықталған байланысты табиғи тілде жазу.
6. Табиғи тілде жазылған байланысты арнайы, алгоритмдік тілге аудару.
7. Алгоритмді тестілеу.
8. Тестілеу нәтижесінің мақсатқа сай немесе сай еместігін тексеру.
9. Нәтиже мақсатқа сай болған жағдайда 13-қадамға өту.
10. Нәтиже мақсатқа сай болмаған жағдайда, сәйкессіздік себебін анықтау.
11. Себепті жөндеу.
12. 1-қадамға өту.
13. Іс-әрекетті орындауды аяқтау.

МІЖА оқу үдерісінде келесі функцияларды атқаратынын түсіну қиын емес:

- іс-әрекеттің түсіндірмесі;
- мәселенің шешімі, яғни мәселенің бастапқы берілгендерін мақсатқа ауыстыратын бейнелеу;
- іс-әрекеттің дұрыс орындалуын тексеру құралы;
- іс-әрекетте кеткен қателікті түзету құралы;
- іс-әрекетті негіздеу құралы;
- іс-әрекетті басқару құралы;
- алгоритмді орындау арқылы алынатын нәтиженің операциялық анықтамасы.

Сондай-ақ, келтірілген алгоритмді күнделікті өмірде пайдалану: алгоритмдегі 1-3 қадамдардың дұрыс орындалуы адамның іс-әрекетті түсіне отырып атқаруына; 7, 8,10,11 қадамдардың дұрыс орындалуы адамның өзіндік рефлекциясына жол ашылуына; алып келетіні де түсінікті. Адамды өмір бойы білім алуға мәжбүрлейтін де осы қадамдар [3,4].

МІЖА-ның іске асырылу нәтижесі алгоритм орындаушысының өзіне ғана қажет болса, ол - іс-әрекет танымдық, ал орындаушыдан басқа адамдарға қажет болса, ол -кәсіби іс-әрекет деп аталатыны белгілі. Олай болса МІЖА танымдық және қалыптастыру (тәрбиелеу) үдерістерін кіріктіре ұйымдастыруды мүмкін етеді.

П.Я. Гальпериннің ұғым мен оқыл-ой іс-әрекетін қалыптастыру теориясының объектіге бағдарланғандығы математикадағы кез-келген ұғымның атауы, компоненттері, қасиеті, өрісі және әдістері белгілі объект ретінде қарастырылуынан көрінеді. Объектілер теориясында орын алатын мұрагерлік, инкапсуляция және көпбейнелілік принциптері пән мазмұнын, өзара байланысқан және

кез-келген нақты объектінің бұлыңғыр анықтамасы ретінде түсінуге болатын, шексіз жүйе деп қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, оқу үдерісінде МІЖА арқылы орындалатын тапсырма шартын оның сұранысында (мақсаты) көрсетілген объектінің қоршаған ортасы деп, ал тапсырма сұранысында көрсетілген объектінің қоршаған ортадағы атрибуттарының тізбегін осы объектінің мәтіндік анықтамасы деп атаймыз.МІЖА-да 1-3 қадамдардың дұрыс орындалуы, тапсырма сұранысында көрсетілген объектінің мәтіндік анықтамасын құруды, анықтаманың ішкі дүниесін жасақтауды, ішкі дүниеде тапсырманың бастапқы берілгендерін сұраныс объектісімен байланыстаруды білдіреді. 6-қадамның орындалуы байланыстың тапсырманы орындау жоспарына айналатынын көрсетеді. Алгоритмді тестілеу барысында пайда болатын құйындану үдерісі нәтижесінде негізі бар, дұрыс жоспар пайда болады. Олай болса, тапсырманы МІЖА арқылы орындау нәтижесі – тапсырма орындаудың негізі бар, дұрыс жоспары.

Келтірілген тұжырымдар, болашақ математикамұғалімінің кәсіби құзіреттілігін АКПО жасақтау негізінде қалыптастырудыобъектіге бағдарлап ұйымдастырудыңерекшелігі- интетеллектілік қабілеттің ағылшын кибернетигі Д.М.Маккей анықтаған төрт белгісінің толық іске асатындығында екенін көрсетеді. Д.М.Маккей анықтаған төрт белгі:

- шектелген, алайда жеткілікті шамада көп үйлесімді жағдайлар мен тұжырымдар жиынтығын қарастыра алу;
- үйлесімді жағдайлар мен тұжырымдар жиынтығына қатысты информацияны мәнділік деңгейіне байланысты өңдеп біріктіру;
- қолда бар бастапқы берілгендердің салдары болмайтын іс-әрекеттер жасау, яғни “берілгендер арасындағы үзіктерден секіріп өту”;
- “шешімнің жақындығын сезіну” негізінде ізденіс және зерттеу процестерін басқару; түріндегі төрт белгісінің толық іске асатындығын көрсетеді.

Олай болса, болашақ мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін АКПО жасақтау негізінде қалыптастырудыобъектіге бағдарлап ұйымдастыру нәтижесі – интеллектуалдық деңгейі комбинаторикалық деңгейде ойлайтын саналы адам болып табылады. Ұсынылып отырған әдістеменің теориялық, әрі практикалық жаңалығы мен маңыздылығы осында.

Мақала 2018-2020 жылдары гранттық қаржыландырылатын AP05133461-«Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін ақпараттық-коммуникациялық пәндік орталарды әзірлеу арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы жоба бойынша жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жазылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әмірбекұлы А., Кадирбаева Р. И., Адылбекова Э.,Т. “Құзіреттілік” ұғымының анықтамасы жайлы. Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана, Science and life of Kazakhstan. №3 (38). 2016.

2. Гальперин П.Я. Общий взгляд на учение о так называемом поэтапном формировании умственных действий, представлений и понятий / Подг. К печати М.А. Степановой // Вестник Моск. ун-та. Сер. 14. Психология. – 1988. – №2. – С .3-8.

3. Қадірбаева Р. І., Әмірбекұлы А., Адылбекова Э. Т. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі және оның қалыптасу деңгейлері // -БҚМУ, Хабаршы. №1- 2016 ж.

4. Әмірбекұлы А., Қадірбаева Р. И., Адылбекова Э. Т., Мырзахметова Б.Ш. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамыта қалыптастыру. Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана. №1 (43). 2017 ж.

5. Әмірбекұлы А. Оқу процесін оптимальді-әдістемелік басқару негіздері. - Шымкент. Қ. А.Яссауи атындағы ХҚТУ, 1999.-156 б.

ГРНТИ 14.35.09

Kaziyeva A.
Ph.D., Kazakh National Pedagogical University Abai, Almaty, e-mail: assel01@mail.ru

Nurmagambetova Zh.
Magistr, Eurasian National University, Astana, e-mail: n.zhansulu@mail.ru

MODERN PEDAGOGICAL TECHNOLOGIES

Түйін. *Мақалада студенттердің жалпы және арнайы кәсіби жетіктігін қалыптастыру, интерактивті оқыту және ақпараттық технологияларды пайдалану қарастырылады. Қазіргі қоғам дұрыс және креативті өздерінің кәсіби міндеттерін жүзеге асыру мүмкіндігі бар жігерлі және жан-жақты мамандарды талап етеді. Сондықтан, заманға сай қарқынын сақтай отырып, қазақстандық жоғарғы білім беру орындарында өздерінің соңғы өнімі ретінде осындай мамандар болуы тиіс.Қазіргі заманғы кәсіптік білім беру процесі университетті бітіргеннен кейін біздің студенттер жұмыс берушіні қызықтырып және өздерінің кәсіби міндеттерін орындауға кірісіп кете алатындай болып осылайша жобалануы тиіс. Оқытушы, болашақ мектеп мұғалімдерін қазіргі заманның педагогикалық технологияларына бағдарлануын қалыптастыру керек және оларды өзінің педагогикалық қызметінде пайдалануы тиіс.Жоғарғы мектеп мұғалімі интерактивті технологияларды дамытудың негізгі бағыттарын мен тенденцияларын білуі және түсінуі тиіс; оқыту әдістері мен тәсілдерін жаңа интерактивті және ақпараттық технологияларды кеңінен белсенді қолдана білуі тиіс. Бұл сабақтардың әр түрлілігін іске асыру үшін бағдарламалық және аппараттық құралдар арқылы студенттердің өздік жұмыс дағдыларын қалыптастыруын қаматамасыз етеді.*

Резюме. *В статье рассматривается использование интерактивных и информационных технологий обучения, формирующие у студентов общие и специфические профессиональные компетенции. Современное общество требует энергичных и всесторонне развитых специалистов, умеющих правильно и креативно реализовывать свои профессиональные задачи.Следовательно, идя в ногу со временем, казахстанские вузы должны своим конечным продуктом иметь именно таких специалистов.Процесс современного профессионального образования должен быть построен таким образом, чтобы наши студенты сумели после окончания университета заинтересовать собой работодателя и приступить квалифицированно выполнять свои профессиональные задачи. Преподаватель должен формировать у будущих преподавателей школ соответствующие компетенции, должен быть ориентирован в современных педагогических технологиях и использовать их в своей педагогической деятельности. Педагог высшей школы должен знать и понимать основные направления и тенденции развития интерактивных технологий; уметь активно применять методы и методики обучения с широким использованием новых интерактивных и информационных технологий. Это позволит сформировать у студентов навыки самостоятельной работы с программными и аппаратными средствами для реализации различных видов учебных занятий.*

Summary. *The article consider usage of the interactive and informational technologies of study intended to form common and specific professional competences for the students. Nowadays the tutor must form proper competences for the future teachers, must be oriented in modern pedagogical technologies and use them in his pedagogical activity. High school tutor must know and understand core tendencies in development of interactive technologies, must be able to implement methods and methodic of teaching with wide usage of new interactive and informational technologies. This would help students to obtain habits and skills of using program and apparatus means for solving of different types of tutorial tasks.*

Keywords: *vocational education, reflection, creativity, micro-group, interactive training, competence approach.*

Line education technology would not bring a good results fortoday. Thus,there is a reason to consider the ways to make the process of education more interesting and stimulating for the students, pursuing them to find the knowledge, which would provide them with competitiveness and professionalism. Interactive technologies accomplished with relevant modern information-communicationaltechnologiesand combination of these technologies would help student to obtain knowledge, analyse, and reflect. Thus, usage of Interactive and informational educational technologies helps in formation of common and specific professional competence. Within the modern circumstance sin the system of education, the teacher must not only be familiar with existing educational technologies, technical sources and informational technologies, but must be able to perform educational methods in speciality education. High school teacher must know and understand the main trends in Interactive technologies, must be able to actively use educational methods with wide involvement of new interactive and informational technologies. This should help students to form habits of self-dependent work with program and apparatus resources.The teacher from Kazakhstan must acknowledge with this educational technologies, its latest methods and means.

In accordance with targeted aims, within the distance study I’ve studied the following modules:

Module 1.«Principles and practice of teaching in groups»[1, C.119-122; 2, C.235-266].The main goals of the module is to teach students to use such learning methods as:

- Curiosity
- Asking of the open questions
- Modeling of the constructivist assumptions
- Engagement and Motivation
- Critical thinking
- Cooperation
- Subject understanding and problems solving
- Independency and adaptation
- Using knowledge in the real world

All this allows us to followup every student and evaluate one's involvement. As a result students receives researchable habits, as well as improves their analytical and creational abilities and tendency to obtain new knowledge.

Module 2."Student learning assessing", includes proposal of the evaluation of the student's activity, principals of assessing, assessing of the student, possibility forfeedback contact.In Great Britain student's assessing consists of writing essays, examination, portfolio creation, project work and presentations (group and individual). Evaluation principals includes appraisal during the work and after work. The key term of evaluation are:

- Summative rate (final evaluation of student's activity)
- Formative rate (current mean of control, allows correction during the process of education). Important aspect in student assessing is the feedback contact with the student. It is necessary to diagnose knowledge during the process using motivation within the fair evaluation. Key aspects of assessing process are defined in the module in details.

Module3.Info on students duties and final results of their learning process. The control from tutors and administration is necessary, in form of planning, meetings, record writing, correction and keeping.

Module4."Professional development and planning" [3]. This module gives an answers to the following questions: what the professional development is and what it is necessary for. How the professionals study and what is necessary to achieve success. In his answers, Dr. Rene Koglbauerteach us to learn the combination of practical experience, reflection and context. We could reflect the professional evolution by "4 lens" critics 1) Autobiography study; 2) Via students eyes; 3)Colleagues experience; 4)Scientific literature. Absence of one of the 'lens' do not reflect hole professional evolution. For personal evolution it is necessary to 1) development of specific knowledge (what do you want to achieve?); 2) measurability (how can you measure your success?),3)accessibility (how to achieve?); 4) relevancy (accordance to the standards); and 5) time (terms of achievement).

Module5.«Microteaching» [4].Learning in micro groups. The aims of the study is to consider the role of feedback in professional activity, to obtain the skills and attitudes needed to successful learning, to discuss and identify participation in expert evaluation or enhance existing collective discussion. Module answers to the following questions: "Why it is necessary look at the colleagues?", "Why is this important for professional development", "Why do we need the professional and qualitative management?", "Who provides the feedback?", "What kind of information obtained?", "What comes as a result of observation?"

Module 6.«Module Design».The core moments of the module are- introduction to student learning, information for learning, assessing and promoting, online learning, principles and practice of teaching in groups, preparing to lectures and interactive lectures. The necessity of writing of the module arises from the external demands, financial reasons, internal systems, personal reasons. Interesting moment here is defining of the role of the Teacher as a task manager,Teacher as a curriculum deliverer and Teacher as concept and skill builder. Good module design can turn visions into reality, can consider the diversity, can provide goal achievement, can help to develop and adapt to the new circumstances. For the Curriculum planning model development we need timing, resources, staff, module parameters and student's demands. Teaching program based on Bloom's taxonomy gives classification of tasks given by teachers to students according to the aims of education. There are three spheres: cognitive, affective and psychomotor cal. Skills and knowledge in cognitive area includes knowledge, understanding and critical thinking. There are six levels (knowledge, understanding, usage, analysis, synthesis and assessment. Affective area reflects emotional reaction of the man, and shows how he can feel someone's joy or pain. So affective aims connected to human relations,emotions and feelings.Psychomotor cal area describes ability to manipulate with tools and instruments. Thus psychomotor aims associates with changes or development of practical skills.

Module7.«Writing for Academics» [5].To write the blog to engage students, colleagues, policy players and public. We learner blogging and studied SOLO taxonomy method. We studied 5 levels. First level – preliminary extraction of the figure from the background.Fifth level – deep understanding of the basics, exit to the above system.Level 1-Presrtuctural Stage, Level 2- Identifying one basic and one cause-effect relation.Level 3- not one but several basics which are not connected to each other. Level 4- Integral, holistic understanding of the theme. Level 5- Going beyond the frames of the idea, connection with other themes). Results could be used within development of the tests, and student's assessment.

Module8.«Preparing to lecture and interactive lecturing» [6]. Lectures given in the following formats: 1) classical; 2) problematic lection; 3)comparison lection; 4)consequence lection ; 5) interactive. All type of lectionswerestudied in details with special attention to interactive lection. All this gives a confidence and allows students to share their knowledge and prepare answers before attendance.

Modern society demand active and well educated professionals, who able properly and creatively realise many professional challenges. Therefore being in trend with time, Kazakhstan's high school should have those specialists as its final product. WE must create the process of professional education in such way, that our graduates should be able to interest the employer and perform their professional tasks with high quality.

New interactive educational technologies became practical requirement. It is also important to use competent approach, which provides with clear definition of practical action, required by modern society. Teaching of the students using new informational technologies is the next important requirement of our days. All of thisnew technologies we were able to see in practice in Newcastle university.

Qualification courses gave us an opportunity to familiarize with international educational experience, analyze this experience and set up most valuable aspects to adopt within local circumstances. As a proposal for enhancement of the courses can I propose the following – if it possible to include some hours to the course program with video demonstration of study sessions of international colleagues with their students. Or review of the movies with after analysis in groups.

References

1. Barrow, H.S. (2002). Is it Truly Possible' to Have Such a Thing as dPBL? Distance Education, 23(1), 119-122.

2. Hmelo-Silver, C.E. (2004). Problem-based learning: What and how do students learn? Educational psychology review, 16(3), 235-266.

3. Zwozdiak-Myers, P. (2012) The Teacher's Reflective Practice Handbook. Becoming an extended professional through capturing evidence-informed practice. London, New York Routledge.

4. Dudley, J. &Mortiboys, A. (1999) Some implications for using peer observation to improve the quality of teaching in higher education. Proceedings of international Conference on Teacher Education, Hong Kong.

5. http: // en.wikipedia.org/wiki/Blog

6. Liman, F., 1987, Think-pair-Share: expanding training method: MAA-CIE Cooperative News, v 1, pp .1-2.

Абдуллаева Жибек Тураровна
канд. филолог.наук, и.о.доцента кафедры русской филологии и мировой литературы
КазНУ им. аль-Фараби, zhibek.aknur@mail.ru

Байгушикова Акбота Мусаевна
ст. преподаватель кафедры русской филологии и мировой литературы
КазНУ им. аль-Фараби, baygushikova@inbox.ru

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Резюме. *В статье рассматриваются инновационные методы обучения студентов русскому языку. Кратко излагаются вопросы формирования речевой деятельности студентов на основе инновационных технологий. Показан учебный материал и другие виды заданий в интерактивном режиме с представлением презентации. Отмечается, что при проведении занятий особое внимание уделяется коллективной учебной деятельности, которые решают одновременно различные задачи обучения. Обучение строится на основе виртуально-тренинговой технологии.*

Ключевые слова: *инновации в образовании, интерактивные методы, профессиональная компетентность, индивидуализация обучения, информационные технологии.*

Түйін. *Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласы мен дәстүрлі оқыту формаларына өз ықпалын тигізуде. Әлемдегі осындай шұғыл өзгерістер білім беру саласында қолданылып жүрген оқыту тәсілдеріне жаңаша өң беру қажеттігін талап етеді. Инновациалық технологиялар ерекше жабдықтауды, белгілі бір жүйемен жүзеге асыруды қажет етеді. Ұсынып отырған мақалада оқушылардың құзыреттілігін инновациалық ідістермен анықтау үшін білім беру үрдісін интеллектуалдық жүйемен басқаруды жүзеге асыру мүмкіндігін анықтау мәселесі қарастырылады. Сонымен әдістемелік мәселеллерді инновациалық қырынан модельдеу және компьютерлік технология оқытушы мен студентке оқу әрекетін ұтымды ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні белгілі.*

Кілт сөздер:*білім саласындағы инновациялар, интерактивтік әдістер, қәсіби құзыреттілік, ақпараттық технологиялар.*

Summary. *Vast progress in information technology affects the traditional forms of education and on services in education sphere. Rapid changes in the world lead to change in the world lead to change in the ways of training that used in education. Therefore innovate technologies require special support, and specific sequence. In this article was made an attempt to create an intellectual system of management of educational process in which the possibility to determine the competency of student who are studied by methods of teaching is traced. It is clear that innovative modeling of methodological problems and computer – technology with their solutions give teacher and student more opportunity to optimize the learning process. In the article innovative methods of teaching Russian in the university are considered. Briefly outlines the formation of students speech activity on the basis of interactive methods of teaching the Russian language.*

Key words: *interactive methods, information technologies, speech activity of students, professional competence, individualizationпри of educating.*

В стратегии «Казахстан-2050» отмечено, что в отечественную систему образования необходимо интенсивно внедрять инновационные методы. Перед профессиональным образованием ставится цель формирования такой личности специалиста, которая обладала бы готовностью к непрерывному образованию, к самостоятельному поиску новой информации и саморазвитию на протяжении всей жизнедеятельности, повышающей их способность к адаптации в изменяющихся условиях общественного производства и конкурентоспособности на рынке труда. Решение поставленных задач требует развития инноваций в образовании.

Глубинные процессы, происходящие в системе образования в нашей стране и за рубежом, ведут к формированию новой идеологии и методологии образования как идеологии и методологии инновационного образования. Инновационные технологии обучения следует рассматривать как инструмент, с помощью которого новая образовательная парадигма может быть претворена в жизнь.

Главной целью инновационных технологий образования является подготовка студента к жизни в постоянно меняющемся мире. Сущность такого обучения состоит в ориентации учебного процесса на потенциальные возможности студента и их реализацию. Образование должно развивать механизмы инновационной деятельности, находить творческие способы решения жизненно важных проблем, способствовать превращению творчества в норму и форму существования человека.

В настоящее время все более высокие требования предъявляются к подготовке и повышению квалификаций кадров. В связи с этим еще актуальнее становится проблема активизации учебного процесса, поиск таких форм контактов с обучаемыми, которые учитывали бы наличие у них практического опыта, сложившихся установок и стиля профессиональной деятельности. Решению этих проблем способствуют инновационные технологии обучения. В последние десятилетия в теории и практике высшего профессионального образования все больше внимания уделяется активным и интерактивным формам, методам и технологиям обучения, которые могут стать эффективным средством подготовки студентов.

Инновационные характеристики – это новые формы и методы преподавания. Новым подходом к процессу обучения является формирование и развитие коммуникативной культуры студентов. Коммуникативный подход – стратегия, моделирующая общение, направленная на создание психологической и языковой готовности к общению, на сознательное осмысление материала и способов действий с ним, а также на осознание требований к эффективности высказывания [1].

Использование инновационных методов обучения является велением времени. Они помогают формировать опыт поиска решений в нестандартных, разнообразных ситуациях, готовят в будущем. Позволяют студентам по-настоящему «прожить» учебный процесс, научить его думать, оценивать, принимать решения и нести за них ответственность, а также работать в постоянно меняющихся условиях [2].

Отбор учебного материала является первым и направляющим этапом в процессе построения содержания обучения и носит в достаточной степени технический характер. Однако всякая технология, для того чтобы быть эффективной, нуждается в определенной, научно обоснованной концептуальной платформе. Точно так же и процедура отбора учебного материала должна строиться в соответствии с определенной концепцией обучения, в частности в соответствии с тем, как решается вопрос о единице обучения усвоения. Относительная самостоятельность и функциональная специфика этого этапа определяются наличием у него своей промежуточной цели – создания некоторого оптимального списка подобных единиц. Таким образом, концептуальный выбор обучения/усвоения и ее категориальная характеристика должны предшествовать этапу отбора учебного материала[3].

В соответствии с вышеизложенным, в статье представлены некоторые виды учебных работ, в которых применяются инновационные технологии обучения русскому языку**.**

1. Разработка и использование учебного материала и других видов занятий в интерактивном режиме с представлением презентации.

Включение интерактивной доски ACTIV STUDIO при обучении русскому языку совершенствует этот процесс и может использоваться на всех этапах его организации в качестве инструмента работы, источника знаний и средства формирования умений, средства презентации наглядных материалов и осуществления контроля, тренинга, консультаций. Например, написать аннотацию, тезисы, реферат-обзор, реферат-резюме, рецензию, заполнить таблицы «Средства организации связного текста (связующие соединения информации) », «Способы образования терминов» и др.

Обучающие программы к использованию интерактивной доски являются одним из компонентов, способствующих процессу формирования будущего специалиста. Они позволяют решать совокупность задач, связанных с познавательной деятельностью студентов, развитием у них творческого мышления, воспитанием и формированием профессиональной позиции личности. Способности человека формируются и реализуются в жизни, преломляясь через его мотивационную сферу, которую либо тормозит, либо стимулирует творческое проявление интеллекта.

2. С учетом инновационных технологий в методике преподавания русского языка как неродного особое внимание уделяется коллективной учебной деятельности. Необходимо подчеркнуть, что в полной мере личность студента может проявиться только при учете его индивидуальных особенностей (восприятия, мышления и памяти). Это позволяет предъявить особые требования к компьютерным программам: они должны содержать различные способы представления учебного материала (текст, схемы, таблицы, условные изображения) и его семантизации (речевой образец, перевод, схема, толкование), предусматривать различные формы выполнения упражнений, иметь несколько последовательностей введения учебного материала и др. Компьютерные программы могут одновременно решать различные задачи обучения. Поэтому важной задачей компьютерных программ по русскому языку является обучение не только грамматике или лексике, но и чтению.

При изучении языка с помощью компьютера в процессе обучения чтению (считывание текста – вопросов, ответов, реплик машины с экрана дисплея), ведение диалога в письменной форме за счет переноса навыков определенный эффект достигается и в устной форме.

Обучение с помощью компьютера имеет два преимущества: 1) компьютер как обучающее средство предоставляет информацию в письменной форме на экране дисплея и способен контролировать (оценивать) те или иные действия студента и 2) современные компьютеры позволяют хранить, перерабатывать и предъявить студенту практически мгновенно различную информацию о значении и употреблении слова, словосочетания, предложения и др., в которой может нуждаться студент при чтении текста. Преподаватель в условиях аудиторного чтения не обладает такой возможностью по отношению к каждому студенту из-за недостатка времени [4].

Так как Интернет предлагает своим пользователям многообразие информации и ресурсов, то базовый набор услуг может включать в себя электронную почту, телеконференции, видеоконференции, создание домашней странички, доступ к информационным ресурсам, справочные каталоги, разговор в сети.

Категория «взаимодействие», являясь исходной философской и психологической категорией, представляет собой в общем виде взаимную обусловленность существования явлений действительности друг с другом и взаимную зависимость их отдельных элементов и характеристик.

В последние годы выполнены ряд работ, где одни авторы рассматривают педагогическое взаимодействие как «целенаправленный вербальный или невербальный личный контакт педагога и ребенка, имеющий следствием взаимные изменения их поведения, деятельности, отношений и установок» [1]. Другие понимают под педагогическим взаимодействием «систему отношений между педагогом и учащимися, включающую совместную деятельность, в ходе которой осуществляется образование и воспитание» [2]. Если, точка зрения одних авторов заключается в целенаправленности педагогического взаимодействия на изменения установок, поведения, деятельности и отношений

взаимодействующих сторон, но данное определение является общим и не конкретизирует, как именно должны измениться их установки, поведение, деятельность и отношения. С точки зрения третьих, педагогическое взаимодействие – это «социально обусловленный и личностно значимый способ реализаций межличностных и деятельностных контактов воспитанника и воспитателя, в ходе и в результате которых при определенных условиях осуществляется осознанное, интенсивное и продуктивное саморазвитие контактирующих субъектов» [3]. Здесь подчеркивается, что данное взаимодействие сориентировано не на мгновенный, а на отсроченный во времени воспитательный результат, связанной с глубинными изменениями в каждой из контактирующих сторон, с содействием их личностному преобразованию и усовершенствованию.

Организация обозначенного педагогического взаимодействия вызвано социальным заказом общества, согласно которому культура межличностных отношений личности может являться условием и задачей подготовки будущего специалиста. При этом развитие культуры межличностных отношений личности будет осуществляться осознанно и интенсивно.

При исследовании проблемы формирования культуры межличностных отношений личности в образовательном процессе вуза мы рассматриваем его как личностно-значимый способ реализации межличностных и деятельностных контактов студента и преподавателя, в результате которых при выполнении комплекса педагогических условий осуществляется осознанное, интенсивное и продуктивное формирование культуры межличностных отношений студентов.

Каждый тип педагогического взаимодействия возникает и развивается лишь при наличии определенных условий, где на характер педагогического взаимодействия влияют: мотивация обучаемых к учению, к общению с конкретным преподавателем, соотношения сил взаимодействующих сторон, характер сочетания интересов членов группы, их совместность, тип эмоциональных межличностных отношений участников.

Установлению сплачивающих межличностных отношений, снятию психологических барьеров между взаимодействующими способствует наличие у них эмпатии. Следовательно, необходимо организовывать на занятиях учебную деятельность, направленную на развитие у студентов эмпатийных умений. Развитие эмпатийных умений предполагает обсуждение и прояснение взаимных ожиданий, мыслей, чувств и эмоций, анализ проблемных ситуаций, пошаговое планирование совместных действий. Из вышесказанного вытекает вывод о целесообразности обучения студентов приемам эмпатийного слушания.

Несомненно, что в организации педагогического взаимодействия преподаватель доминирует, играет ведущую роль. В данном случае под равенством мы понимаем равенство во внутренних позициях взаимодействующих – педагог относится к студентам как равным к себе, ведет себя демократично, просто, утверждая дух равенства в межличностных отношениях словами, интонацией, жестами, всем своим поведением. При этом крайне важно уважать студентов, доверять им, стремиться к взаимопониманию, проявлять сформированность эмпатийных умений. Только тогда между преподавателем и студентом возникнут сплачивающие межличностные отношения, как результат сотрудничества.

Сотрудничество создает условия для максимально высокого уровня активности личностей педагога и студентов, богатства и разнообразия их взаимосвязей, отношений, порождаемых процессом достижения целей совместной учебной деятельности. Чтобы процесс развития культуры межличностных отношений личности протекал на должном уровне, общение и отношения строились на взаимном доверии, общих интересах, взаимопонимании, необходимо соблюдать определенные педагогические условия, при которых педагогическое взаимодействия сможет оказывать существенное влияние на развитие культуры межличностных отношений студентов [4].

Сотрудничество предполагает использование методов кооперации и приемов взаимного содействия, таких как: предложение, совет, рекомендация, взаимная поддержка, совместное решение проблем, деловые и ролевые игры, обсуждение и дискуссии, реализуемые через коммуникативную деятельность. Развитие коммуникативных умений невозможно без активности личности.

Для формирования умений межличностного взаимодействия кооперативная деятельность на занятии необходима, так как она стимулирует развитие умений работы в команде, умения слушать других, воспринимать точку зрения другого человека, способность взглянуть на себя со стороны, т.е. проводить анализ собственного психического состояния.

Все вышеперечисленные находит свое отражение в оценочной деятельности студентов.

Сотрудничество педагога и обучаемого создается при условии общих интересов взаимодействующих сторон. Для этого педагогу необходимо интересоваться жизнью студентов, их увлечениями, пытаться привлечь их к обсуждению глобальных вопросов, представляющих интерес

для разных категорий людей. Достижению обозначенной цели может способствовать специально разработанная учебная программа, наполненная личностно-значимым содержанием для студентов.

В содержание программы должны быть включены:

- упражнения, направленные на формирования навыков и умений межличностного взаимодействия;
- информация о нормах межличностного общения, правилах речевого и делового этикета в своей стране и стране изучаемого языка;
- специализированная лексика речевого и делового этикета;
- тематическое наполнение, отражающее практическое применение межличностных навыков и умений.

При этом обеспечение учебного процесса должно включать: учебные и художественные видеофильмы, аудио курсы, связанные с деловой активностью в разных странах; информацию из деловых сайтов интернета. Повышению субъективной роли студента в педагогическом взаимодействии будет, в частности, способствовать установление связи с предыдущим занятием с целью демонстрации студентам преемственности формируемых умений и навыков. Это достижимо посредством коллективного обсуждения, проведения опроса, анкетирования студентов.

Диалогическое общение на занятии возникает лишь в случае соблюдения ряда принципов: доверительности; паритетности; проблематизации; персонификации общения; следованию принципу «здесь и теперь». В рамках образовательного процесса взаимодействия преподавателя и студентов не сходится только к передаче информации, оно предполагает налаживание совместной деятельности, формирование межличностных отношений и личностных качеств взаимодействующих [5].

Целенаправленный процесс развития культуры межличностных отношений студентов осуществляется при выполнении ряда условий:

- гармоничное сочетание вербальных и невербальных способов передачи информации (мимика, жесты, темп и содержание речи собеседников);
- сотрудничество и диалог, как основные способы организации взаимодействия;
- проявление педагогом таких личностных качеств, как мотивационно-ценностные ориентиры, эмпатийность и рефлективность;

Организация педагогического взаимодействия в рамках гуманистической парадигмы требует признания его участниками незаменимости и уникальности своего партнера, принятия во внимание особенности его эмоционального состояния, самооценки, личностных характеристик, и предполагает построение межличностных отношений преподавателя и студентов на взаимодоверии и взаимоуважении, развитии умений у студентов, уважать не только себя и преподавателя, но и всех окружающих их людей.

Говоря о феномене понятия отношений, мы подразумеваем в данном случае возникновение в педагогическом взаимодействии особой атмосферы культурного обмена и возникновении при этом возможности приобретения индивидуальных культурных ценностей в формировании культуры межличностных отношений студентов. В качестве таких ценностей выступают не только знания и умения, приобретаемые студентами в образовательном процессе, но и новые отношения, понимание действительности, эмоции и чувства, переживаемые субъектами взаимодействия – студентами и преподавателем.

В определенном смысле педагогическое взаимодействие выступает некой формой группового культуротворчества в образовании, направленное на развитие культуры межличностных отношений студентов, и которое должно быть гуманным, межличностным, строится на основе субъект-субъектных отношений, диалогического общения и сотрудничества.

Таким образом, педагогическое взаимодействие, осуществляемое на предположенных гуманистических принципах, обеспечивает максимально высокий уровень активности на занятии, как личности преподавателя, так и личности студента, богатство и разнообразие их межличностных отношений. Процесс достижения целей совместной учебной деятельности предполагает творческую продуктивную деятельность студентов с самого начального этапа освоения учебного материала и на протяжении всего курса обучения и способствует развитию культуры межличностных отношений студентов.

Список использованной литературы

1. Борытко Н. М. Педагог в пространствах современного воспитания: Монография / Научн. ред. Н. К. Сергеев. Волгоград: Перемена, 2001

2. Педагогическое взаимодействие. http://studopedia.ru/2_70894_ pedagogicheskoe -vzaimodeystvie.html.

2. Белухин Д.А. Педагогическая этика: желаемое и действительное. Анализ сущности и содержания общепринятых понятий педагогической этики. – МПСИ, 2008

3. Боташева Х.Ю. Духовно-нравственные ценности студента университета в зеркале социологического анализа // Известия РГПУ им. А.И. Герцена . 2008. №77

4. Бейсембаева А.А. Патриотическое воспитание школьников средствами казахского героического эпоса. Монография. Алматы, 2015. - 215с.

5. Кошербаева Г.Н. Диалог культур как миропонимание новой эпохи // Сборник Международной научно-практической конференции «Культура. Наука. Творчество. – Минск, Белорусия, 2017г.- С. 286-292

Күдеринова Қ.Б.
Сулейман Демирель университетінің профессоры, ф.ғ.д., kuralay.kuderinova@sdu.edu.kz

Тлежанова Д.
Сулейман Демирель университетінің 2-курс магистранты, dinara.tlezhanova@sdu.edu.kz

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ КОММУНИКАЦИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Түйін. *Қазақ тілін үйрену мен меңгертуде өзге ұлт өкілін де, өз ұлтымыздың өкілін де қызықтыратын бір нәрсе бар. Ол – ТӘРБИЕ. Тәрбие болғанда өзіңе жақын-жуықпен қарым-қатынас жасаудың ұлттық этикет нормаларымен қызықтыру арқылы тәрбиелеу. Өйткені бүгінгі әлемде бәрі бар, бірақ адамдардың қоғамда өзге мүшелермен сыйысып, бейбіт өмір сүруі үшін не істеу керектігін үйрету жоқ. Бейбіт өмір сүруді үйрену отбасынан басталады.*

Резюме. *В изучении казахского языка для других нации так же как и для казахов очень интересной вещью является – воспитание. А именно воспитывать тесные родственные отношения в гармонии с национальным этикетом. На сегодняшний день есть все для существовния, но нет теплоты и взаимонимания. Любовь к окружающему и сострадание к другим начинается с семьи.*

Summary. *There is something that interests the representative of the nationality and the representative of our nation in learning Kazakh. It is* upbringing *. Upbringing is a way to cultivate close relationships with national etiquette. Because in today's world there is everything, but there is no need to teach people how to live in harmony with other members of society in order to live in peace. Learning to live peacefully begins with a family.*

Қазіргі көпмәдениетті Қазақстан мемлекетінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына қатысты үлкен бір проблема бар. Ол ресми қатынас тілі деңгейінде заңды түрде танылғанмен қазақ тіліне қазақ ұлты өкілдері өздерінің қызығушылықтарының төмендігі, үйренуге деген құлықсыздығы. Бұл құлықсыздықтан қалай құтылуға болады? Қазақ ұлты өкілдерін өз ана тіліне қалай қызықтыруға болады? Оқулықтар мен тіл үйретін орталықтарды көбейту немесе сапасын арттыру деген бос әңгіме екені осы 5-10 жылдың ішінде белгілі болды. Сондықтан жаңа тәсілдерді ойластыру қажет сияқты. Оның бірі рухани мотив деп ойладық. Яғни СЕН өз ана тіліңді меңгергенде не аласың, қазақ тілі САҒАН не береді? Әрине, коммуникативті ортаң кеңейгеннен кейін материалды дүниең де (қызметте жоғарылайсың, жұмысқа тұра аласың) жақсарады. Одан басқа?

Біздіңше, қазақ тілін үйрену мен меңгертуде өзге ұлт өкілін де, өз ұлтымыздың өкілін де қызықтыратын бір нәрсе бар. Ол – ТӘРБИЕ. Тәрбие болғанда өзіңе жақын-жуықпен қарым-қатынас жасаудың ұлттық этикет нормаларымен қызықтыру арқылы тәрбиелеу. Өйткені бүгінгі әлемде бәрі бар, бірақ адамдардың қоғамда өзге мүшелермен сыйысып, бейбіт өмір сүруі үшін не істеу керектігін үйрету жоқ. Бейбіт өмір сүруді үйрену отбасынан басталады.

Сондықтан мақаланың негізгі мақсаты - қазақ отбасындағы ұлттық коммуникацияның қазіргі қазақ жастарының санасында көмескіленген дәстүрлі нормаларын тарихи және көркем әдебиет мәтіндеріндегі деректер арқылы визиуалды түрде қалпына келтіру арқылы орыс және ағылшынтілді қазақтардың ана тіліне деген махаббат сезімін ояту жолдарын қарастыру, осы әдісті тіл үйретін сабақтарда қолдануды ұсыну болып табылады. Сондай-ақ технократтық басымдықтар беріліп отырған ЖОО мен мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті және қазақ журналистикасының өміршеңдігін күшейтудің бір жолы ретінде ұсынылады.

Бүгінде өзге ұлт өкіліне қазақ тілін меңгертудің қазақ ұлты үшін потенциалды пайдасы жоқ. Өзге ұлт қазақ тілінің сөйлеу, кәсіби сөйлеу тілін болмаса жазба тілін үйренерде бір ғана мақсат көздейді: болашақта қазақтілді мемлекет болу мүмкіндігі қаланып келе жатқан республикада еркін, «қазақ тілін білмейсің» деген қақпақай көрмей жұмыс істеу, маңызды қызмет орындарын иелену, қызметте өсу, өзге - Қазақстан мемлекетінде қалып бара жатқан ұрпағының болашағына жағдай жасау. Бұл да – жағымды бетбұрыс: қазақ тілінің мәртебесін республиканың өзгетілді тұрғындары мойындай бастады, қазақ тіліне деген құрмет пайда болды.

Ал Қазақстан республикасы мемлекеттік тілді оқыту бағдарламаларының негізгі нәтижесі, біздің ойымызша,

- орыстілді қазақтардың ана тілін үйренуге деген ниетінің оянғаны және бетбұрыстың күшейгені;
- ана тілін ұлттық құндылық ретінде тануы мен оған сенімдерінің молаюы;
- қазақ тілін шет тілі ретінде де, екінші тіл ретінде де емес, ана тілі дәрежесінде меңгергендері;
- тілүйретушілердің (мұғалімдер мен оқытушылар) қазақы тілдік ортадағы коммуникацияның дәстүрлі нормаларын өткен ғасырдың қойнауында қалған ата дәстүрі деп емес, бүгінгі жас мемлекетіміздің болашағын тәрбиелеуге қажетті құрал және негіз ретінде пайдалануы;
- және осы әрекеттерді қазақ ұлты өкілдерінің жанашырлықпен қабылдауы болып табылуға тиіс.

Өз ұлтымыздың өкілдеріне қазақ тілінің абыройы мен мәртебесін қалай там-тамдап болсын жеткізуге болады? Қалай ана тіліне деген құрметті оятуға болады? Қазақ тілін тек қана отбасы, өзі, мамандығы туралы ғана айта алатын сөйлеу тілі мен грамматикасы арқылы ғана орыстілді қазақтардың санасындағы «ұлы орыс тілі» туралы стандартты «ғажайып қазақ тілі» стандартымен ауыстыра аламыз ма? Кітап оқымайтын заманға тап болған ұрпаққа қазақ тілінің байлығы орыс және ағылшын тілі байлығындай ұшан-теңіз екенін қалай танытамыз?

Біздіңше, өзгетілді (орыс, ағылшын, т.б.) қазақтарға ана тілін үйретуде басты ұстаным – санасында көмескіленген немесе жоғалған ұлттық құндылықтарды жаңғырту және қалпына келтіру болу керек. Яғни тілді өз-өзінен жақсы көріп кететін тұқым себезгілеу керек, сонда тілдің құрылысын да грамматикасын да өздері үйреніп алады. Санадағы ұлттық концептілер мен ұлттық стереотиптерді қалыптастырудың коммуникативтік тұлғаға (профессор Н.Уәли термині) ең қолжетімді де қажет және жақын тәсілі отбасындағы ұлттық коммуникацияның дәстүрлі нормаларын меңгерту. Мұнда тілдің грамматикалық құрылысы да бар, лексика-фразеологиялық байлығы да бар, тілдік этикет нормалары да бар, тілдік емес этикет нормалары да бар, сондай-ақ ұлттық құндылықтар жүйесі де бар[1, 118].

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақы ұлттық мәдениет Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңінен бастап (19ғ.) жаңа, өзге ұлт (орыс ұлтын) мәдениетіне таңырқап қарау мен олардан бойын аулақ ұстау немесе ныспылап бөгде мәдениетті қабылдау бағытына ақырындап, өріс ала бастағанынан басталғанын көреміз.

Оның ішінде, әрине, мәдениетімізге оң әсерін тигізген көптеген жағымды жақтар да болды. Артықшылықтар да болды. Профессор Н.Уәли орыс мәдениеті қазақ ұлтынан, қазақ мәдениеті орыс ұлтынан жағымды жақтарды өзара қабылдауға тырысты дейді, яғни екі мәдениет өкілі де бір-біріне басқыншы – қол астына кіруші түрінде емес, толерантты тең дәрежедегі коммуниканттар түрінде араласты дейді [2, 98].

Бірақ 20 ғасырдың басына қарай бұл теңгерім бұзылды. Кеңестер құрамында болған 70 жыл соңында әсіресе ұлттық құндылықтарды тану ақсай бастады. Бұл осы заманда өмір сүрген үш ұрпақ тәрбиесінде негативті әсерлерін молайтты. Ол алдымен мемлекеттің негізін құрайтын отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасынан айқын көріне бастады. Дала қазақтарынан жиналған ұлттық интеллигенция орыс ұлтының мәдениетімен қанықкан қала мәдениетіне еріксіз жұтылды. Ұлтымыздың зиялы қауым өкілдері өздері бас болып, отбасындағы этикалық нормаларға өткеннің жарқыншағы, қараңғы мәдениеттің көрінісі деген көзқарасты қалыптастыра бастады [3, 56].

Тәуелсіздік алған кезең (2000 жылдан бері қарай) ұлттық құндылықтарымызды қайта қарау, түгендеу, жоғалтып алғандарымызды қалпына келтіру күресімен әртүрлі ортада, әртүрлі әдіс-тәсілдермен көрініп жатты. Қазақ дәстүрлі мәдениетін үйрететін «Қазақ ұлттық энциклопедиясының» көптомдығы, анықтамалықтар, сөздіктер, көпшілік, ғылыми-көпшілік мақалалар жазылды. Қазақ сөз мәдениетінің этикет нормаларын зерттеген бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Ұлттық концептуалды ұғымдарды көрсететін классикалық деңгейдегі көркем шығармалар жазылды, фильмдер түсірілді. Алайда бұл еңбектердің барлығы тарих сөресінде қалды. Яғни ондағы элементтердің бүгінгі күн үшін маңызы бар екеніне назар аз аударылды.

Ал ол мәдениет өткендікі ғана емес, бүгінде де болуы тиіс мәдениет. Жас ұрпақтың буынын бекемдеуде негіз болатын мәдениет. Өйткені қазіргі қазақ мәдениеті орыс мәдениетінен аластағанмен енді батыстық мәдениеттің, ағылшын тілі арқылы сол елдің, яғни тағы бөгде мәдениетінің әсеріне түсуін жылдамдатып келеді. Бұл – тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын құрайтын жастар тәрбиесінде айқын көрініп отыр.

Бір көрінісі – орыстілді қазақ жастарының бар екендігі. Орыстілді орта буынның ана тілін үйренуге деген ниетінің терең еместігі немесе тіпті жоқтығы.

Кез келген ұлт өкілі ұлттық мәдениетті отбасы коммуникациясында бойына сіңіріп өседі. Оны мектеп те, жоғары оқу орны да дәл отбасындай бере алмайды.

Ал дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі отбасы мүшелерінің өзара қатынасы қалай болып еді, коммуникациядағы этикеттің тілдік және тілдік емес нормалары қандай еді, ҮЛКЕН мен КІШІ, ҚЫЗ БАЛА мен Ер БАЛА, ІНІ мен АҒА, КЕЛІН мен ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ, ЖЕҢГЕ мен ҚАЙНЫ, ЖЕҢГЕ мен ҚАЙЫН СІҢЛІ, ӘПКЕ мен СІҢЛІ, КҮЙЕУ БАЛА-ЖЕЗДЕ-БАЛДЫЗ, ЖІГІТ-ҚЫЗ, КЕЛІНШЕК-КҮЙЕУ коммуникациясындағы вербалды және бейвербалды амалдардың қайсысын жоғалттық, оның орнын басқан батыстық нормалардың қандай негативті әсері болды деген сұрақтарға бүгінгі қазақ отағасы да, отанасы да жауап бере алмайды. Мұндай отбасында тәрбиеленген аға ұрпақтың да, жас ұрпақтың да қазақ тілін ана тілім деп тұтынуына себеп қалмайды.

Сондықтан отбасы мүшелерінің коммуникациясындағы дәстүрлі, ұлттық нормаларды пайдалана отырып, бүгінгі өзгетілді қазақ ұлты өкілдерінің ана тілін сүюіне, құрметтеуіне, қадірін білулеріне көмектесу тілүйретушінің басты міндеті болу керек деп ойлаймыз. Бұл бүгінгі қазақтілділердің де сөз мәдениетін көтерер еді, өзара этикет нормаларын жетілдірер еді.

Бұл тарапта мынадай идеяларымыз бар:

- Дәстүрлі мәдениеттегі аксиологиялық құндылықтар ретінде ҚАЗАҚ ОТБАСЫ-ның кешегісінен нақты мәліметтер беретін орыс миссионерлері жазбаларынан, салған суреттерінен, шетел саяхатшыларының жазбаларынан, ауыз әдебиетінен, шетел басылымдарында жарияланған тарихи мәтіндердегі ақпараттарды пайдаланып, оларға талдау жасалу керек;
- Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрі ұғымына жаңа көзқараспен пайымдау жазылуы тиіс;
- Қытай жерінде тұратын қазақ диаспорасындағы, Түркиядағы қазақ отбасы коммуникациясында сақталған дәстүрлі этикалық нормалар мен коммуникативтік нормалар жинақталып, оларға аксиологиялық құндылықтар тұрғысынан сипаттама берілу керек,
- Классикалық көркем шығармалар (М.Әуезовтың «Абай жолы», Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан», І.Есенберлиннің «Көшпенділер» т.б.) мен көркем фильмдердегі («Қыз Жібек» т.б.) қазақ отбасы мүшелерінің коммуникациясынан мәлімет беретін эпизодтарға интерпретация жасау арқылы қысқа метражды деректі фильм сериялярын жасау керек;
- Классикалық көркем шығармалар (М.Әуезовтың «Абай жолы», Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан», І.Есенберлиннің «Көшпенділер» т.б.) мен көркем фильмдердегі («Қыз Жібек» т.б.) және тарихи көздер мен энциклопедия, анықтамалықтардағы мәліметтер негізінде қазақ отбасы дәстүрлі тіршілігінің 1 күндігін қалпына келтіруге талпыныс жасалу қажет, осы негізде деректі фильм интерпретациясымен болуы қажет;
- Қысқа метражды фильмдер қазақ отбасы мүшелерінің әрқайсысының өзіне тән бейвербалды амалдарының мазмұн межесін ашуға құрылады;
- Қалпына келтірілген қазақ дәстүрлі отбасы мүшелерінің вербалды және бейвербалды коммуникациясын танытатын эпизодтар деректі фильм ретінде (әр ұлттық компонентке 2 минуттан) түсіріледі және әр акті интерпретацияланады;
- Қазақ отбасындағы ҮЛКЕН мен КІШІ, ҚЫЗ БАЛА мен ЕР БАЛА, ІНІ мен АҒА, КЕЛІН мен ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ, ЖЕҢГЕ мен ҚАЙНЫ, ЖЕҢГЕ мен ҚАЙЫН СІҢЛІ, ӘПКЕ мен СІҢЛІ, КҮЙЕУ БАЛА-ЖЕЗДЕ-БАЛДЫЗ, ЖІГІТ-ҚЫЗ, КЕЛІНШЕК-КҮЙЕУ қарым-қатынасындағы тілдік және тілдік емес этикет нормалары бүгінгі «ұлы орыс тілі» мен «айбынды ағылшын тілі»-мен көмескіленген орыстілді қазақтардың санасына жететіндей деңгейдегі тілмен және эпизодтармен презентациялану керек;
- Біз кез келген тілүйретушіден өз сабағында алдымен тілге деген құрмет пен бағалауды қалыптандыруларын сұрар едік. Сондықтан әр оқытушы дәстүрлі коммуникациядағы нормалардың мазмұнын ашып отыру қажет.

Мұндағы отбасы мәселесіне көңіл бөліп отырғанымыз адам табиғаты жалпы кез келген нәрсені үйренерде өзіне жақын дүниеден бастағанда тамыры тереңге барады. Адамға өзі, одан кейін өзіне ең жақын отбасы мүшелері туралы қам жейді. Солармен екі ортадағы қарым қатынас арқылы өседі. Осындай жеке қарым қатынас кімді де болса қызықтырады. Сол қызығушылық өзге елдің мәдениеті мен тіліне деген қызығушылықты оятады [4, 27-35].

Мысалы, біздер соңғы уақытта Қазақстанда көптеп аударылып, көрсетіліп жүрген түрік сериалдарынан бәріне белгілі, заманауи мәдениеттен гөрі түрік ұлтының өзіне ғана тән отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас мәдениетіне көп көңіл аударып, сол арқылы тіліне де қызығатын болдық. Осы әдісті түрік тілін үйретушілер көбірек қолданса, сабақтың нәтижелі болатыны анық. Шындығын айтқанда, бізге осы отбасы коммуникациясындағы мәдениет арқылы тілді үйрету идеясы түрік сериалдарын көргеннен кейін пайда болды.

Біз ұсынған идеялар негізінен қазіргі жас буынның сұранысына ыңғайланып алынды. Ол кітап оқымайтын тек визуалды және аудиалды ақпарат алуға құлқы бар жастарға лайық фильмдер. Фильм арқылы көз жеткізу. Бірақ сабақ барысында үнемі фильм көрсету мүмкіндігі бола бермейді. Сондықтан өздерінің қатысуымен көріністер қою, қойылымдар жасаса тіпті дұрыс.

Негізі (гені) қазақ болып отырып, қазақ ұлтына қатысты мәселеге бей-жай қарау қазақы менталитетте жоқ сияқты. Сондықтан өзге тілді қазақтардың санасының түкпірінде қалып қойған, сөнген шоқты тұтандыру – қазақ тіліне құрметпен қаратады деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК «Слон», 2013ж.*
2. *Ахметова З. «Тәрбие тек айтудан ғана емес, көрсетуден…». Сұхбат. –Ұлттық тәрбие. №3, 2010.*
3. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011ж.*
4. *Табылды Ә. Ұлттық әдеп – тәрбие негізі. – Ұлттық тәрбие. №3, 2010.*

Агыбаева Сауле Еркінқызы
ҚазмемқызПУ, Арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы
agybaeva_saule@list.ru

Тоқтағұлова Гаухар Бекенқызы
ҚазмемқызПУ, Арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚҚА ӘСЕРІ

Түйін. *Мақалада «девиантты мінез-құлық», «бұқаралық ақпарат құралдары» ұғымдары, олардың жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқына жағымсыз әсерлері талданған. Жасөспірімдердегі ауытқымалы мінез-құлықтардың қалыптасуына БАҚ әсерін төмендету бойынша ұсыныстар көрсетілген.*

Резюме. *В статье проанализированы понятия «девиантное поведение», «средства массовой информации», их негативное воздействие на девиантное поведение подростков. Представлены рекомендации по снижению влияния СМИ на формирование отклоняющегося поведения подростков.*

Summary. *The article analyzes the concept of "deviant behavior", "media" and their negative impact on the deviant behavior of adolescents. Recommendations to reduce the influence of mass media on the formation of deviant behavior among adolescents.*

Соңғы уақытта девиантты мінез-құлықты жеткіншектер санының артуы көптеп байқалуда. Девиантты мінез-құлық мәселесі қазіргі таңда біздің қоғам үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр, себебі оның салдарлары әртүрлі келеңсіз жағдайларды тудыруда. Жеткіншектердегі девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін бірден-бір фактор бұқаралық ақпарат құралдары болып отыр, соның ішінде компьютерлік ойындар, теледидар, интернеттен алынған ақпараттар. Бұқаралық ақпарат құралдарының бастапқы мақсаты ағартушылық, сонымен қатар дұрыс өмір сүру әдебі мен салтын насихаттау болатын. Ал біздің бүгінгі көріп отырғанымыз ше? Бұқаралық ақпарат құралдары агрессивті, жағымсыз, әлеуметке қарсы мінез-құлықтардың көрінуіне әсер ететін, қоғамға қауіп төндіретін аса күшті құралдардың бірі болып отыр.

Бұл мәселе қазіргі кезде алаңдататын мәселелердің қатарында, себебі ақпарат құралдарын қолданушылардың көпшілігін құраушылар жастар мен жасөспірімдер болса, ал қабылданған ақпараттардың барлығы оларға жағымды әсер ете бермейді.

Өйткені жасөспірімдік кезең психологиялық сипаты жағынан түрлі әсерлерді қабылдауға аса сезімталдылығымен сипатталады. Жасөспірімдік кезең – бұл 11-12 жастан басталып және 16-17 жасқа дейін ұласатын тұлғаның даму кезеңі. Бұл кезең құрделі физикалық және психикалық өзгерістермен сипатталады. Психиканың дамуы эмоционалдылық пен қозушылықтың аса жоғарылығымен және көңіл-күйдің құбылмалылығымен сипатталады. Әр жас кезеңнің адамның тұлғалық қалыптасуында алатын өзіндік орны бар. Бұл баланың "мені" қайта құрылып, айналасындағыларға сыни көзқрас қалыптасатын кезең. Белгілі психолог Л.С.Выготский жасөспірім жастағы кезеңде (14-18 жас) екі үлкен өзгеріс болады: ол ағзадағы жыныстық жетілу және өзінің "Мен" мәдениетінің ашылуы, тұлғасының және дүниетанымының қалыптасуы деп көрсеткен. Жасөспірім бұл жас кезеңінде жақсы мен жаманның ара жігін толықтай ажырата алатындай емес, сондықтан кез-келген сырттан келген әсерлер оның қандайда бір әрекетті жасауына итермелейді [1].

Көп уақытын теледидардың алдында өткізу жасөспірім тұлғасының психикалық құрылымының барлық деңгейіне әсер ететін негативті жағдайларға алып келуі мүмкін. Ол әрине ақырындап жүзеге асады. Жағымсыз теле бағдарламаларды көру - жасөспірімдердің бағдарлама кейіпкерлеріне сәйкестенуіне, олардың жағымсыз қылықтарын игеруіне, мәселені шешудің агрессивті тәсілдерін меңгеруне әкеледі. Нәтижесінде жасөспірім девиантты мінез-құлық көрсетеді.

Девиантты мінез-құлық белгілі бір қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік нормалардан ауытқу және артынан құқықтық және қоғамдық шараларды ілестіруші адамдардың іс-әрекеті.

Девиантты мінез-құлыққа БАҚ-тың әсерін зерттеу барысында психологиялық теорияларға жүгінген дұрыс, мысалы А. Бандура қалыптастырған әлеуметтік үйрету теориясы. Осы теория бойынша адам оны қоршаған адамдардың іс-әрекет үлгілерін өзі білместіктен бойына сіңіріп алады. Бұл жағдайда жасөспірім үшін киноларда, телебағдарламаларда, интернетте көрсетіліп жатқандар үлгі ретінде көрінеді. Ол өзінің сөздерін, әрекеттерін, қылықтарын көгілдір экраннан көргендерімен байланыстырып, өз өмірінде құрбыларымен, ата-анасымен қарым-қатынаста немесе қандайда бір мәселе туындағанда қолданады. Ал БАҚ-та көрермендерге не көрсетіледі? Олар бұрындары

көрсетілетін тәрбиелік мәні бар ертегілер немесе көркем фильмдар емес, керісінше атыс-шабыс, қылмыс, зорлық-зомбылық, ұрлық т.б. Сонымен қатігез әрекеттерді бақылау жауыздықпен байланысты ойлардың туындауына себепші болады [2].

Тарату, әдетке айналдыру теориясы - бұл теорияның негізгі ережелерінің бірі БАҚ-тың ұзаққа созылған қайталанбалы ықпалы (әсіресе теледидар, компьютерлік ойындар) балалардың шынайы және әлеуметтік әлем туралы түсініктерін үнемі өзгертеді. Үндестіру, яғни адамдардың әртүрлі көзқарастарын әлеуметтік шындықтың біркелкі қалыбына салу-құрастыру үдерісі арқылы, яғни көрермендер әлемде болып жатқан оқиғалар туралы оларды телебағдарламалар призмасы арқылы бақылап, білу кезінде жүзеге асырылады. Сақталған ақпарат негізінде тұлға шынайы өмір туралы өзінің түсінігін қалыптастырады. Бұндай "ақиқат болмыс" әртүрлі формада қалыптасады және гендерлік рөлдер туралы түсінікке, көзқарастар мен нұсқауларға, жастардың өмір жолын таңдауларына, адам денсаулығында көрінетін әдеттерге ықпал етеді [2].

Идентификация теориясы да БАҚ-тың девиантты мінез-құлықтың дуындауына ықпалын дәлелдейді. Идентификация - қандай да бір телебағдарламаның әсеірінен туындаған адамның эмоционалды күйі. Бұл өзін кейіпкермен салыстыру мен эмпатиялық әсерленушілік деңгейіне байланысты. Көбінесе "идентификация" ұғымы ересектердің мінез-құлық үлгілерін балалардың меңгеру үдерісін түсіндіру үшін қолданылады. Демек көрсетілетін телебағдарламалар, сериалдар көрермендердің эмоционалды күйлеріне әсер етіп, белгілі бір мінез-құлық нышандарының қалыптасуына ықпал етеді [3].

Психологиялық теорияларға талдау жасай келе келесідей қорытынды жасауға болады: БАҚ девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына едәуір ықпал етеді. Ал егер бұл әсерлерге қарсылық көрсетпейтін болсақ, девиантты мінез-құлықтың көрініс беруі өсе түсетіні мәлім.

Сондықтан біздің алдымызда тұрған міндет девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының әсер ету күшін төменгі деңгейге жеткізу үшін алдын-алу шараларын жүргізу. Ал алдын-алу шаралары тиімді болу үшін ол жан-жақты сипатта болуы қажет, оған ата-алар, педагогтар, әрине сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары да атсалысуы керек .

Жалпы ата-аналар балалары оларды үлгі тұтатындай жағымды әрекеттер жасауы керек, мысалы балаларының өміріне белсенді араласуы, болашақ жоспарлары мен мақсаттарын дұрыс құруға көмектесу. Сонымен қатар ата-аналар балаларына көп көңіл бөліп, теледидардың алдында қанша уақыт отыратынын қадағалап, сондай-ақ қандай компьютерлік ойындарды ойнайтынын, интернетте оны не қызықтыратынын бақылап отыруы керек. Егер ата-ана балаларымен көп уақытын бірге өткізетн болса, онда олардың да бұқаралық ақпарат құралдарына жүгінуі азая түседі. Онымен қоса қазіргі қоғамда компьютер мен теледидарды алмастыратын басқа да нәрселер көп, атап өтсек театрға, музейге, сауықтыру орталықтарына, мәдени орталықтарға бару және отбасымен бірге уақыт өткізуді айтуға болады.

Педагогтарда жасөспірімдердің дұрыс тәрбиесіне ықпал ете алады. Мұғалімдер жасөспірімдердің оқуға, спортқа, мәдени іс-шараларға деген қызығушылығын оятып, сол арқылы өз өмір жолын таңдауына және оны жүзеге асыруына жағымды ықпал ете алады. Жасөспірімге өмірлік ұстанымдар мен құндылықтарды айқындауға көмектесу керек.

Өз кезегінде БАҚ алдарына білімділікті көтеру, көрермендердің дүниетанымын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, ақыл-ой деңгейін, мәдениеттілікті дамыту сияқты өзгеше мақсаттар қоюлары керек.

Демек, бірлесе отырып, жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың туындамауына ықпал ете аламыз. Өйткені жағымсыз, еліктіретін ойлар әрекетке итермелейді, ал мұндай жағдайдағы ойлар құқық бұзушылық әрекеттерге әкеліп соқтыруы мүмкін. Ал болашақ ұрпақ осындай сипатта емес, керісінше салауатты өмір салты мен дұрыс өмір тәртібін ұстанатын, білімді, сауатты, дүниетанымы кең деген сипатта болуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. *Божович Л.И. Проблемы формирования личности. – М., 1995.*
2. *А.Т. Ақажанова Девиантология: Оқу куралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009.*
3. *Левченко А.Е. Формы и методы воздействия СМИ на общественное сознание. – М.: ИНФА-М, 2000. – 376 с.*

УДК 004.574

Мауленов Сержан Сейтович
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, аға оқытушы, e-mail: serzhan.maulenov@ayu.edu.kz

Ысқақ Самат Маратұлы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
6М060200-Информатика мамандығының 2-курс магистранты, e-mail: samat.yskak@ayu.edu.kz

ERWIN БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН «ҚАРАТАУ ҚОРЫҒЫ» ДЕРЕКТЕР ҚОРЫН ЖОБАЛАУ

Түйін: *Бұл мақалада деректер қорын жобалаудың диаграмма әдісі – IDEF1X қарастырылады. Нақты мысал ретінде «Қаратау қорығы» деректер қорын жобалау келтірілген.*

Кілт сөздер: *Erwin, ER-диаграмма, IDEF1X, деректер қоры, жобалау, мән, реляциялық модель.*

Резюме: *В данной статье рассматриваются проектирование базы данных выражаемой с помощью диаграмм методологии IDEF1X. Представлен конкретный пример проектирования базы данных «Каратауский заповедник».*

Ключевые слова: *Erwin, ER-диаграмма, IDEF1X, базы данных, проектирование, сущность, реляционная модель.*

Summary: *This article discusses the design of a database of the IDEF1X methodology expressed in diagrams. A concrete example of designing a database "Karatau Reserve" is presented.*

Keywords: *Erwin, ER-diagram, IDEF1X, database, design, entity, relational model.*

Деректер қорын жобалау үдерісі жобасы жасалатын тақырыптық саланы толық түсінуді талап етеді. Сондай-ақ, осы тақырыптық саланың болашақтағы жобасын анықтау үшін қолданылатын деректер қорының негіздері мен функцияларын түсінуді де талап етеді. Деректер қорының жобасын жасап көрсету үшін, оның дұрыс жобаланғанына көз жеткізіңіз, себебі оны іске асырғаннан кейін деректер қоры құрылымына қайта өзгерістер енгізу елеулі ұзақ уақыт алуы мүмкін. Жақсы құрастырылған деректер қоры жоғары өнімділікті қамтамасыз ететіні белгілі.

AllFusion ERwin Data Modeler (ERwin) CASE құралы – деректер қорларын жобалауға, құжаттауға және жүргізуге мүмкіндік береді. Құрылатын деректер қорын визуалды модельдеу оның сапасын, өнімділігі мен құрылу жылдамдығын арттырады. ERwin - тек ғана жобалау құралы емес, ол қазіргі кездегі әйгілі деректер қорын басқару жүйелері үшін кестелерді автоматты құру мен сақталатын процедуралардың мәтінін генерациялай алатын бағдарлама құру инструменті.

ERwin CASE құралы IDEF1X деректерді модельдеу тілі стандартын қолдайды. IDEF1X - реляциялық деректер қорын дайындауға арналған әдіс болып табылады және ол түбегейлі деректер қорын құру мен аппараттық платформаға тәуелсіз, кәсіпорын деректер құрылымының концептуалдық схемасын құруға арнайы дайындалған шартты синтаксисті қолданады. ER және ENALIM секілді реляциялық деректер қорын дайындаудың көптеген басқа әдістерімен салыстырғанда, IDEF1X-ң басты артықшылығы, қатаң стандарттау болып табылады. IDEF1X әдісінде белгіленген стандарттар құрылған модельдің басқаша түсіндірілуіне жол бермейді.

Деректер қорын жобалау барысында қарастыратын тақырыптық сала Қаратау қорығының жануарларын есебін жүргізу үдерісі. Есеп жүргізу үдерісін жобалауда жануарлардың саны декомпазицияланған, себебі, ол тақырыптық салада маңызды болып табылады. Тақырыптық саладағы мәндерді анықтау төмендегі 1-суретте келтірілген.



Сурет-1. Мәндердң анықтау

Анықталған мәндердің арасындағы байланыстарды орнату 2-суретте бейнеленген.



Сурет-2. Байланыс орнату

Осы деректер қорын жобалау барысында мәндерді анықтау тапсырыс берушілермен сұрақ-жауап жүргізу арқылы орындалды. Ал анықталған мәндердің арасындағы байланыстарды орнату барысы

сипаттайтын болсақ, мұндағы «animals» мәні негізгі болып табылады. Жоғарыдағы 2-суретте мәндердің арасындағы байланыстың мағыналары ашып жазылған. Erwin бағдарламасында байланыс жасау үшін үзік сызық және үздіксіз сызық түрі қолданылады. Байланыс сызықтарының түрінің маңыздылығы ерекше. Үздіксіз сызық түрі байланыс соңының міндетті екенін бейнелейді, ал үзік сызық міндетті емес. Мысалы, жануар қандайда бір отрядқа міндетті түрде жататыны үздіксіз сызықпен сызылған, ал «animals» және «kezdesu» мәндерінің арасындағы байланыс үзік сызықпен сызылған, себебі жануарлар есебін алу кезінде кейбір жануарлар Қаратауда дәл сол уақытта кездеспей қалуы мүмкін, сәйкесінше ол туралы ақпарат енгізу міндетті емес.

Реляциялық дерекқорда логикалық жобалау - бұл мәннің атрибуттары арасында қажет емес тәуелділік болмайтын дерекқордың дұрыс схемасын жасаудың тәсілі. Бұл ретте жобалау үдерісін декомпозиция арқылы ұзартуға болады. Яғни, тұрақты қатынастарды қалыпқа келтіру. Демек, атрибуттар арасындағы қажет емес тәуелділіктерді жою. Көбінесе, мұндай модельдер «мән-байланыс» немесе Entity-Relationship (ER) диаграммалары арқылы жасалады. Деректердің логикалық моделін құру үшін, бұрын анықталған мәндерді ескере отырып, ұйымның инфологиялық деректер үлгісінен таңдап аламыз. Содан кейін, әрбір мән үшін бастапқы атрибуттар жиынын анықтап ERwin бағдарламасында ER-диаграммасын құрастырамыз. Атрибуттарды анықтау үдерісі төмендегі 3-суретте көрсетілген.



Сурет-3. Атрибуттарды анықтау

Деректер қорының логикалық жобалауын аяқтаған соң, физикалық жобалау үдерісі жүргізіледі. Физикалық жобалаудың мақсаты - таңдалған деректер қорын басқару жүйесінің (ДҚБЖ) синтаксисі, семантикасы және мүмкіндігін ескере отырып логикалық схеманы қайта құру. Физикалық жобалау әдістемесі таңдалған ДҚБЖ-не байланысты болады.

Төмендегі 4-суретте бейнеленгендей ERwin бағдарламасында оннан аса ДҚБЖ-не физикалық жобалау жүргізуге болады. Біздің мысалымызда физикалық жобалау MySQL ДҚБЖ-не жүргізу қарастырылған. 4-суретте бейнеленген нұсқауларды орындау арқылы қажетті ДҚБЖ таңдаймыз.



Сурет-4. Деректер қорын басқару жүйесін таңдау

Содан кейін, логикалық жобалау барысында қарастырылған деректер типтерін және басқада функционалдық мүмкіндіктерін MySQL ДҚБЖ-не сәйкестендіру қажет.



Сурет-5. MySQL ДҚБЖ сәйкестендіру

Соңғы қарастырылатын мәселе дайын болған жобаның құрылымын MySQL ДҚБЖ-не өткізу үшін SQL нұсқауларды генерациялау. Ол үшін Tools мәзірінің Database/Chose Database командасын орындап, қажетті MySQL ДҚБЖ таңдау. Осыдан кейін қайта Tools мәзірінің Forward Engineer

командасын орындау. Ашылған терезеден қажетті баптауларды орнатып, Preview немесе Generate пернесін бассаңыз төменде 6-суретте көрсетілген терезе ашылады. Ары қарай осы SQL нұсқауларды MySQL ДҚБЖ-де деректер қорын құруға қолданамыз.



Сурет-6. SQL нұсқауын генерациялау

Іс жүзінде, ешқашан деректер қорының бапталуы толық бітті деп санауға болмайды. Жүйенің бүкіл өмірлік кезеңінде оның өнімділігін үнемі қадағалау керек. Қосымшаның жұмысын жақсартуға арналған деректер қорына өзгерістер енгізу, басқа одан да маңызды қосымшаның жұмысына кері әсер етуі мүмкін. Осылайша, деректер қорына өзгерістер енгізу мұқият қарастырылып, мұқият тексерілу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. *С.В. Маклаков BPWin, и ERWin. CASE-разработки информационных систем. - М.:ДИАЛОГ-МИФИ, 2000 - 256 с.*
2. *Мацяшек Лешек А. Анализ и проектирование информационных систем с помощью UML 2.0, 3-е издание, Вильямс. 2008г.*
3. *Киммел П. UML. Основы визуального анализа и проектирования, НТ Пресс, 2008г.*

ӘОЖ 372.8

Миндетбаева Акнур Амангелдиевна
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, аға оқытушы, e-mail: aknur71@mail.ru

Жақашова Гүлнұр Үсенқызы
Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан «Дарын» мектеп-интернаты
Информатика пәнінің мұғалімі, e-mail: gulnur.jakash@gmail.com

МЕКТЕП ИНФОРМАТИКА КУРСЫН ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Түйін: *Бұл мақалада жобалау технологиясының мақсаты мен міндеттері және информатика пәнінде жобалау технологияларын қолдану жолдары баяндалады. Сонымен қатар жобалау технологиялары негізінде құрылған сабақ жоспарлары келтірілген*

Кілт сөздер: *информатиканы оқыту әдісі, жобалау технологиялары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.*

Резюме: *В данной статье рассматриваются цели, задачи проектной технологии и применение проектной технологии на уроках информатики. А также приведены примеры плана урока с применением проектной технологии.*

Ключевые слова: *методика преподавания информатики, проектная технология, информационная и коммуникационная технология.*

S: *In this article the goals, objectives of the project technology and using it at informatics lessons are considered. And also examples of the lesson plans with using project technology are given.*

Keywords: *teaching techniques of informatics, design technology, information and communication technology.*

Білім берудің жаңа парадигмасында оқушы педагогикалық әсер етудің обьектісі емес, танымдық іс–әрекеттің субьектісі болып табылады. Бұл әрбір оқушының бойындағы табиғи қабілеттерін табуға және дамытуға бағытталған білім беруді ұйымдастыруды қажет етеді. Мұғалім жұмысының нәтижесі жәй көшірмелеу ғана емес, оқушының белсенді щығармашылық іс-әрекеті болып табылады.

Білім беру жүйесінің жаһандық мәселелерін назарда ұстай отырып, «Информатика» пәнінің ерекшелігін ескере отырып, келесі мақсатты анықтап аламыз: замануи технологияны игерген, сол арқылы заман ағымына қарай бейімделе алатын оқушыларды дайындау.

Осы мақсаттарды орындау барысында төмендегі міндеттер қойылады:

- оқушыларға алған білімдерін өз бетінше жетілдіре отырып, ақпаратты тез табу, оның құрылымын жасай білу, оны өңдеудің ұтымды алгоритмін жасай алу жолдарын меңгеруге көмектесу;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал ету;
- оқушылардың өзін-өзі бағалауына жағдай жасау;
- олардың топта жұмыс жасай білуіне, жан-жақтылығын қалыптастыруына ықпал жасау;

Өз іс-әрекетімізді білім беру бағдарламасына сәйкестендіріп, мақсат, міндеттерді, бағдарламаны әдістемелік, техникалық, бағдарламалық принциптерімен қамтамасыз етіп және олардың тиімділігін бағалау критерийлерін құрастыра отырып қойылған міндеттерді білім беру процесінің барлық сатысында орындап отыру қажет. Бұл бағдарламаларды педагогикалық технологияны пайдаланбай іске асыру мүмкін емес. Мұндай технологиялар ретінде жобалау технологиясын, деңгейлеп оқыту технологиясын, оқытудың ұжымдық технологиясын таңдап алуға болады. Бұлардың кіріктірілуі келесі біліктіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- *ақпараттық* – ақпаратпен сауатты жұмыс істеуге қабілеттілігі;
- *коммуникативтік* - түсінікті болу мақсатында қарым- қатынасқа түсу қабілеттілігі;
- *әлеуметтік* – басқа адамдар көзқарасын есепке ала отырып, қоғамда әрекет ете білу қабілеттілігі;
- *пәндік* – алған білімін тәжірибеде қолдана білуі қабілеттілігі.

Жетекші рольді жобалау технологиясына беріп, оқыту процесінде жобалау әдісін жоспарлы түрде әрдайым қолданып отырса, мынадай жағдайлар іске асырылады:

- оқушылардың жалпы компьютерлік сауаттылықты игеру ішкі мотивациясының қалыптасуы мен дамуы;
- оқушылардың ойлау белсенділігінің жоғарылауы және шынайы өмірдегі мәселелерге логикалық ойлау біліктілігін арттыруы;
- оқушылардың тіл байлығын дамыту, жалпы жан-жақтылық деңгейін жоғарылату;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін және өз білімін жетілдіруге деген қажеттіліктерін дамыту;
- оқыту саласындағы мұғалімнің ролін өзгерту;
- білім беру міндеттері шешімдерінің нәтижелі болуы, оқушы тұлғасын тәрбиелеу және дамыту.

Е.С.Полат бұл жобалау әдісіне мынадай анықтама береді: «Бұл оқушының әлдебір мәселені шешуге және сол нәтижені таныстырылым жасауға бағытталған оқу-танымдық тәсілдерінің белгілі бір жиынтығы». Жобалау әдісі оқытудағы авторитеттіктен аулақ, ол әрдайым оқушының жеке өз бетінше жұмыс жасауына бағытталған.

Бұл әдіс көмегімен оқушылар білім жиынтығын алып қана қоймай, сонымен бірге оны танымдық және тәжірибелік мәселелерді шешуде қолдана алады [1].

Жобалау әдісін қолданудың негізгі талаптарына тоқталып кетейік:

1. Кешенді білімді талап ететін шығармашылық жоспарда мәселелердің туындауы;
2. Күтілетін нәтижелердің тәжірибелік, танымдық маңыздылығы;
3. Оқушылардың жеке іс- әрекеті;
4. Жобаның мазмұндық бөлімінің құрылымы;
5. Белгілі операциялық іс-әрекетті қарастыратын зерттеу әдісін қолдану;
6. Мәселені анықтау және одан шығатын зерттеу міндеттері;
7. Олардың шешу жолдарын ұсыну;
8. Зерттеу әдістерін талқылау;
9. Соңғы нәтижелерді рәсімдеу әдістерін талқылау;
10. Алынған мәліметтерді сараптау, жүйелеу, жинақтау, қорытынды жасау; нәтижені рәсімдеу, оларды презентациялау;
11. Қорытынды, зерттеудің жаңа мәселелерін анықтау.

Жоба түрін анықтау үшін келесі белгілері пайдаланылады:

- Жобадағы басым болатын іс-әрекеттер: зерттеу, ізденіс, шығармашылық, рольдік, танысу-айқындау және т.с.с.
- Пәндік – мағыналық аймағы: моно жоба, пәнаралық жоба;
- Жобаның координаталық сипаты: тәуелсіз, икемді, қатты, жасырын (айқын емес, жоба қатысушысын имитациялайтын телекоммуникациялық жобаға сәйкес келеді);
- Байланыс сипаты: (бір мектеп, сынып оқушылары, қала, аймақ, әлемнің әртүрлі елдерінің оқушылары);
- Жоба қатысушыларының саны;
- Жобаның ұзақтығы;

Оқушы жұмысының бағалау критерийлеріне ақпараттың әртүрлі көздерін пайдалана білуі, зерттеу әдістері, ынтымақтаса жұмыс жасай білуі, бөтен пікірді қабылдай алуы, қиындыққа қарсы тұруы, мақсат қоя білуі, жоспар жасап, оны іске асыра білуі, рефлексия жүргізуі, мақсат пен іс-әрекетті салыстыра білуі жатады.

Алайда жобалау әдісін дұрыс пайдаланып, жобаны іске асырудағы әрбір қатысушының жеке қызығушылығының және оның құрылымының жақсы ойластырылғанында ғана жақсы пайда әкеле алатынын айтып өту керек [2].

Информатика базалық курсы сабақтарындағы жобалау әдісі.

Бұл курс оқушылардың информатикадан жалпы білім беру минимумдық дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған. Ол оқушыларды есеп шығаруға, оқу процесінде олардың компьютерді саналы және рационалды пайдалану дағдысын қалыптастыру, одан ары қарай кәсіби іс-әрекетке көшіруге бағытталған. Базалық курсқа жалпы білім беру маңызының келесі аспектілері кіріктірілген:

- Әлемге көзқарас аспектісі – басқарудағы ақпараттың ролі туралы, өзін-өзі басқару жүйесінің ерекшелігімен, түрлі жүйедегі ақпараттық үдерістердің жалпы заңдылықтары туралы түсінік қалыптастыру;
- Алгоритмдік аспектісі – оқушының ойлау қабілетін дамыту;
- Тұтынушылық аспектісі - компьютерлік сауаттылық, ақпараттық технологияларды оқушының тәжірибелік іс-әрекетінде кең ауқымда пайдалануын қалыптастыру;

Алайда информатиканы оқытуда мынадай мәселелер туындайды:

- Оқушылардың жалпы дайындығының жеткіліксіз және біркелкі болмауы;
- Оқыту (тек информатика ғана емес, басқа да пәндер бойынша) төмен болуы;
- Информатика курсының мазмұнының даму динамикасы

Осы мәселелерді шешу үшін, мұғалімге оқытудың бір немесе бірнеше әдісі мен формасын таңдауы керек. Осы кезде жоғарыда атап өткен жобалау әдісін қолданудың көмегі тиюі мүмкін. Оқушының жобалау іс-әрекеті оның білімінің негізінен шықпайды және жұмысты бастамас бұрын ол осы білімді алуы тиіс. Жобалау әдісі оқушының танымдық қабілеттілігін арттырып, оның қызығушылығы ескереді және шығармашалық қабілеттерін ашады. Бірақ әр сабақ оқушының қызушылығын ескере отырып еркін болмауы да мүмкін, бұл оқу үдерісінің жүйелілігін мен оқыту деңгейін төмендетеді. Жобалау әдісін сыныптық–сабақ жүйесімен біріктіру мұғалім үшін қиындық туғызады. Біз дәстүрлі және оқытудың жеке бағытты жүйесін жобалау іс–әрекет элементтерін кәдімгі сабаққа саналы кіріктіру жолын ұсынамыз. Жұмыстың бұл формасы оқушының жеке ерекшеліктерін есептеуге, топтық, танымдық іс – әрекеттің пайда болуына үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар әрбір жеке оқушыға ұстаз тарапынан қажетті көмекті беру мүмкіндігі артады [3].

Қажетті уақытты қайдан аламыз?

Екі көзі бар: оқу процесін интенсификациялау және жобаларды қайталау формасында жүргізу немесе өткен материалды жинақтау.

Жоба күрделі болмауы (бір сағаттық) немесе өз білімін жетілдіруді кеңейтуге үшін үйде не мектепте өз бетінше жұмыс жасауға арналған күрделі болуы да мүмкін.

Біз келесі жүйені ұсынамыз. Алдымен жалпы түсінік қалыптастыратын базалық –теориялық білім береміз. Содан соң оқушының білімі мен біліктілігін қорытынды жүйеге сәйкестендіретін тәжірибелік сабақтарға көшеміз. Осыдан соң алған білімді үйреншікті емес жағдайларда қолдана алатын жобаларды іске асыруға көшеміз. Енді информатика сабақтарында орындайтын жобалар мысалдарын келтірейік. Жобалар базалық курс бағдарламасына сәйкес жасалынған.

«Компьютер» мазмұндық сызығы «ДК-ді таңда» жобасы

Жоба түрі: рольдік – ойындық, мини жоба

Жоспарланған нәтиже: оқушылардың саналы түрде компьютер моделін таңдай білуі;

Мақсаты: «ДК құрылымы» тақырыбы бойынша оқушы білімін тексеру, информатика сабағында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдана білу, «сатушы – сатып алушы» жағдаятындағы мәдениетті үйрету.

Оқыту - педагогикалық міндеттер: газет пен жарнама, компьютер фирмаларының прайс-парақшаларын пайдалана отырып, өз ойын қосып, ДК-дің қажетті конфигурациясын таңдай білуі, өз таңдауын негіздей алуы.

Пәндік-мазмұндық аймағы: информатика

Ұзақтығы: бір сабақ

Жоба барысы: «ДК құрылымы» тақырыбының қорытынды сабағы. Оқушылар алдын-ал екі топқа бөлінеді. Бірінші топ оқушылары – компьютерлік фирма өкілдері. Олар компьютерлік фирманың хабарландырулары мен прайс-парақшаларын, жарнамалық бүктемелерін әкеледі. Келесі топ - сатып алушылар. Бұл топтың әрбір қатысушысы өзінде «бар ақшаға» белгілі мақсатқа арналған ДК сатып алғысы келеді. Сатушылар өз орындарын таңдап алады, ал сатып алушылар өз таңдауын жасауға әрекет жасайды.Таңдау жасалған соң, екі жақта компьютерді «сату» келісім шарты жасалады. Мұндай келісім жасалған соң, ойнатылған жағдаяттағы барлық сатып алушылармен талқылау жасалады. Олардың әрқайсысы қандай мақсатпен таңдаған компьютерді сатып алғанын, қандай сомаға есеп жасағанын және қандай қосалқы жинақты таңдағанын айтып береді. Таңдап алған компьютер сипаттамасы келісім–шартта жазылып, негізделуі тиіс. Осыған байланысты оқушыға баға қойылады. Олар берілген тапсырыстарға арналған жинақпен таныстырады. Жоба қорытындысын жасай отырып, оқушылар назарын «сатып алушы - сатушы» жағдаятындағы мәдениеттілікті, бір-біріне сыпайы қарым-қатынас жасау керектігіне аудару қажет.

Сонымен, жобалау технологиясын ұйымдастырудың жалпы идеясы теориялық информатика мен ақпараттық технологияны меңгерген білімдерін талап ететін «өмірлік» мәні бар мәселелерді шешудің қызықты жолдарын іздеу. Бұл жобаларды орындау және рәсімдеу оқушыдан түрлі бағдарламамен қамтамасыз ете білуді, түрлі пәндер бойынша білімнің интегралды болуын талап етеді [4].

Жобалау әдісін қолдану тәжірбиесін жинақтайтын болсақ, мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Заманауи мектепте білім беруде жобалау әдісін қолдану оқушы тұлғасының толық дамуы мен оның шынайы іс-әрекетке дайындау қажетілігінен туындап отыр.
2. Жобалау әдісі жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере отырып, информатика мен ақпараттық технологияларын оқытуда кеңінен қолданыс тауып отыр.
3. Жобалау әдісі жалпы орта білім берудің барлық кезеңдерінде оң нәтиже береді, себебі оның мәні - тұлғаның даму кезеңдерінің психологиялық талаптарына сәйкес келеді.

Оның туындауының басты себептері :

- Жобалау әдісінің проблемалық сипаты, оның негізіне шынайы өмірмен байланысты тәжірбиелік және теориялық мәселелер алынады.
- Жобалау әдісінде оқушы мұғалімге ойлау іс-әрекетінде тікелей бағынышты болмайды, олардың қарым–қатынасы белсенді – танымдық сипатта болады.

Бұл компьютерлік сауаттылықты, оқушының ішкі мотивациясының, оқушының өз бетінше әрекет етуін, олардың төзімділігі мен жалпы интеллектуалды дамуын жоғарылатады.

Алайда жобалау әдісі әлі де болса оқытудың дәстүрлі түріне орын беріп келеді. Бұған мұғалімнің бұл әдіс туралы толық емес және замануи емес ақпарат алуы, көптеген мектептердегі консервативті көзқарас болуы, оқушылардың жобалау әдісін қолданудағы түрлі қиындықтарға тап болуы, білім деңгейінің әртүрлі болуы, өз бетімен ойлау әрекетінің жеткіліксіз болуы әсер етіп келеді. Сондықтан жобалау жұмысын ұйымдастыруда бұл әдістің оқу процесінде қолданудың теориялық және тәжірибелік жақтарын зерттеуді талап етеді. Ұсынылған тәжірибем осы қиын мәселені шешуге көмектеседі деген сенімдемін.

Әдебиеттер

1. *Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петрова А.Е. "Новые педагогические и информационные технологии в системе образования". М., 2004.*
2. *Карпенко К.А., Королева Е.Л., Недялкова Г.М., Соколова И.И. Опыт организации учебно-исследовательской деятельности//Журнал «Исследовательская работа школьников». №1, 2002г.С.130-134*
3. *Кропанева Г.А. Учебно-исследовательская деятельность школьников как технология развивающего образования (из опыта работы Вятской гуманитарной гимназии г.Кирова)// Труды Научно-методического семинара «Наука в школе» -М.: НТА «АПФН», 2003. т.1,С.124-135*
4. *Исследовательская деятельность учащихся в современном образовательном пространстве: Сборник статей / Под общей редакцией к. пс. н. А.С. Обухова. М.: НИИ школьных технологий, 2006.*

Нургалиева Долорес Әбілдәқызы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ПИД ДАДЛИДІҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Түйін. *Интерактивті оқыту әдістері оқу үрдісінде студенттердың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Интерактивті оқыту әдістемесі қажетті ақпаратты игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді және студенттердың танымдық іс-әрекетін басқаруда мұғалімнің кәсіби шеберлігі шыңдалады. Пид Дадлидің интербелсенді оқыту әдістемесі – белсенді оқытудың өзіндік талаптарын, студенттердың бірлескен әрекет ережелерін, өзара әрекеттесуге, ұжымдық ынтымақтастықтың қалыптасуын, өзара әрекет ету дағдыларын меңгеріне, топтық жұмысқа даярлығын, оқу әрекетінің субъектісіне айналуына және өзіндік рефлексиясының дамуына ықпал етеді.*

Кілт сөздер: *интербелсенді оқыту әдістемесі, ынтымақтастық орта, интербелсенді әдістер.*

Резюме. *Отличие интерактивных методов обучения состоит в том, что используя свой собственный опыт при помощи запоминания информации, путем сбора и анализа данных, позволяет студентам закрепить свои личные и профессиональные способности. Интерактивные методики преподавания требуют больше времени для овладения необходимой информацией, применения новых, более сложных измерений в оценке. Вот так происходит повышение профессиональных навыков учителя в управлении познавательной деятельностью учащихся. Интерактивная методика обучения Пида Дадли особое значение придает требованиям активных методов обучения, правилам группового сотрудничества учеников между собой, коллективному сотрудничеству, навыкам взаимодействия в совместной работе, подготовку к групповой работе. В этом случае ученик становится субъектом учебной деятельности и влияет на развитие саморефлексии.*

*Ключевые слова: интерактивная методика обучения, коллобаративная среда, виды интерактивных методов обучения****.***

Summary. *Young students will always be a key factor, which determines the present and the future of any society, as well as a continuous renewing innovation potential. The term "student" represents a social-demographic group, which is characterized by certain contingent of young people, territorial feature, and gender-sexual structure. At the same time, most young people are distinguished by certain social and psychological characteristics that recognize place, role, status in particular society and in certain period pass specific phase of socialization. Of no less importance is owned by possibility and necessity of choosing to engage in socially significant (or negative) activities. Free time is defined as a person's social and biological need.*

Keywords: student, student's age, free time.

Бүгінгі күні біздің қоғамға проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын және командада, топтарда тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және бастамашылық қабілеті бар жастар қажет.

Күрделілігі күн сайын артып, өзгеріп және тез жетіліп келе жатқан, біз өмір сүріп жатқан әлемде «Білімнің болуы» бүгінгі күні жеткілікті емес. Адамдардың өмір бойы білім алуын оңтайландыру үшін жастардың жеке қабілетін жан-жақты дамытып, оларға жан-жақты білім беру шеңберінде тиімді ойлау қабілетін сіңіру қажет екені сөзсіз.

Бәсекелестікке бейімділік адамның жинаған білім қорымен ғана өлшенбейді, алған білімін өмір сүрудің, өзін-өзі дәлелдеудің, өзгелермен тіл табыса әрекет етудің құралы ретінде қолдана білуінен көрінеді.

Жоғары оқу орындарының педагогикалық бағыттағы студенттерді интерактивтік оқыту үдерісінде тілдік тұлғаның тілдесімдік, пікірлесімдік, сөйлеу шеберлігі деңгейі өседі, оның дүниетанымы, интеллектісі, мәдениеттілігі артады, сонымен қатар, кәсіби-қатысымдық құзыреттілігі дамиды, яғни кәсіби мақсатта ақпаратты қабылдау, талдау, ойын жеткізу құзырлығы қалыптасады.

Кез-келген іс-әрекетке итермелейтін, қуат беретін қайнаркөз – ол мүдделілік, қажеттілік, мұқтаждық. Мәселен, болашақ мамандығына үйренудегі уәж оның маман болуға іштей өзін бейімдеуі, мамандыққа қызығуы немесе материалдық мақсатта меңгергісі келгендігінен болуы мүмкін. Әрекет мәселесін жан-жақты талдаған А.Н.Леонтьев пікіріне сүйенсек, ол “кез-келген әрекеттің алғышарты әрекет болып табылады. Ал қажеттілік тек белгілі бір нысана (мақсат) болған кезде анықталады да, ол нысана уәжге айналады” дейді [1].

Бұдан кейінгі кезең амалдар мен құралдарды пайдалана отырып, жоспарлау, бағдарлау, іштей өз әрекетін ұйымдастыру кезеңі болып есептеледі. Ғалым П.Я.Гальпериннің пікірінше, "сыртқы" әрекеттен "ішкі әрекетке, яғни, ақыл-ой әрекетіне көшу ("интериоризация") теориясын айтады. Бұл теорияның мәні мынада:

- сыртқы материалдық болмыстың психикада бейнеленуі;
- белгілі бір әрекеттің алдымен ойда орындалуы.

Ақыл-ой әрекеті өзінің генезисі бойынша материалдық нәрсемен байланысты, оның бейнесі болып табылады. Кез-келген бір жұмысты атқару үшін адам оны қалай істеу керек екенін ойлап алады. Шынайы құбылыстың немесе белгілі бір істің, заттың бейнесі объект ретінде ойда, мида бейнеленеді де, оның іске асуы ақыл-ой әрекеті арқылы жүреді [2].

Демек, әрекеттің іске асу жолдарын А.А.Леонтьев былай деп тұжырымдайды: "әрекет уәжден, жоспардан басталып, белгілі бір нәтижеге жетіп түйінделеді. Ал оның ортасында осы нәтижеге қол жеткізу жолындағы іс-әрекеттер, операциялар жасалады".

М.В.Кларин "интерактивті оқыту" үйренушілердің оқу ортасымен өзара әрекеттестігіне негізделген оқыту деп түсіндіреді [3]. Оқу ортасы үйренушілердің жинақталған тәжірибесін қолдана алатын шынайы өмір ретінде танылады. Үйренушілердің тәжірибесі олардың эмпирикалық, өмірлік әсерін қосымша, көмекші материал ретінде пайдалану емес, танымдық оқудың негізі болып танылады. Яғни, интербелсенді оқытуда оқу үдерісіне қатысушылардың тәжірибесі негіз болады. Сөйтіп, интербелсенді оқытуда оқытушы мен үйренушінің рөлдері өзгереді: үйретуші емес, үйренуші белсенді. Үйретуші үйренушіге дайын білім бермейді, тек оны шығармашылық ізденіске итермелейді. Мұндай сабақтарды үйренушілер алған білімін практика жүзінде тексереді, жағдаяттық жаттығулардың арқасында кәсіби міндетті шешуде логикалық ойлауға, қорытындылауға үйренеді, алынған білім мен тәжірибені терең сезінеді, яғни үйренуші оқу ортасымен (оқу ақпаратымен) әрекетке түсе отырып және өзінің бұрынғы тәжірибесіне сүйеніп өзінің мүмкіндігін сыртқа шығарады.

Интерактивтілік жағдайы өзінің формасына сай өзара ықпалдастыққа, өзара белсенді түрде әрекеттесуге, оқытушы мен студент арасындағы кері байланысқа жол ашады.

Педагогикалық қарым-қатынас саласындағы зерттеулер студенттердың оқу әрекетінің бастапқы кезеңінде олардың әлеуметтік-психологиялық, оқуға бейімделуіне ықпал ететін "авторитарлық монолог" емес, "демократиялық диалог" екендігін дәлелдейді. Сөйтіп, оқу ортасында шешуші фактор болатын ең жоғары деңгей – сенімділік деңгейіне жетеді. Психологтар сенімділік ахуалын тудырудың екі амалын көрсетеді:

- бағалаушы, сынаушы ұстанымынан баяндаушы ұстанымына көшу;
- бақылаушы әрекеттен бірігіп проблеманың шешімін табу әрекетіне қарай бұру.

Б.Г.Ананьевтің зерттеулерінде студенттерді оқытудағы мүмкіндіктер жөнінде бай эмпирикалық материал, теориялық тұжырымдар, эксперимент нәтижелері бар. Студент жасындағылардың сезімталдық, перцептивтік, сөйлеу мен ойлау әрекеттерінің байланысы секілді психикалық үдерістерінің дамуы жоғары сатыға жететіндігі жөніндегі мәселелерді қозғады. Вербальді ойлау, тыңдап-қабылдау, логика студенттердің өзге тілді қабылдауындағы негізгі компоненттер болып табылады. Сондықтан оқу үдерісінде студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру үшін олардың жасырын мүмкіндіктерін іске қосу арқылы жүзеге асыруға болады деген тұжырым жасауға болады [4].

Жоғарыда айтылған пікірлерді қорытындылай келе, оқытушының интербелсенді оқытудағы функциясы іске асады:

- өзінің тереңдігі мен маңыздылығына қарай, сенімділік, жақындық ахуалын тудыру;
- студенттердің интеллектуалдық, танымдық белсенділігін көтеретін амалдарды қолдану;
- студенттердің қатысымдық қажетін ескеру және оны қанағаттандыратын сабақтарды ұйымдастыру;
- түсіністкке негізделген сөйлесім нобайын ұсыну.

Интерактивті оқыту барысында оқытушы сабағында қолданатын интербелсенді әдістемені алдын ала сараптап, өтетін сабақтың тақырыбының мазмұнын ашатын, тиімді әдістерді жүйелеу және сабақтың мақсатына жетелейтін әдістерді таңдауда және студенттердың танымдық іс -әрекетін басқаруда педагогтың кәсіби шеберлігі де шыңдала түседі.

Оқытушы студенттердің білім және білік потенциалын жинақтап, оқу үдерісінің сапасын арттыру барысында, Пид Дадлидің «Оқыту мен оқудың белсенді әдістері» атты әдістемелік оқу құралының оқытушыға көмекші бола алатыны анық. Бұл әдістемелік құралда енгізілген әдістермен шектелмей, оқытушылар өздерінің күнделікті педагогикалық қызметіне енгізгісі келетін әртүрлі ұтымды әдістер туралы, оларға өз педагогикалық тәжірибесінде пайдалануға кеңес береді. Сонымен қатар, студенттер мен мұғалімдерге арналған ынталандырушы, байытушы, батыл және шоғырландырушы ортаны құруда пайдалы құрал болып табылады [5].

Ал интербелсенді оқытуда үйренушінің танымдық ойлау қабілетін дамыту қатар жүреді. Интербелсенді әрекет формасындағы ықпалдастық қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі позитивті тенденция болып табылады.

Ал интербелсенді тілдесімнің басты белгісі үйретуші мен үйренуші қарым-қатынасының, рөлдерінің өзгеруінде болып отыр. Қарым-қатынас өзара ықпал ету, өзара сену, ынтымақтастық, бір-біріне жәрдем беру сипатына енеді. Сөйтіп, интербелсенді оқытуда тұлғаның кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, тәрбиелеу, дамыту процесін жандандыра түседі. Демек, жоғары оқу орындарының еңбек рыногына бейім, кәсіптік қызметке психологиялық дайындығы бар, сөйлеу шеберлігі қалыптасқан маман дайындау мақсатын қанағаттандырады.

Эмпатия оқытушы және студент үшін маңызды. Оқыту сөздер мен әрекеттің тізбегінде, үйренушілердің өзара әрекеттестігі негізінде жүріп, өмірлік жағдаяттармен бекиді. Әрине, әр қатысушы өз "менін" жоғалтпауға тырысады. Әркім өзінің рөлімен органикалық байланыста болуы маңызды. Рөлге ену арқылы үйренуші тілдесім нормаларын қабылдайды, өзін соған сай бейімдейді. Рөлдік ойында оған қатысушы көптеген рөлдерді қабылдауы керек, өйткені олар бір-бірінің ұстанымын қабылдауы қажет. Мұнда авторлық бірлестік феномені көрінеді.

Студенттердің белсенділігі психологиялық дайындықты қажет етеді. Кейбіреуі сыннан, теріс пікірден қорқады, қысылады. Сондықтан, жылы, жайлы ахуал тудыру, эмпатиялық қатынас маңызды болып есептеледі.

Жоғарыда айтылғандарды пайымдай отырып, «интербелсенді оқыту - оқу үдерісіне қатысушылардың барлығының өзара белсенді әрекеттестікке тусуі, жұптық, топтық, ұжымдық оқыту формаларының үйлесімді әрекет ете отырып, үйренуші дайындығының жеке деңгейіне қарай қабілеті мен мүмкіндіктерінің толығынан ашылуына жағдай жасау және білімді өз бетімен алуына бейімдеу» - деп ой түйіндейміз.

Интербелсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде студенттердың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Сонымен бірге, интербелсенді оқыту әдістемесі қажетті ақпаратты игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді.

Оқытудың интербелсенді әдістерінің психологиялық негіздерінің өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Сондықтан белсенді оқытудың өзіндік талаптарын есепке алып, алғышарттарын қанағаттандыру керек.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, интербелсенді оқыту әдістемесі тиімділігінің сыртқы көрсеткіштері ретінде студенттердың бірлескен әрекет ережелерін мойындай отырып, өзара әрекеттесуге ұмтылуын, топтық рефлексияның дамып, ұжымдық ынтымақтастықтың қалыптасуын, ал әсерлілігінің ішкі көрсеткіштері ретінде студенттердың өз міндеттері мен құқықтарын түсіне отырып, өзара әрекет ету дағдыларын меңгеріп, топтық жұмысқа дайын болуын, оқу әрекетінің субъектісіне айнала отырып, өзіндік рефлексиясының дамуын айтуға болады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, интербелсенді оқыту әдістемесі нәтижелілігінің сыртқы көрсеткіштері ретінде студенттердың топтық жұмыс ережелерін қабылдай отырып, нақты мақсаттар қоюға үйренуін, оқу топтарының жасақталып, қажетті оқу кеңістігінің қалыптасуын, ал табыстылығының ішкі көрсеткіштері ретінде студенттердың таным белсенділігі артып, жаңаша оқуға дайындықтарының жетіліп, өзара әрекеттесу дағдыларының дамып, ынтымақтастық ұжымның қалыптасуын айтуға болады. Жалпы алғанда, интербелсенді оқыту әдістемесінің басты шарттары *қауымдастық* пен *бәсекелестік* болып табылады.

Ғалымдар пікіріне сүйенетін болсақ, мұнда негізгі және жетекші үрдіс – іс-әрекетті оқытуды ұйымдастыру, оның ерекшелігі студенттердың өздері ақпараттар жинап, өздері жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді. Олар өз пікірлерін бір-біріне, топта айта алады. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударылуы тиіс [6].

Психолог-ғалымдардың пікірінше, бала білімді төрт түрлі жағдайда алады: дайын білімді қабылдап алу, зерттеу барысында жаңалық ашу, әр түрлі жағдайда әсерді сезіну және синтез арқылы бұйым құрастыру немесе өнім жасау. Міне, сондықтан да интербелсенді оқыту әдістемесін қолдану арқылы әр түрлі жағдайда әсерлерді сезінуге жол ашады, әр түрлі білімдерді синтездеу кезінде шығармашылық өнім жасауға жағдай жасайды, дегенмен түрлі жағдаяттар мен мәліметтерді талдап, сараптап, зерттеу барысында жаңалық ашуға көбірек мүмкіндік береді.

Топтың сандық құрамы оқыту немесе өзара әрекеттестіктің сапасын анықтамайды. "Өзара әрекеттестік" әдісінің өзекті ерекшелігі – студенттердың оқыту дағдыларын өзара әрекеттестік арқылы меңгеруі және оның міні өзінің қабілеттерін ашу үдерісі болып табылады.

Интербелсенді оқыту әдістемесі студенттердың біліктілігін, икем-дағдыларын дамытуға бағытталады. Біз сондықтан егер сабақ барысында оқытушы мен студент арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, "интербелсенді" деп атай аламыз.

Осы орайда, өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтетінін, ең бастысы, мұнда мәселені шешу үрдісі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет.

Білім беру ісін гумандандыру, демократияландыру, ізгілендіру бағыты оқыту жүйесін жеке тұлғаның құрылымымен, оның даму заңдылықтарымен сәйкестікте ұйымдастыру арқылы көрінеді. Студенттің дара тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік туғызу жаңа педагогикалық парадигманың өзегін құрайды.

Әдебиеттер тізімі

1. *А.А.Леонтьев. Язык и речевая деятельность в ующей и педагогической психологии. Избранные педагогические труды. 2016. 350с.*
2. *П.Я. Гальперин. Лекции по психологии. Учебное пособие. Книжный дом "Университет". 2010. 400с.*
3. *Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. -СПб.:Питер,2001. 288с.*
4. *Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры и дискуссии. (Анализ зарубежного опыта). . — Рига: НПЦ «Эксперимент», 1995. – 176 с.*
5. *П.Дадли. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. Астана. (үш тілде). 2013.*
6. *Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Астана, ДББҰ (2012)*

Нургалиева Долорес Әбілдәқызы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, nurdolores@mail.ru

СТУДЕНТТІҢ БОС УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Түйін. Студент жастар – әрқашанда кез-келген қоғамның бүгіні мен болашағын айқындаушы басты фактор және үздіксіз жаңартушы инновациялық әлеует болып табылады. «Студент» термині жастардың белгілі бір көлемімен, жастық-жыныстық құрылымымен, аумаққа бөлінуімен сипатталатын әлеуметтік-демографиялық топ. Сонымен қатар, олардың белгілі бір қоғамдағы орны, рөлі, статусы бар екенін мойындап және жастардың басым көпшілігі өткеретін және белгілі бір әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен анықталатын әлеуметтенудің кезеңі, өзгеше фазасы ретінде қарастырылады. Студенттің бос уақыты әлеуметтік мәнді (немесе теріс) іс-әрекетпен айналысуындағы таңдау жасау мүмкіндігі, қажеттілігі. Бос уақыт – адамның әлеуметтік-биологиялық қажеттілігі ретінде айқындалады.

Кілт сөздер: студент, студенттік шақ, бос уақыт.

Резюме. Студенческая молодежь всегда будет являться ключевым фактором, определяющим нынешнее и будущее любого общества, а также непрерывным обновляющим инновационным потенциалом. Термин «студент» представляет социально-демографическую группу, характеризующийся определенным контингентом молодежи, отличающийся территориальной особенностью и сексуально-половой структурой. Вместе с тем, большинство молодых людей отличаются определенными социальными и психологическими особенностями, которые признают место, роль, статус в конкретном обществе и в определенный период проходят определенную фазу социализации. Немаловажное значение имеет возможность и необходимость выбора заниматься социально значимой (или отрицательной) деятельностью. Свободное время определяется как социально-биологическая необходимость человека.

Ключевые слова: студент, студенческий возраст, свободное время.

Summary. Young students will always be a key factor, which determines the present and the future of any society, as well as a continuous renewing innovation potential. The term "student" represents a social-demographic group, which is characterized by certain contingent of young people, territorial feature, and gender-sexual structure. At the same time, most young people are distinguished by certain social and psychological characteristics that recognize place, role, status in particular society and in certain period pass specific phase of socialization. Of no less importance is owned by possibility and necessity of choosing to engage in socially significant (or negative) activities. Free time is defined as a person's social and biological need.

Keywords: student, student's age, free time.

Студент жастар – әрқашанда кез-келген қоғамның бүгіні мен болашағын айқындаушы басты фактор және үздіксіз жаңартушы инновациялық әлеует болып табылады. Сондықтан да Қазақстанның болашаққа барар жолы жастардың даму-деңгейіне, олардың мүмкіндіктері мен құндылықтарға ұмтылысына, мемлекеттің экономикалық, саяси және қоғамдық өміріне қатысу дәрежесіне тікелей байланысты.

«Студент жастар» - өзіндік мақсаттары, өмір сүру ортасы, ерекше еңбек реті, әлеуметтік ғадеті және психологиясы, бағдарлар жүйесі болатын жастар деген үлкен әлеуметтік-демографиялық топтың ірі әлеуметтік категориясын айтады. Студент (лат. students, studentis) – жоғары, кей мемлекеттерде орта оқу орындарында білім алушы. Ежелгі Рим мен Орта ғасырларда тану үдерісімен шұғылданатын кез-келген тұлғаны «студент» деп атаған. XII ғасырда университеттердің ашылуына байланысты «студент» терминін университеттерде білім алушылар мен ұстаздарға қатысты пайдаланған; ұстаздар үшін ғылыми атақтар енгізілгеннен кейін тек білім алушыларға қатысты қолданыла бастады.

«Студент» термині жастардың белгілі бір көлемімен, жастық- жыныстық құрылымымен, аумаққа бөлінуімен сипатталатын әлеуметтік- демографиялық топпен байланыстырылады. Сонымен қатар, олардың белгілі бір қоғамдағы орны, рөлі, статусы бар екенін мойындап және жастардың басым көпшілігі өткеретін және белгілі бір әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен анықталатын әлеуметтенудің кезеңі, өзгеше фазасы ретінде қарастырылады [1].

Студенттер ерекше топ ретінде XII ғасырда Еуропада алғашқы университеттердің пайда болуымен қалыптасты. Ортағасырлық студенттік орта әлеуметтік және жас шамасы тұрғысынан біртекті болмады. Капитализмнің дамуымен және жоғары білімнің әлеуметтік мәнінің өсуімен қоғам өмірінде студенттіктің рөлі өсті. Сондықтан болар, бүгінгі күнде студенттер – білікті кадрлар мен интеллигенцияны толықтырып отыратын ресурс көзі ғана емес, сонымен қатар саны көп және маңызды әлеуметтік топ.

Ғылыми техникалық революция студенттердің орны мен құрамын елеулі өзгерістерге ұшыратты. Білімді кадрларға мұқтаждық студенттердің абсолютті санының және бұқараның басым бөлігінде,

әсіресе, жастар арасында жылдам көбеюіне алып келді. Ортақ әрекет пен белгілі бір аймақта шоғырлану студенттерге мүдделердің ортақтығын, топтық сана, өзгеше субмәдениет пен өмір сүру салтын тудырды және бұл жас шамасының гомогендігімен қуатталады, себебі басқа әлеуметтік-кәсіби топтарда мұндай ерекшелік жоқ. Бұл - әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бар қауым бірқатар саяси, мәдени-ағартушылық, спорттық және тұрмыстық студенттік ұйымдардың аясында өзіндік әрекетерімен ерекшелінеді.

Студенттердің өндіріс жүйесінде өз орны жоқ, студенттік статус уақытша болып табылады, студенттердің қоғамдық жағдайы мен оның өзіндік мәселелері қоғамдық құрылымның сипатымен анықталады және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму деңгейінің, жоғары оқу жүйесінің ұлттық ерекшеліктері негізінде нақтыланады [2].

Жоғары білім алудағы ортақ мақсат, еңбектің бір сипатта болуы – оқу, өмір сүру үлгісі, жоғары оқу орнында қоғамдық өмірге белсене араласуы студенттер арасында бірегейлікке алып келеді. Бұл студенттердің ұжымдық әрекет формаларының көптігі болып көрініс табады. Қоғамның әр түрлі әлеуметтік институттармен белсенді өзара іс-әрекетінің және жоғары оқу орнындағы оқу ерекшелігіне сай студенттік қарым-қатынас мүмкіндігінің жоғарылауы келесі маңызды ерекшелік болып табылады.

Өмірдің мәнін іздеу, жаңа идеялар мен қоғамдағы прогрессивті өзгерістерге ұмтылу – студенттердің әлеуметтік маңызды сипаты. Студенттерді зерттеу оларды мемлекеттің келешегінде интеллектуалды әлеуеті болатын ескеріп, үнемі жаңарып отыратын динамикалы әлеуметтік топтың өкілдері ретінде тану, сонымен қатар жаңа буынның өмір сүру үлгісі мен оны тәрбиелеуді жетілдірумен байланысты.

Студент жастар - бұл кез келген заманауи мемлекеттің стратегиялық әлеуеті. Жас ұрпаққа Қазақстанның мемлекеттік дамуының негізгі идеяларын, Конституцияны және де өзге заңдарды сақтап, құрметтеуге үйрету, жастар құқығы мен мүдделерін қорғау қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырады. Жас азаматтың тұлға болып қалыптасуы үшін жағдай туғызып, білім саласында, еңбекте, жұмыспен қамтуда, әлеуметтік қорғауда кепілдіктерді қамтамасыз ету - мемлекетіміздің жүргізіп отырған барлық жастарға арналған саясатының басты мақсаты болып табылады.

Студенттің интеллектуалдық, этикалық, эстетикалық тұлғалық сапаларын қалыптастыру үдерісінде – олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру басты мақсат болып табылады.

Студенттің өмірін ұйымдастырудың құрылымы ретінде, бос уақытты ұйымдастыру ісі де оңтайлы шешіліп, жас ұрпақтың көпқырлы әлеуметтік дамуы тиімді жүзеге асып, әлеуметтік жағымсыз құбылыстарды азайтуға, олардың алдын алуға жағдай жасалады.

«Бос уақытты» зерттеуде анықталған бірқатар ғылыми тұжырымдар мен тұрғылар бос уақыт құбылысының мазмұны мен қызметіне байланысты мәселеде бірізділікке әлі де қол жеткізген жоқ. Негізінен, доминантты деген екі тұрғы айқындалған: формациялық және өркениеттік. Формациялық тұрғы бос уақытты қандай да бір қоғамдық құрылыстың формаларына сәйкес тарихи-экономикалық аспектіде қарастырса, өркениеттік тұрғы әлеуметтік-мәдени қырынан қарауды ұсынады. Алайда, екеуінің біртұтастығы арқылы ғана бос уақыттың болмысын ашуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда «бос уақыттың» негізгі мәселелерін қарастыруда зерттеушілердің пікірі ортақ негізге келген жоқ. Ең басты қиындық қоғамның әлеуметтік уақыты жүйесіндегі «бос уақыт» ұғымының мәні мен межесін анықтаумен байланысты. Осыған орай, экономика саласындағы ғалымдар бос уақытты жұмысшының физиологиялық тынығуына арналған еңбектен (өндірістен) тыс уақытының бөлігі түрінде қарастырса, әлеуметтанушылар бұл мәселеге адамның жан-жақты әлеуметтік дамуымен байланысы тұрғысынан келеді. Бос уақытты еңбектен мүлде тысқары, демалыс пен көңіл-көтеру үшін белгіленген уақыт деп білетіндер де бар.

Қоғам дамуындағы маңызды орнын ескере отырып, өркениетті қоғамда бос уақыт мәселесін ғылыми зерттеуді жолға қоюда. Тіпті, «шетелде соңғы уақытта бос уақытты ұйымдастыру мен өткізудің, демалыс кезінде адамның психикалық және физиологиялық күш-қуатын қалыпқа келтірудің заңдылықтарын қарастыратын, әлеуметтік ғылымдарға қатысы бар «рекреалогия» термині пайда болды» [3, 283 б.].

Демек, «бос уақыт – адамның психологиялық-физиологиялық күш-қуатын қалпына келтіруге және әлеуметтік-мәдени дамуына ерекше ықпал ететін әлеуметтік уақыттың бөлігі» - деп қарастыруға да болады.

Ресейлік ғалым Б.Трегубов бос уақытты «қажеттілік» пен «еріктіліктің» біртұтастығында диалектикалық тұрғыдан қарастырады [4, 7-15 б.]. Кез-келген адамның бос уақытының дұрыс ұйымдастырылуы (өзі және қоғам үшін. – авт.) қажеттілік, алайда бұл қажеттілік оның өз еркі мен таңдауы негізінде жүзеге асуы тиіс – деп тұжырымдайды.

Сондай-ақ бос уақыттың «еріктілігі» адамның әлеуметтік мәнді (немесе теріс) іс-әрекетпен айналысуындағы таңдау жасау мүмкіндігі ретінде түсіндірілсе, «қажеттілік» - адамның табиғи физиологиялық сұранысына сәйкес тынығуы, ұйықтауы, өзін-өзі күтуі, т.б. Яғни, алғашқысы адамның әлеуметтік қырын таныстырса, екіншісі биологиялық болмысын анықтайды. Осылайша, бос уақыт – адамның әлеуметтік-биологиялық қажеттілігі ретінде айқындалады.

Студенттердің әлеуметтік-психофизиологиялық дамудың ерекше динамикалық жағдайындағы топ болуы, олардың бос уақыттарын ұйымдастыру мәселесінде қоғамның әлеуметтік жағынан да, биологиялық қырынан да қалыптастыруын қажет етеді. Ең алдымен, ол – арнайы әлеуметтік жағдайлар ұйымдастырылған кеңістіктің болуы. Оған қажетті негізгі алғышарттар - әр студенттің әлеуметтік-биологиялық сапасына (жыныстық-жастық ерекшелігі, ұлты, тілі, денсаулығы, отбасылық-материалдық жағдайы, т.б.) жауап беретін қоғамның (аумақтың) әлеуметтік инфрақұрылымы, рухани құндылықтары, т.с.с.

Ғалым В.Свинниковтың зерттеулері бойынша: бос уақыттың «бір нәрседен бос болу» емес, «бір нәрсе үшін бос болу» екендігін айтып, оның адамның демалуы, көңіл көтеруі, физиологиялық және рухани дамуы үшін қажеттілігіне назар аударады [5, 43 б.].

Ал Л.Николовтың пікірінше, адамның физиологиялық және рухани дамуы тек бос уақыт шеңберіндегі іс-әрекетке тәуелді емес, ол еңбек және еңбекке араласуға дайындықтың қоғамдық міндетті формаларындағы процесс нәтижесінде де оңтайлы жүзеге асады [6, 162 б.].

Екі пікір өзара қарама-қайшы сипатта. Бірінде бос уақыт еңбектен тыс уақыт түрінде адамның әлеуметтік және физиологиялық дамуы үшін алғышарт болып анықталса, екіншісінде бос уақытты таңдау еріктілігі қағидасына сай, адам еңбек етуді таңдау арқылы да бос уақытын ұйымдастыра алатыны және сол арқылы да өзін рухани-физиологиялық дамытуға мүмкіндік жасайтыны айтылады.

Демек, студенттің оқудан тыс бос уақыттарында (еңбекті ерікті таңдау негізінде) қоғамдық пайдалы жұмыстарға араласу арқылы, олардың бос уақытты әлеуметтік мәнді, тиімді өткізеді, әрі әлеуметтенеді, атап айтқанда, еңбекке тәрбиеленеді; өзіндік әрекет пен өзін-өзі ұйымдастыруға бейімделеді; ұжымдық қарым-қатынасқа үйренеді; ізгілікті әрі адамгершілікті дамиды; әлеуметтік бағдарланады; азаматтық тұғырланады; саяси-экономикалық және құқықтық сауатын арттырады; кәсіби бағдарын қалыптастырып, алғашқы кәсіптік білім мен тәжірибе жинақтайды; экологиялық мәдениетін қалыптастырады; басқарушылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытады; көшбасшылық қабілетін қалыптастырады; үнемділік пен ұқыптылыққа тәрбиеленеді; әлеуметтік белсенділігі артады; әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасады; т.с.с.

Көп жағдайда, ерікті негізде таңдалатын қоғамдық пайдалы жұмыс студенттердің әлеуметтік ортасы болып табылатын (университет жанынан немесе университеттен тыс) үйірмелер мен секцияларда, қызығушылығына байланысты клубтар мен ұйымдарда сәтті жүзеге асады.

Бос уақыт «мазмұн» – «құрылым» – «қызмет» сияқты элементтердің біртұтастығынан тұрады [34, 21 б.]. Мұндағы назар аударуды қажет ететін элемент – құрылым. Ол – бос уақыттың мазмұнының ішкі ұйымдастырылу формасы, яғни, бос уақыттағы әртүрлі іс-әрекеттердің біртұтас тұрақты арабайланысы.

Ғалым Б.Трегубовтың тұжырымы негізінде құрылымның екі түрін анықтайды: демалыс және мәнді іс-әрекетпен айналысу.

Демалыс – негізінен, мәдени қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған, қалыпқа келтіруші сипаттағы іс-әрекет түрлерінің жиынтығы. Оған түрлі демалыстар мен көңіл көтерулерді жатқызуға болады. Сондай-ақ көркемөнер мен шығармашылықпен айналысуды да осы қатарда қарастыру бар. Ал мәнді іс-әрекетпен айналысу - адамның ерікті әрі жоғары қызығушылығы негізінде жан-жақты дамуға барынша ықпал ететін (әлеуметтік-мәдени, ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси) іс-шаралармен айналысулары. Бұл екеуі диалектикалық арақатынаста біртұтастық сипатын сақтай отырып, бірін-бірі үйлесімді толықтырады.

Бос уақытты құраушы компоненттердің қайсысының басымдығы артса, бос уақыттың ұйымдастырылу сипаты да өзгермек. Айталық, егер құрылымның «демалыс» элементі басым болса, бос уақыт мазмұны да мәнділік сапасын төмендетеді. Сәйкесінше, «мәнді іс-әрекетпен айналысу» басымдығы мазмұны мағыналы іс-әрекеттерге толы болады.

Осы бағытта, Педагогика және психология институты, мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының жанынан құрылған «Лидер», «Мейірім» клубтары және «Айналайын» қуыршақ театрының мақсаты - теория мен практиканы сабақтастыра үйлестіру арқылы студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану жолын меңгертеді. Студенттердің бос уақытын ұйымдастыру ісін әлеуметтік бағдарлайды және бос уақытты ұйымдастыру алаңы ретінде мәнді іс-

әрекетпен айналысуға басымдық беріп, демалыс пен көңіл көтеруді оған бағындыра отырып жүзеге асырады.

Тәрбиелеу де, білімдендіру де, дамыту да, бейімдеу мен түзету де әлеуметтік қарым-қатынас арқылы жүзеге асатындықтан, клубтың тартымдылығына, сондай-ақ шығармашылық пен бастамашылдық іс-әрекеттердің дамуына негіз болады.

Клуб жетекшілері мен кафедра оқытушыларымен бірге жасалған әлеуметтендіру жұмыстары барысында, студенттерді республикалық, қалалық, университет тарапынан жасалынып жатқан іс-шараларға қатыстыра отырып, тұлғалық дамуына, кәсіби маманның құзіреттілік дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік жасалып, «бос уақыт» тек демалу ғана емес, рухани дамуына да бағыт бағдар беруде.

Студенттердің әлеуметтік-мәдени сұранысын қанағаттандыруда қажетті іс-әрекеттер жасалуда. Клуб жетекшілері студенттерді қаланың мәдени орталықтарына, атап айтсақ кітапханаларға, мұражайларға, театрға, қалалық спорт марафонына үнемі қатыстырып, соңғы уақытта клубтың белсенді студенттерінің басқаруымен қоғам қайраткерлерімен кездесулер, студенттерді толғандыратын түрлі дебаттар жүргізілуде.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық унивеситеті, Педагогика және психология институты, 5В012300 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» және 5В010100 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие» мамандықтарының студенттерінің толыққанды әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуына бағытталған әр түрлі іс-шаралары, олардың әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық сұраныстарын қанағаттандырып қана қоймай, азаматтық қоғамның құрамды бөлігі ретінде, олардың адамгершілік құндылықтарының калыптасуына септігін тигізетіне жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесі дәлел бола алады.

Әдебиеттер

1. *http://www.stat.kz/digital/obraz/Pages/default.aspx*
2. *Манько Ю. В., Оганян К. М. Социология молодежи: учебное пособие. - СПб.: ИД «Петрополис», 2008. - 316 с.*
3. *Кэндо Т. Досуг и популярная культура в динамике и развитии //Личность. Культура. Общество. – М, 2000. - Т. II., Вып. 1 (2). - С.283.*
4. *Трегубов Б.А. Свободное время молодежи: сущность, типология, управление. - Санкт-Петербург: Издательство Санкт-Петербургского университета, 1991. – 152 с.*
5. *Свинников В.М. Социализм и свободное время. Право на отдых. - М., 1985. - Б.43.*
6. *Николов Л. Структуры человеческой деятельности /Пер. с болг. - М., 1984. - Б.162.*

ӘОЖ 378.147.2.811.112.2

Орынбаева У.К.
6D011900- «Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығының 1 курс докторанты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, ulserik@mail.ru

БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІН ДАЙЫНДАУДАҒЫ КӘСІБИ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін. *Мақалада болашақ мұғалімнің кәсіби рефлексиясын педагогикалық іс-тәжірибе мәнмәтінде дамыту ерекшеліктері қарастырылады. Мақаланың мақсаты студенттерді кәсіби даярлау үрдісінде кәсіби рефлексияны қалыптастыру жағдайларын сипаттайтын тәсілдер. Автор тұлғаның рефлексиялық қабілеттерін дамыту үшін педагогикалық іс-тәжірибе кезеңінің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Педагогикалық рефлексияны мұғалімнің кәсіби даму құралы ретінде қарастыру негізінде зерттеушілердің пікірлері ұсынылған. Педагогикалық рефлексия құзыреттілік құрылымы сипаттамасы шығармашылық ойлауды және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін интегралдау механизмі ретінде берілген. Мамандарды даярлау үшін, оның кәсіби көрінісін жеке шығармашылық, ойлау және оның өзін-өзі жүзеге асыру және кәсіби шеберліктің жоғары деңгейіне жету үшін қажетті жағдай жасау болып табылатындығы айтылған. Жоғарғы білім беру процесіндегі міндеттер проблемалық деңгейлерге бағытталу керектігі көрсетілген. Осындай үдерістің нәтижесінде мұғалімнің кәсіби қызметінің құрылымында кәсіби рефлексия жүйені қалыптастыратын сипатқа ие болады және оның кәсібилігінің жеке негізіне айналады.*

Кілт сөздер: *рефлексивті құзыреттілік, кәсіби даярлау, бірлескен іс-шара, кәсіби рефлексия, оқытушылар қоғамдастығы, өзін-өзі бағалау, кәсіби іс-әрекет.*

Summary. *In the article the features of developing professional reflection of the future teacher in the context of pedagogical practice are considered. The purpose of the article is to examine the ways of professional reflexion and to formulate it in the process of professional development of students.The author points to the special significance of pedagogical practice for the development of the reflective abilities of the future teacher. The views of researchers on understanding the pedagogical reflection as a means of professional development of the teacher are presented. A description of the structure of reflexive pedagogical competence as an integrating mechanism providing creative thinking and self-development of a personality is given. Important for the training of a specialist is the development of professional reflection as a personality, thinking and conditions necessary for the teacher's creative self-realization and achieving a high level of professional mastery. And the process of learning in higher education should be focused on the task and problem levels. As a result of such process in the structure of the professional activity of the teacher reflection will acquire a system-forming character and become the personal basis of professionalism.*

Key words*: reflective competence, professional preparation, joint activity, professional reflection, teachers' community, self-assessment, professional activity.*

Резюме. *В статье рассматриваются особенности развития профессиональной рефлексии будущего учителя в контексте педагогической практики. Цель статьи - изучить профессиональную рефлексию в процессе профессионального развития студентов. Автор указывает на особую значимость периода педагогической практики для развития рефлексивных способностей личности будущего учителя. Приведены взгляды исследователей на понимание педагогической рефлексии, как средства профессионального развития педагога. Дано описание структуры рефлексивной педагогической компетентности, как интегрирующего механизма, обеспечивающего творческое мышление и саморазвитие личности. Важное значение для подготовки специалиста имеет развитие профессиональной рефлексии как свойства личности, мышления и условия, необходимого для его творческой самореализации и достижения высокого уровня профессионального мастерства. И процесс обучения в высшей школе должен быть ориентирован на проблемные уровни. В результате такого процесса в структуре профессиональной деятельности педагога, рефлексия приобретет системообразующий характер и станет личностной основой его профессионализма.*

Ключвые слова*: рефлексивная компетентность, профессиональная подготовка, совместная деятельность, профессиональная рефлексия, сообщество учителей, самооценка, профессиональная деятельность.*

Адамның бір ерекше қасиеті бар: біз өзіміз туралы өзгелердің пікірін естігіміз келіп тұрады. Сондықтан да кез келген әрекеттен кейін басқалардан «Қалай болды? Мен сырт көзге қалай болып көріндім? Қалай сөйледім (жасадым, отырдым, тұрдым, жаздым, т.б. әрекеттерді келтіруге болады)?» деп өзіміз туралы пікірін сұраймыз. Сол әрекетті бақылаған адам өз пікірін айтады, бағасын береді. Оның пікірі өзіміздің оймен сәйкес келуі немесе келмеуі де мүмкін. Алайда сырт пікір бізге білім мен әрекеттерімізді түзету, өзгерту, жақсарту мүмкіндігін береді. Олардың мұндай пікірі біз үшін рефлексия болады. Осылайша өзгелердің өзіміз туралы пікірлері бізге өзімізді тануға, ішкі «Мен»-нің қалыптасуына көмектеседі [1, 125].

Осыған орай қазіргі кезеңде педагогикалық мамандарды даярлау үрдісінде рефлексивті құзыреттілікті дамыту мәселесі өзекті болып табылады.

Мұғалім жұмысындағы рефлексияның мәні шын мәнісінде жан-жанжылықты қажет етеді.

Рефлексиялық үрдіс мұғалім кәсіби іс-әрекеттерінің барлық іс-әрекетінде яғни, студенттермен тікелей қарым-қатынас жағдайында, оқу-тәрбие қызметін жобалау, өзін-өзі талдау сатысында және өзін-өзі бағалау кезеңінде көрініс табады. Мұғалімнің өз қызметіне қатысты рефлексиялық қатынасы педагогикалық мамандықтың қызметін анықтайтын көптеген факторлармен анықталады.

Рефлексия- мұғалімнің практикалық ойлауының жалпы қасиеттері, нақты жағдаятқа қатысты білімдерін қолдануда көрінетін, қажетті қасиеті болып табылады. Күнделікті рефлексиялық шолу мұғалімге өзінің кәсіби қызметінде құзыретті болуына мүмкіндік береді.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде рефлексияның рөлі маңызды. Өйткені, рефлексия бір ғана тәжірибеде қолданылмайды, бірақ одан шығарылған ой маңызды болып табылады.

Оның үстіне, рефлексия кәсіби тәжірибеде, кәсіби шеберлігін дамытудың кілті болып табылатын көрінісі болып табылады:

«тәжірибе + рефлексия = дамыту».

Зерттеулер көрсеткендей, мұғалімнің теориялық білімі мен оның практикалық тәжірибесінің рефлексиялық интеграциясы өзінің жеке мағынасына толы сапалы жаңа кәсіби білімге - өз қызметін реттейтін функцияны қабылдайтын жетекші идеяларды тудырады. Рефлексия басқа кәсіби қасиеттерге қатысты айқындаушы рөл атқарады, сондықтан да университеттегі оқу үдерісіндегі рефлексия өздігінен емес, мақсатты түрде қалыптасып, ұйымдастырылуы керек.

Рефлексияның екі деңгейін бөліп көрсету болады: өз оқуына («студенттің» жағдайында) және оқуды ұйымдастыру туралы («мұғалім» жағдайында).

Мұғалімнің кәсіби рефлексиясы оның тәжірибесіне, өзін-өзі талдауы, өзін-өзі реттеудің психологиялық механизмдері негізінде кәсіби өзін-өзі жетілдіру және шығармашылық өсу қабілеті, педагогикалық шеберліктің деңгейіне әсер етеді.

Кәсіби рефлексия - мұғалімнің өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету және студенттермен өзара әрекеттесуі, белсенділік және интерактивті деңгейде білім беру үдерісін басқару тәсілі ретінде оның кәсіби деңгейін анықтайтын бағалаудан тұрады.

Біздің ойымызша, мұғалімді оқыту тәжірибесі мен оның нақты кәсіптік қызмет арасында шоғырланған басты қайшылықтардың негізгі «түйіні» кәсіби сана болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогикалық мамандықтарда білім беру студенттер арасында ақпараттың ауызша яғни, ғылыми және пәндік білім қалыптастыруға бағытталғандығы. Мамандарды даярлауда кәсіби іс-әрекеттің мазмұны мен болашақ педагогикалық қызмет субъектілерінің нақты практикалық қарым-қатынасына көп көңіл бөлінеді.

Бірақ студенттің педагогикалық іс-әрекетінің пәні ретінде өзін-өзі тануына, мамандық бойынша өзін-өзі анықтауына және педагогикалық қызметтің көрінісі негізінде, өз педагогикалық ұстанымын қалыптастыруға талдамалық қызметі жеткіліксіз.

Мақаланың мақсаты студенттерді кәсіби даярлау процесінде кәсіби рефлексияны қалыптастыру жағдайларын сипаттайтын тәсілдерді қарау болып табылады.

Көптеген ғалымдар, атап айтатын болсақ Анисимов О.С., Вульфов Б.З., Давыдов В.В., Зак А.З., Колошина Т.Ю., Лобанова Ю.И., Потемкин В.П., Степанов С.Ю. студенттердің кәсіби іс-әрекетін жобалау, болжау және бағдарламалау қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін рефлексияны қолдану қажеттілігін көрсетеді. Педагогикалық рефлексия оларды тек қана немен айналысатындығымен ғана емес, сонымен қатар - олар не істеп, не істей алатындығын қамтамасыз етеді.

Л.М. Перминова өз нәтижесін ескере отырып, өзін-өзі тану, оның жетістікке жетуін ескере отырып, студентке шын мәнінде өзін бағалауға, оның мүмкіндіктерін басқа адамдардың мүмкіндіктерімен байланыстыруға мүмкіндік береді деп санайды [2,36-39].

Қазіргі жағдайда студенттің алдында тұрған негізгі міндет - ғылыми және пәндік білімді алу ғана емес, олардың қаншалықты тиімді қолдану тәсілдері. Сонымен қатар, «кәсіби білім беру үрдісінде біз қалыптасқан санаға емес, өтпелі кезеңдегі, трансформацияда, дамушы, рухани өсіп келе жатқан тұлғанынң сана-сезімімен, оның дамуына және рухани еркіндікке ұмтылуына күш жұмсаймыз».

А. В. Разинаның айтуынша, бүгінгі таңда рефлексияны оқытудың бірнеше әдістері бар: жұмыс кезінде рефлексиялық ортаны құру (Степанов С.Ю.), жаттығуларға біріктірілген түрлі ойындарды пайдалану (О.С. Анисимов, Г.П. Щедровицкий), зертханалық эксперимент жағдайында жеке және интеллектуалды механизмдерді дамыту, стандартты емес, шығармашылық проблемаларды шешу арқылы (В. Зарецкий, И.И. Семенов) [3,17].

И.В. Вачковтың пайымдауынша, рефлексияны дамыту қарым-қатынаста, бірлескен іс-шараларда, имитациялық және ұйымдастыру-жаттығу ойындарында, психологиялық тренинг өткізуде,

мәселелерді ұжымдық шешуде, ұйымдастырушылық жүйедегі қарым-қатынаста жүзеге асырылуы мүмкін [4,15].

Алайда, бұл тәсілдер берілген дағдыларды жаттығу жағдайынан практикалық қызмет жағдайына көшіруге мүмкіндік бермейді және олар күрделі болғандықтан уақытты талап етеді.

Слободчиков В.И. студентті кәсіби іс-әрекетке баулуын қамтамасыз ету үшін «оқыту және кәсіби қоғамдастық» және «білім беру және кәсіптік ынтымақтастық» ретінде бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыратын студенттер мен оқытушылардың қоғамдастықтың нақты бір түрі болуы керек дейді [5, 3-18].

Оқытушының шығармашылық дербестігін дамыту тетігін: В.И. Слободчиков: қалыптасу ортасы ұйымдастырылып, студенттердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, технологиялық қорды қалыптастыру, әдістемелік әзірлемелерді жинақтау, диагностикалық әдістемелерді, дидактикалық материалдарды, көрнекі құралдарды пайдалану бойынша жұмыстар жүргізілуде, студенттердің жеке іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру кезінде олардың әрекеттерін түзету деп атап өтеді.

В.И. Слободчиков студенттердің шығармашылық қабілеті қалыптасуы үшін, студенттер қарым-қатынасқа мақсатты түрде ену, кәсіби шығармашылығын тәжірибеде кеңейту, шығармашыл мұғалімдермен бірлесе қызмет атқару қажеттілігін атап өтеді. Е.И. Исаевпен бірге кәсіби сананың болашақ мұғалімнің өзіндік санасына ауысуының үш деңгейін ажыратады: нысанды, міндетті және мәселелік.

Іс-әрекет тақырыбына бағдарланған басымдық деңгейі: тұлға өзінің барлық құрылымдық бөлігіндегі өз қызметін көрмейді, ол оны дереу жүзеге асырады. Іс-әрекетті талдау, оның жұмыс әдістерін есепке алу деп есептеледі. Іс-әрекеттегі қиындықтар тек объективті жағдайлардың сипаттамалары, яғни, сабақтың тақырыбы, аудиторияның дайындығы, оқу құралының болуы, уақыттың ресурсы сияқты түсіндіріледі. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті, студенттердің даму деңгейіне байланысты.

Міндетті деңгей сыртқы жағдайлардың жиынтығы ретінде қарастырылатын мақсатқа жету нысаны болып табылады. Сана ойлау түрінде әрекет етеді, белсенділік жағдайының бейнесін қалыптастырады және ол берілген жағдаяттың мақсатына айналады. Іс-әрекеттегі қиындықтар мақсатқа жету жолын таңдауда сәтсіздікке ұшырауы мүмкін деп қарастырылады. Қиындықты жеңу - рефлексиялық ұстанымға шығу, қолданылған әдісті мәселелеу, оның өзгеруі, яғни, таңдау болып табылады.

Болашақ мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетінің субъектісі ретінде жұмыс істейтін мәселелік деңгей, кәсіби құндылықтарды тану құралы ретінде білім құндылықтарын іске асыру құралдарын белсенді іздеу және анықтау. Бұл деңгейдегі қиындықтар оларды іске асыру құралдарының жарамсыздығының салдары болып табылады, сондықтан субъект тек рефлексияны ғана емес, трансценденцияны да қажет етеді.

Кәсіби сана-сезімнің даму үрдісі динамикасын ғалымдар даму сатыларын анықтаудан, дамудың әр кезеңіне тән белгілерін, деңгейден деңгейге өтудің шарттары мен тетіктерінен көреді. Бұл авторлар рефлексиялық сананы дамытуға бағытталған оқу үдерісі ретінде инновациялық кешенді тәжірибе бағдарламасын әзірледі. Педагогикалық тәжірибе барысында бірлескен жұмыстың негізгі түрлері:

1. Практиканттың сабағына қатысуы және қатысушылардың сабағын талдауы.
2. Практиканттың сабағын экспеттердің талдауы. Талдауға практиканттар және әдіскердің қатысу мүмкіншілігі .
3. Басқа пән практиканттарының практикант сабағына қатынасуы және оның сабағын талдауы.
4. Мектеп мұғалімдерінің практикант сабағына қатынасуы және бірлесе талдауы.
5. Мектептегі қорытынды семинар.
6. Мәселелік семинар.
7. Қорытынды конференция.
8. Жеке сұхбат, кеңес беру.

Сабақтарға барғанда, сабақты талдау схемасы қолданылады. Сабақты талдау схемасы рефлексия принциптерін, өзара әрекеттесу әдістерін, талдауға қатысушылардың өзара қарым-қатынастары байланысын көрсететін жұмыстың даму әсерін анықтау үшін қолданылады.

Әрбір кезеңде кәсіби сана дамуының басты бағыты, біздің пікірімізше, рефлексиялық талдау әдісін игеру, қызмет нысанынан өз қызметіне дейін өзгеру және құнды семантикалық өзін-өзі анықтау механизмін қалыптастыру болып табылады.

И.Ф. Харламов, В.П. Горленко іс-тәжірибені мұғалімдерді дайындау барысында оқытудың барлық аспектілерінде объективті, жүйелік фактор ретінде қарастырады. Олар мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық дайындығының циклдік (блок) қағидасын енгізуді ұсынды. Яғни, тақырып

дәрісте,семинарда, практикалық сабақтарда оқытылса, соңынан дискурс немесе педагогикалық ойындар, педагогикалық жағдаяттар жүргізіліп оның үлгісі дайындалып және жоба жоспары практикада қолдану ұсынылады.

Қазіргі заманғы білім беру технологиялары көбінесе пәннің рефлексиялық белсенділігіне (А.К. Маркова, Т.И. Шамова, Г.П.Щедовицкий және т.б.) бағытталған. Рефлексиялық ұстаным, ғалымдардың пікірінше, білім беру мазмұнымен оқытуда оқытудағы шығармашылық қызметтің тәжірибесін көздейтін ашық жүйе ретінде қалыптасады дейді.

Құнанбаева С.С. рефлексия, яғни өзін-өзі бағалау, кезеңінде студенттер өз алдына қойған критерийлермен салыстыра отырып, өз-өзіне баға береді және қорытындылыр шығарады, өз іс-әрекеттерінің сәтті немесе сәтсіз болуының себептерін қарастырып, тұжырымдамалар және соған байланысты болған көңіл-күйіне талдау жасайды. Сонымен қоса өзін-өзі ұйымдастыратын студенттер академиялық тапсырманы орындау барысындағы өзін-өзі ұстауын сарапқа салып, өзінің осал жақтарын жөндеу және жасаған қателерін қайталамау үшін болашаққа жоспар құрады деп атап өтеді [6, 127].

Жаңа технологиялар негізінде В.А. Адольф кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда басшылыққа алыну керек талаптарды тұжырымдады [7, 72-75].

П.Е. Решетников кәсіби рефлексияны қалыптастырудың ерекшеліктерін ашып көрсететін мүмкіндіктерін атап көрсетеді. Студенттер талдау үлгілерін өз іс-әрекеттерінің бағалауларына қатынасып, сол іс-әрекетке өздері қатынаса алады және диагностика жасай алу мүмкіншілігіне ие бола алады [8, 251].

Б.З. Вульфовтың ойынша, рефлексияны меңгеру нәтижесінде педагогикалық импровизацияны мақсатты түрде дайындау екі бағытта болуы мүмкін: импровизация элементтерін, педагогикалық дайындық кезінде әртүрлі академиялық пәндерді оқытуға, сондай-ақ педагогикалық импровизацияда арнайы тренингке кіргенде [9,57].

Сондай-ақ В.А. Болотов, Е.И. Исаев, В.И. Слободчиков, Н.А. Шайденко рефлексияны меңгерудің тиімді формасы ағымдағы көрініс болып табылады, оқу үдерісінде жүзеге асырылатын, және қорытынды рефлексия, логикалық немесе тақырыптық қызметтің аяқталу кезеңі деп атап көрсетеді [10,24].

В.Н. Белкин университет студенттерінің кәсіби даярлау үрдісінде кәсіби сана даму жолдарын сипаттайды. Оның ұсынған көзқарастарының мәні - әрбір студентті кәсіби даму үдерісіне қосу тәсілі яғни, білім беру және кәсіби педагогикалық қызметті рефлексиялау әдістерін меңгеру арқылы деп атап көрсетеді [11,82]. Осылайша, педагогикалық теория мен тәжірибеде кәсіптік білім беру кезеңінде кәсіби рефлексияны қалыптастыру мәселесі қарастырылды, алайда жоғарғы оқу орындарында мұғалімдердің бойында рефлексияны қалыптастырудың технологияларын дайындау мәселелері тұр.

Әдебиеттер:

1. Әлімов А.Х. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. 2009. - 263 бет.

2. Перминова Л.М. Содержание образования с позиции самоидентификации личности // Педагогика. 1997. №3. С. 36

3. Разина Т.В. Рефлексия в решении педагогических проблемных ситуаций // Ярославский психологический вестник. 2001. № 5.

4. Вачков И.В. Структура профессионального самосознания учителя // Школьный психолог. 2000. №3,5,13.

5. Слободчиков В.И. Выявление и категориальный анализ нормативной структуры индивидуальной деятельности //Вопросы психологии. 2000. № 2. С.3-18.

6. Құнанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. — Алматы: Эдельвейс,2005.-264 с.

7. Адольф В. А. Формирование профессиональной компетентности будущего учителя // Педагогика . 1998. № 1. С. 72

8. Решетников П. Е. Нетрадиционная технологическая система подготовки учителей. Рождение мастера. М. : Владос, 2000.301 с.

9. Вульфов Б.З., Харькин В.Н. Педагогика рефлексии. М.: ИЧП «Издательство Магистр», 1995. 111 с.

10. Болотов В.А., Исаев Е.И., Слободчиков В.И., Шайденко Н.А.Проектирование профессионального педагогического образования // Педагогика. 1998. №4. С. 24.

11. Белкина В.Н. Педагогическое регулирование взаимодействия детей со сверстниками. Ярославль: 2000. 160с.

Орынбекова Жұлдыз Жорабекқызы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 6М010100-
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы, nurdolores@mail.ru

СУРЕТ САЛУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПАЛДЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫ

Түйін. *Таным - тек ойлау үрдісінің белсенділігін ғана емес, саналы әрекетті қажет етеді. Танымдық қызығушылық сол әрекеттің кеңеюіне, өрістеуіне қажетті алғышарттың бірі болып саналады. Танымдық қызығушылық баланың тұлғалық қабілетін дамытатын, өзі үшін мәнді нәрселерді таңдай білуге ықпал ететін айрықша қасиет. Сурет салу арқылы мектепалды балаларының танымдық қабілетін дамыту барысында, олардың заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындауды, қолының қимыл үйлесімділігі мен саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамытып қана қоймай, сонымен бірге ерікті зейінін, есте сақтау, көру және ойлау қабілеттерін дамытады және қағаз бетінде бағдарлау мен өз әрекетін бақылауды үйреніп, алдына қойылған міндеттерді орындау барысында тапжылмай жұмыс істеуге дағдыланады, ынтасы, талабы қалыптасады.*

Кілт сөздер: *сурет салу, таным, қабілет, танымдық қабілет, зейін.*

Резюме. *Познание требует не только активности процесса мышления, но и сознательного поведения. Познавательный интерес является одним из предварительных условий для развития и расширения этой деятельности. Познавательный интерес - это уникальная особенность, которая оказывает огромное влияние в выборе для себя значимых вещей и способствует развитию личностных качеств ребенка.*

В процессе развития познавательных способностей посредством рисования у детей дошкольного возраста немаловажное значение имеет определение значимости веществ и явлений. В этом случае, не только развивается подвижность в совместимости рук и мелких мышц пальцев, а также развивается произвольный ум, память, видение и мышление, ориентация на бумаге. Вместе с тем, ребенок учится контролировать свое поведение, формировать навыки усидчивости при выполнении поставленных задач.

Ключевые слова: *рисование, познание, способность, познавательная способность, внимание.*

Summary. *Cognition requires not only the activity of thinking process, but also the conscious behavior. Cognitive interest is one of the prerequisites for development and expansion of this activity. Cognitive interest is a unique feature that exerts a tremendous influence in the choice of important things for itself and contributes to development of child's personal qualities.*

In process of developing cognitive abilities through drawing among preschool children, it is important to determine the significance of substances and phenomena. In this case, not only mobility develops in the compatibility of hands and small muscles of fingers, but also develops arbitrary mind, memory, vision and thinking, orientation on paper. At the same time, child learns to control his behavior, to form the assiduity skills in performance of assigned tasks.

Key words: *drawing, cognition, ability, cognitive ability, attention.*

ҚР үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу жүйесі балалардың өмір бойына әлеуметтік табыстылық пен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге қажетті физикалық, тұлғалық, зияткерлік қасиеттерін дамытуға, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған» деп көрсетілген [1]. Осыған орай, ұйымдастырылған оқу және сурет салу әрекеті арқылы мектепалды балалардың танымдық қабілетін дамытудың мазмұны - мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басты бағыттарының бірі болып саналады.

Бұл мектепалды балаларының бойында оқу қызметін меңгертумен қатар, олардың танымдық қабілетін дамыту, яғни танымдық қабілет - психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл мектепалды даярлық кезеңіндегі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, білім беру ұйымдарының тәрбиелеу және оқыту үрдісінде оны қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді [2].

Мектепке дейінгі балалардың танымдық және шығармашылық белсенділіктерін қалыптастырудың тұлғалық негізділігін зерттеген ғалымдар: психологтар Л.С.Рубинштейн, Л.И.Божович, Л.А.Венгер, Л.С.Выготский, А.В.Запорожец, Д.Б.Эльконин, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев және т.б.; мектепке дейінгі балалардың анатомиялық-физиологиялық, танымдық және эмоциялық-еріктік сипаттамаларында белсенділікті А.М.Леушина, А.А.Люблинская, Н.Н.Поддьяков, А.П.Усова т.б.; танымдық әрекет, жеке тұлғалық даму, белсенділікті арттыру Ш.А.Амонашвили, Т.И.Шамова, Ә.М.Мұханбетжанова; мектепке дейінгі тәрбие мәселелері жөнінде ғылыми-теориялық және әдістемелік зерттеулер Б.Б.Баймұратова, А.Меңжанова, М.С.Сәтімбекова, Ә.Әмірова А.Е.Манкеш,А.Т.Искаковат.б.; мектепке дейінгі білім беру теориясы және әдістемесі Ұ.Т.Төленова, Н.С.Сайлауова, Г.З.Таубаева, К.М.Метербаева т.б., еңбектерінде зерделенеді.

Таным заттардың адаммен практикалық байланысының мәні мен қасиеттерін ғана көрсетіп қоймай, заттардың өзара объективтік байланыстарын және заңдылықтарын қоса анықтайды.

Таным психикалық үрдістің дамуымен бірге, баланың психикалық қасиеттері қалыптаса бастайды. Осыған байланысты ойлаудың қабылдағыштық, бақылағыштық, білімге құмарлық, тапқырлық сияқты болымды жақтары да жетіле түседі.

Себебі, біріншіден, таным – адам санасында табиғат, қоғам заңдарын бейнелейтін дүниежүзілік – тарихи үрдіс. Екіншіден, таным әрекеті арқасында адам белгілі нәрсені, құбылысты біле алады. Үшіншіден, таным әрекеті жеке тұлғаның шығармашылық деңгейін көрсете алады. Яғни, танымдық қабілеттіліктің қалыптасуына қажетті фактордың бірі ретінде білім қаралса, сол білімнің одан да әрі дамуына себептесетін ынталандыру болып саналады [3].

Балалар шығармашылығын зерттеуші ғалымдар Н.П. Сакулина, В.Н. Шацкая, Е.А. Флерина еңбегінде сурет салу барысының саналылықпен жүзеге асуына тікелей ықпал ететін ең негізгі оқу мотивтерінің бірі – танымдық қабілеттің өзі, әрекет үстінде туып қалыптасатынын айтады. Демек, қабілеттің дамуы оны қажет ететін қызмет саласында және әрекетке үйрену үстінде көрінеді. Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің икемділік пен дағдының болуына байланысты болады.

Танымдық психикалық үрдістің дамуымен бірге баланың психикалық қасиеттері қалыптаса бастайды. Осыған байланысты ойлаудың қабылдағыштық, бақылағыштық, білімге құмарлық, тапқырлық сияқты болымды жақтары да жетіле түседі.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында таным үрдісі білім берушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық сипатта болады. Таным үрдісі тәрбиешінің басқарушылық әрі бағыттаушылық ролімен, ынтымақтастық байланыс бірлескен қызметінде іске асырылады. Психолог Л.Выготский: «Жақсы оқыту деп, баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады» деп тұжырымдайды және оқу баланың өзінің танымдық белсенділігі екенін анықтайды [4].

Осы мақсатта, мектепалды балалардың танымын сурет салу арқылы дамыту барысында, әрбір тәрбиеші шәкірттерінің дүниетанымын бақылап, оған дұрыс бағыт-бағдар беріп, айналадағы өмір болмысына сай жан-жақты бүлдіршіндердің біліммен қатар, танымдылық қасиеттерін де дамытуды қолға алу қажет. Себебі, сурет салу, жапсырма, мүсін, сәнді бейнелермен шұғылдану барысында әсемдікті көріп, сезіне білуді, көркемдік талғам мен шығармашылық қабілетті дамыту маңызды.

Адамның барлық іс-әрекетін тануға ұмтылудан басталатыны белгілі. Олай болса, танымдық қызығушылық сол әрекеттің кеңеюіне, өрістеуіне қажетті алғышарттың бірі болып енеді. Сондай-ақ танымдық қызығушылықты жеке тұлғаның *тұлғалық қабілетін* дамытатын, өзі үшін мәнді нәрселерді таңдай білуге ықпал ететін айрықша қасиет деп бағалауға да болады.

Балалардың танымдық қызығушылығы - оның өзіне тән қасиеті, ол туа бітпейді, ортаны тану барысында дамып, қалыптасады. Олардың биологиялық ерекшеліктері, оның табиғи нышандары қызығушылықтың қалыптасуында белгілі роль атқарады, алайда олар шешуші және анықтаушы маңызға ие деп айтуға болмайды.

Педагогикалық үрдіс барысында адамның тек білім, білік қабілеттері қалыптасып қана қоймайды, сонымен қатар тұлғаның әлеуметтік дамуы жүзеге асады.

XVI ғасырда өмір сүрген француз ғалымы Мишель Монтень оқытудағы танымдық іс-әрекеттің маңыздылығын: «Тәрбиеші баланы бастан-ақ оның бойындағы *қабілеттерді* еркін көрсете білуін, түрлі заттардың дәмі мен олардың ерекшеліктерін ажыратуда өз бетінше іс-әрекет етуін, кейде оған жол көрсетіп, ал кейде, керісінше, өзіне іздетіп отыруын қалаймын» - ерекше атап көрсетті.

Психолог Т.Тәжібаевтың пікірінше: «қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауында көрінетін жеке қасиеті,-деп жазады [5].

Қазақстандық психологтар М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Ә.Алдамұратов, Қ.Жарықбаев, Х.Т.Шерьязданова, М.П.Оспанбаева, т.б. ғалымдар еңбектеріне талдау жасай отырып, мектепалды балалардың ақыл-ой белсенділіктері, баланың оқуға құштарлығы, әртүрлі нәрселерді түсінуі, кез-келген нәрсені қабылдауы, олардың мінезі мен ерік-жігерлерін қалыптастыруда педагогтардың үнемі бақылау, мадақтау мен ынталандыру әдістерін оңтайлы қолданып отыруын, төзімділік, табандылық, шешімділік, т.б. қасиеттердің ойын іс-әрекеті үстінде белсенді дамитыны, әрі жетіле түсетіндігін ғылыми әдебиеттерді саралауда көз жеткіздік.

Сурет салу барысында бала қоршаған әлемдегі нақты бар әсемдікті танып білуіне, сурет салуға деген қызығушылығы қалыптасады. Сурет салу барысында балалардың шығармашылық ынтаны игеру мүмкін болатын қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

Эмоциялық тебіреніс баланың бойында белгілі бір құбылыс туралы әңгімелеп беруге және оны бейнелеу құралдары арқылы жеткізуге, көрсетуге деген қажеттіліктерін туындатады. Суретті

сала отырып, бала бақылау кезінде пайда болған эмоциялық көңіл-күйді тағы да басынан кешіреді. Ол сурет салу барысында орасан зор ләззат алады. Балада күн сайын айналасында көргендердің бәрін бейнелей беруге деген ұмтылыс пайда болады. Сурет салу, жапсырма немесе мүсін жасау, көбіне, бейнелеу өнеріне қызығушылықтың пайда болуына түрткі болады.

Тәрбиеші үлгі - суреттерді көрсету, түсіндіру арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға орасан зор ықпал жасайды.

Заттың суретін салып, мүсінін жасау үшін оны, көріп - білу жеткіліксіз. Заттың бейнесін салу үшін оның түсінікті болуы, балада алдын ала оның түсі, формасы туралы айқын түсінігі болуы керек.

Баланың көргенін есте сақтау қабілеті сурет салу үдерісінде белсенді түрде қалыптасады. Есте сақтау қабілетінің жақсы дамуы -болмысты ойдағыдай танып-білудің қажетті шарты өйткені, есте сақтау үдерісінде білу, танып-білген заттар мен құбылыстарды қайта жаңғырту, өткен тәжірибені орнықтыру жүзеге асатындығы мәлім. Баланың сурет салуда, сәнді заттар жасауда қиялы мен бейнелерін пайдалану, оны барынша еркін бейнелей білуді игеруіне әсерін тигізеді.

Баланың қабылдауы бейненің ерекшелігіне тікелей байланысты болады. Егер бала нақты болмысты, мысалы, қарды ақ түс ретінде, шөпті тек қана жасыл, аспанды тек көгілдір түс ретінде қабылдап үйренсе, ашық күнгі қардың сан алуан түсті бейнесін, бірақ өзі шынайы өмірде көруді үйрене алмаған бейнесін қабылдап, айыра алмайды, тіпті түрлі - түсті сәуле мен көлеңкенің өзі балаға болмайтын нәрсе ретінде ерсі көрінуі мүмкін.

Балалардың сурет салу барысында, өзі ұнатқан түсті пайдалануына ерік беріледі. Тәрбиеші әрбір сабақты жан-тәнімен беріле оқытып, бала жанына әсер ететін құндылықтарды қалыптастыру міндетін жадынан бір сәт те шығармауы қажет. Оның көркемдік бағыттағы іс - әрекеттері барған сайын мәнді, әрі мағыналы бола түседі. Дегенмен, баланың зейіні мен қызығушылығы әлі де шашыраңқы, өтпелі, үстірт күйде болады. Мысалы, бала нақты бір суретті бақылау барысында, ең алдымен зейінін суреттегі оқиға желісіне, мазмұнына ғана шоғырландырады, біртіндеп суреттегі кейіпкерлерге, олардың жеке бөліктеріне назар аудара бастайды, ал эмоциялық көңіл толқуы, көп жағдайда, суреттің тұтас алғанда ұнауына немесе ұнамауына тікелей байланысты болады.

Мектепалды балаларының зейіні өте тұрақсыз, ол суретті көп уақыт қарау кезінде де шаршауы мүмкін, оның салған суретіненен гөрі, сурет салу барысы қызықтырады, ал эстетикалық талғамдарын қалыптастыру нақты бір жағдайларға тікелей байланысты болып келеді.

Сурет салу барысындағы қабілеттілік - арнайы қабілеттердің қатарына жатады. Жақсы көңіл күй кезінде, сурет салуда өзіндік арнайы қабілетінің дамуына мүмкіндік туады.

Баланың шығармашылық қабілетін қалыптастыру, ең алдымен, жеке тұлғаның табиғи мүмкіндіктеріне немесе тек жүйелі тәрбие арқасында ғана нақты қабілеттерге айнала алады. Демек, сурет салу барысында балалардың танымдық қабілет дамытудың мазмұны – олардың зейін белсенділігінің таңдаулы бағыттылығын, таным субьектісінің, ақыл-ой қабілеттерінің дамуы, адамның іс-әрекеті мен санасының деңгейін жоғарылататын эмоционалды-еріктік және ақыл-ой процесінің ерекше қорытпасы, білімді қарқынды меңгеруге әзірлік, яғни қабілет пен ұмтылыс, субьектінің қоршаған заттар мен құбылыстарға қатысты қайта құрылу іс-әрекетінің көрінуі, білім алушының өмірлік күшінің әсерлілігі, таным мақсатына жетудегі адамгершілік-еріктік іс-әрекеттерді жиюға ұмтылуы, білім беру сипатына және мазмұнына қатысты тәрбиеленуші тұлғасының айқындалуы, іс-әрекет сапасы қалыптасады.

Танымдық қабілет көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен, яғни іс-әрекет кезіндегі тәрбиеші мен тәрбиеленушінің қарым-қатынасына тікелей байланысты.

Демек, бала сурет салу барысында, ақыл-ой дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге есте сақтау, ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта және өз туралы білімді меңгеруі, мінез-құлық нормаларын игеруі, білім, білік, дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілеттерімен тығыз байланысты. Сөз бен сөйлеу әрекеті ойлау құралы болып табылады. Өйткені солардың негізінде логикалық ойлау, ұғым қалыптасады.

Бес жасында бала көрнекі-әрекеттік ойлаудан көрнекі бейнелі ойлауға ауысады. Және алты жасқа қарай ауызша – логикалық ойлауға үйренуі керек. Баланың көрнекі-әрекеттік ойлауы заттармен нақты әрекеті арқылы жүзеге асады. Ол түрлі заттарды пайдалану, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасау барысында білім мен тәжірибе жинақтайды. Көрнекі-бейнелі ойлау мен оған ықпал ететін көрнекі-схемалық ойлаудың мәні одан туындаған жағдайларды шешу үшін бала заттардың өзіне емес, олардың бейнесіне сүйену арқылы бейнеленеді. Ол құбылыстармен заттардың

тек жеке қасиеттерін ғана емес, неғұрлым маңызды байланыстарды, олардың арасындағы қатынастарды анықтап, схема бойынша жұмыс жасай біледі. Заттарды әр түрлі кеңістікте елестете алады, оларды ойша орындарынан ауыстыра алады.

Сурет салу барысында 6-7 жасында бала логикалық ұғымдық ойлауды, қоршаған орта, ондағы адамдардың рөлі мен орны туралы туралы түсінік неғұрлым кеңейе түседі. Тапсырмалара мазмұны қоршаған орта, қоғамдық, өмірдегі құбылыстар, олардың арасындағы байланыстар мен қатынастар, адамның әлемдегі орны, табиғат пен оның құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар туралы білімдерді қамтиды. Оларды орындау барысында бала заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындауды, кейбір дерексіз ұғымдарды сипаттауды, уақыт қатынасын, себеп-салдарды, кеңістік, көлем, өлшем туралы түсініктерді игереді. Ол сөздерді еркін қолдануды, өз пікірін айтуды, оны негіздеуді, қарапайым заңдылықтарды анықтауды, салыстыруды, талдауды. Пайымдау логикасын, ойлануды үйренеді. Сөздік қоры, тіл байлығы артады, сюжеттік әңгімелер құру қабілеті дамиды.

Баланың ойлау және сөйлеу қабілетінің дамуы саусақтарының ұсақ бұлшық еттерімен, қолдарының қимыл үйлесімділігімен тығыз байланысты екеніні ескерген жөн. *Суретті жақсы салатын және әдемі жазатын балалардың байланыстырып сөйлеу және ауызша-логикалық даму деңгейлерінің жоғары болады*. Бала саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамыту үшін түрлі заттарды саусақтармен теру, алуан түрлі және әр түрлі көлемдегі тығындар мен бұрандаларды бұрау, илеу, жапсыру, сурет салу, үзік сызық сияқты түрлі жаттығулар жасау кезінде, қарындашпен сурет салу мен үзік сызық сызудың мәні зор. Қоршаған орта құбылыстары, заттар туралы түсінігі тереңдеп, өз қабілет мүмкіндігін сезінеді.

Графикалық тапсырмаларды орындау барысында балаға үзік сызық сызу мен сурет салуға қойылатын талаптарды қатаң сақтау және үзік сызықты көрсетілген бағытта ғана сызуды, олардың арасында бірдей қашықтық сақтауды, сурет шегінен шығып кетпеуді мұқият сақтауға тырысады.

Бала суреттерді мұқият қарап, тапсырманы орындау кезінде өз тәжірибесін пайдаланып, бейнені толықтыра түседі. Ол жағдаяттарды қиыстырып, өз үлгісіне икемдейді. Нәтижесінде оның өзіндік ішкі позициясы, негіздей алатын пікірі туады. Баланың шығармашылық белсенділігіне қолдау көрсетіп, тіпті елеусіз деген табыстарын ескерген жөн.

Жоғарыда айтылған ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып**,** *«сурет салу арқылы мектепалды балаларының танымдық қабілетін дамытудың мазмұны - яғни заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындауды, қолының қимыл үйлесімділігі мен саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамытумен қатар, ерікті зейінін, есте сақтау, көру және ойлау қабілеттерін дамытады және қағаз бетінде бағдарлау мен өз әрекетін бақылауды үйреніп, алдына қойылған міндеттерді орындау барысында тапжылмай жұмыс істеуге дағдыланады, ынтасы, талабы артады»* - тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты***.** *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы. АСТАНА. 156б.*
2. *Баланың міндетті мектепалды даярлығы тұжырымдамасы.-Алматы: Қазақстан мұғалімі, 1999.*
3. *Энциклопедиялық сөздік. Астана. 2009. -400б.*
4. *Выготский Л.С. Психология искусства. Издательство. Рипол-Классик, 2017 г. -528с.*
5. *Тәжібаев Т. Жалпы психология.- Алматы: Қазақ университеті, 1993.- 238 б.*

Паридинова Ботагөз Жаппарқызы
PhD докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда қаласы, e-mail: filosof.sokrat.86@mail.ru

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РУХАНИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРНЫ

Түйін. *Көптеген зерттеулерде дүниетаным мен құндылықтарды бірге қарастыруға болады. Құндылықтар арқылы адам дүниетанымы қалыптасады. Берілген мақалада болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудағы рухани құндылықтардың орны қарастыралады. Зерттеу нысанына болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы жатады. Зерттеудің пәні ретінде болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудағы рухани құндылықтар саналады.*

Түйін сөздер: *болашақ мұғалім, рухани дүниетаным, рухани құндылықтар, негізгі рухани құндылықтар.*

Резюме. *Во многих исследованиях мировоззрение и ценности можно рассматривать вместе. Через ценности формируются мировоззрения человека. В данной статье рассматриваются место духовных ценностей в формировании духовного мировоззрения будущих учителей. Объектом исследования является духовное мировоззрение будущих учителей. Предметом исследования выступают духовные ценности в формировании духовного мировоззрения будущих учителей.*

Ключевые слова: *будущий учитель, духовное мировоззрение, духовные ценности, основные духовные ценности.*

Summary. *In many researches the worldview and values can be considered together. Through values formed worldview of the person. This article considered the place of worldview values in formation spiritual worldview of future teacher. The object of research is the spiritual worldview of future teacher. The subject research of the worldview values in formation spiritual worldview of future teacher.*

Key words: *future teacher, spiritual worldview, spiritual values, basic spiritual values.*

Қоғам және оның мүшелерінің өмірінде құндылықтар ерекше орын алады. Құндылықтар бірінші кезекте адамның интегративтік қызметін жүзеге асырады. Тұлға жеке басында қалыптасқан құндылықтар негізінде өмірдегі өз таңдауын жасайды. Тұлға құрылымында негізгі орын алатын құндылықтар адамның дүниеге, өзіне, өзгелерге деген қатынасын қалыптастырып, әлеуметтік ортадағы мінез-құлық пен әрекеттерге, ұстанымдарға ықпал етеді. Дүниенің мәнін айқындау барысында адамзат қоғамында ескерілген мінез-құлық пен әрекеттер ерекше орын алады. Отандық ғылымда болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы түсінігі мен оның кейбір мәселелерін тереңірек зерттеу кеңінен таралмай отыр. Сондықтан, болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудағы рухани құндылықтардың орнын талдаудың өзектілігі келесі себептерге байланысты.

Біріншіден, ең алғашқы көзімізге түсетін мәселе – рухани дүниетанымды нақты анықтайтын категориялық және түсініктік аппаратының болмауы, мағыналық кеңістіктің жоқтығы. Осыған байланысты рухани дүниетаным ұғымының теориялық негіздерін терең зерттеу қажеттілігі туындады.

Екіншіден, бүгінгі таңда материалды және рухани құндылықтар арасындағы үйлесімсіздік материалды дүниелердің қадір-қасиетін арттырып отыр. Қоғам мүшелері арасында ой бәсекелестігіне қарағанда, салтанат құру бойынша бәсекелестік үдеп барады. Сондықтан рухани құндылықтардың мағынасын өскелең ұрпақтың бойында қалыптастыру маңызды саналады.

Үшіншіден, зұлымдық, қылмыс жасау, тәртіпсіздік, рақымсыздық секілді т.б. қасиеттердің кең таралуы адам руханилығының төмендеуінің салдары. Бұл адам өмірінің құнсыздануына әкелуі мүмкін. Адамзат руханилығының төмендеуі оның тікелей өліміне әкелмесе де, қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани салаларының күйзелісіне ықпал жасайды. Демек, болашақ мұғалімдер шәкірттердің адамзат құндылықтарына жат құбылыстардан аулақ болуды үйретуі керек.

Төртіншіден, рухани құндылықтар адамның ішкі түрткісі ретінде өз жан дүниесіндегі рухани қажеттіліктер, мүдделер, мақсат пен міндеттер, нұсқаулар мен пікірлерді біріктіреді. Адам өміріндегі құндылықтар алға қойылған міндеттер, әрекеттер мен шарттарды таңдаудың қайнар-көзі болып табылады. Құндылықтар адамның ойы, әрекеті мен ішкі рухани өмірін жүйелендіретін құбылыс. Сондықтан адамзат баласының рухани және адамгершілік қағидалары әрекетке қарағанда, құндылық бағдарларына жақын секілді.

Бесіншіден, адам құндылықтары тек жеке индивидтің ғана емес, бүкіл адамзат баласы әрекеттерінің негізі болып табылатындықтан әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар салаларында терең зерттелуде. Құндылықтар тұлға дүниетанымының қалыптасуына ықпал жасайтындықтан

мәселе педагогика және психология ғылымдарында да өзекті. Сол себепті болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастырудағы рухани құндылықтардың орны ерекше.

Рухани дүниетаным ұғымымен қатар, ғылымда адам руханияты, руханилығы түсінігі де бар. Руханият өзін-өзі тану арқылы пайда болатын адамның бірегей тұлғалық тәжірибесі. Руханилық арқылы адам өзінің дара біржақты ой-пікірлерінен арылып, тұлғалық құндылықтарын арттырады. Руханият адам өмірін табиғи тіршіліктен ажырату арқылы өміріне әлеуметтік сипат беретін құбылыс. Адам өз рухани байлығын қолдануына байланысты оның өмір сүруі мен келешегі айқындалады. Сондықтан адам руханилығы өзін-өзі тануға, өмірдің мәнін түсінуге көмектеседі.

Біздің түсінігіміздегі адам рухы мен руханияты позитивті руханилық (шынайы, әділ) пен негативті руханилыққа (бояма немесе рухсыздық) бөлуді көздейді. Позитивті руханилық рухтың жақсылық пен сүйіспеншілік, асқақтық пен әсемдік, ар-ұждан мен қайырымдылық, білім мен сенімді аңсау, адамдармен бейбітшілікті сақтау, табиғатқа лайықты ілтипат қатынаста болу сынды идеялар мен сезімдерді қамтиды. Руханиятқа білім мен/немесе сенім, мәдениеттің зайырлы мен/немесе діни жүйешіктері жеке иелік ете алмайды. Шығармашылық ұмтылыстарда негативтілікті жеңу және позитивті руханилықты бекіту өзара әрекеттер арқылы жүзеге асады [1]. Руханият шығармашылық ұмтылыстармен байланысты болғандықтан болашақ мұғалімнен көп оқу талап етіледі. Бұл ізденістер рухани бай тұлғаны тәрбиелеуге көмек береді.

Философия ғылымдарының докторы, профессор А.С. Панарин өз еңбегінде ұжымның мүддесімен санаспайтын, ұжымнан оңашаланатын, жекеленетін заманауи адамды былайша сипаттайды: «шынайылықпен қақтығысқа шыдау үшін өте нәзік және жүйкесі тозған, «мәңгілік балалық шақ» виртуалды-наркотиктік әлеміне көшуді немесе «бәрі рұқсат етілетін» супермен философиясын ұстануды көздейді. Шын мәнісінде осы супермендер адамзат қоғамында жөн сілтеушілер болса, соңғысы нео пұтқа табынушы, милитаристік, фашистік келбет иеленеді» [2].

Ғалымның бұл тұжырымымен келісе отырып, қоғамда туындап отырған көптеген ахуалдарды баяндауымызға болады. Бүгінде жас ұрпақ қиялға берілген және психологиялық жағынан қызбалыққа көп салынады. Мұндай жағдайдың қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді: қоршаған ортадағы экология, азық-түліктерде консерванттар мен жасанды қоспалардың болуы, шамадан тыс ақпарат және т.б. Ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауы, негізсіз баланы еркелетіп өсіруі, әке-шеше арасындағы жеке қатынастардың аздығы, виртуалды шынайылықтың қалыптасуы секілді мәселелер де назардан тыс қалмауы керек. Мұндай қателіктерге жол берілсе, қоғамдық дамуымыз тежеледі. Ең қиыны – балалар суициды өрши түседі. Сондықтан болашақ мұғалімдер ата-аналармен үнемі байланыс орнату арқылы оның психологиялық ерекшеліктері мен ауытқулары жөнінде әңгімелесіп отыруы қажет деп ойлаймыз. Сонымен қатар, қоғам мүшелерінің барлығы өз рухани дүниетанымы мен құндылықтарын арттырып отыруға талпынуы керек.

Ресейлік ғалым И.Н. Степанова өз еңбектерінің бірінде адамның рухани болмысын сипаттайтын адам әрекетінің келесі бағыттарын көрсетеді:

1. Адамның трансценденттік әрекеті негізінде орналасқан руханилық көрінісінің тегіс қамтылуы. Ол өзіне ішкі және сыртқы дүниеге бағытталған рационалды және эмоционалды-аффективті жақтары, гносеологиялық когнитивті жақтары мен құндылықты-мотивациялық тұстарын енгізеді.

2. Руханилық – бұл материалды-заттай мазмұнды қатыстырмай дүниені ізгілікті игерудің қорытындысы. Руханият абсолютті сыйымдылық, әмбебап алғырлық пен жаңаны туғызу қабілетіне ие. Демек, материалды, оның ішінде жалпылама адамды, қоғамды және табиғатты дамытуды қамтамасыз етеді.

3. Руханилық – адамның субъективті әлемінің негізі. Руханилықтың өзі ішкі, жеке өмірді бар етеді және ол имманентті кеңістік пен адам болмысы кезеңінде көрінеді.

4. Рухани сала адамның әлеумет пен әлемге қатынасының негізі ретінде. Адамның әлемге қатынасы – бұл екі түрлі түбегейлі шамалардың қатынасы: адамның түбегейлі сыртқы субъективтіліктен бүтіндей айырылған кіршіксіз субъективті келбеті мен дүниесі. Бұл тұжырым адам мен қоғам арасындағы түрлі сапалылықпен байланысты әлдебір күрделі кедергіні аңғартады.

5. Рухани сала адам болмысының детерминантты-императивті компоненті ретінде. Адам болмысы – бұл тіршілік ету және осы тіршілікті жай ғана қайта өсіру емес. Адам өмірі іс жүзіндегі шынайылықта әрекет ету, ену, оны өзгерту, құру болуы мүмкін. Бірақ, адам өмірі шынында әрекет ету, құру болса, осы әрекетті басқару, оны бағыттау, ұйымдастыру, түзеуді қандай күш жүзеге асырады деген сұрақ туады. Мұндай күш ретінде адамның рухани болмысы саналады. Рухани болмыс негізінде сана, ойлау және рухани құндылықтар қалыптасады [3]. Демек, түсінік күрделі ұғымдар

қатарына жатады. Адамның ішкі дүниесіндегі ахуал сыртқа ой-пікірлері мен көзқарастары арқылы шығады.

Егер біз рухани дүниетанымды жиынтықталатын жүйешік деп қарасақ, бұл құбылысқа қоршаған ортадағы түрлі факторлар ықпал жасайды. Жүйешікке адамның әрекетінен бастап, түрлі рухани ізденістер, алған білімі әсер етеді. Оның ішінде адамзат құндылықтарының орны да ерекше. Ғылыми әдебиеттерді талқылау барысында байқағанымыз, көптеген еңбектерде негізгі рухани құндылықтар қатарына жатады: жақсылық, әсемдік, ақиқат, өнер, шығармашылық, сүйіспеншілік. Аталмыш рухани құндылықтар жиынтығы адамның рухани дүниетанымына әсер ету барысында ішкі жеке өңдеулерден өтеді. Бұл өз кезегінде сана мен ойлау қабілеті арқылы рухани дүниетанымды қалыптастырады. Түрлі факторлар арқылы пайда болатын рухани дүниетаным болашақ мұғалімдердің көзқарастары мен пікірлерінде көрініс табады.

Зерттеу жұмысында негізгі рухани құндылықтар қатарына жататын құбылыстарға қысқаша тоқталсақ. Жақсылық жағымды адамгершілік құндылықтары ретінде сипатталатын моральдық сананың жалпы түсінігі, этика категориясы. Қоғам бұрыннан жақсылық жасайтын адамдарды құрмет тұтады, ерекше ішкі сыйластықпен қарайды. Әрбір жақсылықтың астарында адал ниеттілік, басқалар үшін өзінің пайдасынан бас тартуға дейін баратын қамқорлық жатыр. Сондықтан жақсылықты әрбір тұлғаның ішкі қажеттілігі деп айтуымызға болады.

Әсемдікті эстетикалық ләззат алуға бағытталған, заттардың үйлесім табуы арқылы қалыптасатын сұлулыққа деген көзқарастар жүйесі деп түсінеміз. Әсемдік мәдениеттің маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Ол табиғатта, адамның өзінде, адамзат қатынастарында, жалпы айтқанда қоршаған ортаның барлық құбылыстарында көрініс табады. Әсемдік рухани құндылық ретінде шығармащылық туындысының дүниеге келуіне шабыт береді.

Ақиқат материалды затқа қатынастардың танымдық сипатын беретін құбылыс. Адам көзқарасы бұйым немесе құбылысқа сәйкес келетін болса, ақиқаттылықты қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тану мен қоршаған ортаны түсіну адамның жаратылыстық ұмтылысы болып табылады. Ақиқат рухани құндылық ретінде адамзат баласына көптеген ұғымдарды түсіндіре алады. Ақиқат арқылы адамдар өз әрекеттерінің дұрыстығы мен бұрыстығын салыстыруға мүмкіндігі бар.

Өнер ішкі және сыртқы көріністер арқылы шынайылықты көркемдік бейнелеу көмегімен мағынасын түсіндіру болып табылады. Бұл танымның бір тәсілі ретінде дүние көрінісін түйсінуді жүзеге асырады. Ол рухани құндылық ретінде адамның әсемдік пен сұлулыққа дағдылануын, сезімталдық пен зеректікке тәрбиелейді. Сонымен бірге, адамды рухани байытып, өміріне жаңа қызығушылықтар туындатып, қосымша рухани қуат беретіндігін де айта кеткеніміз жөн.

Шығармашылық жаңа материалды және рухани құндылықтар туындататын адамзат әрекетінің процесі. Шығармашылық рухани құндылық ретінде адамның жаңа көркемдік бейнелерді жасауға түрткі болады. Ол адамның психикалық белсенділігін арттыру арқылы тұлғаның құндылық түсініктерін дамытуға септігін тигізеді.

Сүйіспеншілік адамзат баласына ғана тән сезім. Ол белгілі бір адамға, нысанға терең құштарлық пен ұмтылушылықты білдіреді. Адамның шексіз таңдауы сезімі ретінде ол бақыттың маңызды жеке қозғаушы күші болып табылады. Адам өмірінің жоғары рухани құндылығы болғандықтан, тіршілікті сүйіспеншіліксіз елестету мүмкін емес. Сүйіспеншіліктің денелік, рухани, аналық, достық секілді т.б. түрлерін айтуымызға болады.

Демек, жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдерге білім беру және тәрбиелеу барысында осы негізгі рухани құндылықтарды бойларына сіңдіруі қажет. Өз кезегінде рухани құндылықтар арқылы қалыптасқан рухани дүниетаным өскелең ұрпақтың қоғам құндылықтарына бейімделуін жүзеге асырады.

Бүгінде ақпараттық-технологиялық процестердің қарқынды дамуына байланысты құндылық бағдарларының жоғалуы қаупі туындады. Нәтижесінде тұлғаның құзіреттілігі мен кәсібилігі дағдарысы қалыптасты. Білімнің технократизм, прагматизм, глобализммен трансформациялануы білімнің тарихи дәстүрлерімен сәйкес келмейді. Сондықтан құндылық жүйелерін қалыптастыру адамның субъективтілік, жалпылылық, жауапкершілік дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді және білім мен мәдениет арасындағы алшақтықты еңсереді [4].

Бұл тұста отандық ғалымдар арасында рухани құндылықтарды мәдениет түсінігімен байланыстырып зерттеген жұмыстар кездесетіндігін айта кеткеніміз жөн. Мәселен, мына зерттеу жұмысында мәдениет тұлға дамуындағы маңызды фактор ретінде сипатталады: «Мәдениет қоғам құрған және оның нақты деңгейін сипаттайтын материалды және рухани құндылықтардың жиынтығы. Мұнда мәдениет материалды және рухани болып ажыратылады. Ал, өте тар мағынада термин рухани мәдениет ұғымына қатысты. З. Фрейд бойынша мәдениет – бұл біздің өмірімізді

жануарлар өмірінен ажырататын және табиғаттан сақтау мақсаты мен өзара қатынастарды реттейтін табыстар мен институцияның жалпы жиынтығы. Мәдениет пен еңбек арқасында адам жануарлар әлемінен бөлінді. Мәдениет – бұл рухани және материалдық құндылықтар құруға бағытталған, арман-мұраттар, құндылықтар, мінез-құлық нормалары және т.б. жүйелері нәтиже болып табылатын адам әрекетінің өзіне тән тәсілі. Әлеуметтену процесінде оны игеру адамның әлеуметтік қалыптасуы мен дамуы, оның рухани әлемін қамтиды» [5]. Адамзатқа өмірді Жаратушы беретіндігі дәлелдеуді қажет етпейтін қағида. Өз кезегінде мәдениетті адам қалыптастырады. Қоғам мүшелері қалыптастырған мәдениет шеңберінде рухани құндылықтар айқындалады. Болашақ мұғалімдердің рухани мәдениетін өзіне тән дүниетанымы деп түсінуімізге болады.

Мына пікірде назардан тыс қалмауы керек деп ойлаймыз: «Адам өмірлік іс-әрекетінің мақсатты бағытталған аспектілері мазмұны жалпы адамзаттық құндылықтарды ұғыну, мойындау үшін тұлғаны белсендірумен анықталады. Осылайша, адамзат жасаған материалдық және рухани құндылықтар шеңберінде қимыл жасайды, яғни белгілі бір мәдениет құрамында болады. Мұнда ол әрі мәдени ықпалдар объектісі, әрі құндылық тудырушы субъект ретінде белгіленеді» [6]. Демек, болашақ мұғалімдер өз қызметінде адамзат жасаған рухани құндылықтар бойынша әрекет жасауға ұмтылуы тиіс.

Теориялық материалдарға талдау жасай отырып мәселе бойынша мынадай ой тұжырымын жасауға болады:

1. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы мен рухани құндылықтар жүйесі олардың дүниеге деген көзқарастары мен қатынастарының негізі. Құндылықтарды адамның материалды және рухани игіліктерді әлеуметтік таңдауы деп есептесек, рухани құндылықтар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын қалыптастыратын қажеттіліктердің бірі деп түсінеміз.

2. Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымы мен рухани құндылықтары қоғамның тұрақтылығы мен тұлғаның тұтастығын қалыптастыру жолында қызмет жасайды. Руханият әлеуметтік қоғам құруда маңызды рөл атқарады. Ұстаздардың білім беру процесінде өз рухани байлығын тиімді және мақсатты пайдалануы шәкірттерінің рухани дүниетанымын арттырудың кепілі саналады.

3. Адам руханияты адамзат ойларының, сезім мен сенімдердің байлығы. Руханилық алдыңғы қатарлы, мәдениетті тұлғаның игілігі. Мұндай адамдар бойында ғылым мен білім жетістіктері, жоғары мәдениеттілік көрініс табатын кең ой-өріс болады. Әрине, білімді және рухани бай адамдар әр түрлі ұғым. Дегенмен адам бойындағы білімділік пен руханилықтың дамуы рухани дүниетанымды арттыратындығы анық. Бұл белгі болашақ мұғалімдердің бойында табылуы тиіс деп ойлаймыз.

4. Негізгі рухани құндылықтар қатарындағы жақсылық, әсемдік, ақиқат, өнер, шығармашылық, сүйіспеншілік шын мәнісінде өзара байланысты және бірін-бірі толықтырып отырады. Болашақ мұғалімдердің аталмыш негізгі құндылықтарға ұмтылуы және осы жолдағы ізденістері рухани дүниетанымды қалыптастырудағы ерекше орнын танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дик П., Мусийчук М. Философская духовность в развитии личности // Философия Казахстана в пространстве мировой философской мысли: история, современность, перспективы. 25 лет независимости Казахстана в философско-политологическом измерении: материалы Международного форума философов и политологов, II Казахстанского философского Конгресса. - Алматы, 2016. - С. 83-84.

2. Панарин А.С. Стратегическая нестабильность в XXI веке. – М.: Экспо-Алгоритм, 2004. – С. 546-547.

3. Степанова И.Н. Духовнось как качество личности и проблема ее воспитания. - Курган: КГУ, 2004. с.96.

4. Балабай С. Прагматизм современного образования и поиск новой системы ценностей // Власть. – 2013. - №4. - С. 114.

5. Альмухамбетова Б.Ж., Кенжебаева Э. Влияние социально-экономических факторов региона на развитие личности // Наука и жизнь Казахстана. – 2017. – №6 (50). – С. 229.

6. Нағымжанова К.М., Танирбергенова А.Ш. Жасөпірімдер арасындағы тұлғалық қақтығыстардың алдын алуға бағытталған тәжірибелік жұмыстар // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2017. - №6 (50). -98б.

Салғараева Гүлназ Ибрагимқызы
тех.ғ.к., профессор, gulnaz_sal@mail.ru

Маханова Айгуль Сейсенбаевна
оқытушы, ai.aman.19@mail.ru

Сейтбекова Нұрнұр Түймебековна
магистрант, seytbekova.nurnur@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТТАРЫ

Түйін. *Педагогикалық білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан студенттердің құзіреттіліктерін қалыптастырудағы түрлі әдістер бір жағынан анықталмаған кәсіби жағдаяттарда қалай әрекет ету керектігіне үйретер болса, екінші жағынан оқу мақсаттарына қол жеткізуде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану біліктерін қалыптастырады. Өмірлік және кәсіби мәселелерді шешу қабілетінің болуы көп жағдайда тұлғалық қасиеттерден тәуелді болады, олардың жиынтығы өз кезегінде білім алушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуды қамтамасыз етеді. Бұл көріністер оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас жүйесіне қатысты оқыту модельдерін сапалы жағынан өзгертер болса, басқа қырынан қарағанда оқыту үдерісін ұйымдастыру формасын да өзгертуге себеп болады. Мұндай жағдайда оқыту нысаны болып саналатын студент оның субъектісі, ал оқытушы – оқыту үдерісін ұйымдастырушы болып өзгереді.*

Түйін сөздер: *зерттеушілік құзіреттілік, қалыптастыру, білім алушы, педагогикалық білім беру жүйесі, оқыту мақсаттары.*

Резюме. *Реализуемый в педагогическом образовании компетентностный подход в качестве результата обучения студентов предполагает, с одной стороны, способность действовать в профессиональных ситуациях неопределенности, а с другой - умение использовать современные информационные технологии для реализации образовательных целей. Способность решать жизненные и профессиональные проблемы во многом зависит от личностных качеств, совокупность которых обеспечивает развитие исследовательских компетенций обучающихся. Одновременно наблюдается качественное изменение модели обучения, с одной стороны, касающееся системы взаимоотношений преподавателей и студентов, а с другой - формы организации учебного процесса. Студент, находящийся ранее в позиции объекта обучения, становится его субъектом, а преподаватель - организатором образовательного процесса.*

Ключевые слова: *исследовательские компетенций, формирование, обучающий, педагогическое образование, цели обучения.*

Summary. *The competency approach implemented in pedagogical education as a result of students' training assumes, on the one hand, the ability to act in professional situations of uncertainty, and on the other hand, the ability to use modern information technologies for the realization of educational goals. The ability to solve life and professional problems largely depends on personal qualities, the totality of which ensures the development of research competencies of students. At the same time, there is a qualitative change in the learning model, on the one hand, concerning the system of relationships between teachers and students, and on the other, forms of organization of the educational process. A student who is earlier in the position of an object of learning becomes to subject, and the teacher - organizer of the educational process.*

Keywords: *research competence, formation, teaching, pedagogical education, learning objectives.*

Студенттердің зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыру бағыттарын қарастыру барысында студенттердің зерттеушілік қабілеттерінің қалыптасқандығының көрсеткіші, деңгейлері, критерийлеріне салыстырмалы талдау жасаудан бастағанды жөн көрдік. Біздер «құзыреттілікті қалыптастыру» мен «құзырлықты қалыптастыру» сөз тіркестері арасында айтарлықтай өзгеріс жоқ деп ойлаймыз, себебі құзыреттіліктерді сәйкес пәндік облыста қалыптастыра отырып студент құзыретті тұлғаға айналады. Көптеген зерттеулерде зерттеушілік құзыреттіліктер дамыту мәселесі білім алушылардың бойында қалыптастыру бойынша мақсатқа бағытталған кезеңдік «зерттеушілік іс-әрекетінің мақсатты дағдылары мен біліктерін дамыту үдерісі» негізінде жүзеге асырылады. Мұнда білім алушының зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі «ішкі тұлғалық даму көзінің» құрамы арқылы жүзеге асырылады деп саналады. Студенттердің зерттеушілік құзыреттіліктерінің қалыптасуын пропедевтикалық, дайындық, негізгі деп үш кезеңге бөлуге болады. Одан басқа оқу (ұйымдастырушылық-дайындық кезең), оқу-зерттеушілік (технологиялық) және зерттеушілік іс-әрекет (қорытынды кезең) деп бөлек қарастыруға да болады [1]. Көрсетілген нұсқалардан бөлек тағы да төрт кезеңді бөліп қарастыратан болсақ, оларға төмендегілер жатады:

- Мақсат қою;

- Білім беру мазмұнын жаңарту;
- Зерттеушілік іс-әрекетті жүзеге асыру;
- Зерттеу іс-әрекеті нәтижесін талдау кезеңі.

Зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында дидактикалық микробірліктерді бөліп қарастырады, олар зерттеушілік құзыреттіліктерінің нақты қалыптасу кезеңдерімен байланыспаған, мысалы, тақырыптың тезаурусын құру білігі, іздеу сұраныстарын құру, материалды жылдам оқуды жүзеге асыру, маңызды және екінші орындағы ақпараттарды ажырата білу және т.б.

Зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасу кезеңдерінің салыстырмалы талдауы 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. Зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасу кезеңдері

1 кезең	2 кезең	3 кезең
Пропедевтикалық (бастапқы)	Дайындық	Негізгі (шығармашылық)
Ұйымдастырушылық-дайындық	Технологиялық	Қорытынды
Дайындық	Түрлендіру	Өзін-өзі дамыту
Мотивациялық-бағытталған	Іс-әрекеттік -амалдық	Бақылау-бағалау
Өзін-өзі анықтау	Өзі-өзіне айту	Өзін-өзі жетілдіру

Кестеден көріп отырғанымыздай, мазмұны мен атаулары жағынан ұқсас зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасудың қалыптасудың 3 кезеңі бөліп көрсетілген. Зерттеушілік құзіреттілік қалыптастырудың бірінші кезеңі дайындық рөлін атқарады және олар оқу іс-әрекетімен байланысқан. Екіншісі, технологиялық, студенттердің оқу-зерттеу іс-әрекетімен байланысты. Үшіншісі, қорытынды, өзін-өзі жетілдіру кезеңі, ол ғылыми зерттеушілік, шығармашылық сенімді студенттердің іс-әрекетімен сипатталады. Ғалымдар зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінде есте сақтауға қажетті кейбір педагогикалық шарттарға қатысты әртүрлі түрлерін бөліп көрсетеді [2]. Атап айтқанда:

1. *Мотивациялық орта өзгерісі мазмұндық белгісі бойынша:*

- Педагогикалық үдерістің мотивациялық ортасын түрлендіруге бағытталуы;

2. *Оқытушылар мен студенттердің тиімді қарым-қатынасы мазмұндық белгісі бойынша:*

- Оқытушылар мен студенттердің қарым-қатынасын ұйымдастыру тұлғалық бағытталған қағидаларға негізделеді. Оқытушы іс-әрекетінің интеграциясы;
- Оқытушылар мен студенттердің тиімді қарым-қатынасы зерттеушілік іс-әрекеттің жеке траекториясын белсендіру құрамы болып табылады.

3. *Зерттеу ортасын құру мазмұндық белгісі бойынша:*

- Зерттеушілік дамытушы ортасын құру. Зерттеу іс-әрекетінің субъективті тәжірибелерін дамытуға тиімді шарттар туғызу;
- Студенттің ғылыми қоғамының жұмысын қамтамасыз ету. Оқытудың проблемалық, ойындық, пікір-таластық әдістерін қолдану
- Студенттерді зерттеушілік іс-әрекетті жасау мен жүзеге асыру үдерісіне тарту. Зерттеушілік сипаттағы түрлі қиындық деңгейінде міндеттерді қолдану. Модернизацияны қолдану;
- Студентті зерттеушінің белсенді позициясына ауыстыру, ол танымдық іс-әрекеттің әмбебап әдістеріне ие болу керек. Зерттеушілік құзыреттіліктің сыни талдауы, тұлғалық маңызды мазмұнын құруға үйрету
- Шағын топтарда қарым-қатынас жасау. ЗҚ мінездерінің мүшелерін студенттер арқылы анықтап, оларды жариялау. Математикалық, арнайы және ақпараттық білімдердің мазмұнының ақпараттық толықтылығы

4. *Зерттеушілік құзыреттіліктің кезеңдік дамуы мазмұндық белгісі бойынша;*
5. *Басқа педагогикалық шарттар мазмұндық белгісі бойынша:*

- Педагогикалық үдерістің гуманизациясы
- Зерттеушілік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау
- Педагогикалық үдерістік тепе-теңдік жүйе түрі ретінде қарастыру. Студенттердің өзіндік жұмысын максималды есепке алу

- Білім беру мазмұнының бастысы оқушылардың ЗҚ-нің қалыптасуы үшін болашақ инженерлерді зерттеу жобасына қосу.

Ары қарай түрлі зерттеушілік құзіреттіліктің қалыптасу көрсеткіштерін қарастыратын боламыз.

Зерттеушілік құзыреттілік мақсаттары мен мотивтерінің жиынтығының қалыптасуы көрсеткіші бойынша:

- Зерттеушілік құзыреттіліктің тиімді мотивтерінің ашықтылық, айқындылық дәрежесі
- Зерттеушілер оқу іс-әрекетіне мотивациялық дайындығының қалыптасуының дәрежесі;
- Талап ету көрсеткіші;

Эмоционалды-психологиялық сипаттама көрсеткіші бойынша:

- Құзыреттілікке қатысты мазмұны мен нәтижесінің қатынасы; жұмыстағы сенімділік дәрежесі;

- Тұлғалық көрсеткіш;

Зерттеушілік құзыреттілікті жүзеге асырудың білімдер жүйесінің бар болуы көрсеткіші бойынша:

- Зерттеушілік құзыреттіліктің когнитивті негізі ретінде білімнің қалыптасқандығының дәрежесі;

Нақты зерттеушілік міндеттердің тәжірибесі мен меңгерілген әдістері көрсеткіші бойынша:

- Зерттеу біліктерінің қалыптасу деңгейі;
- Зерттеу біліктерінің қалыптасу деңгейі;
- Іс-әрекеттік көрсеткіш;

ЗҚ мақсаттары мен міндеттерінің жиынтығының құрылымдылығы көрсеткіші бойынша:

- ЗҚ позитивті мотивация;
- Мақсат қою;
- ЗҚ дамыту қажеттілігінін сезіну;

Эмоционалды-психологиялық сипаттама көрсеткіші бойынша:

- Ғылыми ақпарат көздерімен жұмысқа қызығушылықтың тұрақтылығы;
- Зерттеу мәселелерін іздеу мен шешудегі белсенділік

*Зерттеушілік іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті меңгерілген әдістер мен тәжірибелер көрсеткіші бойынша***:**

- Зерттеу біліктерін қалыптастыруға қажетті білім беру негізінің болуы

Нақты зерттеу міндеттерін шешудің меңгерілген әдістері мен тәжірибесі көрсеткіші бойынша:

- Зерттеу іс-әрекетінің кезеңдерін танымдық және рационалды тұрғыдан сезіну;
- Мақсат қоя білу;
- зерттеу іс-әрекетінің нәтижелерін үйрену, талдау, болжау біліктерін қалыптастыру [3].

Оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын тиімді қолдану арқылы студенттердің зерттеушілік құзіреттіліктерін қалыптастыруды қамтамасыз ету түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей алу, талдай алу, қажеттісін таңдап ала алу секілді кешенді мәселелерді шешуге өз септігін тигізген болар еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

5. Слабая материально-техническая база экологического образования подрастающего поколения.

Специфика экологической подготовки учителя заключается в том, что:

- данная подготовка (переподготовка и повышение квалификации) должна быть проведена в кратчайшие сроки, то есть временный параметр выступает как условие своевременного экологического образования поколения XXI века;

- в системе экологической подготовки учителя одно из ведущих направлений занимает развитие способностей (умений) учителя вести исследовательскую работу в области проблем окружающей среды;

- экологическая подготовка учителя должна предусматривать развитие организаторских умений координации деятельности учителей смежных предметов (естественно-научного, социогуманитарного, художественно-эстетического и др. циклов) вокруг конкретных проблем интегративного характера;

- экологическая подготовка учителя требует его ознакомления с основами многих других наук, не изучаемых в рамках базового высшего образования;

- экологическая подготовка направлена на развитие умений учителя оперативно реагировать на достижения современной экологической науки - науки достаточно молодой, интенсивно развивающейся, время от времени уточняющей свои взгляды на многие экологические проблемы современного мира;

- экологическая подготовка позволяет расширить технологическое поле учителя, вводя в него нетрадиционные для линейных курсов мониторинговые технологии, технологии моделирования и проектирования, технологии исследовательской деятельности и др.;

- подготовка учителя в области экологического образования позволяет повысить эколого-валеологическую культуру учителя, предполагающую осмысление проблемы в системе «Здоровье человека - окружающая среды»;

- экологическая подготовка учителя раскрывает возможные пути гуманизации образования, затрагивая основные элементы образовательного процесса: целеполагания, содержания, технологии, педагогического результата и эколого-валеологической оценки их эффективности;

- экологическая подготовка учителя позволяет повысить уровень образованности в области социальных наук, овладеть методиками социологического исследования (проведения социологических опросов по проблемам окружающей среды является одним из компонентов стандарта школьного экологического образования (проекта)).

Список литературы

1 Алексеев С.В. Теория и методика эколого-педагогической подготовки учителя в системе постдипломного образования. СПб.: СпецЛит, 2001. - 205 с.

2 Хамзина Ш.Ш. Теоретико-методологические основы экологизации высшего профессионального образования. Учебное пособие. Павлодар: «ЭКО», 2003 г. - 142 с.

Шоқыбаев Ж.Ә.
Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.д.,профессор, jenis_shokybaev@mail.ru

Ильясова Г.У.
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 3-курс PhD докторанты, iliasova_g@mail.ru

ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ

Түйін. *Кез келген оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендерге қойылатын талаптар оқу талаптарына, ғылым жетістіктеріне, білім беру теориясына, оқыту әдістеріне, сондай-ақ оқулық теориясына қойылатын қазіргі қоғамның талаптарымен анықталады. Дидактиканың заманауи қағидалары оқу процесінің барлық компоненттері - логикаға, мақсаттарға және есептерге, мазмұндарын құрастыруға, формалар мен әдістерді таңдауға, ынталандыруға, жоспарлауға және жеткен нәтижелерді талдауға қойылатын талаптарды ескереді.*

Осы мақалада оқытушылар жоғары нәтижеге жету үшін, қазіргі заманғы білім беруде қолданылатын, оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендерге қойылатын талаптардың мазмұны туралы өзекті мәселе қарастырылған.

Кілттік сөздер: *дидактика, инновация, оқу үдерісі, пән, оқулықтар*.

Резюме.*Требования к любым учебникам и учебно-методическим комплексам определяются требованиями современного общества, предъявляемыми через требования к образованию, достижения в области наук, теории образования, методики обучения, а также теории учебной книги. Современные принципы дидактики обуславливают требования ко всем компонентам учебного процесса - логике, целям и задачам, формированию содержания, выбору форм и методов, стимулированию, планированию и анализу достигнутых результатов.*

В данной статье рассмотрен актуальный вопрос о содержании требований современного образования, предъявляемые к учебникам и учебно-методическим комплексам, соблюдая которые преподаватели могли бы достигать высоких и прочных результатов.

Ключевые слова: *дидактика, инновация, образовательный процесс, дисциплина, учебники.*

Summary.*Requirements for any textbooks and educational-methodical complexes determined by the requirements of modern society imposed by the educational requirements, advances in science, the theory of education, teaching methods, as well as the textbook theory. Modern principles of didactics stipulate requirements for all components of the educational process - logic, goals and objectives, development of content, the choice of forms and methods, promotion, planning and analysis of the results achieved*.

This article discussed the topical issue of the content of the requirements of modern education, applicable to textbooks and educational complex, observing that teachers could reach high and lasting results.

Keywords: *didactics, innovation, educational process, discipline, educational books.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруге талап ететіні сөзсіз»-деп атап көрсетті.

Оқу құралы мен олардың білім беру жүйесін рөлін сөз еткенде іргелі мәселелерді аттап өте алмаймыз. Әлемдік, кеңестік және қазіргі заманғы ұлттық-мемлекеттік педагогикалық мектептер осы мәселе бойынша маңызды теориялық және эмпирикалық материалдар жинақтады. Ғылыми зерттеулердің негізі, қайнар бұлағы ең алдымен Ж.Ж. Руссо, В. Песталоций, Я.А.Коменский сынды әлемдік және ұлттық педагогикалық ойшыл классиктердің, көрнекті кеңестік ғалымдар мен ағартушылардың еңбектерінен басталады. Бұл еңбектерде білім беру, даму және тәрбиелеу үдерісінің гуманистік негіздері қалыптасады. Мектептің негізгі міндеті, әрбір баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, оның бейімділігі мен қабілеттерін, қызығушылығын танып, жеке ерекшелігі мен не нәрсеге бейімін анықтау екендігі баса айтылады.

Білім беру үдерісінде оқулықтың атқарар қызметі орасан зор. Дидактикалық, тұрғыдан қарастыратын болсақ, оның атқарар қызметі өте көп, яғни білімді хабарлау, баяндау, оқушыларды әр түрлі дағдыларға жаттықтыру, алған білімін пайдалана білу, белгілі пәнге ынталандыру, қызықтыру, көптеген хабарларды оқушылардың өздігінен пайдалануына жағдай жасау. Оқулық – ғылыми жұмыстың ерекше бір түрі. Оқулықта ғылым негіздерін, оның заңдары мен әдістерін жай ғана баяндап қоюмен іс бітпейді, бұл жағынан оның баска кітаптардан айырмашылығы; оқулық ең алдымен,теориялық материалды оқыту мақсатына сай талғап, іріктеп алуымен,білімдерді баяндап жеткізудің өзіндік әдістемелік формасымен және бірізділігімен, тәрбиелік мақсаттағы материалдың болуымен, пәннің маман емес оқырманға-оқушыға арналғанын ескерумен ерекшеленеді. Ол ғылыми идея мен тұжырымның дидактикалық тұжырыммен тоғысуынан жаралады. [1]. Қазіргі оқулықтарға қойылатын талаптар да күрделі. Бүгінгі жаңа оқулықтар дидактикалық,

психологиялық, логикалық, тілдік, әдістемелік, экономикалық негізгі талаптар биігінде болуы керек. Сондай жағдайда ғана жаңа оқулық жасай алмақпыз. Оқулық оқушыға ғылым негізін меңгертумен қатар, оны білік, дағдыға, алған білімін өмір кәдесіне жаратуға баулуға тиіс. «Жоғары білікті оқулық – дейді педагог ғалым И.Зверев, - ойлылық пен эмоционалдықты, ғылым мен көркемдікті, материалды бейнелі баяндаумен ұштастыру үлгісі» [2]. Қазақ тілінде оқытатын мектеп ашып, оқулық жазу ісі XX ғасырдың алғашқы 10-15 жы- лында едәуір жандана түсті. К.Аханов, Ә.Хасенов, Х.Әбілқаевтың т.б. ға- лымдардың еңбегі ерекше. Алайда қоғамдық ғылымның өкілдерінен басқа ғылым салалары- ның қазақша ғылыми тілін қалыптастырып, аударма-түсіндірме сөздіктерін түзіп, оқулық- тарын сапалы етіп аударған белгілі ғалымдар баршылық. Бұл ретте О.Жәутіков, Б.Бірімжанов, Т.Дарқанбаев, М.Ысқақов, Т.Мұсақұлов, Р.Бөкейхановтардың еңбегін ерекшелеп атамау әділеттік болмас еді. Олар өз оқулықтары арқылы әр түрлі ғылым саласы бойынша кейінгі ұрпақтарды даярлауға үлкен үлес қосты [2, 23-24 бб.].

Оқулықты жазу кезінде оқыту үрдісінің заңдылықтарынан шығатын дидактикалық қағидаларды есепке алу қажет. Оқыту үрдісінің заңдылықтарынан дидактика қағидаларының қалыптасуы шығады және оқытуды ғылыми талдаудың негізінде жүзеге асырылады. Бұл:

а) *тәрбиелеуші оқыту қағидасы.* Бір де бір пән, бірде бір оқу құралы тәрбиелеу міндеттерінен бөлек білімдердің жиынтығынан құрала алмайды. Оқыта отырып, біз тәрбиелейміз. Бұл ешқандай дәлелдеулер мен аргументтерді қажет етпейтін аксиома.

б) *ғылымилық қағидасы*, оқытудың мазмұны оқушыларды объективті ғылыми дәйектермен, теориялармен, заңдармен таныстыруын, ғылымдардың заманауи жағдайын бейнелеуін талап етеді. Бұл қағиданы орындау бәрінен бұрын, оқу бағдарламаларында және оқулықтарда, зерттелінен материалды жинақтауда, сонымен қатар, оқушыларды ғылым әдістерімен, ғылыми ізденістің элементтерімен таныстыруда байқалынады.

в) *оқытудың тәжірибемен байланысы қағидасы* оқыту үрдісі оқушыларда тәжірибелік тапсырмаларды шешуде білімдерді қолдануды, білімдерін өмірде қолдана отырып, қоршаған болмысты талдау мен түрлендіруді, жеке өзінің көзқарастарын қалыптастыруды ынталандыруын талап етеді. Ол үшін нақты өмірдегі оқиғалар мен мысалдарды талдау, оқушыларды қоғамдық институттармен, мемлекет құрылғысымен таныстыру қолданылады.

г) *жүйелілік пен реттілік қағидасы* белгілі бір ретте, жүйеде оқытуды және білімдерді меңгеруді болжайды, мазмұнды да, оқыту үрдісін де логикалық құрастыруды талап етеді, бұл бір қатар ережелерді толықтымен орындауда байқалады.

- тақырыптық бағытта оқытылатын материал логикалық бөлімдерге жоспарланады, олармен жұмыс жасау реті мен әдіснамасы орнатылады;
- әр тақырыпта мазмұнды негізі, басты ұғымдарды, идеяларды ерекшелеу, сабақ материалын құрылымдау бекітіледі;
- курсты оқу кезінде теориялар, заңдар мен дәйектердің арасында сыртқы және ішкі байланыстар орнатылады.

д) *қолжетімділік қағидасы* оқушылардың даму ерекшеліктерін есепке алуды, материалдарды олардың мүмкіншіліктерінің көзқарасымен талдауды және білім беруді олар интеллектуалды, моральді, психикалық қысымды сезбейтіндей қылып ұйымдастыруды талап етеді. Бұл дидактиканың негізі. Сонымен қатар, Я.А. Коменский жақын тұрғаннан алыста тұрғанға, жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге көшу қажет деп жазған болатын. Л.В. Занков жоғарғы деңгейлі қиындықта білім беру қағидасын енгізген, бірақ бұл қолжетімділік қағидасын бұзбауы керектігін атап кеткен болатын.

Дидактикадағы маңызды және ескі қағидалардың бірі оқытудың тиімділігі сезім мүшелерін оқу материалын қабылдауға және өңдеуге тиімті жұмылдыртуға тәуелді екендігін білдіреді. Дидактиканың бұл «алтын ережесін» Я.А. Коменский де тұжырымдаған.

Оқыту үрдісінде балаларға бақылауға, өлшеуге, сынақтар өткізуге, тәжірибелік жұмыс жасауға мүмкіндік беру қажет – осылар арқылы білімге жетелеу қажет. Егер шынайы заттарды беру мүмкіндігі жоқ болса, онда көрнекі құралдарды: моделдерді, суреттерді қолдану қажет. Оқытудың заманауи құралдары (теледидар, компьютерлік технологиялар, аудио-бейне аппаратуралар) көрнекілікті белсенді қолдануға мүмкіндік береді. Оқулықтардың авторлары мен баспалары мұны ескеруі тиіс, көрнекі материалдарға ерекше көңіл бөлу қажет. Көрнекілікті қолдану нақтылы-бейнелі ойлаудан абстрактылы, ауызша-логикалық ойлау қабілетіне көшуге әсер етуі тиіс.

е) *оқытудағы оқушылардың саналылық пен белсенділік қағидасы* – заманауи дидактикалық жүйенің негізгі қағидаларының бірі, оған сәйкес оқушылар танымдық белсенділік танытып,

қызмет субэектілері болған кезде оқыту тиімді болады. Бұл оқушылардың үйрену мақсаттарын сезінуінде, өз жұмыстарын жоспарлауда және ұйымдастыруда, өздерін тексере алатындығында, білімге қызығушылық білдіруінде, мәселелер қойып, оларды шешу жолдарын іздей алуында байқалынады. Заманауи дидактика мұғалімнің жетекшілігі кезіндегі оқушылардың белсенділігіне сүйенеді. Үйренудің белсенділігі мен саналылығына қол жеткізуге болады деп ойлаймыз, егер де:

- оқушылардың қызығушылығына сүйену және біруақытта оқыту себептерін қалыптастырса, олардың ішінде танымдық қызығушылық, кәсіби бейімділік бірінші орында;
- оқушыларды ғылыми және тәжірибелік тапсырмаларды іздеу және шешу үрдісіне, проблемалық оқытуға, күрделі жағдайларды шешуге қосса;
- оқытудың белсенді әдістерін, пікірталастар, тренингтер қолданса.

Бұл қағиданы жүзеге асыру балалардың тек білімін ғана қалыптастыруға емес, сонымен қатар, олардың әлеуметтік өсуіне мүмкіндік береді. Бұл қағиданы жаңа мазмұнды оқулықтарды құрастыру кезінде де есепке алып, үйретуші жұмысты білім берудің белсенді формалары мен әдістеріне бағыттау қажет.

ж) *білім беріктілігінің қағидасы* — білім берудің маңызды қағидаларының бірі болып табылады. Білімдер оқушылардың жадында мұқият сақталылуы тиіс, олардың сана-сезімінің, негізгі әдеттерінің және қылықтарының бөлігі болушы еді. Есте сақтау мен еске түсіру тек материалға ғана емес, оған деген қатынасқа да тәуелді екендігі белгілі [4]. Сондықтан терең меңгеру үшін позитивті қатынасты, зерттелінетін материалға қызығушылық қалыптастыру қажет. Бұл қағиданың ережелері:

- егер оқушы интеллектуальды, танымды белсенділік танытатын болса, берік меңгеру орындалады;
- берік меңгеру үшін материалдың саны мен мерзімділігін дұрыс ұйымдастырып, оқушылардың жеке айырмашылықтарын ескеру қажет;
- білім беріктілігі материал құрылымданған, негізі еркшелген кезде, логикалық байланыс орнатылған кезде қамтамасыз етіледі;
- білім беріктілігі оқыту нәтижелерін жүйелі түрде бақылаумен, тексерумен және бағалаумен қамтамасыз етіледі.

Іргелі дидактиканың бұл қағидалары, егер олар жалғыз және өзара-әрекеттесуде қолданылатын жағдай да ғана тиімді болады. Олардың бірін жүзеге асыру басқаларын жүзеге асырумен тығыз байланысты. Белсенділік және жүйелік беріктілікпен, қолжетімділік ғылымдылықпен және сол сияқты. Қазақстандық мектеп басқалардан ондағы академизм, беріктілік пен қолжетімділік тығыз байланысатындығымен ерекшелінеді. Бұл қағидалар жаңа оқулықтардың мазмұнымен жұмыс жасаудың ажырамас бөлігі. Қорыта келе айтарымыз, оқулықтың жас ұрпаққа білім беру мен оларды тәрбиелеу үрдісіндегі алатын орны, олардың мазмұны мен жалпы идеялық – танымдық бағыттарына қойылатын талаптар мәселесі жүздеген жылдар бойы шетелдік және отандық педагогика ғылымдарында; ғылыми – практикалық бас қосулар мен қоғамдық және арнайы ғылыми баспасу беттерінде, арнаулы ғылыми еңбектерде талқыланып келе жатқаны баршамызға белгілі. Ал, қазіргі таңда оқулықтары қандай болу керек деген мәселеге жаңаша көзқараспен қарау, яғни ертеңгі күннің болашақ ұрпақтарына тиімді, қолайлы болу қажеттілігі ескірілсе екен деп түйіндейміз.

Әдебиеттер

1. Құсайынов А.Қ., Ұ.Ә.Асылов. Оқулықтану. Өзекті мәселелер. – Алматы: Рауан, 2000. – 32 б.

2. Зверев И. Каким быть учебнику? – М.: Про- свещение, 1987.

3. Фогельсон И.А. Учебники и пути его разви- тия. Кітапта: Вопросы теории составления школьного учебники. − М., 1982.. 5. Лернер И.Я. Вопросы теории школьного учебника // Дидактические основы учеб- ника. − М., 1982.

4. Шокыбаев.Ж.А Ильясова Г.У Дидактические принципы составление учебных книг. // Академии Педагогических Наук Казахстана №4, 2016

Шоқыбаев Ж.Ә
Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.д.,профессор, jenis_shokybaev@mail.ru

Ильясова Г.У.
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 3-курс PhD докторанты, iliasova_g@mail.ru

ОҚУЛЫҚТЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Түйін. *Мақалада оқулықтың мазмұны мен құрылымына қойылатын талаптар қарастырылады. Сонымен қатар мәтіндерге қойылатын талаптарға талдаулар жасалынады. Оқулық ақпараттары мазмұнының түзілімдік құрылымы келтіріледі.*

Кілтті сөздер: *оқулық, мәтін, психология, лингвистика.*

Резюме. *В данной статье рассмотрен актуальный вопрос о содержании требований современного образования, предъявляемые к учебникам и учебно-методическим комплексам, соблюдая которые преподаватели могли бы достигать высоких и прочных результатов.*

Ключевые слова: *учебники, текст, психология, лингвистика.*

Summary. This article discussed the topical issue of the content of the requirements of modern education, applicable to textbooks and educational complex, observing that teachers could reach high and lasting results.

Keywords: *textbooks, text, psychology, linguistics.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарын айта отырып, бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті

Оқулыққа қойылатын талаптарды әрбір ғалым әр түрлі қарастырады. И.Фогельсон, И.Ларнер, Г.Бим т.б. ғалымдардың оқулық түзуге толық жауап бере алмайды.

Д.Зуев оқулық түзу талаптарына мыналарды жатқызады; идеологиялық, психологиялық, логикалық, лингвистикалық, әдістемелік, дидактикалық, эстетикалық, полиграфиялық, гигиеналық, экономикалық. Алайда ғалымның қойған талаптары өте кең. Заман өзгерістеріне қарай оқулық түзудің кейбірі дамып, кейбіреулері бәсеңдей түседі. Сондықтан қазіргі кезде кейбір талаптар біріктіріліп оқулыққа қойылатын талаптар мынадай жүйеге негізделінеді [1].



Оқулық түзуге қойылатын талаптар үш топқа біріктіріледі.

1. Оқулықта берілетін материалдар. Бұл басты талап. Себебі материалдарды дұрыс таңдап,оларды орын-орнына дұрыс қоя білу балалардың біліміне,сөздік қорының,тілінің дамуына игі ықпал жасайды. Ал материалдарды қалай өту,түсіндіру,қызғылықты өту- мұғалімнің міндеті.

2. Оқулықты безендіру ісі. Дұрыс безендірілген оқулық балалардың кітапқа деген қызығуын арттырып,түрлі медициналық-гигиеналық талаптарға жауап береді.

3. Дидактикалық. Оқулықта берілетін материалдар балалардың оқуға деген қызығуын оятуға түрткі болуы шарт.

Оқулық ақпараттарының мазмұнын баяндап жазу мәтіні арқылы жүзеге асады. Мәтін оқулықты әзірлеудің ақпараттық моделінің таңбалық жуйесі [4].

Оқулықта берілетін мәтіндерге қойылатын талаптар

1. Психологиялық
2. Лингвистикалық
3. Логикалық
4. Идеологиялық
5. Жүйелілік

✓ **Психологиялық талаптар.** Оқулық материалдарына қойылатын психологиялық талаптар балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне лайықталып берілуі тиіс. Себебі психологиялық талаптар арқылы балаларға берілетін білім сапасы жоғары болуы және білімді қабылдау ерекшеліктері ескеріледі; Оқушылардың психологиялық және физиологиялық жас ерекшеліктері мен жекедара қабілеттеріне сай ұғынықты да қарапайым,баяндалу тілінің нақты да түсінікті,көлемінің жинақы болуы;

✓ **Лингвистикалық талаптар.** Бұл талап бойынша балардың дұрыс сөйлеуі,сөйлеу мәдениетін жетілдіріп сөздерді дұрыс таңдай білуі,сөйлемдерді дұрыс құрастыруы негізге алынады және баларды ана

✓ **Логикалық және танымдық талаптар** арқылы балалардың дүниетанымы кеңейіп,жүйелі ойлауы,қызығуы және шығармашылық қасиеттері нығайтылады. Бұл балалардың білім сапасының артуына себеп болып,балалардың ізденімпаздығын,сабаққа деген белсенділігін жетілдіреді; Құрамындағы сұрақтар мен тапсырмалар оқушыларды ойландыруға,ізденіске,шығармашылыққа жетелейтін болуы тиіс.

✓ **Идеологиялық талаптар.** Қоғамның ертеңі-қазіргі балалардың қолында екені белгілі,сондықтан да балаларға ұлттық мәдениеттерді,ел тарихын,жер тарихын оқыту арқылы оларды отансүйгіштік рухта тәрбиелеу-әрбір қоғамның міндеті;

✓ **Жүйелілік талаптарға** мыналар жатады: материалдар «жеңілден-ауырға», «оңайдан-қиынға» ұстанымымен берілуі тиіс; материалдар бір-бірімен мағына,құрылымдық жағынан ұштастырылып отыруы керек; материалдар бір кезеңнен екінші кезеңге білінбей,ұштастырыла берілуі қажет. Оқытудың барлық сатыларында өзара біртұтас жүйеде болуы; [2].

Оқулық ақпараттары мазмұнының түзілімдік құрылымы мынадай болады:

1.кіріспе (алғы сөз);

2.негізгі,қосымша,түсініктеме мағлұматтар;

3.көрнекілік объектілер және оларды негізгі ақпаратттардың мазмұнын меңгеруде пайдалану туралы мағлұматтар;

4. оқулық ақпараттарының мазмұнын меңгеру,іс-қарекеттерін ұйымдастыру ақпараттары мен амалдарының мағлұматтары.

Алғы сөз дегеніміз - оулық туралы қысқа түрде жазылған нұсқаулық-жұмыстық мағлұматтар. Онда оқулықтың кімдер үшін арналғаны,қандай мақсат қойылғандығы,құрамы,шартты белгілер мен ерекшелеудің жүйесі,қосымша және түсіндірме ақпараттарды қандай көзден және қалай іздестіру туралы қажетті ақпараттар беріледі.

Оқулықтың негізгі ақпараттарының мазмұнына меңгерілуіне тиісті берілген ғылым саласының жетекші идеялары, теориялар, ұғымдар, заңдар, терминдер, деректер, сондай-ақ берілуге тиісті алуан түрлі мәселелерге қатысты іс-қарекеттердік амалдардың малұматтары енгізіледі. Олар блоктар мен бөліктердің,яғни бөлім,тарау мен параграфтардың құрамына кіреді. Оқулықтың негізгі ақпараттарының мазмұны олардың жалпы көлемнің 65-80%-ын қамтып,оқу бағдарламасына сай міндетті түрде меңгерілуге тиісті технологиялық өңделген ақпараттар көзі міндетін атқарады [3].

Оқулықтың қосымша ақпараттарына негізгі мағлұматтардың мазмұнын толық меңгеруде маңызды роль атқаратын бағдарламадан тыс танымдық объектілер туралы мағлұматтардың мазмұны енгізіледі. Оқулықтың мазмұнына оқушылардың алған білімдерінің қай салада қалай пайдаланылатындығы туралы да мағлұматтар енгізіліп, ол оқушылардың өз бетімен білім алуына арналған оқулыққа айналуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Зуев Д.Д. Теория школьного учебника. -М., Педагогика. 1991. - 263 б.

2. Оқулық сапасын анықтау мен жетілдіруден ғылыми теориялық негіздеріне қойылатын талаптар. Білім образование, 2006. №5. 29-33 бет.

3. Фогельсон И.А. Учебники и пути его развития в св. Вопросы и теории составления школьного учебники. -М., 1982. 26-29 б.

4. Лернер И.Я. Дидактические основы учебника в сб. Вопросы и теории школьного учебника. М.,1982. 17 б

ӘОЖ 373.3.016

Шеримбетова Меруерт Алиқызы
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы, mary8581@mail.ru

САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ МӘНІ

Түйін: *Мақалада жасөспірімдерді тәрбиелеу барысында елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының рөлі туралы айтылады.*

Резюме: *В этой статье рассматривается роль программы «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» в воспитании молодого поколения*

Summary: *The role of «The Future orientation: Spiritual revival» in the process of bringing up the young people of Kazakhstan is considered in this article.*

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін - білім»
М.Әуезов

Елбасымыздың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарияланған болатын. Елбасымыздың бұл «Рухани жаңғыру » бағдарламалық мақаласы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы Қазақстан халқына жолдауының мазмұндық жалғасы болып отыр [1], сондай – ақ, екінші жағынан бұл-қоғамдық сананы жаңғырту арқылы еліміздің саяси және экономикалық саласына оңтайлы өзгерістер енгізу негізінде Қазақстан дамуының айрықша бастауы болып отыр.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында күллі жер жүзінің көз алдымызда өзгеріп жатқандығын, сондай-ақ, әлемде бағыты бұлыңғыр, жаңа тарихқа кезең басталғандығын айтты. Осы орайда күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін еместігі жайлы көзқарасымен бөлісті [2]. Осы құнды ой-өрісінің негізінде, әлемнің өзгеруі сол қоғамда өмір сүріп отырған адам баласының ұлттық санасын және өзін-өзі ұдайы дамытудың жаңа бағытына қарай бет бұруын талап ететіндігін меңзеді. Сондықтан, көшпен ілесіп, ілгері жүрудің бірден бір табысты кілті, ол адам санасының атқаратын ісінен де озып жүруі, яғни,бұл дегеніміз адам тереңде сапалы зерделей отырып қана іс атқаруда көздеген мақсатына жете алатындығын білдіреді.

Рухани жаңғыру сөзін естігенде, адамның ойына ең әуелі адамның ұлттық санасының болмысы келетіні сөзсіз. Елбасымыз осы ұлттық санамызды жаңғырта отырып, еліміздің экономикалық дамуына жаңаша серпін беруге бағытталған «Рухани жаңғырту» бағдарламасының алты бағытын атап көрсетті.

Бұл аталған жаңғырту бағыттарын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізін қалайтын саналы ұрпақ тәрбиелеудің басты құралы деп айтуға болады. Кез-келген ұстаз қауымы балаға білім бермес бұрын оған өнегелі тәлім-тәрбие беру арқылы ғана оның санасына сапалы білімді сіңірте алатынын жақсы түсінеді.

Мен, осы орайда, рухани жаңғырту бағыттарының саналы ұрпақ тәрбиелеудегі мәнін төмендегідей саралаған болар едім.

1. Бүгінгі оқушы-ертеңгі елінің парасатты азаматы, ұлтының жанашыры және ұшқыр ойлы патриоты болуы үшін, оның бүгінгі күнгі бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейде болуы өте маңызды. Осы орайда, ұстаздар қауымы әрбір шәкіртке байырғы алған білімімен жаңадан сіңірген мәліметтерін бір-бірімен оңтайлы ұштастыра білуінде, алған білімдерін алдағы уақытта кез-келген өмір белестерінде тиімді қолдану арқылы, көздеген мақсатына қол жеткізуінде ұлттық саналарының ұдайы өзгеріп, жаңа мәліметтермен толықтырылып отыруының маңызы зор екендігін ұғындыруы қажет. Кез-келген оқушы бәсекелестік қабілетке ие бола алады. Оқушының болашақта табысты болуы материалдық жағдайымен емес, оның бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір оқушы XXI ғасырға лайықты жаңару үрдісіне сай болу керек. Мәселен, олардың компьютерлік сауаттылығы және шет тілдерін білуі алдыңғы қатарлы көшпен ілесіп, дамып, өркендеп отыруларының қажетті алғышарттарының санатында.

2. «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз» [2]. Осы прагматизм бағыты бойынша оқушыларды алдағы уақытта елдің рухани және материалдық байлықтарын қастерлеуге, оны ысырап етуден аулақ болуға, өздерінің ұлттық және жеке байлықтарын нақты білуге, болашақтарын айқын және нақты жоспарлауға баули отырып, ағылшын тілі сабағында жаңа тақырыптық мазмұнды еліміздің рухани құндылықтарымен ұштастыра отырып меңгерттіруді мақсат еттім.

3. Елбасымыз ұлттық бірегейлікті сақтаудың екі қырын атап өтті. Олар, біріншіден, ұлттық сана-сезімнің кеңге жайылуын көздесе, екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі барынша көнерген, жаңа заман талабына сай келмейтін, кереғар тартатын дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Осы бағытты негізге ала отырып алға қойған мақсатым, ағылшын тілі пәні сабағында оқушылардың өздерін кері тартатын әдет-қылықтарынан арылуға, қатып қалған керітартпа дағдылардан бойларын аулақ ұстай отырып, әрбір жаңа сабақтың тәрбиелік мәнін Абай атамыздың қара сөздерімен тиімді түрде байланыстыру арқылы рухани жаңғырту болды.

4. Білімнің салтанат құруы-әрбір шәкірттің сапалы білім ала отырып, өз-өздерін рухани дамытуын көздейді. Оқушыларға білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жете алатынын ұғындыра отырып, табысты болудың басты факторы білім екенін түсіндіріп отыру қажет. Осы орайда мен ағылшын тілі сабағында оқушылардың негізгі дағдылары бойынша, атап айтар болсам, оқылым,тыңдалым, айтылым және жазылым дағдыларының сауатты және көркем қалыптасуы үшін, іс-тәжірибеге негізделген әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың жан – жақты білім алып, рухани жаңғыруының ұйтқысы болуды мақсат еттім.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы дегеніміз, революциялық соғыс, қауіп-қатер кезеңі болса енді эволюциялық, яғни, бейбіт жолмен даму дегенді білдіреді. «Әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі [2]». Бұл ретте, оқушыларды әрбір сабақ барысында кез-келген жағдайға саналы түрде түсіністікпен қарап, оның пайымына барып, терең түсіне білуге баулу өте маңызды . Өскелең ұрпаққа барлық уақытта болып жатқан жағдайды ұлттық санамен түсініп, оны тәртіп жолымен шешуді ұғындыру қажет.

6.Сананың ашықтығы – бұл адам ойының кеңдігі және еркіндігі. Көптеген мәселелер әлемнің қарқынды дамып жатқанына қарамастан, халқымыздың сана сезімінің «от басы,ошақ қасы» аясында қалып қойып жатқандығынан туындайды [2]. Осы орайда әлемде ағылшын тілін екінші сөйлеу тілі ретінде үйреніп және қолданып жүрген алдыңғы қатарлы дамыған елдер бар. Елбасымыз осы елдерді меңзей отырып, жаһан тіліне айналып отырған ағылшын тілін меңгеріп жатқандығымызды түсіндіре отырып, оны меңгеруіміздің ұлттық санамыздың ашық болуының алғышарты екендігін айтты. Оқушылардың санасының мейлінше көреген болуының бірден бір негізі ол ағылшын тілін қазақ тілі аясында меңгерту қажеттігін өзіме мақсат еттім.

Қорыта айтқанда, оқушы және оның санасы қатып қалған дүние емес. Оны үнемі заман ағымына қарай жаңа дүниелермен хабардар ете отырып, өз-өздерін ары қарай рухани дамытып отыруына негіз бола алатын, ол әрине өзін-өзі рухани дамытқан, ұлттық санасы рухани азыққа бай, үнемі ізденіс үстінде болып, үздіксіз білім алып отыратын білікті ұстаз. Себебі әрбір мектеп қабырғасында бүгінгі заманның зерделенген білімін алып отырған оқушы заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек.

Әдебиеттер:

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», Н.Ә.Назарбаевтың кітабының тұсау кесерінде айтылған пікірден. https://www.google.kz

2. «Егемен Қазақстан», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласынан. https://egemen.kz

ӘОЖ 371.134

Сарсенбиева Нагима Файзуллаевна
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, э.ғ.к., доцент, sarsenbieva60@mail.ru

Адылбекова Эльвира Тулепбергеновна
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, п.ғ.к., аға оқытушы, adylbekova_elvir@mail.ru

Мырзахметова Баян Шалатаевна
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, т.ғ.к., аға оқытушы, turgan98@mail.ru

ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІН АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨМЕГІМЕН АРТТЫРУ

Резюме. Применение инновационных образовательных технологий в современном учреждении образования становится наиболее эффективным при продуманном использовании информационных ресурсов, которые помогают улучшить мотивацию, сделать занятия более интерактивными, динамичными, увлекательными как для преподавателей, так и для студентов.

Summary. Application of innovative educational technologies in modern establishment of education becomes most effective at the carefully thought out use of informative resources, that help to improve motivation, do employments more interactive, dynamic, enthralling both for teachers and for students.

Қазіргі мектептің болашағы қоғамның даму үрдісімен, білімнің ғылымға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Білім беру процесі ақпараттық қоғам жағдайындағы жасөспірімдерді жан-жақты даярлайтын процесс болуы қажет. Сондықтан электрондық техникалар мен жаңа ақпараттық технологияларды оқу процесінде тиімді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені, бүгінгі таңда компьютер адам қызметінің барлық саласындағы еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында білім беруді ақпараттандыру білім беру жүйесін қайта құрудың маңызды шарты болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру - ақпараттарды жинау, өңдеу, сақтау мен қолдануды оңтайлы ету мақсатында әдістер мен бағдарламалық-техникалық құралдардың кіріктірілген жүйесін құру болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру, қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Қазіргі мектептерге шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім қажет. Басқаша айтқанда, білім беруді ақпараттандыру процесі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзіндік білім алуына және өз қызметін шығармашылық түрде іске асыруына мүмкіндік береді.

Компьютер мен оқушының өзара әрекеттесуі қызғылықты процесс, ол педагогикалық инновацияларда есепке алынып отыруы қажет [1].

Ақпараттық коммуникациялық технологияларды тәжірибеге енгізу жолында туындайтын мәселелерге салқын қандылықпен қарап, оларды шешу кезінде мектептегі ақпараттық жүйелердің мынадай негізгі элементтеріне әсер ететінін айтуға болады:

- әдістемелік жабдықтау жағына;
- мұғалімдер мен әкімшілік органдарын дайындауға;
- қолданбалы бағдарламалық жабдықтарға (энциклопедиялар, меди-ресурстар, модельдеу, әкімшілік-шаруашылық кешенін басқаруға);
- базалық бағдарламалық платформаға (Windows операциялық жүйесі + Office);
- аппараттық кешенге (компьютерлер, жергілікті желі, Интернетке косылу).

Қазіргі кезде адамзат дамуының ерекше артықшылығы-ақпараттық өркениетке көшу, адамдардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыратын есептеуіш техника мен ақпараттық технологиялардың жедел дамуы болып табылады.

Қоғамды ақпараттандыру Қазақстан дамуының маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Біздің еліміздегі үздіксіз білім беруді қарастыратын болсақ (орта мектеп – орта арнаулы оқу орны – жоғарғы оқу орны – білім жетілдіру институты – мамандарды қайта даярлау), осы сатылардың

барлығында ақпараттандырудың әсерін көруге болады. Оның мақсаты - тиімділікті радикалды және мамандарды даярлау сапасын дамыған елдердің деңгейіне көтеру. Осы үрдісте келесі элементтер ерекше маңызды болып саналады:

• техникалық құралдармен оқытудың педагогикалық әдістерінің приоритеттілігі;

• алгоритмдік білім мен ойлау стилінің өсуі;

• информатика мамандығында оқитын студенттердің информатика мен есептеуіш техника құралдарын меңгеру және қажеттеріне қарай жаңа ақпараттық технологияларды қолдану қабілеттіліктерін қалыптастыру.

Осының барлығы жеке тұлғаның ақпараттық мәдениет деңгейінің жоғарылауы мен дамуына әсер етуі керек. Осы тұрғыда үш деңгейді ерекшелеп көрсетуге болады: жалпы, кәсіби және жоғарғы логикалық. Адамдардың ақпараттық мәдениеті олардың еңбек қызметін анықтаушы факторы болып табылады. Ақпараттық қоғамға, қозғалысқа қарай оның рөлі де ақпарат бағалылығы да арта түседі. Адамның ақпараттық мәдениетінің қалыптасуы - оның күнделікті тіршілігіндегі білім, біліктерімен өз білімін жетілдіру кезінде жүзеге асады.

Әйтсе де, оның құрылымын анықтап, оқыту және тәрбие жүйесімен жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін бағытталған түрде дамыту кезінде күшейтуге, ұйымдастыруға болады. Тәжірибе көрсеткендей, оқытудың компьютерлік технологиясын келесі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асыруға болады:

• ақпараттық әдіс, үйренушінің танымдық қызметін;

• компьютерлік модельдеу әдісі, мәліметтер базасы мен білімді, гипермәтіндерді қолдану арқылы білім алушының танымдық қызметін жүзеге асыру;

• автоматты оқыту және білімді бақылау әдісі, математикалық және логика-лингвистикалық модельдерді қолдануға негізделген, танымдық қызметті дамытады;

• автоматтандырылған оқыту және білімді бағалау әдісі, автоматтандырылған оқыту жүйелерін, тестілеу жүйелері мен мультимедианы қолдануға негізделген, танымдық қызметті дамытады;

• ойындық әдіс, компьютерлік, іскерлік ойындарды, эксперттік жүйелерді қолдануға негізделген танымдық қызметті дамытады;

• білім беруде ақпараттық технологияларды сәтті тарату, сауатты қолдану және интенсивті дамыту бірнеше факторларға байланысты екендігі анықталды;

• техникалық (компьютерлік) база жағдайын;

• ақпараттық және компьютерлік аймағындағы маман-оқытушылардың кәсіби дайындық деңгейін;

• пән оқытушыларының компьютерлік сауаттылығы және ақпараттық мәдениет дәрежесін;

• нақты аймақтағы ақпараттық технологияны дамыту тенденцияларына оқу жоспары мен бағдарламалар мазмұндарының сәйкес келуі.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды спутниктік арнаарқылы ендірмейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Ғалымдар мен мамандардың пікірінше, педагогтың ақпараттық мәдениетін дамытудың негізгі факторы ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдануға байланысты біліктілікті көтеру жүйесі болып саналады.

Мұнан басқа, біліктілікті көтеруге, мұғалімдердің өз білімін көтеруіне, оларды кәсіби қайта даярлауға арналған бағдарламаларды жасауға негіз болатын оқу-әдістемелік базаны құру мен дамытудың да маңызы зор.

Жоғарыда айтылғандарға орай біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыруда жаңа педагогикалық технологияларды ендіру міндеттеледі. Осы бағытта жұмыс атқарып жүрген ғалымдарымыз қазіргі кезде қолданып жүрген педагогикалық технология терминін әр қырынан ашып көрсетуде. Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік, шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Ақпараттық-компьютерлік модельдер бойынша оқытудың әдістемелік жүйесі болашақ мұғалімдерге мамандық пәндерді оқытудың барлық деңгейлерін қамтитын тұйықталған циклден тұрады; студенттердің оқу-зерттеу жұмысы, студенттердің модельдеу жұмыстары; студенттердің ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстары.

Сонымен болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік модельдер негіздеріне оқытудың әдістемелік жүйесін өзара байланысқан элементтердің жиынтығы ретінде қарастырамыз.

Ақпараттық-компьютерлік модельдер негізінде болашақ мамандарды кәсібилікке бейімдей оқыту әдістемесінің негізгі мақсаты - олардың ақпараттық мәдениетін дамыту, мектеп бітірушілердің әдістемелік даярлығының кәсіби деңгейге жетуін қамтамасыз ету. Бұл тұрғыда біз болашақ мамандарды кәсіби оқыту жүйесінде ақпараттық-экономикалық модельдерді қарастырдық.

Мысал ретінде MS Excel көмегімен жобаның қаржылық тиімділігін, нақтырақ инвестиция тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштерді есептеп шығу қарастырылды.

Резюме.«Муратфарм» аптекасының қызметін жүзеге асыру үшін 1500000 теңге көлеміндегі банк несиесін қолданбақ. Несие жылдық 23% - қ ставкамен 2 жылға алынып отыр. Фирманың жарғылық капиталы 3000000 теңгені құрайды. Фирма нарықтық стратегиясын сәйкес аймақтағы ашық нарықтық сегменттерді иеленіп жүзеге асырмақ.

Инвестиция тиімділігі көрсеткіштерін қарастыруға өтеміз.

Жобаның тиімділігі көрсеткіштерінің есебі.

Тазакелтірінді табыс(NPV) – алдағы пайда немесе ақша ағымының келтірінді сомасы. Ол мына формуламен есептеледі:

$$NPV = \sum_k \frac{P_k}{(1+\kappa)^k} - C$$

мұнда С- ағымдық инвестиция көлемі; Р – инвестициялық жобадан түсетін таза ақшалай түсімдердің сомасы; r – нақты жылға келіп түсетін нақты ақша түсімдерінің сомасы; к – дисконттау коэффициенті.

Егер NPV > 0 болса, онда жобаны қабылдауға болады, егер NPV < 0 болса, онда қабылданбайды, ал егер NPV= 0 болса, онда жоба пайдалы да емес, тиімсіз де емес.

Берілген формула жүйесіне НПЗ функциясы сәйкес.

Функция синтаксисі:

НПЗ (ставка; мәні1; мәні2)

NPV = НПЗ (23%;C5:C6)-C3=1131800

мұнда ставка – 23 % пайыздық несиелік пайыз; мәні1, мәні2 – жоба бойынша С5:С6 ұяшық диапазонына енгізілген таза ақшалай түсімдер; С3 – несие көлемі енгізілген ұяшық .

Инвестицияның өтелімділік кезеңі (РВ) – бұл кәсіпорындардың өндірістік қызметінен келетін түсімдердің инвестициялық шығындарды жабу уақыты. Өтелу мерзімін есептеу үшін келесі қатынас қолданылады:

РВ= ИС/ДП,

мұнда РВ - инвестициялық жобаға салынған қаражаттардың өтелу мерзімі; ИС – инвестициялық қаражаттардың сомасы (жарғылық капитал + ұзақ мерзімді несие); ДП – ақша ағымының орташа сомасы.

РВ=(1000000+С3)/Е5=1,3 жыл,

мұнда 1000000 – капитал салымының көлемі, С3 – несие көлемі енгізілген ұяшық, Е5 – таза ақшалай түсімдердің орташа мәні енгізілген ұяшық.

Дисконталған өтелімділік кезеңі (DPB) – РВ көрсеткішіне ұқсас есептеледі, бірақ бұл жағдайда таза ақшалай түсім дисконталады. Бұл көрсеткішті есептеудің формуласы келесідей:

$$\text{Investments} = \sum_{t=1}^{PB} \frac{CF_t}{(1+r)^{t-1}}$$

мұнда Investments- бастапқы инвестиция; CF_t- t айдағы таза ақшалай түсім; r – дисконттаудың айлық ставкасы.

Excel жүйесінде бұл формулаға КПЕР функциясы сәйкес.

Функция синтаксисі:

КПЕР (ставка; платеж; нз; бз; тип),

мұнда ставка – пайыздық ставка; платеж - әр кезеңде төленетін төлем; бұл параметр төлем кезеңдерінде өзгеруі мүмкін; әдетте төлем негізгі сома төлемі мен пайыздық төлемнен тұрады; басқа ешқандай алымдар мен салықтар есептелмейді; нз – ағымдық құн; немесе осы шақтан бастап барлық болашақтан төленетін жалпы сома; бз – алдағы кезеңдегі құн; немесе соңғы төлемнен соң келіп түскен қолдағы бар ақша балансы;

DPB = КПЕР(23%;E5;-C3) = 0,6 жыл,

Бұл жағдайда өтелімділік кезеңі 6 айға тең.

мұнда 23% - несиелік пайыз; E5 – таза ақшалай түсімдердің орташа мәні енгізілген ұяшық; C3 - несие көлемі енгізілген ұяшық;

Инвестициялық рентабельділік индексі (PI) – тиімді жобалар үшін 1-ден төмен болмау керек. Ол келесі формула арқылы есептеледі:

$$PI = \sum_k \frac{P_k}{(1+r)^k} \div C$$

Егер де PI >0 болса, онда жобаны қабылданады; егер PI <0 болса, онда жоба тиімді емес және ол қабылданбайды; егер PI = 0 болса, онда жоба пайдалы да емес, тиімсіз де емес.

Пайдалылық индексін есептеу барысында инвестициялық кіріс ретінде таза пайда емес, ақша түсімдері алынады.

$$\text{PI} = \frac{D7}{C3}$$

мұнда D7-таза дисконталған ақшалай түсімдердің орташа мәні; C3 – несие көлемі енгізілген ұяшық;

Рентабельділіктің ішкі нормасы (IRR%). Бұл көрсеткіш нақты инвестициялық жобаның пайдалылық деңгейін сипаттайды. Дисконт нормасы болашақ инвестициялық түсімдердің құнын нақты инвестициялық қаражаттардың құнына келтіреді.

IRR көрсеткіші келесі қатынас арқылы анықталады:

$$\sum_{t=1}^{N} \frac{CF_t}{(1+IRR)^{t-1}} - Investments = 0$$

мұнда CF - t айдағы таза ақша ағымы; IRR-рентабельділіктің ішкі нормасы; Investments – бастапқы инвестиция;

Жоғарыда аталған функцияларды “Муратфарм” аптекасының қаржылық талдау барысында қолданылған [2, 3].

Excel жүйесінің көмегімен жүргізілген есептер негізінде келесідей нәтижелер алынды (сурет 1).



Сурет 1. Инвестиция тиімділігінің көрсеткіштері

Алынған инвестициялық тиімділік көрсеткіштері берілген жобаның орынды, мақсатқа сай екендігін көрсетіп тұр.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекеті ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Ендеше қазақ мектептерінің білім деңгейін арттыру және онда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру үшін мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алатын бағыты болуы тиіс. Осы айтылған ой – пікірлерді тұжырымдай келе, білім беруді ақпараттандыру мектеп пәндерінің оқыту сапасын арттырады және ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Кобелев Н.Б. Практика примененеия экономико-математических методов и моделей, Москва, 2000.*
2. *Сарсенбиева Н.Ф., Бизнес-жоспар құруда MS Exeсel мүмкіндіктерін пайдалану. Шымкент, 2005.*
3. *Сарсенбиева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш.Интерактивті технологияларды оқу үрдісінде пайдалану. ХҒТК. ОҚМПИ., 2016ж.*

ГРНТИ 14.35.09

Рахимжанова М.Б.
Докторант, Факультет информационных технологий,
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, e-mail: r.mira@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ МОДЕЛИ МЕТОДИКИ ОБУЧЕНИЯ КОМПЬЮТЕРНОЙ ГРАФИКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ

Резюме. *В статье рассматриваются роль компьютерной графики в процессе формирования компетенции будущих учителей информатики. В процессе обучения раскрываются особенности формирования модели методики обучения компьютерной графике.*

Ключевые слова: *педагогика, информатика, компьютерная графика, образование*

Түйін. *Мақалада болашақ информатика мұғалімдерінің құзыреттілігін қалыптастыру процесінде компьютерлік графиканың рөлі қарастырылады. Оқу процесінде компьютерлік графиканы оқыту әдіснамасын қалыптастырудың ерекшеліктері анықталды.*

Кілттік сөздер: *педагогика, информатика, компьютерлік графика, білім беру*

Summary. *The given article describes the role of computer graphics in the process of forming the competence of future informatics teachers . In the process of teaching, the peculiarities of the formation of a computer graphics model training methodology are revealed.*

Key words: *pedagogy, computer science, computational graphics, education*

Как отметил в своем Послании народу Казахстана Президент РК Н. Назарбаев: «человеческий капитал – основа модернизации. Для этого требуется новое качество образования. Необходимо усилить качество преподавания математических и естественных наук для молодежи, что является важным условием подготовки их к новому технологическому укладу». Президент уделил особое внимание обучению информационных технологий. По нынешнему условию в высших учебных заведениях должны учиться те, которые были обучены информационным технологиям, которые могут дать нашим детям необходимые функциональную грамотность и критическое мышление [1].

Тем самым, образовательная система Республики Казахстан требует модернизации с учетом современных требований, предъявляемых к результатам обучения. Решение новых образовательных задач предусматривает изменение содержания обучения на основе государственных образовательных стандартов Республики Казахстан. В данной работе рассматривается формирование модели методики обучения компьютерной графике будущих учителей информатики.

Современные требования, предъявляемые обществом к выпускнику вуза, обуславливают необходимость усиления знания и умения в сфере компьютерной графики. Характеризуя образовательный процесс обучения компьютерной графике и описывая методику обучения по учебному предмету, выделяют несколько взаимосвязанных компонентов: компонент «эмпирический опыт», компонент «теоретический опыт», входящие, как составляющие, в компоненты «профессионально – педагогические компетенции педагога», и «профессионально-педагогические компетенции», а также компонент «образовательный процесс» и компонент «обучаемый – общество - рынок труда». Все эти компоненты являются факторами, влияющими на формирование модели методики обучения компьютерной графики будущего учителя информатики.

Рассмотрим основные педагогические способности, определённые Н.Д. Левитовым, Ф.Н. Гоноболиным и В.А. Крутецким.

Н.Д. Левитов выделяет в качестве основных педагогических способностей следующие:

-способность к передаче знаний в краткой и интересной форме;

-способность понимать учеников, базирующаяся на наблюдательности;

-самостоятельный и творческий склад мышления;

-находчивость или быструю и точную ориентировку;

-организаторские способности, необходимые как для обеспечения работы самого учителя, так и для хорошего ученического коллектива [2].

Ф.Н Гоноболин, развивая и детализируя содержание, дает 5 основных способностей:

-способность делать учебный материал доступным учащимся и способность связывать учебный материал с жизнью образуют одну как бы собственно дидактическую группу способностей, соотносимых с более общей способностью к передаче знаний в краткой и интересной форме;

-понимание учителем ученика, интерес к детям, творчество в работе, наблюдательность по отношению к детям - это вторая группа способностей, связаных с рефлексивно-гностическими способностями человека;

-педагогически волевое влияние на детей, педагогическая требовательность, педагогический такт, способность организовать детский коллектив – это интерактивно-коммуникативные способности;

-способности, характеризующие содержательность, яркость, образность и убедительность речи учителя[3].

Резюме. *Внедрение образования, основанного на результатах, привело к возникновению новых проблем в разработке учебных программ и комплексной оценке. Необходимость более четких целей обучения и более обоснованных оценок может привести к ряду потенциальных трудностей. Задача представляет собой сложную задачу для оценки эффективности значимым, управляемым способом, обеспечивая при этом надежность и фундаментальное продвижение в учебной программе. Критерий, на который ссылается оценка более сложной учебной программы, представляет собой серьезную техническую проблему, как видно из опыта внедрения национальных учебных программ и процедур оценки в Казахстане. Оценка, на которую ссылается критерий одна из целей ссылки на критерий состоит в том, чтобы сосредоточиться на индивидуальной оценке на основе описания характеристик на разных уровнях. Хотя нормотворчество предоставляет информацию об эффективности человека в сравнении с другими, ссылка на критерий является попыткой предоставить информацию о стандартах путем описания знаний и навыков, характерных для данного уровня достижения.*

Ключевые слова: *обновленная учебная программа, критериальное оценивание, критерий, формативное оценивание, суммативное оценивание.*

Summary. *Implementation of education based on the results, has led to the emergence of new problems in the development of the curriculum and integrated assessment. The need for clearer learning objectives and more informed assessments can lead to a number of potential difficulties. The problem is a complex challenge to assess performance in a meaningful, manageable way while ensuring reliability and fundamental advancement in the curriculum. The criterion referred to in the assessment of a more complex curriculum is a major technical problem, as seen from the experience of implementing national training programmes and assessment procedures in Kazakhstan. One of the purposes of a reference to a criterion is to focus on an individual assessment based on the description of characteristics at different levels. While norm-setting provides information on human effectiveness in comparison to others, a reference to a criterion is an attempt to provide information on standards by describing the knowledge and skills characteristic of a given level of achievement.*

Key words: *updated curriculum, criteria-based assessment, criteria, formative assessment, summative assessment.*

Түйін. *Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім-шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін айқындайды. Критериалды бағалау – оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушы, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс.*

Кілт сөздер: *жаңартылған оқыту бағдарламасы, критериалды бағалау жүйесі, критерий, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау.*

Мир быстро становится другим местом, где глобализация и модернизация создают огромные сложные задачи для людей и обществ. Школы должны подготовить учащихся к жизни и работе в мире, в котором большинству людей необходимо будет сотрудничать с людьми различного культурного происхождения и ценить разные идеи, перспективы и ценности; мир, в котором люди должны решать, как доверять и сотрудничать в таких различиях, часто преодолевая пространство и время с помощью технологий; и мир, в котором будут затронуты проблемы, выходящие за рамки национальных границ. Школы XXI века помогают учащимся развивать автономию и самобытность, которые осознают реальность национального и глобального плюрализма, позволяя им присоединиться к другим в жизни, работе и гражданстве.

Обучение в средних школах в Казахстане не так эффективно, как могло бы быть. Данные TIMSS и PISA показывают, что система казахстанской средней школы достаточно эффективна для передачи теоретических знаний и обеспечения того, чтобы ученики запоминали, распознавали и извлекали информацию. Он относительно слаб, позволяя учащимся приобретать и практиковать навыки мышления более высокого порядка, такие как применение и аргументация в математике, а также размышление и оценка текстов при чтении.

Мнения выше подчеркивают и обобщают необходимость изменений в образовании в Казахстане. Значительные изменения в таких областях, как технология, связь и наука оказывают глубокое влияние на экономику мира и, следовательно, на знания и навыки, которые граждане должны добиваться в XXI веке. В XXI веке существуют различные рычаги для обновления образования, в том числе: большая взаимосвязь; социальные перемены; быстро растущее население мира и растущий спрос на конечные результат, и все это будет означать, что молодые ученики в школах сегодня нуждаются в разных навыках, чем в прошлом, чтобы успешно взаимодействовать с современным миром и, действительно, в мире завтрашнего дня.

Образование - это, пожалуй, единственная эффективная долгосрочная стратегия для обеспечения того, чтобы страна могла позитивно участвовать в таких соревнованиях и задачах. Системы во всем мире рассматривают образование, которое они предоставляют своим будущим поколениям, задавая такие ключевые вопросы, как «Чему дети должны научиться чтобы быть успешными в XXI веке?» И «Что является наиболее эффективным способом обучения этому?». Эти вопросы тесно связаны с учебным планом и сопутствующей педагогикой, используемой при внедрении учебной программы.

В Казахстане уже предпринимается работа по решению глобальных проблем, изложенных выше, которые интерпретируются для национального контекста. Основные образовательные ценности и цели, связанные с национальными стандартами в учебной программе, оценке, учебниках и педагогике, включают повышение общего уровня успеваемости школьного населения, развитие навыков, необходимых для инноваций и лидерства, подтверждение и осознание национальной идентичности через школьный контекст используя более широкий международный опыт. Внедрение обновленной учебной программы и системы оценки является одним из действий, предпринимаемых для решения этих задач.

Обновленная учебная программа поможет учителям координировать и внедрять преподавание учащихся в соответствии с целями обучения и необходимыми навыками обучения. Обновленная тематическая программа поможет учащимся улучшить свои навыки слуха, речи, чтения и письма. По мере совершенствования этих навыков в процессе учащиеся смогут использовать полученные знания для выбора информации и аргументации, расширить эти знания, дать подробные комментарии по конкретной задаче для конкретной аудитории и конкретной цели. В связи с этим учащиеся смогут решить любые сложные проблемы и стать конкурентоспособными в будущем.

Как отметил наш президент Н.Назарбаев: «Наша задача - сделать образование ядром новой модели экономического роста. Учебная программа должна быть направлена на развитие навыков критического мышления и навыков независимого поиска информации».

Растет консенсус в отношении того, что учащимся необходимы как знания, так и навыки для успеха. Это требование необходимое для запоминания информации и применять эти знания в различных контекстах. Именно это применение знаний позволит учащимся развивать широкие компетенции, которые сейчас часто называют навыками двадцать первого века.

Всемирные исследования установили значительную роль, которую стандарты и оценка учебных планов могут играть в моделировании новых ожиданий в отношении обучения. Возобновление учебных программ, связанных со стандартами, становится все более заметным и выраженным. Страны, включая Англию, Германию, Норвегию, Сингапур и Австралию, четко определили ожидаемый результат для учителей и учащихся через документацию по учебным программам. Этот подход был использован для определения ожидаемых результатов для всех школ в Казахстане. Такая ясность в определении того, что учащиеся должны знать и быть в состоянии делать, помогает обеспечить неизменно высокие результаты по всему Казахстану, а также облегчает для учителей эффективное внедрение учебной программы.

Существенными отличиями обновленной учебной программы являются:

- принцип спиральной учебной программы в дизайне содержания предмета, иными словами, постепенное наращивание знаний и навыков как по вертикали, так и по горизонтали (сложность навыков по темам и классам);
- иерархия целей обучения в соответствии с таксономией Блума, основанная на принципах познания и классифицированная по прогрессу, достигнутому в четырех основных навыках;

- Педагогическая постановка целей на протяжении всех лет и на весь курс, который позволяет учитывать перекрестные ссылки;
- наличие «темы перекрестных учебных пособий» в рамках предмета и между субъектами;
- содержание подразделений и предлагаемые темы отвечают требованиям времени и сосредоточены на формировании социальных навыков;
- Методы разработки долгосрочных, среднесрочных и краткосрочных планов.

Учителя должны, чтобы их педагогические подходы поддерживали реализацию учебной программы, и эта оценка помогает информировать и поддерживать успеваемость учащихся. Это подчеркивает важность того, чтобы учителя полностью понимали, как три ключевых компонента эффективного обучения: учебная программа, педагогика и оценка согласованно работают вместе для учащихся.

Планирование, организация и управление полным и согласованным учебным планом, являются ключевыми компонентами, для достижения высоких стандартов студентами. Учебная программа позволяет учащимся всесторонне развивать теоретические, практические, творческие и социальные навыки, а также совершенствовать базовые навыки. По мере приобретения учебной программы, учащиеся должны понимать важность того, что они изучают и понимать, что это касается их настоящей и будущей жизни.

Оценка учащегося измеряется по фиксированному набору заданных критериев. Это отличается от оценки указанной в норме, в которой сообщается о результатах обучения учащихся, относительно когорты, принимающей эту оценку. Прогресс учащихся будет оцениваться двумя способами: формативной оценкой и суммативной оценкой.

Оценка позволяет преподавателю и ученику отслеживать прогресс в достижении целей обучения, и к ним можно подойти различными способами.

Формирующая оценка относится к инструментам, которые выявляют ошибочные представления, проблемы и пробелы в обучении на этом пути и оценивают, как закрывать эти пробелы. Он включает эффективные инструменты для помощи в обучении и может даже укрепить способности учащихся овладеть этим обучением, тогда они поймут, что цель состоит в том, чтобы улучшить обучение, а не применять окончательные оценки (Trumbull and Lash, 2013). Другими словами, формативная оценка происходит на протяжении всего класса или курса и направлена на улучшение успеваемости учащихся в учебных целях, посредством подходов, которые могут поддерживать конкретные потребности учащихся (Theal and Franklin, 2010, стр. 151) оценивающих себя, сверстников или даже инструктора, посредством написания, викторин, бесед и т. д.

Суммарные оценки оценивают знания и успехи учащихся в конце учебного периода, как единица, курс или программа. Суммарная оценка почти всегда формально градуирована и часто сильно взвешена (хотя и не обязательно). Суммарная оценка должна использоваться в сочетании с формирующей оценкой, и преподаватели рассматривают различные способы объединения этих подходов.

ФОРМАТИВНАЯ	**СУММАТИВНАЯ**
Классные дискуссии	Экзамены созданные учителем
Вопросы	Стандартизированные тесты
Работа с небольшими ставками	Окончательные проекты
Еженедельные викторины	Заключительные эссе
Минутная рефлексия	Окончательные презентации
Домашние задания	Итоговые отчеты
Обзоры	Итоговые оценки

Обе формы оценки могут варьироваться в разных измерениях:

- Неофициальный / формальный
- Немедленная / отложенная обратная связь
- Встроенный в план урока / автономный
- Спонтанные / запланированные
- Индивидуальный / групповой
- Вербальные / невербальные
- Устные / письменные
- Графический / неклассифицированный

- Открытый ответ / закрытый / ограниченный ответ
- Учитель инициировал / контролировал / участвовал, инициировал / контролировал
- Учитель и ученик (ов) / сверстники
- Ориентированный на процесс / ориентированный на продукт
- Краткая / расширенная
- Леса (поддерживается учителем) / независимо выполняются рекомендации

Стратегия формативной оценки в идеале одновременно улучшает преподавание и обучение. Преподаватели помогают учащимся расти, активно поощряя их, самостоятельно оценивать свои собственные навыки и знания, а также давать четкие инструкции и отзывы. Руководством для преподавателя служат 6 принципов:

1. Установка четких критерии (хорошая производительность)
2. Саморефлексия учащихся
3. Поощрение учащихся
4. Содействие мотивации
5. Возможность устранение ошибок
6. Сбор информации

Поскольку суммарные оценки, как правило, выше, чем формативные, особенно важно обеспечить, чтобы оценка соответствовала целям и ожидаемым результатам обучения.

Используйте рубрику или таблицу спецификаций. Преподаватели используют рубрику для определения ожидаемых критериев эффективности для ряда сортов. В рубриках описывается, как выглядит идеальное назначение, и «суммировать» ожидаемую производительность в начале срока, предоставляя студентам траекторию и чувство завершения.

Дизайн прозрачных, эффективных вопросов. Если вы разрабатываете вопросы эссе, убедитесь, что вопросы соответствуют критериям, позволяя студентам свободно выражать свои знания.

Оценка всесторонности. Эффективные итоговые оценки дают возможность ученикам рассмотреть совокупность содержания курса, сделать широкие связи, продемонстрировать синтезированные навыки и изучить более глубокие концепции, которые приводят или определяют идеи и содержание курса.

Сделать параметры четкими. При приближении к окончательной оценке убедитесь, что параметры определены правильно (длина оценки, глубина ответа, время и дата, стандарты оценки); оценка знаний четко относится к содержанию, охватываемому курсом; и учащимся с ограниченными возможностями предоставляется необходимое пространство и поддержка.

Оценивание вслепую. Если преподаватели желают предоставить поистине беспристрастную итоговую оценку, они также могут рассмотреть различные методы оценивания вслепую.

Список литературы:

1. Nicol, D.J. и Macfarlane-Dick, D. (2006) Формирующая оценка и саморегулируемое обучение: модель и семь принципов хорошей практики обратной связи. Исследования в области высшего образования 31 (2): 2-19.

2. Theall, M. and Franklin J.L. (2010). Оценка учебной практики и эффективности для формативных целей. В: Руководство по развитию факультета.

3. KJ Gillespie и DL Robertson (Eds). Jossey Bass: Сан-Франциско, Калифорния.

Trumbull, E., & Lash, A. (2013). Понимание формативной оценки: понимание теории обучения и теории измерения. Сан-Франциско: WestEd.

Абдуллаева Х.С., Алтынбеков А.И., Акназаров С.Б.
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Hadisha_1609@mail.ru

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Түйін. *Қазіргі таңда дамушы қоғамға бәсекеге қабілетті білімге ие, адамгершілігі жоғары деңгейде, таласты жағдайларда өзіне жауапкершілік алумен шешім қабылдау біліктілігі бар, дамуға құштар, ел ертеңіне жауапкершілік сезімі қалыптасқан мамандар қажет. Мақалада білім беру жүйесін шығармашылық қабілетті қалыптастыру негізінде жетілдіру қажеттілігі негізделген. «Шығармашылық», «дидактикалық ұстаным» ұғымдарына түсініктеме берілген. Болашақ мамандарды даярлауда шығармашылыққа негізделген білім беру бағдарламасын дайындаудың ерекшеліктері туралы сипатталған.*

Кілттік сөздер: *шығармашылық, дидактика, ұстанымдар*

Резюме. *Развивающемуся обществу нужны современно образованные, нравственные, предприимчивые люди, способные самостоятельно принимать ответственные решения в ситуации выбора, быть мобильными, динамичными, конструктивными специалистами, обладать развитым чувством ответственности за судьбу страны. В статье описаны особенности подготовки образовательной программы специальности в формате компетентностного подхода.*

Ключевые слова: *творчество, дидактика, позиция*

Summary. *Developing modern society necessary educated, ethical, entrepreneurial, and able to make responsible decisions in situations of choice, to be mobile, dynamic, structural specialists, have developed a sense of responsibility for the fate of the country.*

The paper describes the specifics of the preparation of the educational program of the speciality in the format of a competency-based approach.

Keywords: *creativity, didactics, scientific position*

Кәсіби педагог қалыптастыру - бірнеше сатыдан тұратын күрделі үдеріс. Жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби біліктілігін арттыру жолында белгілі бір нәтижеге бағытталған іс -әрекет кешені жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, математика пәні мұғалімдерін дайындаудың салмағы ауқымдырақ, себебі бүкіл ғылымдардың арасында математиканың ерекше орны бар, математиканы меңгеру дәрежесі адамның интеллектісін анықтайды, ал оны жас ұрпаққа меңгерту маңызды да күрделі мәселе. Математиканың даму деңгейі халықтың интеллектісінің ең дәл көрсеткіші[1].

Математика барлық дерлік ғылымның дамуының бастауы екені белгілі, оны кезінде К.Маркс: «Әрбір пәндік салада қанша ғылым болса, сонша математика бар» деп көрсеткен болатын. Ал, қазіргі кезде математиканың қажеттілігі күн өткен сайын күшейіп, әлем ғылымының алдыңғы шебінен орыналып отыр. Сондықтан жоғары оқу орындарында математика пәні мұғалімдерін даярлау аса маңызды мәселелердің бірінен саналады. Математика пәні мұғалімдерін даярлаудың мақсаты – болашақ математика саласының деңгейін көтеретін мамандар болып табылатын студенттерді оқушыларға мектеп математикасы курсын меңгертуге қажетті теориялық біліммен қаруландырумен бірге олардың әдістемелік дайындығын қалыптастыру.

Жоғары оқу орындары мен мектептердегі оқу үрдісі белгілі бір дидактикалық ұстанымдарды жетекшілікке алуды қажет етеді. Білімді саналы түрде тиянақты игеру, жеке тұлғалық қабілетті қалыптастыру ұстанымдары басты ұстанымдар болып саналады. Геометрия курсы кеңістікті елестетуін, мәтін мен сызба арасындағы қатынастарды дұрыс орындауын, тұжырымды ой қорыту мен дәлелдеу қабілетін жетілдіруін, ойды дәл және анық жеткізе алуын, қоршаған ортаны геометриялық тұрғыдан көре білуін, логикалық ойлауын дамытуын қажет етеді, сондықтан болашақ математика мұғалімдерінің шығармашылық, танымдық ойлау қабілеттерін жетілдіре білу ұстанымдарының да маңызы зор. Сондай-ақ материалдың күрделі тұстарын түсініп, дәйекті түрде игеруді көздейтін, болашақ математика мұғалімдерінің математикалық қабілетін дамытатын және оларға тәрбиелік ықпалын тигізетін ұстанымдарсыз оқу үрдісінің толыққанды болмасы анық. Геометрия курсының өзіне тән ерекшеліктеріне сүйене отырып, геомерияны оқыту үрдісінде мынадай дидактикалық ұстанымдар жүйесін жетекшілікке аламыз:

1. Оқытудың ғылымилылығы ұстанымы;
2. Теориялық ойлау мен практикалық іс-әрекеттің бірлігі ұстанымы;
3. Теориялық ойлау мен практикалық іс-әрекеттің бірлігі ұстанымы;
4. Оқудағы ойлаудың үздіксіздігі ұстанымы;
5. Оқытудың түсініктілігі мен жеңілділігі ұстанымы;
6. Қиындықтың шамаға лайықтылығы ұстанымы;
7. Оқытудың көрнектілігі ұстанымы;
8. Оқытудағы іс-әрекет пен ішкі мотивтің бірлігі ұстанымы.

1. Оқытудың ғылымилылығы ұстанымы геометрия ғылымындағы орны ерекше. Геометрия өзінің табиғатынан ғылыми пән, оның мазмұны қатаң дәлелдеулерге негізделген. Геометрия курсы маңызды және принципиалды деген материалдардың барлығын қамтуы тиіс. Курстың оқу бағдарламасын жасау, оны жетілдіру, оқулық жазу және дәріс беруде осы ұстанымдар басшылыққа алынады.

Геометрия курсының есептерін шығара білу үшін білім алушының білім қорында элементар математиканың әр тақырыбы, әр бөлімі, сол сияқты планиметрия, стереометрия курстарынан ең қажетті мағлұмат болуы тиіс. Болашақ маман жеке ұғымдар мен тұжырымдарды танып қана қоймай олардың бір-бірімен байланыстарын көре білуі, оқудың мақсаты мен тапсырмаларын түсіне білуі қажет. Нені, не үшін оқып жатқанын терең сезінуі қажет.

2. Теориялық ойлау мен практикалық іс-әрекеттің бірлігі ұстанымы Білімді игерудегі сананың рөлі адамның жасы мен мәдениетінің артуымен бірге өседі. Егер мектеп оқушысына «осыны жаттау керек» деген нұсқау жеткілікті болса, ал ересек адамға жеткіліксіз. Адамның ішкі әлемі байыған сайын «ескі» білім мен алынған «жаңа» білімді санасына бірдей деңгейде орнықтыру үшін олардың арасында байланыс орнату қажеттілігі туындайды. Ендеше білімді саналы түрде игеру ұстанымы жоғары оқу орындарында маңызды роль атқарады. Сондықтан болашақ мұғалім әуел бастан-ақ геометрияның «ғалымдардың ойларын» емес, бізді қоршаған ақиқат әлемнің нақты құбылыстарын зерттейтінін түсіне білуі; болашақ инженер де, құрылысшылар да, жаратылыстанушы да табиғаттағы құбылыстарды танып, өз қажеттіліктеріне жарату үшін геометрияны құрал есебінде қолданатындықтарын терең сезіне білулері тиіс. Ол үшін геометриялық білімнің теориясы мен әдістерін қисынды теориялық және практикалық бағытта түсіне отырып пайдалану керек. Сонда ғана геометриялық білімнің негізгі қорын игеру, оны санада сақтап өмірде жан жақты қолдана білу, пайдалану мүмкіндігі туады.

3. Теориялық ойлау мен практикалық іс-әрекеттің бірлігі ұстанымы Математика мамандықтарында геометрия курсын оқыту үрдісіндегі басты назар аударатын мәселелердің бірі – оның қолданбалы бағытын жетекшілікке алу. Оны жүзеге асыру үшін негізгі теориялық пайымдауларды, қасиеттерді толығынан игеру керек. Сол кезде қарастырылып отырған объектінің математикалық үлгісін құруға, оны талдауға және шешіп, тұжырым жасауға болады. Яғни, оқытылатын материалдардың қолданбалы бағытта болуын, теорияны нақты есептерге қолдану арқылы тексеру керектігін бақылайды. Әрбір студент геометрия курсының өз мамандығы үшін қандай рөл атқаратындығын, қандай мақсатта қолданылатынын, қандай мәселелерді шешу үшін пайдалануға болатынын білуі тиіс.

4. Оқудағы ойлаудың үздіксіздігі ұстанымы геометрия курсын игеруде теориялық түсінік пен тиімді ойлау тәсілдерін үйренуді, практикалық есептерді шығару үрдісінде шығармашылық қабілеттің үзіліссіз дамуын қадағалайды. Бұл ұстаным геометрия курсын оқыту мақсатына тән жігерлілікті, ынталылық пен еңбек сүйгіштікке баулуға көмектеседі. Кредиттік технологияға көшкеннен бері оқу сағатының азайып, болашақ математика мұғалімі өз бетінше жұмыс істеу қажеттілігінің артуына орай, оның пәнді оқыту барысында жауапкершілікті сезіне білу, ерік-жігерді жұмылдырып, табандылық, шыдамдылық таныта білу қасиеттерін арттыру мәселесі де оқытушылар үшін үлкен міндет.

5. Оқытудың түсініктілігі мен жеңілділігі ұстанымы студент байланысты ұтымды пайдалана отырып, әрбір білім алушының оқу барысын тиімді басқаруды және оның мүмкіндігін молайтып, жандандыра түсуді көздейді. Берілетін тапсырмалардың түсініктілігі мен күрделілігі білім алушының игеру қабілетіне, білім деңгейіне, ұқыптылығына сай келуі оның ойлау үрдісінің үзіліссіз жұмыс істеуіне көмектеседі.

6. Қиындықтың шамаға лайықтылығы ұстанымы белгілі материалдан белгісіз материалға дәйекті түрде көшуді, геометриялық жаңа білімді олардың игерілген жүйесіне біртіндеп енгізуді, геометриялық ұғымдарды олардан бұрын өткен ұғымдарды пайдалана отырып, жүйелі түрде бірте-бірте кеңейтуді қадағалайтын алтыншы ұстанымның да өзіндік рөлі бар. Геометрия курсын оқыту материалдардың қиындығын бірте-бірте тереңдету үрдісі арқылы жүргізіледі.

7. Оқытудың көрнектілігі ұстанымы түсініктілік пен көрнекіліктің ғылыми негізін байланыстыра қолдануды көздейтін жетінші ұстаным геометриялық пайымдаулардың дербес жағдайдан жалпы жағдайға, қарапайымнан күрделілікке көшу үрдісін қадағалайды. Негізгі деректерді қарапайым тілмен түсінікті, еске тез түсінетін түрде баяндауды, термин сөздер мен символдарды есте қалатындай етіп енгізуді ұстанады.

8. Оқытудағы іс-әрекет пен ішкі мотивтің бірлігі ұстанымы оқу үрдісінде жетістікке жетудің маңызды бір факторы ол – студенттің пәнге деген қызығушылығы. Ал қызығушылықты ояту үшін

оқулықтар да, лекция да, семинар сабақтары да қызықты болуы тиіс. Қызықты материалдың қиындықсыз меңгеріліп, тез есте қалатыны белгілі. Сондықтан курстың бағдарламасын құру, дәріс жүргізу сәтінде оқытушылар материалды таңдау, оларды ретпен білімгерге жеткізу, мәселені қою кезеңдерін жан-жақты ойластырып жүзеге асырулары тиіс. Ғылым әрқашанда қызықты. Тек материалды «тілге жеңіл, жүрекке жылы» күйде жеткізе білмеу ол пәнді құрғақ та қызықсыз етеді. Сондықтан білімгерді қызықтыра оқытып, оларды қолдай отыра, өз бетінше білім жинақтауға құштар – оқыту үрдісін жандандыра түседі.

Жоғарыда аталған дидактикалық ұстанымдардың арасында байланыстар мен тәуелділіктер бар. Аталған ұстанымдардың әрқайсысы білімгердің ақыл-ой, шығармашылық қабілетін дамытуға өзінше ықпал етеді. Бірақ бұл жүйеден қандай-да бір ұстанымды алып тастау оқу үрдісінің сапалы жүруіне зиянын тигізеді. Демек, осы ұстанымдар геометрия курсын оқыту үрдісінің сипаттаушы көрсеткіштері болып табылады. Олар білімнің жан-жақты және қажетті деңгейде болуын, математикалық тұжырымдардың дұрыс және орынды қолданылуын көздейді, болашақ мұғалімдерді адамгершілік қасиеттерге баулиды.

Зерттеу тақырыбының теориялық және практикалық тұрғыда талдауда маңызды болып табылатын, мамандарды даярлаудың әдіснамалық негізі мен ұстанымдары болашақ мұғалімнің шығармашылық қабілетін арттырудың дидактикалық шарттарын анықтауға негіз болды. Болашақ мұғалімнің шығармашылық қабілетін арттыру белгілі бір теориялық қағидалар мен технологияға негізделген жүйе бойынша іске асырылу зерттеу жұмысымыздың басты міндетіне айналды. Осындай үрдістің нәтижелілігін қамтамасыз ететін төмендегідей дидактикалық шарттардың қажеттілігін нақтылай түседі.

Болашақ математика мұғалімінің шығармашылық қабілетін арттыруда геометрия курсын оқытудағы **дидактикалық шарттар:**

- болашақ мұғалімнің шығармашылық әрекеті геометрия курсының мазмұнымен сабақтастықта болуы және нақты теориялық, практикалық міндеттерді шешуге бағытталуы;
- шығармашылық тапсырмаларды мамандардың танымдық қызығушылықтары мен ізденімпаздық қабілеттеріне, шығармашылық қажетсінулеріне қарай топтап іріктеу;
- болашақ мұғалімдерге геометрияны оқытуда теория мен практиканы байланыстыруда алдыңғы қатарлы тәжірибелерді, инновациялық технологиялар мен ғылыми жаңалықтарды, материалдарды талдауда оқытушының әдістемелік қызметінің тиімділігі;
- болашақ мұғалімдерді дайындауда математикалық, геометриялық білімнің маңыздылығы мен мәнін, танымдық әлемі мен көзқарастарын, рухани интеллектуалдық сапаларын дамытуда оқыту мен қатар тәрбиелеудегі практикалық қызметтің оңтайлы сабақтастықта көрініс табуы;
- білім беруде қажетті оқу-әдістемелік кешенді толық қамтамасыз ету, техникалық, көрнекілік құралдармен қамтамасыз ету;
- болашақ мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ізденушілік шығармашылық жұмыстарының пәндік нақты мақсаттарға бағытталып, құндылық бағыттарының болуы;
- шығармашылық жұмыстарды жоспарлаудан бастап, мақсат, міндеттерін айқындауда, әдіс-тәсілдерді қолдануда, перспективалық бағыттарын таңдауда шығармашылық қабілеттің көрініс табуы;
- ғылыми-теориялық білімдерді, шығармашылық тұрғыда әрекет ету және креативтілік, когнитивтілік сапаларын болашақ мұғалімнің кәсіби қызметінде пайдалануға бағыт-бағдар беру мүмкіндіктерін талдау.

Ұсынылып отырған дидактикалық шарттар білім беру мазмұнымен тығыз байланыста жүзеге асады. Берілген шарттардың маңыздылығы мынадай: болашақ мұғалімнің шығармашылық қабілетін арттыруда геометрия курсын оқыту басқа оқу пәндерімен ықпалдасуға тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мырзабаев А.Б. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері. – Алматы, 2005.

2. Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру.– Алматы, 2001.

3.Патоцкий М.В. Преподавание высшей математики в педагогическом институте (из опыта работы). – М.: Просвещение, 1988. – 79 с.

4. С.Е. Шәкілікова, Ш.Ш. Кәрібаев, т.б. Білім берудегі компоненттік тәсіл// Қазақстан мектебі, №4, 2004.

5. С.Аманжолов, Құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері // Өскемен: 2007. – Б.135-140.

Дәуірхан Салтанат Асқарқызы
Магистрант, Сулейман Демирел атындағы университеті, Saltanat_daurhan@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Түйін: *XX ғасырдың 60-жылдары білім беру жүйесіне «функционалды сауаттылық» термині енді. «Сауаттылық» ұғымы Парижде өткізілген ЮНЕСКО-ның конференциясында талқыланып, оған анықтама берілді. «Функционалды сауатты адам» деп адамның ақпарат пен мәтінді қабылдау, орындау қабілеті ғана емес, оны қоғамдық ортада, өз өмірінде іс-әрекетке асыруы деп түсіндірді. Функционалды сауаттылық ұғымына, қазақ тілінің оқу әдістемелеріне байланысты қазақ қайраткерлері мен ұлт зиялылары ұсынған ғылыми тұжырымдарды осы жұмыста талдап қарастырамыз.*

Резюме: *Термин "функциональная граммотность" был введен в систему образования в 60-х годах 20-го века. Понятие "граммотность" обсуждалось в конференций ЮНЕСКО которая прошла в Париже, там же ему дали обьяснение. "Функционально граммотный человек" это человек который в полной мере воспринимает информацию и текст, тут же пользуется полученной информаций в общественной и в личной жизни. Что касается методики обучения казахскому языку, мы расмотрим научные основания, относительно данной тематики, на основе научных работ казахской интелленгенций.*

Summary: *The term "functional literacy" was introduced in education system at the age of 60 of 20th century. The notion "literacy" was discussed on UNESCO conferences which held in Paris, he was given the same explanation. "Functional literacy human" it is human who takes full advantage of information and text, and enjoys information received from social and personal life. With regard to teaching methods of Kazakh language, we will be considering the scientific grounds, on this subject, on the basis of scientific works of the Kazakh intelligentsia.*

Кілт сөздер: *сауаттылық, әдістеме, қазақ тілі, технология, оқу бағдарламасы.*

Ключевые слова: *граммотность, методика, казахский язык, технология, образовательная программа.*

Keywords*: literacy, methods, kazakh language,technology,educational program.*

Қазіргі уақытта заманның талабына сай бәсекеге қабілеттілігі жоғары, өз ойын еркін әрі анық жеткізе алатын, өздігінен шешім шығаруға бейім жастарды тәрбиелеу үшін оларды оқыту әдістемелері де барынша жетілген бай болуы тиіс. Осыған байланысты мектептік пәндерде «функционалдық сауаттылық» термині қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылық жеке тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін білік, білім, дағды әрекеттерін жүзеге асырып қолдана алуы. Жеке адамның дамуының тетігі.

«Сауаттылық» ұғымы XX ғасырдың орта кезеңінен бастап халықаралық деңгейде қолданыла бастады. Ең алғаш «функционалды сауаттылық» термині 1957 жылы ЮНЕСКО-да «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» деген ұғымдармен қатар қолданылды. «Сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарына мынадай түсініктеме берілді. Сауаттылық – құжаттармен жұмыс жасау, жазу, оқу, санай алу дағдылары. Минималды сауаттылық – қарапайым хаттар мен хабарламаларды жазу және оқу дағдылары. Осылайша 1958 жылы Парижде өткізілген конференцияда «сауатты адам» түсінігі қалыптасты. Күнделікті өз өмірі туралы қарапайым түрде, қысқаша баяндай алатын, мазмұндап жаза алатын, оқи алатын, өз оқығанын түсінетін адамды «сауатты адам» деп санады [1, 18-б].

Білім беру белгілі бір жүйе мен тәртіпке түскенше, сауаттылық ұғымы да оқытуда қатар қолданылып жүрді. Кеңестік кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін «сауаттылық» терминіне берілген түсіндірмелерді қарастырдық. Осы тұста «сауаттылық» ұғымның кеңейе бастағанын аңғару қиын емес. Мысалы, С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведованың «Толковый словарь русского языка» деп аталатын түсіндірме сөздігінде: Сауат: 1. Оқу және жазу қабілеті. Сауатты: 1. Кез келген салада қажетті білім мен ақпаратты иелене алу (инженер). 2. Грамматикалық түрде дұрыс, қатесіз жаза алу (адам). 3. Сауаттылық: Істі білу, қателіксіз орындау (сызба, жоба) [2, 17-б].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» сауат, сауаттылық ұғымдарына мынадай анықтамалар берілген: Сауат: 1. Оқи-жаза білетіндік, хат танығандық. Сауатты: 1. Дұрыс оқып, дұрыс жаза білетін, білімді. 2. Жан-жақты хабардар, көзі ашық. 3. Қатесіз жазылған, мүлтіксіз. Сауаттылық: 1. Хат тани білетіндік. 2. Әр жайдан хабары барлық, көзі ашықтық. Ал сауатсыз сөзіне «хат танымайтын, оқымаған» деп анықтама берілген [3, 715-б].

Екі түсіндірме сөздікте де сауаттылық ұғымына белгілі бір тұлғаның грамматикалық нормаға сай оқи алу, дұрыс жазу дағдыларын игеру деген анықтама берілген. Жазу, оқу, санау ретінде қарастырылатын қарапайым сауаттылықтың белгілері қазіргі кезде әлеуметтік мәселелерді түбегейлі шешуге жеткіліксіз болып отыр. Бүгінгі күнге дейін біз мектеп қабырғасында білім алып, белгілі бір білім беру кезеңдерінен өткен адамды «сауатты» деп атап келдік. Яғни білім алу тіркесі сауаттылық ұғымымен бір деңгейде қолданылды. Қоғамның дамуына қарай жеке тұлға да дамыған сайын сауаттылық ұғымына берілетін анықтамалар мен түсіндірмелер де сан қырлы. Ол күнделікті өмірдегі оқу, жазумен қатар адамның әлеуметтік түрлі жағдайларға белсене ат салысып, саналы түрде шешім қабылдап, өз ойын анық айтып, сол жолда меңгерген білім, білік дағдыларын (функционалды сауаттылығын) қолдана алуы.

Функционалдық сауаттылық бала бойына бірнеше құзіреттіліктерді сіңіруі керек. Олар:

1. Әлеуметтік (қоғамдық өмір сүрген ортада іс-әрекеттерді жүзеге асыру қабілеті);

2. Коммуникативтік (өз ана тілінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасай алу);
3. Ақпараттық (өз бетінше іздену арқылы ақпараттарды бойына сіңіріп, танымдық қабілетін арттыру);
4. Тұлғалық (жеке тұлға ретінде білім, білік дағдыларын қалыптастырып, болашақ мамандығын таңдай алу, оның артық және кем тұстарын бағдарлау);
5. Басқарушылық (қандай да болмасын тығырықтан шыға алу қабілеті);
6. Азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениеті мен әдебиетін, тарихын, тілін жетік меңгеру, азаматтық парызын түсіну) [4, 166-б].

Функционалды сауаттылық дегеніміз – адам оқу және жазу дағдыларын өзін қоршаған әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауға жұмсай алу қабілеті. Өзінің сауаттылық деңгейін қолдану арқылы (нұсқаулықты оқу, құжаттарды толтыра алу, банк есебін рәсімдеу т.б.) барынша сол ортаға өзін тез бейімдеуі. Функционалды сауатты адамның бойында мәтіндерден ақпараттарды алу ғана емес, сонымен бірге мәліметтерді іріктеп, өзі қажетті деп таныған ақпараттарды басқаларға жеткізе алу қабілеті қалыптасады. Функционалды сауаттылықты қалыптастыру ұзақ мерзімді қамтиды. Балаға білім беру барысында түрлі заманға сай технологиялық әдістерді шебер әрі сауатты қолдану арқылы ғана белгілі бір нәтижеге жетуге болады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер мен жаңалықтар алып келді. Өз жолдауында: «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» деп білімді ұрпақ ғана тәуелсіз, егемен еліміздің ертеңі бола алатынын айтып кеткен еді. Сонымен бірге Президентіміз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында білім беру саласы жастарға тек білім беріп қана қоймай, алған білімдерін шынайы өмірде қолдана алуға септігін тигізу керектігін мәлімдеген болатын. Барлық білім беру мекемелері мен оқу орындарында білім дәрежесі Халықаралық стандарттарға сай жоғарлауы тиіс деп тапсырма берілді. Осыған орай бес жылдық ұлттық жоспарды іске асыру міндетін қойды. [5, 45-б]. Яғни қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – болашақта бәсекеге қабілетті мамандарды дайындай алу. Сол үшін оқу үдерісіне заманауи технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдерді енгізу керек.

Ахмет Байтұрсынов «Қай әдіс жақсы?» деп аталатын мақаласында сауаттылық, сауатты адам ұғымдарына ерекше тоқталып, бұл үлкен мәселе деп қозғайды. Баланы сауатты етуге тиімді әдісті сөз етпес бұрын, алдымен сауаттылық дегеннің өзі не екенін түсіндіріп кетуді жөн санайды. Оқи да, жаза да білетін адамды сауатты адам дейміз дей келе, сауаттылықтың негізі не деген сұрақ қояды. Жазу ма, оқу ма? Оқи алса да хат жаза білмейтін адамдар бар. Оқи біліп, жаза білмейтін адамды толық сауатты деп санауға болмайтындығын, олар шала сауатты адамдардың қатарына кіретіндігін айтады. Ал жаза білген адам оқи да біледі. Сонда сауаттылықтың негізгі тұтқасы жазу болады екен деп қорытады. Адам сауатты болу үшін оған оқу мұқтаждығы емес алдымен жазу мұқтаждығы туындайды. Мұны біз сауаттылықтың шығу жолы дейміз. Басты мұқтаждық жазу болса, оқу онымен қатарласып ілесіп жүретін, қосалқы күйдегі, бетіндегі нәрсе болып шығады деп топшылайды [6, 32б].

Қазақ тілінің оқыту әдістемесінің тарихи қалыптасу жолы қазақтың ғұлама ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінен бастау алады. Олар сол кезде-ақ ана тіліміздің қоғамдағы орнының айқын болуына, жойылып кетпеуіне алаңдаушылық танытты.

XX ғасырда қазақтың біртуар ұлтжанды азаматтары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев қазақ тілінің тиімді оқытудың жолдарын қарастырып, әдістемесіне қатысты өз көзқарастарын білдірген.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің, оқыту әдістемесінің негізін қалаушы. Қазақ тіл біліміндегі тілдік бірліктерге алғаш рет анықтама беріп, терминдерді қалыптастырған. Ол өзінің «Қай әдіс жақсы?», «Баяншы», «Ана тілінің әдісі», «Методика мәселелері» деген еңбектерінде тиімді оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін ұсынады. Соның бірінде мынадай пікір білдіреді: «Әдістің жақсы немесе жаманы болмайды. Ол әдістің қалай жұмсалғанына байланысты. Мысалы, сауаттану әдісі бір жұрттың сауаттануы үшін тиімді әрі қолайлы болуы мүмкін. Олай болса келесі бір жұрттың сауаттануы үшін де бұл әдіс қолайлы болуы тиіс деген тұжырым қате. Себебі екі жұрттың тілінің заңы мен емлесінің жүйесі бірдей болмағандықтан, біріне жақсы болған әдіс екіншісіне жаман болуы орынды» [7, 4-б]. Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты айтқан тұжырымы өте орынды. Ғалым-реформатордың бұл айтқан пікірі ешқашанда құнын жойған емес. Бүгінгі білім беру саласында да бала үшін қай әдістің тиімді, оңтайлы болатыны әлі де сөз болып айтылып жүр.

Жүсіпбек Аймауытов – ана тіліміздің дұрыс қолданылуы үшін қам жеген азаматтардың бірі. Педагог-ғалым қазақ тілінің мәселелерін зерттеп, оқу әдістемесіне басты көңіл бөлген. Ж.Аймауытовтың «Ана тілін қалай оқыту керек?» деген мақаласында қазақ тілін дұрыс үйрету үшін бірнеше қағидаларды ашып көрсетеді. Соның біріншісі – көрнекілік құралдарды қолдану. Мысалы, танық нәрсенің атын балаға бірден жаздырмай тұрып, оның суретін, жоспарын не болмаса үлгісін көрсету керек. Ал мұғалімде мұндай мүмкіндік болмаса оған ұқсас бір нәрсемен салыстырып көрсеткені жөн. Сонда ғана баланың миына перне қонады, танымдық түсінігі қалыптасады. Бұл баланың сөйлеуіне мүмкіндік туғызады. Ж.Аймауытовтың

бұл айтып отырғаны қазіргі оқу бағдарлама тілімен айтқанда «ресурстар» деп аталады. Екіншіден, балаға әңгімені оқытпас бұрын, баланы алдын-ала әңгімеге даярлап алу керек. Сол әңгімені оқып, тыңдауға деген баланың қызығушылығын оятып, ынталандыру қажет. Одан алған әсерін түсіндіріп, мазмұны айтқызып, сөзге төселдіру керек. Ғалымның айтып отырған бұл пікірі де қазіргі біз сөз етіп отырған функционалды сауаттылықтың басты бағыттарының бірі. Мәтінді бірден балаға оқуға бермей, оны балаға болжату. Оны сурет түрінде, мәтіндегі үзінділер арқылы т.б. түрлі тәсілдер арқылы беруге болады. Осылайша, баланы сөйлету арқылы оның ойын білу. Үшіншіден, берілетін материалдар баланың жас мөлшері мен деңгейіне сай болуы тиіс. Мұғалім «Сол әңгімені балаға оқыту арқылы белгілі бір мақсатқа жете алам ба?» деген сұраққа жауап іздеуі керек. Бүгінгі білім беру технологиясында бұл әдіс саралап оқыту, оза оқыту деп аталып жүр. Төртіншіден, балаға өлеңді оқытқанда да шынайы өмірмен байланысты өлеңдерді таңдап оқытқан дұрыс. Әсіресе Крыловтың күндегі өмір тәжірибесіндегі аю, түлкі, қасқыр, есек туралы мысалдарды балаға оқытқан оңтайлы. Кез-келген материалды шынайы өмірмен ұштастыру керек [8, 32-б]. Жоғарыдағы аталған Ж.Аймауытовтың барлық қағидаты бүгінгі білім беру мазмұны мен талаптарына сәйкес келеді.

Міржақып Дулатов – қазақ тілінің даму проблемаларын жан-жақты талдаған, ұлттың сауатты болуы үшін барын салған қоғам қайраткері, ғалым. Қазақ мектептеріне қазақ тілде алғаш оқулықтар жазуға ат салысқан

Мағжан Жұмабаев – балаларды оқыту мәселесіне қатысты көптеген оқулықтар мен оқу құралдарын жазған әдіскер, педагог-ғалым. Оның «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілі», «Сауатты бол» деп аталатын зерттеу еңбектері мен ғылыми еңбектері бар. Ол өзінің «Педагогика» деп аталатын зерттеу еңбегінде баланы өзінің ана тілін сүюі үшін оны ұлттық дәстүрлерге сүйене отырып тәрбиелеген дұрыс дейді. Бала шын өмірде нені көріп өссе, ойында болсын, сабақ барысында болсын соны өз қолданысына енгізеді. Мысалы, бірі ат болып қашса, енді бірі балшықтан мал жасап ойнайды. Сондықтан баланың бойында ұлттық тәрбие мен ұлттық таным қалыптассын десек баланың сөйлеу тілі де, ойлауы да, ойды қорытуы да сол ана тілінде болуы тиіс. Ұлттық кодты бойына қалыптаспаған балада, ұлттық тілден айырылу қаупі басымырақ болады. «»Бастауыш мектепте ана тілі» деп аталатын әдістемелік оқулықта төрт жылдық оқу барысында ескерілу керек міндеттерді саралап көрсетеді:

- Бірінші жылы баланы еркін ауызекі тілде ойын еркін жеткізуге баулу;
- Екінші жылы әңгімені ықшамдап айтуға, ойдан әңгіме құрастыруға дағдыландыру;
- Үшінші жылы алдыңғы жылғы талапқа орай өз басынан кешкен оқиғаларды әңгіме ретінде баяндау немесе құрастыру, ой пікірін дәлелдеу сөйлуге жетелеу;
- Төртінші жылы белгілі бір мәтін аясында толық дұрыс сөйлеу және оны жаза алу.

М.Жұмабаев атап өткен әр оқу жылына қойылған міндет бүгінде оқу жүйесінде әлі күнге дейін қолданыста. Тиімді әрі ұтымды оқу әдістерінің бірі болып саналады. Қазіргі оқу бағдарламасында өткен жылдағы тақырыптар мен тапсырмаларды қайталап оқыту, спиральді білім беру деп аталады. [9, 63-б].

Кеңес кезеңінде қазақ тілін оқыту мәселесіне көптеп ат салысқан ғалымдарымыз болды. Олар: С.Жиенбаев, С.Кеңесбаев, Ш.Сарыбаев, Н.Сауранбаев, Т.Шонанұлы, Б.Құлмағанбетова сынды ғалымдарымыз қазақ тілін тиімді оқытудың әдіс-тәсілдерін ұсынса, енді бірі сол жылдары «Қазақ тілі» оқулығының авторлары болды.

Қорыта айтқанда, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың функционалды сауаттылықты дамыту мақсатында құрылған бес жылдық жоспарын сөз еткенде, алаш арыстарының «сауаттылық» жайында айтқан ой-тұжырымдарына тоқталмау мүмкін емес. Әрбір қазақтың зиялы азаматтары қазақ тілінің дамуы, дұрыс қолдануы үшін барынша еңбек етіп, өз білгенін халыққа үйретуден шаршамаған. Сондықтан да функционалды сауаттылыққа байланысты іс-шараларды жүзеге асырғанда, қазақтың ұлтжанды зиялыларының білімді, сауатты, патриотты азаматты тәрбиелеу жолындағы педагогикалық көзқарастарын басшылыққа алған жөн.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2007. 2.Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Алматы, 2004. - 45 б.

3. «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық» – «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, Астана, 2012. – 166 б.

4.Аймауытов Ж. «Ана тілін қалай оқыту керек?» Жаңа мектеп жур. 1925, №2, 32 б.

5.Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1992. -63 б.

6.Байтұрсынов А. Қай әдіс жақсы? «Жаңа мектеп», 1928, №3. -329, 4 б.

7.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. -715 б.

8. Словарь русского языка. –М: «Русский язык», 1998. – С. 17, 1856.

Омар Айгерим Турсыновна
Магистрант 2 курса 6М012200 «Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения»
Казахский государственный женский педагогический университет, aiko-19.02.95@mail.ru

РОЛЬ КОНЦЕПЦИИ «ЗДОРОВЬЕ» ПРИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВОСПИТАНИИ

Резюме: В этой статье рассматривается роль концепции «здоровье» при национальной воспитании. А так же сравниваются единицы «здоровья» в казахском, английском и русском паремиологическом фонде В последние годы в гуманитарной отрасли научного знания все больше внимания уделяется вопросам соотношения языка и культуры, языка и национального менталитета, языка и национального сознания. В связи с этим переосмысливаются и объект исследования, и подходы и методы описания и изучения языка. Все больше внимания уделяется исследователями такой категории как концепт. Несмотря на широкое распространение, какое данное понятие получает в сфере научных исследований, сам термин «концепт» как таковой до настоящего времени не получил однозначного истолкования. И связано это с тем, что исследователи, представляя различные отрасли научного знания, выделяют и считают определяющими различные признаки этого объекта.

Ключевые слова: концепт, концепция,менталитет,лингвокультурология, паремия

Түйін: Бұл мақалада ұлттық білім берудегі «денсаулық» ұғымының рөлі қарастырылады. Соңғы жылдары гуманитарлық ғылыми білім саласында тіл мен мәдениеттің, тілдің, ұлттық менталитеттің, тілдің және ұлттық сананың қарым-қатынасы мәселелеріне көбірек көңіл бөлінді. Осыған байланысты зерттеу объектісі, тілді сипаттау және зерттеу әдістері қайта қарастырылады. Осы санаттағы зерттеушілер тарапынан «концепт» терминіне көбірек көңіл бөлінеді. Ғылыми зерттеулер ішінде кеңінен таралғанына қарамастан, «концепт» термині осы күнге дейін біржолата түсіндірілмеген. Белгілі бір тұжырымдаманың жоқтығы бұл терминнің зерттеушілердің арасында әр түрлі тұжырымдама айтуымен түсіндіріледі.

Түйін сөздер: концепт, ұғым,діл,лингвомәдениеттану, паремия.

Summary: In this article, the role of the concept of "health" in national consciousness is considered. And the "health" in Kazakh, English, and Russian paramianism is the same as in the background. In recent years, humanitarian science has become more and more familiar with the question of language and culture, language and national mentality, language and nationalism. These links are overwritten and explored by the object, and the method and methods are described in the language. All the more likely to be attributed to the category of researchers as the concept. Undoubtedly, there is a wide spreading of what researchers find in the field of science research, the term "concept", just as in the present era, has not been acquired by one single ignition. And it is connected with the fact that the researchers, representing distinctive scientific research, distinguish themselves by identifying and distinctively distinguishing objects.

Key words: concept, concept, mentality, linguoculturology, paremia.

Воспитание и образование подрастающих поколений, обеспечивается, прежде всего, механизмом передачи обычаев, традиций, ценностей – всего этнического наследия новым поколениям и призвано, раскрыть интеграционные процессы, заложить основы для понимания и общения с другими этносами, нацеливать на умение поддерживать и развивать диалог. Такие задачи сегодня остро стоят перед системой воспитания и образования в обществе, которой необходимо оптимально решать задачи межкультурного общения, формирования культуры отношений, воспитания толерантности.

Не секрет, что большая часть существующих различных фобий имеет корни в негативной оценке своей этнической группы. Отсутствие позитивной оценки своего этноса и переживания национального комплекса неполноценности приводят к тому, что срабатывает психологическая

защита, и люди обвиняют их во всех своих неудачах. Поэтому, формирование позитивной оценки в восприятии другой культуры является одной из основных составляющих комплекса мер, направленных на формирование здоровой обстановки и возможности межкультурного общения. Особая роль в этом процессе принадлежит системе образования, где происходит формирование общей системы ценностей и установок, обеспечивающих единство общества. Сегодняшнее студенчество как будущая интеллектуальная элита республики может стать активным проводником идеи межкультурности, гарантируя тем самым стабильное развитие общества. Система образования призвана скорректировать разного рода негативные проявления, создать условия для формирования и распространения тех ценностных ориентиров, которые предпочтительны как для личности, так и для общества в целом. Необходимо донести молодому поколению, что национальная локализация, изучение только родного языка, собственных культурных традиций,религиозных взглядов и принятие только своей культуры неизбежно приведет к духовной и экономической отсталости страны, поскольку человек не сможет продолжить образование на тех высоких уровнях, которые задают современные мировые образовательные центры [6].

Важно показать обучающимся, что изучение опыта разных народов исключает навязывание тех или иных ценностей, межнациональную нетерпимость, способствует не только выявлению общности духовных истоков разных этносов, но и наглядно иллюстрирует, что именно в общении проявляется гуманистические ценности духовности. Такие знания дают возможность понимать взаимосвязь национальных духовных культур, аналитически мыслить, сопоставляя категории «частного» и «общего», взаимосвязи «национального» и «межнационального», «межкультурного», что способствует принятию общегуманистической позиции.

И потому в многонациональном казахстанском обществе одной из важных задач системы образования является целенаправленное формирование норм и эталонов, отражающих специфику социально-исторического опыта жизни людей, привитие навыков межкультурного общения, формирование умения преодолевать конфликтные ситуации, развитие интереса к историко-культурному наследию народов, проживающих в республике [7]. И здесь на первый план выходит проблема межкультурного общения, которое должно стать культурной нормой поведения в обществе, что, конечно же, необходимо воспитывать с раннего возраста. В Казахстане в последнее время активно вводится в образовательный процесс политика трехязычия. Трехъязычие – это направление, которому сейчас уделяется большое внимание, как со стороны государства, так и со стороны общества. Идея интересная, но не однозначно воспринятая в обществе. Сегодня проблему трехъязычия, методы развития этой программы многие видят по-разному. Но нужно помнить о том, что полиязычие поможет обществу в решении одной из задач межкультурного общения, понимания и восприятия иной культуры.

Межкультурный диалог – проблема не новая. Она всегда интересовала человечество. Но на каждом отрезке нового витка времени звучала по – своему. Проходило время, менялись люди, их устои и мораль. В XXI веке проблема прогрессирует и сильнее напоминает о своей непреходящей значимости [8]. И здесь актуально звучит высказывание Нысанбаева: «Диалог становится проблемой в период глобализации – не темой, а именно проблемой сложной и жизненно-реальной – которая в условиях взаимного и конфликтного мира пронизывает все сферы современной жизни» [9].

Список использованной литературы

1. *Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М., 1979. – 338с.*
2. *Бондаревская Е.В. Концепция и стратегии воспитания студентов в культурно-образовательном пространстве Педагогического института ЮФУ / под ред. В.И. Мареева. – Ростов н/Д., 2007. - С.8-9, 62-63.*
3. *Андреева Г.М. Социальная психология. – М.: Аспект Пресс, 1999. – 375 с.*
4. *Хотинец В.Ю. Этническое самосознание. – СПб., 2000. – С. 89.*
5. *Асипова Н.А. Научно-педагогические основы формирования межнационального общения школьников: Дис. д.п.н. – Бишкек, 1997 – 369с.*
6. *Ломтева Т.Н. Базовые концепции межкультурной коммуникации. – Ставрополь, 1999. – С.65*
7. *Бейсембаева А.А. Патриотическое воспитание школьников средствами казахского героического эпоса. Монография. Алматы, 2015. - 215с.*
8. *Кошербаева Г.Н. Диалог культур как миропонимание новой эпохи // Сборник Международной научно-практической конференции «Культура. Наука. Творчество. – Минск, Белорусия, 2017г.- С. 286-292*
9. *Нысанбаев А.Н. Философия взаимопонимания. - Алматы: Главная редакция «Казак энциклопедиясы», 2001. - С. 140.*

Өтебай Т.Ы.
2-курс магистранты, ҚазМемҚызПУ
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к.қауым.проф.м.а. **Ш.Л.Ерхожина**

ВИТАГЕНДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Түйін. *Мақалада өзгетілді аудиторияларда қазақ тілін оқыту және витагендік оқыту арқылы студенттің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі сөз болады. Витагендік технология мен коммуникативтік құзыреттіліктің анықтамасы нақтыланып, ғалымдар тұжырымдарына шолу жасалады. Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігінің деңгейлері салыстырылды. Өзгетілді студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы айқындалып, жолдары қарастырылды.*

Кілт сөздер: *коммуникативтік, құзыреттілік, витагендік технология, сыртқы ресурстар, білім беру стандарты.*

Резюме.. *В статье рассматривается обучение казахского языка в аудитории с неказахским языком обучения и образование коммуникативной компетенции студентов с помощью витагенного обучения. Уточняются определение витагенной технологий и коммуникативной компетенции, так же проводится обзоры на выводы ученных. Сравниваются уровни коммуникативной компетенции студентов. Рассматриваются на сколько важно образование коммуникативной компетенции у студентов с неказахским языком обучения.*

Ключевые слова: *коммуникация, компетентность, витагенной технологий, внешние ресурсы, образовательный стандарт.*

Summary. *The article considered with the teaching of the Kazakh language in the classroom with the non-native speakers Kazakh language of instruction and the formation of communicative competences of students with the help of vitagenic training. The definition of vita technologies and communicative competence is specified, as well as reviews on the findings of scientists. Compared levels of communicative competence of students. Considered in the importance of formation communicative competence among instruction of students with non-native speakers Kazakh language.*

Key words: *communication, competence, vita technology, external resources, the educational standard.*

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде айтулы жаңалықтар орын алуда. Қоғамдық өзгерістер белгілі мақсатты іске асыруға арналып, осыған орай, жаңартылған білім мазмұнындағы бағдарламаларды тәжірибеге ендіру қарқынды үдерістер негізінде жаңа сипатта жүргізілуде. Жаңа тұрпатты, тың тәжірибенің сәтті жүзеге асырылуы кәсіби мамандардың құзыреттілігіне тікелей байланысты болып келеді. Студенттердің біліктілігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы, әр түрлі жағдайдағы жағдаятты анықтай алуы, оның жауапты шешімін табу және қолайсыз жағдайларда әрекет ете білуі – олардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуының негізі. Мұндай құзыреттілігі қалыптасқан білімгер болашақта еліміздің дамуына, қоғамымыздың тұрақтылығына және оның қауіпсіздігіне тірек бола алары даусыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Жалпыға міндетті 12 жылдық білім беру стандартында: «білім, білік, дағдылардың, қалыптасқан негізгі құзыреттіліктердің, әлеуметтік дағдылардың негізінде тұлғаның алдына қойған мақсаттарына жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарын тиімді пайдалануға дайындығынан көрінетін құзырет – білім берудің негізгі нәтижесі болып табылады» [1], - делінген. Мұндағы құзырет - алға қойған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық, білімалушының білім беру жүйесіне деген әлеуметтік тапсырысты құрайтын жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатында білімгердің табысты іс-әрекетіне дайындығы.

Құзыреттілік – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын түйінді мәселелер мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік.

Білімалушылардың оқу іс-әрекетіне құзыреттілік тұғырымен келу олардың оқу-танымдық іс-әрекетінің мақсатын белгілеуге, қажетті ақпарат көздерін таңдауға, алынған нәтижені бағалауға, алған тәжірибесін пайдасына жаратуға, өзінің оқу тәсілін ұйымдастыруға, оқу іс-әрекетін өздігімен орындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушы топта бірлесіп жұмыс істеуге, оған өзінің үлесін қосуға, шешім қабылдауға, келіспеушіліктің алдын алуға, топқа ене білуге үйренеді [2]. Бұл тұжырымды талдай түсер болсақ, яғни өзгетілді аудиториялардағы білімгерлер оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын арттырып, алған білімін өз өмірлік қажеттіліктерімен ұштастыра қамтыса, ол құзыретті болуының көрінісі. Бірінші кезекте өзгетілді білімалушының коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуының маңызы зор. Өзгетілді студенттің бойындағы коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруда тіл мәдениеті аймағында сөз әдебі мен көркем сөз нормаларын меңгеруі арқылы

әдеби тілге нәр беретін қайнар сөздер синонимдер мен фразеологизмдер, тілдің көркемдегіш құралдарын қолдану дағдысын арттыратын тәсілдерді қолданудың тиімділігі басым болып келеді. Тұлғаның тірек құзырлылықтарының бірі ретінде танылып отырған коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру оның тілдік білімін тереңдетумен қатар сөйлеу біліктілігін де жетілдіреді. Тұлғаның әдеби тіл нормаларын меңгеру сапасын жоғарылататын технологиялардың бірі – витагендік технология.

Витагендік технология дегеніміз – дара тұлғаның қалыптасу жолындағы жинақтаған өмірлік тәжірибесінің нәтижесін қолдануы. Витагендік тәжірибенің негізіне тіл үйренушінің жинақтаған білімін, қоршаған ортаға деген көзқарасын, іс-әрекетін көрсететін витагендік ақпараттар жатады. Витагендік оқыту теориясы білімгердің витагендік тәжірибесін жетілдіруде негізгі рөл атқарады. Витагендік технология оқу үдерісін түбегейлі өзгертіп, дара тұлғаның өмірлік тәжірибесін жаңа білім алудың көзі ретінде пайдалануға жол ашады. Витагендік технологияның алғашқы арналары академик, педагогика ғылымдарының докторы А.С.Белкин мен оның шәкірттері В.А.Кривенко, В.В.Нечаева, Н.О.Вербицкая т.б. ізденістерінен бастау алады.

А.С.Белкин: «Витагендік оқыту дегеніміз – мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетінің белгілі бір мақсатқа бағытталуы, сабақ үдерісінің оқушының жинақтаған тәжірибесі арқылы ұйымдастырылуы, оқушылардың ұжымдық тәжірибелерінің жүзеге асуы. Витагендік оқытуды ұйымдастыру сабақ жүйесі мен технологиясын өзгертуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мұғалімнің оқушыларға берілетін материалдағы витагендік ақпараттан хабардар болуы тиіс. Ең бастысы, витагендік оқыту оқушылардың тәжірибелерін белсендірумен қатар, жинақтаған өмірлік тәжірибелерін жүзеге асыратын витагендік мүмкіндіктерін қалыптастырады» – дейді [3, 25 б.]. Білімгерлердің басты проблеманы бірігіп шешуіне, бірлесе тәжірибе жинақтауларына және әр білімалушының өз тарапынан нәтижелі шешімге жетуіне мүмкіндік беріледі. Бұл жүйеде тапсырманы білімгерлердің бірігіп шешуіне, бірігу арқылы ортақ мақсат қою және сол мақсатқа жетудегі бірлескен өздік тәжірибе жинақтау маңызды болып табылады.

Қазақ тілін өзгетілді аудиторияларда оқытуда студенттердің танымдық қызығушылығы сан қырлы болғандықтан, олардың витагендік тәжірибесіне сүйену арқылы бұл мәселенің шешімін табуға болады. Сол себепті қазақ тілін меңгертуде витагендік оқыту технологиясының мынадай артықшылықтары бар:

- білімалушы тілді үйренудің өзі үшін қаншалықты маңызды екенін саналы түсінеді;
- әр түрлі сипаттағы мәтіндермен жұмыс жасау арқылы ақпараттарды игеру дағдылары дұрыс қалыптасады;
- витагендік технологияның әсерінен өзгетілді ұлт өкілінің тілді үйренуге деген танымдық қызығушылығы артады. Өзгетілді аудиторияларда витагендік технологияны қолданудағы коммуникативтік құзыреттілік – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Өзгетілді дәрісханалардағы студенттер қазақ тілінде еркін сөйлеу арқылы бір-біріне сұрақ қойып, диалог құру, өз ойын еркін жеткізу және пікір таластыруды білуі тиіс.

Білімгердің құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі өзегі - елімізде бәсекеге қабілетті, өз ісін жетік меңгерген, сауатты, білімді, өндірісте жұмыс істей алатын жан-жақты дамыған құзіретті маман даярлау.

Витагендік технологияны қолдана отырып өзгетілді дәрісханаларда білімалушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға:

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ тілінде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;
- коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стильдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға;
- әдептілік ережелеріне сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;
- нәтижелі өзара іс-әрекетті, түрлі көзқарас және әртүрлі бағыттағы адамдармен сұхбат жүргізе отырып, шиеленіскен ахуалдарды шешуді жүзеге асыруға;
- алған білімдерін өмірлік тәжірибесінде қолдана алуы;
- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобымен қатынас (коммуникация) жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өзгетілді аудиторияларда витагендік технологияны қолдана отырып, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруда оқушыда төмендегідей дағдылар қалыптасады:

- мемлекеттік тілде жоғары білімді ұйымдастырушылық сипаттағы міндеттерді шешеді;

- жағдаяттық басқарудың теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын игереді;

- жаңа ақпаратты есте сақтау мен оны компьютерлік технология арқылы өңдеу, қолдану мүмкіндігі қалыптасады;

- қоғамның дамуын, қазақ тілі бойынша білімі туралы, оны еркін тілдік қатынаста қолдана алады[4].

Қазақ тілін оқытуда тек теориялық білімді үйреніп қана қоймай, сонымен қатар оны күнделікті өмірлік тәжірибесінде қолдана алады, еркін сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Күнделікті сабақта студенттің білімін тексере отырып, олардың коммуникативтік құзыреттілігінің қандай деңгейде қалыптасқанын саралауға болады. Яғни, жоғары деңгейде студент өз ойын еркін түрде рәсімдейді, мәселені толық баяндайды. Қосымша құралдарды сауатты пайдаланады, мәселені шешуге шынайы қызығушылық танытады, білуге қызығушылығы басым, топтық қарым-қатынасты орнатуға бейім; диалог, пікірталаста ақпараттың талап етілетін мазмұнын шығармашылықпен қабылдайды, талқылауға белсенді араласады, топтық жұмысты орындау барысында міндеттерді белгілейді.

Орта деңгейде студент өз ойын берілген үлгіге сәйкес оқытушы жетекшілігімен рәсімдейді, мәселені баяндайды, қосымша құралдарды толық пайдалана білмейді; мәселенің шешімін оқытушының талап қоюымен іздейді, шешімін өз бетімен табуға сенімсіз, қатесін табады, бірақ оны түзете алмайды, қарым-қатынас орнатуда білімді мақсат тұтпайды, диалогты ұйымдастыруда енжар, диалог аясында әріптесінің пікірін тыңдайды, топта топтық жұмысты орындау барысында міндеттерді бөліседі, сөзді түрлі жағдаяттарда қолданады.

Төмен деңгейде студент қарапайым үлгідегі тапсырмаларды орындайды, мағыналық құрылымда бағдар жасай алмайды, ойы шашыраңқы, мәселені шешуге қызықпайды, топта енжар, оқу материалының тек кейбір бөліктерін қабылдайды, топтық жұмысты ұйымдастыра алмайды, топта негізінен орындаушы қызметін атқарады, сөзді түрлі қатынас жағдаяттарында қолдана білмейді.

Сондықтан өзгетілді аудиторияларда қазақ тілін меңгертуде білімгердің коммуникативтік құзіреттіліктің өнімді топтық қатынас аспектісін іске асыру көзделеді. Витагендік оқытуды қолдануда білімгер тапсырмаларды орындау іс-әрекеті кезінде пікірін қорғауға, өзіне берілген міндетті орындай отырып ойын дәлелдеп айта білуге, сұрақ қоя отырып тапсырмаға сәйкес жауап беруге дағдыланады. Берілген тақырыптарға баяндама, ғылыми жоба жұмыстарын дайындау кезінде көпшілік алдында сөз сөйлеу аспектісі бойынша қисындық байланыс құралдары мен көрнекіліктерді сауатты пайдалануға дағдыланады. Оны жазуда, қорғауда тиімді тәсілдерді қолдану біліктілігіне төселеді. Қазіргі таңда педагогика ғылымының басты мақсаты тек іргелі білім беруде ғана емес, сондай-ақ біліктілігін өз бетінше жетілдіре алатын, қазақ тіліндегі ақпараттық ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және тиімді пайдалана алатын азаматтарды тәрбиелеу. Технология тәсілдерін түрлендіре қолдану оқушылардың логикалық ойлау, сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін дамытып, ойларын жинақтап, қазақ тілінде жеткізуге танымдық іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыруға ықпал жасайды.

Білімалушыларға білім беруде, тілді оқытуда, тәрбие беруде олардың бойында коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруда педагог қауымының шеберлік деңгейінің де атқаратын рөлі зор. Қазақ тілін меңгертуде жоғарыда қарастырылған мәселелер ескерілсе, белгілі деңгейде нәтижеге жетуге болатынын айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2012

2. Байжуманова Н.С. Студенттердің құзіреттілігін қалыптастырудың педагогикалық негізі // Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі. – Алматы: ,2008. – Б. 163-165.

3. Белкин А.С. Витагенное обучение с голографическим методом проекций // Школьные технологии. − 1998. − №3. – С. 23-26.

4. Әлібаева М С. Кәсіби қазақ тілін витагендік технология арқылы оқыту әдістемесі.-Алматы,2010. - Б. 32-39.

Дауытова Ж.К.,
аға оқытушы, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, fotka_t.f.j@mail.ru

Буланова Т.М.,
аға оқытушы, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, tolqynay@mail.ru

Смағұл М.Ж.
аға оқытушы, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, smagul.meirat@mail.ru

Садықов Ж.С.,
аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы

Абдибекова К.Ж.,
аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, ak_nur@mail.ru

Шукетаева К.К.,
т.ғ.к., аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, kamila191160@mail.ru

ҮШБҰРЫШТЫ ШЕШУДЕГІ КЕЙБІР ПАЙДАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛЕР

Түйін: *Макалада әрі қызықты, әрі геометрияның бір қатар теоремаларын қайталап шығатын күрделі есеп қарастырылған. Геометрия есебінде арифметикалық заңдылық байқалып, оқушының логикалық ойлау өрісін дамытып, тәжрибелік деңгейін шыңдай түседі.*

Резюме: *В данной статье рассматривается одновременно интересная и сложная задача, при решении которой применяются немалое количество теорем геометрии. В ходе решении замечается аналогия с арифметической прогрессией, с чем осложняется и развивается логическое мышление и практический уровень ученика*

Summary: *At the same time, an interesting and complex problem is considered simultaneously, in the solution of which a considerable number of theorems of geometry are applied. In the course of the solution, an analogy with arithmetic progression is noted, with logical thinking and the practical level of the student are complicated and developed*

Ыбырай атамыздан қалған өсиетке сүйеніп: «Бір құдайға сыйынып, кел балалар оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық!»деп, бірден іске көшейік.Алдағы мақсатымыз:«Ақыл ойды тәртіпке келтіретін математика»деген қағидаға тоқталайық.

1-есеп.ABC үшбұрышының бұрыштары арифметикалық прогрессия құраған O нүктесі 3 биссектрисаның ортақ нүктесі. AC қабырғасын BB_1 биссектрисасы $AB_1:B_1C=2:1$ қатынасында бөлген, ал іштей сызылған шеңбердің радиусы r=2($\sqrt{3}$-1)см.

Үшбұрыштың барлық негізгіэлементтерін анықтау қажет болсын. Шешу жолдары есептің шартында: бұрыштары арифметикалық прогрессия құрайтыны айтылған. Ендеше осыны пайдаланып, бұрыштардың мәндерін табуға кірісейік $\div \angle A;\angle B;\angle C.$ $\angle A+\angle B+\angle C=180^0$ прогрессияда

$2\angle B=\angle A+\angle C$, сонда $3\angle B=180^0$,1) $\angle B=60^0$! Прогрессияның айырымы d әрпімен белгілесек $\angle A=60^0-d$, $\angle C=60^0+d$ теңдіктері орындалады. Биссектрисасының негізгі қасиеті: $\frac{BA}{BC}=\frac{AB_1}{B_1C}=\frac{1}{2}$.

Синустар тноремасы бойынша AB=2RsinC, BC=2RsinA, мұнда R-ABC үшбұрышын сырттай сызылған шеңбердің радиусы (1-сурет)



2-сурет



5-сурет

Ендеше $\frac{BA}{BC}=\frac{2RsinC}{2RsinA}=\frac{\sin(60^0+d)}{\sin(60^0-d)}=\frac{1}{2}$.

Сол жағын түрлендіріп, өрнектейік:

$$\frac{\sin60^0\cdot\cos d+\cos60^0\cdot\sin d}{\sin60^0\cdot\cos d-\cos60^0\cdot\sin d}=\frac{\frac{\sqrt{3}}{2}\cdot\cos d+\frac{1}{2}\sin d}{\frac{\sqrt{3}}{2}\cdot\cos d-\frac{1}{2}\sin d}=\frac{1}{2}$$

sind+2sind=2$\sqrt{3}$cosd-$\sqrt{3}$cosd.

3sind=$\sqrt{3}$cosd, $\frac{3\sin d}{\sqrt{3}\cos d}$=1, $\sqrt{3}$tgd=1,

tgd=$\frac{1}{\sqrt{3}}$;$\angle d=30^0.\ \angle A=60^0-d=60^0-30^0=30^0;\angle A=30^0$

$\angle C=60^0-d=60^0+30^0=90^0;\ \angle C=90^0,\angle B=60^0$; Тамаша, ә!?

2-суретте OD=CD=r, $OD\perp AC$ —жүргіздік.

ΔCDO-тік бұрышты, тең бүйірлі.

Сонда CO^2=2r ; CO=r$\sqrt{2}$=2($\sqrt{3}$-1)$\sqrt{2}$; CO=2$\sqrt{2}$ ($\sqrt{3}$-1) см.

3) ΔBOC-да бір қабырғасы, екі бұрышы белгілі.

Синустар теоремасы бойынша: $\frac{CO}{\sin30^0}=\frac{BC}{\sin105^0}$ (*)

$\sin30^0=\frac{1}{2}$; $\sin(105^0)=\sin(60^0+45^0)=\sin60^0\cdot\cos45^0+\cos60^0\cdot\sin45^0$;

$\sin105^0=\frac{\sqrt{3}}{2}\cdot\frac{\sqrt{2}}{2}+\frac{1}{2}\cdot\frac{\sqrt{2}}{2}=\frac{1}{4}\cdot\sqrt{2}(\sqrt{3}+1)=\frac{\sqrt{2}(\sqrt{3}+1)}{4}=\frac{\sqrt{3}+1}{2\sqrt{2}}$;

$\sin105^0$= sin(90^0+15^0)=cos15^0. Ендеше cos$15^0=\frac{\sqrt{3}+1}{2\sqrt{2}}$

$\sin15^0=\sqrt{1-\cos^2 15}=\sqrt{1-\frac{4+2\sqrt{3}}{8}}=\frac{\sqrt{4-2\sqrt{3}}}{2\sqrt{2}}=\frac{\sqrt{(\sqrt{3}-1)^2}}{2\sqrt{2}}=\frac{\sqrt{3}-1}{2\sqrt{2}}$;

$tg15^0=\frac{\sin15^0}{\cos15^0}=\frac{\sqrt{3}-1}{\sqrt{3}+1}=\frac{4-2\sqrt{3}}{2}$; $tg15^0=2-\sqrt{3}$.

Анықталған теңдіктерді ескеріп, жаңадан нұсқалар жазуға алда пайдаланамыз. 2-сурейімізде пайда болған бұрыштар көрсетілген. Олар

$\angle ACC_1=\angle BBC_1=45^0$; $\angle CBA=60^0$; $\angle CB_1B=60^0$;

$\angle ABB_1=\angle CBB_1=30^0$; $\angle AA_1C=75^0$; $\angle AOB_1=45^0$;

$\angle BAA_1=\angle CAA_1=15^0$; $\angle AB_1O=120^0$; $\angle DB_1O=60^0$;

$\angle DOB_1=30^0$; $\angle COD=\angle DCO=45^0$; $\angle AA_1B=105^0$;

$\angle BOC=105^0$; $\angle A_1OB=45^0$; $\angle BOC_1=75^0$; $\angle BC_1O=75^0$

$\angle AC_1O=105^0$; $\angle AOC_1=60^0$; $\angle BOA=135^0$; $\angle AOC=120^0$

$\angle COB_1 = 75^0$; $\angle AOD = 75^0$; ΔBOC_1-теңбүйірлі.ΔABC және ΔBDO-ұқсас, ΔAC_1C және $\Delta A_1BO -$ ұқсас.

Мысалы sinB$\widetilde{OA}$=sin135^0=sin$(90^0 - 45^0)$=cos$45^0 = \frac{\sqrt{2}}{2}$, немесе

sin135^0=sin$(90^0 - 45^0)$= sin90^0 cos45^0+ cos90^0 sin45^0=1$\cdot\frac{\sqrt{2}}{2}$+0$\cdot\frac{\sqrt{2}}{2}$=$\frac{\sqrt{2}}{2}$, тағыда сол сияқты есептер. Енді үшбұрыштағы кесінділердің ұзындығын табуға көшейік. BOC үшбұрышына мұқият көңіл аударайық.

Мұнда CO=2$\sqrt{2}$($(\sqrt{3}-1)$ см- бұрыш анықталған, 3 бұрышы белгілі. Синустар теоремасы бойынша $\frac{BC}{\sin 105^0}$=$\frac{OC}{\sin 30^0}$. $BC = \frac{OC\cdot\sin 105^0}{\sin 30^0}$

Алдымызда $\sin 105^0 = \cos 15^0$= $\frac{\sqrt{3}+1}{2\sqrt{2}}$ екенін анықтадық. Сонда

BC= $\frac{2\sqrt{2}(\sqrt{3}-1)}{\frac{1}{2}}\cdot\frac{\sqrt{3}-1}{2\sqrt{2}}$= $\sqrt{2}(\sqrt{3}-1)(\sqrt{3}-1)$=2·2=4. BC=2 см.

Енді BC=AB·sin30^0; 4=AB·$\frac{1}{2}$; AB=8 см

Өздері сұранып тұр: R= $m_c = \frac{AB}{2}$4 см.

Ұнайма? Ә? Тексеру:AB=2R·sin 90^0=8 см,

BC=2R·sinA=2·4·½=4 см.

ΔBCB_1-тік бұрышты. CB_1=BC·tg 30^0, C$B_1 = 4\cdot\frac{1}{\sqrt{3}}$

CB_1=$\frac{4}{\sqrt{3}}$=$\frac{4\sqrt{3}}{3}$; C$B_1 = \frac{4\sqrt{3}}{3}$; A$B_1 = 2CB_1$,

AC=3C$B_1 = 3\cdot\frac{4\sqrt{3}}{3}$= $4\sqrt{3}$;AC=$4\sqrt{3}$ см

Пифагор теоремасы бойынша:

BB_1=$\sqrt{BC + CB_1}$=$\sqrt{16 + \frac{16\cdot 3}{9}}$=$\sqrt{16 + \frac{16}{3}}$=$\frac{\sqrt{4\cdot 16}}{\sqrt{3}}$ = $\frac{8}{\sqrt{3}}$;

B$B_1 = \frac{8}{3}\sqrt{3}$ см-анықтаудың 1-ші түрі.

BC=$BB_1\cdot\sin 60^0$; ΔABB_1-тең бүйірлі;

$BB_1 = B_1A = 2\cdot CB_1 = 2\cdot\frac{4\sqrt{3}}{3}$= $\frac{8\sqrt{3}}{3}$ - бұл анықтаудың екінші жолы.

ΔCB_1O=>$\frac{OB_1}{\sin 45^0}$=$\frac{CO}{\sin 60^0}$=>$OB_1 = \frac{CO\sin 45^0}{\sin 60^0} = \frac{2\sqrt{2}(\sqrt{3}-1)}{\frac{\sqrt{3}}{2}}\cdot\frac{\sqrt{2}}{2} = \frac{4(\sqrt{3}-1)}{\sqrt{3}}$;

$OB_1 = \frac{4(\sqrt{3}-1)}{\sqrt{3}}$=$\frac{4\sqrt{3}(\sqrt{3}-1)}{3}$

ΔBOC-дан $\frac{BO}{\sin 45^0}$ = $\frac{BC}{\sin 105^0}$; $\sin 105^0 = \sin(60^0 + 45^0) = \frac{\sqrt{3}}{2}\cdot\frac{\sqrt{2}}{2} + \frac{1}{2}\cdot\frac{\sqrt{2}}{2}$=$\frac{\sqrt{2}(\sqrt{3}-1)}{4}$.

BO= $\frac{BC\cdot\sin 45^0}{\sin 105^0}$ = $\frac{4\cdot\frac{\sqrt{2}}{2}\cdot 4}{\sqrt{2}(\sqrt{3}+1)}$ =$\frac{8\sqrt{2}}{\sqrt{2}(\sqrt{3}+1)}$=$\frac{8\sqrt{2}}{(\sqrt{3}+1)}$=$\frac{8(\sqrt{3}-1)}{2}$=4$(\sqrt{3}-1)$

BO=4$(\sqrt{3}-1)$. Сонда $BB_1 = BO + OB_1$=4$\sqrt{3}$-4+ $\frac{12-4\sqrt{3}}{3}$

BB_1 биссектриссасын үш түрлі жолмен анықтадық.

Қайталау: $BB_1 = BO + OB_1$=$4\sqrt{3}$-4+ $\frac{12-4\sqrt{3}}{3}$=$\frac{12\sqrt{3}-12+12-4\sqrt{3}}{3}$ = $\frac{8\sqrt{3}}{3}$

$BB_1 = \frac{8\sqrt{3}}{3}$.

AA_1 биссектрисаның ұзындығы (ΔCAA_1-ден)

$\frac{AC}{\sin 75^0} = \frac{AA_1}{\sin 90^0}$ =AA_1, $AA_1 = \frac{4\sqrt{3}\cdot 2\sqrt{2}}{\sqrt{3}+1}$= $\frac{8\sqrt{3}\cdot\sqrt{2}(\sqrt{3}-1)}{2}$;

Sin$75^0 = \cos 15^0$=$\frac{\sqrt{3}+1}{2\sqrt{2}}$; $AA_1 = 4\sqrt{6}(\sqrt{3}-1)$.

Есептің шартына сәйкес әліде анықтайтын элементтер бар. Ретіне қарай:

1.$\frac{CA_1}{A_1B}$=$\frac{AC}{AB} = \frac{4\sqrt{3}}{8}$= $\frac{\sqrt{3}}{2}$; Жүйені шешейік.

BC=4

$A_1C + A_1B = BC$ =>$\frac{CA_1}{A_1B}$=$\frac{\sqrt{3}}{2}$, $CA_1 + A_1B$=4; $CA_1 = \frac{\sqrt{3}}{2}A_1B$.

$\frac{\sqrt{3}}{2}A_1B$+A_1B=4. =$A_1B = \frac{8}{\sqrt{3}+2}$

$CA_1 = \frac{\sqrt{3}}{2}A_1B$=$\frac{\sqrt{3}}{2}\cdot\frac{8}{\sqrt{3}+2}$=$\frac{4\sqrt{3}}{2+\sqrt{3}}$=4$\sqrt{3}$(2-$\sqrt{3}$); CA_1 =4$\sqrt{3}$(2-$\sqrt{3}$)

Тексеру: $\frac{CA_1}{A_1B}$=$\frac{4\sqrt{3}(2-\sqrt{3})}{\frac{8}{2+\sqrt{3}}}$=$\frac{\sqrt{3}(2-\sqrt{3})(2+\sqrt{3}}{2}$=$\frac{\sqrt{3}}{2}$

$CA_1 + A_1B$=$8\sqrt{3} + 12 + 16 - 8\sqrt{3}$=4. Элементтері дұрыс анықталған екен.

BC=4; $CA_1 = 4\sqrt{3}$(2-$\sqrt{3}$), $A_1B = 8(2-\sqrt{3})$.

ΔACA_1-тік бұрышты. Сонда

AA_1=$\sqrt{A_1C^2 + CA^2}$=$\sqrt{(4\sqrt{3}(2-\sqrt{3}))^2 + (4\sqrt{3})^2}$=$\sqrt{6\cdot 3(7-4\sqrt{3}) + 16\cdot 3}$=

$= \sqrt{16\cdot 3(7-4\sqrt{3}+1)}$=$\sqrt{16\cdot 3(8-4\sqrt{3}}$=$\sqrt{16\cdot 4\cdot 3(2-\sqrt{3})}$=8$\cdot\sqrt{3}\sqrt{2-\sqrt{3}}$=

=4$\sqrt{6}\cdot\sqrt{2(2-\sqrt{3})}$=4$\sqrt{6}\sqrt{(\sqrt{3}-1)^2}$=4$\sqrt{6}$($\sqrt{3}$-1).

AA_1=4$\sqrt{6}$($\sqrt{3}$-1). AA_1=4$\sqrt{6}$($\sqrt{3}$-1) см

Бұл AA_1 биссектрисасын анықтаудың 2 жолы тағы бір түрін байқайық.

$A_1C = AA_1\cdot\sin 15^0$; 4$\sqrt{3}$(2-$\sqrt{3}$)= $AA_1\cdot\frac{\sqrt{3}-1}{2\sqrt{2}}$;

$AA_1 = \frac{4\sqrt{3}(2-\sqrt{3})\cdot 2\sqrt{2}}{\sqrt{3}-1}$=$\frac{4\sqrt{3}(2-\sqrt{3})\cdot 2\sqrt{2}(\sqrt{3}+1}{2}$=$4\sqrt{3}(2-\sqrt{3})\cdot\sqrt{2}(\sqrt{3}+1$=

$4\sqrt{3}\cdot\sqrt{2}\left[(2-\sqrt{3})(\sqrt{3}+1)\right]$=4$\sqrt{6}$(2$\sqrt{3}$-3+2-$\sqrt{3}$)=4$\sqrt{6}\cdot(\sqrt{3}-1)$.

Қорытынды мәндері: AC=4$\sqrt{3}$; CA_1=4$\sqrt{3}$(2-$\sqrt{3}$) ;

A_1B=8(2-$\sqrt{3}$) см. $AA_1 = \ell_a = 4\sqrt{6}\cdot(\sqrt{3}-1)$ см ;CB=4 см;

AB= $\sqrt{BC^2 + CA^2}$=$\sqrt{16 + 16\cdot 3}$=4·2= 8; AB=8 см.

$\frac{CA_1}{A_1B}$=$\frac{\sqrt{3}}{2}$.

2. $\frac{BC_1}{C_1A}=\frac{BC}{AC}=\frac{4}{4\sqrt{3}}=\frac{1}{\sqrt{3}}$;AB=8

Жүйе $\begin{cases}\frac{BC_1}{C_1A}=\frac{1}{\sqrt{3}}; & BC_1=\frac{1}{\sqrt{3}}C_1A\\ AB=8 & BC_1+C_1A=8\end{cases}$

$\frac{1}{\sqrt{3}}C_1A+C_1A=8$; $C_1B=\frac{8\sqrt{3}}{1+\sqrt{3}}=\frac{8\sqrt{3}(\sqrt{3}-1)}{2}=4\sqrt{3}(\sqrt{3}-1)$

$C_1B=4(\sqrt{3}-1)$

Тексеру $BC_1+C_1A=4\sqrt{3}-4+12-4\sqrt{3}=8=AB$

$\frac{BC_1}{C_1A}=\frac{4(\sqrt{3}-1)}{4\sqrt{3}(\sqrt{3}-1)}=\frac{1}{\sqrt{3}}$-дұрыс табылған екен.

Қорытынды мәндер. AB =8 ;$\frac{AA_1}{C_1B}=\frac{\sqrt{3}}{1}$;

$AC_1=4\sqrt{3}(\sqrt{3}-1), C_1B=4(\sqrt{3}-1)$;

Қосымша: $\ell_c=CC_1=\sqrt{CA\cdot CB-BC_1\cdot C_1A}=\sqrt{4\sqrt{3}\cdot 4-4(\sqrt{3}-1)\cdot 4\sqrt{3}(\sqrt{3}-1)}=$

$=\sqrt{16\sqrt{3}(1-(\sqrt{3}-1)^2}=4\cdot\sqrt{\sqrt{3}(1-4+2\sqrt{3})}=4\sqrt{\sqrt{3}\cdot(2\sqrt{3}-3)}=$

$=4\sqrt{\sqrt{3}\cdot\sqrt{3}(2-\sqrt{3})}=4\sqrt{3}\sqrt{2-\sqrt{3}}$.

$CC_1=4\sqrt{3}\cdot\sqrt{2-\sqrt{3}}=2\sqrt{2}\cdot\sqrt{2}\cdot\sqrt{3}\sqrt{2-\sqrt{3}}=2\sqrt{6}(\sqrt{4-2\sqrt{3}}=2\sqrt{6}\cdot\sqrt{(\sqrt{3}-1)^2}=2\sqrt{6}($

$\sqrt{3}-1)$.

ΔBCC_1-нен $\frac{CC_1}{\sin 60^0}=\frac{BC_1}{\sin 45^0}$;

$CC_1=\frac{4(\sqrt{3}-1)}{\sqrt{2}}\cdot 2\cdot\frac{\sqrt{3}}{2}=\frac{4\sqrt{3}\cdot(\sqrt{3}-1)}{\sqrt{2}}=2\sqrt{3}\cdot\sqrt{2}(\sqrt{3}-1)=2\sqrt{6}(\sqrt{3}-1)$.

3. Чева теоремасын тексеру:$\frac{AC_1}{C_1B}\cdot\frac{BA_1}{A_1C}\cdot\frac{CB_1}{B_1A}=\frac{\sqrt{3}}{1}\cdot\frac{2}{\sqrt{3}}\cdot\frac{1}{2}=1$.

Қабырғалардың қатынастары дұрыс табылған екен.

4. $S_{ABC}=\frac{1}{2}\cdot BC\cdot CA=\frac{1}{2}\cdot 4\cdot 4\sqrt{3}=8\sqrt{3}$ см^2

$S_{ABC}=\frac{1}{2}\cdot AB\cdot AC\cdot\sin 30^0=\frac{1}{2}\cdot 8\cdot 4\sqrt{3}\cdot\frac{1}{2}=8\sqrt{3}$ см^2;

$S=\rho\cdot r$; $\rho=6+2\sqrt{3}$, $r=2(\sqrt{3}-1)$

$S_{ABC}=(6+2\sqrt{3})2(\sqrt{3}-1)=12\sqrt{3}+12-12-4\sqrt{3}=8\sqrt{3}$ см^2.

Қолданылған әдебиет

1. Садыков Ж.С., Садыкова А.Ж., Дауытова Ж.К.. Геометрия (планиметрия). 1бөлім.–А.: Әл-Фараби атындығы ҚазҰУ, -2009.

2. Садыков Ж.С., Абылқасымова А.Е..Дайындық бөлімінің тыңдаушыларына планиметрия есептерін шығаруға арналған методикалық нұсқаулар. -А.:1988.

Садықов Ж.С.,
аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Смағұл М.Ж.
аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, smagul.meirat@mail.ru

Абдибекова К.Ж.,
аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ak_nur@mail.ru

Дауытова Ж.К.,
аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, fotka_t.f.j@mail.ru

Буланова Т.М.,
аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, tolqynay@mail.ru

Шукетаева К.К.
т.ғ.к., аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы,
kamila191160@mail.ru

ҮШБҰРЫШТАРДЫ ШЕШУ БАРЫСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ІЗДЕНІМПАЗДЫҚ ПЕН ТАПҚЫРЛЫҚҚА БАУЛУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Резюме. *В данной статье рассматриваются особенности решения треугольников в ходе подготовки абитуриентов к поступлению в вузы.*

Summary. *This article discusses the features of the solution of triangles in preparing students for university.*

Үшбұрыштарды шешу деген ұғым, оның берілген үш элементі бойынша, қалған барлық элементтерін анықтауды білдіреді. Оларды естеріңізге салайық: 1-ші үш қабырғаларының мәндері; 2-ші екі қабырғасы және олардың арасындағы бұрыш;3-ші бір қабырғасы және осы қабырғаның бойындағы екі бұрыш. Жалпы үшбұрышүшін, кемінде жеткілікті.

Енді мысалдарды шешуге көшейік.

1 есеп. Үшбұрыштың үш биссектрисасы бір О нүктесінде қиылысқан. $BO=OB_1=\sqrt{3}$:1 және $AB_1: B_1C = 2:1$, $BB_1 = 4\sqrt{3}$ см. ABC үшбұрышының барлық элементтерін анықтаңыз. Шешу жолы: Берілгені ΔABC, биссектрисалары $O=AA_1 \cap BB_1 \cap CC_1$ нүктесінде қиылысқан $BB_1 = \ell_B = 4\sqrt{3}$ см; $BO=OB_1=\sqrt{3}:1$; $AB_1: B_1C = 2:1$.

Алдымен үшбұрыштың бұрыштарын анықтап алайық

(1-сурет)



1-сурет



2-сурет

Есептің шартын пайдаланып $\frac{BB_1}{A_1C}$ қатынасын табуға. B_1D түзуі AA_1 биссектрисасына параллель болсын. Сонда өзара ұқсас үшбұрыштар пайда болады. Ұқсас үшбұрыштардың сәйкес қабырғалары өзара пропорционал болатындығын ескеріп, төмендегі теңдіктерді жазамыз. $\Delta ABC \sim \Delta BDB_1$. Онда $\frac{BO}{OB_1} = \frac{BA_1}{A_1D}$. Енді тапқырлық жасап, соңғы теңдіктің алымы мен бөлімін A_1C кесіндісіне көбейтіп және бөлейік:

$$\frac{BO}{OB_1} = \frac{BA_1}{A_1C}\frac{A_1C}{A_1D}; \frac{A_1C}{A_1D} = \frac{A_1D+DC}{A_1D} = \frac{A_1D}{A_1D} + \frac{DC}{A_1D} = 1 + \frac{DC}{A_1D}. \quad (1)$$

Үшбұрыштар A_1CA және DCB_1 өзара ұқсас. Снбебі B_1D қабырғасы AA_1 параллель. Сонда

$$\frac{CD}{DA_1} = \frac{CB_1}{B_1A}. \quad (2)$$

Осы қатынастарды алынған теңдіктерді пайдаланып жинақтап жазамыз:

$$\frac{BO}{OB_1} = \frac{BA_1}{A_1C}\frac{A_1C}{A_1D} = \frac{BA_1}{A_1C}(1 + \frac{DC}{A_1D}) = \frac{BA_1}{A_1C}(1 + \frac{CB_1}{B_1A})$$

Біз көңіл аударатын теңдік алдық.

Келешекте әртүрлі деңгейдегі есептерді шығару барысында осы теңдіктің пайдасы тиетін болады.

$$\frac{BO}{OB_1} = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot (1 + \frac{CB_1}{B_1A}) \quad (I)$$

Есептің шартында берілген мәндерді пайдаланып, $\frac{BA_1}{A_1C}$ қатынасын табамыз:

$$\frac{\sqrt{3}}{1} = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot (1+\frac{1}{2}); \frac{2\sqrt{3}}{3} = \frac{2}{\sqrt{3}} = \frac{BA_1}{A_1C} = \frac{AB}{CA} = \frac{c}{b} = \frac{2RsinC}{2RsinB} => \frac{sinC}{sinB} = \frac{2}{\sqrt{3}}$$

$$\frac{CA_1}{A_1B} = \frac{\sqrt{3}}{2}; \quad (3)$$

Көрсетілген жолмен

$$\frac{AO}{OA_1} = \frac{AB_1}{B_1C} \cdot (1+\frac{CA_1}{A_1B}) \quad (II)$$

(II) теңдігін жазуға болады. Ескерту $A_1E \parallel BB_1$ түзуін жүргізген дұрыс.

Сонда

$$\frac{AO}{OA_1} = \frac{1}{2}\cdot(1+\frac{\sqrt{3}}{2}) = \frac{1}{2} \cdot (\frac{2+\sqrt{3}}{2}) = 2 + \sqrt{3}. \quad \frac{AO}{OA_1} = 2 + \sqrt{3}. \quad (4)$$

Ескертулер: (I) және (II) теңдіктерді басқаша жолдармен анықтауға болады.

(3-сурет).

$$\frac{BO}{OB_1} = \frac{BC_1}{C_1A} \cdot (1 + \frac{AB_1}{B_1C}) = \frac{BC_1}{C_1A} \cdot (\frac{B_1C+AB_1}{B_1C}) = \frac{BC_1}{C_1A} \cdot \frac{A_1C}{B_1C}. \quad (I)$$

$$\frac{AO}{OA_1} = \frac{AB_1}{B_1C} \cdot (1 + \frac{CA_1}{A_1B}) = \frac{AB_1}{B_1C} \cdot (\frac{A_1B+CA_1}{A_1B}) = \frac{AB_1}{B_1C} \cdot \frac{CB}{A_1B} \quad (II)$$

(I) теңдіктен

$$\frac{BO}{OB_1} = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot (1 + \frac{CB_1}{B_1A}) = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot (\frac{B_1A+CB_1}{B_1A} = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot \frac{CA}{B_1A}$$

$\frac{BO}{OB_1}$ қатынасы екі түрлі жолмен табылады. Олардың сандық мәндері бірдей. Ендеше, келесі теңдеуді жазуға болады:

$$\frac{BC_1}{C_1A} \cdot \frac{A_1C}{B_1C} = \frac{BA_1}{A_1C} \cdot \frac{CA}{B_1A}; \frac{AB_1}{B_1C} \cdot \frac{CA_1}{A_1B} \cdot \frac{BC_1}{C_1A} = 1 \quad (III)$$

Бұл теңдікті Чева теоремасы дейді.

Бұл теореманы 1678 жылы итальян математигі Чева жариялаған. Үшбұрыштың төбелерінен шыққан 3 түзу бір нүктеден өтуі үшін қандай шарт орындалуы керек деген сұраққа жауап берген. Біздің қарастырып отырған үшбұрыштың үш биссектрисасын бір нүктеден өтеді деген тұжырымды дәлелсіз алып отырамыз. Шынында да солай мекен, тексерейік. (3-сурет)



3-сурет



4-сурет

$$\frac{AB_1}{B_1C}=\frac{c}{a};\frac{CA_1}{A_1B}=\frac{b}{c};\frac{C_1B}{C_1A}=\frac{a}{b}.$$

Осы теңдіктерден

$$\frac{AB_1}{B_1C}\cdot\frac{CA_1}{A_1B}\cdot\frac{BC_1}{C_1A}=\frac{c}{a}\cdot\frac{b}{c}\cdot\frac{a}{b}=1.$$

Чева теоремасы орындалып тұр! 4 суретте биіктіктері бір нүктеден өте ме?

$$\frac{AB_1}{B_1C}=\frac{ccosA}{acosC};\frac{CA_1}{A_1B}=\frac{bcosC}{ccosB},\frac{BC_1}{C_1A}=\frac{acosB}{bcosA}.$$

Осылардан

$$\frac{AB_1}{B_1C}\cdot\frac{CA_1}{A_1B}\cdot\frac{BC_1}{C_1A}=\frac{ccosA}{acosC}\cdot\frac{bcosC}{ccosB}\cdot\frac{acosB}{bcosA}=1.$$

Өтеді екен! Медианалары жөніндегі теорема бұлардан да жеңіл дәлелденді. Алынған 2 теңдіктен

$$\frac{sinC}{sinB}=\frac{2}{\sqrt{3}}\text{ және }\frac{sinA}{sinB}=\frac{1}{\sqrt{3}}$$

$$sinC=\frac{2sinB}{\sqrt{3}},\ sinA=\frac{sinB}{\sqrt{3}} \qquad (5)$$

$sinC$ мен $sinA$ мәндерін $sinB$ арқылы анықтап жазамыз. Кез- келген үшбұрышта $\angle A+\angle B+\angle C=180^0$ теңдігі орындалатын білесіздер. Ендеше

$$180^0-(\angle A+\angle C)=\angle B,\ \sin[180^0-(\angle A+\angle C)]=\sin(\angle A+\angle C)=sinB$$

$$sinA\cdot cosC+cosA\cdot sinC=sinB \qquad (*)$$

(5) теңдіктерден анықтайтынымыз

$$cosC=\sqrt{1-sin^2C}=\sqrt{1-\frac{4sin^2B}{3}}=\sqrt{\frac{3-4sin^2B}{\sqrt{3}}};$$

$$cosA=\sqrt{1-sin^2A}=\sqrt{1-\frac{sin^2B}{3}}=\sqrt{\frac{3-sin^2B}{\sqrt{3}}} \qquad (6)$$

Алынған мәндерді (*) теңдігіне қоямыз:

$$\frac{\sin B}{\sqrt{3}}\cdot\sqrt{\frac{3-4\sin^2 B}{\sqrt{3}}}+\sqrt{\frac{3-\sin^2 B}{\sqrt{3}}}\cdot\frac{2\sin B}{\sqrt{3}}=\sin B \qquad (*')$$

Теңдіктің екі жағын $\sin B\neq 0$ бөлеміз. Сонда

$\sqrt{3-4\sin^2 B}+2\sqrt{3-\sin^2 B}=3$, $\sin^2 B=t$

дейік. Сонда $2\sqrt{3-t}=3-\sqrt{3-4t}$. Түбірден арыламыз: $4(3-t)=9-6\cdot\sqrt{3-4t}+3-4t$, $12-4t=9-6\cdot\sqrt{3-4t}+3-4t$, $0=-6\sqrt{3-4t}$;

$$3-4t=0\ ;=\frac{3}{4};\sqrt{\sin^2 B}=\frac{\sqrt{3}}{2};\sin B=\frac{\sqrt{3}}{2};\angle B=60^0 \qquad (7)$$

Қалған бұрыштарды анықтау жеңіл.

$$1)\ \sin C=\frac{2\sin B}{\sqrt{3}}=\frac{2}{\sqrt{3}}\cdot\sin 60^0=\frac{2}{\sqrt{3}}\cdot\frac{\sqrt{3}}{2}=1.\angle C=90^0 \qquad (8)$$

Тамаша, ә! Үшбұрыш тік бұрышты екен!

$$2)\ \sin A=\frac{\sin B}{\sqrt{3}}=\frac{\sin 60^0}{\sqrt{3}}=\frac{\sqrt{3}}{2\sqrt{3}}=\frac{1}{2}.\angle A=30^0$$

немесе

$$\angle A+\angle B=90^0;\angle A+60^0=90^0;.\angle A=30^0 \qquad (9)$$

P.S. Шешудің басқа жолымен $\angle A$ немесе $\angle C$ бұрыштарын бірінші рет анықтаудың жолдарын көрсетіңдер. Негізгі мәселелер шешілді. $\angle C=90^0$ болғанда және $BB_1=\ell_b=4\sqrt{3}$ см ескеріп, 5-ші суретке көңіл аударайық.BB_1 биссектриса болғанда ΔAB_1B теңбүйірлі.Ендеше



5-сурет

$$B_1B=B_1A=4\sqrt{3}\ \text{см} \qquad (10)$$

CB_1 катеті 30^0 қарсы орналасқан. Сондықтан $CB_1=½B_1B=½4\sqrt{3}$.

$$CB_1=2\sqrt{3}\ \text{см} \qquad (11)$$

$AC=CB_1+B_1A=2\sqrt{3}+4\sqrt{3}=6\sqrt{3}$;

$$AC=6\sqrt{3} \qquad (12)$$

$BC=AC\cdot\operatorname{tg}30^0=6\cdot\sqrt{3}\cdot\frac{1}{\sqrt{3}}=6$;BC=6 см;

$$AB=\sqrt{AC^2+BC^2}=\sqrt{(6\sqrt{3})^2+6^2}=6\sqrt{3+1}=12.\quad AB=12\ \text{см} \qquad (14)$$

Тік бұрышты үшбұрышта $R=m_c=\frac{1}{2}AB=\frac{1}{2}\cdot 12=6$.

$$R=m_c=6\ \text{см}.\ \text{Үшбұрыштың ауданы:} \qquad (15)$$

$S_{ABC}=\frac{1}{2}BC\cdot AC=\frac{1}{2}AB\cdot AC\cdot\sin 30^0=\frac{1}{2}\cdot 12\cdot 6\sqrt{3}\cdot\frac{1}{2}=18\sqrt{3}$.

S_{ABC}=18$\sqrt{3}$см^2. Жарты периметрі (16)

$$P=\frac{AB+BC+CA}{2}=\frac{12+6+6\sqrt{3}}{2}=9+3\sqrt{3} \quad (17)$$

Тік бұрышты үшбұрышта S=pr, мұнда r-іштей сызылған шеңбердің радиусы.
Ендеше

$$r=\frac{S}{p}=\frac{18\sqrt{3}}{9+3\sqrt{3}}=\frac{6\sqrt{3}}{3+\sqrt{3}}=\frac{6\sqrt{3}}{\sqrt{3}(\sqrt{3}+1)}=\frac{6}{\sqrt{3}+1}=\frac{6\sqrt{3}-1}{2}=3\left(\sqrt{3}-1\right)\text{см}$$

$$r=3\left(\sqrt{3}-1\right)\text{см} \quad (18)$$

P.S. Тік бұрышты үшбұрышт гипотенуза

AB=2R, 2R+2r=BC+AC , $r=\frac{BC+AC-AB}{2}=\frac{6+6\sqrt{3}-12}{2}$=$3\sqrt{3}-3=3\left(\sqrt{3}-1\right)$.

2-ші жолмен анықтадық.

Қолданылған әдебиет

1. Садыков Ж.С., Садыкова А.Ж., Дауытова Ж.К.. Геометрия (планиметрия). 1бөлім.–А.: Әл-Фараби атындығы ҚазҰУ, -2009.

2. Садыков Ж.С., Абылқасымова А.Е..Дайындық бөлімінің тыңдаушыларына планиметрия есептерін шығаруға арналған методикалық нұсқаулар. -А.:1988.

Капесова Тания Нурмухановна
К.ф.н., доцент

ЗНАЧИМОСТЬ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

Введение

Данная статья посвящена возможностям реализации современных технологий в процессе преподавания. Автор указывает на современные технологии в образовании, которые в нынешнее время имеют большое значение для обучаемых. Через педагогическую технологию можно расширить уровень мышления обучаемых и с помощью данных технологий создать условия для формирования у нынешнего поколения правильного взгляда на будущее.

Использование современных педагогических технологий в учебном процессе вуза создает совершенно новые возможности реализации дидактических принципов индивидуализации и дифференциации обучения, положительно влияет на развитие познавательной деятельности студентов, их творческой активности, сознательности, реализует условия перехода от обучения к самообразованию.

Инновационная педагогическая технология — это проект определенной педагогической деятельности, последовательно реализуемой на практике, главным показателем которой является прогрессивное начало по сравнению со сложившимися традициями и массовой практикой.

В основе инновационных процессов в образовании должно лежать единство научной и образовательной деятельности и их ориентация на экономическое, социальное и духовное развитие общества.

Эффективность использования педагогических технологий в образовательном процессе подтверждена исследовательскими работами ряда авторов: Г. К. Селевко, В. И. Андреевой, В. П. Беспалько, В. И. Боголюбовой, М.В. Клариной, В. Ю. Питюковой, В. А. Сластениной, Я. А. Савельевой и др. На сегодняшний день всесторонняя теоретическая разработка проблемы использования современных педагогических технологий в профессиональной подготовке специалиста в условиях высшей школы приобретает особую остроту и значимость.

Современные технологии в образовании рассматриваются как средство, с помощью которого может быть реализована новая образовательная парадигма. Наиболее общая трактовка понятия «технология» состоит в том, что оно представляет научно и практически обоснованную систему деятельности, применяемую человеком в целях преобразования окружающей среды, производства материальных или духовных ценностей. Любая деятельность, отмечает В. П. Беспалько, может быть либо технологией, либо искусством. Искусство основано на интуиции, технология на науке. С искусства все начинается, технологией заканчивается, чтобы затем все началось с начала [1]. Любое планирование, а без него не обойтись в педагогической деятельности, противоречит экспромту, действиям по интуиции, т.е. является началом технологии.

Среди разнообразных направлений новых педагогических технологий все большую популярность приобретают личностно- ориентированные технологии обучения. Здесь эффективность доказали такие подходы как обучение в сотрудничестве (cooperative learning). Наиболее интересные варианты этого метода обучения – Student Team Learning (STL, обучение в команде), который может быть использован применительно к любой дисциплине в рамках любой компетенции; метод Ligsaw (в дословном переводе с английского – ажурная пила, машинная ножовка) и модификация этого метода «Пила-2» (Ligsaw-2), предусматривающий работу в группах по 4-5 человек, где, работая над одной и той же задачей, над одним и тем же материалом, члены команды индивидуально получают тему, которую разрабатывают особенно тщательно и становятся в ней экспертом. Проводятся встречи экспертов из разных групп. В конце цикла все учащиеся проходят индивидуальный контрольный срез, который и оценивается. Результаты суммируются. Команда, сумевшая достичь наивысшей суммы баллов, награждается. Также популярны такие варианты метода обучения в сотрудничестве как метод «Учимся вместе» (Learning Together) и метод исследовательской работы в группах.

В педагогической науке и практике существуют различные позиции к определению педагогической технологии. Так, М. В. Кларин обозначает данное понятие как системную совокупность и порядок функционирования всех личностных, инструментальных и методологических средств, используемых для достижения педагогических целей. Г.К. Селевко считает, что педагогической технологией является продуманная во всех деталях модель

педагогической деятельности, включающей в себя проектирование, организацию и проведение учебного процесса с безусловным обеспечением комфортных условий для учащихся и учителя. В свою очередь В. П. Беспалько определяет интересующее нас понятие как совокупность средств и методов воспроизведения теоретически обоснованных процессов обучения и воспитания, позволяющих успешно реализовывать поставленные образовательные цели. Такое разнообразие трактовок педагогической технологии не случайно, поскольку каждый автор исходит из определенного концептуального подхода к пониманию сущности технологии вообще.

Актуальность модернизации системы образования Казахстана обусловлена жизненной важностью социальной функции - выработки и трансляции знания, которую образование в качестве социального института выполняет в современном общественном разделении труда. Максимальный успех в модерниза-ции системы образования Казахстана, может быть, достигнут лишь при условии, если все программные установки правительства положенные в образовательную политику, сумеют вобрать в себя максимум возможного из положительного потенциала, накопленного мировым опытом в области организации систем образовании Национальная система образования во всем мире испытывает все сложности глоба-лизации. И поэтому перед многими государствами, в особенности Центральной Азии, стоит острая проблема, каким образом модифицировать свою образовательную систему. Основные тенденции совре-менного мира стали влиять и на образовательную политику. Образование стало рассматриваться как одно из важнейших направлений социальной политики, так как в современном мире экономические успехи государств определяются их системами образования, образованностью граждан, конкурентоспособно-стью специалистов [10].

Заключение

Таким образом, современную педагогическую технологию обучения характеризуют следующие позиции:

- технология разрабатывается под конкретный педагогический замысел, в основе ее лежит определенная методологическая, философская позиция автора;
- технологическая цепочка действий, операций выстраивается строго в соответствии с целевыми установками, имеющими форму конкретного ожидаемого результата;
- функционирование технологии предусматривает взаимосвязанную деятельность преподавателя и обучающихся на договорной основе с учетом принципов индивидуализации и дифференциации, оптимальную реализацию человеческих и технических возможностей, использование диалога, общения;
